

Шерубай Құрманбайұлы

**ТОЛҒАУЛЫ
ТІЛ**

Астана, 2014

УДК 80/81
ББК 80/81
Қ 77

Мақалалар жинағын құрастырушы, шығаруға жауапты редакторы:
Е.Әбдірәсілов
филология ғылымдарының докторы

Пікір жазғандар:

Р.Шойбеков
филология ғылымдарының докторы, профессор
М.Сабыр
филология ғылымдарының докторы, профессор

Қ 77 **Құрманбайұлы Ш.**

Толғаулы тіл. – Астана: «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2014,
– 372 б.

ISBN: 978-601-7206-61-1

Бұл жинаққа ғалымның ономастика, тіл саясаты, аударма, оқытудың әдістемесі, орфография мен орфоэпия және өзге де тіл білімінің өзекті мәселелеріне арналған, әр жылдары мерзімді және ғылыми басылымдарда жарияланған, ғылыми монографиялары мен оқу құралдарына енбеген бірқатар мақалалары топтастырылып беріліп отыр.

Ғылыми жинақ тіл білімінің түрлі мәселелерімен айналысып жүрген зерттеуші-ғалымдарға, тіл саясатын жүзеге асырушы мамандарға, студенттерге, көпшілікке арналған.

ISBN: 978-601-7206-61-1

УДК 80/81
ББК 80/81

© Құрманбайұлы Ш., 2014
© Мемлекеттік тілді дамыту
институты, 2014



АЛҒЫСӨЗ

Қазіргі қазақ тіл білімінде өзіндік орны бар, лингвист ғалымдарымыз туралы сөз қозғалса, есімі ерекше аталатын тіл мамандарының бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Шерубай Құрманбайұлы. Ол Тәуелсіздік қарсаңында 1991 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін үздік бітіріп, ғылымдағы еңбек жолын сол кездегі ҚазССР ҒА Тіл білімі институтының [қазір А.Байтұрсынұлы атындағы] кіші ғылыми қызметкері болып бастады. Университет қабырғасында жүргенде-ақ ғылыми конференцияларға қатысып, алғашқы мақалаларын жариялап, ғылыми практиканы Тіл білімі институты мен университетте өткен жас маман қазақ тіл біліміне жақсы дайындықпен келді. 80-жылдардың ортасында ҚазҰУ-дың филология факультетінде ғылым мен өндіріске, жоғары оқу орындарына арнайы маман дайындау мақсатымен шағын бөлім ашылып, оған жеке конкурс жарияланған болатын. Ол топ ғылыми өндірістік бөлім [НПО – научно-производственный отдел] деп аталған. Соған дейін филология факультетінің қазақ және орыс бөлімдеріне елу-елуден жүз студент қабылданса, енді олардың он-оннан жиырма орны жаңа ашылған ғылыми өндірістік бөлімге берілді. Ол арнаулы бөлімді бітіргендердің басы да, аяғы да сол ҚазҰУ-ды 90-жылдары бітірген түлектер болды. Аталған бөлімде оқыған студенттерге арнаулы курстар жүрумен бірге ғылыми-зерттеу институттары мен университеттерден тәжірибеден өту, ғылыми жиындарға қатысу мүмкіндігі жасалды. Ғылыми-өндірістік бөлімнің қазақ тобын бітірген он түлектің арасында Ш.Құрманбайұлы да болды. Оның студенттік шақта ғылыми тәжірибеден өту барысында ғылыми мекемелердің табалдырығын ертерек аттап, олардың жұмысымен, ғылыми ортамен танысып, белгілі ғалымдарды көруі оқуын аяқтаған соң ғылыми-зерттеу институтына қызметке келуіне себеп болды.

Сол жылдары І.Кенесбаев, М.Балақаев, А.Ысқақов, Ә.Қайдар, Ш.Сарыбаев, Р.Сыздық, М.Копыленко сынды отандық тіл білімінің көрнекті өкілдері қызмет еткен тіл ғылымының қара шаңырағы саналатын институттан еңбек жолын бастау – оның болашақ ғалым ретінде қалып-





тасуына үлкен ықпал етті. Кандидаттық [1994] және докторлық [1999] диссертацияларын да осы институт жанындағы диссертациялық кеңесте қорғады. Ол 1991-1996 жылдары осы институтта кіші ғылыми қызметкер, институт ғалым-хатшысы болып қызмет атқарды. Араға бірнеше жыл салып, бірқатар жауапты қызметтер атқарып тәжірибе жинаған ғалым 2009-2011 жылдары өзі еңбек жолын бастаған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтын басқарды, институт жанындағы докторлық қорғайтын диссертациялық кеңесте төрағалық етті. Ғалымның ғылыми кеңесшілігімен 1 ғылым докторы, ғылыми жетекшілік етуімен 8 ғылым кандидаты дайындалды. Ол институт директоры болған жылдары ұжым Германия, Қытай, Түркия сияқты бірқатар шетелдермен ғылыми байланыстарын нығайтты, іргелі ғылыми еңбектер жариялады. Мысалы, «Қазақ тілінің функционалды грамматикасы», «Қоғамдық ғылымдар терминдерінің сөздігі», он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» сияқты еңбектер жұмысы оның тікелей басшылығымен аяқталып, жарыққа шықты.

Ш.Құрманбайұлы еліміздің жетекші жоғары оқу орындарында да қызмет етті. 1996-2001 жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қазіргі шығыс тілдері, қазақ тілі кафедраларын, 2006-2007 жылдары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасын басқарды. Осы жылдары ол қазақ тілін оқытудың әдістемесі мен аударма мәселесіне арналған бірнеше мақалалар жариялады, оқулықтар мен оқу құралдарын жарыққа шығарды.

Ғылыми-зерттеу институты мен жоғары оқу орындарында еңбек етумен қатар ол 2002-жылдан бастап он шақты жыл ҚР Президенті Әкімшілігінде, ҚР Білім және ғылым министрлігі мен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитетінде жауапты мемлекеттік қызметтерді атқарды. Әсіресе, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде Тіл комитеті төрағасының орынбасары, комитет төрағасы болып қызмет еткен жылдары ол қызметтік міндетіне сәйкес құзыретті мемлекеттік органның басшысы ретінде елдің тіл саясатымен тікелей айналысты. Оның тікелей ұйымдастыруымен көптеген халықаралық, республикалық ғылыми конференциялар мен түрлі шаралар өткізілді. Тілдің түрлі мәселелеріне арналған ондаған ғылыми конференциялар мен жиындарда, жұртшылықпен, сала мамандарымен кездесулерде баяндамалар жасап, сөз сөйлеп, сұрақтарға ашық жауап беріп, білікті ғалым, кәсіби тіл маманы әрі ұлт мүддесіне адал, мемлекетшіл, ұлтжанды азамат ретінде танылды. Ш.Құрманбайұлын білетін жұртшылық, әріптестері оны ең алдымен, лингвист ғалым ретінде және ғылыми монографиялар мен ғылыми мақалалар жазумен ғана шектеліп қоймай, БАҚ-тарға сұхбаттар беріп, танымдық және ғылыми-көпшілік мақалалар да жа-



зып, теле-радио хабарларға үнемі қатысып ой-пікірлерін ортаға салып, жұртшылықпен ашық та тығыз байланыста жұмыс істейтін елге жақын, көпшіл мемлекеттік қызметші, ұлтжанды қайраткер азамат деп қабылдайды. Ол қашанда қоғамдағы тіл, ел мүддесі, ұлт мәдениеті, ғылым-білім мәселелеріне қатысты ғылыми негізделген өз көзқарасын жария түрде білдіретін, белсенді азаматтық позиция ұстанатын ғалымдар санатына кіреді.

Ш.Құрманбайұлы еңбек жолын Тіл білімі институтының терминология және аударма теориясы бөлімінен бастап, кандидаттық (*«Өсімдіктердің құрылым-құрылысына қатысты терминдер»*. 1994.27.09.) және докторлық (*«Қазақ лексикасының терминденуі»*. 1999.12.03.) диссертацияларын да терминология саласы бойынша қорғаған, негізгі ғылыми еңбектерін де осы салаға арнаған, отандық терминтану ғылымының дамуына елеулі үлес қосып жүрген белгілі маман. 2002 жылдан бері өзінің редакторлығымен үздіксіз шығарылып келе жатқан «Терминологиялық хабаршы» журналының негізін қалап, оның терминтану саласындағы өзекті мәселелерді талқылайтын арнаулы басылымға, салалық мамандардың ақпарат алаңына айналуына ықпал етті. Оның терминтану саласындағы негізгі ғылыми еңбектері: «Қазақ лексикасының терминденуі» (1998), «Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты» (2002), «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары» (2004), «Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері» (2005), «Терминтану» (2006, 2009), «Терминтанушы құралы» (2007, 2009), «Алаш және терминтану: XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы» (2008), «Терминологиялық әдебиеттердің библиографиялық көрсеткіші» (2008), «Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар мен қысқарған сөздер» (2009), «Терминтану сөздігі» (2009), «Жаңа атаулар мен жаңа қолданыстар» (2012), «Қазақ тіліндегі қысқарған сөздер» (2013) және т.б.

Ғалымның қаламынан туындаған бұл еңбектері қазір мамандар арасында және еліміздің жоғары оқу орындарында кеңінен қолданылады. Ол бұлардан өзге де көптеген ғылыми еңбектердің, ұжымдық монографиялардың, сөздіктер мен оқу құралдарының жалпы саны 28 кітаптың, 200-ге тарта мақаланың авторы. Сондай-ақ оның құрастыруымен, редакторлығымен 32 еңбек жарық көрген. Автордың түрлі газет-журналдарда жарияланып, негізгі ғылыми кітаптарына енген бірқатар мақалалары осы жинаққа топтастырылып отыр. Бұл жинақ ғалым мақалаларының толық жинағы емес, бұл басылымға енгендері де біршама. Осы басылымға енгізілген тіл маманының ономастика, тіл саясаты, сөз мәдениеті, әлеуметтік лингвистика, тілді оқыту әдістемесі, орфография мен орфоэпия мәселелеріне арналған әр жылдары жарияланған үлкенді-кішілі мақалалары оның негізгі зерттеу бағыты терминтанумен ғана шектел-



мей, тіл білімінің бірқатар салаларына қатысты еңбектер жариялаған кең тынысты лингвист ғалым екендігін көрсетеді.

Белгілі лингвист ғалымның жарияланған монографияларына, оқулықтары мен оқу құралдарына еңбеген мақалалары топтастырылып, тілтанушы ғалымдар мен сала мамандарына, тілдің түрлі мәселелері қызықтыратын көпшілік қауымға жинақ түрінде ұсынылып отыр.


Б.Қалиұлы

*филология ғылымдарының докторы, профессор
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты*

Е.Әбдірәсілов

*филология ғылымдарының докторы, доцент
жинақтың редакторы*



A decorative border with intricate, repeating scrollwork and floral patterns surrounds the central text.

Тіл саясаты
Тіл қолданысының өзекті
мәселелері

АСЫҒУ КЕРЕК

Мемлекеттік мәртебеге ие болған тіліміздің әлі де болса қоғамдық өмірімізде кең қанат жая алмай жатқаны бәрімізге белгілі. Іс қағаздарын жүргізу, байланыс бөлімдерінің жұмысы, сауда-саттық орындарындағы, т.б. халыққа қызмет көрсетудің толып жатқан салаларындағы мардымсыз тірлігімізден осыны аңғаруға болады. «Әркім өз қотырын қасып» отырған кезеңде төл тіліміздің қолдану аясының кеңеюіне, өрісі кеңіп, өркендей түсуіне өз халқымыздан басқа ешкімнің де бел шешіп кірісіп, атсалыспайтынын ашық айтқанымыз абзал. Осы орайда қоғамдық көліктердегі хабарлама жасау мәселесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Бастапқыда бұл іс жап-жақсы қолға алына бастап еді, көп ұзамай «таз калпына» қайта көшті. Бір қарағанда онша мәні жоқ нәрсе сияқты болғанымен, ерекше көңіл бөлетін құбылыс екендігіне назар аударсақ екен.

Осыдан үш жыл бұрын студенттік отряд құрамында белорус жеріне барып қайтқанымыз бар. Осы сапарда Минск қаласының метросында тек белорус тілінде хабарлағаны есімде. Біз бір-екі күннен соң-ақ станцияларды белорусша жаңылмай айтатын болдық. Мәселен, «Наступная станция площадь Якуба Колоса» деген жағымды үн құлағымыздан әлі кетпейді. Ең бастысы: кімнің жерінде жүргенінді, сол халықтың тілі мен өзіндік ерекшелігін сезініп тұруда. Ал Балтық жағалауындағы елдердің көшелерінен орысша жазуды табу, орысша сөйлесуді кездестіру қиын. Туыстарымыздың бұл ісі – өз халқын таныту, елін құрметтеу, өзіндік ерекшеліктерін сақтау үшін саналы түрде істелген игі істері екеніне еш күмәніміз жоқ. Бізде керісінше екенін дәлелдеп жатудың өзі артық. Қала көшелеріндегі орыс тіліндегі ұрандар, әр түрлі мекемелер мен көпшілік орындар маңдайшаларындағы жазулар әлі де жөнге келіп бітер емес. Азын-аулақ өзгерістерге көңіліміз тоқ сияқты. Әйтеуір түбінде бір қалпына келер деп, «ұзын арқан, кең тұсаумен» жүре беретін ыңғайымыз байқалады. Жанға қатты бататын жайдың бірі – өзара сөйлесу мәселесі. Өз тілінде тілі күрмеліп қалатын немесе мүлде тілдері икемге келмейтіндерді былай қойғанда, тілді жақсы білетін ағайындарымыздың өзі көпшілік орындарда сөйлескенде ескі әдеттен арыла алмай-ақ келеді. Республикалық «Қазақ тілі» қоғамы көтерген «Қазақпен қазақша сөйлесейік» деген ұранды көпшілік орындар мен қоғамдық көліктердің бәріне іліп қойғың-ақ келеді. Біз бұл тұста бір күнде «коммунизм» орнатайық деп отырған жоқпыз. «Асықпаған арбамен қоян алады» деп жүргенде сол қояны құрғыр қыр асып кете ме дейміз. Ақиық ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың:

... Асығу керек,
Тындыру керек барлығын,
Ешкімнің күтпей жарлығын.
Апармай кешке асығу керек,

асығу,



Түстегі ісіңнің қалдығын..., – деген өлең жолдары ойға оралады. Өз тілімізде өзіміз сөйлемей тұрғанда, қалайша оны өзгеден талап етуге қақымыз бар? Анасы мен баласының өзге тілде сөйлесуі – жанға батырлық-ақ жай. Жат жанынан түңілгендей өзімізді-өзіміз сыйлай білейік, ағайын.

Біздің айтып отырған қоғамдық көліктегі хабарлама жасау мәселесі де осы мақсаттағы істердің бірі деп түсінеміз. Жоғарыда айтқан батыстағы бауырларды былай қойғанда, көршілес өзбек туыстардан бізге көп үлгі алу керектігін ұмытпайық. Біздің астанамыз Алматы да нағыз қазақ халқының төл астанасы екенін сездіріп тұрса, несі айып? Қолымыздан келгенше бұған күш салу әрбір азаматымыздың борышы ғой.

Екіншіден, қазақ тілін білмейтін (білгілері келмейтін) өзге ағайындар да қайда тұратындарын, су ішіп жүрген құдықтары кімдікі екенін (олардың мұны әлі сезбейтінін жасырудың жөні жоқ) сезінуіне әсер ететіні анық. Осы мәселені тиісті органдар қолға алса екен демекпіз. Бұл әңгіме бұған дейін де талай айтылған еді. Тиісті органдар нәтиже шығарғанша «ешкінің құйрығы көкке жете ме...» кім білсін.

Біздің ұсыныс: қалалық көліктің жүргізушілерінің біразы қазақтың ұл-қыздары екені белгілі. Осы азаматтардың ешкімнің бұйрығын, жарлығын күтіп жалтақтамай-ақ, хабарлауды (тілдерін бұрап орысшаламай-ақ) қазақша жасай беретін күн жетті емес пе?! Әлде үналғы (магнитофон) таспасына жазып бергенді күтіп отыра береміз бе? Орыстілді жүргізушілердің «көлік ішінде осы өлкенің тұрғылықты халқы қазақтар да отыр-ау» деп үналғысыз қазақша хабарлама жасағанын біз еш уақытта естіген емеспіз. Олардан үміт күтуіміздің шеті мен шегі тағы бола қоймас. Ендеше неге алаңдаймыз, кімге жалтақтаймыз? Қазақстандық орыстілді тұрғындардың тілімізді білулері міндетті екенін ескерсек, келімді-кетімді қонақтар бұған өкпелемейтіні хақ. Есіктен кіре салып, «төр менікі» деулері орынсыз-ақ. Біз Мәскеуге барғанда қазақша хабарлама жасамады деп сөкпейміз ғой. Олай деуге ешқандай хақымыз жоқ. Ендеше орыс ағайындар мұны неге ойламайды? Сонымен, «Төксан ауыз сөзіміздің тобықтай түйіні»:

Қадірменді жүргізуші бауырлар! Қоғамдық көліктегі хабарламаны қазақша жасасаңыздар дұрыс болар еді.

«Теңіздің тамшыдан құралатыны» сияқты, ел болуымыздың өзі әр азаматтың азаматтық борышын өтеуінен, халқымыздың игілігіне қосқан кішкентай болса да септігі тиер саналы әрекетінен басталатынын тезірек түсінсек екен!

*Тіл білімі институтының
кіші ғылыми қызметкері
«Ана тілі» газетінің 6 нөмірі,
1992 жылғы ақпанның 13-і.*



**Орысшасы – ойран, ағылшыншасы – айран,
қазақшасы – қайран қазақ...**

Жақында өз сөзін қазақша бір-екі сөйлеммен ғана езер бастап, дереу орыс тіліне көшіп кетуді әдетке айналдырып алған лауазымды басшыларымыздың бірі өзінің ағылшын және орыс тілдерін жақсы білетіндігін мақтанышпен айта отырып, ана тілін білмейтіндігіне арланбайтынын да аңғарта кетті. Сондай көкенің тәрбиесін көрген университетте оқитын бір шәкірт ініміз: «Қазір қазақ тілінің қоғамдық қызметінің аясы өте тар, сол себепті мен орыс тілінде сөйлейтініме қысылмаймын және уақытымның көбін ағылшын тілін тереңірек білуге арнаймын», – деді. Өзі де, балалары да орыс тілінде ғана сөйлейтін бір зиялы танысымыз: «Біздің қазекендер, тіл, тіл деп көп сарнай береді, жалпы қазақтардың бәрі де орыс тілін жақсы біледі. Тілдің ең басты қызметі – адам мен адамның түсіністігін, қарым-қатынасын қамтамасыз ету емес пе. Қай тіл арқылы түсінісіп жатқанымызда тұрған не бар. Мен қай тілде сөйлейтіндігіме қарамастан бәрібір қазақпын ғой», – деді. Әкесі қазақ, шешесі қазақ болғанмен жаны жатқа айналып кеткендігін өзі еш сезінбейтін бауырымызға «жоқ, сен қазақ емессің», – деп қалай айтарсың?

Жалпы, мұндай пікір қалыптасқан қандастарымыздың бірлі-жарым ғана емес екендігі күмән туғызбаса керек. Соңғы он шақты жылдың ішінде орыс тіліне қоса ағылшын немесе неміс, француз тілдерін игеріп алып жүргенде туған тілімізді үйрене алмай жатуымыз, ұлт тілінде тәлім-тәрбие беріп, білім алуға асықпайтындығымыз оның рөлін әлі де жете бағаламайтындығымызды көрсетіп отыр.

Сондықтан да «өз тілінді біл» деп құрғақ ақыл айта беруден гөрі отбасында да, мектеп пен жоғары оқу орындарында да ұлт тілінің ұлттың жаны екендігін оның ұлттық мінез-құлықты қалыптастырып халқының өзіндік ерекшеліктерін бойға сіңіретінін жас ұрпаққа тереңірек түсіндірудің қажеттілігін көрсетеді. Ұлттың ең бірінші, ең қасиетті сипаты – тіл. Тілді тек бір ойды жеткізудің немесе қарым-қатынастың ғана құралы деп түсіну жеткіліксіз. Тіл, ең алдымен, ойдың өзін құраушы болып табылады. Ол жеке адамға ғана емес, сол тілде сөйлейтін адамдар тобына, халыққа, ұлтқа қызмет етеді. Тілсіз ұлт болмайды. Қай тілді болса да, сол тілді тұтынушы жұрттардың өздері жасайды. Сондықтан да кез келген тіл белгілі бір халықтың, ұлттың атымен байланысты болады. Мысалы, қазақ тілі, ағылшын тілі, араб тілі, жапон тілі, француз тілі, т.б.

Тіл ұлтпен бірге өркендеп, дамып отыратындықтан да ол бүкіл бір халықтың таным-түсінігінің, парасат-пайымының, көрген-білгенінің бәрін жинақтайтын қазыналы сарайына айналған. Өз тілінен қол үзген



адам сол рухани байлықтан сусындай алмайтындықтан ұлтының қасиеттерін бойына сіңіре алмай, өз ұлтынан жырақтап қалады. Көне грек ғұламалары адамның белгілі бір ұлтқа, халыққа тән екендігінің ең бірінші шарты – сол ұлттың тілін жақсы білуі деп тегіннен-тегін айтпаған. Өйткені тіл арқылы ұлттың бүкіл болмыс-бітімін тануға болады. Қазақтың аса дарынды ақын ұлы Мағжан Жұмабаев: «Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сары даласы кең. Тілі де бай. Осы күнгі түркі тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай тіл жоқ», – деген болатын. Қазақ тілінің бай тіл екендігін оны зерттеген бірқатар шетел ғалымдары мен жазушылары да атап көрсеткені мәлім.

Бүгінде қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тілге деген құрмет – өз елімізге, Отанымызға деген құрмет. Сондықтан оны меңгеру – ұлтына, әлеуметтік тобына, жынысы мен тегіне қарамастан Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Ал ұлты қазақтардың ана тілін шала-шарпы ғана біле салуы жеткіліксіз, олар өз ұлтының рухын сезініп, ұлттық қасиеттерін бойына дарыту үшін тілін жетік білуге міндетті.

Немістің әлемге әйгілі ғалымы Вильгельм фон Гумбольдт «Ұлттың өзіне тән іштей дамитын рухы бар, сол рухтың ерекшелігін сыртқа шығарып, сақтап, ұрпақтан ұрпаққа беруші күш – тіл» – дейді. Ана тілінде тәрбиелену арқылы адам ұлтының өзіндік қасиеттерін бойына жастайынан сіңіріп, ата-бабаларының ұрпағына қалдырған ең қымбат рухани-мәдени мұрасына ие болады. Ол мұраны әр буын өзінен кейінгі ұрпаққа қалдырып отырады. Сөйтіп, ұрпақтар арасындағы сабақтастықты жалғастыра отырып, тұтастай бір ұлттың сақталуын қамтамасыз ету – тілдің ең маңызды қызметі. «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе жоқ» дейтіндігіміз де сондықтан. Өз ұлтын шын сүйетін әрбір ұлтжанды азамат ана тілін жақсы біліп, ардақтаумен қатар оны көзінің қарашығындай қорғауға, қолынан келгенінше оның дамуы мен кең тарауына үлесін қосуға тиіс. Сонда біздің тілімізбен бірге ұлтымыздың да мерейі асқақтай түспек. Оған қол жеткізу үшін – ұлт тілінің қадір-қасиетін терең ұғынып, оның ұлт өмірінің айнасы екендігін түсінбеген жанның өз жұртының жүрек лүпілі мен тамыр бүлкілін сезіну қабілетінен айырылып қалатындығын ұл-қыздарымыздың миына әбден сіңіре алатын ата-аналар, үлкендер болуы керек. Біз сол міндетімізді атқарып жүрміз бе???

«Қазақ университеті» газеті.

2000. - №9 (1293).



Даудың басы – «Бесбармақ»* ...

Бірден басын ашып айту керек. Қ.Әбіл басқарып отырған қалалық басқарманың елордамыз Астананың орталығында ашылған дәмхана атын тіркеуден бас тартуы негізсіз емес. «Бесбармақ» сөзінің әдеби нормаға жатпайтыны анық. Академик Ә.Қайдаров, Г.Смағұлова, Р.Шойбеков сияқты тіл мамандары да «бесбармақ» сөзінің қазақ классик жазушыларының шығармаларында, тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдердің құрамында кездеспейтінін айтқан. Лингвистикалық сараптама жасар болса, кез келген тіл маманы, Тіл білімі институты да осы тоқтамға келер еді деп білеміз. Қытай елінен келген бір филолог-ғалым қандасымыз алғаш келгенде «Бесбармақ» деген қандай тағам екенін білмей дал болдым, кейін сұрап білсем, ол кәдімгі ең қадірлі ұлттық тағамымыз «ет» екен. Бізде бұл сөзді айтсаңыз, бірде-бір қазақ түсінбейді», – деп еді. Тіліміздің шұрайы бұзылмай сақталған қытай қазақтарының тілінде бұл сөздің мүлде жоқ екендігі де көп нәрседен хабардар етсе керек. Мейрамханалар мен дәмханалардың дастарқан мәзірінде қазір бұл ұлттық тағамымыздың атауы «қазақша ет (мясо по-казахски)» түрінде де көрсетіліп жүргені белгілі.

Еліміздің бас қаласы Астананың келбеті келісімді болсын десек, көптеп ашылып жатқан түрлі мекемелердің аты да тіл мәдениетіне сай, талғаммен таңдалып, эстетикалық тұрғыдан да сұранысымызды өтейтіндей, мемлекеттік тіліміздің мәртебесіне нұқсан келтірмейтіндей болғаны жөн-ақ. Әсіресе, бас қаламыз бұл істе өзгелерге үлгі болуға тиіс деп санаймыз.

*«Егемен Қазақстан» газеті.
17 мамыр, 2003 ж. – №119.*

Қазақ тілін барша қазақстандықтардың білуі міндетті

Күлтегін, Тоныкөк заманында қазақтардың ата-бабалары төл жазуын қолданған. Тіл ғылымында «көк түріктер жазуы», «сына жазуы», «руникалық жазу», «тас қашау жазуы» атанып жүрген бұл жазудың тарихы тереңде жатыр. Көне түркі жазуын зерттеуші ғалымдар сына жазуы біздің заманымызға дейінгі V-III ғасырларда пайдаланылғандығын атап көрсеткен. Сондай-ақ ғылыми зерттеулерде сына жазуы славян-кирилл

**Астана қаласында дәмхана атауына байланысты дау туындағанда Ақселеу Сейдімбек, Шерубай Құрманбайұлы, Фариза Оңғарсыновалардың мәселеге қатысты пікірлері қатар берілген.*



жазуынан 15 ғасыр бұрын ал грузин және армян жазуынан 10 ғасыр бұрын пайда болғандығы айтылады. Қазақ тілінің түп тамыры болып табылатын көне түркі тілінде жазылған орхон-енисей ескерткіштері бұдан үш жүз жылдай бұрын табылған. Ғалымдар бұл тастардағы ата-бабамыз мың жарым жылдан артық уақыт бойы қолданған 24 руна әрпінің қазақ тіліне мейлінше сәйкес келетіндігін айтады.

Кейіннен жаулап алушылар күшпен руна жазуын араб жазуына ауыстырды. Бұл жазуды да түркі тектес халықтар мың жылға жуық пайдаланды. Бірақ арабтың жазу жүйесі қазақ тіліне ыңғайсыз болғандықтан, қазақтың ғұлама ғалымы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1924 жылы оның негізінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендірілген жаңа әліпбиін жасады. Ахмет Байтұрсынұлы жасаған әліпбиді Қытай Халық Республикасында тұратын бір жарым миллионнан астам қазақ әлі күнге дейін пайдаланып келеді.

1929 жылы қазақ жазуы латынға, ал 1936 жылдан бастап бұрынғы Кеңес одағындағы түркі халықтарының барлығы кириллица негізінде жасалған жаңа әліпбиге көшірілді. Қазақтар бұл әліпбиді 1940 жылы қабылдауға мәжбүр болды. Соңғы жетпіс жылға жуық уақыт ішінде Қазақстанда жарық көрген біздің негізгі кітап қорымыз, мерзімді басылымдарымыз осы кирилл жазуымен жазылған Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінде 19 дауыссыз, 5 дауысты, барлығы 24 дыбыс бар десе, кириллицаға көшкеннен кейін оның саны екі есеге жуық артып, қазақ әліпбиі 42 әріптен тұратын болды. Ол таңбалардың бірқатары біздің дыбыстық жүйемізге тән емес, басы артық кірме сөздерді орыс тіліндегідей етіп бұлжытпай жазу үшін алынғандығын қазір фонолог, фонетик ғалымдар айтып та, жазып та жүр.

Қазақ ұлты қалыптасу кезеңінде қазақ тілі күнделікті ауызекі сөйлеу процесінде, сонымен қатар ауызша ақындық шығармашылықта пайдаланылған. Ал жазба тілдің қызметін Орта азия мен Қазақстанның аумағында көптеген ғасырлар бойы қолданылған әдеби түркі тілі атқарған. Сөйтіп, қазақ әдеби тілінің қалыптасуына, бір жағынан ортақ әдеби дәстүрдің сақталуына әсерін тигізген болса, екінші жағынан, қалыптасып жатқан тілге ауызекі тілдің лексикалық және грамматикалық элементтерінің кеңінен таратылуы ықпал етті. Бұл кезеңде іс-қағаздарында, хат жазысуда, көркем әдебиетте қолданылған тіл (XVI-XIX ғ.ортасы) ескі қазақ әдеби жазба тілі деген атау алды. Қазіргі қазақ әдеби тілі ұлтымыздың ғасырлар бойғы даму, өркендеу тарихымен бірге қалыптасқан.

Қазақ тілі Түркі тілдер тобының Батыс ғұн бұтағының қыпшақ тобы қыпшақ-ноғай топшасына жатады. Ол топшаға ұқсастығы жағынан қазақ тіліне анағұрлым жақын қарақалпақ және ноғай тілдері де кіреді.

Қытай, Монғолия, Ресей, Өзбекстан сияқты қазақ диаспорасы көбірек тұратын елдерде қазақ тілінде білім беретін мектептер бар. Ұлт тілінде





оқытатын мектептер болмағанмен, Түркия, Германия, Франция, Иран сияқты бірқатар мемлекеттерде қазақ диаспорасы тұрады. Шет елдерде тұратын қазақтар арасында да ана тілін білетін, сондай-ақ тарихи отаны, атамекені Қазақстан жөнінде жан-жақты мәлімет алып, оны өз көзімен көргісі келетін ата-бабасының салт-дәстүрімен танысуға, оны сақтауға мүдделі азаматтардың болуы да табиғи нәрсе.

Қазіргі қазақ тілі – көркем әдебиет стилі, ғылыми стиль, көсем-сөз стилі, ауызекі сөйлеу стилі сияқты стильдік тармақтары айқын ажыратылған әлемдегі дамыған тілдерге жүктеуге болатын тілдік қызметтің барлығын да атқара алатын ұлттық әдеби тіл. Жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі, ал қазақ ұлтының ең басты байлығы, қазыналы сарайы, ең асыл мұрасы болып табылатын қазақ тілін білу, дамыту, оны көзінің қарашығындай сақтай отырып ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – өзін қазақып деп санайтын әрбір азаматтың қасиетті перзенттік парызы. Ал мемлекеттік тіл ретінде оның сол заңды мәртебесіне лайық қызмет етуін қамтамасыз ету – осы тілді мемлекеттік тіл ретінде ресми жариялап, Ата заңмен мәртебесін белгілеген мемлекеттің тікелей міндеті. Сонымен қатар осы мемлекетте тұрып, өзін осы елдің азаматымын деп санайтын әрбір қазақстандықтың тегі мен ұлтына қарамастан бұл тілді білуі, оған құрметпен қарауы да оның міндеті әрі азаматтығының белгісі.

*«Қазақстан жастары» газеті.
сәуір-мамыр, 2005 ж.*

Мемлекеттік тілді білмейтін мемлекеттік қызметші болмауы керек

Мемлекеттік тілдің нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру мақсатында осыдан екі-үш жыл бұрын мемлекеттік тілді білуі қажет кәсіптер, мамандықтар мен лауазымдар тізбесі жөнінде нормативтік құжат әзірлеу мақсатында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі, Әділет және Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрліктері жұмыс тобын құрып, бірлесіп жұмыс істеуді бастаған еді. Заң жобасын дайындау туралы бастама да болған. Бірақ бұл іс тоқтап қалды. Жалғасын таппады. Осы 23-бапқа тиісті өзгеріс енгізбей болмайды. Мемлекеттік тілді білмейтін адамды мемлекеттік қызметке алу дегеннің өзі ақылға сыймайтын нәрсе. Өз мемлекетінің тілін білмейтін, оны сыйламайтын адам қалай сол елге, мемлекетке қызмет етеді?

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заң талаптарын орындауға өз дәрежесінде көңіл бөлінбей отыр. Мемлекеттік тіл әлі де болса өз мәртебесіне ла-





йықты орнын ала алмай келеді. Бұл орайда «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының орындалуын қадағалап, заң талаптарын орындамаған басшыны да қосшыны да жауапқа тартатын уақыт жетті.

Басқару органдарында мемлекеттік тілдің қолданылуын кадрлық қамтамасыз етудің маңыздылығын ескере отырып, мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік тілді еркін меңгеруіне қажетті қаржылық, ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық жағдайлар жасалғаны дұрыс. Бүгін мемлекет қаржысын бөліп, көптеген мемлекеттік қызметшілерді оқытып жатырмыз. Бірақ тілді құлшынып оқып, курстарды бітіргеннен кейін мемлекеттік тілде іс жүргізіп кеткендерді көп ұшырата бермейміз. Себебі, мемлекеттік құрылымдардың көпшілігінде олардан іс жүргізуді талап етіп, өзі басқарып отырған ведомствода мемлекеттік тілдің, заңда белгіленген мәртебесіне сәйкес қызмет атқаруын қамтамасыз етуге асығып жатқан министрлер, әкімдер, агенттік, комитет төрағалары өте аз. Бізде мектепте, арнаулы және жоғары мектепте барлық қазақстандық қазақ тілін оқиды. Бәрінің дерлік аттестаттары мен дипломдарында «төрт» пен «бес» деген баға бар. Бірақ қызметінде тілді пайдалана алмай жатады. Жалпы тілді сонша жыл оқыған жоғары білімді әр маман мемлекеттік қызметке келгенде тест, емтихан тапсырып қабылдануы керек. Одан кейін оған тағы қаржы жұмсап, иліге берудің қажеті жоқ. Ендігі жерде мемлекет емес сол маманның өзі мүдделі болуға тиіс. Тілді оқытуда да, мемлекеттік қызметке қабылдауда да формалдылық, өзімізді өзіміз алдау дегенге жол беруді тоқтатпасақ, ісіміздің ілгері басуы қиын.

*«Сақшы» газеті.
2005 қаңтар, – № 2.*

Бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтудегі рөлі

Кез келген тілдің қызметі оның қоғамда атқаратын рөлінен туындайды. Қандай да болмасын тіл белгілі бір адамдар қауымында қарым-қатынасты жүзеге асырудың, көңіл-күй мен сезімді білдірудің, мәдени-тарихи ақпаратты сақтаушы және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудің құралы бола алған жағдайда ғана мемлекеттік тіл деңгейіне көтеріле алады. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызмет аясын кеңейту – қазіргі кездегі күн тәртібіндегі мәселелердің бірі. Қазақ тілі қоғамдағы барлық коммуникативтік салаларға қызмет етіп, оны қолданушы тілдік орта болған жағдайда ғана мемлекеттік тіл бола алады. Ал тілдік ортаның қалыптасуына әсер ететін құрылымдардың бірі – бұқаралық ақпарат құралдары.



Бұқаралығы, аудитория ауқымы кеңдігі, тақырып мазмұнының кеңдігі мен жан-жақтылығы, мәтіндерінің функционалдық-стистикалық және мазмұндық бірлігі, әлеуметтік және ұлттық жағынан күрделі аудиторияға бағытталғандығы «төртінші билік» атанған бұқаралық ақпарат құралдарының бәріне ортақ маңызды белгілері болып табылады. БАҚ – адамдардың әлеуметтік және мәдени қарым-қатынасының ұйымдасқан түрі, рухани және интеллектуалдық әсер етудің, жаңа идеялар мен көзқарастарды таратудың күшті құралы. Бұқаралық қатынас әлеуметтік құбылыс ретінде қоғамдағы материалдық, саяси және идеологиялық қатынастар құрылымының ажырамас бөлшегі болып саналады.

Барлық ақпарат құралдарының қоғамда атқаратын қызметі – ақпарат тарату және әсер ету. Қазіргі БАҚ-та ақпараттық қызметтен гөрі әсер ету, әсіресе экспрессивтік әсер ету қызметі басым. Бұл нарық заманының бәсекелестік саясатынан туып отыр. Ақпарат құралдары санының өсуі, ақпарат алу мүмкіндігінің көбеюі оқырманды, тыңдарманды, көрерменді өзіне тарту, оның қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді, амалдарды қолдануға алып келеді.

Ақпарат қабылдаушының ұлттық ой-санасының өзгеруі де журналистикаға жаңаша көзқарасты талап етіп отыр. Ақпарат тілі бұрынғы стандарт қолданыстардан, шаблондардан бас тартып, қабылдаушының жасы, білімі, мамандығы, әлеуметтік жағдайын ескере отырып құрастырыла бастады. Теле-, радиохабарлардың аттарында, газет айдарларында, мақала атаулары мен мазмұнында ұлттық бітімге, санаға әсер ететін тілдік қолданыстар пайдаланыла бастады. Бірақ «бұл амал-тәсілдердің барлығы пәрменді ме? Қазір кен етек жайып отырған журналистік еркіндік пен материалды барынша қызықты етіп беру үшін қолданылып жатқан тілдік оралымдардың бәрі сәтті шығып жатыр ма?» деген сұрақтар туындайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі қоғам өміріндегі маңызы өте зор, қабылдаушының санасына, ойлау жүйесіне, тіл мәдениетіне тигізетін әсері орасан үлкен. Жаңа тілдік оралымдар, жаңа сөздер, терминдер көбіне ақпарат құралдары арқылы тарайды. Қарапайым тыңдаушы, оқырман мен көрермен газеттен, теледидардан, радиодан естіп, оқып білгенін сол күйінде, норма ретінде қабылдайтындықтан, ақпарат құралдарының тілдік норманы қалыптастыруда да атқаратын қызметі үлкен. Сондықтан ақпарат құралдары тілді, мемлекеттік тілді қолдану ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауы қажет.

Қазіргі қазақ баспасөзінде қазақ тілінің сөздік қорындағы әр алуан сөздер, айшықты оралымдар, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, терминдерді орынсыз, оңды-солды қолдану үрдісі жиі байқалады. Жеке басылымдардың көбеюі, журналистерге өз ойын ашық, еркін жазып, айтуға бар мүмкіндіктің берілуі баспасөз тілінде стильдік бояуы жағынан әр түрлі тілдік элементтердің қолданысына алып келді. Бұл құбылыстар-

дың барлығына біржақты теріс баға беруден аулақпыз. Дегенмен қазақ журналистерінің ақпарат құралдары арқылы айтылған ой-пікірлеріне, сөз қолданыстарына, тіпті сөйлем құрылысына, сөздердің айтылу заңдылықтарына үлкен жауапкершілікпен қарағаны жөн. Өйткені бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпарат қабылдаушылар, әсіресе жастар, белгілі ой түйюі немесе тұжырым жасауы, қандай да бір моральдық қасиет алуы мүмкін. Кейде қандай да бір сөз, сөз тіркесі, термин не сөйлемді бұлай қолдануға болмайды деген кезде, газетте солай жазылған, теледидардан немесе радиодан осылай айтты деген уәжді жиі естуге болады.

Журналист репортажы нақты, шындық ақпарат беруге құрылғаны жөн деп ойлаймыз. Авторлық сараптамалық бағдарламалардан басқа хабарларда тыңдаушы немесе көрерменге хабар жүргізушінің эмоциясы, көңіл-күйі берілмеуі қажет, хабардан әр адамның өзінше ой түйюіне, шешімге келуіне жағдай жасалуға тиіс. Жас журналистердің көпшілігіне бұл жағынан тәжірибе әлі жетіспей жатқанын жиі аңғаруға болады. Көпшілікке таныла бастаған спорт шолушысының спорт ойындарынан репортаж беру үлгісі талай айтылып та, жазылып та жүр. Тағы бір спорт шолушысының жақында Астанада өткен бокстан әлем чемпионатының ақтық ойынында *«спорт сарайында алма түсетін орын жоқ»* деуі кез келген қазақтың құлағына түрпідей тигені сөзсіз. Өсерлілігі мен экспрессиясы жағынан *«яблоку негде упасть»* тіркесінен де жоғары, бейнелілігі мол *«ине шаншар орын жоқ»* деген қолданысты неге пайдаланбасқа? Сол сияқты *«ядролық қару қолдану туралы әңгімелерге әр ел өз әлініше нүкте қойғысы келіп отыр»* («Жас Алаш», 30 мамыр), *«...саясат тақтасындағы нәзік жыныстылардың ішіндегі жұмбақ нәм өте ықпалды жан»* («Жас Алаш», 28 мамыр) деген сөйлемдер де ойға қонымсыздау. Мұның бәрі орыс тілінің ықпалы екені даусыз. Басқа тілден ұтымды қолданыстарды қабылдау дұрыс та шығар, бірақ тілімізге, танымымызға сыймайтын жайларды айтуға, жазуға әуестенбеген жөн деп ойлаймыз. «Отбасы» сөзінің термин ретінде бекітілгеніне біраз уақыт өткеніне қарамастан газеттер әлі де «жанұя» сөзін қолданып жүр, тіпті «Біздің жанұя» деген газет те шығып үлгерді. Баспасөзде жіберіліп жатқан бұл кемшіліктер мемлекеттік тіл деңгейіне көтерілген қазақ тілінің беделін түсірмесе, биіктетпейтіні анық. Терминдерді бұлайша жауапсыз қолдану тілімізге ала-құлалық әкеледі, қалыптасып келе жатқан бірізділікті бұзады.

Баспасөздегі емле қателері өз алдына бөлек әңгіме. Бас әріппен жазылатын сөздер, бірге не бөлек жазылатын сөздердің емлесінде ала-құлалықтар жиі кездеседі. Мұндай қателер әсіресе ең жоғарғы мемлекеттік ұйымдар мен лауазым аттарын жазуда көп ұшырасады. Мысалы, «Жексенбі күні Өзбекстан Президенті Ислам Каримов елде өткізілген референдумға қатысып дауыс берді» («Жас Алаш», 29 қаңтар), «Республика



Премьер-министрі Қасымжомарт Тоқаев ... жеделхат жолдады» («Егемен Қазақстан», 12 қаңтар). Мұның бәрі бір қарағанда елеусіздеу көрінгенімен, басылымдарды қадағалап, окитын қарапайым адамды, әсіресе мектеп оқушыларын, шатастыруы мүмкін.

Тіл мамандарының қанша айтып, жазып жатқанымен, дикторлар мен хабар жүргізушілердің сөздерді айту мәнері дұрысталмай-ақ қойды. Қазақ журналистерінің сөздің айтылу әуенін, дауыс ырғағын, сөйлеу заңдылығын сақтамауы олардың қазақ тілінің үндестік заңымен жете таныс емес екендігін көрсетеді. Теле-, радиохабар жүргізушілердің орфоэпиялық нормаларды дұрыс білмеуі және журналистердің тіліндегі ақаулар мен олардың зардаптары туралы Р.Сыздық («Егемен Қазақстан», 3 шілде, 2002 жыл), М.Серғалиев (Жинақ: Мемлекеттік тіл: терминология, іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі. Алматы, 1999) және т.б. тілші ғалымдар талай айтып та, жазып та жүр.

Радио мен теледидардан берілетін қазақша бағдарламалардың сапасы айтарлықтай жақсарғанымен, әлі де жетіспей жатқан жақтары біршама. Әсіресе, теледидардан түсініксіз, аяғына жеткенше басында қандай ой айтылғаны ұмытылып қалатын шұбалаңқы сөйлемдер, дүмбілез тіркестер жиі кездеседі. Мысалы, «Күн дерек» (10 шілде, сағат 00.20) бағдарламасының бір ғана хабарында «Ыстықкөлге келген түсушілер (!)», «нысаналы (!) азаматтардың айқайымен», «құлағына қыстырмады» (қазақ «құлағына ілмеді» деп айтпаушы ма еді?), «қазір демалуға аяғын асықпай басуда (!)», «тағдырын кейінге шегеріпті (!)» сияқты ойға сыйымсыз, тіл мәдениетін төмендететін оралымдар қолданылды. Бұл бір ғана КТК-ның басындағы емес, қазақтілді ақпарат құралдарының барлығына дерлік тән жағдай. Мысалдардың «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан» газеттерінен, КТК телеарнасынан келтірілуінің себебі, олардың өз оқырманы мен тыңдаушысы көп, республиканың ақпарат кеңістігінде орныққан, өзіндік орнын тапқан ақпарат құралдары болуында. Олай болса осы және басқа да ақпарат құралдары тіл мәдениетін қалыптастырып, дамытуға не бұзуға, тіліміздің сөздік қорын байытуға не шұбарлауға, сауатты жазу мен дұрыс сөйлеуге белгілі дәрежеде әсер етеді деген сөз. Бұқаралық ақпарат құралдарының қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданыс аясының кеңіп, тіліміздің сөздік құрамының жаңа сөздермен баюына, терминдердің қалыптасуына тікелей себепші болатындығы қазақ журналистеріне өз ісіне үлкен жауапкершілікпен, аса байыптылықпен қарауды жүктейді.

Әрбір мемлекеттегі тілдік ахуалды қалыптастыратын негізгі факторлардың бірі – мемлекетте жүргізіліп отырған тіл саясаты. Тіл саясаты арқылы кез келген коммуникативтік мақсат үшін белгілі тілдік құрылым немесе тілдік бірлік таңдалады. Қазақстан Республикасы тіл



саясатының тұжырымдамасында «Осы тұжырымдаманың мақсаты – өтпелі кезеңде тілдердің сақталу және қызмет ету саласындағы мемлекеттік саясат стратегиясын әзірлеу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін дамытуға жағдай туғызу жөніндегі мемлекет міндеттерін айқындау» деп көрсетілген. Бұл әрекеттер тіл саясатының басты мақсаты тілдің функционалдық жағын реттеуге бағытталғандығын көрсетеді. Осы арқылы тілдің құрылымдық жағына да белгілі дәрежеде әсер етіледі. Бұл ықпал жаңа сөздер мен сөз тіркестерін жасау, басқа тілдерден сөз алуды мақұлдау, ұсынылған жаңа нормаларды іріктеуден көрінеді. Тілдің құрылымдық жағына әсер ету мектеп, көркем әдебиет, театр сияқты құрылымдармен бірге бұқаралық ақпарат құралдары арқылы да жүреді. Олай болса бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттегі тіл саясатын жүзеге асыру бағытында да атқаратын рөлі үлкен. Ал мемлекетіміздегі тіл саясаты, ең алдымен, мемлекеттік тілдің дәрежесін көтеруге бағытталғанын есте ұстаған абзал.

Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы елшісі посткеңестік елдерді орыс тілін дамытуға шақырады

Мәскеу, 19 ақпан, Интерфакс. – Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы елшісі Олжас Сүлейменов посткеңестік елдерді орыс тілін белсенді түрде дамытуға шақырды.

«Әлемде ұлттаралық қатынас тілі проблемасы бар. Бізде КСРО-да ұлттаралық қатынас тілі болған, және де орыстан басқа барлық ұлттар екітілді болған», – деді Олжас Сүлейменов сенбі күні Мәскеуде өткен әлем әзербайжандары өкілдерімен болған кездесуде.

Ол «әзербайжандардың да, қазақтардың да осы бай әрі құдіретті тілді меңгергендігін» атап өтті. «Менің кейбір республикалардан көріп отырғанымдай, қазір оны жоғалту – өз мәдениетін, өз болашағын жұтаңдату деп ойлаймын» – деп атап өтті Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы елшісі.

«Болашақ әзербайжандар мен қазақтар бәрібір ұлы Ресей елімен көршілес болып қала беретіндігін» атап көрсетті. «Орыс тілі арқылы біз әлемдік мәдениетке шықтық. Қазір біз бұл процеске қолдау көрсететін болсақ, ол өзінің жалғасын табар еді. Орыс тілін оқу біздің түркі дүниесін еш жұтаңдандырмайды, керісінше оны күшейтеді» – деді О.Сүлейменов.

*«Интерфакс-Қазақстан»
ақпараттық агенттігі
2002 жыл, 21 ақпан.*



Орысшыл болмасақ оңалмаймыз ба, Олжеке? *

Интерфакс агентігінің «Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы елшісі посткеңестік елдерді орыс тілін дамытуға шақырады» деген хабар таратуы кемді де болса, елең еткізері анық.

Біріншіден, Қазақстан елшісінің өз елінің мемлекеттік тілі Ата заңда көрсетілген заңды мәртебесіне сәйкес орнын иелене алмай жатқанына алаңдаушылық білдірмей, әлемге онсыз да кең тараған халықаралық тілдің жоғын жоқтап, оның мүддесін көздеп отырғаны мүлде түсініксіз. Өз тіліміздің мәселесін шеше алмай жүріп, жағдайы бізден он есе жақсы өзге тілдің қамын жегеніміз қай сасқанымыз? Бұл біздің кеңдігіміз бе, әлде кемдігіміз бе?

Екіншіден, бір елдің елшісінің басқа мемлекеттерге үшінші бір елдің мемлекеттік тілін үйреніндер деп насихаттауы – азаматтық, құқықтық, саяси және дипломатиялық тұрғыдан да дұрыс ұсыныс емес. Әзербайжан ағайындар қазақ елшісінің бұл ұсынысына қуана қояр ма екен?

Ақын-елшіміздің бұл ұсынысын Эстония, Латвия мен Литва сияқты Балтық жағалауы елдері, Грузия мен Украина, көршіміз Өзбекстан естесе, Олжекенді оңдырмағанымен қоймай, «жалтақтау мен жалпақтаудан әлі арыла алмай жүрген қайран қазақ бауырлар-ай» деп тұтас ұлтымызға аяушылық білдірер деп қауіптенеміз.

Үшіншіден, Олжекеннің «Орыс тілі арқылы біз әлемдік мәдениетке шықтық. Қазір біз бұл процеске қолдау көрсететін болсақ, ол өзінің жалғасын табар еді», – деген пікірінің де бүгінгі күннің шындығына сай келеді деу қиын. Рас, кеше солай болды. Біз қайда шықсақ та, Мәскеу арқылы, орыс тілі арқылы шығуға мәжбүр болдық. Ал қазір біз тәуелсіз, дербес ел ретінде әлем мәдениетіне неге өз тілімізбен шықпаймыз? Көп векторлы саясат жүргізіп отырған ел емеспіз бе? Қазіргі жоғары білімді қазақ жастарының елеулі бөлігі ағылшын, француз, неміс, қытай, жапон сияқты әлемдік немесе дамыған елдердің тілдерін біледі. Ал олар неліктен әлем мәдениетіне орыс тілі деген «жалғыз көпірден» өтуге тиіс.

Жириновский жағамызға жармасып, «тілің жоқ, жерің жоқ» деп жатқанда, Олжасымыздың «ортақшыл, орысшыл болмай оңалмаймыз» деуін қалай түсінуге болады?

*О.Сүлейменовтің «Интерфакс-Қазақстан» агенттігіндегі жарияланған пікіріне қарсы жазылған бұл мақаланың автор ұсынған атауы «Олжекең неге орыс тілінің жыртысын жыртып жүр?» болатын. Жоғарыдағы тақырып редакция тарапынан берілген.



Әлемнің өркениетті елдерінің қай-қайсысы да өз тілдерімен өмір сүріп, жаһанданудан аман қалудың жолын іздеп, өз тілдерін насихаттап, оның кең таралуына мүдделі болып отырғанын өз көзімен көріп-біліп жүрген, ал өзімізге келгенде біз де қазақ тілін солай құрметтеп, іргелі ұлтқа тән қасиет танытайық деуге аузы бара бермейтін Олжекеңнің, Одақтың салған «сара жолынан» адасып барамыз деп уайымдауына жол болсын.

Жалпы, Олжекең бізге алаңдамай-ақ қойсын, орыс тілінің Қазақстандағы жағдайы өте жақсы. Орыс тілі бізде халықаралық, мемлекеттік, ресми тілге жүктелетін қызметтің бәрін атқарып отыр. Білім беру жүйесінің барлық деңгейінде оқытылады.

Асан қайғы бабамыздың «...Құйрығы жоқ, жалы жоқ құлан қайтіп күн көрер?» дегеніндей, ел мүддесін көздеуге тиіс елшісі, халқының қамын жейді деген азулы ақыны өзгенің жыртысын жыртып жүрген қазақ, қазақ тілі қайтіп күн көрер екен?! Біз осыған алаңбыз...

«Егемен Қазақстан»,

23 ақпан 2002 жыл, – № 35-38 (23996).

Мемлекеттің тіл саясаты және терминология мәселесі

Қазақ терминологиясы дамуының қай кезеңін алып қарасақ та термин жасау, терминологияны қалыптастыру, жетілдіру, біріздендіру, реттеу сияқты барлық терминологиялық жұмыстардың мемлекеттің тіл саясатына сәйкес жүргізіліп отырғанын көруге болады. Басқаша болуы мүмкін де емес еді. Өйткені тілдің қоғам өмірінде алатын орны, оның сол қоғамдағы атқаратын қызметтерінің ауқымы мен шегі, алдағы уақыттағы даму бағыттары, басқа ұлттар тілдерімен қарым-қатынасы сияқты маңызды мәселелердің барлығы да мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес белгіленеді. Ал терминология адам қызметінің барлық саласына қатысты бай лексикалық қабат болуымен бірге әлемдік ғылым-білімнің, техниканың жалпы озық ой-сананың жетістіктерін тілдік тұрғыдан бейнелейтін танымның әрі ғылыми ақпаратты таратудың да құралы болғандықтан ол қай елдің де жүргізіп отырған ресми тіл саясатынан тыс қала алмайды. Керісінше, белгілі бір ұлт тілінің мүддесін көздейтін, оның қоғамда атқаратын қызметтерінің берік орнығуын қалайтын кез келген мемлекет терминологияның жасалуы мен қалыптасуына, дамуына айрықша мән береді. Олай істелмесе, сол мемлекеттің өзі мүддесін көздеп, ресми мәртебе беріп отырған тілдің мемлекеттік тілге жүктелетін қызметтерді атқаруға мүмкіндігі жетпес еді. Ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси т.б. терминдері жасалып, адам өмірінің сан түрлі





салаларындағы ұғымдарды дәл бейнелеп бере алатын жүйеленген терминқоры қалыптаспаған тіл сол түрлі сала мамандарының қажетін өтеп, кәсіби қарым-қатынасын қамтамасыз ете алмасы анық. Ондай атауларсыз ұлт тілінде білім беру мен ақпарат тарату ісі де өз деңгейінде жүзеге асырыла алмайды. Қандай да бір тілдің көсегесін көгертіп, сол тілдің қоғам өмірінің барлық саласындағы қызметін мүлтіксіз атқара алатындай дәрежеде болуын көздейтін мемлекеттің терминологияны қалыптастырып, оны дамыту, жетілдіру жұмыстарының жоғары кәсіби деңгейде әрі үздіксіз жүргізіліп отыруына айрықша мән беретіндігі де сондықтан. Оған мысалды әлемнің көптеген мемлекеттерінің бұрынғы және қазіргі кезеңде жүргізіп отырған тіл саясатынан келтіруге болады. Мәселен, Ататүріктің билік басына келуімен ғылыми-техникалық терминологияны ұлт тілінде қалыптастыруға айрықша мән беріліп, арнайы қаулылар қабылданды. 1932 жылы өткен «Түрік тілі» қоғамының құрылтайында біріншіден, халық тіліндегі ескі кітаптардағы түрік тілінің байлықтарын жинастырып оны жарыққа шығару; екіншіден, түрікше жаңа сөз жасау жолдарын іздестіріп, түрік түбірлері негізінде сөз тудыру; үшіншіден, түріктің жазу тілінде өте көп қолданып жүрген шет тілдерінен кірген сөздердің орнына таза түрік сөздерін алып, оларды жарыққа шығару және қалыптастыру жөнінде шешім қабылданды (Zulfikar H. Terim sorunları ve terim yarma yolları. Ankara, 1991. 175-б.). Өткен ғасырдың 60-ыншы жылдарының аяғы мен 70-інші жылдардың бас кезінде КХДР-да елдің тіл саясатында терминологияны корей тілі негізінде қалыптастыруға айрықша мән берілсе, АҚШ-пен соғыс кезінде жапондар ағылшын тілінен кірген терминдерді ығыстырып шығарып, олардың орнын қытай тілінен дайын қалпында алынған немесе қытай түбірлі сөздердің негізінде жаңадан жасалған сөздермен толықтырды. Чехословакияда да 30-ыншы жылдары латын-грек терминдерінің орнын ұлт тілінде жасалған терминдермен алмастыру бағытын ұстанды. Қазіргі француз тілінің тазалығын сақтауға Францияда үлкен мән беріліп отырғандығы белгілі. Францияда француз тілді елдердің өкілдерінен тұратын үкімет жанындағы орған француз тілі халықаралық кеңесі терминологияны ретке келтіру жұмыстарын жүргізіп, конференциялар өткізіп, 1971 жылдан бастап «Француз терминологиясы» және «Сөз кілті» сияқты журналдар шығарып отыруы соның айғағы. Франция үкіметінің 1972 жылы «Француз тілін тазарту туралы», 1975 жылғы денсаулық сақтау мен медицинаның сөздік құрамын байыту жөніндегі және 1973-1976 жылдар аралығында шығарылған ғылым мен техниканың түрлі салаларында енгізілген терминдерді бірізді қолдануды міндеттейтін қаулылары мен 1975 жылғы ресми іс жүргізуде фирмаларға ағылшын-американдық атауларды пайдалануға тыйым салатын «Француз тілін қолдану туралы» заң шығаруы бұл іске мемлекеттік билік тарапынан қаншалықты мән беріліп, қолдау



көрсетіліп отырғанының дәлелі бола алады. Мұндай мысалдарды кез келген ұлт тілінің даму тарихынан келтіре беруге болады. Қазақ терминологиясы да өзінің дамуы мен қалыптасуының қай кезеңінде де мемлекеттің жүргізіп отырған ресми тіл саясатынан тыс қалып көрген емес. Дәлірек айтқанда, терминологияны дамыту мен қалыптастыру қашан да мемлекеттің жүргізіп отырған ұлттық саясатының жалпы принциптеріне негізделген тіл саясаты айрықша көңіл бөлетін, басты назарда ұстайтын мәселелерінің қатарында болып келген. XX ғасырдағы қазақ терминологиясының дамуынан да оны айқын көруге болады. Ұлт тілдерінің терминжүйесін бүкілодақтық масштабта біріздендіру жұмыстары жиырмасыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдардың басына қарай қатаң қолға алынды. КСРО-ның тіл саясатында әліпби, терминология мәселелеріне айрықша мән берілгенін Бүкілодақтық Орталық Жаңа әліпби комитетінің (ВЦКНА при ЦИК СССР) құрылып, оған одақтас республикалардың әліпбиін біріздендіру, терминологияны қалыптастыру принциптерін жасау міндеті жүктелгенінен де айқын аңғаруға болады. «Заң шығарушы күші бар, КСРО мемлекеттік билігінің жоғарғы органына тікелей бағынысты КСРО Орталық Атқару Комитетінің жанындағы Бүкілодақтық Орталық Жаңа әліпби комитеті одақ халықтары тілдерінің барлығының жазуы мен терминологиялық принциптерін жасауға тұтастай басшылық етті» – деп жазады, бұл комитет жөнінде ғалым К.Мұсаев (Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1986. Стр.148). Нәтижесінде айналасы он жылдың көлемінде екі рет әліпби ауыстырып, кириллицаға көшкеніміз, орыс сөздері мен орыс тілі арқылы енген сөздерді (негізінен терминдерді) орыс орфографиясына сәйкес жазу үшін әліпбиімізді жаңа әріптермен толықтырғанымыз белгілі. Ал эстон, латыш, литва, грузин және армян сияқты төл жазуларын сақтап қалған халықтардың әліпбиінің кириллицаға көшірілмеуі советтік ортақ терминқор қалыптастыруға үлкен кедергі келтіріп отырғандығы биік мінберлерден талай рет айтылғанмен, КСРО-ның тіл саясатында шешімін таппаған мәселе ретінде қалып қойды.

Отызыншы жылдарға дейін Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялылары қазақ терминологиясын қалыптастыруда ұлт тілінің мүддесін ескере отырып жасалған принциптерді басшылыққа алды. Олар ұлттық терминқорымыздың негізін тіліміздің өз заңдылықтарына сәйкес жасалған төл терминдеріміз құрайтын терминология қалыптастыруды көздеді. Оған А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төреқұлұлы, Ж.Күдерин, М.Жұмабайұлы, С.Қожанұлы, Е.Омарұлы сияқты қазақ зиялыларының терминологияны қалыптастырудағы ұстанымы, олар жасап тілдік қолданысқа енгізген жүздеген терминдер дәлел бола алады. Алай-



да жиырмасыншы жылдардың аяғына қарай термин шығармашылығындағы бұл бағыт аяусыз сынға алына бастады. Терминологияны дамытуда пуризм етек алып отырғандығы, оның үлкен кеселді мәселе екендігі шектен тыс дабырайтылып, ұлғайтылып көрсетілді. Сол кездің саяси белсенділерінің тілімен айтқанда «буржуазияшыл-ұлтшыл», «ұлтшыл-байшыл», «реакцияшыл» топтардың ұстанған бағытына тосқауыл қойып, қазақ тілі құрылысындағы алашордашылық теорияларға соққы беру қажет деген ұрандар тасталды. Оның соны белсенді күреске ұласып, тіл құрылысындағы өрескел «қателіктердің» түзетіліп, отызыншы жылдары терминологияны дамытудың кеңестік тіл саясатына қайшы келмейтін жаңа бағыты белгіленгені мәлім. Өйткені бұрынғы ұлтшылдардың бағыты КСРО-ның ұстанып отырған саяси курсына сәйкес келмейтін еді. «Современный этап социалистического строительства предъявляет терминологии каждого языка определенный заказ (*мемлекеттік тапсырыс* дегенге саяды - Ш.Қ.) – терминология должна быть строго-классовой, удовлетворяющей актуальные потребности строителей социализма» – деп, сол жылдары Е.Кротевичтің қазақ терминологиясының уақыт талабына сай дамымай отырғанын сынағаны да сондықтан (*Выправить недочеты в строительстве казахской терминологии // Просвещение национальностей. 1932. – №8-9. Стр. 94-96.*).

Ұлтшылдардың ұстанған бағытына тосқауыл қойылып, ол бағытты ұстанғандарды жойғаннан кейін олардың орнына жаңа бағыттан таймайтын, оның дұрыстығын дәлелдей беруден шаршамайтын кадрларды, ғалымдарды дайындау керек еді. Кеңестік жүйе оған да қол жеткізді. Желдің қай жақтан соққанын бірден аңғарып, сол кездің өзінде-ақ суырылып шығып жаңашылдықты жақтап, ескілікті даттап көзге түскен науқаншылдар да, қызыл белсенді оқығандар да болды. Кеңестік тәрбие әбден қанына сіңіп, бесік жырын тыңдағандай жастайынан идеология әуенін құлағына сіңіріп өскен кейінгі толқын тағы бар. Сондықтан да кеңес өкіметі құлап қалғанша сол бағытымыздың дұрыстығына өзі де сеніп, өзгелерді де сендіріп келгендердің аз болмағанын дәлелдеп жатудың еш қажеті бола қоймаса керек. Болшевиктік басшылықтың белгілеп берген саяси нұсқамасын (установкасын) бұлжытпай орындайтын пролетариятшыл, ортақшыл ғалымдар жаңа бағыттың көрегендікпен белгіленгендігін дәлелдеп, бүкіл терминологиялық жұмыстарды қазақ совет терминжасам принциптеріне сүйеніп жүргізгендіктен біз қазақ терминологиясын қалыптастырудан гөрі совет халқына ортақ терминологиялық қор (общесоветский терминологический фонд) құруға көбірек еңбек сіңірдік. Терминді шығармашылықпен жасауға емес, оны өзге тілдерден дайын қалпында қабылдауға дағдыландық. Терминологиямыздың 70-80 пайызын орыс тілі арқылы өзгеріссіз қабылданған кірме терминдер құрайтындығы соның нәтижесі.





Терминологиямыздың одан кейінгі дамуы отызыншы жылдары Мәскеу белгілеген принциптерге негізделді. Ұстанған бағытымыздың дұрыстығы, осы бағыттан жаңылмау керектігіміз дүркін-дүркін есімізге түсіріліп, санамызға сіңіріліп отырды. Терминологияны одақтық көлемде біріздендіруге байланысты арнайы Үкімет қаулылары да шығарылды, бүкілодақтық конференциялар мен семинарлар да өткізіліп тұрды. Ондай алқалы жиындарда терминологияны кеңестік тіл саясатына сәйкес дамытудағы жетістіктер мен жіберілген кемшіліктер сараланып, бұдан әрі бұл бағыттағы жұмыстар қалай жүргізілуі керектігі ғылыми дәйектеліп отырды. Мәселен, 1959 жылы Мәскеуде өткен бүкілодақтық мәжілісте сөйлеген кіріспе сөзінде академик В.В.Виноградов та, «КСРО халықтары тілдерінің сөздік құрамын дамытудағы орыс тілінің рөлі» деп аталатын бас баяндамасында Т.А.Бертагаев пен Ю.Д.Дешериевтер де, сол кездегі совет халықтары тілдеріндегі терминологияның жай-күйін талдаған Н.А.Баскаковтың баяндамасында да терминологияны біріздендіру жұмыстары орыс тіліне негізделе жүргізіліп, терминқорымыздың барлық совет халқына ортақ болуы қажеттігі, терминологияның халықаралық сипатын арттыра түсудің маңыздылығы ғылыми тұрғыдан тиянақталды. Олардың көтерген негізгі мәселесі орыс тіліне негізделген кеңес халқына ортақ терминқор құру ісін шашау шығармай жүргізудің қағидатын белгілеу еді. Ол – кеңес халықтары тілдерінің терминологиясы арасындағы айырмашылықтарды мейлінше азайту қағидаты (принцип минимальных расхождений) болатын. Семинар бірауыздан бұл принциптің дұрыстығын қолдап, тиісті ұсыныс жасалды.

Бас баяндамада бұл қағидаттың дұрыстығы, басқа жолдың жоқтығы түпнұсқа тілден аудармай қаз қалпында бергенде былайша баяндалды: «Задачам коммунистического строительства в нашей стране может отвечать лишь один принцип, а именно: принцип минимальных расхождений. Он является наилучшим с точки зрения реализации задачи (мұны – мемлекеттің саяси нұсқамасын орындау үшін – деп ұққан жөн. Ш.Қ.) дальнейшего сближения советских народов и их культур для последующего слияния всех наций в единую коммунистическую семью» (Вопросы терминологии. – М., 1961. Стр. 42).

Ұлт тілдері терминологиясы арасындағы айырмашылықтарды барынша молайту қағидатының (принцип максимальных расхождений) тиімсіздігі, оның пауризмге бастап, ол қағидатты ұстанған халықтардың тілдері ортақ терминқор құру, терминологияны халықаралықтандыру үрдісінен шет қалып, толық оқшаулану (полная изоляция) күйіне тап болатындығы баса айтылды. «Бөлінгенді бөрі жейді», «оқшаулансақ оңбаймыз» деп көпшілдік, ортақшылдық танытып, осы бағытты қолдағандардың, терминологиямызды дамытуда, терминжасам тәжірибемізде осы қағидатты ұстанған халықтардың ең алдыңғы қатарында біз жүрдік.



Нәтижесі белгілі. Ал бізбен бір одақ құрамында болған кейбір халықтар кеңестік тіл саясатын бірінші күннен қолдап, 30-жылдарға дейін Ахаң бастаған қазақ зиялылары ұстанған дұрыс бағытты күрт өзгертіп, Мәскеу белгілеп берген принциптерге бірден бейімделіп біз сияқты КСРО халықтарына ортақ терминдер қалыптастыруға белсене кірісіп кетпей, терминологиясын өздерінің ұлт тілдері негізінде, өз тілдерінің ерекшелігін ескере отырып дамытты. Сондықтан да олардың терминологиясы ұлттық сипатынан айрылған жоқ. Олардың қатарына латыш, эстон, литва халықтары тілдерінің терминологиясын жатқызуға болады. 1959 жылғы бүкілодақтық семинардың бас баяндамасын жасаған ғалымдар бұл халықтар терминологиясын қалыптастыруда негізінен өз тілдерінің сөзжасам тәсілдері мен басқа да лексиканы дамытудың ішкі мүмкіндіктерін пайдаланып отырғандығымен ерекшеленетіндігін атап көрсетеді. «Эти языки развиваются, полностью сохраняя свою национальную специфику. Лексические заимствования из русского и других языков играют в них лишь дополнительную, периферийную роль. В этом одна из особенностей развития языков народов советской Прибалтики» (Стр. 25).

Жалпы бұл жиын терминологияның отызыншы жылдары белгіленген бағытын өзгертерліктей жаңалық әкелген жоқ. Тек сол ұстанған бағытымыздың дұрыстығын тағы бір рет пысықтап, совет халқы дейтін бір халыққа, бір ұлтқа айналып (единая нация – единый язык), бір тілде сөйлейтін ел болуды көздейтін ұлы мақсатқа жету жолындағы саяси курсымыздан жаңылмайтындығымызды, ғылыми принциптерімізден бас тартпайтындығымызды еске салып қоюдан аса алмады. Басқа мақсат көзделмеген де еді. 1981 жылы «Одақтас республикалардың ғылым академияларындағы терминологияны жасау мен реттеудің проблемалары» деген тақырыппен өткізілген бүкілодақтық семинарда да негізінен барлық мәселелер *ұлтаралық кәсіби қарым-қатынас құралы ретіндегі орыс терминологиясының маңызы мен ұлт тілдерінің терминологиясын жасаудағы «айырмашылықтарды мейілінше азайту қағидатын»* басшылыққа алу тұрғысынан сөз болды.

Жалпы Одақ көлемінде 90-жылдарға дейін өткен жиындарда да ғалымдар тарапынан терминологияның жекелеген теориялық, практикалық, ғылыми-әдістемелік мәселелерін шешуге жарайтын ғылыми құнды тұжырымдар жасалғанмен, КСРО халықтары тілдеріндегі терминологияны дамытудың негізгі бағыт-бағдары өзгерген жоқ. Қайта терминологиялық жұмыстарды сол отызыншы жылдары белгіленген бағытта жүргізудегі сабақтастықты сақтап, дәстүрді орнықтырып, ортақ терминдер қорын молайта түсу басты назарда ұсталып отырды. Мемлекеттің тіл саясаты соны көздеді.

Ал тәуелсіздік алғаннан бергі он жыл ішінде мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту бағытында біздің елімізде терминологияны рет-



ке келтіру (упорядочение), жетілдіру (усовершенствование) бағытында мемлекет тарапынан қандай қарымды қадамдар жасалды, нақты қандай істер атқарылды деген мәселеге келсек, бұл жөнінде мынаны айтуға болады. Біріншіден, 90-жылдары қоғам өмірінде болған саяси-экономикалық түбегейлі өзгерістер тәуелсіз, егеменді жас мемлекеттің тіл саясатын да еліміздің мемлекеттік ұлттық саясатына сәйкес белгілеуі қажет болды. Тілімізге мемлекеттік мәртебе беріліп, соған сәйкес оған мемлекеттік тіл атқаруға тиісті қызметтердің барлығын жүзеге асыру міндеті жүктелді. Ал тіл ғылым-білімнің, техниканың яғни барлық арнаулы салалардағы қызметін мүлтіксіз атқаруы үшін оның сол салалардағы кәсіптік қатысымды қамтамасыз ете алатындай біріздендірілген, жүйеленген, ретке келтірілген ұлттық терминологиялық қоры жасалуы керек. Бұл мәселенің маңызын терең пайымдаған қазақ зиялылары, тілші ғалымдар мен салалық мамандар тарапынан соңғы он шақты жыл ішінде терминологияның түрлі мәселелері көтерілді. Термин шығармашылығы біршама жанданып, арнаулы салаларда жаңа атаулар жасалып, олар біртіндеп тілдік қолданысымызға ене бастады. Республикалық деңгейдегі ғылыми конференциялар, семинарлар өткізілді. Бұл саладағы шешімін табуға тиісті бірқатар мәселелер анықталды. Ғылыми еңбектер жарық көріп, терминологиялық сөздіктер шығарыла бастады. Соңғы жылдары Мемтерминком да өзіне берілген өкілеттілік шеңберінде біршама өнімді жұмыс істей бастады. Алайда бұл салада атқарыла бастаған жұмыстан гөрі алдағы уақытта атқарылуға тиісті жұмыстардың, шешімін тапқан мәселелерден шешімін табуға тиіс мәселелердің әлденеше есе көп екендігін ашып айтқан абзал. Жалпы терминологияның қай мәселесі де кез келген өзге ғылым салаларындағы сияқты кәсіби біліктілік тұрғысынан келу арқылы шешілуге тиіс. Қазіргі термин шығармашылығындағы, терминологиялық сөздіктер түзу мен өзге де терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде көптеген кемшіліктерге жол беріліп жатқандығы кейбір ағайындардың кәсіби дайындықсыз-ақ іске кірісіп кетіп, Абайша айтқанда «өзінде бармен көзге ұрып» жүргендігінің салдары екенін айтпасқа болмайды.

Қазір біздегі қордаланып қалған терминология мәселелерін тоқсанына бір рет жиналып қол көтеріп шешіп жүрген консультациялық-кеңесші орган ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы да, Тіл департаментінің құрамындағы төрт-ақ адамнан тұратын ономастика және терминология бөлімі де шеше алмайды. Бұл құрылымдар осы салада атқарылуға тиісті жұмыстарды шама-шарқына қарап там-тұмдап қана жүргізіп отыр. Сондықтан да терминология саласында шешімін таппаған мәселе, атқарылмай жатқан істер көп. Республикадағы барлық терминологиялық жұмыстардың кәсіби



тұрғыдан жүргізілуіне тікелей жауап беретін, білікті ғылыми кадрлары, өкілеттілігі, қыруар жұмысты атқаруға қажетті қаржысы бар қауқарлы құрылым болмай істің жолға қойылмасы анық. Ғалымдар мен салалық мамандар тарапынан бұл мәселе қанша рет көтерілсе де шешімін таппай-ақ қойды. Жалпы терминология тағдырына бұлай қарау – тәуелсіз мемлекет екендігімізді жариялағаннан бергі уақытта бұл істің мемлекеттік маңызын жете түсініп, мақсатты тіл саясатын жүргізіп отырғанымызды көрсете алмаса керек.

Ұлттық терминқорды қалыптастырып, терминологиялық жұмыстарды кәсіби деңгейде жүргізу кез келген мемлекеттің тіл саясатының ерекше көңіл бөлетін, басымдық беріле отырып жүзеге асырылатын жұмыстардың бірі болып табылады. Бұл орайда бізде де Үкіметтің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасында терминологиялық базаны қалыптастыру қажеттілігі айтылып, тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Терминологиялық шығармашылық жоспарлы түрде жүзеге асырылатын қызмет жүйесінің бірыңғай принциптеріне сүйенген, орталықтандырылған, ғылыми негізделген болуға тиіс» делінгенімен іс жүзінде олай болмай отыр. Себебі бізде әлі мұндай ауқымды жұмыстарды жүйелі түрде жүргізудің тетігі жасалмаған. Сол себепті бұл саладағы республика көлемінде орталықтандырылған түрде жүзеге асуға тиісті барлық терминологиялық жұмыстар қажетті кәсіби деңгейде жүргізілмей келеді. Мемлекеттік тілдің арнаулы салалардың барлығында мүлтіксіз қызмет етуін көздейтін ел екендігіміз рас болса, терминологиялық жұмыстарды жүргізудің жалпы мемлекеттік маңызы ескеріле отырып, соған сәйкес бұл істің республика көлемінде үйлестіріле жүргізілуі де мемлекет тарапынан қамтамасыз етілуі қажет. Қазіргідей барлық терминологиялық жұмыстарды жүргізуді кеңесші орган Мемтерминкомға тапсырып қойып, жылына үш-төрт рет жиналғанда істеген азын-аулақ ісімізге тоқмейілсіп отырсақ, қазақ терминологиясын осы ғасырда ретке келтіретінімізге үлкен күдікпен қарауға тура келеді. Әйтеуір біздің бүгін істеуге тиісті істерімізді ертеңге ығыстыра беретіндігімізден, тілімізді ғылым-білімнің, техниканың сан саласындағы қызметін мүлтіксіз атқаратын ұлттық терминқоры қалыптасқан шын мәніндегі мемлекеттік тіл деңгейіне көтереміз деген мәселені келер ғасыр басында өмір сүретін ұрпақ та күн тәртібіне қойып жүрмесе жарар еді.

*«Егемен Қазақстан»,
30 қыркүйек, 2003 жыл.*





Мемлекеттік тілдің қоғамдағы қызметін қамтамасыз ету – оның мәртебесін заңмен белгілеген мемлекеттің міндеті

Біз мемлекеттік тілдің заңмен белгіленген мәртебесіне лайық қолданысын қалыптастыру жолындағы жұмыстарды жүзеге асыруға келгенде ең ізгілікті жолды таңдаған елміз. Кешегі кеңес одағының құрамынан шыққан елдердің бірқатары бірден өздерінің ұлттық тілдеріне көшсе, кейбір елдер орыс тілінен ұлт тіліне көшуге, тіл үйренуге өте қысқа мерзім белгіледі. Тілді оқып-үйренуге бір-екі жыл уақыт берген елдер де бар. Бұл тұрғыдан келгенде мемлекеттік тілді меңгеру үшін біздің отандастарымызға уақыт кең-молынан берілді деуге толық қақымыз бар. Тәуелсіздігімізді жариялаған сонау 1991 жылдан бері он бес жыл уақыт өтті. Бұл – орта мектепті бітіріп, жоғары оқу орнын тамамдап бір саланың маманы ретінде қалыптасуға жететін мерзім. Он-он бір жыл орта мектепте оқып, одан кейін 4-5 жыл ішінде институттар мен университеттерді аяқтаған маманның қызметке келгенде мемлекеттік тілді меңгермеуі мүмкін емес. Егер он бес жыл оқытып, мемлекетіміздің тілін үйрете алмасак, онда мемлекеттің ондай білім беру жүйесі туралы шындап ойлануына тура келеді. Ата заңымызда мәртебесі белгіленген еліміздің мемлекеттік тілін үйренуге құлықсыз азаматтарды тәрбиелеп өсіріп жатқан, тілге сұраныс, қажеттілік туғыза алмаған, қоғамдық санаға қозғау сала алмаған жүйені жетілдіруді қолға алмай болмайды. **Мемлекеттік тілдің тағдыры, бүгінгі мен болашағы, оның қоғам өмірінің барлық салаларындағы атқаратын қызметін қамтамасыз ету – сол тілге заң жүзінде арнайы мәртебе беріп отырған мемлекеттің өз қолында.** Біз еліміздің Ата заңында қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие екендігін тайға таңба басқандай атап көрсеттік. Соған сәйкес арнайы заң қабылдадық. Енді мемлекет сол заңдардың орындалуын, тілдің аталған заңдарда көрсетілген мәртебесіне сәйкес қоғамдағы орнын иеленуін, негізгі қызметтерін атқаруын, іс жүзінде қолданылуын жүзеге асыруға міндетті. Конституциямыздың 93-бабында «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілді және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» – делінген. 2001 жылы «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Осы бағдарлама мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылып отыр. Биылғы жылға бөлінген қаржы көлемі бұрынғы жылдармен салыстырғанда біршама арта түсті. Республикадағы қазіргі тілдік ахуалды мемлекеттік тілдің мүддесіне сәйкес орнықтыру үшін оған бөлінетін қаржы көлемі жыл санап арта беруі керек екендігі басы ашық нәрсе.



Өйткені бұл салада әлі атқарылуға тиісті істер жетерлік. Екінші жағынан тіл үйренуге, оны насихаттауға қаржы бөлумен бірге біз өз азаматтарымыздан мемлекеттік тілді білуін талап ететін уақыт та келді. Жасы келген немесе мүмкіндігі мен қабілеті шектеулі азаматтар болмаса, өзін осы елдің азаматымын деп санайтын адамның он бес жыл ішінде өз елінің мемлекеттік тілін қажетті деңгейде игеретін уақыты болды ғой. Сондықтан бізде жұмысқа қабылдау, қызметке тағайындау кезінде кәсіптік талаппен бірге маманның мемлекеттік тілді білуін де талап ету қалыпты құбылысқа айналуға тиіс. Сол арқылы тілдік ахуалдың мемлекеттік тілдің пайдасына қарай өзгеруіне, тілге деген қажеттіліктің туындауына негіз қалап, алғышарттар жасай аламыз. 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның бес жыл мерзімі қалды. Егер осы кезге дейінгідей ұзын арқан, кең тұсаумен жүре берсек, он бес жылда үйренбеген тілін қалған бес жыл ішінде өзге тілді қазақстандықтардың игеріп кететіндігіне сену оңай емес.

Тілдерді қолдану мен дамытуға арналған қаржының елеулі бөлігі тілді оқытуға бөлініп отыр. Оның ішінде, біздің тіл комитетінің жанындағы мемлекеттік қызметшілерге мемлекеттік тілді жеделдетіп оқыту орталығының материалдық-техникалық базасын нығайтуға айрықша көңіл бөлінген. Бұл дегеніміз – азаматтарымыздың тілді үйренуіне мемлекет тарапынан баса көңіл бөлініп отыр деген сөз. Бұл дұрыс-ақ. Сонымен бірге бізге, сол оқытудың нәтижесін, шыққан шығынның пайда әкелгенін, істің нәтижесін де тексеріп, қатаң қадағалап отыру керек екендігін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Осы уақытқа дейін де білім беру жүйесін қоспағанда жүздеген мемлекеттік органдар мен мемлекеттік кәсіпорындарда, мекемелерде қызметкерлерге мемлекеттік тіл оқытылды. Сол курстарды аяқтап сертификат алғандардың қаншасы мемлекеттік тілде іс жүргізе алатындар қатарына қосылды деген сұрақтың нақты жауабын ешкім бере алмай отыр. Бұл іске арнайы уақыт пен қаржы бөлінгенін ескерсек, оның нәтижесін, оқытудың тиімділігін анықтап отырудың қажеттігі талас тудырмаса керек.

Республикадағы тілдік ахуалды мемлекеттік тілдің мүддесіне және оның заңмен белгіленген мәртебесіне сәйкес қалыптастырудың ең басты тірегі – әлеуметтік лингвистикалық іргетас екендігі даусыз. Ол іргетас – қазақ тілінде оқып білім алған және қазақ тілін еркін меңгерген, мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін, жаза алатын, іс жүргізуге қабілетті мамандар. Қазақ ұлтының өкілдері мен мемлекеттік тілге құрметпен қарайтын, өзінің осы елдегі тұрмыс-тіршілігін, қызметін мемлекетіміздің ең жоғарғы мәртебе берген тілімен байланыста қарайтын өзге халық өкілдерінен тұратын отандастарымыз. Бұл бағытта республикамыздың білім жүйесінің атқаратын рөлі айрықша. Мемлекеттік тілде білім алатындардың саны мен сапасын жылдан жылға арттыру, осы мерзімге дейін тілді



меңгере қоймағандарды тиімді оқыту әдістері арқылы оқытып-үйрету арқылы әлеуметтік лингвистикалық іргетас қалыптасып, негіз қаланбақ.

Мемлекеттік тіл саясатындағы маңызды бағыттардың бірі Қазақстан Республикасы мемлекеттік тілінің қызметін қамтамасыз ету болып табылатындығы белгілі.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Алтайдан Атырауға дейін, Алатаудан Арқаға дейін созылып жатқан ұлы даланы мекен еткен төл мәдениеті бар қазақ деген халықтың туған тілі.

Күлтегін, Тоныкөк заманында қазақтардың ата-бабалары төл жазуын қолданған. Тіл ғылымында «көк түріктер жазуы», «сына жазуы», «руникалық жазу», «тас қашау жазуы» атанып жүрген бұл жазудың тарихы тереңде жатыр. Көне түркі жазуын зерттеуші ғалымдар сына жазуы біздің заманымызға дейінгі V-III ғасырларда пайдаланылғандығын атап көрсетіп жүр. Сондай-ақ ғылыми зерттеулерде сына жазуы славян-кирилл жазуынан 15 ғасыр бұрын, ал грузин және армян жазуынан 10 ғасыр бұрын пайда болғандығы айтылып жүр. Қазақ тілінің түп тамыры болып табылатын көне түркі тілінде жазылған орхон-енисей ескерткіштері бұдан үш жүз жылдай бұрын табылған. Ғалымдар бұл тастардағы 24 руна әріпінің ата-бабамыз мың жарым жылдан артық уақыт бойы қолданып келген қазақ тіліне мейлінше сәйкес келетіндігін айтады.

Кейіннен жаулап алушылар күшпен руна жазуын араб жазуына ауыстырды. Бұл жазуды да түркі тектес халықтар мың жылға жуық пайдаланды. Бірақ арабтың жазу жүйесі қазақ тіліне ыңғайсыз болғандықтан, қазақтың атақты ғалымы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы 1924 жылы оның негізінде қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкестендірілген жаңа әліпби жасады. Ахмет Байтұрсынұлы жасаған әліпбиді Қытай Халық Республикасында тұратын бір жарым миллион қазақ әлі күнге дейін пайдаланып отыр.

1929 жылы қазақ жазуы латынға, ал 1936 жылдан бастап бұрынғы Кеңес одағындағы түркі халықтарының барлығы кириллица негізінде жасалған жаңа әліпбиге көшірілді. Қазақтар бұл әліпбиді 1940 жылы қабылдауға мәжбүр болды. Соңғы жетпіс жылға жуық уақыт ішінде Қазақстанда жарық көрген біздің негізгі кітап қорымыз, мерзімді басылымдарымыз осы кирилл жазуымен жазылған. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінде 19 дауыссыз, 5 дауысты барлығы 24 дыбыс бар десе, кириллицаға көшкеннен кейін оның саны екі есеге жуық артып қазақ әліпбиі 42 әріптен тұратын болды. Ол таңбалардың бірқатары біздің дыбыстық жүйемізге тән емес, бірқатарының басы артық. Олар кірме сөздерді орыс тіліндегідей етіп бұлжытпай жазу үшін алынғандығын қазір фонолог, фонетист ғалымдар айтып та, жазып та жүр.

Қазақ ұлты қалыптасу кезеңінде қазақ тілі күнделікті ауызекі сөйлесу процесінде, сонымен қатар ауызша ақындық шығармашылықта





пайдаланылған. Ал жазба тілдің қызметін Орта Азия мен Қазақстанның аумағында көптеген ғасырлар бойы қолданылған әдеби түркі тілі атқарған. Сөйтіп, қазақ әдеби тілінің қалыптасуына, бір жағынан, ортақ әдеби дәстүрдің сақталуы әсер тигізген болса, екінші жағынан, қалыптасып жатқан тілге ауызекі тілдің лексикалық және грамматикалық элементтерінің кеңінен таратылуы ықпал етті. Бұл кезеңде іс-қағаздарында, хат жазысуда, көркем әдебиетте қолданылған тіл (XVI-XIX ғ. ортасы) ескі қазақ әдеби жазба тілі деген атау алды. Қазіргі қазақ әдеби тілі ұлтымыздың ғасырлар бойғы даму, өркендеу тарихымен бірге қалыптасқан.

Қазақ тілі Түркі тілдер тобының Батыс ғұн бұтағының қыпшақ тобы қыпшақ-ноғай топшасына жатады. Ол топшаға ұқсастығы жағынан қазақ тіліне анағұрлым жақын қарақалпақ және ноғай тілдері кіреді.

Қытай, Монғолия, Ресей, Өзбекстан сияқты қазақ диаспорасы көбірек тұратын елдерде қазақ тілінде білім беретін мектептер бар. Ұлт тілінде оқытатын мектептер болмағанмен Түркия, Германия, Франция, Иран сияқты бірқатар мемлекеттерде қазақ диаспорасы тұрады. Шетелдерде тұратын қазақтар арасында да ана тілін білетін, сондай-ақ тарихи отаны, атамекені Қазақстан жөнінде жан-жақты мәлімет алып, оны өз көзімен көргісі келетін, ата-бабасының салт-дәстүрімен танысуға, оны сақтауға мүдделі азаматтардың болуы да табиғи нәрсе.

Қазіргі қазақ тілі – көркем әдебиет стилі, ғылыми стилі, көсемсөз стилі, ауызекі сөйлеу стилі сияқты стильдік тармақтары айқын ажыратылған, әлемдегі дамыған тілдерге жүктеуге болатын тілдік қызметтің барлығын да атқара алатын ұлттық әдеби тіл. Жалпы адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі, ал қазақ ұлтының ең басты байлығы, қазыналы сарайы, ең асыл мұрасы болып табылатын қазақ тілін білу, дамыту, оны көзінің қарашығындай сақтай отырып ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу өзін қазақпын деп санайтын әрбір азаматтың қасиетті перзенттік парызы. Ал мемлекеттік тіл ретінде оның сол заңды мәртебесіне лайық қызмет етуін қамтамасыз ету – осы тілді мемлекеттік тіл ретінде ресми жариялап, Ата заңмен мәртебесін белгілеген мемлекеттің тікелей міндеті. Сонымен қатар осы мемлекетте тұрып, өзін осы елдің азаматымын деп санайтын әрбір қазақстандықтың тегі мен ұлтына қарамастан бұл тілді білуі, оған құрметпен қарауы да оның міндеті әрі азаматтығының белгісі.

«da Қазақстан»,

Халықаралық мәдени-интеллектуалды журналының қосымшасы.

2006 жыл. – №4. 6-7-бб.



Мемлекеттік тіл саясатын жүргізудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері туралы

Белгілі бір мемлекет аумағында кең таралған, сол елде тұратын тұрғындардың ұлттық құрамына қарамастан мекемелер мен ұйымдарда, сот ісінде, құқық қорғау органдарында, білім беру жүйесінде іс қағаздарын жүргізу үшін міндетті, мемлекеттік және қоғамдық өмірінде айрықша маңызды қызметтерді атқаратын, ерекше саяси-құқықтық мәртебеге ие, сәйкестіліктің, біртұтастықтың нышаны ретінде қабылданатын тіл – Мемлекеттік тіл болып саналады. Біздің еліміздің Конституциясы бойынша ондай айрықша мәртебеге ие тіл – Қазақ тілі. Республикамыздың негізгі заңымен белгіленген мәртебесі бар қазақ тілінің мемлекеттік тіл атқаруға тиісті маңызды қызметтерді толық әрі мүлтіксіз атқаруын қамтамасыз ету ең алдымен осы тілге мәртебе берген Мемлекеттің, барлық мемлекеттік құрылымдарының, ел азаматтарының, яғни баршамыздың парызымыз. Өйткені Мемлекеттік тіл Елтаңба, Ту, Әнұран сияқты мемлекеттілік нышаны. Өзін елімнің азаматымын, патриотымын дейтін әр адамның Әнұранын жатқа біліп, Туы мен Елтаңбасын танып, олардың мән-мазмұны туралы түсінігі болатындығы, мемлекеттік нышандарын құрмет тұтатындығы сөзсіз. Сол сияқты тәуелсіздігіміздің 20 жылдығын қарсы алғалы отырған елдің әр азаматы мемлекетіміздің басты нышандарының бірі болып саналатын мемлекеттік тілді білудің, оны құрметтеудің, өз қызметінде, шығармашылығында, кәсіби саласында пайдаланудың азаматтық парызы екендігін сезінетін уақыт жетіп, тіпті өтіп бара жатқанын білсе керек. Сондықтан да бүгін бүкіл қоғам, оның ішінде қазақ қауымы бұл мәселеге ерекше назар аударып отыр.

Ал енді мемлекеттік тіл қызметін қамтамасыз етудің лингвистикалық негізі туралы сөз етер болсақ, бұл еліміздегі тілдік жағдаятты терең де жан-жақты зерттеу негізінде анықталатын ауқымды да күрделі мәселе екенін айтуымыз керек. Сондықтан біз төменде осы мәселенің кейбір басты әлеуметтік лингвистикалық қырларын атап көрсетумен ғана шектелеміз.

Көптеген елдердің мемлекеттік тілдерінің қызмет етуінің өзіндік тарихы, өзіне тән ерекшеліктері бар. Ол әр елдің ұлттық құрамы мен ішкі саяси жағдайына, географиялық орналасуына, экономикалық дамуына т.б. себептерге байланысты. Мысалы, кешегі Кеңес одағы тұсында біз қазақтар және одақ құрамына кірген республика халықтары 30-60-жылдар аралығында орыс тілінде қалай сөйлеп шыға келді? Себебі осы мақсатқа жетуге бағытталған тіл саясаты белгіленіп, ол жүйелі әрі орталықтандырылған түрде жүргізілді. Мұны ресейлік белгілі әлеуметтік лингвистика маманы А.Д.Швейцер сексенінші жылдарға дейін-ақ әділ атап көрсеткен болатын. «Тіл саясатын орталықтандырылған және орталықтандырылмаған деп ажыратып қарау қажет. Әдетте мемлекет жүргі-



зетін және жалпыға міндетті шаралар жүйесінен тұратын тіл саясаты орталықтандырылған сипатқа ие болады. КСРО-да жүргізілген тіл саясаты осы талаптарға жауап береді. Белгілі бір өңірден тыс жерде міндеттілік күші болмайтын жергілікті билік органдарының, сондай-ақ мемлекеттік қолдауға ие болмаған жекелеген партиялар мен қоғамдық ағымдардың саясаты орталықтандырылмаған болып табылады»¹ – деп жазған еді ғалым.

Тәуелсіздігімізді жариялағаннан бергі 20 жылдай уақыт ішінде бізде қандай тіл саясаты жүргізілді? Біз қазір тіл саясатын жүргізудің қай кезеңінде тұрмыз? Міне бұл сұрақтардың жауабын алдымен өзіміз білуге тиіспіз. Тіл саясаты – *мақсаттар мен міндетерді айқындау* (1), *міндеттерді орындауға дайындық* (2) және *соңғысы жүзеге асыру* (3) деп аталатын негізгі үш кезеңнен тұрады. Қазір іс жүзінде екінші кезеңді аяқтап, үшінші кезеңге көшіп отырмыз. Алайда түрлі себептермен біздің тіл саясатын жүзеге асырудың екінші кезеңде атқарылуға тиісті бірқатар шаруалары атқарылмай қалды немесе қажетті деңгейде атқарылған жоқ. Сол шала-шарпы орындалған міндеттер үшінші кезеңді жүзеге асыру барысында аяғымызға оралары анық. Мұндай кемшіліктер мемлекеттік тілге көшудің белгіленген мерзімінің созылып, тиісінше тіл саясатын жүзеге асыру кезеңдерінің де ұзай беруіне соқтыруы ықтимал. Тіпті қоғамда тіл саясатының шынайы жүзеге асуына күдікпен қарауға, оған атсалысу орнына әлеуметтік белсенділіктің төмендеуіне немесе мүдделі топтардың тілдік қақтығыстарға, саяси күреске жетелейтін қарсылығын туғызуы да әбден мүмкін. Тіл мәселесі қай қоғамда да өте нәзік мәселе. Сол себептен де елдегі тіл саясатын жүргізуге аса сергек, әрі айрықша үлкен жауапкершілікпен қарамасқа болмайды.

Конституциямызда **«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі»** деп көрсеттік. Яғни, тіліміздің мемлекеттік мәртебесі заңмен белгіленді. Орталық мемлекеттік органдардың, облыстардың мемлекеттік тілде іс жүргізуге кезең-кезеңмен көшуінің кестесі белгіленді. «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» жасалып, ол мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылып, онда мемлекеттік тілге айрықша орын берілді. Тіл саясатын жүргізуге құзыретті мемлекеттік орган құрылды. Ендеше, жалпы белгілері бойынша қарағанда бізде орталықтандырылған тіл саясаты жүргізіліп отыр деуге болады. Ал орталықтандырылған тіл саясатын жүргізудің өңірлер мен жергілікті жерлерде, түрлі мекемелер мен ұйымдардағы жүзеге асу деңгейі, тиімділігі қандай дәрежеде деген мәселелер өз алдына жеке қарастыруды қажет етеді. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне сәйкес қызмет етуін толық қамтамасыз ету үшін бізге алдағы уақытта да орталықтандырылған тіл саясатын жүргізу қажеттілігі сөзсіз.

¹ Швейцер А.Д. Современная социоллингвистика. Теория, проблемы, методы. – Москва, 1977. – С.151.





Тілдік жағдаятқа байланысты тіл саясатының біртүрлі мемлекеттегі тіл саясаты, көптілі мемлекет жағдайындағы тіл саясаты және мемлекет аумағынан тыс жүргізілетін тіл саясаты деп жіктеу бар. Осы тіл саясатының түрлерін сипаттайтын бірнеше белгілер көрсетіледі. Олар: ретроспективтілік – өзгерістерге қарсылық білдіріп, қалыптасқан тілдік ахуалды сақтау бағытын ұстану; перспективтілік – қалыптасқан тілдік жағдаятты өзгерту бағытын ұстану; демократиялық – елдегі бүкіл халықтың мүддесін есепке алу бағытын ұстану; антидемократиялық – элитаның мүддесін ескеру; халықаралықтық – этникалық топтардың барлығының мүддесін көздеу; ұлтшылдық – бір ғана этникалық топтың мүддесін көздеу¹.

Қазақ ұлты мен ел халқын құрайтын түрлі этностардан тұратын Қазақстан жағдайында бұл белгілерді анықтаудың маңызы аса зор. Оған өте ыждағаттылықпен жүргізілген әлеуметтік лингвистикалық және социологиялық зерттеулер арқылы ғана қол жеткізілуі мүмкін. Осы аталған белгілердің біздің қоғамдағы үлес салмағы қандай екендігін қаншалықты анықтай алсақ, онда біз тілдік проблемаларымыздың диагнозын да соншалықты дәл қойып, тіл саясатын жүргізудің ғылыми негізін, тілдік жоспарлаудың да нақтылығын барынша белгілей аламыз.

Тіл саясатын жүргізудің маңызды құрамдас бөлігінің бірі – тілдік жоспарлау. Белгілі әлеуметтік лингвист ғалым Эйнар Хауген өзінің тілдік жоспарлауға арналған еңбегінде – «Қай жерде тілдік проблемалар пайда болса, сол жердің бәрінде тілдік жоспарлау талап етіледі. Егер қандай да себептермен тілдік жағдаят қанағаттанарлықсыз болса, тілдік жоспарлау бағдарламаларын жүзеге асыру қажеттілігі туындайды»² [3] – деген еді.

Қазақстан тіл мәселесі түпкілікті шешімін тапқан, бізде тіл мәселесі мүлде жоқ деп ешбір тәжірибелі саясаткер, білікті тіл маманы немесе әлеуметтанушы кесіп айта алмаса керек. Керісінше, тіл мәселесінің ушығып кетпей, өркениетті жолмен шешімін табуын қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі шаралар атқарылуы қажеттігі талас тудырмайды. Міне, сондықтан да бізде тілдік жоспарлауға мейлінше көп көңіл бөлінгені жөн. Оның үстіне дәл қазіргі таңда бұл мәселе біз үшін маңызды. Олай дейтініміз, үстіміздегі жылы «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аяқталып, келесі кезеңге арналған жаңа мемлекеттік бағдарлама жасауға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Дәлірек айтқанда, жаңа жасалатын мемлекеттік бағдарламаны еліміздің алдағы мерзімдегі тіл саясатын жүзеге асыратын тілдік жоспарлауы деуге болады. Онда тіл саясатын жүзеге асырудың үшінші кезеңінде орындалатын міндеттері көрініс тауып, бас-

² Никольский Л.Б. Синхронная социоллингвистика (теория и проблемы). – Москва, 1976. – С. 117-118.

³ Хауген Э. Лингвистика и языковое планирование//Новое в лингвистике. Выпуск VII. Социоллингвистика. – Москва, 1975. – С. 444.





ты шаралары белгіленсе ғана бағдарламамыз баянды болмақ. Егер осы бағдарлама дұрыс жасалып, ол дәйекті түрде жүзеге аспайтын болса, онда басқадан бұрын қазақ ұлтының мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатына деген сенімсіздігі шырқау шегіне жетіп, тіпті наразылығы туындайтыны қазірдің өзінде айқын байқала бастады. Ондай жағдайдың алдын алу мемлекеттік бағдарламаның белгілеген шаралары нақты жүзеге асып отырғанда ғана мүмкін болмақ.

«Тілдік үстемдік» деген ұғым бар. Ол – «Тілдің мәртебесін өзгерту арқылы бір Тілдің басқа Тілдік қауымдастыққа таралуы»¹ – дегенді білдіреді. Кеңес Одағы тұсында орыс тілінің үстемдігі басқа республика халықтары тілдеріне қатысты мақсатты әрі дәйекті түде жүргізілді. Бізде басқа тілдік қауымдастықтарға қазақ тілін үстемдік ету жолымен тарату туралы мәселе ешқашан қозғалған емес. Біздің басты мәселеміз – заңмен белгіленген мәртебесі бар мемлекеттік тіл Қазақ тілінің Қазақстан Республикасының аумағындағы, оның қоғам өмірінің барлық салаларындағы қолданысын қамтамасыз ету болып отыр. Бұл мақсатқа біз үстемдікпен емес, Тілдік қақтығыстарға жол бермейтін мақсатты, сауатты да табанды тіл саясатын жүргізу арқылы ғана қол жеткізе аламыз. Бұл дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат. Әлемде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде өмір сүретін, қызмет ететін бір ғана ел бар, ол – Қазақстан. Ал Қазақстанның мемлекеттік тіл саясатының дұрыс жүргізілуі – бұл елдігіміздің, ұлттық дамуымыздың, болашағымыздың аса маңызды мәселесі. Сондықтан еліміздегі тіл саясатын жүргізудің мына төмендегідей басты мәселелері мемлекеттік тіл қызметін қамтамасыз етудің лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық негіздерін құрайды деп санаймыз.

- Тілдік жағдаят. Елдегі тілдік жағдаят мұқият зерделеніп, оның типі нақты анықталуы керек.

- Тілдік заңнама. Мемлекеттің тілдік заңнамасы да қоғам дамыған сайын қайта сарапталып, уақыт талабына сәйкестендіріліп отыруы. Тілдік заңнама мемлекеттің алдағы (перспективті) уақытта жүргізетін тіл саясатына сәйкес жетілдіріліп, қажеттілігіне қарай толықтырылуға тиіс. Мысалы, Конституцияға өзгеріс енгізу немесе енгізбеу, мемлекеттік тіл туралы арнайы заңның қабылдану қажеттілігі немесе қажетсіздігі жөнінде көтеріліп жүрген мәселелер қазақстандық өмір шындығына сәйкес шешімін тапқанда ғана өміршен, мемлекеттік тілдің дамуын қамтамасыз ете алатын тілдік заңнаманың негізі жасалады.

- Тілдік жоспарлау. Бұл мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асырудың ресми белгіленген Мемлекеттік бағдарламасы, іс-шаралар жоспары және оларды іске асырудың тетіктері.

⁴ Словарь социолингвистических терминов. –Астана, 2008. –392 с.





Қазақстанның тілдік жағдаятының типі нақтыланып, соған сәйкес тілдік заңнамамыз жетілдірілсе, осыларға негізделген тілдік жоспарлау жасалса, заңнама мен жоспардың орындалуын мемлекеттің (заңнамалық, атқарушы, сот билігі) қадағалауы, қамтамасыз етуі ғана қалады. Тіл саясатын кезең-кезеңмен жүзеге асыруда мемлекет өз міндетін ой-дағыдай атқарса, мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық салаларындағы қолданысы кеңіп, тілдің мәртебесіне лайық қызмет ететіндігіне еш күмән келтірмеуге болады.

«Туған тіл»,
- №2 (14), 2010. 14-17 бб.

«Орталықтан орысша хат, аймақтан қазақша жауап»*

2010 жылға дейінгі қабылданған бағдарлама неге толық жүзеге аспағанын айтайын. Бағдарлама басталған алғашқы уақытта «Қызылорда, Атырау тұрғындарының 96-97%-ға жуығы қазақтар, қазақ тілінде іс-қағаздар жүргізуге солар көшсін, ал енді Солтүстік Қазақстанда жағдай басқаша, сондықтан олар соңғы жылдарға қалдырылсын» делінген болатын. Министрліктер де соңғы кезеңдерге қалдырылды. Мысалы, Орталық мемлекеттік орган – Қаржы министрлігінен Қызылордаға хат барады. Бағдарлама бойынша іс-қағаздарын қазақша толтыруға көшпеген министрлік заңға сүйене отырып, хатты ресми тілде жіберуге құқымыз бар дейді. Оған Қызылорда қазақша жауап жазатын болса, онда бір мемлекеттің ішінде отырған, бір мемлекеттік тілі бар елде орталықтан орысша хат келіп, аймақтан қазақша жауап кетеді. Бір-бірін түсінбей жатқан жұрт. Әкесі де, шешесі де, баласы да түрлі-түрлі тілде сөйлесетін отбасы секілді. Сондықтан, жаңа бағдарламада барлық мемлекеттік органдар мемлекеттік тілде ісқағаздарын жүргізуге көшпін қолға алуы керек.

Кез келген мемлекеттік органды барып тексеріңіз, құжаттардың 70-80%-ы мемлекеттік тілде. Негізі олар мемлекеттік тілде дайындалмаған, бар болғаны орысшадан аударылған.

Тағы бір мәселе ғылым кадрлары жайлы. Білімде ғана емес, әсіресе нақты ғылым саласында қазақтілді мамандарды керексініп отырған жайымыз бар.

Үшінші – ақпарат саласы. Қазақ тіліндегі үш телеарнаны неғұрлым тезірек ашсақ және онда танымдық, ғылыми хабарлар мен жедел ақпарат алуға мүмкіндік жасасақ, ақпараттық кеңістігіміздің де бір жыртығын бүтіндейміз.

«Қазақ әдебиеті»,
22.01.2010. – №3 (3167).

* 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламаны талқылауға арналған жиында сөйленген сөз.



Ахуал ашық айтылған

Біз – тіл саясатын жүзеге асыруда перспективтілік (қалыптасқан тілдік жағдаятты өзгерту бағытын ұстану), демократиялық (елдегі бүкіл халықтың мүддесін есепке алу бағытын ұстану) бағытын ұстанып отырған елміз. Еліміздегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына елеулі қауіп-қатер әкелуі мүмкін қоғамдағы мемлекеттік тілді меңгерудің әр-келкі деңгейі, елдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне мемлекеттік тілдің жеткіліксіз енгізілуі, Қазақстандық қоғамда тіл мәдениетінің төмендеуі, Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын сақтау және нығайту қажеттігі сияқты кейбір проблемалық аспектілердің туындау мүмкіндігі де ескерусіз қалмаған. Бұл – біздің қоғамымыздың шындығы, оны жасырып-жабудың қажеті жоқ. Ондай мәселелерді ашық көрсетіп, оларды дұрыс шешу маңызды.

Бағдарламаның басты бағыты ретінде Үздіксіз білім беру моделі арқылы қазақ тілін оқыту жүйесі қарастырылған.

Қазір мемлекеттік тілді үйрететін көптеген орталықтар ашылды. Алайда олардың көпшілігінің басшылары – тіл мамандары, әдіскер ғалымдар мен білікті оқытушылар емес, басқа саланың мамандары. Олар өздері жұмысқа алып жатқан мамандарының кәсіби деңгейін, шығарып жатқан оқулықтары мен оқу құралдарының, оқыту бағдарламаларының сапасын бағалауға құзыретті емес. Бұл кемшілікті жоймасак, бір орталықтан үйлестіріп, тілді үйретуде нәтижеге қол жеткізудің орнына оның беделіне нұқсан келтіреміз.

Тағы бір ерекше назар аударуға тиіс жайт – қазақтілді ғылыми кадрлар даярлау мәселесі. Соңғы он-он бес жыл көлемінде техника, медицина сияқты ғылым салалары бойынша қазақ тілінде қорғалған диссертациялар 7-8 пайыздан аспайды. Ал физика-математика ғылымдары бойынша 2006-2008 жылдар аралығында бірде-бір диссертация қорғалмаған. Сонда жоғары оқу орындарында бұл салалардың қазақтілді мамандарын кім дайындайды, оқулықтарын кім жазып, дәрістерді кім оқиды? Сондықтан бұл мәселелер де бағдарламадан көрініс табуға тиіс.

*«Астана ақшамы»,
27.07.2010. – №80 (2546),*

Қазақ тілінің Қазақ елінің мемлекеттік тілі мәртебесіне ие болғанына да жиырма жыл толып отыр. Осы мерзім ішінде мемлекеттік тілдің қоғам өмірінде заңды мәртебесіне сәйкес қызмет етуін қамтамасыз ету бағытында атқарылған істер де аз емес. Тіліміздің жағдайы 90-жылдардағы қалпында қалды деуге болмайды. Тіл тәуелсіздігіне толық қол



жеткізбегенімізбен, мысықтабандап болса да, бірнеше қадам алға басқанымыз анық. Оны өміріміздің әр саласынан аңғаруға болады. Қазақ мектептерінің, жоғары оқу орындарының қазақ бөлімдерінің, қазақ кітаптары мен газет-журналдарының саны артты. Жарым-жартылай болса да, министрліктер мен облыстар, өзге де бірқатар орталық мемлекеттік органдар ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшті. Сонымен қатар тіліміздің тұғырын нығайта түсу жолында бітіре алмаған шаруаларымыз, атқара алмаған істеріміз де жетіп артылады. Жиырма жыл мерзімді тіліміздің қолданысын қалыптастырудың бір кезеңі ретінде қарап, осы уақыт ішіндегі жеткен жетістіктеріміз бен кеткен кемшіліктерімізді саралап алған өте орынды. Онсыз ертеңгі тірлігімізді жоспарлаудың негізі әлсіз болатыны, кетпеннің басын қайта-қайта басатын адамдай, кешегі кемшіліктерімізді ертең тағы қайталайтынымыз да түсінікті. Алайда, дәл тіл мәселесінде бізге қазір өткен жиырма жылда бітірген ірілі-ұсақты істерімізді санамалап, бөркімізді аспанға атуға, жетістіктерден басымыз айналып, бір-бірімізге мадақ айтуға тым ертерек деп ойлаймыз.

Ал орын алған кейбір кемшіліктеріміз ретінде нені айтуға болады дегенде, зиялылар сөз етіп жүрген мәселелердің арасынан мыналарды атаудың қисыны бар деп санауға болады. Мәселен, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары, 90-жылдардың басында бүкіл қазақстандықтардың қазақ тілін үйренуге, мемлекеттік тілді меңгеруге деген ерекше құлшынысы болды. Тәуелсіз елдің тілін меңгеру міндет деген түсінік қоғамда айқын сезіліп тұрды. Мемлекеттік тілдің түрлі мәселелерін шешуге бағытталған жұмыстардың қарқыны айрықша еді. Көп ұзамай біз сол қарқынды бәсеңсітіп, қазақ тілінің қолданысын қамтамасыз етуге қолайлы кезеңді, қоғамның көңіл-күйін, мейлінше тиімді пайдаланып, істің екпінін жоғалтпай жалғап кете алмадық. Оның объективтік те, субъективтік те себептері бар екені сөзсіз. Бірақ солай болды. 90-жылдардың ортасынан бастап, 2000-жылдардың ортасына дейінгі он жылға жуық уақыт тіл саласындағы тірліктің саябырлап қалған кезеңіне айналды. Балабақшалардың азайып, қазақ мектептеріне жаппай ауысу үрдісінің тоқталып, тіпті кейбір жағдайда кері үдеріс байқалып қалуы да осы кезеңнің еншісіне тиеді. Рас, кейінгі 6-7 жыл көлемінде қазақ қауымы, ұлт зиялылары мемлекеттік тілдің шешімін таппаған мәселелерін қайтадан белсенді де, батылырақ сөз ете бастады. Бұл – қуанарлық құбылыс. Бірақ аталған он жылға жуық уақыттағы бәсеңсу бүгінге дейін шешімін табуға тиіс бірқатар тірліктеріміздің ертеңге ысырылып қалуына апарды. Сондай-ақ мемлекеттік құрылымдардың ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшу кестесін белгілеу, мемлекеттік қызметке қабылдау, Банк жүйесі мен қаржы-экономика саласындағы, ұлттық компаниялардағы мемлекеттік тілдің қолданысын қадағалау мен оны енгізу, мектепте, жоғары оқу орындарында оқитындар мен мекемелерде қызмет ететін өзге тілді





отандастарымызды оқытудың әдістемесін жетілдіру мен оларды оқыту оқулықтармен қамтамасыз ету мәселесінде де орын алып отырған елеулі кемшіліктер бүгінге дейін түзелмей отыр. Мұндай мәселелерді тізбелей берсек, олардың осы аталғандармен шектелмейтіні де белгілі. Мәселе алдағы уақытта тіл саясатын, мемлекеттік тілдің қолданысын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларымызды сауатты да, жүйелі жүргізе білуімізде. Біз осы әңгімемізді соған бір мысқал да болса, септігі тиіп, алда аталған мәселелерге мән берілсе деген ниетпен айтып отырмыз.

Бір нәрсенің басы ашық. Ол – жиырма жыл ішінде қазақ тілін республика халқының басын біріктіруші ортақ тіл, қоғам өмірінің барлық саласында еркін қолданылатын ғылым-білім, экономика мен саясат, ел басқару мен заң шығару тілі, бір сөзбен айтқанда, Қазақ елінің іс жүзіндегі мемлекеттік тілі ретінде қалыптастыра алмағанымыз. Заң жүзінде, яғни еліміздің Ата заңы бойынша қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Ал шынайы өмірде ол сол заңмен белгіленген мәртебесіне сай қызмет етіп отырған жоқ. Бүгінгі өміріміздің шындығы ретінде мұны ашып айтпаққа болмайды. Сондықтан бізге азды-көпті атқарылған істерімізді көңілге медеу етіп, арқаны кеңге салуға әлі тым ерте. Қазақ тілінің толық мағынасындағы мемлекеттік тіл ретіндегі қызметін қамтамасыз ету қазақ қоғамының алдындағы басты мақсат, сөзсіз атқарылуға тиісті міндет болып қала бермек. Бұл орайда бізді әлі қыруар шаруалар күтіп тұр. Біле-білсек, Қазақ тілін еліміздің шын мәніндегі мемлекеттік тілі, барша қазақстандықтардың құрметтейтін, білетін, қоғам өмірінің барлық саласында жаппай қолданатын тілі деңгейіне көтеру – елдігіміздің іргетасын бекітіп, ұлтымыздың айбары мен абыройын асыру жолындағы үлкен мүддеміз. Осы мүдде жолында іргелі істер де, күш-жігер де, табанды күрес те керек екенін терең түсініп, әркім жеке де, жұрт болып жұмылып та, әлі қажырлы еңбек етуіміз қажет. Олай ете алмасақ, өзге мүддені көздегендердің көгенінен шыға алмай, өз елімізде өзге тілдердің үстемдігіне жол беріп отыра беретін жұртқа айналамыз. Оған жол беруге еш хақымыз жоқ екенін әрқайсымыз, басшымыз да, қосшымыз да жан-жүрегімізбен терең сезінсек екен. Сонда ісіміздің ілгері басып, Қазақ елінде қазақ тілі толық салтанат құратын күнге жететінімізге күмәнданбауға болады.

2011 жыл. №.-бб.



Мемлекеттік тілді Қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айналдыру – басты мақсат

*«Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры,
жұмсайтын қаруының бірі»
А.Байтұрсынов*

Елімізде жүргізіліп отырған тіл саясаты – ел саясатының негізгі құрамдас бөлігі. Осыған орай мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған ауқымды шаралар белгіленіп, сол бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту – тек бір ғана тілге байланысты шаралардың жиынтығы емес, ол жалпы ұлттық келбетімізді қалыптастыруға қатысты өріс алатын іргелі бағыт.

Еліміз тіл саясатына ерекше көңіл бөліп, оны әрі қарай дамыту бағдарламасын кезең-кезеңмен қабылдап келеді.

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасын іске асырудың өткен он жылдық кезеңінде белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді.

Осы аралықта қандай жетістікке қол жеткізілді дегенге тоқталсақ, мемлекеттік органдардағы құжат айналымының 80%-ға артуын, мемлекеттік тілді оқытудың инфрақұрылымының елеулі түрде кеңеюін, мемлекеттік тілді оқыту орталықтарының көбеюін және мемлекеттік тілді оқытудың әдістемелік базасының қалыптасуын айтпай кетуге болмас. Оған қоса мемлекеттік тілді меңгеру үдерісіне жаңа ақпараттық технологияларды енгізу мақсатында интернет-портал құрылды, қазақ тіліндегі хабарлардың көлемі, баспасөздегі мемлекеттік тілдің үлесі 50%-дан асты. Мұның бәрі осы бағдарлама шеңберінде атқарылған іс-шаралардың жемісі.

Қоғамдағы тіл саясатына, тілдерді дамыту мәселелеріне деген көзқарастың өзгеруі ерекше атап өтуге тұрарлық мәселе. Елімізді мекендеген қай ұлттың өкілі болсын Қазақстан Республикасы азаматы ретінде мемлекеттің жүргізіп отырған саясатын қолдауының нәтижесінде елімізде тұрақтылық пен ынтымақтастық сақталуда.

ҚР Президентінің «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» атты биылғы жылғы халыққа Жолдауында: «Қазақстандықтардың өзіміз өмір сүріп, елімізді жақсылықтарға бастап бара жатқан туған жерге атауын берген мемлекеттік қазақ тілін құрметтеп және лайықты оқып-үйрене бастағандығын атап өтудің өзі қуанышты. Бүгінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген ересек тұрғындардың үлесі басым бөлікті құрайды. Бұл – Тәуелсіздіктің орасан зор жетістігі» деп атап өткені осыған дәлел.

Жалпы, тіл мәселелері оп-оңай шешіле салмайды. Тіл саясаты қоғамдағы әр түрлі факторларды есепке ала отырып жүргізіледі. Сондықтан Тәуелсіз Қазақстанда оңтайлы әлеуметтік-лингвистикалық кеңістік құруға арналған шаруалар, тіл саясатын кезең-кезеңмен іске асыруды жолға қойды. Қоғамдық өмір дамуының сатыларына сәйкес бірнеше мерзімге арналған маңызды құжаттар әзірленді. Мұның бәрі де сол кездегі елдегі тілдік ортаны, тілдік ахуалды ескере отырып жасалды. Әр тұста белгілі бір бағыттарға басымдық берілді.

Алайда, бұл бағытта шешілмеген көптеген мәселелер бар. Олардың қатарына қоғамдағы мемлекеттік тілді меңгерудің әркерлі деңгейін, елдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіне мемлекеттік тілдің жеткіліксіз енгізілуін, еліміздегі тіл мәдениетінің төмендеуін және Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын сақтау қажеттігін жатқызуға болады.

Осы ретте қоғамдағы мемлекеттік тілді меңгеру деңгейінің әркерлі болуын мемлекеттік тілді оқытудың бірыңғай әдіснамасы мен стандарттардың жоқтығымен, қазақ тілін оқыту инфрақұрылымы қызметінің бірыңғай стандарттарының болмауымен, мемлекеттік тілді меңгеру үдерісін ынталандыру жұмыстарының аздығымен тікелей байланыстырамыз.

Халықаралық коммуникациялар, демалу мен ойын-сауық, халыққа қызмет көрсету орталықтарында мемлекеттік тіл жеткіліксіз қолданылып келеді. Тіліміз заң, ғылым және жаңа технологиялардың тілі ретінде әлі де болса белсенділік таныта алмай отыр.

Міне, осы мәселелерді алдағы уақытта жүйелі шешу мақсатында елімізде қалыптасқан тілдік ахуалға талдау жасалып, Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Жаңа Бағдарлама республикамыздағы жетекші заңгерлердің, тіл саясаты бойынша тәжірибе жинақтаған сарапшылардың, тіл мамандары мен зиялы қауым өкілдерінің пікірлері мен ұсыныстары негізінде әзірленді. Сондай-ақ, бағдарлама жобасын әзірлеу барысында 30-дан астам шетелдің мемлекеттік тіл саясатының құқықтық реттеу тәжірибесі зерделенді.

Бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекеттік қызмет және қоғамдық саяси, әлеуметтік саланың барлығында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажетіне айналдыру.

Онда көзделген барлық іс-шаралар ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді дамыту басымдығына негізделген және республикамыздағы азаматтардың рухани-мәдени және тілдік сұраныстарын толықтай қанағаттандыруға арналған. Сонымен



қатар, бұл құжат тілдерді қолдану мен дамыту саласындағы өзекті мәселелерді шешудің нормативтік ұйымдастырушылық негізі болып табылады. Мемлекеттік тілді оқытудың әдістемесін жетілдіру, стандарттау, оны оқытудың инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ, оны тек қана мемлекеттік қызметте емес, барлық қызмет аясына енгізуге басымдық беріледі. Мемлекеттік тілді оқытатын орталықтардың жұмысын бір жүйеге келтіріп, ондағы тіл үйретуші оқытушыларды аттестаттау жүйесі мен қазақ тілін оқыту орталықтарының аккредиттелген желісін құру да назардан тыс қалмайды. Сонымен қатар білім беру қызметтерін міндетті стандарттау мен сынақ-біліктілік орталықтарының желісін құру – кезек күттірмес маңызды істер.

Аталған бағдарламаны үш кезеңде жүзеге асыру көзделген. Бірінші кезеңде (2011-2013 жж.) қажетті нормативтік-құқықтық базаны, оның ішінде «Мемлекеттік тіл туралы» Заңның жобасын әзірлеу және мемлекеттік тілді меңгеру мәселесі бойынша міндетті талаптар қойылатын мамандықтардың тізбесін енгізу және бағдарламаны жүзеге асыруды қолға алу болжанып отыр.

Екінші кезең (2014-2016 жж.) Бағдарламаның барлық бағыттары бойынша алға қойылған міндеттерді іс жүзінде іске асыруды – ұйымдастырушылық және әдіснамалық жұмыс кешенін ұйымдастыруды көздейді.

Үшінші кезеңде (2017-2020 жж.) іс-шаралар тиімділігінің жүйелі мониторингі мен бағдарлама индикаторларын бақылау арқылы қол жеткен нәтижелерді мемлекет өмірінің барлық саласына берік орнықтыру жүзеге асырылады.

Бағдарламаның алға қойған мақсаттарын нақтылау үшін ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 29 шілдедегі № 878 қаулысымен Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2011-2013 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.

Аталған екі маңызды құжат аясында Тіл комитеті бірқатар жұмыстарды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Біріншіден, мемлекеттік тілді дамытуға қатысты заңнаманы жетілдіру қолға алынды.

Екіншіден, мемлекеттік тілді үйрету стандарттар технологиясы әзірленіп, әдістеме базасы нығайтылады.

Үшіншіден, мемлекеттік тілдің мәртебесіне қатысты қоғамдық саны арттыратын жобалар жүзеге асырылады. Бағдарламаны жүзеге асырудың бірінші кезеңінде тілдерді дамытуға қатысты заңнаманы қабылдаумен қатар, ономастика, терминология саласындағы жұмыстар бірыңғайланатын болады.

Осы міндеттерді орындау мақсатында «Қазақстан Республикасының тіл саясаты мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгеріс-





тер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын жетілдіру жөніндегі жұмыс тобы өз отырыстарында Тілдер туралы қолданыстағы заңнаманың 23-бабын қарастырған болатын. Міндетті түрде мемлекеттік тілді білуді талап ететін қызметтер, санаттар мен мамандықтар тізбесіне қатысты бұқаралық ақпарат құралдары мен көпшілік тарапынан біраз пікірлер айтылды. Мұнда негізінен азаматтарға қызмет көрсету үшін бекітілген мамандықтар бойынша мемлекеттік тілді ең төменгі, қажетті деңгейде игеру туралы мәселе көтерілді. Негізінен ондай талап үш санатқа қатысты қарастырылады. Бұлар: мемлекеттік қызметшілер, ұлттық компания қызметкерлері және құқық қорғау, әскери қызмет, сот приставтары секілді санатқа жататындар. Яғни, бұлар негізінен өз жұмыстары барысында азаматтармен күнделікті байланысып тұратын санаттағы топтар болып табылады. Қазіргі уақытта заңның осы бабын жетілдіру мақсатындағы жұмыстар атқарылуда.

Сондай-ақ, Мәдениет министрлігі 2011-2020 жылдарға арналған Тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі қоғамдық кеңес құру бастамасын көтеріп отыр. Мұнда тіл мәселесі диалог алаңына айналады. «Мұндай диалогтық алаңды құрудың қажеттілігі неде?, Жалпы қоғамдық кеңеске кімдер тартылады?» деген сұрақтардың туындауы әбден мүмкін. Қоғамдық кеңес қоғамдық бірлестіктер, мәдениет және өнер қайраткерлері, саяси партиялар және барлық қазақстандықтар үшін нағыз демократиялық алаң болғалы тұр. Тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді тетіктерін Тіл туралы заңды жетілдіруде, осы мақсатты жүзеге асыруда халықаралық тәжірибеге сүйенуге қоғамдық кеңес барынша көңіл аударуы керек.

Бір жағынан қоғамдық кеңес аталған бағдарламаны жүзеге асыруға бөлінген қаржыны тиімді пайдалануға, мақсатты жұмсауға бақылау жасайтын болады. Осы қоғамдық кеңестің міндеттерінің бірі – тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасын тиімді іске асыру тетіктерін және заңды жетілдіру жолдарын жасау, қоғамдық пікір үшін диалогтық алаң құру.

Қоғамдық кеңес тіл заңнамасын жетілдіруге және тіл төңірегіндегі барлық бағыттарға байланысты ұсынымдар да әзірлейтін болады.

Бағдарлама шеңберінде тағы бір баса назар аударылып отырған мәселе – мемлекеттік тілді оқытудың әдіснамасын жетілдіру және стандарттау. Бұл ретте мемлекеттік тілде оқытудың стандарт-технологияларын әзірлеп, енгізудің маңызы зор. Елімізде 101 тіл үйрету орталығы қызмет етсе, олардың әрқайсысының мемлекеттік тілді үйретуге қатысты өзіндік әдістемелері бар. Осы орталықтар жұмысын бірізге түсіру мақсатында комитет «ҚазТест» ұлттық тестілеу орталығымен мемлекеттік тілді оқытудың бірегей стандарт-технологиясын әзірлеу бойынша





келісімшарт жасады. Халықаралық талаптарға сәйкес, қазақ тілін білудің 5 деңгейі анықталады: қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары, жоғары. Жалпы ҚазТест жүйесін жасау халықаралық тілді білу деңгейін анықтау жүйелерінің принциптеріне негізделген.

Бұған қоса, қоғамдық санада мемлекеттік тілдің оң имиджін қалыптастыру мақсатында 2 үлкен тележоба түсірілуде. Мұның бірі реалити-шоу болса, екіншісі, мемлекеттік тілді меңгертудің телебағдарламасы болады.

Сонымен қатар тіл мәселесіне қатысты креативті шешімдер орталығын құру идеясы да қолға алынуда. Онда мемлекеттік тілді дамытумен қоса, басқа тілдерді оқыту жұмыстарын жүзеге асыру, тілдің мәртебесін арттырумен байланысты жобалар, телевизиялық хабарлар, фильмдердің сценарийлері, әдістемелер, қолжазбалар мен баспа өнімдері, сондай-ақ инновациялық және ақпараттық-технологиялық дүниелер қолдау табатын болады.

*«Тіл және қоғам» журналы.
– № 1(25), 2011. – 27-32-беттер.*

Ел тәуелсіздігі және тіл тәуелсіздігі

Биыл еліміздің тәуелсіздігін жариялағанына 20 жыл толғалы отыр. Ел тәуелсіз болмай, тіл қалай тәуелсіз болсын?! Егемен ел болып, тәуелсіздігімізді жариялауымыздың арқасында қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін иеленіп, оның осы биік мәртебесі Ата заңымыздан көрініс тапты. Тәуелсіз елдің іргетасын нығайтып, оның терезесін өзгелермен тең ету бүкіл ел азаматтары тарапынан қандай қажыр-қайратты қажет етсе, мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласындағы қызметін қамтамасыз ету де сондай күш-жігерді, табанды да жүйелі түрде жүргізілген жұмыстарды талап ететінін өткен жиырма жыл уақыт анық көрсетіп отыр. Тәуелсіздіктің жиырма жылы – ел өміріндегі елеулі белес. Қазақ тіліне заң жүзінде мемлекеттік тіл мәртебесі берілгенмен, осы жиырма жыл ішінде оны шын мәніндегі мемлекеттік тіл деңгейіне көтере алдық па? Бұл бағыттағы атқарған істеріміздің нәтижесі қандай? Не бітірдік, неге қол жеткізе алмадық? деген сұрақтар жауабын күтіп тұр. Осы сұрақтарға жауап бере отырып, біз алда атқарылуға тиісті істерімізді қай бағытта жүргізуіміз, қай мәселеге баса назар аудару керектігін де анықтау мүмкіндігіне ие бола аламыз. Әрине, бұл сұрақтардың жауабы нақты мәліметтерге негізделген, елдегі тілдік жағдаятты кешенді түрде талдаған әлеуметтік-лингвистикалық зерттеу негізінде ғана берілімек. Ондай кешенді зерттеу нәтижелері болмай отырғандықтан, біз өз мақаламызда қолда бар мәліметтеріміз негізінде ғана пайымдау жасамақпыз.



Мемлекеттік тілдің негізін берік қалау балабақша мен мектептен басталады. Балабақша мен мектепте қазақ тілін жақсы оқытып, еркін меңгертіп шықпай, мемлекеттік тілдің әлеуметтік-лингвистикалық іргетасын нығайту мүмкін болмайды. Бұл бағыттағы атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесі қандай десек, төмендегі мәліметтерге назар аударуға тура келеді. Қазір Республикамызда барлығы 2261 балабақша болса, соның – 1178-і қазақ тілінде тәрбие мен білім береді екен. 2001 жылмен салыстырғанда қазақ тілінде тәрбие беретін балабақшалар саны 876-ға артқан. Елімізде 2001 жылы – 302, 2002 жылы – 315, 2003 жылы – 323, 2004 жылы – 335, 2005 жылы – 395, 2006 жылы – 420, 2007 жылы – 487, 2008 жылы – 703, 2009 жылы – 831, 2010 жылы – 1178 қазақ балабақшалары жұмыс істей бастаған. Соңғы он жыл көлемінде қазақ балабақшалары санының өсу үрдісі анық байқалады. Әсіресе, кейінгі бес жыл көлемінде қазақ тілінде тәрбие беретін балабақшалар саны біршама қарқынды түрде арта бастаған. Енді осы үрдісті үздіксіз жалғастыра беру өте маңызды. Егер алдағы әр жылда осы қарқын бәсеңдемей, қазақ тілінде тәрбие беретін мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері соңғы үш жылдағыдай жылдан-жылға өсіп отыратын болса, онда алдағы он жылда олардың саны 4 мыңның ар жақ бер жағында болады екен. Бұл қазақ балабақшаларының саны шамамен қазіргі елдегі барлық балабақшалардың санынан екі есе көп болады деген сөз. Жалпы бұл іс стихиялы түрде жүргізілмей, Қазақстан Үкіметінің қатаң қадағалауында болып, еліміздегі мектеп жасына дейінгі балалар санына сәйкес жоспарлы түрде жүзеге асуға тиісті мемлекеттік маңызы зор мәселе деп білеміз. Қазақстан азаматтары балаларының қазақ тілінде тәрбие мен білім беретін балабақшаларға баруы – бұл мемлекеттік тіл саясатын жүргізудің бірінші әрі негізгі баспалдағы екендігін есімізден еш шығаруға болмайды.

Біздің қолымызда 1990 жылдарға дейінгі және 1991-2001 жылдар аралығындағы еліміздегі балабақшалар саны жөнінде нақты мәліметтер болмай отырғандықтан, ол кезеңмен салыстыру мүмкіндігіне ие бола алмадық. Ондай нақты мәліметтерді ҚР Білім және ғылым министрлігінің тиісті департаменті бере алса керек. Осыдан бірер жыл бұрын М.Шаханов балабақша мәселесін көтергенде, бірқатар салыстырмалы деректер келтіргені есімізде. Аталған кезеңге қатысты кейбір мәліметтерді тіл жанашырының мәлімдемелері мен мақалаларынан да қарауға болады.

Мемлекеттік тіл мерейінің өсуі балабақшадан кейін орта білім беретін мектептерге тікелей байланысты. Өз елінің мемлекеттік тілін еркін меңгерген отаншыл азаматтар дәл осы орта мектепте тәрбиеленіп, қалыптасуға тиіс. Біздегі мектеп оқулықтарының мазмұны мен қазақ тілін оқытудың сапасы арнайы зерттеп, мұқият талдауды қажет ететін өте маңызды мәселенің бірі. Он бір жыл Қазақстанның мектебінде оқып, қазақ тілі пәнінен емтихан тапсыратын бітірушілердің арасында қазақша өз өмірбая-



нын айта алмай жататындардың аз кездеспейтіндігі алаңдатарлық жайт екендігін айтпасақ болмайды. Әрине, «сан болмай, сапа болмайды» дейтін қағидат тұрғысынан келсек, тәуелсіздік кезеңінде қазақ мектептері санының едәуір артуын да елеулі жетістік деп таныған абзал. Тіл саясатын жүргізуге құзыретті мемлекеттік мекемелердің мәліметтеріне сүйенсек, жалпы білім беру жүйесінде республика бойынша білім беретін 7516 мектептің ішіндегі қазіргі таңда қазақ тілінде білім беретін мектептер саны – 3821 екен. Олар бұл көрсеткіштің 2001 жылмен салыстырғанда 173-ке артқанын айтады. Кенестік кезеңде Алматы мен облыс орталықтарындағы, көптеген аудандардағы қазақ мектептерінің саны саусақпен санарлық еді. Онымен салыстырғанда қазіргі жағдайдың әлдеқайда жақсарғанын жоғарыдағы мектептер санынан-ақ аңғаруға болады. Бірақ алда әлі қазақша білім беретін мектеп санын да, соған сәйкес онда оқитын оқушылар санын да едәуір арттыру керек екендігіміз дау тудырмайды. Жалпы қазақ баласы жаппай қазақ тілінде, қазақ мектептерінде оқитын күнге жетпей, қазақтың болашағы үшін, қазақ тілінің болашағы үшін бар мүмкіндігімізді пайдаланып отырмыз деп айтуға болмайды. Қазірдің өзінде қазақ мектептерінде оқып жатқан өзге ұлт өкілдерінің ұл-қыздары да бар. Олардың санының да ерікті түрде жылдан-жылға арта беруі – біздің елдігімізді көрсететін, отандастарымыздың өз еліне, мемлекет құраушы ұлтқа деген құрмет сезімі мен осы елдің болашағына деген сенімін айғақтайтын фактор. Өз мемлекетінде мемлекеттік тілінде сөйлеп, қызмет ету қай ұлттың өкілі екендігіне қарамастан әр азаматтың міндеті саналуы керек. Ал мұндай тәрбие мен білімнің негізін қалайтын орта мектеп екендігі сөзсіз. Сондықтан да бұл бағыттағы атқарылатын шаруамыз қыруар екендігін бағамдау қиын болмас.

Арнаулы орта білім беру мен жоғары оқу орындарының да мемлекеттік тілдің дамуына, оның қоғам өмірінің барлық саласындағы қолданысының қамтамасыз етілуіне қосар үлесі өте үлкен. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанда көптеген колледждер мен жаңа университеттер, институттар ашылды. Олардың қазақ бөлімдерінде мыңдаған студенттер білім алып шықты, бүгін де білім алып жатыр. 90-жылдарға дейін жоғары оқу орындарының көпшілігінде, әсіресе, техникалық, әскери оқу орындарының көпшілігінде қазақ бөлімдері болмайтын. Бұл жағдай 90-жылдардан кейін күрт өзгерді. Қазір жоғары оқу орындарының барлығында дерлік қазақ бөлімдері бар. Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Қазір елімізде түрлі мамандықтар бойынша мыңдаған қазақтілді мамандар дайындалып жатыр. Осындай мамандар көптеп дайындалған сайын болашақтағы сан түрлі салалардағы қазақ тілінің қолданысын қамтамасыз етудің негізі де қалана береді деген сөз.

Қазақ тілінің ғылым саласындағы қолданысының жай-күйі қандай деңгейде екендігіне де ерекше мән бермей болмайды. Тәуелсіздігіміздің



20 жылында қазақ тілінің ғылым саласындағы қолданысында да бірқатар ілгерілеушіліктер болуымен қатар, әлі шешімін таппаған мәселелер де аз емес. Қазақ тілінің ғылым саласындағы қолданысының жекелеген қырларына ғана тоқталғанның өзінде бұл бағытта атқарылатын істердің өте ауқымды екендігін аңғаруға болады.

Ғылымның қазақша сөйлеуі бұл білім беру ісіндегі қазақ тілінің қызметінің орнығуымен тығыз байланысты шешімін табатын мәселе. Жоғары білім алып, қазақ тілін жетік меңгерген мамандар ғылымды да қазақ тілінде игеріп, қазақша сөйлетіп, ұлттық ғылым тілін дамыта алады. Қазақша білім алмаған маманның қазақ тілінде ғылыми мақала, монография жазып, ғылыми конференциялар мен семинарларда баяндама жасап тілдің ғылым саласындағы өрісін кеңейте алмасы анық.

Тілдің ғылым мен білім беру салаларындағы қолданысын қалыптастырудың аса маңызды мәселесі – оның ғылыми ақпарат алу құралына айналуы. Ол үшін алдымен, қазақ тілінде жинақталған мол ғылыми ақпарат болуы қажет. Ондай ғылыми ақпараттар түрлі ғылым салалары бойынша монографиялар мен ғылыми мақалалар, ғылыми жинақтар, ғылыми журналдар шығарылып, олар қазіргі заман талабына сай жабдықталған ғылыми кітапханаларда шоғырландырылса, қазақ тіліндегі ғылыми ақпараттар қоры жасалады. Осы қорды бүгінгі технологиялар, интернет желісі, электронды жеткізгіштер арқылы пайдалануға мүмкіндік туғызу арқылы біз қазақ тіліндегі отандық ғылыми кеңістікті қалыптастырып, оның көкжиегінің кеңеюіне де жол аша аламыз. Өкінішке қарай, гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша болмаса, нақты ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдарының бірқатар салалары бойынша ғылыми монографиялар, салалық ғылыми және ғылыми-танымдық журналдар жағы бізде әлі кемшін.

Екінші бір мәселе қазақ тілінің ғылыми коммуникация құралы ретінде қызмет етуі. Қазақ тілі ғалымдардың ғылыми қарым-қатынас жасайтын, ғылыми ақпарат алмасатын тіліне, кәсіби тілдесім құралына айналуы үшін жоғарыда айтқан ғылыми ақпарат қоры болуымен қатар, сол ақпараттарды бір-біріне жеткізе алуға қабілетті, ғылым тілін, оның терминдер қорын меңгерген ғылыми қауымның өзі қалыптасуы шарт. Ғылыми коммуникацияның жүзеге асуына қызмет еткен тіл қоғамның ғылыми санасын көтеретін, тіл иесі болып табылатын халықтың және сол тілді тұтынушылардың да интеллектуалдық деңгейін көтеретін, қуатты қатынас құралына да айналады. Қоғамдық сананы көтеруде, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда ғылыми сананың атқаратын рөлі айрықша.

SCIENCE (Ғылым) арнасы сияқты телеарна ашу біраз дайындықты қажет ететін болашақтың ісі болар, ал қазақ тіліндегі сапалы, мазмұнды арнаулы бағдарламалар ашуға қазірдің өзінде-ақ қажеттілік те, мүм-

кіндік те бар. Соған қарамастан, қажеттілікті өтеуге бағытталған нақты істер көңіл көншітерліктей емес.

Біздің бүгінгі ғылыми қауым арасынан «қазақ тілі ғылымды игеруге қауқары жетпейтін, күрделі ғылыми ұғымдарды бере алмайтын, ғылыми терминдерді жасауға бейімі жоқ тіл» дейтін кейбір ғалымдар ұшырасып қалады. Енді біреулері пікірлерін ашық айтпағанмен, солай ойлайтынын сезіп тұрасың. Осының бәрі тілдік тұлғаның санасында өзге тілдің моделі орныққанын көрсетеді. Ғылыми шығармашылығында қазақ тілін пайдаланбағандықтан ол туралы жаңсақ, үстірт немесе тіпті оған үстемдікпен, жат мәдениет өкілінің көзімен қарайтын ғалымның ұлттық ғылым тілінің дамуына үлес қоса қоюы қиын. Ал қазақ тілінде күрделі ғылыми ұғымдардың атауын жасау қиын немесе ол ондай ұғым бұрын бізде болмағандықтан, олардың атауларын да өзге тілдерден алған орынды деген пікірдің негізі жоқ. Бұл мәселенің мәнісін түсінбей, тілдің міндетін білмей айтылған үстірт пікір.

Қазақ тілін жетік білетін ғылыми кадрларды даярлау аса маңызды мәселе. Соңғы 15 жылдай мерзім ішінде қазақша қорғалған кандидаттық, докторлық диссертациялардың саны біршама өскен. Ғылыми кадр дайындауда ілгерілеушілік бар. Мәселен, 1997 жылы қорғалған барлық диссертациялардың 4 пайызын қазақша жазылған диссертациялар құраса, 2001 жылы – 15%, 2007 жылы – 24 %, 2008 жылы – 25 %-ды ал өткен 2009 жылы – 26,2 пайызды құраған. Қазақтілді ғылыми кадрларды даярлауда алға басушылық бар дегенмен, филология, педагогика, ветеринария сияқты жекелеген салаларда болмаса, жалпы алғанда тәуелсіздіктің 20 жылдығында қазақша жазылған диссертациялар 50 пайызға да жете алмай отыр. Олардың ішінде гуманитарлық ғылымдар бойынша қорғалған диссертациялар басымдық танытып, 73%-ды құрайды. Медицина және техника ғылымдары бойынша қазақ тіліндегі диссертациялар ең аз қорғалған. Олар 7, 8 пайыздан аспай отыр. Яғни техника мен медицина салалары қазақша сөйлеуге, салалық кәсіби тілін дамытуға асықпай отыр деген сөз. 2006-2008 жылдары қазақ тілінде физика-математика ғылымдары бойынша бірде-бір диссертация қорғалмаған. Ғылымды қазақша сөйлетеміз, қазақтың ғылым тілін жетілдіреміз десек, ғылымның барлық саласында қазақтілді ғылыми кадрларды даярлауға көңіл бөлу керек. Әсіресе, нақты ғылымдар мен жаратылыстану салаларындағы қазақ тілінің жағдайы мәз емес. Сондықтан алдағы уақытта бұл бағытта мақсатты, жоспарлы жұмыстар жүргізілуге тиіс.

Қазақ тілінің мемлекетті басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу салаларындағы қолданысы осы тілге мемлекеттік мәртебе берген елдің бет-бейнесін көрсетеді. Бұл салаларда да біршама жетістіктерге қол жеткізгенімізбен, әлі де шешімін таппаған мәселелер жеткілікті.



Өткен жиырма жылда мемлекеттік органдарда ісқағаздарын мемлекеттік тілге көшіру жұмыстары кезең-кезеңмен іске асырылды. 2010 жылы барлық мемлекеттік органдар ісқағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге көшті. Құзырлы органның берген ресми мәліметтеріне сүйенсек, 2006 жылы мемлекеттік тілдегі құжаттардың үлес салмағы 32,7%-ды құраса, 2007 жылы – 51,8%; 2008 жылы – 54,3 %; 2009 жылы – 67,2%; 2010 жылы – 80% болған. Цифрларға сенсек, жетістігіміз жаман емес. Ал іс жүзінде мемлекеттік органдардағы қазақ тілінің шынайы қолданысы дәл осы цифрларға сәйкес келіп тұрмағаны кез келген сауатты азаматқа белгілі болса керек. Лауазымды басшылардың, министрлер мен әкімдердің көпшілігі өз саласын, өз облысын мемлекеттік тілде басқарып, депутаттар мәжілістерін мемлекеттік тілде өткізіп, соттар мемлекеттік тілде іс жүргізіп жатыр десек, бүгінгі өмір шындығынан едәуір алшақтап кеткен болар едік. Тәуелсіздік тұсында атқарылған істерімізді айта отырып, алдағы уақытта бұл салаларда өз мемлекетіне мемлекеттік тілде қызмет ететін қызметшілер қауымын қалыптастыру міндеті тұрғанын айту керек.

Бұқаралық ақпарат құралдары мен мәдениет саласындағы тілдің қолданысы да ерекше маңызды. Тілдерді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру барысында қазақ тілінде жарық көретін бұқаралық ақпарат құралдарының саны едәуір артты. 2010 жылдың көрсеткіші бойынша 2 685 мерзімді басылымның ішінде 66%-ы мемлекеттік тілде және жартылай мемлекеттік тілде жарық көреді: 523 – қазақ тілінде, 916 – қазақ және орыс тілдерінде, 340 – қазақ, орыс және басқа тілдерде. Ал орыс тілінде жарыққа шығатын басылымдар саны – 906. Сонымен қатар электронды бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлардың мемлекеттік тілдегі таратылымдарының көлемі де заңнама шеңберінде реттеліп келеді.

Мәдени кеңістіктегі қазақ тілінің қолданыс өрісінің кеңеюі де маңызды. Республикамызда барлығы 22 қазақ театры, 14 орыс, 1 корей, 1 неміс, 1 өзбек және 1 ұйғыр театры бар. 2001 жылмен салыстырғанда қазақ театрларының саны 10-ға артқан.

Қазақ тілінің қолданыс аясының кеңеюіне Қытай, Моңғолия, Өзбекстан сияқты елдерден оралған қандастарымыздың да қосқан үлесі бар. 2009-2011 жылдарға арналған этникалық қазақтардың көші-қоны мен «Нұрлы көш» бағдарламасына қатысу жағдайы туралы жадынама мәліметі бойынша Қазақстанға келген оралмандар саны –700 мыңнан астам адамды құраған. Астана қаласы бойынша 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазіргі уақытқа дейін 136 отбасы, барлығы – 364 адам келген. Әрине, бұл көштің қарқыны туралы айтылып жүрген пікірлерді саралау өз алдына жеке әңгіме арқауы боларлық мәселе. Бір анығы, өзге елдерде тұрып жатқан қандастарымыздың тарихи Отанына оралуы мен демографиямызға мемлекеттік тұрғыдан мән беру



де елдіктің, Тәуелсіздіктің аркасында жүзеге асып жатқанын көрмеу мүмкін емес.

Соңғы жиырма жылда мемлекеттік тілді оқытуға да ерекше көңіл бөлініп келеді. Осы мерзімде қазақ тілін оқытуға арналған оқулықтар мен оқу құралдарының, сөздіктер мен тілдескіштердің сан түрі жарық көрді. Бұрын мұндай әдебиеттер тапшы болса, қазір тіл үйренем деушілер қажет құралын таба алады. Кейінгі онжылдықта Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында мемлекеттік тілді оқытудың бірыңғай инфрақұрылымы негізін қалай бастады. Соңғы 5 жыл ішінде тіл оқыту орталықтарының саны 8-ден 101-ге дейін жеткен. Осы 101 орталықтың 67-сі мемлекеттік тілді оқытумен айналысып отыр. 2005 жылы елімізде тіл оқыту орталықтарының саны – 8 болса, 2006 жылы – 12, 2007 жылы – 36, 2008 жылы – 45, 2009 жылы – 93, 2010 жылы – 101 орталыққа жетіпті. Қазіргі таңда 1 540 топта 37 мыңнан астам тыңдаушылар сабақ алып жатса, оның 12 мыңнан астамы мемлекеттік қызметшілер. Ашылған орталықтардың тіл үйретуге құзыреттілігі, жұмысының тиімділігі мен жарық көрген оқулық, оқу құралдарының сапасы бірдей дей алмасымыз анық. Аты бар да заты жоқ орталықтар да, қағаз бен қаржы босқа шығын болған құралдар да аз емес. Осыған жауапты құрылымдар мен мекемелер алдында үлкен жауапкершілік тұрғаны анық.

Қазақстанның ономастикалық кеңістігінде болған өзгерістерді де айтпай кетуге болмайды. Отарлау саясаты, КСРО-ның тіл саясаты еліміздің ономастикалық келбетін айтарлықтай өзгеріске ұшыратты. Еліміздің үлкен қалалары Гурьев, Целиноград, Шевченко, Петропавловск, Павлодар, Актюбинск, Уральск, Усть-Каменогорск, Семипалатинск деп аталса, одан шағындау қалалар Ленинск, Ермак, Степногорск, Рудный сияқты атауларға ие болды. Ал қазақша аталмайтын қала типтес кенттер мен колхоз, совхоздардың, олардың көшелерінің атаулары тіпті қисапсыз еді. Ванновка, Сергеевка, Ивановка, Дмитриевка, Алексеевка, Андреевка, Антоновка, Серафимовка, Николаевка, Казталовка сияқты елді мекен атауларына көз сүрінетін еді.

Еліміздің 70 жылдай астанасы болған, қазақ мәдениеті мен ғылымының, білімнің орталығы әсем Алматының бас көшелері К.Маркс, В.Ленин, С.М.Киров, М.И.Калинин, Ф.Э.Дзержинский, А.К.Виноградов, Красногвардейский тракт, Советская, Октябрьская, Правда, Чапаева, Пастер, Космонавтов, Комсомольская болып жалғаса беретін. Бұл біздің еліміз бен жеріміздің ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи атауларының жарамсыздығынан немесе қалаларымыз бен елді мекендерімізге, көшелеріміз бен алаңдарымызға есімін беруге лайық ұл-қыздарымыздың болмағандығынан емес. Осының барлығы отаршылдықтың, үстем тілдің ел



ономастикасында да үстемдік орнатуының айқын көрінісі екендігі еш дау туғызбайды. Бодандықтан босаған кез келген ел алдымен ата-бабаларының бұрмаланған жер-су атауларын қалпына келтіруге ерекше мән береді. Көптеген жаулаушылар иелігіне көшкен жұрттың жер-су атауларын жаппай өзгертуді отарлау саясатының өзегі етіп алса, керісінше, еркіндікке қолы жеткен халықтардың өзінің бұрмаланған, өзгертілген тарихи атауларын қалпына келтіруі де отарсыздандудың басты белгілерінің бірі болып саналады.

Тәуелсіздігімізді жариялаған 90-жылдардан кейін бізде де осы үдеріс басталғаны белгілі. Әкімшіл-әміршіл жүйенің жүргізген солақай саясатының салдарынан бұрмаланған тарихи атауларымызды қалпына келтіру еліміздің тіл саясатының негізгі мәселелерінің бірі болып белгіленді. ҚР Үкіметі жанындағы ономастика комиссиясы бұл бағытта біршама пәрменді жұмыс жүргізді. Қазір қалаларымыз Атырау, Ақтау, Ақмола, Астана, Ақтөбе, Орал, Өскемен, Семей, Тараз болып аталады. Тарихи атаулары қалпына келтірілген кенттер мен елді мекендердің саны жүздеп саналады. Қайта аталған, қазақтың данқты ұл-қыздарының, хандары мен билерінің, ақындары мен батырларының, ғалымдары мен жазушыларының есімдері берілген көшелеріміз одан бірнеше есе көп. Алматының бас көшелері бүгінде Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Қарасай батыр, Наурызбай батыр, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Ы.Алтынсарин, Сүйінбай, Д.Қонаев, М.Мақатаев, Желтоқсан деп аталады. Кеңестік кезеңде көше бермек түгілі атын атауға болмайтын Шәкәрім, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдерин сынды алаш арыстарының есімдері бүгін елдігімізді паш етіп, Алматыға асқақ рух беріп тұр. Астанада Сығанак, Отырар, Тұран, Сарайшық, Сарыарқа, Тәуелсіздік сынды көше атауларының пайда болуы елді мекендеріміз бен көшелерімізге кісі есімдерін бере бермей, жер-суға ат қоюдың ұлттық дәстүрін сақтау тұрғысынан да, тарихи атауларымызды жаңғырту тұрғысынан да жарасымды болды деп білеміз.

Әлі де мемлекеттік тілдің шешімін таппаған мәселелері аз емес екені баршамызға белгілі. Оларды мақсатты, жоспарлы түрде жұмыс жүргізу жолымен ғана шешу қажет. Бұл іс сөзбұйдалықты, ұзын арқан кең тұсауға салушылықты көтермейді. Ел тәуелсіздігінің басты белгілерінің бірі – мемлекеттік тілдің мәртебесіне сәйкес қызмет етуі. Салиқалы да сауатты тіл саясатын жүргізу арқылы қазақ тілінің ел аумағындағы қолданысын оның ресми мәртебесіне сәйкес қамтамасыз ету – мемлекеттік маңызы аса зор мәселе болып тұр. Ал тіл мәселесіндегі бүгінге дейін қол жеткізген жетістіктеріміз де, алдағы атқарылатын істеріміз де Тәуелсіздігімізге тікелей тәуелді екенін естен шығаруға еш қақымыз жоқ.

«Туған тіл»,
– №1 (15), 2011. – 4-9 бб.



Қазақ тілінің ғылым саласындағы қызметі: жетістіктер мен проблемалар

Жоғары мектепте түрлі мамандықтарды қазақ тілінде оқыту тілдің бірқатар мәселелерін шешуге ықпал етеді. Біріншіден, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын, әдістемелік құралдар дайындау арқылы қазақ тілінің ғылыми стилі жетіліп, сала тілі қалыптасады. Математиканың, физиканың, биологияның тағы да басқа арнаулы салалардың кәсіби тілі, өзіндік оралымдары орнығады. Осы сала мамандары ауызша кәсіби қатынасымға жаттығады. Қазақ тілінің қоғам өмірінің сан түрлі салаларындағы қолданысын, оның мемлекеттік тіл ретіндегі қызметтерін еркін және мүлтіксіз атқаруы үшін бұл – сөзсіз орындалуға тиіс шарттардың бірі. Екіншіден, қазақ тілінде оқытылып жатқан мамандықтардың, арнаулы салалардың тірек терминдері, оқулық терминдері тұрақтап, салалық терминологиялар жүйесі жасалып, қалыптасады. Ұлттық терминкор жасалып, салалық терминологиялар жүйесі орнықпайынша тілдің ғылым мен білім салаларындағы қызметі қамтамасыз етілмек емес. Үшіншіден, қазақ кәсіби тілін, ғылым тілін меңгерген түрлі сала мамандары, болашақ ғылыми қауым, қазақтілді ұлттық элита қалыптастырудың негізі жасалады.

Тілдің ғылым мен білім беру салаларындағы қолданысын қалыптастырудың аса маңызды мәселесі – оның ғылыми ақпарат алу құралына айналуы. Ол үшін, алдымен, қазақ тілінде жинақталған мол ғылыми ақпарат болуы қажет. Ондай ғылыми ақпараттар түрлі ғылым салалары бойынша монографиялар мен ғылыми мақалалар, ғылыми жинақтар, ғылыми журналдар шығарылып, олар қазіргі заман талабына сай жабдықталған ғылыми кітапханаларда шоғырландырылса, қазақ тіліндегі ғылыми ақпараттар қоры жасалады. Осы қорды бүгінгі технологиялар, интернет желісі, электронды жеткізгіштер арқылы пайдалануға мүмкіндік туғызу арқылы біз қазақ тіліндегі отандық ғылыми кеңістікті қалыптастырып, оның көкжиегінің кеңеюіне де жол аша аламыз. Өкінішке қарай, гуманитарлық ғылымдар саласы бойынша болмаса, нақты ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдарының бірқатар саласы бойынша ғылыми монографиялар, салалық ғылыми және ғылыми-танымдық журналдар жағы бізде жетіспейді. «Квант» сияқты журналдар шығарылса, қанеки.

Екінші бір мәселе – қазақ тілінің ғылыми коммуникация құралы ретінде қызмет етуі. Қазақ тілі ғалымдардың ғылыми қарым-қатынас жасайтын, ғылыми ақпарат алмасатын тіліне, кәсіби тілдесім құралына айналуы үшін жоғарыда айтқан ғылыми ақпарат қоры болуымен қатар, сол ақпараттарды бір-біріне жеткізе алуға қабілетті, ғылым тілін, оның терминдер қорын меңгерген ғылыми қауымның өзі қалыптасуы шарт. Ғылыми коммуникацияның жүзеге асуына қызмет еткен тіл қоғамның ғылыми санасын көтеретін, тіл иесі болып табылатын халықтың және



сол тілді тұтынушылардың да интеллектуалдық деңгейін көтеретін, қуаты қатынас құралына да айналады. Қоғамдық сананы көтеруде, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыруда ғылыми сананың атқаратын рөлі айрықша.

Соңғы 15 жылдай мерзім ішінде қазақша қорғалған кандидаттық, докторлық диссертациялардың саны біршама өскен. Ғылыми кадр дайындауда ілгерілеушілік бар. Мәселен, 1997 жылы қорғалған барлық диссертациялардың 4 пайызын қазақша жазылған диссертациялар құраса, 2001 жылы – 15%, 2007 жылы – 24%, 2008 жылы – 25%-ды, ал өткен 2009 жылы 26,2 %-ды құраған. Қазақ тілді ғылыми кадрларды даярлауда алға басушылық бар дегенмен, филология, педагогика, ветеринария сияқты жекелеген салаларда болмаса, жалпы алғанда, тәуелсіздіктің 20 жылдығында қазақша жазылған диссертациялар 50 пайызға да жете алмай отыр. Олардың ішінде гуманитарлық ғылымдар бойынша қорғалған диссертациялар басымдық танытып, 73%-ды құрайды. Медицина және техника ғылымдары бойынша қазақ тіліндегі диссертациялар ең аз қорғалған. Олар 7,8 пайыздан аспай отыр. Яғни техника мен медицина салалары қазақша сөйлеуге, салалық кәсіби тілін дамытуға асықпай отыр деген сөз. 2006-2008 жылдары қазақ тілінде физика-математика ғылымдары бойынша бірде-бір диссертация қорғалмаған. Ғылымды қазақша сөйлетеміз, қазақтың ғылым тілін жетілдіреміз десек, ғылымның барлық саласында қазақ тілді ғылыми кадрларды даярлауға көңіл бөлу керек. Әсіресе, нақты ғылымдар мен жаратылыстану ғылымдары салаларындағы қазақ тілінің жағдайы мәз емес. Сондықтан алдағы уақытта бұл бағытта мақсатты, жоспарлы жұмыстар жүргізілуге тиіс деп санаймыз.

*«Ана тілі» газеті. 3-9 маусым, 2010 жыл. – № 22 (1015).
«Тіл. Ұлт және тәуелсіздік» атты республикалық
ғылыми-практикалық конференция.*

Әркімге өз ана тілі – ұлы тіл

Осыдан біраз уақыт бұрын бізге бір журналист танысымыз сіз тіл маманы ретінде «Ұлы тіл» деген сөз тіркесін қандай мағынада қолданасыз, қандай тілдерді «ұлы тілге» жатқызар едіңіз? Халықаралық терминқорда үлесі мол тілді ұлы деуге бола ма?» деген сұрақтар қойды. Жауап бердік. Жақында дәріс кезінде осы мазмұндас сұрақтар бізге студенттер тарапынан да қойылды. Соған қарағанда бұл мәселе ойландыратын жандар бар болса керек. Ендеше, ол туралы қысқаша пікір білдіргеніміз артық болмас деген ой келді.

Жалпы тіл білімінің терминологиясында ресми тұрақтаған «ұлы тіл» деген термин қолданылмайды. «Әлем тілдері» (мировые языки), «халықаралық тілдер» (международные языки) деген атаулар, нақты

ұғымдар бар. Тілдердің кең тарағандығына байланысты артықшылықтарын айтқымыз келгенде осы терминдер ойымызға оралады. Құқықтық тұрғыдан заңдастырылған БҰҰ-ның ресми және жұмыс тілдері болып табылатын алты тілді (ағылшын, араб, испан, қытай, француз, орыс) халықаралық тілдер дейтініміз белгілі. Бірақ бұл тілдердің мұндай мәртебені иеленуі олардың өзге тілдерден құрылымдық, сөздік құрам немесе стильдік тармақтарының жақсы дамығандығымен байланысты ғана екен деген біржақты түсінік туындамауы керек. Бұл жерде осы тілдердің иесі, тұтынушысы болып табылатын халықтар тұратын мемлекеттерінің саяси, экономикалық т.б. тұрғыдан дамуымен, яғни тілден тыс факторлар ықпалының да зор екенін естен шығаруға болмайды.

Кенестік дәуірде жазылған әдебиеттерде, басылымдарда «ұлы орыс халқы», «ұлы орыс мәдениеті», «ұлы орыс тілі» деген тіркестер көп жағдайда өзге халықтармен салыстыра алғанда орынсыз әрі жиі қолданылатын. Кезінде кенестік идеология арқылы есімізді білер білместен осы ұғымдар санамызға сіңіріліп жататындықтан солай қабылданып, солай болуға тиіс сияқты болып та көрінетін. Кейін байқап қарасақ, оның астарында бір тілдің үстемдігін орнату пиғылы жатыр екен. Бодандықтан арылып, ұлттық санамыз оянып, біз де өз тіліміздің қадір-қасиетін ұғынып, оның да ұлы екенін ұлт ретінде жаппай сезіне бастаған кезеңде осы тіркестерден, өктемдіктің, шовинизмнің иесі аңқып тұрғанын аңғардық десек, артық айтқандық болмайды. Әділетсіздік қашанда қарсылық туғызады. Кейінгі жылдарда кешегі «ұлы халық», «ұлы тіл» деген тіркестердің тырнақшаның ішіндегі ұғымдар ретінде ұғынылып, жағымсыздау реңкке ие болып, «өктем халық», «өктем тіл» мағынасында қолданылып жүргендігі соның айқын көрінісі.

Дұрысында ғасырлар бойы өркендеп, «халық тілі», «ұлт тілі», «әдеби тіл» дәрежесіне дейін дами алған тілдердің барлығы да ұлы тілдер. Саны жағынан бір-бірімен салыстыруға келмейтін шағын ғана ұлттың тілінен ондаған, жүздеген миллиондар мен миллиардтар тұтынатын кең тараған тілдерден табыла бермейтін ұғым атаулары мен оралымдар, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер табуға болады. Сондықтан да әр тіл өзінше бірегей, әр тіл өзінше ұлы. Әр түрлі мәлімет көздерінен алған деректерге қарағанда қазір әлемде 3500-ден 5000 мыңға дейін тіл бар деп саналады. Осы тілдердің мұншасы «ұлы тілдер», ал мұншасы «қатардағы тілдер» деп әлемнің ешбір ғұламасы, бірде-бір полиглот, көрнекті тілші ғалым жіктеп-жіліктеп, бөліп бере алмаса керек. Сондықтан «ұлы тіл» деген тіркесті тілдерді салыстыра айтқанда қолданудың реті жоқ деп ойлаймыз. Ал жеке бір ұлт тілінің ерекшелігін, бірегей қасиетін, сөздік қорының байлығын айту керек болғанда қолдануға неге болмасын? Ең алдымен, әркімнің дүниені танып білген өзінің ана тілін, әр халықтың ата-бабаларынан мұра болып қалған өз ұлтының тілін қымбат та ұлы санауы табиғи нәрсе. Бұл тұрғыдан келгенде, өзін қазақтың ұл-қызы санайтын біз үшін, ата-бабамыздан қалған ең қымбат та асыл мұрамыз



қазақ тілі де ұлы тіл. Біз оны әлемнің ешбір тілінен кейін қоя алмаймыз, олай етуге қақымыз жоқ. Сол себепті белгілі бір халықтардың, ұлттардың ғана тілін кең тарағандығына немесе қуатты, дамыған мемлекеттің тілі болғандығы үшін ұлы деп ұлықтау, оны өзге жұрттардың тілдерінен жоғары қою негізсіз. Әркімге өз тілінің ұлылығын сезініп, қадір-қасиетін ұғыну үшін, жастайынан оны құлағына сіңіріп, ана тілінің уызына жарып өсуі керек. Егер біздің арамызда қазақ тілінің қасиетін терең сезіне алмайтын, оның ұлылығын мойындағысы келмейтін ұл-қыздарымыз кездесіп жатса, оның себебін ең алдымен сондай ұрпақ тәрбиелеген отбасынан, бір тілге бар мүмкіндікті беріп орынды-орынсыз дәріптеген, екінші тілдің мүмкіндігін шектеп, негізсіз мансұқтаған қоғамнан, елдің тіл саясатынан іздегеніміз жөн. Бұл жерде кінәні тілге жабудың, «оның мүмкіндігінің шектеулі екендігін» дәлелдеуге тырысудың еш негізі жоқ. Бір тілді зор, екінші тілді қор санау – гуманизмге жат, ізгілікке, адамгершілікке бастайтын жол емес. Ал тілдердің кең тарауы, қолданылу аймағының ауқымдылығы түрлі факторларға байланысты қалыптасатын жағдай.

Біреулер тілдің ұлылығын оның сөздік құрамының байлығымен өлшеп, енді біреулер оны сол тілдегі сөздердің халықаралық деңгейде таралуымен байланыстыра қарап жатады. Халықаралық терминологияда қай тілдердің үлес салмағы басым екендігіне қарап та тілдерді ұлы тілдер қатарына қосушылар бар. Бұл жөнінде мынаны айтуға болады.

Ағылшын, француз, неміс сияқты еуропа халықтары тілдерінің сөздері терминқорда басымырақ. Оны өзіміздің терминқорымыздан да көруге болады. Бірақ оны сол тілдердің ұлылығынан деп ұғынуға болмайды. Ғылым-білімнің, экономиканың өркендеу деңгейіне, халықтардың ғылыми-мәдени қарым-қатынасына байланысты белгілі бір халықтардың сөздері, терминдері өзге тілдерге көбірек қабылдануы мүмкін. Бодан елдер мен дамушы елдер тілдеріне үстемдік етуші елдер тілдерінің жекелеген терминдері ғана емес қоғам өмірінің көптеген салаларында солардың тілі тұтастай үстемдік құруы да мүмкін екендігі белгілі. Сондай-ақ жазба ескерткіштерде сақталған қазіргі қолданыста жоқ өлі тілдердің де халықаралық терминологияда үлесі едәуір болуы мүмкін. Мысалы, латын тілі сөздерінің халықаралық қолданыстағы терминдер қатарындағы үлесі айрықша. Кейде қолданыстағы ұлт тілдерінің қатарында болмағандықтан да өлі тіл болса да латын тілінің сөздері терминдік элемент ретінде дайын күйінде пайдаланылып та жатады. Екінші жағынан алып қарасақ, бір жарым миллиардтан астам адам сөйлейтін БҰҰ-ның ресми тілдерінің бірі қытай тілінің халықаралық терминологиядағы үлесі жоқтың қасы. Ал бұл тілді дамымаған тіл, ұлы тілдердің қатарына жатпайды деп ешкім де айта алмайды. Керісінше, терминқорын өз тілінің негізінде қалыптастырып отырған сол қытай тілі үшін «халықаралық терминдер» деген ұғым мойындалмайды. Сол сияқты бірнеше араб елдерінің мемлекеттік тілі әрі халықаралық тілі болып табылатын араб пен Үндістандағы миллиардтан астам халқы



бар елдің тілі хинди тілдерін де халықаралық терминологиядағы үлесіне қарап ұлы тілдер қатарынан алып тастаудың қандай негізі бар? Ендеше, тілдердің ұлылығын олардың халықаралық терминқорға қосқан үлесіне қарай анықтауға болмайды деген сөз.

Бұл орайда «Сөздің халықаралық терминдер қатарына енуі немен байланысты?», «Қазақтың төл сөздері қандай жағдайда халықаралық қолданысқа түсуі мүмкін?» деген сұрақтар өз-өзінен туындайды.

Түріктер дүрілдеп тұрған замандарда біздің сөздеріміз де өзге тілдерге жүздеп, мыңдап енгені тарихтан белгілі. Мәселен, Е.Н.Шипова 1976 жылы жарық көрген «Словарь тюркизмов в русском языке» деп аталатын сөздігінде бір ғана орыс тілінде екі мыңдай түрік сөзі қолданылып жүргенін көрсетеді. Кейіннен тарих аренасындағы иеленген орнымызға қарай біздің тіліміздің ықпалы да әлсіреді. Ал кеңестік дәуірдегі 70 жылдың көлемінде термин шығармашылығын дамытудан гөрі дайын терминдерді қабылдауға әбден дағдыландық. «Кеңес халқы» деген халыққа ортақ жалпыкеңестік терминдер қорын қалыптастыру мақсатын көздеп, терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстанып келгендіктен, терминқорымыздың басым бөлігін өзге тілдерден дайын күйінде орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылданған терминдер құрайтын болды. Терминтануда осы терминқорды халықаралықтандыруға қарсы *деинтернационализация* деген үдеріс те бар. Бұл – бұрын тарихи, саяси-экономикалық немесе басқа да жағдайларға байланысты өзге тілдерден дайын терминдерді шектен тыс көп қабылдап келген халықтардың сол халықаралық терминдердің орнын өз тілдерінің сөздерімен жаппай алмастыру үдерісі. Мұндай құбылыс әдетте қабылдаушы тілдердің иесі болып табылатын халықтың ғылым-білімі, экономикасы дамып, ұлттық мемлекеттің негізі нығая бастаған уақытта қылаң береді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде бізде де бұл құбылыс пайда бола бастады. Ұлттық мемлекетіміздің сипаты мен тіліміздің қоғам өмірінде алып отырған орнына, яғни елдегі тілдік ахуалға сәйкес «деинтернационализация» үдерісі бізде өте әлсіз, мардымсыз түрде жүріп жатқаны байқалады. Әлеуметтік лингвистикалық факторларға сәйкес бұл құбылыстың жандануына қарсылық та бар. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығы жандана бастаса, оны пуризмге жол беріп жатырмыз деп дабырайта көрсетуге құмар немесе түрлі себептерге байланысты соған мүдделі адамдар да жоқ емес. Бұл әлі де біздің қоғамда ұлттық сананың толық үстемдік құра алмай отырғанын көрсетеді. Кез келген ұлттық мемлекет өз тілінің кең таралуын көздейді, олар мүмкіндігінің жеткенінше, сол бағытта мақсатты жұмыс жүргізеді. Олар терминологиядағы деинтернационализация үдерісінің өз тілдерінің ішінде жүзеге асып, ал халықаралықтандыру үдерісінің өздері тарапынан өзге тілдерге қатысты жүргізілгенін қалайды. Оны терминологияны халықаралықтандыру ғылым қажеттілігі деп сөз жүзінде өзгелерге қатысты ғана айтқанымен, өздері керісінше бағыт ұстанып отырған көптеген дамыған ұлттық мемлекет-




тердің әрекетінен көруге болады. Айталық, француздар неге ағылшын сөздерін тіліне қабылдаудан қашады? Біз неліктен тіліміздің сөзжасам мүмкіндіктерін дамытпай, көршісі әрі туыстығы жағынан бізден гөрі әлдеқайда жақын француз тілі іргесін аулақ салып отырған сол ағылшын сөздерін орынды-орынсыз шектен тыс көп қабылдауға тиіспіз? Егер біз француз, неміс тілдерімен теңесу қайда дейтін болсақ, бұл қате түсінік. Ол айналып келгенде, өз тіліміздің болашағына өзіміз сенбеу, оның мүмкіндігін бағалап, өркендетуге ұмтылмау болып шығады. Бұл орайда «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың мензеуін мензегенінше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын...» – деп, тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы аса көрегендікпен айтқан. Егер біз Ахаң айтқандай, қазақ тілін дұрыс жұмсай білсек, ол қоғамдағы тілге жүктелетін қызметтің қайсысын болса да атқаруға мүмкіндігі жететін, қандай қажеттілігіміз болса да өтеуге жарайтын, бай тіл. Мәселе тілдің міндетін дұрыс түсініп, өз міндетімізді атқаруда болып отыр.

Ұлттық мемлекетіміздің іргесі бекіп, оның экономикасы мен ғылым-білімі өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне, тіліміздің әлемдік ақпарат кеңістігінен өз орнын иеленетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Дәл бүгін де қазақ тілінің әлем тілдерінің ешқайсысынан да кем түспейтін, бірнеше ғасырлық даму тарихы бар, ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып жетілген ұлы тіл екендігіне еш күмән жоқ.

*«Нұр Астана»,
4 желтоқсан 2008 жыл.
– № 49 (262). –3-бет*



A decorative border with intricate, repeating scrollwork patterns surrounds the central text.

**Терминтану, терминография,
терминжасам және термин
қолданысының жай-күйі**

Балама мен бағындыру: кірме сөздерді түрлендіру үшін екеуі де қажет

Соңғы кезде баспасөз беттерінде емле мәселесі жөнінде әңгіме қозғалып жүр. Әсіресе, орыс және орыс тілі арқылы шетел тілінен енген сөздерді жазу мәселесі біраз талас туғызды.

Тіліміздің дыбыстық жүйесін ескермей, орыс тілі арқылы енген сөздерді балама іздеп бас қатырып жатпастан тұлғасын өзгертпей қабылдай бергенімізбен, жүйелі игеру оңайға түспей отыр. Қазір біз «товар», «европа», «машина», «велосипед», «завод» сияқты сөздерді қазақша дыбыстап жазуға көштік. Жазғанда: «велосипед» сөзін – «белесebet», «белесепет», «белсебед» түрінде, «заводты» – «зауыт», «зауұт» түрінде жазып жүргеніміз сияқты қалауымызша түрлендіріп жазғанымыз тілімізді байыта қоймас. Орыс тілі арқылы енген сөздерді қазақыландырамыз деп әркім қалағанынша дыбыстап жазу әдетке айналып барады.

Жазудағы ала-құлалықтан арылғымыз келсе, тілші-ғалымдарымыз ортақ мәмлеге келіп, тұрақты қағида қабылдап, бір ізге көшпесек, әрқайсымыз өз алдына орфографиялық сөздік түзіп алар түріміз бар. Тіліміздің дыбыстық жүйесін басшылыққа алып ішкі заңдылығына табан тіреуге бет бұрып отырған бүгінгі тұста орфографиялық сөздігіміздегі «орыс тілінен енген атау сөздердің тұлғасы сақталып, орыс орфографиясы бойынша өзгертілмей жазылады» деген ережені өзгерткен жөн бе дейміз. Осыдан жарты ғасыр бұрынғы Халел Досмұхамедұлының: «Арақ, шылым, жұкпалы ауру адамның денесін бұзса, зорлықпен кіргізілген жат сөздер елдің түп қазығы болған тілді бұзады» – деген пікірінің төңірегінде ойлансақ. Біз о бастан осы білімпаздардың пікірін басшылыққа алған болсақ, қазіргі тіл сындыратын жат сөздер «болыс», «самаурын» сияқты тілімізге етене еніп, кірмелігін сездірмей, төл сөздерімізбен тең дәрежеде қолданылып кетер еді. Қақайтып-серейтіп, тұлғаларын өзгертпей қабылданғандықтан, олар жаттығын жасыра алмай, тілімізде емін-еркін қолданылмай келеді.

Шетел тілінен енген сөздердің бәріне балама табу мүмкін емес. Ең бай тілдердің бірі болып табылатын ағылшын тіліне қазақтың түйе мен жылқыға байланысты атауларын аудару керек болса, ағылшындар сол атаулардың барлығына балама таба қояды дегенге сену қиын. Ендеше, біз де шетел тілінен енген сөздерді түгел аударудың шындыққа жанаспайтынын мойындаймыз. Соған қарамастан тіліміздің ішкі мүмкіндігін сарқа пайдалана отырып, орыс және шетелдік терминдер мен сөздерге өз тілімізден балама табуды басты бағыт етіп ұстаушыларды қолдаймыз.

Табылған баламалардың жұртшылықтың көкейіне бірден қонып, көңілінен шыға қоюы да оңай емес. Соңғы уақытта тілімізге енген сөздер мен терминдерді жатсынушылар көп. Лексикамызға қосылып жатқан жаңа сөздер мен терминдерге айрықша мән беріп, електен өткізіп қа-

дағалап отыруға, асылын жасығынан ажыратып қажетімізге жаратуға тілге жаны ашитын әр азамат атсалысып жатса, аздық етпес. Сондықтан терминкомның мәжілістерінде бекітілетін сөздер мен терминдердің тізімін баспасөз бетінде жариялап, оған жұртшылық пікірін жинақтасақ. Бекіту кезінде ұтымды ұсыныстар мен ескертпелер ескеріледі.

Бір бітірген ісімізге қайта орала берсек, қалай ілгері басамыз. Мәселен, терминком «семьяны» – «отбасы» деп бекіткен еді, қазір бұл сөзді «жанұя», «үйелмен» түрінде жарыстыра қолданып жүрміз. Бекітіп берген сөздерін жұртшылық мойындамайтын терминком кімге қажет? Ғафу Қайырбеков ағамыз «Тілге де иешілік керек» («Егемен Қазақстан», 21.1.93 ж.) атты мақаласында әдеби тіліміздің тазалығын сақтайық, терминком шын мәніндегі беделді комитет болсын деген орынды ұсыныс айта отырып, өзі терминком бекітіп берген «әнұран», «күнтізбек», «құжат» сөздеріне көңілі толмайтынын білдіреді. Дегенмен, жұртшылық кеңінен қолданып жүрген осы баламалардан соншалықты тілбұзарлық байқалмайды. Кірме сөздерді дыбыстық жүйемізге бағындырып қабылдау балама табудың мүмкіндігі болмаған жағдайда ғана іске асқаны жөн.

Баспасөз бетінде кей жағдайда орыс тілі арқылы енген сөздерді былай қойғанда, байырғы сөздерімізді жазуға келгенде де ала-құлалықтар, емледегі еркіндіктер кездеседі. Әсіресе, апта сайын киоскіге түсетін «Азия даусы» газетінің бұрынғысынша «Азия дауысынан» өзгермей қоюын түсінбейміз. Бірді айтып, бірге кетіп отыру себебіміз, тілімізде болып жатқан осы құбылыстардың белгілі дәрежеде өзара байланыста болуы. Түптеп келгенде жалпы тіл, жазу мәселесінде ұсақ-түйек дегеннің болмайтындығы. Сондықтан сөз қадірін білетін, қолына қалам ұстаған әрбір азамат өзіне талап қойса, тіліміздің тазалығы артып, жазу мәдениетіміз жақсара түсетініне талас жоқ.

*«Егемен Қазақстан» газеті,
1993 жыл 27 ақпан.*

Өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты терминдердің түсіндірме сөздікте берілуі

Әр жылдары жарық көрген мектепке, жоғары оқу орындарына арналған оқулықтардан, ғылыми және ғылыми-көпшілік еңбектерден, терминологиялық сөздіктерден өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты бір мыңдай терминді кездестіруге болады. Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде (ҚТТС) осы терминдердің 64-і ғана қамтылған екен. Әрине, мұны ҚТТС-нің кемшілігі деуге бола қоймас. Өйткені, ғылым салаларына қатысты терминдерді түгел қамту түсіндірме сөздіктің міндетіне жатпайтыны белгілі.



«Қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясының» 60-параграфында «Сөздікте тіліміздің сөздік қорындағы ғылымның алуан түрлі саласына тән терминологиялық лексика жаппай алына бермейді. Олардың орта мектептер мен жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарда, ғылыми-көпшілік әдебиеттерде, күнделікті баспасөз беттерінде кеңінен қолданылып жүргендері болмаса, жұртшылыққа мол тарамаған, белгілі бір мамандыққа байланысты тар көлемде қолданылатын терминдер алынбайды»¹ – деп көрсетілген. Ф.П. Сороколетовтың мақаласында да «терминнің көпшілік қабылдағандығы мен кең тарағандығы оны түсіндірме сөздікке кіргізудегі негізгі принцип болып табылатындығы»² айтылады. Ал С.И. Ожегов болса, түсіндірме сөздікке белгілі бір терминді алғанда терминнің ғылым мен техниканың белгілі ұғымдар жүйесіндегі маңыздылығына қарап емес, «сол терминнің жалпы халық тіліндегі қолданысына»³ яғни, қоғамдық рөліне қарау керек деп санайды.

Егер ҚТТС-ін жасауда осы принциптер басшылыққа алынған дейтін болсақ, біз қарастырып отырған өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты терминдер сөздікте негізінен дұрыс қамтылған деуімізге негіз бар.

Мәселен, *дән, дің, тоз, гүл, сабақ, тамыр, жеміс, ұрық, сүрек, тұқым, бұр, буын, бұтақ, жапырақ, масақ, қауыз, өркен күлте және т.б.* осы сияқты терминдердің түсіндірме сөздіктен орын алуы соны дәлелдесе керек. Бұл аталған терминдер жалпы халыққа түсінікті, қазақтың байырғы, төл сөздері. Оған қоса бұлар өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты туынды терминдердің жасалуына негіз болатын «ұйытқы терминдер». Бұған дәлел ретінде бір ғана «гүл» терминінен *гүлсерік, гүлтабан, гүлжебе, гүлкіндік, гүлсабақ, гүлсағақ, гүлсидам, гүлтұғыр, гүлшанақ, гүлшоғыр* сияқты көптеген туынды терминдердің жасалғандығын келтіруге болады. «Тамыр», «жапырақ», «өркен» және «түбір» терминдері туралы да осыны айтуға болады. Бұлардан *тамырсабақ, тамыржеміс, тамыр түгі, тамыр түйнегі, тамыр мойны, тамыр оймақшасы, жапырақ алақаны, жапырақ бүршігі, жапырақ жұмсағы, жапырақ қынабы, гүл өркен, жатаған өркен, көген өркен* деген сияқты туынды терминдер өрбіген. Бір сөзбен айтсақ «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде» мұндай кең тараған «ұйытқы терминдердің» қамтылуы – осы сөздікке енгізілетін термин сөздерді сұрыптап алу принциптеріне толық сай келеді.

ҚТТС-не төл терминдерімізбен қатар өзге тілден ауысқан *клетка, ткань, ядро, клетчатка, кутикула* сияқты кірме терминдер де ен-

¹ Қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы. – Алматы, 1976. –10-б.

² Сороколетов Ф. П. О месте производственной терминологии в толковом словаре русского языка //Лексикографический сб. – М., 1957. - Вып. I. - С. 124.

³ Бұл да сонда. – 124-б.



гізіліпті. Бұл терминдердің алғашқы үшеуі бірнеше ғылым саласына қызмет ететіндігі мен мектеп және жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарда қолданылуы, көпшілікке түсініктілігі тұрғысынан қарағанда төл терминдерімізден кем түспейді. Олардың жаңа термин жасауда да елеулі рөл атқаратындығын айтпасқа болмайды. Мәселен, *клетка-аралық*, *клетка қабықшасы*, *клетка шырыны*, т.с.с. терминдердің жасалуына «клетка» терминінің негіз болып отырғандығын көруге болады. Олай болса, өзге тілден енгендігімен жұртшылық қабылдаған, бәрімізге түсінікті бұл терминдердің ҚТТС-тен орын алуын заңды деп білеміз. Ал соңғы екі термин жөнінде мұндай пікір айтуға болмайды. Себебі, белгілі бір ғылым саласында жиі қолданылатын негізгі терминдер қатарынан табылғанымен, олар сөз тудыруда жоғарыдағылар сияқты белсенділік таныта алмайды. Жұрттың бәріне түсінікті, кең тараған десек те шындыққа жақындамайды.

Сондықтан, ана тіліміздің төл байлығын көрсететін қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *клетчатка*, *кутикула* сияқты терминдерді ендірмесе де болар еді.

Осы жерде басқа көптеген ғылым салаларындағы терминдермен салыстырғанда өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты терминдердің басым бөлігі төл терминдерімізден тұратындығын айта кету керек. Алайда, олардың елеулі бөлігі калька тәсілімен жасалғандығын да ескерте кетпеске болмайды.

Академик Ә.Т. Қайдаров ұсынған термин жасау терминдерінің ішінде «Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану керек»⁴ дейтін қазақ тіл білімінде бұрыннан бар, бірақ осы уақытқа дейін басшылыққа алынбай келген принциптің бастапқы орында тұруы тегіннен-тегін емес. Басшылыққа алынуға тиісті бірақ құқығынан айырылып «өлі принципке» айналған бұл принципті жандандыру – жан қинамасқа бейімделіп алған бүгінгі қазақ терминологиясы үшін аса қажет. Бұл тұрғыдан алғанда түсіндірме сөздікте берілген *сылдырмақ*, *үргедек* сияқты тілімізде бұрыннан бар, бірақ сирек қолданылып жүрген сөздерді өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты термин ретінде қолдануға әбден болады. Түсіндірме сөздікте сылдырмақ сөзіне «ішінде ұрығы болатын өсімдік қауашағы» деп дұрыс анықтама берілген де, ал үргедек сөзіне өкінішке қарай «бақбақ өсімдігі» деп қате анықтама берілген.

Филология ғылымдарының докторы Б. Қалиев өз монографиясында «үргедек деп – бақбақ өсімдігінің өзін емес, оның басындағы қауқиған ақ

Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарасы // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. - Алматы, 1993. -№1. - 9-б.



ұлпасын айтады»⁵ – деп түсіндірме сөздікке түзету жасаған. Реестр сөзге келтірілген мысалдармен танысқаннан кейін автордың түзетулерінің орынды екендігіне көз жеткізуге болады. Аталған кітапта автор *борық* сөзі мен *сүйрік* сөзінің анықтамаларына да түзету ендірген. Бір жерде «халық борық деп – қоғаның балғын жас, ақ түсті тамырын айтады»⁶ – десе, екінші жерде «сүйріктің қамыс өсімдігінің тамыры екендігін» де ашып көрсетеді. Жоғарыдағы терминдердің қатарына ҚТТС-те берілген *башақ*, *пәлек* сияқты кәсіби сөздер мен диалектілік лексикаларды да қосып кәдеге жаратсақ, ұтпасақ ұтылмаймыз.

Түсіндірме сөздікте берілген мұндай сөздерді өсімдік анатомиясы мен морфологиясы терминдерінің қатарына қоссақ, төл терминологиямыздың баюына қосылған үлес болары сөзсіз.

Біздің бұл мақалада көңіл аудармақшы болып отырған екінші мәселеміз – өсімдік анатомиясы мен морфологиясына байланысты терминдерге қойылған стильдік белгілер жайы.

Түсіндірме сөздік жасауға арналған инструкцияның 60-параграфында «Ғылымның әр түрлі саласына байланысты қысқарту белгілері әрбір жеке ғылым салаларының әрқайсысына тән термин сөздерге қойылады»⁷ – деп жазылған.

ҚТТС-те біз сөз етіп отырған ғылым саласына қатысты мына төмендегідей терминдерге ешқандай стильдік белгі қойылмаған. Олар: *аналық*, *атбұришақ*, *бадана*, *без*, *буын*, *бұтақ*, *бұтақша*, *бұр*, *бұриік*, *гүл*, *дән*, *дәнек*, *жапырақ*, *жапырақша*, *жеміс*, *жуашық*, *жүйке*, *клетчатка*, *қауашақ*, *қауыз*, *қылқан*, *масақ*, *өзек*, *өркен*, *сабақ*, *сабақша*, *собық*, *собықша*, *сүйрік*, *тамыр*, *тоз*, *тұқым*, *түйнек*, *түйін*, *түкше*, *тікен*, *тікенек*, *ұрық*, *шыбық*, *шырын*, *ядро*. Бұл аталған терминдердің өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты терминдер болып табылатындығына дау жоқ. Осы тұрғыдан қарағанда көрсетілген терминдердің тұсына олардың қай ғылым саласына қатысты екендігін білдіретін тиісті стильдік белгі қойылуға тиіс еді. Алайда, мына мәселені де ескеру керек. Жоғарыда аталған сөздер қалың жұртшылыққа түсінікті, тілімізде кеңінен қолданылып жүрген байырғы терминдер. Ол терминдерді түсіну үшін биолог болу шарт емес. Олардың биология ғылымында терминдік мәнге ие болып, көптеген туынды терминдердің жасалуына негіз болатын «ұйытқы терминдер» екенін біз жоғарыда айттық. Аталған мәселеге осы тұрғыдан қарағанда, біз тізбелеп көрсеткен 41 терминге ешқандай стильдік белгінің қойылмағандығы орынды.

⁵ Қалиев Б. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. – Алматы. 1988. – 194-б.

⁶ Бұл да сонда. – 133-б.

⁷ Қазақ тілі көп томдық түсіндірме сөздігінің инструкциясы. – Алматы, 1976. –28-б.





Сөздікте «бот.» (ботаникалық) деген стильдік белгі төмендегідей он шақты терминге қойылыпты: *бөбежапырақ, бөрікбас, жасымықша, жатын, жөлке, мұртша, өскін, сүрек, тілше, шанақ*. Біз бұл терминдерге қойылған «бот.» деген стильдік белгіні дұрыс деп есептейміз. Өйткені, бұл терминдер кез келген оқырманға түсінікті бола бермейді. Дегенмен, жұрттың бәріне түсінікті «сүрек» сөзін алдыңғы 41 терминнің қатарына қосқан артықтық етпес еді.

Түсіндірме сөздікте *аталық, гүлкіндік, гүлтабан, гүлтамақ, гүлтостаған, гүлтұғыр, гулишанақ, гулишогыр, клетка, кутикула, күлте, ткань* терминдеріне «биол.» (биологиялық) деген стильдік белгі қойылыпты. «Биол.» деген стильдік белгінің *аталық, ткань, клетка, кутикула* терминдеріне қойылғанын дұрыс деп есептейміз. Ал ол белгінің басқаларына қойылғаны жөн болмаған. Олай дейтін себебіміз сөздікте «бот.» деген стильдік белгі де қойылып отыр ғой. Инструкция бойынша «биол.» деген белгі ботаника ғылымының шеңберінен шығып, биология ғылымының өзге салаларында да қолданылатын терминдерге қойылуға тиісті. Олай болса, жоғарыда көрсетілген төрт терминнен басқаларына «бот.» деген стильдік белгі қойылса, онда олардың терминдік белгісі мен қолданыс шеңбері нақтылана түскен болар еді.

Қорыта айтқанда, он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты терминдер негізінен дұрыс қамтылған және олар стильдік жағынан дұрыс сараланған. Бұл, әрине, аталған мәселеге байланысты сөздікте ешқандай «кінәрат жоқ» дегендік емес. Ондай «әттегенайлардың» кейбіреулерін біз жоғарыда атап көрсеттік. Сондықтан бұл жерде оларды қайталап жатпай-ақ қоялық.

ҚР ҰҒА Хабарлары.
Тіл, әдебиет сериясы,
1994. - № 1. -69-72-бб.

Өсімдік мүшелері мен құрылысына қатысты кірме терминдер

Қазақ тіліндегі өсімдіктің мүшелері мен құрылысына қатысты терминдердің едәуір бөлігін кірме терминдер құрайды. Шығу төркіні жағынан олардың көпшілігі грек, латын сөздері, қазақ тіліне орыс тілі арқылы енген. Орыс тілінің өзіне ғана тән сөздер бірді-екілі ұшырасады. Грек, латын сөздері орыс тіліне оның дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгертіліп алынған да, ал қазақ тіліне келгенде сол орыс тіліндегі қалпы өзгермей қабылданған. Мәселен, *антерозоид, бластокарп, вакуоль, эндосперм* т.б. терминдердің екі тілдегі тұлғалануында еш айырма жоқ. Кірме терминдердің қазақ тіліне аударылмай алынуы мен олардың орыс





тіліндегі қалпын сақтауының басты себептерінің бірі – терминдерді ана тілімізге қабылдауда басшылыққа алынып келген принциптерімізге тікелей байланысты. Күні кешеге дейін шет тілінің сөздерін енгізуде ұстанып келген принциптеріміз терминдердің қазақша аударылмауын және тіліміздің дыбыстық жүйесіне лайық тұлғасын өзгертпеуіне толық мүмкіндік туғызып келді. 1935 жылы Алматыда өткен Бүкілодақтық мәдениет қызметкерлерінің бірінші съезінде мақұлданған «Қазақ әдеби тілі терминологиясының принциптері» бұған дәлел бола алады¹. Алашордашылардың ұстанған принциптерін сынға ала отырып, жаңадан жасалған 10 принциптің негізгі мақсаты – «халықаралық терминдер» деген жасанды атау жамылып еуропа және орыс тілінің сөздері мен қосымшаларын, советизмдерді қазақ тіліне қаймағын бұзбай енгізуге негізделген болатын.

Жаңа принциптің жасалуына орай тіл білімінің нағыз білгірлері А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрөкұлұлы т.б. қазақ зиялыларының ұстанған принциптері басшылыққа алынбады. Соның салдарынан ғылым тілі, терминология дегенді шет тілінің сөздері деп түсінетін дәрежеге дейін жеттік. Ғылым мен техниканың әр түрлі салаларындағы терминдердің 70-80%-ы тұлғалануы жағынан тіліміздің дыбыстық жүйесіне бағынбайтын шет тілдердің сөздерінен тұрып, қазақ тілі толық дәрежесіндегі ғылым тілі бола алмай келеді.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушы көрнекті тілші ғалым А.Байтұрсынұлының өзге тілдерден сөз қабылдау жөніндегі жазғандарынан үзінді келтірелік: «Біз сияқты мәдениет жемісіне жаңа аузы тиген жұрт өз тілінде жоқ деп мәдени жұрттардың тіліндегі даяр сөздерді алғыштап, ана тілі мен жат тілдің сөздерін алмастыра-алмастыра, ақырында ана тілінің қайда кеткенін білмей, айрылып қалуы ықтимал. Сондықтан мәдени жұрттардың тіліндегі әдебиеттерін, ғылым кітаптарын қазақ тіліне аударғанда пән сөздерінің даярлығына қызықпай, ана тілімізден қарастырып сөз табуымыз керек. Сонда біздің әдебиетіміздің тілі таза болады»².

Х.Досмұхамедұлы жат сөздерді қабылдау жөнінде былай дейді: «Тілге кірген жат сөздер де сіңу үшін, тілге «өзілік» болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келтіреді. Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады»³.

Амал не, солақай саясаттың салдарынан жат сөздерді өзгертпей алған тілдер болды. Соның бірі – біздің қазақ тіліміз. Кезінде, осыдан

¹ Жубанов Х. Исследования по казахскому языку. – А., 1966. – С. 283.

² Байтұрсынов А. Ақ жол. – А., 1991. – 350-351-б.

³ Досмұхамедұлы Х. Аламан. – А., 1991. – 92-б.





жарты ғасыр бұрын дәл басып айтылған шындықты әлі мойындағысы келмейтін тілші ғалымдар да баршылық. Кейбір тіл мамандары жаңадан жасалып жатқан ғылым мен техниканың сан түрлі салаларындағы терминдерді мүлдем қабылдағысы келмейді. Олар мұны осы уақытқа дейін қалыптасқан ғылым тілін бұрмалау деп санайды. Рас, қазіргі жаңадан қазақша жасалып жатқан терминдердің бәрі бірдей терминге қойылатын талаптарға сай келеді деп айтуға болмас. Термин жасау ісін ұзақ жылдар бойы өз деңгейінде қолға алмай келгендігіміз, термин жасаудағы тәжірибесіздік кесірін тигізіп отыр. Дұрысын айппай тұрып, жасалып жатқан терминдердің бәрін теріс деп табу құптарлық іс емес. Салалық мамандар мен тілші ғалымдардың міндеті – жаңа терминдердің жасалуына үлес қосып, олардың бұрысының орнына дұрысын ұсынып, сәтті жасалғандарын елеп-екшеп алу арқылы төл терминологиямызды қалыптастыру болса керек.

Біздіңше, қазақша жаңа терминдердің дүниеге келуі – қалыптасқан ғылым тілін, терминологиямызды бұзу емес, керісінше, дұрыс қалыптаспаған қазақ терминологиясын қалпына келтіруге деген ізгі қадам. Әрине, термин біткеннің бәрін қазақшаға аудару керек деген біржақты пікірден аулақпыз. Шет тілінің сөздеріне мүмкіндігінше өз тілімізден және туыстас түркі тілдерінен ұғымды толық бере алатын балама тауып, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда оларды тіліміздің дыбыстық жүйесіне бағындыра қабылдасақ терминдеріміз дұрыс қалыптасар ма еді. Ал интернационалдық терминдердің бәрін өзгертпей қабылдау өз тіліміздің мүмкіндігін шектеу деген сөз. Академик Ә. Қайдаров «Тіл тілдердің арасында ортақ интернационализмдер болмаса немесе аз болса, ғылым дамымайды, ғылыми қарым-қатынас үзіледі деп байбалам салудың бәрі бекер. Жер жүзіндегі термин ұғымдарының бәрін шет тіл сөздері арқылы емес, өз тілінің негізінде меңгеріп, ғылым мен техниканы дамытып отырған қытай, жапон т.б. халықтарды біз жақсы білеміз»⁴ – десе, соңғы кезде терминология мәселелерін зерттеп жүрген ғалым Б.Қалиұлы бұл жөнінде: «Термин жасауда тілдің ішкі мүмкіндігі мейлінше пайдаланылуы керек» деген қағиданы тек сөз жүзінде ғана қайталағанымыз болмаса, іс жүзінде «советизмдер мен интернационализмдерді қазақшаға аударуға болмайды» деген теориясымақты немесе «қазақ тілі – кедей тіл, ол орысша терминдердің мағынасын бере алмайды» деген өмір тәжірибесінен аулақ, көз алдындағыдан басқаны көре алмайтын схоластикалық тұжырымды бетперде етіп, мүмкіндігінше қазақша термин жасамауға, жасатпауға тырыстық» – дейді⁵.

⁴ Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – А. 1993.

⁵ Қалиұлы Б. Шет тілі терминдерін қалай қабылдап жүрміз? // «Ана тілі», 1992. 21-мамыр.



Интернационалдық деп ерекше қастерлеп жүрген сол сөздеріміз өз тіліміздегідей белгілі бір ұғымды білдіретін өзге тілдердегі кәдімгі сөздер. Сондықтан оларға айрықша мәртебе беру, аударуға болмайды деп ереже қабылдау артық.

Осы уақытқа дейін термин жасау, оны аудару, шет тілінен қабылдау жұмыстары тиісті деңгейінде жүргізілмегендіктен, қазақ терминологиясы өркендеп дамыды дейтін негізсіз пікірге қосылу қиын. Жалпы қазақ терминологиясының қазіргі күйі туралы осындай пікір айтуға болғанымен, жекелеген кейбір ғылым саласындағы терминдер жөнінде бұлай дей алмаймыз. Мәселен, біз қарастырып отырған өсімдіктердің дене мүшелері мен құрылысына қатысты терминдерді де солардың қатарына жатқызуға болады.

Өсімдіктану оқулықтарын жазушылар мен оларды аударушылардың және биологиялық сөздік түзушілердің еңбектері нәтижесінде өсімдік мүшелері мен құрылысына қатысты төл терминдеріміз 80-85%-ға жеткен. Бұл көрсеткіш өзге кейбір ғылым салаларындағы жағдаймен салыстырғанда жоғары болғанымен, шет тілдерінің сөздері өсімдіктануда едәуір орын алады. Кірме терминдердің ішінде саны жағынан көп кездесетіні грек тілінің сөздері. Біз тоқталғалы отырған биология оқулықтары мен сөздіктерінде, ғылыми еңбектерде жиі ұшырасатын кірме терминдердің жалпы саны – 78. Олардың 61-і шығу төркіні жағынан грек сөздері: Мысалы: андроцей (гр. aner, andros еркек + oikos үй), гамона (гр. gamos неке), гниецей (гр. gune әйел + oikion үй, мекен), спорангий (гр. spora тұқым + angeion талшық) т.б.⁶

Байқап отырған боларсыздар, көрсетілген сөздер грек тіліндегі тұлғасын сақтап қабылданбай, орыс тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес өзгерістерге ұшыраған. Ал орыс тілінен қазақ тіліне алыну барысында бұл заңдылық сақталмай, орыс тіліндегі тұлғалануынша қабылданған.

Орыс тілінің қазақ терминологиясының баюына қосқан үлесі өз алдына жеке әңгіме. Алайда дәл осы тұстағы ықпалын Ә. Қайдаровтың сөзімен айтқанда «Біле білсек, тіліміздің мүшкіл халге жетуінің көп себептерінің бірі – орыс тілінің өктемдік әсері»⁷ екенін мойындамасқа шарамыз жоқ.

Кірме терминдердің ішінде грек сөздерінен кейінгі жиірек ұшырасатыны латын сөздері. Олардың саны – 14. Мысалы: Вакуоль (< лат. vacuu бос, қуыс), интина (< лат. intus ішкі), пигмент (< лат. pigmentum бояу), столон (< лат. stolo, stolos тамыр өркені) т.б.⁸ Бұл терминдер де орыс тілі-

⁶ Словарь иностранных слов. – М., 1988; Биологический энциклопедический словарь. – М., 1986; Советский энциклопедический словарь. – М., 1987; Словарь ботанических терминов. – М., 1984.

⁷ Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы, 1993. - 26-б.

⁸ Жоғарыда көрсетілген сөздіктер пайдаланылды.



нен қазақ тіліне дәл жоғарыдағыдай жолмен қабылданған. Егер аталған терминдерді тілімізге орыс тілі арқылы енген грек, латын сөздері десек, орыс тілінен де қазақ тіліне енген терминдер бар. Олар: клетка, ткань, ядро т.б. Аталған осы үш терминнің екеуінің қазір қазақша баламасы бар. Соңғы шыққан өсімдіктану оқулығында «клетка» терминінің орнына – «жасуша», «ткань» терминінің орнына – «ұлпа» терминдері қолданылған⁹. «Клетка» термині соңғы кезде «торша», «торкөз» түрінде де аударылып жүрген болатын. Ұсынылған үш сөздің ішінен оқулық авторларының «жасуша» терминін таңдап алуына «клетка» терминінің жасуындай өте кішкентай екендігі негіз болса керек. – ша жұрнағының да кішірейту мәнінде қолданылатыны белгілі. Ал «ткань» термині ең алғаш 1960-жылдары жарық көрген биологиялық сөздіктерде кездеседі¹⁰. Е.Бекбенбетов өз мақаласында биология ғылымына әбден сіңіп кеткен клетка, ткань т.б. терминдерді аударудың қажеті жоқ дейді¹¹. Біз мұндай көзқараспен келісе алмайтындығымызды жоғарыда айттық. Сондықтан оқулық авторларын қолдай отырып, алда жарық көретін биологиялық сөздіктер мен оқулықтарда, ғылыми еңбектерде бұл терминдердің бірізді қолданылуын қалаймыз. Сонда жаңа терминдер тез қалыптасады әрі оқырманды шатастырмайды. «Ядро» термині «сокта» деп аударылып жүр. Бірақ бұл термин жоғарыдағы екі термин сияқты оқулықтарға, сөздіктерге әлі енген жоқ.

Қорыта айтқанда, төл терминологиямыз қалыптасып, қазақ тілі ұғынықты толыққанды ғылым тілі болсын десек, шет тілінің терминдерін аударуда, қабылдауда ана тілімізге нұқсан келтірмейтіндей байыпты бағыт ұстануымыз қажет-ақ.

*ҚР ҰҒА Хабарлары.
Тіл, әдебиет сериясы,
1994. – № 2. - 54-57 бб.*

⁹ Әлімқұлқызы Р. т. б. Өсімдіктану. – А., 1993. 20-37-б.

¹⁰ Мұсақұлов Т. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – А., 1960.

¹¹ Бекбенбетов Е. «Термин сөздерді аудару жайлы бірер сөз». «Қазақстан мектебі», 1992. - №3, -75-78-б.



Гүлдерде де гүлдер бар*

Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігінде өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты 70-ке жуық термин сөздер қамтылған. Бірақ, онда біз сөз етіп отырған ғылым саласына қатысты терминдерге синонимдік және грамматикалық анықтамалар берілмеген. Олай болуының да өзіндік мәні бар. Өйткені бір жүйедегі термин сөздердің мағыналары өздерінің дербестігін сақтайды. Оның үстіне өзара синонимдік қатар түзу – терминология үшін заңды құбылыс болып саналмайды. Ал «жапырақ тақтасы» (жапырақ алақаны), (листовая пластинка), «желек» (күлтежапырақша) (лепесток) т.б. сияқты терминдердің жарыса қолданылуына келсек, бұлардың алғашқыларын ғана негізгі термин деп танып, қалғандарын термин жасауда, терминологияны қалыптастыруда ұсынылған, бірақ халық талғамынан өте алмаған варианттар деп ұққанымыз орынды. Мұндай терминдердің ұзақ уақыт қосарлана қолданылып жүруін терминологтардың терминологияны ретке келтірудегі, қалыптастырудағы әрекетсіздігі деп түсінген жөн. Әдеби тілде (әсіресе көркем әдеби тілде) синонимдердің атқаратын рөлі айрықша болса, терминологияда керісінше, нақтылықтың, дәлдіктің, әр ұғымды өз атымен ғана атаудың мәні зор. Дәлірек айтсақ, бір жүйедегі терминдердің синонимдес болмауы – терминологияға қойылатын негізгі шарттардың бірі болып табылады. Терминдерге синонимдік анықтаманың берілмеуінің сыры осында жатыр.

Өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты терминдерге грамматикалық анықтаманың берілмеуіне келсек, оның себебі, грамматикалық анықтама беру арқылы терминнің мағынасын түсіндіруге болмайтындығымен байланысты.

Анықтама беруші авторлардың анықтамалардың мейлінше дәл болуымен бірге, ықшамдылық жағын да ескергені байқалады. Анықтама үшін бұл да қажетті шарттардың бірі. Дегенмен, «жапырақ» терминінің анықтамасына, жапырақтың өсімдік сабағы мен бұтағына орналасатын, түсінің жасыл болатынын қоссақ анықтама толығы түсер еді.

Сөздікте *бөбежапырақ*, *гүлтабан*, *гүлтұғыр*, *гүлшианақ* және *гүлтамақ* терминдеріне сілтемелі анықтама берілген. Биологиялық сөздіктер мен оқулықтарда орыс тіліндегі бір ғана «трилистик» терминінің баламасы ретінде *бөбежапырақ*, *қосалқы жапырақ*, *жапырақ серігі* терминдері қолданылып жүр. Бұл үш варианттың ішіндегі көбірек ұшырасатыны, жиірек

*Мақаланың журналға ұсынылғандағы тақырыбы «Өсімдік анатомиясы мен морфологиясы терминдеріне түсіндірме сөздікте анықтама беру туралы» деп аталған. Редакция тарапынан ұсынылған жоғарыдағы тақырыппен жарық көрді.

қолданылатыны қосалқы жапырақ термині. Ендеше, сөздікті бөбежапырақ терминінің қосалқы жапырақ терминіне сілтенгенін дұрыс деп білеміз.

Орыс тіліндегі «цветоложе» терминін *гүлтабан*, *гүлтұғыр*, *гүлкіндік* түрінде, ал «бутон» терминін *гүлшанақ*, *шанақ*, *бітеугұл*, *гүлтостаған* түрінде қолданып жүрміз. Бұл терминдердің негізгі термин дәрежесіне көтерілгені, яғни, соңғы кезде шыққан сөздіктер мен оқулықтарға енгендері – *гүлтабан* және *гүлшанақ* сөздері. Аталған түсіндірме сөздікте қалыптасқан термин ретінде *гүлкіндік*, *гүлтостаған* терминдері берілген де, сілтеме соларға жасалған. Жоғарыда айтқанымыздай, терминологиядағы мұндай жарыспалық терминнің алғашқы жасалу, қалыптасу кезеңінде болса, онда кешірімді. Егер ол варианттар үнемі осылай үзеңгілесіп жарысып жүретін болса, онда олардың ғылым үшін пайдасынан зияны көп. Сондықтан мұндай терминдердің таңдаудан өткен біреуі ғана терминдік мәртебеге ие болып, сөздіктегі сілтеме соған ғана жасалынуы қажет. Осындай бірізділікке көшу арқылы ғана терминді дұрыс қалыптастыру мүмкіндігі туады. Сөздік жасаушылар мен оқулық, ғылыми еңбектер жазушы авторлар бұл қағиданы қатаң басшылыққа алғаны жөн.

Анатомиялық терминдерге берілген анықтамаларда кеткен кемшіліктер де жоқ емес. Олардың қатарына *аталық*, *клеткааралық*, *масақ*, *тіккен* терминдеріне берілген анықтамаларды жатқызуға болады. «Аталық» терминіне «еркек жынысты» деген өте қысқа анықтама берілген. Бұл анықтамадан аталықтың формасы қандай болатынын, оның қайда орналасатынын, т.б. сол сияқты ерекшеліктерін білу мүмкін емес.

«Клеткааралық» терминіне «сын.» деген стильдік белгі қойылып, «клеткалар арасындағы» деген түсініктеме берілген. Біріншіден «клеткааралық» сын есім емес, субстантивтенген зат есім. «Межклетник» терминінің қазақша баламасы. Екіншіден, атау сөзге «клеткааралық» терминінің емес, «клеткааралық заттар» (межклеточные вещества) терминінің мағынасын түсіндіруге қажетті цитаттар келтірілген. Берілген анықтама да, келтірілген цитаттар да терминнің мағынасын ашпайды. «Масақ – дақылдардың аңызда қалған дәнді басы» – деген анықтамамен де келісу қиын. Сонда, дақылдардың дәнді басы аңызға түсіп қалмаса, масақ бола алмай ма? Аңызға түсіп қалмай тұрып-ақ, өсіп тұрған қалпында да біз оны «масақ» дей аламыз. Биологиялық сөздікте масаққа «жолжелкен, қияқ, астық тұқымдастардың ұзарып өскен гүлсабағында орналасқан гүлшоғыры» деген анықтама беріліпті. Міне, мұны дұрыс берілген анықтама деуге болады. Түсіндірме сөздікте дәл осы арнаулы сөздіктегідей болмағанмен сөздіктің сипатына лайық дұрыс түсінік берілуі керек еді.

«Тікен» терминіне берілген анықтамаға көңіл аударып көрелік: «Тікен – кейбір ағаштар мен өсімдіктердің бұтақтарында болатын, ұш жағы үшкір зат, тікенек». Біріншіден, «ағаштар мен өсімдіктердің» деудің орнына «ағаштар мен шөптесін өсімдіктердің» деген немесе «кейбір өсімдік-



тердің» деген орынды болар еді. Өсімдік деген ағаштың да, бұтаның да, шөптің де басын біріктіретін жалпы атау екендігі белгілі. Ендеше, өсімдік пен ағашты тең дәрежедегі ұғымдар ретінде қолдануға келмейді. Ағаш өсімдіктің бір түрі ғана. Екіншіден, тікен өсімдіктердің бұтақтарында ғана емес, сабақтарында да (мәселен, раушан гүлінің сабағында т.б.) болады.

«Шешек» терминіне «түрлі-түсті жұпар иісті гүл» деген анықтама беріліпті. Бұл анықтамаға қарап, шешекті гүлдің бір түрі деп түсінуге болады. Шындығында «шешек» пен «гүл» бір ғана ұғым. «Шешек» көне түркілік байырғы атауы да, «гүл» кейіннен қалыптасқан атауы. «Шешек» сөзі қазір сирек қолданылады. Жалпы халық тілінде де, биологиялық термин ретінде де гүл атауын жиі қолданып жүрміз. Сондықтан да «шешек» сөзін түсіндіріп жатпай-ақ «көне» деген стильдік белгі қою арқылы «гүл» сөзіне сілтеме жасаған дұрыс болар еді.

Біз жоғарыда өсімдіктердің құрылым-құрылысын білдіретін терминдерге қандай анықтамалар берілгендігіне, термин сөздердің мағыналарын түсіндіруде олардың қайсысын қолданған тиімді екендігіне тоқталдық. Сөз соңында айтпағымыз, он томдық түсіндірме сөздікте камтылған өсімдіктердің құрылым-құрылысын білдіретін терминдердің мағыналарын түсіндіруде кеткен кейбір кемшіліктерге қарамастан, олардың көпшілігіне анықтама дұрыс берілген. Ал көрсетілген кемшіліктердің келешекте жарық көретін сөздіктерден орын алмағаны жөн.

*«Зерде» журналы.
1994. №4. 23-бетте.*

Қазақ терминографиясы және терминологиялық жұмыстарды үйлестіру мәселесі

Терминтанудың Қазақстанда тіл білімінің дербес саласы ретінде танылып, арнайы зерттеле алмай келе жатқандығынан болса керек, оның бірқатар маңызды мәселелері біздің ғалымдарымыздың назарынан тыс қалып келеді. Мысалы, терминография туралы термин, терминология мәселелерін арнайы зерттеп жүрген ғалымдардың еңбектерінде сөз қозғалмауы соның дәлелі. Бұл термин ғылыми еңбектермен бірге дәл бүгінге дейін біздің елімізде жарық көрген терминологиялық сөздіктерден де орын алмапты.

Аяқталған ғасырдың жиырмасыншы жылдарынан бері термин мәселесінің сөз болып, сол кезеңнен бастап, көптеген терминологиялық сөздіктердің жарыққа шыққанын ескерсек, терминографияны бізде терминтанудың арнайы қарастырылып, жан-жақты сөз болуға тиісті саласы ретінде тануға негіз бар. Бұл терминография тарихын зерттеу үшін ғана емес, жалпы терминологиялық сөздіктер қандай принципке негізделіп



жасалуы керек, оларды түзуде қандай кемшіліктерге жол бермей, нені басты назарда ұстау қажет және алдағы уақытта қай типтегі сөздіктер жасау қажеттілігін анықтау үшін де арнайы қарастырылуға тиісті мәселе. Дәл қазіргі кезеңде 33 томдық терминологиялық сөздіктер тізбегінің жарық көріп жатқандығынан баршамыз хабардармыз. Осы сөздіктер қандай принципке негізделіп жасалып жатыр және 1962 жылғы сөздіктерден өзгешелігі тек бұрынғы кірме терминдердің орнына соңғы он шақты жыл ішінде ұсынылған кейбір баламаларды енгізумен ғана шектелу ме? деген сұрақтардың туындайтыны сөзсіз. Терминографияның осы тәріздес теориялық және практикалық мәселелерінің ғылыми шешімін дұрыс табуы үшін терминография саласындағы зерттеу жұмыстары жүргізілуі қажет. Бізде терминографияға арнайы көңіл бөлінбей ол лексикография ауқымында ғана қарастырылып келгендіктен, терминологиялық сөздіктер түзу кезінде көптеген қиыншылықтардың туындайтыны сөзсіз. Қазақ тіл білімінде лексикографияны едәуір зерттелген сала деуге болады. Бұл тұрғыдан келгенде лексикограф ғалымдарымыздың әр түрлі типтегі сөздіктер жасаудағы тәжірибелері мен олардың ғылыми еңбектерінде шешімін тапқан жайттар қазақ терминографиясының өз алдына дербес сала ретінде қалыптасуына оң ықпал етеді деп білеміз. Алайда өзімізбен ғылым саласындағы ынтымақтастығы үзілмей келген іргелес елдердің терминтану саласындағы зерттеулерінен едәуір орын алған мәселенің бізде мүлде назарға ілікпей келуін дұрыс деп танудың еш негізі жоқ. Мәселен, көршілес ресейлік В.Н.Сергеев, Ф.П.Сороколетов, В.А.Татаринов сияқты көптеген ғалымдардың мақалаларын айтпағанда, А.С.Герд, С.В.Гринев, Ю.Н.Марчук сынды ғалымдардың терминографияның іргелі мәселелеріне арналған көлемді зерттеу еңбектері жарық көрді¹.

Теориялық терминография төңірегінде жан-жақты сөз болып, терминография негіздері айқындалып жатқанда біздің шет қалып қоя беруімізге болмайтыны анық. Сол себепті бұл бағыттағы атқарылуға тиісті жұмыстар бізде әлі өз зерттеушілерін күтіп тұр.

Терминография терминінің жасалуына келер болсақ, бұл терминнің тіл білімінде кеңінен қолданылатын *лексикография*, *орфография* терминдерінің үлгісімен жасалғандығы анық аңғарылып тұр. Негізгі үлгі ретінде *лексикография* термині алынған деуге болады. Оның негізі де жоқ емес. Өйткені терминография лексикография негізінде дамып, өз алдына дербес сала ретінде тармақталып отыр. Сондай-ақ қарастыратын объектілері де, жүргізілетін жұмыстарының бағыты да ұқсас. Лек-

¹Герд А.С. Основы научно-технической лексикографии. – Л., 1986.; Гринев С.В. Введение в терминологическую лексикографию. – М., 1986.; Марчук Ю.Н. Основы терминографии. – М., 1992.

сикография – сөздік жасаудың теориясымен және практикасымен айналысатын тіл білімінің саласы, сонымен қатар жалпы немесе арнаулы сөздіктердің жиынтығы деген ұғымдарды білдірсе, терминография – тек арнаулы сөздіктер, оның ішінде, терминологиялық сөздіктер жасаудың теориясымен, практикасымен айналысатын терминтанудың саласы және терминологиялық сөздіктер жиынтығы деген ұғымдарды қамтиды.

Бұрынырақта жалпы сөздіктер мен арнаулы сөздіктер түзудің теориясы мен практикасы лексикография шеңберінде қарастырылып келсе, соңғы кезеңдерде терминологиялық сөздіктер мәселесі жеке зерттеле бастады. Оның да өзіндік себептері бар. Ол себептер терминография мәселесімен тікелей айналысып жүрген ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты көрініс беруге тиіс. Біздің пайымдауымызша, терминографияның дербестенуіне мынандай факторлардың тікелей әсері болған. Біріншіден, ғылым салаларының қарқынды түрде дами бастауына байланысты терминологиялық сөздіктерге әр саланың ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсетіп беру міндеті жүктелді. Екіншіден, терминтанудың тіл білімінің дербес саласы ретінде қалыптасуы – терминографияның да лексикографиядан біртіндеп іргесін ажырата бастауына себепші болды. Үшіншіден, жалпы филологиялық сөздіктер мен арнаулы сөздіктердің өзіндік ерекшеліктері, мақсаттары олардың жеке қарастырылуына мүмкіндік туғызады.

Лексикографтар мен терминографтар бұл мәселені тереңірек зерттеу барысында әлі де өзге факторлар болса айқынды жатар. Біз өз пайымдауымызды алға тарта отырып, осы бағыттағы зерттеулердің сөзсіз қажет екендігін атап айтқымыз келеді.

Ғылыми-техникалық терминдерді ұлт тілінде жасаудың маңызын түсіне отырсақ та «терминография» терминіне өз тілімізден балама ұсынбадық. Себебі *термин* және жоғарыда аталған *орфография*, *лексикография* терминдері тілімізде өзгеріссіз қолданылып жүр. Егер «терминография» терминінің орнына өз тілімізден балама ұсынсақ онда *орфография*, *лексикография* терминдерінің құрамында қолданылған *графия* терминдік элементін немесе осы бір үлгімен жасалған атаулардың барлығын терминологиядағы жүйелілікті сақтай отырып, бір тектес етіп алғанымыз дұрыс болар еді. Екінші жағынан, ана тілі негізінде жасалмаған демесек, терминге қойылатын жалпы тілдік талап тұрғысынан қарағанда «терминография» термині сәтті жасалған. Орыс тіл білімінде бұл термин жасалғанға дейін қолданылып келген *терминологиялық лексикография* (*терминологическая лексикография*), *ғылыми-техникалық лексикография* (*научно-техническая лексикография*) терминдері ықшамдылығы, дәлдік және біртектес ұғымдарды жүйелеп беру тұрғысынан да сәтті болып шықпаған. Сондай-ақ терминографияның қарастыратын өзіндік зерттеу нысаны бар терминтанудың жеке тармағы екенін көрсетуде де сөз болып отырған терминнің атауға тән артықшылығы анық аңғарылып

түр. Осындай себептер аталған терминге өз тілімізден балама іздемей оны өзгеріссіз қолдануымызға мәжбүрлік туғызды.

Республикадағы терминологиялық жұмыстарды үйлестіру мәселесін дұрыс жолға қою да қазақ терминографиясының дамуымен тікелей байланысты. Терминография теориясы терең зерттеулер негізінде қалыптасып, терминологиялық сөздіктерді жасаудың практикалық және әдістемелік мәселелері жан-жақты зерттеліп, бұл істе басшылыққа алуға жарайтын жақсы еңбектер жарық көріп жатса, қазіргі кезеңде терминологиялық жұмыстарды үйлестіру мен ұйымдастыру ісінде орын алып отырған кемшіліктердің түзетіліп, алдағы уақытта ондай олқылықтарға жол берілмеуіне мүмкіндік туындаған болар еді.

Сөздің терминологиялық мағынасын түсіндіру кезінде оның дефинициясының құрамынан жалпы тілге тән семалардың орын алуы, сәтсіз жасалған терминдердің де арнаулы сөздікке енгізілуі немесе бір терминнің әр сөздікте әр түрлі нұсқада берілуі сияқты кемшіліктерді біздің терминологиялық сөздіктерден кездестіру аса қиындық туғызбайды. Мысалы, биологиялық сөздіктерге *клетка, жасуша, торша, торкөз* терминдері, экономика терминдерінің сөздіктерінде *спонсор, демеуші, мияткер, жебеуші, қолдаушы* немесе *бағалы қағаз, құнды қағаз* сияқты терминдер әр автордың қалауынша енгізіліп жүр. Мұндай мысалдарды өзге ғылым салаларының терминологиялық сөздіктерінен де келтіре беруге болады. Терминография саласындағы жетістіктерді пайдалана отырып, жаңа үлгідегі сөздіктер түзудің орнына алдыңғы шыққан сөздіктерге азын-аулақ қана сөз қосып, автор атанудан келер пайда шамалы болса керек. Терминологиялық сөздіктердің тиісті талап деңгейінен шықпай жатуы оларды түзуде басшылыққа алатын терминологиялық еңбектердің болмауынан, сөздік жасаушылардың ізденісі мен тәжірибесінің жетпей жататындығынан және терминологиялық жұмыстарды республикалық көлемде ұйымдастырып, үйлестіріп отыратын мекемелер жұмысының әлсіздігінен туындап жатқан мәселе. Сол себепті терминография саласындағы зерттеулер жүргізілетін болса, соған сәйкес қазақ терминологиясын жетілдіруге терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде үйлестіру, терминологиялық сөздіктер түзу ісінің сапасы да арта түсетініне күмән болмауға тиіс. Өйткені бұл жұмыстар бір-бірімен тығыз байланысты.

Ізденістер-нәтижелер.

– Алматы: Қазақ мемлекеттік аграрлық университеті,
2000. - № 6. - 27-27-66.

Қазақ терминографиясының бастау көздері

Қай ғылым саласының, зерттеу бағытының болмасын басталу, қалыптасу дәуірін анықтап, оған тиесілі алғашқы еңбектер мен ғылыми зерттеулерді көрсетіп беру – ғылым саласының тарихын зерттеудегі маңызды да қиын мәселелердің бірі. Әсіресе, өткен ғасырдың бас кезеңіндегі әр түрлі қоғамдық-саяси оқиғалар мен ондағы түрлі өзгерістерге байланысты белгілі бір мәселе төңірегінде болжам жасап, тұжырым жасаудың өзі күрделілеу мәселе. Қазақ терминографиясы тарихының алғашқы кезеңі де осы кезеңмен байланысты болып отыр.

Қазақ терминографиясының тарихын зерттеу барысында да бұл мәселелерге байланысты бір жақты тұжырым жасаудың оңай мәселе емес екендігіне көз жеткізуге болады. Соңғы жылдары ғана қолға алына бастаған теориялық терминографияның тарихына қатысты қалыптасып отырған жағдай, теориялық тұрғыдан терминографияны қарастырған еңбектердің болмай келгендігі өз алдына түсінікті мәселе. Ал тәжірибелік терминографияның тарихында белгілі бір еңбекті алғашқы еңбек ретінде нақты көрсетіп, кесімді пікір айту мүмкін болмай отыр. Қазақ терминографиясының жалпы тарихына қатысты алғашқы еңбек анықталған жағдайдың өзінде, ол тәжірибелік қазақ терминографиясы тарихының еншісіне қатысты еңбек болуы тиісті екендігі анық жайт. Қазіргі уақытқа дейін «терминография» терминінің қазақ тіл білімі үшін таныс болмай келгендігі, зерттеу бағыты ретінде қалыптаспағандығы терминологиялық сөздіктердің осыған дейін лексикографиялық еңбектердің тәжірибелеріне, іргелес орыс тіл біліміндегі терминологиялық сөздіктер шығару тәжірибесіне сүйене отырып жасалып келгендігінің өзі бұл тұжырымның негізділігіне дәлел бола алады.

Салалық ғылымдар мен оларға қатысты мәселелердің тарихын зерттеуде оны тарихи кезеңдердің ішкі қойнауынан, арғы кезеңдерінен бастау дәстүрі де бар. Мысалы, сөздік жасау ісіне қатысты сондай еңбектердің бірі ретінде орта түркі дәуіріне тән Махмұд Қашқаридың белгілі «Диуани лұғат ат-түрк» атты сөздігі тәрізді еңбектерді негіз етіп алуға да болады. Тек түркітану саласында ғана емес, әлемдік лексикографияның қалыптасу жолында үлкен маңызға ие болып отырған еңбектердің қазақ тіл біліміне, лексикографиясы мен бүгінгі қолға алынып отырған терминографиясына қатысы барлығын жоққа шығаруға да болмас. Ол еңбектердің екінші жағынан, қазақ тіл білімінің де жалпы тарихына қатыстылығын, қазақ тілі мен оны зерттейтін ғылымның адамзат өркениетінің даму, қалыптасу тарихындағы орнын көрсетіп беру тұрғысынан аса қажет екендігін жасыра алмаймыз. Бірақ, қазақ лексикографиясының болсын, терминографиясының болсын тарихын орта түркі дәуірінде шығарылған орта түркілік кезеңдегі белгілі ғалымдар сөздіктерінің

қазіргі терминографиялық еңбектерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келе бермейтіндігін де мойындауға тиістіміз. Сол кезеңдегі түркі тілдерінің бір бұтағы болып есептелетін қазақ тілінің, оның ішінде қазақ лексикографиясы мен терминографиясының тарихында аталған араб ғалымдары мен түрік ғалымдары құрастырған орта түркі тілдік материалдары негізіндегі белгілі еңбектердің, оның ішінде, Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» атты сөздігінің өзіндік орны бар екендігі анық. Бұл еңбектер бүгінгі ғылымның көзқарасымен қарасақ, қазақ тіл ғылымында тарихи маңызы тұрғысынан бағаланғаны орынды.

Бұл еңбектер жөнінде белгілі түркітанушы ғалым Кеңесбай Мұсаев та өз еңбегінде сөз ете келіп, тек «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігі ғана емес, сол кезеңдегі өзге де «Қорқыт Ата» кітабы, «Кодекс Куманикус» сияқты белгілі еңбектерде қоғамдық-саяси терминдердің, әскер ісі, өнер, әдебиет, металлургия, философия сияқты т.б. салалық терминдердің болғандығын, қазіргі түркі тілдеріндегі терминдердің қалыптасуы осы еңбектердегі лексикалық бірліктерден бастау алатындығын жоққа шығармайды. Ғалым өз кезегінде осы еңбектердің сөздік ретіндегі қазіргі тіл біліміндегі, терминографиядағы орнына былай деп баға береді: «Кейбір көне сөздіктер, мысалы, Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» атты түркі сөздігі (XI ғ.), «Кодекс Куманикус» (XIII ғ.) сөздігі және т.б. еңбектер қазіргі түркі халықтарының ешбірінің тілімен сәйкес келмейді. Олар түркі халықтары тілдерінің жіктелу кезеңінің көрінісі, сондықтан олар қазіргі түркі тілдеріндегі терминдердің дамуында соншалық маңызды қызмет атқармайды. Олар тек тарихи сипатқа ие»¹.

Бұл пікірдің негізінде аталған сөздіктердің қазіргі қазақ терминографиясындағы да орнын тарихи маңыздылығы тұрғысынан атап өтудің жөн екендігін нақтылай түсеміз. Сол себепті қазақ тілі жеке сөйлеу тілі, ұлт тілі ретінде қалыптасқан кезеңнен бері қолға алынып келе жатқан қазақ тіл біліміне әлемдік лексикография тарихында жоғары бағаланып отырған бұл еңбектердің жанама ғана қатысы барлығын ескерсек, оларды жаңа қолға алынып отырған қазақ терминографиясын есептемегенде, жалпы қазақ лексикографиясының тарихындағы алғашқы еңбектер ретінде танып, бұл салалардың даму тарихын сол кезеңнен бастау – ғылымда негізсіздеу мәселе.

Тіпті, қазақ лексикографиясындағы сөздіктер тарихын зерттеуші М. Малбақовтың зерттеу еңбегінде көрсетілген XIX ғасырдың соңында шығарыла бастаған сөздіктерін қазақ лексикографиясы болмаса, біржақты қазақ терминографиясы тарихының бастауы етіп көрсету қи-

¹ Мусаев К.М. Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М.: Наука, 1986. – С. 16.



сынға келе қоймайды². Бұл тұстағы сөздіктер жекелеген кірме сөздерді қамтығаны болмаса, сол кезде «пән сөздері» аталған салалық ғылыми ұғымдарды беруді арнайы мақсат етпеген. Алғашқы лексикографиялық сөздіктерге жататын бұл еңбектер басылып шыққан тұста тіліміздегі салалық ғылыми ұғымдарды қалыптастырып, жүйелеу ісі де мақсатты түрде қолға алына қоймаған еді. Сондықтан лексикографиялық сөздіктер бола тұрса да, олардан терминографияға тән белгілер мен терминдерді беруші қызметтерді таба қоймаймыз.

Терминологиялық сөздіктер тарихын сөз еткен кейбір еңбектерде 1931 жылы Қызылорда қаласынан басылып шыққан «Атаулар сөздігін» алғашқы терминологиялық сөздік ретінде көрсетеді. Осы пікір қазақ тіл білімінде кеңінен таралып, қазірге дейін сақталып отыр³. «Атаулар сөздігі» қазақ терминографиясының тарихындағы алғашқы терминологиялық сөздіктердің бірі болып есептелетіндігі және оның терминологиялық сөздіктер жасау тәжірибесін байыта түсуде өзіндік маңызды орны бар екендігі анық және оны жоққа шығаруға тиісті емеспіз. Тәжірибелік қазақ терминографиясының тарихындағы бұл еңбектің маңызы мен өзіндік орны бөлек. Тек нақты терминдерді беруді мақсат еткен сөздіктер тұрғысынан келсек, бұл орайда «Атаулар сөздігіне» дейін де өзге сөздіктердің баспадан жарық көргендігін ескерсек, терминологиялық сөздіктер жасау ісінің басын 1931 жылдан бастап қарастыру, «Атаулар сөздігін» қазақ терминографиясындағы бірінші сөздік етіп көрсету орынсыз болған болар еді. Мысалы, сондай сөздіктердің қатарына Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Тілдерді дамыту департаментінің тапсырысы бойынша жинақталып, латын әліпбиінен қазіргі әліпбиімізге көшіріліп, қайтадан басып шығарылған, кезінде 1927 жылы жарық көрген Н. Қаратышқанов құрастырған «Пән сөздері» атты сөздікті жатқызуға болады. Ең алдымен, бұл сөздік уақыттық жағынан да «Атаулар сөздігінен» бұрынырақ шыққан сөздік болып есептеледі, әрі көздеген мақсаты тұрғысынан да аты айтып тұрғанындай, сол кезеңде «пән сөздері» деп аталған терминдерді жүйелеп беруді көздеген сөздік-еңбектердің бірі⁴. Н. Қаратышқанов құрастырған аталған «Пән сөздері» атты сөздік – сол кезеңде шығарылған сөздіктердің ішіндегі тарихи мұрағаттардан бізге жетіп, белгілі болып отырған сөздіктердің бірі екендігін ескеруіміз керек. Бұндай тарихи дәйек 1931 жылы шығарылған «Атаулар сөздігіне» дейін де ғылыми ұғымдарды беруді,

² Малбаков М. Бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 6-8-бб.

³ Атаулар сөздігі // Жалпы редакциясын басқарған А. Байтұрсынұлы. – Қызылорда: «Қазағыстан», 1931. – 168 б.

⁴ Пән сөздері [Қаратышқанов Н.]. (1927). – Алматы: «Ер-Дәулет», 2004. – 128 б.





оларды реттеуді мақсат еткен сөздіктер жарық көрген деген тұжырым жасауға мүмкіндік береді.

Белгілі ғалымдар Ә. Қайдаров пен Ө. Айтбаевтың қазақ терминтану ғылымының тарихын сөз еткен мақалаларынан мынандай мәліметтерді кездестіруге болады: «Қазақ терминологиясының мәселесі ең алғаш рет 1924 жылы Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбор қаласында өткен ғылыми қызметкерлердің республикалық I съезінде кеңінен сөз болған. Мұндағы салиқалы әңгімелер термин жасау ісіндегі кейбір қағида тты мәселелерді күн тәртібіне шығарып пікір түйіндеуге мүмкіндік берген сияқты»⁵. Біздіңше, терминология мәселелері осы кезеңнен-ақ қазақ даласында ауқымды түрде қарастырыла бастаса, онда бұдан кейінгі кезеңде және оған дейінгі аралықта терминдерді реттеу, қалыптастыру, жүйелеу мәселелерінің сөз болмауы, бұл істерді жүзеге асыруда үлкен қызмет атқаратын терминологиялық сөздіктер мен осы мәселеге арналған еңбектердің жарық көрмеуі мүмкін емес.

Сондықтан жалпы терминдер қалыптастыру ісі, терминологиялық сөздіктер жасау ісі кеңес дәуірі тұсында 1930 жылдан бастап ауқымды түрде қолға алына бастағанына қарамастан, оған дейін де жарық көрген еңбектерді, оның ішінде терминологиялық сөздіктерді қарастырмай өту, олардың терминографиялық еңбектердің қалыптасуындағы, терминологияның дамуындағы орнын атамай кету жөн емес.

Ғалым К.Мұсаев Кеңес республикалары халықтарының тіліндегі терминологияның дамуын зерттеген еңбегінде терминологиялық сөздіктер мәселелерін қарастыра келіп, Қазақстандағы алғашқы терминологиялық сөздіктің шығуын 1936-1937 жылмен байланыстырады⁶. Жинақ ретінде осы атпен шығарылған екінші еңбекте қазақ терминологиясының дамуына арналған мақалаларында Ә. Қайдаров пен Ө. Әбдірахманов: «Терминологиялық сөздіктер Қазақстанда 1935 жылдан шығарыла бастады», – деп көрсетеді⁷. Біздіңше, ғалымдар кеңес мемлекетіндегі терминологиялық сөздіктердің шығарылуын негізге алған сияқты. Бүгінгі күн талабынан қарастырсақ, 1935 жылдан бергі кезеңнің қазақ терминологиясы мен терминографиясының даму тарихында алғашқы кезең бола алмайтындығы анық және бұл тұжы-

⁵ Қайдаров Ә., Айтбаев Ө. Қазақ терминологиясының даму тарихы, қазіргі жағдайы және міндеттер // Қазақ терминологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1986. – 9-30 бб.

⁶ Мусаев К.М. Формирование, развитие и современные проблемы терминологии на языках союзных республик СССР // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М.: Наука, 1986. – С. 16.

⁷ Қайдаров А., Абдрахманов А. Казахская терминология // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М.: Наука, 1987. – С. 36-41.



рыммен жоғарыда аты аталған ғалымдардың келісетіндігіне сенім мол.

Өткен ғасырдың 20-30 – жылдары аралығында шығарылған терминологиялық сөздіктерді қазақ терминографиясының тарихындағы алғашқы сөздіктер ретінде бағалап, қазақ терминографиясының қалыптасуындағы олардың өзіндік маңызды орны бар екендігін айтып өту керек. Олардың ішіндегі белгілі бір сөздікті қазақ терминографиясындағы бірінші сөздік ретінде нақты белгілеп, көрсетіп беру де қиынға соғып отырғандығы – қазақ терминографиясының тарихын талдаудағы күрделі мәселелердің бірі.

Ең бастысы, аталған жұмыстардың терминдерді қалыптастырып, дамытудың алғашқы кезеңінде терминдерді жеткізу, қалыптастыру, реттеу, бір ізге түсіру сияқты қазіргі «терминография» деп атап жүрген салаға тән жұмыстарды жүзеге асырғанын, қазақ терминографиясы тарихының алғашқы кезеңіндегі еңбектер бола алып отырғанын, өз кезеңінде әр түрлі дәрежеде терминографияның маңызды қызметтерін орындағанын айтпай өтуге болмайды.

Ал терминография ұғымының тек терминологиялық сөздіктермен шектелмейтіндігін, терминологиялық сөздіктер – оның негізгі зерттеу нысандарының бірі ғана екендігін, терминографияның терминдерді реттеп, жүйелеуші жұмыстармен байланысты мәселелердің барлығын қамтитындығын ескерсек, терминография тарихының бастау көздерін алғашқы басылып шыққан терминографиялық сөздікпен шектеу де дұрыс болмайды.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ даласында маңызды қызмет атқарған журналдар мен газеттердің шыға бастағаны бүгінгі тарих үшін жаңалық емес. Жаңа ғылыми ұғымды білдіретін сөздер мен соған байланысты тілімізге ене бастаған кірме сөздердің қазақ тілінде қалыптасып, көпшілікке түсінікті сөздер ретінде таралуына осы баспасөз басылымдарының қызметі ерекше болғандығы да түсінікті. Сондықтан бұл мерзімдік басылымдардың да қандай жағдайда болмасын терминдердің қалыптасуына ықпал еткен, терминографиялық жұмыстарды іске асырған еңбектер ретіндегі қазақ терминографиясының тарихындағы орнын тағы атап өтпей кете алмаймыз. Осы кезеңдегі бәріміз тілге тиек етіп жүрген «Түркістан уалаяты», «Дала уалаяты», «Қазақ», «Сарыарқа» газеттері мен «Айқап» сынды журналдар кезінде белгілі дәрежеде терминографиялық еңбектердің қызметін атқарғандығын айтуымыз керек. Бұл – уақыт қажеттілігінен туындап, қалыптасқан жағдай, терминография тарихындағы шындық. Мән беріп қарасақ, бұқаралық ақпарат құралдары, әсіресе, баспасөз басылымдары қай кезеңде де терминдерді бірізге түсіріп, қалыптастыру ісінде маңызды қызмет атқарып келеді. Бұл қазіргі қазақ терминологиясы мен термино-

графиясында да солай болып отыр. Аталған мерзімдік басылымдар терминологиялық сөздік ретінде қызмет атқармаса да, терминдерді жүйелеп, реттеп, қалыптастыруға қызмет еткен жұмыстар ретінде бағаланып, қазақ терминографиясының тарихынан орын алуға тиісті. Сондықтан қазақ терминографиясы тарихының басын ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басындағы баспасөз басылымдарынан бастаудың негізі бар деп есептейміз.

Жаңа терминдердің берілуінде оқулықтар мен оқу құралдарының да терминографиядағы орнын ұмытпаған дұрыс. ХХ ғасырдың 20-30 жылдарындағы оқулықтар қазақ терминографиясы тарихының алғашқы кезеңінде терминдерді жасау, енгізу, реттеу, қолданыста орнықтыру жұмыстарын жүзеге асыруда маңызды қызмет атқарды. Әрине, оқулықтар терминдерді реттеу, жүйелеу ісінде негізгі еңбек болып есептелмейді. Ғылыми тұрғыдан, оқулықтарда да терминографиялық еңбектерге тән реттеуші, қалыптастырушы, жүйелеуші қызметтің белгілері бар екендігін, сондықтан олардың да терминографияның жанама зерттеу нысандарының бірі бола алатындығын айтып өту керек. Бұл қазіргі терминография ғылымында да солай болуға тиісті. Оқулықтар – терминдерді салалық ғылыми жүйеге сәйкес реттеп көрсететін, әрі оларды нақты ғылыми мәтін ішінде қолдана отырып сұрыптайтын терминографиялық еңбек. Ал көптеген жаңа терминдер қалыптасып жатқан 20-30 – жылдардың кезеңінде жарық көрген оқулық еңбектер ол терминдердің қолданысқа еніп, қалыптасуы, жарамсыз терминдердің сұрыпталып, реттелуі үшін үлкен терминографиялық еңбектерге тән қызметтерді атқарғандығын мойындауымыз керек. Мұндай оқулықтардың қатарына М. Дулатовтың «Есеп құралын» (Орынбор, 1918), К. Жәленовтың «Есеп тану» (Ташкент, 1923), Ж. Күдериннің «Өсімдіктану» (Қызылорда, 1927), С. Қожановтың «Есептану құралы» (Ташкент, 1924) сияқты т.б. еңбектерді атап, оларды алғашқы кезеңдегі терминографияның бірқатар қызметтерін атқарған жұмыстар ретінде тануға толық негіз бар.

Жинақтай келгенде, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан 1930 жылға дейінгі аралықты қазақ терминографиясының тарихындағы бірінші кезең ретінде топтастырып, оның ішінде 1920-1930 жылдарды қазақ терминографиясындағы алғашқы терминологиялық сөздіктердің шығарыла бастау кезеңі деп қарастырған жөн. Қазақ терминографиясының алғашқы кезеңінде терминографиялық еңбектердің қызметін баспасөз басылымдары, терминологиялық сөздіктер, оқулықтар атқарған деген қорытынды жасаған орынды.

Қазақ терминологиясын жетілдіру жұмыстарын орталықтандыру мәселесі

Жалпы терминологиялық жұмыстарды үйлестіру жөнінде сөз болғанда ғылыми-техникалық және өзге де салалық терминдер жүйесін қалыптастыру мен жетілдіру жолында атқарылатын міндеттерді айқындап алу қажеттілігі туындайды.

Терминологияның қалыптасуы туралы сөз қозғағанда бізде әлі ғылыми терминология қалыптаспаған ба? – деген сұрақтың туындауы сөзсіз. Бұл тұста бірден басып ашып айта кететін мәселе – ғылым мен техниканың даму деңгейіне және сол арнаулы салаларда еңбек етіп жүрген ұлт кадрларының термин шығармашылығына қосқан үлесіне байланысты әр сала терминдерінің қалыптасу деңгейі әркелкі. Сонымен қатар, бізде термин қалыптастыру ісінде орыс тілінің әсері өте күшті болғаны ешкімге де құпия емес.

Қазақ тілінің көптеген ғылым салаларында қолданылмауы мен сан салалы терминологиялық жұмыстардың барлығын ретке келтіріп, үйлестіріп отыратын кәсіби дайындығы бар терминолог мамандармен жасақталған ғылыми орталықтың құрыла алмай келуі – Қазақстанда ұлттық терминологияның өз деңгейінде қалыптаспауының басты себебі екендігін айтқан жөн. Өзге тілдің әсері басым болса да бүгінгі сұранысымызды өтеп отырған терминологиялық қордың бар екенін ешкім де жоққа шығара алмайды. Осы қорға бүгінгі күннің талабы тұрғысынан қарай отырып, оған қаншалықты деңгейде және қалай өзгеріс енгізу керектігін ғылыми негізде анықтау өз алдына мәселе.

Қолданыстағы терминологиядағы ретсіздіктің өзі оны толық қалыптасқан деуге болмайтындығын көрсетеді. Бұл жөнінде біз түркі тілдері терминологиясының бүгінгі таңдағы мәселелерін арнайы сөз еткен түрколог ғалым К.Мұсаевтың мына пікірін өте орынды айтылған деп санаймыз: «Терминология на тюркских языках имеет более широкие проблемы, охватывающие практически все области: культуру, образование, экономику, производство и т.д. У тюркских языков еще не вполне устоялись терминологические сферы, они в значительной степени определяются существованием национально-русского двуязычия и русского одноязычия в ряде сфер»¹.

Орыс терминологиясындағы кемшіліктер мен қателіктердің көп жағдайда бізге де сараланбай көшіріліп келгендігі тағы бар. Ол туралы академик Г.В.Степановтың «Недостатки в русской терминологии неизбежно углубляются в национальных терминологиях»² – дегені белгілі.

¹Мусаев К.М. Современные проблемы терминологии на тюркских языках СССР // Советская тюркология. – Баку, 1989. – №4. – С. 19.

²Степанов Г.В. Современная научно-техническая терминология на языках народов СССР и за рубежом // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных республик. – М., 1983. – С. 15.



Бұл айтылғандардың қазақ терминологиясына да тікелей қатысты екендігі даусыз. Сондықтан да терминологияны қалыптастыру мәселесіне әлі де жете мән берілуі қажет. Ал терминологияны жетілдіру – үздіксіз жүргізіліп отыруға тиісті терминологиялық жұмыстардың бірі болып табылады.

Жалпы, терминологияны қалыптастыру, жетілдіру барысында атқарылатын реттеу, жүйелеу, үлгілендіру (унификация), стандарттау сияқты терминологиялық жұмыстардың қай-қайсысы да осы уақытқа дейін тиісті деңгейде жүргізіліп республика көлемінде бір орталықтан үйлестірілмей келді. Бүгінде мемлекеттік мәртебеге ие болуына байланысты қазақ тілінің ғылым мен техника саласындағы қызметін қамтамасыз етуге едәуір мүмкіндік туып отырғанына қарамастан, аталған терминологиялық жұмыстарды жүргізуде әлі де айтарлықтай өзгерістер болмай отырғанын жасырудың реті жоқ. Қазір мұны осы саладағы жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылмауымен, үйлестіру жұмыстарының тиісті деңгейде жүргізілмеуімен байланысты ғана түсіндіруге тура келеді.

Терминологиялық жұмыстардың мемлекеттік маңызын терең бағамдай отырып, бұл саланың жұмыстарын теориялық, әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ететін және барлық үйлестіру, ұйымдастыру жұмыстарын республика көлемінде жүзеге асыратын білікті, кәсіби дайындығы бар терминолог мамандардан тұратын құзырлы мемлекеттік орган болмаса ұлттық терминологияны жетілдіру мәселесінің шешіле қоюы өте қиын.

Ұлт тілінде жаңа терминдер жасалып, бұрынғы қабылданған кейбір терминдердің орнына басқа баламалар ұсынылуы мен әр сала мамандарының өзінше терминологиялық сөздіктер шығара бастауына байланысты терминологиядағы ретсіздік тіпті бұрынғыдан бетер өріс алып отыр.

Одақ кезінде терминологияны үйлестіруде Мәскеудің ілгерінді-кейінді ықпалы болатын еді. Енді бұл жұмысты жалпы ғылымның ұлт тілінің мүддесін ескере отырып жүргізу тек республика кадрларының өзіне жүктеліп отырған міндет. Сондықтан да бұл жұмысты дұрыс жолға қою үшін термин мәселесімен шындап айналысып жүрген ғылымның әр саласындағы тәжірибелі мамандардың, терминологтардың басын қосып өкілетті орган құратын уақыт әбден жетті.

Мамандандырылған орталық болғандықтан терминтану ғылымы саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу, республика көлемінде және халықаралық деңгейде жүргізілетін барлық терминологиялық жұмыстарды үйлестіру, арнаулы салалар бойынша жасалынған терминдерді ресми бекіту, терминолог мамандарды даярлау, ұлттық ғылыми-әдістемелік негізін жасау сияқты ауқымды мәселелердің барлығы сондай орталық арқылы жүзеге асып жатуға тиіс.

Мемлекеттік тілдің ғылым саласындағы қызметін атқаруы қажетті деңгейге көтерілуі үшін ұлттық ғылыми терминологияны ретке келтіру-



дің маңызы айрықша жоғары. Сол себептен де бұл саладағы жұмыстарды ендігі жерде бір сәтке де тоқтатуға немесе кейінге қалдыруға болмайды.

Сонымен, терминологиядағы ретсіздікті болдырмай, ұлттық ғылыми терминологияны жетілдіру үшін осы мәселемен тікелей айналысатын республикалық ғылыми-техникалық орталық ең дұрысы комитет құру арқылы терминологиялық жұмыстарды үйлестіріп отыру қажет.

Елімізде терминологиялық жұмыстардың дұрыс жүргізілмей жатуына терминтану ғылымының кенжелеп қалуы да тікелей әсер етіп отыр. Сондықтан да білікті терминолог мамандарды даярлау да алда тұрған басты міндеттердің бірі болып саналады.

Шындығын айту керек, терминтану деген ғылымның, терминолог деген мамандықтың бар екендігі бізде әлі мойындалмай келеді. Соның салдарынан терминология мәселесіне кез келген лингвистің, салалық маманның арнайы дайындықсыз-ақ араласып кесімді пікір айтуы заңды құбылыс секілді көрінеді. Терминтану ғылымы жақсы дамыған елдерде мұндай әрекетке жол берілмейді. Терминтанудың бізде ғылым деңгейіне көтеріліп, жоғары білікті кадрлардың дайындалмай отыруынан да, мәселенің мәнісіне терең бойлап жатпай-ақ термин жайында сөз қозғаушыларды көптеп кездестіруге болады.

Кәсіптік тұрғыдан келудің орнына терминге осылайша ат үсті қарайтындығымыздан да қазіргі кезеңде терминологияның көптеген мәселелерінің шешімін таба алмай үлкен кемшіліктердің орын алып отырғандығын жасырудың еш реті жоқ. Өз алдына дербес ғылым саласы терминтануға да арнайы маманданудың қажет екендігін ұмытуға болмайды.

Терминтану саласындағы теориялармен танысып, терминологияны зерттеу әдістері мен терминге қойылатын талаптарды білмей тұрып-ақ «терминге әркімнің-ақ бар таласы» – деп жол-жөнекей соға кету арқылы терминологияның күрделі ғылыми мәселесін шешуге араласудың пайдасынан зияны көп болары анық.

Осы орайда жауапсыздық пен талғамсыздық салдарынан туындаған сәтсіз терминдерің ұлт тілінде термин жасауға күдікпен, сенімсіздікпен қарауға итермелейтінін де есте ұстаған абзал. Мұндай фактор ұлт тілінің ғылым саласындағы қолданысына кедергі келтірері сөзсіз. Сол себепті терминологиялық жұмыстар жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асуға тиіс.

Терминтану ғылымы бізде жақсы дами алмай отырғанымен кейбір елдерде бұл едәуір зерттелген сала болып табылады. Сондықтан терминологиялық жұмыстарды жүргізу мен терминолог мамандарды даярлауда сондай елдер ғалымдарының ғылыми жетісіктері мен озық тәжірибелерін қажетімізге жарата білуіміз керек. Бұл орайда өзіндік тарихы бар терминологиялық мектебі қалыптасқан Германия, Ресей, Чехия, Украина сияқты елдерді атауға болады.





Мәселен, Ресейде 30-жылдардан бастап бұл сала жақсы зерттеліп келеді. Кезінде Лотте Д.С., Дрезден Э.К., Винокур Г.О., Реформатский А.А. бастаған зерттеулер тізбегін 70-жылдардан кейін Даниленко В.П., Канделаки Т.Л., Лесохин А.Ф., Флоренский П.А., Скворцов Л.И. сияқты ғалымдар жалғастырса, соңғы он жыл төңірегінде бұл салаға бұрынғыдан да баса назар аударылып көптеген жаңа еңбектер жарық көрді. Олардың қатарына Татаринов В.А., Суперанская А.В., Шелов С.Д., Гриннев С.В., Лейчик В.М., Володина М.Н., Прохорова В.Н., Коготкова Т.С., Дианова Г.А., Журавлева Т.А. сияқты ғалымдардың еңбектерін қосуға болады.

Және де терминнің әр түрлі мәселелерін зерттеп жүрген ғалымдардың есімдері бұлармен де шектелмейді. Осының өзі Ресейде терминологияға біздегіге қарағанда едәуір мән беріліп, үздіксіз зерттелініп келе жатқандығын көрсетеді.

Кез келген ғылым саласының жетістігі барлық халықтарға, барша адамзатқа ортақ екендігі белгілі. Ұлттық терминологияны қалыптас тыруда да шет ел ғалымдарының терминтану саласындағы жетістіктерін игере отырып, отандық ғылым деңгейін көтеру – ұлт кадрларының міндеті болып табылады.

Ғылыми-техникалық терминологияны дамытудың ғылыми принциптерін белгілеу терминологиялық жұмыстардың барлығын бір орталықтан үйлестіре отырып жүргізу сияқты күрделі міндеттерді атқару – жоғары білікті мамандарға жүктелуге тиіс. Алайда мұны арнаулы салалардың кез келгенінде қызмет ететін салалық мамандардың (физиктің, математиктің, географтың немесе химиктің т.б.) термин жасауға араласуына тыйым салу деп түсінбеу керек. Керісінше, ұлт тілін жақсы білетін салалық мамандардың өз саласындағы арнаулы ұғымдарға ат қоюы, яғни ана тілінде термин жасауы өте қажет.

Біздің терминологиямыздың басым бөлігі шет тілдерінің сөздері болып кетуі – ұлт тілінің ғылым саласында қолданылмауы салдарынан салалық мамандардың термин шығармашылығымен айналысудан гөрі өзге тілдерден дайын терминдерді қабылдауға дағдыланғандығынан. Сондықтан да мемлекеттік тілді ғылым мен техниканың сан түрлі саласында қолданып, термин шығармашылығында іске қосудағы салалық мамандардың рөлі айрықша. Дәлірек айтқанда, бұл солардың қолындағы іс. Бірақ салалық мамандардың барлығы бірдей терминге қойылатын талаптарды, терминологиялық жүйенің ерекшелігін, терминдерді тілдік тұрғыдан реттеуді жақсы біледі десек артық айтқандық болар еді. Сондай себептерден және терминтану ғылымының тіл білімімен тікелей байланыстылығынан болса керек, әлемдік тәжірибеде белгілі бір саланың терминдерін жасап оларды іштей жүйелеуге ерекше үлес қосқан салалық мамандардың бар екендігіне қарамастан терминологиялық жұ-



мыстарды жүргізіп, терминтанудың түрлі мәселелерін (оның ішінде терминтану теориясын) зерттеген терминологтар негізінен тіл мамандары болып келеді.

Қалай десек те, термин мәселесімен кәсіптік деңгейде айналысып жүрген мамандар бізде өте аз. Сол себепті ауқымды терминологиялық жұмыстарды жүргізу үшін оларды бір орталыққа шоғырландыру қажеттігі даусыз. Екінші жағынан терминологиялық жұмыстар қашанда үйлестіріліп отырылуы керек.

Терминологиялық жұмыстардың түпкі мақсаты – жетілдірілген терминологиялық жүйе құру. Оған жету жолындағы атқарылатын міндеттер жоғырыда аталғандар ғана емес. Ғылым мен техниканы дамуына, қоғам өмірінде болып жататын өзгерістер мен терминологиялық жұмыстардың жүргізілуіне сәйкес олар бірінен соң бірі туындай бермек. Қазақ терминологиясының қазіргі кезеңдегі жағдайы мен терминологиялық жұмыстардың жүргізілу деңгейін ескерсек, аталған міндеттерді бірінші кезекте тұр деуімізге болады.

«Асыл мұра»:

*қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы мен мәдениеті журналы.
Алматы: Сүлеймен Демирел атындағы университет.
– 2001 жыл, қаңтар. – № 1 (1). – 7-9-беттер.*

Терминологияны қалыптастырудағы қазақ баспасөзінің рөлі

Терминологияны қалыптастыруда БАҚ-тың алатын орны айрықша. Бұл мәселе арнайы сөз қозғап, жан-жақты талқылауды қажет етеді. Сондықтан ойда жүрген ұсыныс-пікірлерімізді ортаға салып, көптеген көкейкесті мәселелер жөнінде кеңінен кеңесіп, шешімге келу мақсатымен біздің министрлік «Терминология және БАҚ» деген тақырыпта осы республикалық ғылыми-тәжірибелік мәслихатты өткізіп отыр. Бұл жиынға тілші-терминолог ғалымдармен қатар, газет-журналдардың, телерадио арналардың редакторлары, баспалардың директорлары шақырылды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының қазіргі қоғам өміріндегі маңызы өте зор, қабылдаушының санасына, ойлау жүйесіне, тіл мәдениетіне тигізетін әсері орасан үлкен. Жаңа тілдік оралымдар, жаңа сөздер, терминдер көбіне ақпарат құралдары арқылы тарайды. Жұртшылықтың елеулі бөлігі жаңа терминдермен салалық терминологиялық сөздіктерден емес, баспасөз бен электронды ақпарат құралдары арқылы танысып жатады. Кейбір оқырмандар журналшылардың жаңа сөз қолданыстарын бекітілген термин ретінде қабылдап, ал көсемсөздік сөзқолданысты әдеби тіл қалыбы деп есептейді. Кейде қандай да бір сөз, сөз тіркесі, термин не сөйлемді «бұлай қолдануға болмайды» деген кезде, «газетте солай

жазылған, теледидардан немесе радиодан осылай айтты» деген уәжді жиі естуге болады. Қарапайым тыңдаушы, оқырман мен көрермен газеттен, теледидардан, радиодан естіп, оқып білгенін сол күйінде үлгі ретінде қабылдайтындықтан, ақпарат құралдарының тілдік үлгіні қалыптастыруда да атқаратын қызметі өте жауапты. Түрлі тақырыптағы ақпарат тарату арқылы көпшіліктің санасында үлкен әсер қалдыратындықтан, барлық ақпарат құралдары әртүрлі тақырыптағы материалдарды жариялауда, хабар таратуда тіл өлшемдерінің сақталуына, терминдердің дұрыс қолданылуына баса назар аударғандары жөн. Ақпарат құралдары тілді, мемлекеттік тілді қолдану ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауы қажет.

Терминжасам ісіне тілдің байлығына терең бойлай алатын, қаламы төселген журналшылардың қосқан үлестерінің аз емес екендігі сөзсіз. Тілдің лексикалық қабаттарының қалтарыстарында қалып қоймай, өте сирек қолданылып немесе қолданыстан мүлде шеттеп қалған талай сөздеріміздің ғылым тіліне еніп, оның ұлттық сипатының арта түсуіне сөз қадірін жақсы білетін журналшылар мен жазушылар қауымы үнемі сергек қарап отыратынын білеміз. Ал жалпы терминжасам арнаулы салалар мамандары мен терминологтардың атқаратын ісі. Ғылым мен техниканың, өнердің терминдер қорын жасайтын да, терминологиялық сөздіктер түзетін де өз салаларының ұғымдар жүйесінің жайын жақсы білетін салалық мамандар. Баспасөздің терминологияны қалыптастырудағы рөлі оның жаңалықтардың жарышысы болуымен бірге, қалың көпшіліктің үнін білдіре отырып, қоғамдық пікір туғызатын қуатты құрал, үлкен күш екендігімен тығыз байланысты. Кез келген жаңа термин салалық терминологиялық сөздікте немесе ғылыми еңбекте ғана қолданылуымен шектелсе, оның тілде орнығып, термин ретінде қалыптасуы ұзаққа созылуы мүмкін. Кейде әртүрлі терминологиялық сөздіктерде бір ғана ғылыми ұғым бірнеше атауға ие болуы және бір сөздікте қазақша баламалардың бірнеше нұсқасы жарыстырыла берілуі бізде жиі ұшырасатын құбылыс. Мұндай жағдайда бір терминнің тұрақтауының өзі қиынға соғады. Ал термин белгілі бір ғылым саласының тар шеңберінде, терминологиялық жүйенің өз ішінде ғана қолданылмай, бұқаралық ақпарат құралдарында да кең қолданыс тауып жатса, онда оның жұртшылықтың санасына тез сіңіп қалыптасып кетуіне де мүмкіндік мол. Айталық, *егемендік*, *елтаңба*, *әнұран*, *жекешелендіру* сияқты терминдер 90-жылдардың басында баспасөз беттерінде жиі қолданылып, телеарналар мен радиодан жиі айтылғандықтан және бірізділік сақталғандықтан, олардың қалыптасу мерзімі де ұзаққа созылған жоқ. Керісінше, *отбасы*, *жанұя*, *үйелмен* сөздерінің әртүрлі басылымдарда әрқелкі жұмсалуды жарыспалылыққа апарып, бұл нұсқалардың бірінің тұрақтауына ықпал ете алмады. Өйткені, кейбір ақпарат құралдары әлі де «жанұя» сөзін қолданып жүр, тіпті «Біздің жанұя» деген газет те шығып үлгерді. Баспасөзде жіберіліп

жатқан мұндай кемшіліктер мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіреді дей алмасак керек. Терминдерді бұлайша жауапсыз қолдану тілімізге ала-құлалық әкеледі, қалыптасып келе жатқан бірізділікті бұзады.

Әр басылымда бір терминнің түрлі нұсқасы қолданылып, жарыспалылықтың орын алып жатуының сыры неде? Осының болғаны дұрыс па? – деген мәселеге таза лингвистикалық тұрғыдан келер болсақ, жалпы термин қалыптастырудың алғашқы кезеңінде жарыспалықтың болғаны дұрыс, тіпті қажет деуге болады. Өйткені, белгілі бір ғылыми ұғымды атауға әр ғалым немесе салалық маман әр қырынан келуі мүмкін. Ұғымның бірнеше белгісі болады. Оған ат қою кезінде тілде бұрыннан бар сөз алынса да, жаңа сөз жасалса да термин жасаушылар сол белгілердің біріне немесе бірнешеуіне табан тірейді. Ұғымның мазмұнын аша түсетіндей басты белгілер оның атауынан көрініс тауып жатса, сол атаудың тілді тұтынушылардың санасына тез сіңіп, қалыптасып кетуіне де мүмкіндік мол. Термин жасаушылардың осыны ескергені жөн. Жаңадан қолданысқа еніп жатқан терминдерді сынға алып, бұл атау арнаулы ұғымның мазмұнын бере алмайды дейтіндердің көбісі ұғымның белгілері, мағынаның ішкі құрылымы дегенді біле бермейді. Мұндай қадам кәсіби біліксіздіктен, әсіресе, сөз мағынасының табиғатын түсінбеуден туындайтын үстірт пайымдауға, біржақты пікір айтуға апарып соқтырады. Кейде термин жасаушылар қайткенде де өзі ұсынған атауын қолданысқа енгізуім керек деп, өзге пікірлер мен ұсыныстарды ескерусіз қалдырады. Кәсіби біліктілікті ығыстырып, жеке басының беделі мен лауазымын, атақ-даңқын алға тарта отырып, термин қалыптастыруға ықпал еткісі келетін жағдайлар да кездесіп қалады. Жалпы алғанда, бір ұғымның атауы ретінде бірнеше терминнің қатар ұсынылуы табиғи құбылыс. Бірнеше балама ұсынылса, таңдау мүмкіндігі де мол болары белгілі. Сол ұсынылған нұсқалардың ішінен ең ұтымдысын таңдап, соны қолданысқа енгізу терминология мәселелерін зерттеп отырған ғылыми мекемелер мен мамандардың, терминологиялық жұмыстардың республикалық деңгейде жүргізілуін үйлестіріп отыратын мемлекеттік орынның міндеті. Қазіргі Мемтерминком біршама өнімді жұмыс жүргізгендігіне қарамастан, ол міндетті мүлтіксіз атқарып отыр деуге әлі ертелеу. Сондықтан термин қалыптастырудың бастапқы кезеңіндегі жарыспалылықты жалғастыра бермей, дер кезінде сұрыптау жұмыстары жүргізіліп, ұтымды жасалған терминдер ғана жаппай қолданысқа көшіп, бірізділік сақталып отыруы керек.

Қазақ терминологиясында орын алып жүрген кемшіліктер жөнінде аз айтылып жүрген жоқ. Әсіресе, баспасөз беттерінде терминологиялық сөздіктер түзу мен термин жасау ісімен тәжірибесі мен арнайы дайындығы жоқ мамандар да айналыса беретін болды деген пікір жиі айтылып жатады. Қазақ терминологиясының көптеген мәселелерінің ғылыми-әдіс-

темелік тұрғыдан шешімін тауып, терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде ұйымдастыру, үйлестіру ісі дұрыс жолға қойылмаса, терминология саласында ретсіздік артқан үстіне арта түсері анық. Терминдердің қолданысындағы жарыспалылық, тілдік өлшемнің сақталмауы, әркімнің өзі жасаған сөздігін, жекелеген терминдердің қолданысқа енгізуге, шет тілдерінен енген терминдердің бәрін жаппай қазақшалауға немесе керісінше, кірме терминдерге кір жуытпауға әуестенушілік және терминологияның даму бағытының айқындалмауы – мемлекеттік тілдің мерейін өсірудің орнына, оның беделіне нұқсан келтіріп, қазақ тілінің арнаулы салалардағы қолданысына кедергі болары сөзсіз.

Терминология саласындағы жүйеліліктің, реттіліктің сақталуы – қазақ тілінің ғылым саласындағы қолданысын қамтамасыз етудің ең негізгі шарттарының бірі болып табылады. Сондықтан терминология саласындағы маңызды мәселелерді терминолог ғалымдар мен терминжасамнан тәжірибесі мол салалық мамандардың біріге отырып жан-жақты талқылау арқылы келісіп, кеңесіп бұл істі бір орталықтан үйлестіріп, кәсіби біліктілікпен шешкені дұрыс деп есептейміз.

Бұқаралық ақпарат құралдарын – терминология саласындағы келелі мәселелерді көтеруде атсалысатын қоғамдық-саяси орын деп айтсақ қателеспейміз. Соған қарамастан, баспасөз беттерінде, телерадио арналарында журналшылар тарапынан жіберіліп жататын үлкенді-кішілі кемшіліктер терминологиямызды жетілдіру бағытындағы жұмыстарға нұқсан келтіреді. Мұндай олқылықтарға сын-ескертпелер айтылып та, жазылып та жүр. Бірақ, көп жағдайда орынды айтылған ұсыныстар ескеріліп, сыннан қорытынды шығарыла бермейді. Ал баспасөздің қоғам өміріндегі рөлінің маңыздылығын халықтың баспасөз бетіндегі кез келген ақпаратты сол күйінде қабылдап, қолданысқа енгізіп жіберуінен де байқауға болады. Мемтерминкомда бекітілген жаңа терминдер немесе сөз тіркестері баспасөз бетінде сол қалпында қолданысқа түсіп кетсе, оның қоғамда да қалыптасуы қиынға түспес еді. Мұндай кемшілікке жол бермеу үшін Мемтерминком мен бұқаралық ақпарат құралдарының арасында байланысты күшейтудің, комиссияға тиісті өкілеттілік берудің маңызы зор деп білеміз. Түрлі басылымдар, журналшылар тарапынан бекітілген терминдер бірізді қолданылса, ұлттық терминдер жүйесінің дамуына да ілгерілеу болар еді. Мемтерминкомның бекіткен терминдерін «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті», «Қазахстанская правда», «Заң», «Түркістан» газеттерінде түсініктемесімен қоса жариялаудағы мақсатымыз – оларды жұртшылыққа таныстырумен бірге осы БАҚ-тардың өздерінің бірізді қолданылуына қол жеткізу.

Мемлекеттік терминология комиссиясы, өзінің заңды мәртебесіне сәйкес, салалық терминологиялар бойынша ұсыныстар әзірлейтін кеңесші орган болып табылады. Сондықтан комиссия өз шешімінің



орындалуын талап ету, қадағалау, мәжбүрлеу құқығына ие емес. «Бекіткен терминдері баспасөзде бірізді қолданылмай жатқанда «Мемтерминком тиісті шара қолданбай қайда қарап отыр?» деушілер мәселенің осы заңдық жағын біле бермейтін болса керек. Қазір біздің министрлікте Мемтерминком өкілеттігін күшейту бағытындағы жұмыстар қолға алынып отыр.

Алайда БАҚ-тардағы терминдердің қолданысындағы ала-кұлалықтың өріс алуына осы саланың мамандарын, журналшыларды ғана кінәлап қою дұрыс емес. Журналшылар тілді тұтынушы, қолданушы ретінде оның дамуына белгілі дәрежеде ықпал жасағанымен, бүкіл терминдердің қолданысын бір ізге түсіру, жалпы терминологияны қалыптастыру олардың тікелей міндетіне жатпайды. Терминологияны ғылым ретінде дамытып, оның түрлі ғылыми-тәжірибелік мәселелерін шешіп беру – тілші-терминолог ғалымдардың, салалық мамандардың және терминологиялық жұмыстарды республика деңгейінде үйлестіре жүргізуге құзырлы мемлекеттік құрылымдардың міндеті.

*«Ана тілі» газеті,
13 – 20 қараша, 2003 ж. – №45 – 46.
6-7-бб;*

PS: «Терминологиялық хабаршының» кезекті саны

Астана қаласында мерзімдік атаусөз хабаршысының кезекті, осы жылғы 3-ші, жалпы 5-ші саны шықты. Оның алғы беттерінде Тіл білімі және Әдебиеттану салалары бойынша Мемтерминком бекіткен атаусөздер топтамалары жарияланған. Сондай-ақ, бұрынғы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрі Қ.Құл-Мұхаммедтің «Ұлт тірегі – тіл», филология ғылымдарының докторы, профессор Ш.Құрманбайұлының «Терминжасамның ұлттық үлгілерін қалыптастыру мәселесі», филология ғылымдарының докторы С.Мырзабековтің «Тіл терминге телміріп тұр» атты мақалалары берілген. Қ.Қайым және А.Жидебаев ұсынған атаулар, мамандар талқысына ұсынылған. Тіл білімі институты ұсынған тілтаным, Әдебиет және өнер институты ұсынған әдебиет саласының атаусөздері жарияланған. Дағдылы аудармасы қиындық келтіріп жүрген бірқатар сөздер және бұрынғы жарияланған осындай сөздерге ұсыныстар да бар.

*«Ана тілі» газеті.
20 қараша, 2003 ж. – № 46.*



Қазақта жоқ сөзді басқа түріктерден іздеу керек

[Алаш зиялылары осынау ұсынысқа бірауыздан тоқтаған еді]

Төрекұлұлы Нәзір. Жат сөздер туралы. Кеңес одағы елдерінің кіндік баспасы. – Мәскеу, 1926 жыл.

Жуырда халқымыздың қайраткер ұлдарының бірі Нәзір Төрекұлұлының 1926 жылы Мәскеуде басылып шыққан «Жат сөздер туралы» деп аталатын кітапшасы «Өнер» баспасынан қайтадан жарық көрді.

Өткен жылы «Алаш» баспасынан Нәзір мұрасын жинақтап, зерттеп жүрген ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Ж.Әлмашұлының құрастыруымен Н.Төрекұловтың екі томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Көрнекті қайраткердің соңында қалдырған мұрасының «шаң басқан архивтерде» елеусіз жата бермей, қалың жұртшылыққа жетіп жатуы – қуанарлық та, құптарлық та іс. Бұл орайда біз де Н.Төрекұлұлының жуырда жарық көрген шығармалар жинағына еңбеген 1926 жылы Мәскеуден басылып шыққан «Жат сөздер туралы» деп аталатын шағын еңбегін араб графикасынан қазіргі жазуымызға түсіріп, қайта бастырып шығаруды жөн көрдік. Өткен ғасырдың сонау жиырмамыншы жылдары қазақ терминологиясы дамуының А.Байтұрсынов кезеңінде жарық көрген бұл еңбектің терминтану тарихында өзіндік орны бар.

Н.Төрекұлұлы осы еңбегін жазудағы мақсаты туралы: «Біздің бұл жазудағы тілегіміз: сол жат тілдерден қазақшаға кірген сөздердің өзгеру заңын табу» дей келіп, ол жарыса қолданылып, әр түрлі жазылып жүрген сөздерді бір ізге түсіріп жазу – бір жағынан бүгінгі жазуымызды тәртіпке келтірсе, екінші жағынан, тіліміздің болашақтағы дамуына да үлгі болатынын айтады. Олардың жөнге салған ісінің болашаққа үлгі болып қалыптасып қалатындығы жөніндегі ойын автор өз сөз қолданысында «тілдік келесіде баюына жол тазалау» – деп береді.

Н.Төрекұлұлы қазақтың білімді, зиялы азаматы ретінде шет тілдерінен термин қабылдаудың тілдік заңдылықтарын анықтап, соған сәйкес жазу үлгісін қалыптастыруды өзіне міндет санайды. Өзге тілдерден сөз қабылдамай тұра алмайтындығымызды айта келіп, ол – «...сертсіз, заңсыз жат сөздерді бос қоя беру де жарамайды, опыр-топыр болып, негізгі заңдылықтарын бұзып, тас-талқанын шығарып жібереді» – дейді.

Н.Төрекұлұлы араб тіліндегі фатха, кесре, гамма және тәшдидтің біздің тілімізге қалай қабылданғанын да көрсетеді. Мәселен, жіңішке буынды сөздердің құрамындағы фатха тілімізге көбінесе **е** болып өтетінін көрсететін бірнеше мысалдар келтіреді. Сол сияқты гамманың **ү, ұ, о** болып, кесренің **е, ы, і** болып қабылданатынын да, **л, м, н** әріптерінің қатар келмейтінін (тәшдид) де көптеген нақты мысалдармен көрсетіп береді.

Автордың «Татарда араб-парсы сөздерін бұзбай алу, айту мінезі бар. Бұл мінез қазаққа жарамайды» дей келіп, татар тілінен бізге де сол сөздерді өзгеріссіз қабылдауға жол беруге болмайды деген пікірі де орынды айтылған.

Кезінде бізге парсы тілінен енген **-кер, -паз, -стан** сияқты қосымшаларды қазір біз аса жатсына қоймайтынымыз, олардың тілімізге сіңісті болып қалғаны белгілі. Н.Төрөкұлұлы бұл қосымшалар «үндестік заңын ойран қылады», сондықтан олардың жалғануы арқылы жасалған *жұмыскер, білімпаз, өнерпаз, әсемпаз, Қазақыстан, Татарыстан* сияқты сөздерді осы қалпында қалдырмай, *-ғыш, -гіш, -шы, -ші* сияқты төл жұрнақтарымызбен алмастырып немесе *білім иесі, қазақ елі, татар елі* деп өзгертіп алған дұрыс деп санайды.

«Жат сөздердің» бірінші бөлігі араб-парсы тілінен енген сөздерге арналса, екінші жартысы «Ауропа сөздері» деп аталады. Еуропа сөздері туралы әңгіме бастағанда-ақ автор – «Жалпы құрылысына қарағанда араб-парсы сөздеріне пішкен заңдарымыз ауропа сөздеріне де жарайды десек, үлкен жаңылыс болмайды. Ауропа сөздері де араб-парсы сөздеріндей өзгеруге тиіс» – дейді.

Жалпы Ахаң бастаған алаш зиялылары мен Нәзір Төрөкұлұлының шет тілдерінен термин қабылдауға қатысты көзқарастарында айтарлықтай алшақтық жоқ. Алдымен өз тіліміздің мүмкіндігін пайдалану мен өзге тілдер сөздерінің барлығын да тіліміздің дыбыстық-құрылымдық заңдарына бағындырып қабылдау мәселесінде Н.Төрөкұлұлы Қазақстан білім ордасының белгілеген қағидаттарымен, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы сияқты ұлт зиялыларының ұстанымдарымен келіседі.

Н.Төрөкұлұлының еуропа сөздерін делдалсыз- ақ тікелей түпнұсқа тілден алайық деген ұсынысы дұрыс-ақ. Бірақ бұл мәселе 1924 жылы білім ордасы бекіткен қағидаттардан көрініс тапқан болатын. Елдес Омарұлы сиезде жасаған баяндамасы бойынша қойылған сұрақтарға жауап бергенде: «Түркі халықтарының бәріне ортақ жалпы түрік сөзі болмаса, – түрік халықтарының кез келген біреуінде бар сөзді жақын көрудің қыйсыны болмайды. Қазақта жоқ сөзді басқа түріктерден іздеу керек – деген жобаны: түрік халықтарының бәріне ортақ сөздерден іздеу керек – деп түсіну керек»¹ дейтін түсініктеме берген еді. Оның үстіне сиезде Н.Төрөкұлұлы да баяндаманы талқылауға қатысып, өз пікірін айтқан болатын. Жалпы білімпаздар сиезінің «Иаурыпа қалықтарының бәріне сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің дыбыстарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын» деген қағидатты бекітуі Н.Төрөкұлұлы ұсынысы-

¹ Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. – Орынбор, 1925. 84-б.

ның алаш зиялылары жасаған қағидаттардан толық көрініс тапқанын көрсетеді.

Кірме терминдерді жазу бізде әлі толық шешімін таппаған, соңғы жылдары мамандар тарапынан жиі сөз болып жүрген мәселе. Бұл мәселені шешу барысында Н.Төрекұлұлының еңбегі ескерусіз қалмайды деп ойлаймыз.

*«Түркістан» газеті,
26 мамыр, 2005 ж.*

Мұхтар Әуезов және қазақтың ғылым тілі

XX ғасырдағы қазақ терминологиясының, ғылым тілінің тарихы туралы сөз қозғағанда М.Әуезовтің есімін атамай кетуге болмайды. Өйткені ол ғасыр басынан бастап-ақ ғылым тілінің, терминологияның маңызын терең түсініп, оны дамыту мен қалыптастырудың өзекті мәселелерін арнайы сөз еткен қазақ зиялыларының бірі болып табылады. Оның бұл мәселеге арналған алғашқы мақалаларының 1917, 1918 жылдары-ақ жарық көруі соның айқын дәлелі бола алады. Ғалымның «Қайсысын қолданамыз?» деген мақаласы 1917 жылы Семейде шығып тұрған «Са-рыарқа» газетінде жарияланған.

«Жұрт оянып, көзін ашып, жұрттыққа бетін түзесе, күннен күнге мұқтажы табылып көбеймек. Осы күнгі біздің көп мұқажымыздың ішінде ең ірісі – ғылым» – деп басталатын осы мақаласында ол *«Қазаққа келсек, мектепке арналған ретті бір кітап жоқ. Себебі, мұны ниет қылған талапкерлердің алдынан көлденең шығатын бір зор кедергі барлығы. Ол – ғылым тілі. Ғылым тіліне қазақ сөзі жетпейтіні, жететін болған күнде де, аршылып, арналмағандығы анық. Қандай тілге бай жұрт болсын, ғылым жолына түсе бастағанда тілі кемшілік қылып, қашанғы ескісін алып құрастырып, бөтен жұрттың тілін жасау қылып, неше түрлі болып аламыштанады.*

Бір халықтың ғылымсыз күніндегі тілін алып, артынан ғылымды болған күндегі тілін алсақ, соңғы тілі жаңа туғандай болып өзгереді» – деген пікір айтады.

Сол кезде жиырма жастағы жас Мұхтар Әуезовтің баспа бетін көрген қаламалды еңбегінің бірінен саналатын бұл шағын ғана мақаласының құндылығы – өткен ғасырдың бас кезінде-ақ ғылым тілінің мәселесін алғашқылардың бірі болып көтеруінде. Біріншіден, мақала авторы білім беру ісінде кедергі туғызып отырған мәселенің бірі ғылым тілінің, терминологияның қалыптаспағандығы екенін атап көрсетеді. Екіншіден, ғылыми ұғымдарды білдіретін қазақ сөздерінің жетісе бермейтіндігі, ал бар сөздердің сұрыпталып алынып (Әуезовше айтқан-



да аршылып) терминдік мәнде, арнайы мағынада жұмсалмағандығы (арналмағандығы) да дәл сол кезеңнің шындығы ретінде өте орынды айтылған пікір. Үшіншіден, ұлттық ғылым тілінің алғашқы қалыптасу кезеңінде болатын қиыншылықтарды атап көрсетеді. Мәселен, көне сөздерге жаңа мағына жүктеп, өзге тілдерден сөз алуға тура келетінін айтуы соның айғағы. Төртіншіден, ғылымның дамып, өркендеуіне байланысты ұлт тілінің үлкен өзгерістерге ұшырайтынын да («жаңа туғандай болып өзгереді» – М.Ә.) орынды атап өтеді. Тілге сондай өзгерістер енгізу кезеңі жаңа басталған сол уақытта бұл дер кезінде айтылған пікір еді.

Өткен ғасырдың басында М.Әуезов көтерген мәселелердің бірқатары бүгін де түпкілікті шешімін тапты деп айту қиын. Одан бері арада бір ғасырға жуық уақыт өтсе де ғылым тілінің, терминологияның көптеген мәселелері бүгін де күн тәртібіне өткір қойылып отыр. М.Әуезов «мектепке арналған бір ретті кітап жоқ, оны жазуға ғылым тілінің қалыптаспауы кедергі келтіріп отыр» деген болса, қазір оқулықтарымыз баршылық, алайда ғылым тілі мен терминология мәселесі тұрғысынан келгенде және олардың сапасын жақсарту бағытында атқарылатын істер әлі де аз емес. Мұндай мәселенің туындарын да ол күні бұрын сезіп, дөп басып айта білген. Оған оның осыдан 85 жыл бұрын жазылған осы мақаласындағы мына пікірі дәлел бола алады: «Бұл, ғылым тілі деген мәселе, – өз мектебіміз, өз мұғалім, үйретушілеріміз бола бастаған сайын «шеш!» деп, дікілдеп қысатын мәселе».

Қазіргі білім беру жүйемізді ХХ ғасыр басындағымен салыстыруға мүлде келмесі анық. Одан бері ғылым-білім жүйесі бір ғасырға жуық даму жолынан өтті, әлдеқайда өркендеді. Бүгінгі заман талабына сай жабдықталған мектептеріміз де білікті ұстаздар қауымы да жоқ емес. Тек 90-жылдардан бергі уақыт ішінде ғана әр түрлі сатыдағы оқу орындарының оқушылары мен студенттеріне арналған қаншама оқулықтар жарық көрді. Алайда уақыт озған сайын заман талабы да күшейе беретіндігі өркениеттің бұлжымас заңы екендігі белгілі. Бұл тұрғыдан келгенде қазіргі кезеңде де Мұхтар Омарханұлының сөзімен айтқанда бізге «шеш!» деп, дікілдеп қысып, шешімін күтіп отырған мәселелер жетерлік. Терминдердің қолданысындағы бірізділіктің болмауы, жарыспалылыққа жол берілуі, оқулық тілінің ауыр немесе аударма сарынды болып келуі сияқты кемшіліктердің орын алып отырғандығы жөнінде мамандар тарапынан аз айтылып жүрген жоқ. Ұлт тілінде білім берудің сапасын жақсарту үшін ғалымдар мен ұстаздар қауымы алдында бүгінгі күннің осындай бірқатар мәселелерін шешу міндеті тұр. Ғылым тілінің, ғылыми-техникалық терминологияның қалыптасуы оқулықтардан басталары анық. Ғылыми ұғымдардың атауларымен танысу, олардың мағыналарын ұғынып, санамызға сіңіру алдымен мек-



теп оқулықтарынан басталса, арнаулы және жоғары оқу орындарының оқулықтары мен оқу құралдарында олардың саны одан да арта түсері мәлім. Мұндағы бір назар аудартатын мәселе оқулықтарға математика, физика, биология, тіл білімі сияқты басқа да барлық арнаулы салалардың негізгі ұғымдарының атаулары енгізіледі. Салалық терминдердің көпшілігі сол негізгі ұғым атауларынан туындап жатады. Ондай атаулар арнаулы саланың тұтастай терминологиялық жүйесінің қалыптасуына ұйытқы болады. Осыны жақсы түсінген Ахаң бастаған ұлт зиялылары ХХ ғасыр басында ғылым тілін халық тілінің негізінде қалыптастыруға айрықша мән берді.

Өткен ғасырдың бас кезінде білім беру және ғылым тілі мәселесі сөз болғанда орысша оқығандар мен мұсылманша оқығандар арасында пікір қайшылығы туындап, әр қайсысы өз ыңғайына қарай тартқаны белгілі. Бұл мақаласында осы мәселеге басты назар аудара отырып, болашақ ғалым-жазушы өз ойын былай деп білдіреді: «Бізге осы күннен оқу тілі мәселесін ашып, бір жолға бетті түзеу керек. Осы туралы орысша оқыған өз машығына, мұсылманша оқыған өз машығына тартпай, дәлелімен қай тілдің мағынасы орамдырақ, қай тіл қазақтың өмір жөніне қолайлы, осыны салыстырып, біреуін ұстау керек».

Әрине, бұдан кейінгі кезеңде қай бағытты ұстанғанымыз баршамызға аян. Өткен ғасыр басында қазақ оқығандарының алдында сондай таңдау тұрса, бұл ғасырдың басында да терминологияның кешегісі мен бүгінгісін сараптап алып, бұдан былайғы даму бағытын айқындау қажет болып отыр. Терминологияны ұлт тілінде қалыптастырудың маңызы мен оның халықаралық сипатын сақтау керектігін дәлелдеп жүрген мамандардың зерттеу нәтижелерін қорыта отырып, соның негізінде қазақ терминологиясының ғылыми принциптерін белгілеуге тура келеді.

М.Әуезовтің қаламалды мақалаларының бірін ғылым тілінің мәселесіне арнауы қазақ терминологиясының тарихы мен ғылым тілінің қалыптасуын зерттеушілер назарынан тыс қалуға тиіс емес. Екінші жағынан ғылым тілі мәселесінің өткен ғасырдың басында-ақ арнайы сөз болуы айрықша көңіл аудартады. Тағы бір назар аударғатыны қазақ газеттерін зерттеген ғалым Ү.Сұбханбердинаның еңбектеріндегі мәліметтерге сүйенсек, бұл мақала М.Әуезовтің жеке өз авторлығымен жазылып баспа бетін көрген екінші мақаласы екен. Өйткені ол ең алғаш баспа бетін көрген «Адамдық негізі – әйел» деп аталатын мақаласы туралы өзі жазған өмірбаянында мынандай мәлімет келтірген екен: «Ең алғашқы баспаға шыққан статьям «Сарыарқа» газетінде: «Адамдық негізі – әйел» деген нәрсе еді. Бұл анығында менің жалғыз өзімдікі емес, Тұраш екеуміздікі болатын... Мақаланы бергенімізде ешқайсымыздың қолымыз жоқ еді. Басқармадағы Сәбит Дөнентай баласы ма, болмаса Әлімбеков пе, біреуі –

мен әкеп берген соң «Семинарист Әуезов» деп аяғына қол қойып жіберіпті» (Архив ЛММА. КПП- I, папка №382, стр.2).

«Адамдық негізі – әйел» 1917 жылы «Сарыарқа» газетінің 5 қыркүйектегі № 12 санында жарияланған болса, одан кейінгі «Әуезов оқудағы құрбыларына» деп аталатын мақаласы осы газеттің 1917 жылдың 17 қыркүйегіндегі санында жарық көріпті. Біз сөз етіп отырған «Қайсысын қолданамыз?» атты мақаласы осы газеттің 1917 жылғы 19 қазандағы №17 санында жарияланып, мақалаға «Мұхтар Әуезов» деп қол қойылған. Осы үш мақала бір айдан сәл ғана асатын мерзімнің ішінде жарияланған. Сонда семинарист Әуезовтің ғылым тілі жөнінде жазған мақаласы жеке өзінің авторлығымен жазылып баспа бетін көрген екінші мақаласы болып шығады. Бұдан ғалым-жазушы, академик-жазушы атанып, ғалымдық пен жазушылықтың тізгінін тең ұстап, оны ұстаздықпен ұштастыра білген ірі тұлғаның шығармашылық жолындағы алғашқы қадамынан бастап-ақ қаламгерлікпен ғалымдыққа қатар ден қойғанын айқын аңғаруға болады. Ол ірі әдебиетші ғалым, әлемге әйгілі жазушы болумен бірге кең ауқымды филолог ретінде тіл ғылымының күрделі мәселелері жөнінде құнды пікірлер айтып, оларды шешудің жолдарын ұсынған. Оған ғалымның ғылым тілі, терминология және көркем шығарма тілі туралы жазған ғылыми мақалаларындағы ойлары, тың тұжырымдары айқын дәлел бола алады.

М.Әуезовтің ғылым тілінің тарихында ескерусіз қалмауға тиісті еңбегінің бірі – «Ғылым тілі (научный термин)» деп аталатын мақаласы. Бұл мақала жоғарыда сөз болған «Қайсысын қолданамыз?» атты мақаладан кейін арада бір жылдай уақыт өткенде 1918 жылы «Абай» журналының №7 санында жарияланған. Мақала соңында «Мұхтар» деп қол қойылыпты. Аты айтып тұрғандай мақала тікелей ғылым тіліне, ғылыми термин мәселесіне арналған. Өткен ғасыр басындағы ғылым тілінің мәселелерін сөз еткен ең алғашқы еңбектердің бірі болғандықтан мақаланың ғылым тілінің тарихы үшін маңыздылығы дау тудырмасы анық. Мақалада көтерілген кейбір мәселелердің бүгін де маңызын жоймағандығы тағы бар. Соған қарамастан термин, терминология мәселелерін зерттеушілер тарапынан М.Әуезовтің бұл мақаласы туралы сөз болмай келуі түсініксіз.

Бұл мақаланы 1917 жылы «Сарыарқа» газетінде жарияланған алдыңғы сөз болған «Қайсысын қолданамыз» атты мақаласының заңды жалғасы деуге болады. Автор алғашқы мақалада көтерген мәселелері туралы ойларын одан әрі жалғап, тұжырымдарын тиянақтай түскен. Мақаланың бірінші сөйлемі – «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі» – деп басталыпты. Мұндай пікір айтылғаннан бері арада сексен жыл уақыт өткеніне қарамастан, ғылым тілінің бар мәселесі шешілді деп айту қиын. Тіпті сонау XX ғасыр басында көтерілген кейбір мәселелердің күн

тәртібіне бүгін қайта қойылып жатқандығының да куәсі болып жүрміз. Ғылым тілін бір қалыпқа түсіріп, бір негізге құрдық деуге әлі ертерек. Ендеше Әуезов көтерген мәселенің әлі де құнын жоймағандығы. Ол алғашқы мақаласында алға тартқан мәселені қайтадан қозғап, былай деп жазады: «Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арапшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі – орысша оқығандар, ғылым тілін орысшаға, европа негізіне тартады. Бұл жік тәртіпті бастауыш мектептердің һәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білгеніне тартағыны мәлім нәрсе». Дәл осы ойды ол алдыңғы мақаласында да айтып, бұл мәселеге ерекше мән беру қажеттігін көрсеткен. Бұдан жас зерттеушінің сол кездің өзінде-ақ мәселенің маңызын терең түсінгендігін байқауға болады. Алдыңғы мақаласында ол екі бағыттың бірін таңдап, ғылым тілін бір ізге түсіру қажеттігін айтса, соңғы мақалада өзінің қай бағытты қолдайтынын білдіріп, неге ол бағытты ұстану керектігінің себептерін көрсетеді, өзіндік дәлелдерін алға тартады. Қазан төңкерісінен бастап 30-жылдар ішінде терминологияны қалыптастыру ісінде пантүркішілдер, панисламистер, бұқарашылдар (демократшылдар), европашылдар бағыты болғаны мәлім. М.Омарханұлы бұл бағыттардың қайсысын ұстанған дұрыс екендігін айта келіп, өзгелерін сынға алады. «Қазақтың мәдениетін түрік үлгісіне қарай тарта беретін мұғалімдердің негізгі жолдары – «пан-тюркизм», «пан-исламизм» тағы әр түрлі «пан-пәленизмдерді» жол қылып ұстайтыны белгілі. Бірақ сол «пандардың» жолына қай жұрт болсын надан күйінде ғана мойынсұнады. Мәдениетке бет қойып, басқыштан ілгерілеген сайын пандардан жұрт жиреніп, пайдасыз бір іс деп санап, далада қалдырады. Осы күнде көзін жұмып, аузын ашып, тәтті қиялды қорек қылған адам болмаса, ширақ ақылмен қараған кісіге бұдан кейінгі «пан» – саясат хаосы екені мәлім боларлық болған. Себебі: қай жұрт болсын, өз бетінде жұрттығы болмаған күнде ғана басқа, өзіне жақын жұрттың тілеуін тілейді. Өз жұрттығы буын бекітіп, бас қалқайтса, алыстағы жұртқа тілеген тілекті қайтып алып, өз жұртына жұмсайды. Бұл адам баласының сүйегіне сіңген табиғи мінезі». Кешегі кеңестік кезеңде «совет халқына» ортақ терминдер қорын құру бағытын ұстансақ, егемендігімізді алып, тәуелсіздігімізді жариялаған күннен бастап, дербес мемлекет ретінде өз мүддемізді көздейтін тіл саясатын жүргізе бастағанымыз белгілі. Ұлт тілінде термин жасау ісінің жандануы, кеңестік кезеңнің 30-ыншы жылдарынан бастап 90-ыншы жылдарға дейінгі алпыс жылдың ішінде жасалмаған терминдердің соңғы он жыл ішінде жасалып, қалыптасып жатуы соның айқын дәлелі бола алады. Өзінің дербестігі, Мұхаңша айтқанда, жұрттығы болмаған елдің өзгенің тілеуін тілейтіндігін өзгелердің жүріп өткен жолынан емес өз басымыздан өткізген халық ретінде өте жақсы білеміз. Өкінішке қарай, біз өзімізге жақын жұрттың емес, сол



жақындарымыздың бәрін қосып билеп отырған жұрттың тілеуін тілеуге мәжбүр болған елміз. Соның салдарынан терминологиямыз да өзіміз тілекші болған жұрттың ықпалымен жасалып, солардың терминологиялық қорымен ортақтығы мол, керісінше, ұлттық сипаты әлсіз болып қалыптасты. Ал түбі бір түркі халықтарының арасындағы тілдік туыстықты ескере отырып терминологияны қалыптастыруды назардан тыс қалдыра тұруымызға тура келді. Ғалымдарымыздың ғылыми-техникалық терминологиямыздың 70-80 пайызын кірме терминдер құрайды деп жүргені соның айғағы болса керек.

Әуезовтің пантүркішілдер туралы көзқарасы да айқын. Ол өздері еуропа дастарханының шетінен орын алып отырған түріктерді үлгі тұтудың қажеті жоқ деген пікір айта келіп, «Пан-тюркизм» қазақ мәдениетінің жолын өрлетіп, жұрттықтың бойын өсірмейді. Саясат жолына кірген жұрт туысқандық, жақындық деген нәрседен айрылады» – дейді. Түріктің бірінші университеттеріндегі басты тілдер англия, франция, германиянікі екендігін мысалға келтіреді. Бұл мақала жазылған кезеңде түркі терминологиясының біз үлгі аларлықтай болмауы мүмкін. Алайда біз орыс терминологиясын үлгі етіп алуға біржола көшкен 30-ыншы жылдары Түркияда ел басына Ататүріктің келуімен оларда терминологияны ұлт тілінде қалыптастыру бағытында үлкен өзгерістер болды. Сондай-ақ қазақ терминологиясының атасы атанған Ахаң түркі тілдерінде терминалмасуды ұлттық терминологияны дамытудың принциптерінің бірі ретінде танығаны белгілі. Кейінгі кезеңдерде туыстас тілдер арасында термин алмасу мәселесіне ерекше мән беріп отырған елдердің де аз емес екенін айта кету керек.

Семинарист Әуезов бұл мақаласында ғылым тілін арабшаға негіздеуге де келіспейтіндігін айтады. Бізге ертедегі араб мәдениеті мен XIII-XV ғасырлардағы олардың ғылымын оқумен шектеліп қалмай, қазіргі одан бері көп дамыған еуропа ғылымын игеруге ден қою керек деп санайды. Ол европашылдар бағытын қолдай отырып, «Бұл мәселе турасында қарсы пікірде болған кісілер болса, дәлелдерін баяндағаны жөн» – деп, өзінің ашық ғылыми пікірталастан бас тартпайтынын білдіреді.

Мақала авторының демократшылдар (бұқарашылдар) жөнінде сөз қозғамағанына қарағанда сол кезеңде бұл ағымның өзге ағымдар сынды айқын көрініс таба қоймағандығынан болса керек.

Мақаладағы Мұхаңның орыстар мен жапондардың тіл жолындағы қателіктерін қайталаудан сақтандырған пікірі де айрықша назар аудартады. Ол орыс әдебиеті аяғын апыл-тапыл басып, буынын бекіте алмай жүргенде «шіркеулік-словян» (церковно-словянский) тілімен аламыштанғанын айта келіп, «Орыс ол қатесін бері келген соң зорға түзетті» – дейді. Ал оның жапон тілі жөніндегі пікірімен танысқанда қазақ тілін қандай тағдыр күтіп тұрғанын алдын ала болжай білген екен-ау



деген ойға қаласың. Ғалым пікіріне назар аударып көрелік. «... Япония жұрты надан күнінде жазу, оқу, аз-аз өнер үлгілерін берген апасы қытай болып, қытайды көсемі қылып алдына салып, етегінен ұстап жүріп, қытай тілін әдеби тіл қылып ұстады. Бұл күнде қытай жұртта қалып, япония ұзап кетсе де қытай тілі әдеби тіл болып қалып, японияға дерт болып, құтыла алмай, әуреді жүр. Қазіргі уақытта японияның баласы өз оқуын оқудан бұрын қытай оқуын оқып, содан кейін басқа жұрттың өнерін, басқа жұрттың ғылым тілдерін оқиды. Қытай оқуы ешбір пайдалы оқу емес; жалғыз-ақ ерте уақыттағы японияның басшыларының ойланбағандығынан өз оқуларын қытай оқуына араластырып алып, өз оқуын өзінікі қылып әкете алмағандығынан керексіз бір нәрсені жамап алып отыр. Міне, осындай халге қазіргі бетімізбен жүре берсек, біз де бір күні ұрынатын секілдіміз».

Кеңестік кезеңде біз де орыс тілін үлгі етіп алу арқылы терминологиялық қорымызға мыңдаған шет тілі терминдерін дайын күйінде қабылдап алдық. Нәтижесінде терминологиямыздың ұлттық сипаты әлсіреді. Ұлттық тілге негізделген термин шығармашылығы дамытылмады. Қазақ тілінің лексикалық байлығын ұтымды пайдаланып, қосымшаларымызды құнттап қолдана алмадық. Терминологияны қалыптастырудың ең басты жолы өзгелердің жасағанын бас қатырмай өзгеріссіз қабылдау деген түсінікті қалыптастыра бастадық. Соның салдарынан шет тілдерінен енген терминдер саны шектен тыс артып кетті. Сол себепті тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болып, ғылым саласындағы қызметін атқаруға көше бастаған соңғы он шақты жыл көлемінде ғалымдар кеңестік дәуірде қалыптасқан терминологиялық лексика төңірегінде әр түрлі сын-пікірлер айта бастады. 60-70 жыл бойы кеңестік тіл саясатына сәйкестендіріп қалыптастырып, екі-үш ұрпақтың санасына сіңіріп үлгерген терминдерімізді өзгертудің оңайға соқпасы анық. *Самолетті – ұшақ, вертолетті – тікұшақ, семьяны – отбасы, спонсорды – демеуші* түрінде қолданысқа енгізудің қаншалықты қиындықпен жүзеге асып жатқандығын айтсақ та жеткілікті. Санадағы сілкіністен туындаған термин шығармашылығындағы аздаған ізденістер болмаса, өзгенікінің бәрін асылға балап үйренген әдетімізден жаңыла қоймас та едік. Сол үшін тілімізге шет тілдерінің терминдерін қабылдап, әбден қалыптастырып алғаннан кейін оны қалай өзгертудің жолын іздеп әуреленгенше, оны қалыптастырмастан, тілге енгізіп алмастан бұрын алдын ала ойланған дұрыс. Бұл жөнінде де 21 жастағы Мұхтар Әуезовтің салиқалы пікір айтқанын көреміз. Ол «Біреу оңға, біреу солға тартып, илей беруге көне беретін ғылым жолы – терінің пұшпағы емес. Әуелде қалай беттесе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады. Сол себепті қазақ оқуының бетіне қандай жаңалық кіргіземіз десек те, әуелі кеңінен толғап ойланбай іс

кылудың артынан талай аурулы мәселе туып кетуін ұмытпау керек» – деп жазды.

Кезінде Мұхаң атап көрсеткен, сақтандырған аурулы мәселенің туындағанын көруімізге тура келіп отыр. Оның себебін КСРО құрамына кірген ұлттар тілдерінің терминологиясын қалыптастырудың жолын көрсеткен тіл саясатынан, терминологиялық қорымызды түзу кезінде 60-70 жыл бойы ұстанған бағытымыздан іздеген жөн. Қазіргі кезеңде де терминологияны дамытудың дұрыс бағытын белгілеп бердік деп айтуға негіз жоқ. Қазір нағыз біреу оңға, біреу солға тартып жатқан кезең. Әркім өз бағытының дұрыстығын дәлелдеуге тырысып бағып, әркім жеке терминологиялық сөздік шығарып, өз терминін қолданысқа енгізуге күш салуда. Бұл үрдіске біржақты теріс баға беруге болмасы анық. Алайда жарыспалылық пен ретсіздікке жол бермей терминологияны жетілдіру, дамыту кезінде қандай критерийлерді басшылыққа алатындығымызды ғылыми негізге сүйене отырып келісе жұмыс жүргізілмесе, Мұхаң айтқандай ғылым тілін «терінің пұшпағындай» жан-жаққа тартқылау тоқтала қоймайды. Бүгін біздің алдымызда 90-жылдарға дейін термин қалыптастыруда орын алған олқылықтардан арылу мәселесі тұрғаны белгілі. Қазіргі термин шығармашылығында жол беріліп жатқан кемшіліктер дер кезінде түзетілмеген жағдайда, онда оларды біз де кейінгілер шешсін деп келер ұрпақтың еншісіне қалдыруымызға тура келеді. Біздің дұрыс қалыптастырмаған атауларымыз тағы да бір ұрпақтың санасына сіңсе, терминологиядағы жүйесіздік бұрынғыдан бетер артып, оның ұлттық сипатта дамуы қиындай түспек. Сондықтан М.Әуезовтің «...Әуелде қалай беттесе, көп уақытқа шейін сол бетінде жол болып бекіп қалады» деген пікірін терминологиямызды жетілдіру мен терминдерімізді қалыптастырудың қай кезеңінде де ескеріп отырудың мәні зор.

М.Әуезовтің қазақ әдеби тілінің, оның ішінде, ғылым тілінің мәселелерін жан-жақты сөз еткен «Тіл және әдебиет мәселесі» деп аталатын көлемді мақаласынан да терминологияны қалыптастыруда қажетімізге жарататын көптеген құнды пікірлерді табуға болады. Ғалымның бұл мақаласы 1951 жылы «Әдебиет және искусство» журналының №4 санында жарияланған. Атынан көрініп тұрғандай мақалада тілмен қатар әдебиет мәселесі де сөз болған. Көтерген мәселелерінің ауқымдылығы, онда жасалған ғылыми тұжырымдардың маңыздылығы жағынан бұл мақаланы бір монографияның жүгін арқалап тұр деуге жақындайды. Ғалымның бұл мақалада көтерген әдебиет туралы және әдеби тілдің қалыптасуы, қазақ жазушыларының сөйлем құрау шеберлігі, сөз қолданысы сияқты мәселелерін жеке әңгіменің арқауы етіп алып, оның ашылмаған қырларын анықтап, бұрынғы зерттеулерді толықтырып жатқанның артықтығы болмасы анық. Тілші ғалымдардың еңбектерін-

де әрі Б.Исхановтың «М.Әуезов және қазақ тілі мәселелері» деп аталатын кандидаттық диссертациясында арнайы сөз болғанына қарамастан Әуезовтің тіл мәселелеріне арналған еңбектері тілші ғалымдар тарапынан толық зерттеліп, жан-жақты, терең талдау жасалып болды десек артық айтқандық болар еді. Ғалымның осы мақаласында айтылған ойлары мен жасаған тұжырымдары төңірегінде де талай мәселені қозғап, талдап, таратып көрсететін жайттардың аз емес екендігі аңғарылып-ақ тұр. Тілші ғалымдар тарапынан ондай зерттеулердің әлі жалғасын таба беретіндігіне күмәніміз жоқ. Біз академик жазушының ғылым тілі, термин және терминология туралы пікірлері төңірегінде ғана сөз қозғамақшымыз.

Біріншіден, ғалым кеңестік кезеңге дейін де қазақ тілі арнаулы лексикасының бакташылық, аңшылық немесе балықшылық сияқты кәсіптер мен салтқа қатысты атауларға бай болғандығын айта келіп, керісінше, қай салада ондай атаулардың өте аз ұшырастынын атап көрсеткен. Оған ғалымның «Абай заманындағы ғылым, техника, философия, социология, саясат – баршасынан қазақ тілінің сөздігі мүлде құралақан еді» деген пікірі дәлел бола алады.

Екіншіден, ол төңкерістен кейінгі молыққан терминологиялық лексиканы қамти отырып, терминдер сөздігін шығаруды тіл мамандарының алдындағы міндет деп көрсетеді. Ол Армения, Латвия сияқты одақтас республикаларда бірнеше ғылым салалары бойынша үлкен терминологиялық сөздіктердің шығып жатқандығын мысалға келтіріп, бізде «...проф. Н.Сауранбаевтың басқаруымен терминдік сөздіктер енді-енді шыға бастады... бұл күнде аса қажет болып отырған сөздік томдары тумай келе жатқаны, үлкен өкінішті жай» – деп кынжылыс білдіреді. Бұл ұлттық ғылым тілін дамытудың маңызын терең түсінген, терминографиялық жұмыстардың уақыт талабына сай жүргізілмей, кенжелеп қалып жатқандығына алаңдаушылық білдірген ұлт зиялысының сөзі.

Үшіншіден, термин сөздердің ақын-жазушыларымыздың шығармаларында аз қолданылатынын айта келіп, олай болуының себептерін де атап көрсетіп, өзі көтерген мәселеге өз жауабын да береді. «Қазақ тілінде шығып жатқан ғылымдық кітаптарда жаңа атаулар көп, сондай-ақ жұмысшы, колхозшы, интеллигенция арасында мол тараған жаңа сөздер де көп. Бірақ осы сөздік байлықты қазақ жазушылары өз шығармаларына тым сараң кіргізеді. Орыс поэзиясын алсақ, неше алуан ғылым-техника сөздіктерін барынша батыл, мол араластырады» – дей келіп, оның себебін орыс және шет тілдерінен алынған атаулардың бізде әлі дұрыс жолға қойылмағандығымен түсіндіреді. Орыс сөздері, шетел атаулары орысша қалай жазылса, қазақта да солай жазылуы керек деген қағидамыздың қайшылықтарын көрсетеді. Бұл ереженің мұғалімдер мен оқушыларға үлкен қиындық туғызып жүргенін айтады. «Орыстың тілінде француз, ағылшын, неміс, латыннан кірген ұшан-теңіз сөздер бар екен. Олар орыс



тілінің заңына бағына айтылады да, жазылады да. Қазіргі орыс балалары сол сөздердің неміс, француз, ағылшын тілдерін оқи бастағанда, басқаша айтылып жазылатынын жолай қиналмай-ақ түсініп, ұғынып келе жатқан жоқ па? Біздің грамматикамызда осы жөнінде асыра сілтеу, сынаржақтық бар сияқты» деп өте орынды пікір айтады. Өкінішке қарай, ғалымның осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын айтылған пікірін ескерусіз қалдырып келеміз. Оның бұл пікірі Х.Досмұхамедұлының 1923 жылы жазылған мақаласындағы «Жағ сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге ылайықтап алу керек. Жағ сөздерді өзгертпей алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады» деген пікірімен үндесіп жатыр. Қазақ ақын-жазушыларының кірме сөздерді сирек қолдануының себебін де сұңғыла ғалым дұрыс аңғара білген. «Біз жоғарыда, қазақ жазушылары ғылым, техника сияқты, қазақ тіліне мөлінен кірген сан-сала жаңалық атауларды қолданбайды дедік. Соларды тілдің грамматикалық көп түрлеріне өзгертіп, өлең жолына қолданудың ақындарға қиын соғатыны да бар. Әсіресе, орыс сөзі мен шет сөздерді алу, жазудағы біздің бүгінгі орфографиямыз қиындық туғызады. Өлең жолына дәл орысша орфографиясын аудармай кіргізсе, оған қазақтың тіліндегі жаңағы аталған жалғау, жұрнақтар сияқты қосымша буындарды үстемелеп жалғатса, өлең жолына сыймайтын шұбыртпа шығатыны даусыз» – дейді ғалым. Мағыналары көмескі, тіпті көбінің мағынасын салалық мамандардан өзгелер арнайы түсініктеме арқылы ғана түсінуге болатын шет тілдері сөздерінің құрамындағы кірме дыбыстар жатық айтылуға илікпей, қазақ сөздерімен үндесіп, ұйқасқа көнбей тұратыны белгілі. Шет тілдерінің сөздерін қабылдауда орын алған бұл кемшілікті және соның салдарынан олардың тілге сіңбей, қолданысқа енбей жатқанын әділ атап көрсеткен. Одан әрі ол революциядан кейінгі кезде орыс тіліне көршілес халықтар тілінен еніп жатқан көптеген сөздерді олар өз тілінің заңдылықтарына бағындырып алып жатқандығын нақты мысалдармен көрсетеді. «Джайлау, ақын (ақын емес) тәрізді сан сөздер орыс тілінің фонетикалық, грамматикалық жағдайларына бейімделіп алынып отырған жоқ па?» деу арқылы ол – біз неге осылай істемейміз, біздің тіліміздің заңдылықтары неліктен аяқ асты болады? – деген ойды ашық айтып отыр емес пе? Орыс тілін совет халқының ана тіліне айналдыруды мақсат етіп отырған тіл саясаты үстемдік етіп тұрған сол кезеңде бұдан артық қалай айтуға болады.

Орыс терминологиясы өзге тілдерден өз тілінің заңдылықтарына сәйкестендіріп қабылдаған терминдерді біз олардан сол қалпында өзгертпей алдық. Сөз соңындағы кейбір қосымшаларды ғана қазақыландырып болдық. Бұл кейінгі кеңестік кезеңнің термин қалыптастыруда бізге ұсынған принциптерін басшылыққа алу еді. Нәтижесінде М.Әуезов атап көрсеткендей, ақын-жазушылардың шығармаларында қолдануға икемсіз,



жаттығын жасырмай өзге тілдің заңдылықтарын мойындамай қасарысып тұрған кірме сөздер қатары көбейгенмен олар бейтерминденіп, жалпы қолданысқа көшіп, тілге сіңіп кете алмады. Оларды кезінде *самаурын, керулет, бәтеңке* сынды тіліміздің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп қабылдағанда арада өткен 60-70 жылдың ішінде тек арнаулы лексика шеңберімен шектелмей қолданыс жиілігі де артып, қазіргі кезеңде болып жатқан қарсылыққа ұшырамай Халелше айтқанда, тілге «өзілік» болып кетер еді. Сонау 1923 жылы-ақ Х. Досмұхамедұлы «Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Бүйтпесе жат сөздер бұралқы болып, тілдің шырқын бұзады, тілге зиян келтіреді. Жат сөздерді өзгертпей алып, бастапқы жат қалыбымен тілге сіңіреміз дегендік – шатасқандық. Бұ жолда жүрген адамдар тілімізге орасан зиян келтіреді» – деп жазып еді. Ал Ахаң өзге тілдерден енген сөздердің тіліміздің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес өзгерістерге ұшырауы керектігін термин қабылдаудың бір принципі ретінде атап көрсеткені мәлім. Ол бірінші бүкілодақтық түркология съезінде жасаған баяндамасында «...займованные термины должны подчиняться нашему казахскому говору, т.е. на них должны распространяется звуковые законы нашего языка, исходящие из привычных артикуляций языка. Для того, чтобы иностранные слова сделать нашими, это необходимо» – дей келіп, «Все неказахские слова, не согласующиеся с природой казахского языка, точно должны подвергаться изменениям соответственно казахскому говору» деген терминологияны қалыптастырудың жеке бір принципін ұсынған. Кірме сөздер құрамындағы өзге тілге тән дыбыстардың, қосымшалардың төл дыбыстарымызбен, өз қосымшаларымызбен алмастырылуын, косар дыбыстардың орнына жалқы дыбыстарды қолдану қажеттігін атап көрсеткен. М.Әуезов Ахаңның осы принципін толық қолдап отырғанын көреміз. Өкінішке қарай, орыс тілінің заңдылықтарын ғана мойындауды білетін кеңестік тіл саясатының өктемдігімен әліпбиімізге жат дыбыстарды таңбалайтын әріптер енгізіліп, өз ғалымдарымыз оны орыс тіліне деген үлкен жанашырлықпен, партияға шын берілгендікпен дәлелдеп, А.Байтұрсынұлы принципін ауытқу арқылы Х.Досмұхамедұлы атап көрсеткендей шатасқан жолға бастап берді. Әр түрлі объективтік және субъективтік жағдайларға байланысты бұл бағыттың дұрыстығын қолдаушылар бүгін де табылып отыр. 20 жылдары А.Байтұрсынұлы мен Х.Досмұхамедұлы дәлелдеген мәселенің араға отыз жылдай уақыт салып барып, академик М.Әуезов тарапынан қайта көтеріліп жатуы бір жағынан ең көрнекті қазақ зиялыларының ой-пікірлерінің бір жерден шығып үндесіп жатқанын көрсетсе, екінші жағынан, сол пікірдің ғылыми негізінің беріктігін де дәлелдей түссе керек.

Төртіншіден, М.Әуезов тек орыс тілінен ғана емес туыстас түркі халықтарының тілдерінен де сөз алмасу қажеттігін кеңестік кезеңде атап

көрсетіп, Ахаңның терминологияны қалыптастырудағы тағы бір принципін қолдаған ғалым. Кеңестік дәуірде терминологиямызды қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде біз тек орыс тілін таныдық деуге болады. Еуропа тілдерінен енген терминдерді орыс тілі сіңіріп алғаннан кейін ғана солар арқылы біз қабылдадық. А.Байтұрсынұлының терминологияны қалыптастыру принциптерінің бірінде «В случае отсутствия в казахском языке подобного рода слов, заимствовать таковые из родственных казахскому языков» – дей отырып, оның себептерін де атап көрсетеді. Ал Мұхаң «Советтік әдеби тіліміздің байып, өсуіне қосымша қорды біз қазір жалғыз орыс тілінен аламыз да қоямыз деп, кесіп байлау да дұрыс емес. Орыс халқының тілінен алудың үстіне, қазақтың әдеби тіліне көршілес туысқан елдер тілінен келіп араласқан, біте қайнасып кеткен көп сөздерден де жазба әдебиетіміз қашпау керек» – дейді. Бұл мәселеде де қос ғұламаның пікірлері бір жерден шығып, Ахаңның терминологияны қалыптастырудың бір сыртқы көзі ретінде туыстас түркі тілдерін таныған ұстанымының Мұхаң тарапынан кеңес дәуірінің күшейіп тұрған кезінде қолдау тауып отырғанын анық көруге болады.

Бесіншіден, М.Әуезов қазақтың жазба әдебиетінде, ғылым тілінде қазақ тілінің бар байлығын, оның ішінде, архаизмдер, кәсіби сөздер мен жергілікті тіл ерекшеліктерін сарқа пайдалануды ұсынған. Ғалымның мына төмендегі айтқан пікірлері соның айқын дәлелі бола алады: «... жазба әдебиетіміздің өзіне де әлі халқымыздағы таза қазақ тілінің бар байлығы, барлық ерекшеліктері мен сөздік байлығы түгел кіріп болған жоқ. ...Тарихтық, мәдениеттік жағдай енді бізден қазақ халқының бар шет түкпірлеріндегі бұрын окшаулық, өзгешелік күйде жүрген сөздік қорлардың бәрін ортаға салып, түгел туыстыра, араластыра қосып, пайдалануды тілейді. ...әдебиет тілін жасауда, жоғарыдағы саналған жолдармен көп ізденіп, ғылым, техника сөздіктерін және бүгінгі Қазақстанның бар өлкесіндегі халықтық тіл байлықтарын мол пайдалану мәселелерін үнемі шартты талап етіп, сынап отыру керек».

Ғалым қазақ тілінің барлық лексикалық қабаттарын ұтымды пайдаланудың қажеттігін атап көрсетіп отыр. Диханшылық, балықшылық сияқты әр түрлі кәсіптерге байланысты сөздерді шығармаларында мольнан пайдаланбай жүрген белгілі ақын-жазушылардың онысын кемшілік деп бағалау керек дейді. Көркем шығармалар мен ғылым тілінде аталған қабаттардың елеусіз қалып жатқанын көрсетудің үлкен жетістік екенін айтқан жөн.

Алтыншыдан, М.Әуезов осы мақаласында ғылым тілін, терминологияны қалыптастырудағы ұлттық кадрлардың, ғалымдардың рөлін атап көрсеткен. Ол қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар мен математиктердің еңбектерін өз халқының тілінде жазбауын еш ақтауға болмайтынын үлкен күйінішпен айта отырып, сол арнаулы салалардағы

ұғымдар атауларын, тілін қалыптастыру солардың тікелей міндеті екендігін ескертеді. Ғалымдардың «диссертациялық еңбектерін, ең алдымен қазақ тілінде жазуды шарт етіп қою, анық орынды орайлы шараның бірі болар еді» – дейді. Ғылым тілінің мектеп оқулықтарынан бастап, қоғамдық өмірдің сан түрлі салаларында еңбек етіп жүрген ғалымдардың жазған оқулықтары, ғылыми еңбектері, түзген сөздіктері арқылы қалыптасары сөзсіз. Ал тілдің ғылым саласындағы қызметін қалыптастырады деп жүрген білікті мамандарымыз ғылыми еңбектерін өзге тілде жазса, ұлт тілінің бұл салалардағы қолданысына үлкен нұқсан келері күмәнсіз. Бірақ сол жылдары бұл мәселені көтергеннен гөрі заман ағымының дұрыстығын, кеңестік тіл саясатының көрегендікпен жүргізіліп отырғанын, ұлы орыс тілінің біздің тіліміздің дамуына орасан зор ықпал етіп келе жатқанын жазу әлдеқайда тиімді еді. Сондықтан да мәселенің мәнісін түсінгендер болғанмен олардың бұл мәселені көтеруге келгенде асықпағаны түсінікті. XX ғасырдағы әдеби тілдің тарихын зерттеушілер 1947 жылы Қазақстан Орталық Комитетінің «Қазақ ССР ҒА-ның Тіл мен әдебиет институтының жұмысындағы өрескел саяси қателер туралы» қаулы шығарғанын айта келіп, «Бұл жылдары мәдениет пен ғылым, әсіресе қоғамдық ғылымдар, партияның дүркін-дүркін қабылдаған қаулы-қарарларының әсеріне ұшырады. Биология ғылымындағы вейсманнизм-морганизм (1948-1949), ғылым мен өнердегі космополитизм (1949-1950), мәдениет пен әдебиеттегі ұлтшылдық (1951-1952) сияқты науқандар бірінен соң бірі үзіліссіз жүріп жатты»¹ деп жазды. Уақыттың тамыр бүлкілін жақсы сезінген Мұхаң «екінші ана тіліміз орыс тілі» дегенді айта отырып, қазақ тілінің өзекті мәселелерін орайын келтіріп көтере білген. Бұдан тілге деген нағыз ұлт зиялысының жанашырлығы ғана емес, сонымен бірге оның тіл маманы еместігіне қарамастан елдегі тілдік ахуалды, тіл саясатын ескере отырып, ғылым тілінің ең өзекті мәселелерін, орын алған кемшіліктерін дөп басып айта білген кең тынысты, ірі филолог ғалым екендігі айқын көрініп тұр.

Бұл айтылғандармен қатар, педагогика ғылымының кандидаты Е.Көшербаев өзінің «Қазақ әдебиеті» газетінің 1972 жылдың 29 қыркүйегіндегі санында жариялаған «Техникалық термин бастамасы» деген шағын мақаласында «М.Әуезов профессор В.Эвальдтің «Құрылыс материалдары» деп аталатын көлемді еңбегін қазақшаға аударып, 1933 жылы Қызылорда қаласында бастырып шығарыпты. Сөйтіп, біз М.Әуезов «қазақ тілінде тұңғыш техникалық термин жасаушылардың бірі болғанына көз жеткізіп отырмыз» дей келіп, оның құрылысқа байланысты терминдерді жүйеге келтіруде жаңа бағыт ұстанғанын, аудару барысында 7 түр-

¹ XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. – Астана, 2000. – 291-б





лі принципті басшылыққа ала отырып жұмыс істегенін атап көрсетіпті. Мақала авторы «Техникалық терминдердің М.Әуезов ұсынған қазақша баламаларының дені қазіргі сөз қолданысымызда берік орын алып келеді» деп сөзін аяқтапты. Автордың атап көрсеткен мәселелерін ескере отырып, Мұханның аудармасын тілдік тұрғыдан қарастырып, терминдердің қолданысы мен жасалуын әлі де жан-жақты зерделей түссек, ғалымның терминологияны дамытуға қосқан үлесі нақтылана түсер еді.

Мұханның ғылым тілін, терминологияны қалыптастыру мәселелеріне арналған мақалаларын жазылған жылдарына қарай хронологиялық тұрғыдан алып қарар болсақ, семинарист Әуезов пен академик Әуезов жазғандарынан ғалымның кемелдену кезеңіне қарай сөз етіп отырған мәселе төңірегіндегі көзқарасының ауқым аясы кеңейіп, жасаған тұжырымдарының салмактанып, тереңдей түскенін аңғаруға болады. 1918 жылы жазылған мақалада ол панисламизм, пантүркизм ағымдарын сынға ала отырып, «Саясат жолына кірген жұрт туысқандық, жақындық деген нәрседен айрылады» – деп негізінен еуропаға қарап бағыт-бағдар ұстануды ұсынса, кейінгі мақалада көршілес туыстас түркі халықтарының тілдерінен сөз алудан қашпау қажеттігін алға тартады. Бұл тұста оның семинаристен академиктікке дейінгі өсу жолын, ірі ғалым ретінде қалыптасуын, кемел шаққа келуін ескерудің орынды екендігі талас тудырмаса керек. Сонымен бірге оның ғылым тілін қалыптастырудағы көзқарасының орнығуына А.Байтұрсынұлы ұсынған ұстанымдардың әсері болмады деп айтуға негізіміз жоқ. Дәлірек айтқанда, Әуезовтің соңғы мақаласындағы айтылған ойлары мен тұжырымдары негізінен Ахан принциптерімен үндесіп, Ахан ойымен астасып жатқанын аңғаруға болады. Бұл сабақтастықты ұлылардың ұғынысуы, тұлғалардың түсінісуі деуден гөрі нақтылай түсер болсақ, 50-жылдары терминологияны дамытуда кеңестік саясаттың талабына толық сәйкес келетін бағыттың үстемдік етіп тұрған тұсында Әуезов еңбегінен 20-жылдары А.Байтұрсынұлы ұсынған принциптердің қолдау тауып отырғанын көреміз. Сондықтан қазақ терминологиясының даму, қалыптасу тарихын сөз еткенде де, қазіргі кезеңдегі даму бағытын белгілеу кезінде де мұны ескерусіз қалдырмаған жөн.

Қазақ жазушыларының, әдебиетші ғалымдарының тілдің әр түрлі мәселелеріне еңбек жазғандары аз емес. Сөз зергері, академик-жазушы Ғ.Мүсіреповтің, қаһарман қаламгер Б.Момышұлының тіл жайында жазғандарын кім білмейді? Ал тікелей ғылым тілінің, терминологияның мәселелерін ең алғашқылардың бірі болып көтеріп, шығармашылығының әр кезеңінде арнайы сөз етіп, оның даму бағытын белгілеуге белсене араласып, өзекті мәселелерін көтеріп, салиқалы ой, салмақты пікір айта білген М.Әуезовтің орны айрықша. Ол қазақтың ғылым тілінің қалыптасуына атсалысып, өзіндік үлес қосқан ғалым. Сондықтан ғылым





тілінің, оның терминологиясының дамуы мен қалыптасуы туралы сөз болғанда М.Әуезов есімі ерекше аталуға тиіс.

«Қазақ әдебиеті»,
20 желтоқсан 2002 жыл.
– №.51 [2785]

Қазіргі қазақ терминологиясының міндеттері

Бүгінгі қазақ терминологиясының көптеген мәселелерін ғылыми тұрғыдан шешудің қажеттілігін уақыттың өзі алға тартып отыр. Өткен ғасырдың соңғы он жылының төңірегінде қоғамдық-саяси өмірімізде болған түбегейлі өзгерістер терминология саласын да айналып өтпеді. Кеңестік дәуірде қалыптасқан терминологияға да сол терминологиялық жүйені қалыптастыруда басшылыққа алынған теориялар мен принциптерге де жаңаша қарауға тура келді. Терминологияға деген жаңаша көзқарас кешегі Кеңес одағы тұсында үстемдік еткен тіл саясатына сәйкес жасалған қағидаттарға қайшы келетін тың тұжырымдарды, тосын пікірлерді туғызды. Бұл орайда сол жылдары қызу қарқын ала бастаған тың үрдістің табиғатын тануға бағышталған және мәселені дер кезінде көтерген зерттеулердің бастамасы ретінде 90-ыншы жылдардың басында жарық көрген академик Ә.Т.Қайдаровтың «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты шағын еңбегін атауға болады. Одан бергі уақытта да терминологияда жаңа үрдіс жалғасын таба берді. Бұған дейін орыс тілінің жазу ережесіне сәйкестендірілген қалпында шет тілдерінен (негізінен батыс еуропа тілдерінен) қабылдаған терминдерді көбейту арқылы терминологиямыздың халықаралық сипатын арттыру бағытын ұстанып келсек, ендігі жерде ғылыми-техникалық терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыру қажет, ал өзге тілдерден енген терминдер кірген тілінің заңдылықтарына бағынуға тиіс деген пікірді қолдайтын тілші ғалымдар қатары көбейе түсті. Соған сәйкес қазақ тіліндегі термин шығармашылығы біршама жанданды. Термин жасауда жетістіктермен бірге жауапсыздық пен кәсіби шеберліктің жетіспеуінен кемшіліктерге де жол берілді. Бұл құбылыс тілші ғалымдар тарапынан да, салалық мамандар тұрғысынан да әр түрлі бағалана бастады. Нәтижесінде қазақ терминологиясының тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңдегі даму үрдісі туралы тіл мамандарының пікірі екі арнаға жарылды. Тілші ғалымдардың бір тобы бұрынғыша терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстанса, екінші тобы терминологияның ұлттық сипатын арттыру бағытын алға тартты. Ғалымдар бұл мәселеде ортақ пікірге келе алмауына байланысты қоғамдық пікір де соған сәйкес қалыптасып отыр. Біз осы конференцияға дайындық барысында соңғы бес жыл көлемінде баспасөз



беттерінде жарияланған термин, терминология жайлы жазылған үлкенді-кішілі мақалалардың барлығын жинастырып талдау жасадық. Жарияланған мақалалар негізінен терминдердің өзге тілдерден қабылдануы, аударылуы, жазылуы, ұсынылған баламалардың сапасы, терминкомның жұмысын ұйымдастыру, терминдердің қолданысы, терминологиялық сөздіктер түзудегі кемшіліктер сияқты мәселелерді қамтиды екен. Айтылған пікірлердің арасында ескеруге тұрарлық орынды ұсыныстары да болуымен бірге үстірт айтылған біржақты пайымдаулар да аз ұшыраспайды. Терминология мәселелерін арнайы зерттеп жүрген терминолог ғалымдар мен тіл мамандары үшін баспасөз материалдарынан ғылыми соны пікір, тың тұжырымдар табылды десек, артықтау болар еді. Терминтанудың күрделі ғылыми мәселелерінің шешімін табу терминологияны арнайы зерттеп жүрген тіл мамандарының еншісінде қала бермек. Бірақ терминдердің қолданысы, аударылуы, жасалуы, қалтарыста қалып қойып жүрген төл сөздерімізге терминдік мағына жүктеу мен терминком жұмысын жақсарту туралы барлық арнаулы сала мамандарының, тілдің жайын жақсы білетін жазушылар мен журналистердің, аудармашылардың ұсыныс-пікірлері баспасөз беттерінде үздіксіз жарияланып отырған. Ондай пікірлер мен ұтымды ұсыныстар терминологиялық жұмыстарды жүргізу барысында ескерусіз қалмауға тиіс. Мәселен, жазушы Кеңес Юсупов «Егемен Қазақстан» газетінің 2001 жылдың мамыр айындағы бірнеше санында жарияланған «Толғауы тоқсан қызыл тіл» атты терминология туралы көлемді мақаласында жарыса қолданылып жүрген кейбір терминдердің мағыналарының аражігін ажыратып, олардың әрқайсысына жеке-жеке терминдік мағына жүктеу керектігін өте орынды атап көрсеткен. Айталық, автордың *долг – борыш, расход – шығыс, убыток – шығын, задолженность – берешек, выручка – кіріс, поступление – түсім, потеря – ысырап, ущерб – залал, вред – зиян* түрінде мағына ажырату туралы ұсынысы қолдауға лайық деп білеміз.

Терминдердің қолданысы, аударылуы мен жасалуы сияқты мәселелердің қозғалып, жекелеген терминдер туралы мұндай нақты ұсыныстардың айтылғаны өте дұрыс. Алайда қазақ терминологиясының шешімін табуға тиісті мәселелері бұлармен ғана шектелмейді. Терминологияның жекелеген мәселелері мен кейбір терминдердің қолданысы төңірегінде ғана сөз қозғаумен шектелмей барлық терминологиялық жұмыстарды үйлестіре отырып жүргізу қажет. Ондай кешенді жұмыс бір-бірімен өзара тығыз байланысты болатын үш негізді тірек етуі керек. Біріншісі – терминтанудың ғылыми-теориялық негізі, екіншісі – терминологиялық жұмыстарды жүргізудің ғылыми-әдістемелік негізі, ал үшіншісі – практикасы, яғни, барлық терминологиялық жұмыстар жиынтығы. Терминологиялық жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде жүргізу үшін ең алдымен, терминтанудың ғылыми-теориялық негізін берік орнықты-



руға тура келеді. Бұл – ең басты мәселе. Қазір термин туралы әңгіме қозғап жүргендердің көпшілігі терминтанудағы қандай орныққан теорияны басшылыққа алатындығы туралы бас қатырмайтын да сияқты. Біз терминологиялық лексиканың негізгі бөлігі ұлт тілінде жасалып қалыптастырылуға тиіс және терминологияның халықаралық сипаты басым болуы керек деген екі түрлі көзқарастың қайсысы дұрыстығын ғылыми тұрғыда дәлелдеп, соған сәйкес терминологиялық жұмыстарды жүргізудің бағытын белгілеуге тиістіміз. Қазіргі қажетімізді өтеп отырған терминологиялық қорымыздың сөздік түріндегі және компьютерлік толық нұсқасын жасап, оны саралаудан өткізіп, оған қандай өзгерістер, түзетулер мен толықтырулар енгізу қажеттігін де айқындап алуға тура келеді.

Теориялық тірегі берік болмаған практикалық жұмыс оң нәтиже береді деп ешкім де айта алмайды. Біздегі қазіргі терминология саласындағы практикалық жұмыстар көбінесе стихиялы түрде әркімнің өз пайымдауы бойынша жүргізіліп жатыр. Мұндай әрекетті ашық теңіздің бетіне шығып алып, әлемнің төрт бұрышының қайда екенін білместен-ақ жорамалдап жүзіп бара жатқан қайықшының тірлігіне ұқсатуға болады. Терминологиялық жүйені қалыптастыру, жетілдіру жолындағы бағыт-бағдарымыз айқын емес. Термин жасау, өзге тілдерден қабылдау және басқа да терминологиялық жұмыстар ғылыми негізделген белгілі бір принциптерді басшылыққа ала отырып жүргізілуі тиіс. Барлық терминологиялық жұмыстарды жүргізуде әркім өз білгенінше жан-жаққа тартпай, бәрімізге ортақ принциптерге сүйенгенде ғана қазіргідей терминологиядағы ретсіздікке жол берілмей, жетілдірілген терминдер жүйесін қалыптастыруға негіз қаланады.

Терминтану ғылымы саласында қазір кейбір шет ел ғалымдарының бізден озық тұрған тұстары, ғылыми жетістіктері де бар. Отандық терминтануды дамытуда оларды назардан тыс қалдыру үлкен ағаттық болар еді. Өзгені былай қойғанда өз зерттеушілеріміздің қайсысының еңбектерін негізге алуға болатынын ажырата білу үшін де – біршама дайындық пен ізденіс, кәсіби білім қажет болса керек. Сонымен барлық терминологиялық жұмыстарды жүргізуге негіз болатын терминтанудың ғылыми-теориялық негізін қалыптастыру – бірінші міндет. Ал қазақ терминологиясын дамытудың ғылыми принциптерін белгілеу негізді берік қаланған ғылыми теориядан бастау алуға тиіс.

Екіншіден, терминологиялық жұмыстарды жүргізудің ғылыми-әдістемелік негізі жасалмайынша, терминологиядағы ретсіздіктен арылып, жетілдірілген терминологиялық жүйені қалыптастыру өте қиын. Әр салалық терминологияның ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсететін терминдік элементтер мен модельдерді айқындап, терминдердің түрлері мен типтеріне қарай бөле отырып, оларды тілдік тұрғыдан жүйелеудің қажеттілігі дәл қазіргі кезеңде айқын аңғарылып отыр. Терминтану са-





ласында негізге алуға болатын ғылыми-теориялық еңбектер аз да болса бар. Жекелеген модельдер мен жұрнақтарды терминжасамда тиімді пайдалануға болатынын да айтып жүрміз. Терминологиялық лексиканы ұлт тілі негізінде қалыптастыруда пайдалануға болатын ішкі көздер де айқындалған. Ал терминологиялық жұмыстарды жүргізу кезінде тікелей басшылыққа алуға жарайтын ғылыми-әдістемелік зерттеулерді, әдістемелік құралдарды мүлде кездестіре алмайсың. Ең болмағанда Д. С. Лоттенің «Как работать над терминологией. Основы и методы» (М., 1968), «Основы построения научно-технической терминологии» (М., 1961) деп аталатын еңбектері сияқты бірде-бір әдістемелік құралдың жарық көрмеуі терминологиялық жұмыстарды жүргізудің ғылыми-әдістемелік негізінің осал болуымен бірге термин жасау, терминологияны қалыптастыру ісінің стихиялық сипатының басым болғандығын да аңғартады. Бұл әрекет қазіргі кезеңде де жалғасын тауып жатыр. Сол себепті филологтар, терминологтар мен салалық мамандардың алдында терминологиялық жұмыстарды жүргізуге арналған әдістемелік құралдар дайындау міндеті тұр. Ұлт тілінде термин жасау мен терминологияны қалыптастыру әдістемесін орнықтыруда өз тіліміздің сөзжасамдық ерекшелігі, ішкі заңдылықтары сақталумен қатар, терминологиялық жүйеге қойылатын жалпы талаптар мен өзге тілдердің терминологиясын қалыптастырудың бізге жарайтын ұтымды жақтары да назардан тыс қалмауы керек. Сондай-ақ әрбір арнаулы саланың терминдер жүйесін қалыптастыруда сол саланың ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктері ескерілуге тиіс. Мәселен, медицина мен география терминдер жүйесінің әрқайсысының өзіндік табиғатын танытатын және тектік, түрлік байланыстарын білдіретін тілдік бірліктер мен модельдер көрсетілсе, бұл салалардағы термин түзу жұмыстары жолға қойылар еді. Мұндай әдістемелік әдебиеттерсіз жетілдірілген терминологиялық жүйе құру мақсатына қол жеткізу мүмкін болмайды. Дәл қазіргі кезеңдегідей әркім өз білгенінше термин жасаумен айналыса берсек, терминологиядағы жүйелілік мәселесі жайына қалары анық.

Үшіншіден, алда тұрған міндеттердің бірі – термин жасау, терминологияны жетілдіру мен қалыптастырудың практикасын дұрыс жолға қою. Біздің ұлт тілінде термин жасау практикамыз Ахмет Байтұрсынұлы кезеңінен кейінгі 30-ыншы жылдар мен 90-ыншы жылдар аралығын қамтитын алпыс жылдай уақыт ішінде тоқырауға ұшырады. КСРО-ның тіл саясатына сәйкес кеңес халқына ортақ терминологиялық қор құру мақсатын көздедік те ұлт тілін термин шығармашылығына араластырмай термин қабылдаушы тілге айналдырдық. Соның салдарынан ғылым тілінің ұлттық сипаты әлсіреп, терминологиямыздың басым бөлігін шет тілдерінен өзгеріссіз қабылдаған терминдер құрайтын болды. Ғалымдарымыз оның себебін былайша түсіндірді: «В Советском Союзе такое





совпадение обусловлено общностью политической, экономической и культурной жизни народов страны, развитием общего лексического и терминологического фонда: «В основе этого процесса лежат принцип минимальных расхождений и принцип унификации, интернационализации терминов на базе общности, выработанной при помощи русского языка как языка межнационального общения и единения народов мира» (А.В. Крыжановская, Л.А. Симоненко).

Мұндай бағытты ұстанудың нәтижесінде қазақ тілі термин шығармашылығында өзінің тірі тілге тән жасампаздық қабілетін шектеп, термин қабылдаушы тілге айнала бастады. Қазақ тілі шет тілдері сияқты ғылыми ұғымдарды беруге «икемсіз», термин жасау мүмкіндігі «төмен», қазақ тілінде термин жасап «бос әуре болудың» қажеті жоқ дейтін ешбір ғылыми негізсіз сынаржақ пікірді дәлелдеуге тырысушылар пайда болды. Бұл тілдің атқаратын қызметін білмеуден, міндетін түсінбеуден туындаған біржақты пікір еді. Тілдің байлығына үңіліп, оның сөзжасам мүмкіндігін шебер де ұтымды пайдалана білмегендіктен тілге орынсыз мін тағу, оны икемсіз деп тану – үлкен қателік, тіпті, қиянат деп түсіну керек.

«Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді», – деп, *тілдің міндетін терең түсініп, оны термин шығармашылығында асқан шеберлікпен, үлкен жауапкершілікпен жұмсай білген Ахмет Байтұрсынұлы қазақтың ғылыми терминологиясының дамуына өлшеусіз үлес қосып, жүздеген жаңа сөздерге жан бітірді емес пе?*

Белгілі неміс ғалымы Леонард Ольшки өзінің «История научной литературы на новых языках» деп аталатын белгілі еңбегінде ғылымның ең күрделі мәселелерін кез келген тілде талқылап, бұрыннан бар ұғымдардың аражігін ажыратып, жаңа ұғымдарды атау үшін қажетіне қарай жаңа сөз жасауға болатынын дәлелдеп берген еді. Ол жаңа терминдерді жасау ғалымның таланты мен тапқырлығына тікелей байланысты екенін айта отырып, *«Несамостоятельности мышления соответствуют параллельность и связанность языка»* – деген тұжырым жасады.

Ойлау дербестігі жоқ адамның өзгеге жалтақтайтыны, біреудің айтқанын тотыша қайталайтыны немесе соның көлеңкесіне айналатыны секілді өз заңдылығын сақтай отырып, дербес дами алмаған халықтың тілі де қоғамдық қызметтерін атқару мүмкіндігіне ие бола алмай, қолданыс аясы тарылып, сөзжасамдық қабілеті шектеле береді.

Ой-санамыздың өзгеге тәуелділігі – тарихымыздың кейбір беттерін өтірік жазғызды, социалистік реализм шеңберінен шықпайтын партиялық





әдебиеттің талабына сай тапсырыстық туындыларды дүниеге әкелді, «совет халқы» деген халықтың ортақ тілін, сол халықтың ортақ терминологиялық қорын құруды көздейтін жалған теорияларды туғызуға мәжбүрледі. Әкімшіл-әміршіл жүйе тәуелсіз ойлай алатын жасампаз, шығармашыл тұлғаларды жойып, стандартты ойлайтын немесе тапсырысқа лайық жазағын тіл алғыштар армиясын тәрбиелеуді мақсат етіп қойды.

Сөйтіп, құрсауланған ой-сана тілдің бағын байлап, мүмкіндігін шектеп, оны сал етуге, мешелдік күйін кешуге, танауын тесіп жетектеген тайлақ сынды өзге тілдің жетегінде жүріп, солардың заңдылықтарына бағынуға мәжбүрлейтінін, ғалымның дұрыс атап көрсеткенін уақыттың өзі дәлелдеп берді.

Тілдің қоғамдағы негізгі қызметтерін орыс тілінің атқаруын көздеген тіл саясаты мен өзге де әр түрлі экстралингвистикалық және лингвистикалық факторлардың әсерінен қазақ тілінің термин шығармашылығындағы мүмкіндігі пайдаланылмай, оның ғылым мен техника саласындағы қызметіне нұқсан келді. Одақ халықтары тілдерін орыс тілі негізінде туыастастыру, жақындастыру бағытын жарты ғасырдай ұстандық та, керісінше, туыстас түркі халықтарының өз арасында сөз алмасу, терминжасам тәжірибесін бөлісу ісі назардан тыс қалды. Нәтижесінде халықаралық сипаты басым, орыс терминологиясымен ортақ терминдер қоры мол терминологиялық жүйе қалыптасты. Орыс терминологиялық мектебінің басында тұрған оның негізін қалаушылардың бірі Д.С. Лотте *«Большой недостаток – излишняя загруженность терминологии иноязычными элементами»*, – деп көрсеткен еді.

Біз де сондай кемшілікке орын берілді. Кеңестік кезеңде қалыптасқан терминологиялық лексиканың тағдыры туралы бір тоқтамға келуіміз қажеттігі өз алдына, ендігі жерде ұлт тілінде термин жасау мен өзге тілдерден термин алмасу мәселесіне бұрынғыша қарауға болмайтындығы анық. Ұлт тілінің ғылым саласындағы қолданысын қамтамасыз етіп, тілдің ішкі мүмкіндігін термин шығармашылығында барынша тиімді пайдалану үшін ендігі жерде терминжасам тәжірибесіне айрықша мән беруге тура келеді. Тәуелсіздікке қол жеткеннен бергі он шақты жыл ішінде терминжасам тәжірибесі біршама жанданғанымен терминологиялық жұмыстарды жоғары кәсіби деңгейде жүргізу мен бүкіл республикалық ауқымда үйлестіру ісінде олқылықтардың орын алуы салдарынан терминологиядағы ретсіздікке, жарыспалылыққа жол берілді. Ұлт тілінде термин жасаудың маңыздылығын мойындағысы келмейтіндер мұндай кемшіліктер мен сәтсіз жасалған кейбір терминдерді мысалға келтіре отырып, қазақ тілінің термин жасауға икемсіздігін дәлелдеуге күш салып жүр. Сондықтан да термин жасау ісін дұрыс ұйымдастырып, оны білікті мамандар кәсіптік деңгейде жүргізбесе болмайды.



Жалпы терминтанудың теориясы, әдістемесі мен практикасын бір-бірінен бөліп, жеке дара дамыту қажет деген түсінік туындамауға тиіс. Мәселен, әдістемеге негізделген практикалық жұмыстар жүргізіліп жатса, керісінше, практикалық жұмыстарды жүргізу кезінде әдістеме жетілдіріліп, жақсарып, толығып отыруы табиғи құбылыс. Теория мен практиканың да өзара тығыз байланыста дамיתыны белгілі.

Сонымен, қазақ терминологиясының осы үш негізіне табан тіремейінше, терминологиялық жұмыстар жоғары кәсіптік деңгейде жүргізіліп, жетілдірілген терминологиялық жүйе қалыптастыруға қол жеткізу қиын. Қазіргі терминологияда орын алып отырған кемшіліктер де осындай ғылыми-әдістемелік негізге сүйеніп, практикалық жұмыстарды жүргізудің дұрыс ұйымдастырылмауынан туындап жатқанын айтпасақ болмайды. Қазақ терминографиясының да арнайы зерттеле алмай келе жатқандығы мен салалық сөздіктер шығару ісінің дұрыс жолға қойылмауынан терминологиялық сөздіктер түзуде үлкен кемшіліктерге жол беріліп отыр. Бұл жөнінде «Егемен Қазақстан» газетінің 1999 жылғы 2 маусымдағы санында жарияланған «Мемлекеттік тілде іс жүргізу» атты мақаласында Қ. Әлімқұловтың «*Соңғы жылдары неше түрлі сөздіктер шығып жатыр. Шыққаны жақсы-ау, тек көбінің сапасы сын көтере бермейді. Өйткені, оларды ортақ сараптан шығарып отыратын да орын жоқ*», – деген пікірі орынды айтылған.

Енді осы аталған терминтанудың ғылыми-теориялық негізін қалау, әдістемесін жасау мен терминологиялық жұмыстарды жүргізудің практикасын дұрыс жолға қою сияқты күрделі де ауқымды істерді атқарудың механизмі қандай? деген сұрақтың туындары сөзсіз. Дәл қазіргі уақытта терминология мәселесімен тікелей айналысып отырған үш орган бар. Оның біріншісі – құрылғанына 70 жыл толғалы отырған Мемлекеттік терминология комиссиясы, екіншісі – А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының терминология бөлімі, үшіншісі – Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің құрамындағы осы жылдың басынан бері ғана жұмысын бастап отырған терминология, ономастика және нормативтік лингвистика басқармасы.

Мемлекеттік терминология комиссиясы осы уақытқа дейін өз жұмысын қоғамдық негізде атқарып келген кеңесші орган. Терминология бөлімі ғылыми мекеменің, ал министрліктің басқармасы мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелері болып табылады. Соңғысы жаңа құрылып жатқандықтан оның атқарған жұмысының нәтижесі туралы айту әлі ерте және бұл бөлімшенің аты айтып тұрғандай тек терминология мәселелерімен ғана айналыспайтынын да ескерте кеткен орынды. Ал қазіргі қазақ терминологиясында орын алған кемшіліктер мен қандайда жетістіктері болса, соның барлығы да алғашқы екі органның жұмысының нәтижесі болып табылады. Бұл жерде бір мәселені бүкпей айта



кету керек. Қазақ терминологиясының теориялық және ғылыми-әдістемелік негізінің әлі берік қалана қоймағандығы мен терминологиялық жұмыстардың республика ауқымында дұрыс ұйымдастырылып, жоғары кәсіптік деңгейде жүргізіле алмай келгендігі басы ашық шындық. Сондықтан алдағы уақытта осы аталған құрылымдардың әрқайсысының жеке-жеке және үшеуінің бірлесе отырып атқаратын міндеттері жеткілікті. Негізі болашақта бүкіл терминология саласындағы жұмыстардың барлығын соған тікелей жауап беретін мамандандырылған, ауқымды жұмысты атқара алатындай күші, ғылыми әлеуеті бар бір ғана тұрақты мемлекеттік органның қолына тапсыру керек. Ал қазір терминологиялық жұмыстардың республикалық деңгейде жүргізілуіне жалпы басшылық жасауға заңды мәртебесіне сәйкес кеңесші орган болып табылатын ҚР Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы жауапты. Терминологияның теориялық және ғылыми-әдістемелік негізін қалап, даму принциптерін анықтау арқылы терминологиялық жұмыстарды ғылыми қамтамасыз етуге ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының терминология бөлімі жауап беруге тиіс. Терминологиялық жұмыстарды республикалық ауқымда үйлестіру, практикалық жұмыстардың ғылыми негізде жүзеге асуын қадағалап, оларды ұйымдастырып отыру атқарушы биліктің құрамында болғандықтан, Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің басқармасына жүктелетін міндет.

Осы құрылымдардың әрқайсысы өз міндетін дұрыс атқарып және олар бір-бірімен өзара тығыз байланыста жұмыс жүргізгенде ғана қазақ терминологиясының қордаланып қалған көп мәселелері шешімін табады деп білеміз.

Мемтерминком жұмысында соны серпін пайда болып, оның жұмыс істеу тәсілінің өзгере бастағанын айта кетпеске болмайды. Комиссияның жаңа бекітілген құрамының төрағасы М. Құл-Мұхаммед мырза терминком мүшелеріне нақты міндеттер жүктеп, әр тоқсан сайын комиссияның атқарған жұмыстарының есебін тыңдап, жұмыс барысын өзі тікелей қадағалап отыратынын ескертті. Білікті тілші ғалымдар мен термин мәселесімен үздіксіз айналысып жүрген салалық мамандардан тұратын жұмыс тобы жасақталып, олар да, терминком мүшелері де ендігі жерде ақылы түрде жұмыс жүргізбек. Жұмысты бұлайша ұйымдастыру бұған дейін болған емес. Нақты жұмысқа нақты қаржы бөлінгендіктен атқарылған істің нәтижесін талап етуге де болады. Сондай-ақ министрлік терминологияның өзекті мәселелерін қозғап, терминкомның жұмыс барысы мен оның мәжілісінде бекітілген терминдерді көпшілік қауымға таныстырып отыру мақсатымен әр тоқсан сайын «Терминология хабаршысы» деп аталатын бюллетень шығаруды жоспарға енгізді. Қазақ терминологиясының теориялық және ғылыми-әдістемелік негізінің қаланып, тер-



минологиялық жұмыстардың тиісті деңгейде жүргізіле алмағандығына, біріншіден, бұл іске мемлекеттік деңгейде мән беріліп, арнайы қаржы бөлініп, республикалық дәрежеде бір орталықтан ұйымдастырылмауы, екіншіден, терминтануды ғылым ретінде жақсы дамытып, терминологияның даму бағытын белгілеп, оның күрделі ғылыми мәселелерін шешіп бере алатын білікті терминолог ғалымдар мен терминжасамның жай-жапсарын жетік білетін тәжірибелі практик мамандардың жетіспеуі себеп болып келеді.

Дегенмен соңғы он жыл көлемінде терминология саласы бойынша маманданғысы келетіндер қатары көбейе бастады. 1992 жылдан бергі мерзім ішінде терминология саласы бойынша екі тіл маманы, бір математик докторлық, сондай-ақ оннан астам тіл мамандары кандидаттық диссертациялар қорғады. Алайда бұл мамандардың бірқатары қазір терминология саласында өнімді еңбек етіп жүр деп айта алмаймыз. Өйткені ондай мамандардың көпшілігі әр түрлі себептермен термин мәселелерімен арнайы айналысып отырған мекемелерде емес жоғары оқу орындарында жұмыс істеп, қазақ тілінің лексикологиясы, морфологиясы, синтаксисі немесе практикалық қазақ тілі сияқты басқа курстарды жүргізіп жүр. Күнделікті жұмысы болғандықтан сол салаларға көбірек ден қойып мамандана бастаған. Диссертациясын қорғап, атағын алып алғаннан кейін терминология ауылына ат ізін салмай кеткендері де бар. Керісінше, басқа арнаулы салалардың мамандарының арасында кандидаттық диссертацияларын химия, медицина, биология ғылымдары бойынша қорғап, енді сол салалардың терминдері бойынша немесе жалпы терминология мәселелері жөнінде еңбек жазып филология ғылымының докторы ғылыми дәрежесін алғысы келетіндер қатары көбейіп отыр. Біз жалпы салалық мамандардың термин, терминология мәселелеріне атсалысып, жанашырлық танытып жататындығын қолдамасақ, қарсы болмаймыз. Олар өз салаларының ұғымдар жүйесінің ерекшеліктерін тіл маманынан гөрі жақсырақ білетіндіктен терминологиялық сөздік түзуге, термин жасауға қатысуы орынды. Ал арнайы базалық білімі жоқ салалық мамандардың филология саласының ең жоғарғы ғылыми дәрежесін алуға ұмтылуларына көптеген тіл мамандарының қарсы болуларын негізсіз деуге де болмайды. Филология ғылымының докторлары институттарда, университеттерде бес жыл бойы тіл білімінің барлық салалары бойынша білім алып және де филолог болғандықтан тек тіл емес әлем әдебиетінің үздік туындыларымен, әдебиет теориясы, тарихы, сынымен танысып, одан кейін аспирантурада оқып немесе ізденуші болып, содан соң ғана барып кандидаттық қорғап, тіл білімінің белгілі бір проблемасын зерттеп, осы салаға маманданып барып докторлыққа көшеді. Сондықтан олар тіл білімінің бір саласы бойынша маманданғанымен тіл мен әдебиеттің, жалпы филологияның негізгі мәселелерінен толық хабардар

болады. Кандидат, докторларды айтпағанда кез келген дұрыс базалық білім алған филолог орта мектепте, арнаулы және жоғары оқу орындарында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ жүргізе алады. Ең болмаса, эпентеза мен метатезаның, аллитерация мен ассонанстың не екенін, сөйлемдерді түрлеріне қарай бөліп, оларға фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау жасап, өлең құрылымы мен ұйқас түрлерін ажырата біледі. Ал филолог болам дейтін өзге саланың мамандарынан осындай ең қарапайым нәрселердің өзін талап ету қиын. Оның куәсі болғанымыз да бар. Сол себепті ондай өзге ғылым салаларының мамандарына терминологияға сіңірген еңбегі, қосқан үлесі үшін ғылым докторы атағын беру қажет болса, ЖАК-тың келісімімен өзге сала мамандары үшін терминология бойынша жеке шифр белгілеп берген дұрыс болар. Терминология қалай тартсақ та лингвистикалық ғылым саласы болып қалыптасты. Бізде ғана емес әлемдік ғылымдағы оның орны солай белгіленіп жүр. Сондықтан да терминтанудың ғылым ретінде дамуына тіл мамандары жауапты болса керек. Орыс терминологиясының негізін қалаушылар қатарына кіретін инженер Д.С. Лотте мен аэродинамик С.А. Чаплыгин өз салалары бойынша ғылыми дәрежелері мен атақтарын ала отырып-ақ терминдер жүйесінің дамуына үлкен үлестерін қосты емес пе? Егер базалық білім дегенді мойындамайтын болсақ, филологтар неге экономика, физика-математика немесе медицина ғылымдары бойынша ғылыми дәреже алуға ұмтылмайды? Әлде шынымен-ақ филология деген кейбіреулердің айтып жүргеніндей өзге ғылымдар сияқты арнайы мамандандуды қажет етпейтін оңай ғылым саласына айналып кетті ме? Бұл сұрақтар филологтарды да, өзге ғылым салаларының мамандарын да ойландырса керек. Ал әр саланың терминдер жүйесін осыған дейін де тілшілермен бірлесе отырып, сол салалардың мамандары жасап, қалыптастырып келген, бұдан былай да солай бола береді. Бұл басы ашық мәселе. Ендеше терминологиялық лексиканы қалыптастырудан ешкім шет қалған жоқ, қалмайды да. Тек кейбір басқа сала мамандарының өзі базалық білім алып, кандидаттық диссертация қорғап маманданған салаларынан жетпеген биігіне филологияға келгенде ондай кезеңдерден өтпей-ақ жарты жылдан қосылып жете салғысы келетіндігіне осы салада ұзақ жылдар бойы еңбек етіп жүрген жетекші тілші ғалымдардың таңданыс білдіруі негізсіз болмаса керек. Сол себепті кадр дайындауда туындап отырған бұл мәселені әркім өзінің жеке мүддесіне қарай бұра тартпай кеңесе, келісе отырып дұрыс шешкен жөн болар деп ойлаймыз.

Сонымен қазақ терминологиясының теориялық, ғылыми-әдістемелік негізін нығайтып, барлық терминологиялық жұмыстарды бір орталықтан үйлестіріп, басқарып, қадағалай отырып кәсіптік деңгейде жүргізу қажет. Бұл істен тілші ғалымдармен қатар терминдер жүйесін қалыптастыруға атсалысып жүрген арнаулы салалардың тәжірибелі ма-

мандары да шет қалмауға тиіс. Жұмысты солай ұйымдастырғанда ғана қазіргі қалыптасып отырған ретсіздіктен арылып, жетілдірілген, жүйелі терминология құру мақсатына қол жеткізе аламыз. Мемлекеттік тілдің терминологиясын ұлт тілінің мүддесіне сәйкес қалыптастыру оның ғылым мен білім салаларындағы қызметін қамтамасыз етудің ең басты шарты болып табылады. Сондықтан да бұл іске мемлекеттік қамқорлықтың қажет екендігі дәлелдеуді керек етпейді.

ҚР БҒМ ҰҒА-ның Хабарлары.

Тіл, әдебиет сериясы.

2002. – № 4. – 62-70 бб.

Қазақ баспасөзіндегі термин бірізділігі мен қолданысының жайы

«Дүниедегі жаңылыстың тең жартысы – терминнің мағынасын түсінбей қолданушылықтан» демекші, терминдерді біріздендіріп, термин қолданысының тұрақтылығына қол жеткізудің маңызы зор.

Терминдерді бірізге түсіру арқылы ғылым-білімді игеру, қажетті ақпаратты алу мен тарату немесе ақпарат алмасу барысында жүйелілікке, ұғынықтылыққа, өзара түсіністікке қол жеткізіледі. Сондықтан терминдерді біріздендіру жұмысы белгілі бір арнаулы саланың өз ішінде де жалпы терминология көлемінде де, бір тілдің ішінде де, тілдер арасында да жүргізіліп жатады. Осы ерекшеліктеріне қарай терминтануда терминологиялық жұмыстың бұл түрі іштей сала тармағының ішіндегі біріздендіру, салалық біріздендіру, жалпытерминологиялық біріздендіру, тілішілік біріздендіру, тілаларлық біріздендіру, халықаралық біріздендіру деп жіктеліп жатады. Біріздендіру жұмысы қай деңгейде жүргізілсе де жоғары кәсіби тұрғыда жүзеге асып жатуға тиіс.

Біріздендіру жұмысы ең алдымен, ұғым мазмұнын дәл бермейтін, терминге қойылатын талаптарға сай келмейтін атаулардан арылып, сәтсіз жасалған баламалар мен терминологияда ретсіздік туғызып, жарыса қолданылып жүрген нұсқаларды сараптан өткізіп, солардың бірін тілде орнықтырудан бастау алуға тиіс. Сондай-ақ тілімізде арнаулы ұғымды дәл беретін байырғы атауы бола тұрып орынсыз шет тілінің сөзімен алмастырылған немесе сөзжасам, терминжасам тәсілдерін ұтымды пайдалана отырып сәтті жасалған терминдер де ұлттық терминологиялық қордан орын алу қажеттігін назардан тыс қалдыруға болмайды. Термин шығармашылығы терминологияны біріздендіру, жетілдіру жұмыстарымен қатар жүріп жататын үздіксіз процесс болғандықтан, жаңадан жасалып қолданысқа ене бастаған терминдерді іріктеп алумен бірге қажеттілігіне қарай жаңа терминдер жасап, оларды тілде орнықтыруға

да көңіл бөлінгені жөн. Бұл жұмыс барлық арнаулы саланың терминдер жүйесін қамти отырып жүзеге асыруды қажет етеді. Яғни тілішілік біріздендіру ісіне жете мән берілуі керек.

Ал тіларалық біріздендіру кезінде біз бұрынғыдай орыс тілін ғана үлгі етіп алып, біржақтылыққа ұрынбай, ғылыми негізделген байыпты бағытты ұстануымыз керек. Әсіресе, туысқан түркі тілдес халықтар тілдерінің арасындағы терминжасам тәжірибесін бөлісу мен термин алмасу ісін дұрыс жолға қоюдың маңызы өте зор. Ділі мен тілінің ұқсас қырлары, ортақ жақтары мол туысқан халықтардың өзара термин алмасу ісін жолға қоймай, өзгеге тәуелді кезде солардың белгілеп берген қағидаттарын әлі басшылыққа алып, ескі сүрлеуден шыға алмай отыруымызды құптау қиын. Бұл осы саладағы жұмыстардың тиісті деңгейде жүргізілмей отырғанын көрсетсе керек. Тілдік туыстығы жағынан бір топқа жататын өзге халықтар тілдері арасындағы термин алмасу тәжірибесі де ескеріліп, оның ұтымды жақтары бізге үлгі болуы қажет. Бірімізде жоғымызды бірімізден тауып, тілдік байланысымыз бен ғылым саласындағы ынтымақтастығымызды нығайтудың тарихи-мәдени әрі саяси маңызы да зор деп білеміз.

Орыс тілімен және орыс тілі арқылы еуропа тілдерімен арадағы термин алмасу дәстүрі бізде кеңестік кезеңде әбден орныққан деуге болады. Тіпті, термин алмасудың бірден-бір дұрыс жолы ретінде ұсынылды десек, шындықтан ауытқымаймыз. Ол дәстүрден үзілді-кесілді бас тартып, туыстық жақындығы жоқ тілдерден сөз, термин алмасуды тоқтатайық деген жолды ешкім де ұсынып отырған жоқ. Ұлт тілінде термин жасау, тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін тиімді пайдалану үрдісі жандана бастады деген соңғы он шақты жылдың көлемінде де еуропа тілдерінен көптеген терминдер тілімізге еніп үлгерді. Ол тілдерден ендігі жерде сөз алуға болмайды деуге де еш негіз жоқ. Еуропа тілдері де өзге тілдер сияқты терминологиялық лексиканы қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде қала беруге тиіс. Тек терминдерді қай тілдерден қандай мөлшерде, нендей тілдік және тілден тыс заңдылықтарға сүйене отырып қабылдайтындығымыздың себептерін ғылыми тұрғыдан анықтап алуға тура келеді. Саяси және экономикалық тұрғыдан ықпалы зор, әскери қуаты күшті, ғылым-білімі өркендеген елдердің тілдерінен термин қабылдау қашан да, қай тілдің де басында болатын құбылыс. Мемлекет нығая түскен сайын мемлекет құраушы ұлттың ғылымды өз тілінде өркендетіп, ақпарат алмасу процесінде өзінің тиесілі орнын алуға ұмтылуы табиғи нәрсе. Біз қазір дәл осы кезеңді бастан кешіріп отырмыз. Қазіргі кезеңде де кешегі кеңестік дәуірдің кемшіліктерін қайталап, терминологияны дамытуда біржақтылыққа ұрынуға жол беруге болмайды. Әлемдік ғылымның даму үрдісіне сәйкес өзге тілдердің терминдер қорын қалыптастырудағы ұстанып отырған бағытын, терминологиясын қалыптастыру тәжірибесін



де ескеріп, алайда басқанікінің бәрін асыл көріп, көзсіз көшіруге ұрынбай, ұлт тілі мен ғылыми-техникалық прогрестің мүддесін ұштастыра жұмыс жүргізгенде ғана мәселе дұрыс шешімін таппақ.

Жалпы ендігі жерде бізге тілішілік біріздендіруді де, тіларалық біріздендіру жұмысын да ескі сарынмен жүргізе беруге болмайды. Тілішілік біріздендіру барысында ұлт тілінің ішкі мүмкіндіктері сөз жүзінде емес, іс жүзінде барынша кәдеге жаратылуы керек. Барлық лексикалық қабаттарды терминологияны қалыптастырудың ішкі көзі ретінде, ал сөзжасам, терминжасам тәсілдерін тіліміздегі термин жасаудың жолы ретінде кәсіби шеберлікпен пайдалану арқылы ғана ғылыми-техникалық терминдер қорын ұлттық тіл негізінде қалыптастыра аламыз. Ал тіларалық біріздендіру ғылым мен техниканың өркендеуі немесе мемлекеттердің саяси және экономикалық ықпалдылығы сияқты тілден тыс (экстралингвистикалық) факторларға ғана негізделмей, тілдердің туыстығы мен құрылымдық ұқсастығы тәрізді таза тілдік (лингвистикалық) факторларды да ескере отырып жүргізілуі қажет.

Ал осы біріздендіру жұмысының БАҚ-қа, оның ішінде баспасөзге қатысы қандай деген мәселеге келер болсақ, ақпарат құралдарының бұл істе айрықша рөл атқаратынын айту керек. Баспасөздің қоғамдық сананы, әлеуметтің саяси-мәдени көзқарасын, мінез-құлқын, талғамын қалыптастыруға ықпал ететін аса қуатты үгіт-насихат, тәрбие құралы екендігі белгілі. Сондықтан да термин сөздердің бұқаралық ақпарат құралдарында қолданылуына тілші ғалымдар мен қаламгерлердің, журналистердің, жалпы қалам ұстаған қауымның жауапкершілікпен қарау қажеттілігін дәлелдеп жату артық болар.

Әр басылым, әр журналист әр терминді (сөзді) қалауынша жазып, қалауынша қолданып тілді шұбарлап, орынсыз жарыспалылыққа жол беріп жатыр деген пікірлер де айтылып жатады. Ондай пікірді көбінесе филологтар қауымының тарапынан, оның ішінде біздің тіл мамандарынан жиі естуге болады. Олардың басым көпшілігінің мәселенің мәнін түсініп отырғандықтан, кәсіби мамандардың тілге деген жанашырлығынан туындайтын, орынды айтылатын пікірлері екенін жоққа шығаруға болмайды. Ал жалпы терминологиядағы бірізділіктің сақталмауына БАҚ-ты, журналистер қауымын кінәлап, бар кінәны соларға жабу да дұрыс емес. Терминологияны біріздендіру олардың қызметтік те кәсіби де міндетіне жатпайды. Журналистер қалам ұстаған қауымның өкілі, тілдің жанашыры, сөз қадірін білетін, сөзбен жұмыс істейтін маман болғандықтан, бұл істен мүлде шет қала алмай, қал-қадерінше араласып жататыны белгілі. Оны табиғи нәрсе деп ұғу керек. Журналистер арасында да тәжірибесі мол, қаламы төселген, тілді жақсы білетін, тілдік норма, сөздердің тіркесімділік қабілеті сияқты мәселелерді назарында ұстап отыратын лингвистикалық сауаты жоғары мамандар аз емес. Публицис-





тикалық стильдің, баспасөз тілінің жетілуіне, дамып, қалыптасуына олардың қосқан, қосып отырған үлесі де елеулі. Керісінше, басқа кез келген сала мамандарының арасынан табылып жататыны сияқты, өз ісіне жауапкершілікпен қарай бермейтін, кәсіби деңгейі жоғары еместігіне қарамастан, басылымның бетін пайдаланып, өзінде бармен көзге ұрып үстірт пікір, орашолоқ ой айтып қалатын қалам иелері де кездесіп жатады. Ондай ағайындарға бола бүкіл БАҚ-қа, бүкіл журналистер қауымына өкпе айтудың, кінә артудың еш реті жоқ қой деп ойлаймыз. Қайта БАҚ беттерінде қолданылып жататын жаңа қолданыстардың бәрін қалт жібермей қадағалап, оларды жинақтап, лингвистикалық талдау жасай отырып, асылын жасығынан ажыратып алып, тілдік нормаға сай сәтті жасалғандарын терминқорға қосуға атсалысу тілшілер қауымының төл міндеті болып саналса керек. Жалпы термин бірізділігін қалыптастыруға, тіл мәдениетін сақтауға кәсіп түріне қарамастан, тіл иесі болып табылатын халықтың әрбір өкілі, қала берді сол тілде жазып, сөйлеп отырған әр азамат немқұрайды қарауға тиіс емес.

Терминологияны біріздендіру жұмысын жоғары кәсіби деңгейде жүргізуге қабілетті тілші-терминолог ғалымдар мен өз салаларының терминжүйесін жасауға атсалысып жүрген тілді жетік білетін салалық мамандардан тұратын мамандандырылған, бұл істі бүкіл республикалық көлемде жүргізе алатын тиісті өкілеттілігі бар орган атқаруға тиіс. Терминологиядағы бірізділіктің сақталмауы бұл істің осындай ұйымдастырылған түрде қолға алынбай отыруынан. Терминдерді әркелкі қолданып жүрген тек журналистер ғана емес. Мұғалімдер мен оқытушылар да, ғалымдар мен арнаулы сала мамандары да өз еңбектерінде, кәсіптік қызметінде бір ұғымның атауын сан түрлі жазып, қолданып жүр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы жалпы жұртшылық пен мамандардың пікірін жинау мақсатымен бекітілетін терминдерді «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті», «Заң», «Қазақстанқая правда» газеттерінде және Мемтерминкомның арнаулы басылымы «Терминологиялық хабаршыда» жариялап келді. Терминдердің қолданысына қатысты өз пікірлерін, ұсыныстарын білдірген, үн қосқан бірді-екілі мамандар болды. Белгілі ақын-жазушыларымыздың арасынан Мұзафар Әлімбаев, Бексұлтан Нұржекеұлы сияқты қаламгерлер нақты ұсыныстарын айтты. Олардың пікірлері ескерусіз қалған жоқ. «Менің де пікірімді білдіруге қажым бар ғой» деп, аса қажетке жарай қоймайтын үстірт пікір айтушылар да болғанын айту керек. Ал жалпы алғанда соңғы екі-үш жылдың көлемінде бұл іске белсене араласып, терминдерді талқылауға жаппай атсалысқан жұртшылықты көре алмадық. Оның да өзіндік себептері бар. Біріншіден, термин мәселесі де кәсіби біліктілік тұрғысынан келе отырып араласуды, арнайы мамандану арқылы мәселенің





мән – жайын біліп барып ой-пікір айтуды қажет етеді. Бұл тұрғыдан келгенде жұртқа бәлен-түген деудің өзі артықтау. Өзіміз де нақты қосарымыз болмаса, кез келген арнаулы саланың мәселелеріне сол саланы жетік білетін мамандар тұрғанда олардың ісіне араласып, пікір айта бермейтініміз белгілі ғой. Екіншіден, осы мәселеге тілге, терминге қатысы бар мамандық иелерінің өзі жекелеген бір терминнің төңірегінде қандай да бір пікір айту үшін біраз ойланып, бас қатырып, арнайы уақыт пен көңіл бөлуі қажет. Сондықтан да біздің жариялаған терминдеріміз жайлы «неге пікірлеріңді білдірмейсіңдер» деп жұрттың бәріне реніш айтудан аулақпыз.

Мемтерминком біріділікті сақтау мақсатымен әрі салалық мамандар мен бұқаралық ақпарат құралдарының бекітілген терминдерді де жоғарыдағы аталған басылымдарда жариялап отырды. Ал енді осы бекітілген терминдерді біркелкі қолданбай, әр газеттің қалаған атауын қолдануы құптарлық іс емес. Егер жекелеген журналист немесе газет-журнал редакциясы бекітілген терминге көңілі толмаса, онда бекітілгенге дейінгі талқылау кезінде өзі дұрыс деп санайтын баламасын, нұсқасын ұсынуға мүмкіндік берілді емес пе? Тіпті түрлі себептермен талқылау кезінде пікір білдіре алмаған жағдайдың өзінде термин бекітілгеннен кейін де дәлелдерін келтіре отырып Мемтерминкомға қайта ұсыныс жасауға, ескерту, сын айтуға мүмкіндік бар ғой. Мәселен, Мемтерминком *отбасы, елтаңба, әнұран, пайыз, қағидат, көзқаман, тұжырымдама, діл, алпауыт, әкімдік, кент*, түрінде бекіткен терминдер кейбір басылымдарда *жанұя, герб, гимн, процент, принцип* немесе *ұстаным, нигилист, концепция, менталитет, монополист, әкімият* немесе *әкімшілік, поселке* немесе *ауыл* түрінде қолданылып жүр. Мұндай әрекетіміз жұртты шатастырып, жарыспалылықтың орын алуына жетелеп, бір терминнің тұрақтауына оң ықпал етпесі анық.

БАҚ-тарда біріді қолданылған терминдердің жұршылықтың санына сіңіп, ұзақ мерзім бойы жарыса жұмсала бермей, тілде тезірек тұрақтауына мүмкіндік мол. Мәселен, кезінде 90-жылдардың басында *суверенный* сөзінің баламасы ретінде *егемен* сөзі ұсынылғанда, бұл сөзді құптағандардан гөрі жаратпағандар көбірек болды десек, артық айтқан бола қоймаспыз. Жамбыл, Шымкент, Қызылорда сияқты оңтүстік облыстардың жекелеген аудандарында ғана *ие* мағынасында қолданылатын *еге* сөзінің негізінде асқан бұл сөзді тілге енгізудің қажетсіздігін, оның *суверенный*-дың мағынасын бере алмайтындығын алға тартып арнайы мақала жазғандар, пікір айтқандар да болды. Бірақ біріді қолданылып, газет атауының құрамына еніп, БАҚ-тарда жиі жазылып, айтылуы негізінде бүгін бұл атауды ешкім жатырқай қоймайды. Керісінше, ресми бекітілгеніне қарамастан, біріділік сақталмай әр басылым *отбасы* және *жанұя* нұсқаларын жарыстыра қолданып жүргендіктен еш талас-





сыз тұрақтауға тиіс термин тілде әлі орныға алмай келеді. Көпшіліктің елеулі бөлігі баспасөзде қолданылып жүрген сөздердің бәрін әдеби норма ретінде қабылдайды. Сондықтан да телеарналар мен кейбір басылымдардан *жанұя* сөзін жиі естіп, оқып жататын оқырмандар мен көрермендердің бір бөлігінің, әсіресе жастар жағының *жанұя* дейтін жасанды сөзге құлағы үйрене бастағаны байқалады.

Жалпы журналистер қауымының терминологиялық қорымызды байытуға өзіндік үлес қосып жататынын да ешкім жоққа шығара алмайды. Халықаралық сипаты басым *террорист*, *камикадзе* сияқты бірқатар атауларды «Егемен Қазақстан» біраз уақыттан бері *лаңкес*, *жанкешті* нұсқасында қолданып келеді. Бұл атаулардың шет тілдік нұсқаларының кең тарап, халықаралық термин статусын иеленіп, біздің тілімізде де кеңестік кезеңнен бастап ұзақ уақыт қолданылып жүргеніне қарамастан, біз кейінгі жылдары *лаңкес*, *жанкешті* түрінде қолданысқа ене бастаған ұлттық нұсқалар сәтті тандалған деп түсінеміз. Мемтерминкомның кезекті бір отырысында «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» ашық акционерлік қоғамының президенті С.Абдрахмановтың осы басылымда қолданылып жүрген *жаһандану* терминін бекітуге ұсынып, бұл терминнің тілде тұрақтауына мұрындық болғанының куәсі болғанымыз бар. Аталған термин қазір осы нұсқасында тілімізде тұрақты қолданыла бастады.

Ал тілшілер қауымы газет лексикасына, тіліне, баспасөз тілінің мәдениетіне қашанда немқұрайды қараған емес. Әр кезеңде бұл мәселеге арналған С.Исаев, Б.Әбілқасымов, Б.Момынова сияқты тіл мамандарының зерттеу еңбектері жарық көрді. Соңғы жылдары ғана Р.Сыздық, М.Серғалиев, Н.Уәлиұлы т.б. тілші ғалымдар БАҚ тіліне арналған бірнеше мақалалар жариялады. Ал 2002 жылы біздің жетекшілігімізбен тікелей қазақ баспасөзіндегі термин мәселесін арнайы қарастырған Ә. Әміровтің «Қазақ баспасөзінің 1990-2000 жылдар аралығында терминологияны қалыптастырудағы рөлі» атты кандидаттық диссертациясы қорғалды. Онда «Егемен Қазақстан», «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» газеттерінің соңғы онжылдықтағы терминологияны қалыптастырудағы рөлі жан-жақты сөз болады. Қазіргі ақпарат ғасырында адамзат қоғамында БАҚ-тың алатын орны ерекше болып отыр. Сол себепті де тілдің бұқаралық апаратын құралдарындағы қолданысы, керісінше тілдің дамуына БАҚ-тың ықпалы әлі де әр қырынан лингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық, психолингвистикалық тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Ал терминдерді қолдану мен терминологиядағы бірізділікті сақтауға басылымдар қашанда үлкен жауапкершілікпен қарауға тиісті екендігін есте ұстағаны абзал.

Жаһандану жағдайындағы ақпарат құралдары.

– Астана, 2005. 104-110 беттерде.



Заң терминдерін біріздендіру – маңызды мәселе

2008 жылдың 4 маусымында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Аппаратының қызметкерлеріне арналған қазақ тілін үйрету курсы бойынша «Заң терминологиясын қалыптастырудың мәселелері» деген тақырыпта дәріс өткізілді.

Лекцияны Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы Хатшылығының кеңесшісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлы оқыды. Аталған тақырып бойынша дәріс соңында тыңдаушылар арасында берілген сұрақтарға орнықты жауаптар беріліп, қызу пікірталастар туындады. Ұйымдастырушылар мен лекторға Аппарат қызметкерлері алғыс білдіріп, келешекте «заң тілінің өзекті мәселелеріне байланысты» лекциялар тыңдасақ деген ұсыныстар айтылды.

Арнаулы саланың шеңберімен ғана шектеліп қалмай, елеулі бөлігі көпшілік қауымға түсінікті болып жататын сала терминдері де бар. Солардың қатарына заң терминдері де жатады. Қай саланың маманы, қандай кәсіптің иесі екендігіне қарамастан кез келген азамат өзі өмір сүріп жатқан қоғамның, мемлекеттің қолданыстағы заңдарына сәйкес әрекет етеді. Күнделікті өмір-тіршілігімізде баршамыз да заңға жүгінеміз. Заңсыз аяғыңды аттап басуға болмайды. Заң шығарушы орган жылына көптеген заңдарды қабылдап, оларды мерзімді басылымдарда жариялап жатады. Сондықтан да мамандығы заңгер болмаса да көптеген өзге салалардың мамандары, қалың жұртшылық заң, құқық, талап, талапкер, жауапкер, жәбірленуші, күдікті сияқты жиі қолданылатын, тіпті ондаған терминдердің мән-мағынасын жақсы біледі. Осы саланың терминдері жайында сөз бола қалған жерде мамандығының заңгер немесе лингвист-терминтанушы емес екендігіне қарамастан, әркімнің өз пікірін білдіріп жататындығы да осындай себептермен байланысты. Мәселен кибернетика, ядролық физика, электроника, машина жасау, радиотехника терминдері талқылана қалса, осы салалардың мамандары мен терминтанушылар, терминологтар болмаса көпшілік жаппай пікір білдіріп, талқылауға белсене араласа қоймаған болар еді. Өйткені аталған салалардың терминдері дәл заң терминдерінің елеулі бөлігі тәрізді көпшілікке танымал емес. Жалпы заң терминдері көпшілік қауымның күнделікті өмір-тіршілігінде көбірек пайдаланатын, қоғам мүшелерінің әрқайсына қатысы бар атаулар болып есептеледі. Бұл сипаты жағынан олар қоғамдық-саяси лексикаға да жақындығы бар. Ал енді осы қазақ тіліндегі заң терминологиясының қазіргі жағдайы қалай, шешімін таппаған қандай мәселелері бар деген сұраққа жауап іздер болсақ, өзге арнаулы салалардағы сияқты

бұл салада да бірқатар жұмыстардың атқарылуы керектігі анық аңғарылады.

Жалпы бүгінгі қазақтың заң терминологиясы туралы сөз еткенде көптеген арнаулы салалардың терминологиясымен салыстырғанда оның ұлттық сипатының басым екендігін айту керек. Бұл бір жағынан бізде қазақ тілін жетік білетін ұлттық кадрлардың, заңгер мамандар қауымының болуымен байланысты болса, екінші жағынан соңғы он-он бес жыл көлемінде осы саладағы ұлт тілінің термин шығармашылығының едәуір жанданғандығымен де байланысты. Әрине, заң терминологиясының ұлт тілінің төл сөздік қоры мен терминжасам тәсілдері негізінде қалыптасуы құптарлық құбылыс. Бұл үрдісті толық қолдай отырып, қазақ заң терминологиясының, заң тілінің қалыптасуын жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асыра білуді де ұмытпағанымыз жөн. Міне осы тұрғыдан келгенде заң терминологиясын жетілдіре түсу бағытындағы жұмыстар жалғаса беруге тиіс. Бұл – ең алдымен заң терминдерін біріздендіру мәселесі. Заң терминдерін бір орталықтан үйлестіру, түрлі баспалардан шығарылып жатқан оқу әдебиеттері мен сөздіктерді сараптан өткізіп отыру жұмысының бүкіл республикалық деңгейде әлі жолға қойылмай келе жатқандығы салдарынан көптеген өзге салалардағы сынды заң терминологиясында да бірізділік жетіспейді. Жаппай жарыспалылыққа орын берілген. Мұны заң терминологиясына тән негізгі кемшілік деп тануға болады. Оған көз жеткізу үшін алысқа бармай-ақ соңғы он-он бес жыл көлемінде жарық көрген кейбір заң терминдерінің сөздіктеріне жүгінсек жетіп жатыр. Мәселен 1986 жылы А.Әбдірахмановтың редакторлығымен шыққан, 2000 жылы С.Сабикенов пен Г.Сабикенованың авторлығымен және осы жылы жарық көрген 31 томдық терминологиялық сөздіктің 30-томы мен 2004 жылы авторлар ұжымы жариялаған сөздіктерге енген жекелеген терминдерге назар аударалық.

Законодательство – заңдар, заң, құқық - (Ғ.Сапарғалиев, 1995 ж.), *заңнамалар* (2000 ж. 30-том), *заң шығарушылық* (С.Сабикенов, Г.Сабикенова, 2000 ж.).

Вменяемый – жауаптылыққа қабілеттілік (1986 ж.), есі дұрыс (2004 ж.).

Иск – талап (1986 ж.), *талап, қуыным* (2000 ж. 30-том), (*талап, талап арыз, ақылы іс* (С.Сабикенов, Г.Сабикенова, 2000 ж.), *талап арыз* (2004 ж.), 30-том), *талапкер, қуынушы* (2004 ж.), *талапкер, ақы тілеуші, жоқшы* (С.Сабикенов, Г.Сабикенова, 2000 ж.).

Истец – қуынушы (2000ж. 30-том), *талапкер, қуынушы* (2004 ж.) (*талапкер, ақы тілеуші, жоқшы* (С.Сабикенов, Г.Сабикенова, 2000 ж.).

Невменяемость – есі дұрыс еместік (Ғ.Сапарғалиев, 1995 ж.), *есісіздік* (2000 ж. 30 том), *есі дұрыс еместік, қабілетсіздік, есалаңдық* (С.Сабикенов, Г.Сабикенова, 2000 ж.).

Невменяемый – есуас (30-том), қабілетсіз; қабілетсіз адам, есі дұрыс емес (С.Сабиқенов, Г.Сабиқенова, 2000 ж.).

Понятой – айғақ адам (Ғ.Сапарғалиев, 1995 ж.), куә (2000 ж. 30-том), куәгер (2004 ж.).

Помилование – кешірім беру (Ғ.Сапарғалиев, 1995 ж.), кешірім

Подзаконный акт//подзаконные нормативно-правовые акты – заңға сәйкес акт (Ғ.Сапарғалиев, 1995 ж.), заңға тәуелді акт, заңға тәуелді нормативтік-құқықтық кесімдер (2000 ж. 30-том), заңнан туындайтын құжат (С.Сабиқенов, Г.Сабиқенова, 2000 ж.).

Самоотвод – өзіне өзі қарсы болу, бас тарту (1986 ж.), өзі бас тарту (Ғ.Сапарғалиев, 1995 ж.), өздігінен бас тарту (2000 ж. 30-том).

Осы келтірілген бірнеше мысалдан-ақ заң саласында жиі қолданылатын негізгі атаулардың ең кемі екі-үш немесе одан да көп төрт-бес нұсқасында жұмсалып жүргенін аңғару қиын емес. Сондай-ақ «*потерпевший*» терминінің негізінен жиі қолданылатын «*жәбірленуші*» нұсқасымен қатар кейде «*зәбірленуші*» түрінде қолданылғанын да, «*подозреваемый*» терминінің бір сөздікте – «*күдікті*», енді бірінде «*сезікті*» (Ғ.Сапарғалиев, 1995), тағы бір сөздіктерде «*шүбәлі адам*» немесе «*сезікті адам*» нұсқаларында қолданылғанын кездестіруге болады. Мемтерминком «*сомнение*» терминінің қазақша баламасы ретінде «*күмән*», ал «*подозреваемый*» терминінің қазақша баламасын «*күдікті*» түрінде бекіткеннен кейін де бұл терминдер бірізді қолданылып жүрген жоқ. Егер заң саласы бойынша жарық көрген терминологиялық сөздіктерді салыстыра бастасақ, мұндай жарыспалы терминдер тізімін жалғастыра беру еш қиындық туғызбайды.

Бұл бір жағынан жұртшылықты шатастыратын, ал екінші жағынан терминдердің тілде тұрақтауына кері әсерін тигізетін құбылыс. Мұндай жағдай ұзақ уақыт созыла берген жағдайда терминологиялық бейберекеттік орын алып, сәтті жасалған терминдердің өзі орныға қоймайды.

Терминдерді жаңадан жасау мен бұрын қолданыста болғандарын алмастырудың алғашқы мерзімдерінде, терминологияны қалыптастырудың бастапқы кезеңдерінде мамандар тарапынан түрлі нұсқалардың ұсынылғаны орынды. Бұл тіпті қажет жұмыс. Көптеген ұсыныстардың, терминдердің түрлі нұсқаларының арасынан ең сәтті жасалғанын тандап алу мүмкіндігі туындайды. Терминдердің құрылымдық және мазмұндық тұрғыдан сапасын арттыра түсуге жол ашылады. Терминдердің қаншалықты ұтымды жасалғанын анықтап, тілдегі қолданысын қадағалап, тіркесімділік қабілетін, сөз тудыруға бейімділігін байқау үшін белгілі бір уақыттың берілгені дұрыс. Тек сол уақытты шексіз созып, бір атаудың түрлі нұсқаларын үздіксіз туындата бергеннің ғылым тіліне пайдасы шамалы. Нәтижесінде термин шығармашылығындағы іріктеу, сараптау жұмыстары уақтылы және тиісті кәсіби деңгейде жүргізілмесе, онда



терминдердің көпнұсқалылығы, жарыспалылық орын алып, терминологиядағы бірізділік бұзыла бастайды. Бізде қазір осындай олқылыққа орын беріліп отыр. Бұл әсіресе, заң саласында айқын байқалады. Ғылым мен техниканың және өзге де арнаулы салалар терминдерінің бір ізге түсірілмей, ала-құлалықтың, жарыспалылықтың орын алуы терминологиялық жұмыстардың республикалық деңгейде дұрыс жолға қойылмай отыруынан.

Құқықтану, заң терминдерінің тағы бір ерекшелігі олар ғылыми және оқулық әдебиеттермен ғана шектелмей, түрлі заңдар мен нормативтік құқықтық құжаттарға енеді. Ал заңға өзгеріс енгізу күнделікті болып жататын немесе қалаған уақытымызда жүзеге асыра салатын шаруа емес. Бұл бірнеше кезеңнен тұратын, түрлі құрылымдардың сүзгісінен өту арқылы іске асатын жұмыс. Заңтану терминдері заңдарға еніп кеткен соң ол терминдерді Мемтерминком тарапынан қайта қарап, заңға өзгертулер енгізу оңайға түспейді. Заңға енгізіп алып, өзгерте алмай жүрген терминдеріміз де кездесіп жатады. Заң шығарушы орган үнемі жаңа заңдар қабылдап, бұрынғыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізіп жатады. Терминологиямызды реттеп, біріздендіріп алғанша заң шығармай тұра тұрайық дей алмаймыз. Сондықтан заң терминологиясын уақыт оздырмай біріздендіріп, жүйелеп алған жөн. Ал жетілдіру жұмыстары ұдайы жүргізіле бермек.

Конституцияда **нышан** термині қолданылса, мектеп оқулықтары мен жекелеген зерттеу еңбектерінде **рәміз** түрінде қолданылып жүр. Рәміздің жұртшылық санасына сіңе бастағанына қарамастан, Мемтерминком мүшелері Ата заңға еніп, соған сәйкес кейінгі қабылданған конституциялық және өзге де заңдарда қолданылып, нормативтік-құқықтық құжаттар мен заң мәтіндерін де орныға бастаған **нышан** терминін ресми бекітті. Кейін депутаттар тарапынан бұл терминді «рәміз» деп қайта бекітейік деген мәселе көтерілуінің де себебі о баста сараптау, іріктеу жұмыстарын жүргізуде мәселенің жан-жақты талқыланбағанын аңғартса керек.

Мемтерминком соңғы жылдардағы отырыстарының бірінде орыс тіліндегі *истец* терминінің қазақша баламасы ретінде біраз жылдардан бері қолданылып, бірқатар заң терминдерінің сөздігіне енген **талапкер** атауын бекітті. Әрине заң саласында бұл терминнің бірізді қолданыла бастағаны рас. Мемтерминкомның *истец* атауының кейінгі жылдары ұсынылып жүрген *қуынушы* баламасына тоқталмай, *талапкерді* ресми бекітуіне себеп болған негізгі таяныштардың бірі де осы терминнің тілдегі тұрақты қолданысы болатын. Алайда *абитуриент* сөзінің баламасы ретінде де осы талапкер атауы қолданылып жүргені белгілі. *Истец, абитуриент* сөздерінің қазақ тілінде бір ғана атаумен аударылуына келіспеушілік білдірген мамандар да болды. Көпшілік дауыспен термин



бекітілгеннен кейін *истец* атауына балама бола алатын тағы бір сөздің бар екенін байқадық.

Төмендегі өлең жолдарына назар аударып көрелік:

Арық, котыр, қыршаңқы бәрі де бар.

Дауласып жалғыз басқа салатын шар.

Алдыңа **даугер** болып шығатұғын.

Дәл осы – пәле басы, ей, жарандар!

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының осы өлеңіндегі «**даугер**» сөзі орыс тіліндегі «истец» терминіне балама болуға мағынасы жағынан ең дәл келетін сөз. Осы *даугер* сөзі Абайдың үшінші қара сөзінде де орыс тіліндегі «истец» терминіне сәйкес мағынада қолданылған. «Ол билерге **даугер** адамдар қарамай, екеуі екі кісіні билікке таңдап алып, үстіне біреуді *посредникке* сайлап алып, егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки *жеребемен* сайлап алып жүгінсе, сонда дау ұзамай **бітім** болар еді» деп жазады ұлы ақын. Бірақ бұл сөз «*талапкер*», «*қуынушы*» сөздерімен қатар Мемтерминком талқысына ұсынылған жоқ. Қалтарыста қалып қойды. Яғни біз өз тілімізде бұрыннан бар, қолданыста болған төл сөзімізді пайдаланбай, оның орнына жаңа жасалған жасанды атау ұсындық. Бұл сияқты терминденуге жолдама ала алмай қалып қойып жатқан сөздер қаншама. Өйткені термин ұсынушылар мен оны бекітушілер тарапынан көнерген сөздер батырлық, ғашықтық жырлары мен дастандардан, түрлі кезеңдерде жарық көрген жазба ескерткіштерден, ақын-жазушылар шығармаларынан, этимологиялық сөздіктер мен зерттеулерден жинақталып, ыждағаттылықпен ізделеді десек, онымыз шындыққа жанаспаған болар еді. Сол себепті мұндай көне атаулар арнайы жинастырылып, мағыналары күңгірт тартқандарының этимологиясы анықталып, сөздіктер, анықтамалықтар дайындалуы қажет. Сонда сала мамандары мен аудармашылар, іс қағаздарын жүргізуші практик мамандар термин шығармашылығы мен аударма жасау кезінде оларды пайдаланып, көнерген атаулардың актив лексика қатарына қосылып, белгілі бір саланың терминдер тобына енуіне жол ашар еді. Сондықтан терминжасам ісінде тіліміздің көне қорларын тиімді пайдаланудан ұлттық ғылым тіліне, терминологиямызға келер зиян жоқ. Қайта терминжасамның ішкі көздерін іске жарату арқылы тіліміздің ғылыми-техникалық ұғымдардың атауларын жасау мүмкіндігін арттырып, шет тілдеріне шектен тыс және негізсіз жүгіну әдетінен арыламыз. Солай етсек қана, «қазақ тілінің ғылыми термин жасауға бейімділігі төмен», «біздің тіліміз мұндай ұғымдарды бере алмайды» деп көп жағдайда үстірт айтылып жататын негізсіз пікірлердің жолын кесеміз. Өз мүмкіндігін өзі шектей беретін термин қабылдағыш тілге айналмай, өз тілімізде термин жасауға үйренеміз. Сонда ғана термин шығармашылығы деп аталатын, шын мәніндегі шығармашылық үдерістің мәнін түсіне алатын боламыз.

Термин шығармашылығындағы тоқырау кезеңі аяқталып, ұлт тілінде термин жасала бастаған соңғы он шақты жылдың көлемінде терминге қойылатын талаптарға сай жасалып, терминологиялық қорымызды байытқан сәтті терминдермен бірге тәжірибесіздік пен кәсіби шеберліктің жетіспеуі салдарынан туындаған терминдер де аз болған жоқ. Ондай сәтсіз терминдер терминологиялық қорымызды байытуды былай қойғанда, ұлт тілінде жасалған терминдерге деген жұртшылықтың теріс көзқарасын туғызып, терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыруға бағытталған оң үрдістің қарқын алуына нұқсан келтіруі мүмкін. Терминдерді шығармашылық шеберлікпен жасауға емес, өзге тілдерден дайын қалпында қабылдауға дағдыланған, әлі де болса бас қатырып термин жасаудан гөрі сол дәстүрді жалғастыра беруге бейілді кейбір мамандарымыз үшін сәтсіз жасалған терминдер таптырмайтын мысал. Олар сондай терминдерді мысалға келтіре отырып, қазақ тілінде термин жасаудың қажетсіздігін, тіліміздің термин жасауға икемсіздігін дәлелдеп әуре болып жүр. Әрине қисынға келмейтін терминдерді сынға алып, олардың орнына ұтымды балама ұсыну орынды. Алайда ондай терминдерді алға тарта отырып, тілімізде жаңа жандана бастаған термин шығармашылығына тосқауыл қоюға жол беруге болмайды. Термин шығармашылығымен кім болса сол айналысып, кәсіби дайындық пен тәжірибені қажет ететін жауапты іске атүсті қарауға жол берілмегені жөн. Бұл жұмысты үлкен жауапкершілікпен, жоғары кәсіби деңгейде жүргізу арқылы ғана терминологиямызды ұлт тілі негізінде қалыптастырып, қазақ тілінің ғылым саласындағы қызметін қамтамасыз етуге қол жеткізе аламыз.

Тіліміздің әр түрлі лексикалық қабаттарына жататын сөздер термин шығармашылығында ұтымды пайдаланылмай жатады. Терминологиялық қорымызды ұлттық негізде байытудың ішкі көзі болып табылатын көнерген сөздер, кәсіби сөздер мен диалектизмдерді термин қалыптастыру кезінде барынша ұтымды пайдаланып отырмыз деуге әлі ерте. Оларды ыждағаттылықпен жинақтап, талғаммен пайдалана білсек, ғылыми-техникалық терминологиямыздың ұлттық сипаты арта түсері анық. Жалпы қолданыстағы синоним сөздерді мағыналық реңктеріне қарай саралап қолдансақ та талай ұғымдардың аражігі ажыратылар еді.

Аудару барысында сөз мағынасын түсініп, ұғымның мазмұны мен көлемін ажырата білмеуден туындайтын орашалақ аударма атаулар да термин шығармашылығында орын алып жүрген кемшіліктер қатарына кіреді.

Мысалы мына төмендегі атауларды солардың қатарына қосуға болады: *подзаконный акт* – заң асты актісі, *рукопашный бой* – қоян-қолтық ұрыс, *генерал-майор* – қыран, *капитан* – қаршыға, *смертность* – өлімпаз т.б. Мұндай сорақы аудармаларды арнаулы салалардың қайсысынан да табуға болады. Туыстас түркі тілдерінің лексикалық қорында сақталған

сөздерді пайдалану, олардың терминжасам тәжірибесін бөлісу мен термин алмасу мәселесі ескерілмей келеді. Бұл мәселеге біз бұған дейін де арнайы тоқталғандықтан, жан-жақты сөз қозғаудың қажеті бола қоймас деп ойлаймыз. Ұлт тілінің терминқоры ішкі және сыртқы көздер арқылы қалыптасатыны белгілі. Терминқорымызды байытатын сыртқы көздер ретінде біз тарихи-саяси себептер мен соңғы ғасырлардағы ғылыми-техникалық прогрестің даму үрдісіне сәйкес орыс тілі мен Еуропа халықтары тілдерін ғана танып келдік. Соның салдарынан термин алмасу ісі бір-жақты сипат алды. Ендігі жерде бұрынғы сүрлеуден шықпай тек орыс пен Еуропа халықтары тілдерінен ғана сөз алумен шектелмей, туыстас түркі халықтарының тілдері арасындағы өзара термин алмасуын да жолға қойған жөн. Ең алдымен туыстас тілдерден сөз алмасу әлем тілдерінің термин қалыптастыру тәжірибесінде де орныққан дәстүр деуге болады. Түркі халықтарының тілдік табиғатын, туыстығын негізге ала отырып, бірімізде жоғымызды екіншімізден алып, түркі тілдеріне ортақ терминдер қорын қалыптастыру – сыртқы көзді пайдаланудың ұтымды жолы болар еді деп білеміз.

Қытай, Монғолия қазақтарының тілдерінде бар сөздерді сұрыптап пайдалану жетіспейді.

Жалпы біз білікті заңгерлерге зәруміз дей алмасақ керек. Олардың арасында қазақ тілін жетік білетін, қазақша заң тілінің қалыптасуына мүдделі, оған тікелей атсалысып жүргендері де аз емес. Заң терминологиясын осы саланың өз мамандарынан артық ешкім білмейді. Тек олардың терминология саласындағы жұмыстарын үйлестіру, сараптау ісінде шешімін таппаған мәселелер бар. Осы істі дұрыс жолға қою арқылы ғана қазақтың заң терминологиясын бірізге түсіріп, жетілдірілген терминжүйе қалыптастыруға болады. Біз өз тарапымыздан, лингвист, терминтанушы ретінде термин жасаушы, сөздік түзуші салалық мамандар осы аталған кемшіліктерге назар аударар деген үміттеміз. Бұл көрсетілген жайттардың мамандар жұмысына практикалық көмегі болып, ойдан ой туындап жатса, ортақ іске септігіміздің тигені деп білеміз.

*«Заң» газеті,
9 шілде 2008 жыл*

Халықаралық терминдер туралы

Қазіргі қазақ терминологиясында арнайы назар аударуды қажет ететін мәселенің бірі – тілімізге өзге тілдерден орыс тілі арқылы еніп, халықаралық терминдер деген атқа ие болып жүрген атаулар. Мұндай атаулар көбінесе еуропа мен ТМД елдерінің бірқатарында қолданылады. Бұл санатқа жатағын атауларды аудару-аудармау, қабылдау, жазу туралы тілші



ғалымдар мен салалық мамандардың пікірлері сан қилы. Бізде бұл мәселе соңғы жылдары мамандар назарына жиірек іліге бастады. Дегенмен, жан-жақты зерттелген, ғылыми тұрғыдан толық шешімін тапқан мәселелердің қатарына қосуға әлі ертерек. Нақтылайтын тұстары баршылық.

Жалпы шет тілдерінен қабылданған терминдерге деген көзқарастың терминология дамуының әр кезеңінде әр түрлі болғандығы байқалады. Оны терминология дамуының әр кезеңінде осы терминдердің қалай аталғандығынан да көруге болады. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезіндегі қазақ оқығандары өзге тілден қабылданған сөздерді «жат сөздер», «кірме сөздер», «бұратана сөздер», «бөгде сөздер», «қотыр сөздер», «бұралқы сөздер» деп атап, бұл сөздердің тілімізге көптеп кіруін тілімізді шұбарлау ретінде қабылдаса, 30-жылдардан бастап бұл атауларға «интернационалдық терминдер», «халықаралық терминдер» деген ат беріп, мұндай атаулардың көптеген халықтардың тілдеріне ортақтығын, ғылым-білім саласындағы қарым-қатынасты жеңілдететіндігін баса айта бастадық.

Өзге тілдерден енген сөздерді төл сөздеріміздей көрмей, оларды *жат, кірме, бөгде, қотыр, бұралқы, бұратана* деген анықтауыштармен беру тіл тұтынушыларының, зиялылардың бұл сөздерге деген сол кезеңдегі көзқарасын білдіреді. Бертінде ондай сөздерді белгілі бір халық тілінің шеңберімен ғана шектелмейтін, бірнеше тілге қызмет ететін әмбебап сөздер ретінде оларға «халықаралық» деген айрықша статус беріп тілімізге көптеп қабылдаудың прогрессивтік жағын атап айтатын болдық. Қоғам дамуының, терминология қалыптасуының әр кезеңіндегі шет тілдерінен енген сөздердің түрліше аталуы бір қарағанда соншалықты назар аударар қоятындай мәселе сияқты көрінбеуі де мүмкін. Ал шын мәнінде бұған елеусіз қалдыра салатын ұсақ-түйек нәрсе деп қарауға болмайды. Өйткені дәл сол атаулар арқылы ұлт зиялыларының, ғылыми жұртшылықтың, көпшілік қауымның кірме сөздерге берген бағасын көруге болады. Өзге тілден енген терминдердің мұндай атаулары тек атауыштық қана емес, сонымен бірге бағалауыштық қызмет те атқарып тұр. Бұл әлеуметтік лингвистикалық, психолінгвистикалық тұрғыдан қарастыруды, арнайы мән беруді қажет ететін тіл үшін маңызды мәселе. Мұндай нәрсеге қоғамдық сананың экстралингвистикалық факторлардың ықпалымен немесе табиғи жолмен өзгергендігін, болмаса мәжбүрлеу жолымен өзгертілгендігін анықтауға негіз болатын тілдік-тарихи дерек ретінде қараған абзал деп ойлаймыз. А.Байтұрсынұлы, Н.Төрекұлұлы, Х.Досмұхамедұлы сияқты ұлт зиялылары бастаған қазақ қауымы өзге тілден енген термин сөздерді «жат сөздер» десе, біз неліктен оларды «интернационализмдер», «халықаралық терминдер» деп атайтын болғанымыз жөнінде шындап ойланып, мұны назар аударатын мәселе ретінде қарамаған да екенбіз.



Бізде сонау отызыншы жылдардан бастап күні кешеге дейін терминдерді өзге тілдерден өзгеріссіз қабылдауды прогресшілдіктің, интернационалистіктің белгісі ретінде қабылдау, солай насихаттау орын алып келді. Тек 90-жылдардан бермен қарай ғана Ә.Қайдар, Б.Қалиұлы, Ш.Білал, сынды тілші ғалымдар мен салалық мамандар, сондай-ақ зиялы қауымның жекелеген өкілдері өзгеше пікірлер айта бастады. Мұны да қоғам өмірінде болған өзгерістердің қоғамдық санаға әсері, санадағы сілкіністердің көрінісі деп танып, әлеуметтік лингвистикалық мәселе ретінде қарауға болады. Дегенмен, кешегі кеңестік білім беру жүйесі миллиондардың санасына халықаралық терминдер туралы біржақты түсінік қалыптастырғаны анық. Сондықтан да бүгінгі таңда ондай атауларды орынды-орынсыз қорғаштап, бұрынғыша өзге тілдерден дайын терминдерді лек-легімен қабылдай беруге бейілділердің аз болмауы да табиғи нәрсе. Оған таңданудың қажеті жоқ. Біздің қазіргі міндетіміз – кешегіміздің кемшілігі мен жетістіктерін сараптай отырып, бұл мәселеде алдағы уақытта ұстанатын ғылыми негізделген байыпты бағытымызды белгілеу. Әрине, бұл тұста бізге кешегідей терминологиямызды шектен тыс халықаралықтандырамыз, советтік терминқор жасаймыз деп, біржақтылыққа ұрынғанымыз сияқты, тап-таза ұлттық терминология қалыптастырамыз, тілімізді тазалаймыз деп, шет тілдері сөздерінің бәрін жау көретін екінші бір шеткерілікке, біржақтылыққа бой алдырып алмау жағын да ұмытпауымыз керек.

Өзге тілдерден сөз қабылдамай, сөз алмасу, термин алмасу процесіне мүлде тосқауыл қойып тастау мүмкін де, қажет те емес. Тілдер арасындағы өзара сөз алмасу қашанда болған, бола да береді. Шет тілдері терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде орнымен пайдаланылса дұрыс, ал ұлт тіліндегі термин шығармашылығын шектеп, өзге тілдерден термин қабылдауға жаппай жол беріп қарап отыру – шарасыздық. Тілдің бағын байлайтын, мүмкіндігін шектейтін ондай эрекетсіздіктің жалғаса беруіне немқұрайды қарауға болмайды.

Кеңестік кезеңде терминологияны халықаралықтандыруға баса назар аударылғанына қарамастан, сол 70-80-жылдарда да идеология мен жалпы ағымның ыңғайында кете бермей, өзіндік пікірлерін айта білген, құнды тұжырымдар жасаған ғалымдардың да болғанын айту керек. Мәселен, В.А.Гречконың терминнің қандай болуы қажеттігі жөніндегі мақаласындағы мына тұжырымына назар аударып көрелік. Ғалым *«Геология и минералогия, например, располагают многими тысячами заимствованных терминов. И что же? Безоглядное заимствование иноязычных слов обрекло все грядущие поколения на изучение геологии как науки и как какого-то малознакомого языка. Это, конечно, создает дополнительные трудности в освоении науки. Выдержанные на национальной*

*русской основе понятия и концепции этих наук усваивалось бы легче*¹ – деп жазды.

Өз басымыз ғалымның бұл пікіріне еш күмән келтіре алмаймыз. Ғылымды игеру сол ғылым тілінің негізгі кілті болып табылатын (терминдерді) жұмбақ атауларды жаттаудан, жадына тоқудан, алдымен сол атаулардың мәнін ашып, не мағына беретіндігін біліп алудан басталатынын бізде мектеп оқушысынан бастап академикке дейін білсе керек. *Бастауыш* деген терминнің сөйлем басында тұратын бас мүше екендігін, ал анықтауыштың анықтайтын сөздің алдынан келетін сөйлем мүшесі екенін, ана тілінде тілі шыққан кез келген оқушының алғаш естігенде-ақ тұлғасына қарап тұспалдайтынын, ал кейін оның сөйлемдегі қызметі мен анықтамасын білген соң ешқашан ұмытпайтынын дәлелдеп жату артық болар. Себебі *бастау*, *анықтау* сөздерінің мағынасын тіл ғылымын әлі оқымағанына қарамастан әр бала біледі. Термин мағынасының ұғынықтылығы (прозрачность термина) мен тұлғасы таныстығы ғылым-білімді игеру кезінде ғана емес, оның ұзақ уақыт есте сақталуына, оңайлықпен ұмытылмауына да себеп болады деп ойлаймыз.

Сонымен қатар, шет тілдерінің терминдерін ұзақ жылдар бойы біз өз тілімізге орыс тіліндегі қалпында өзгертпей қабылдап келеміз. Ондай терминдердің әдеби тілдің жалпы лексикасынан айрықша оқшауланып, тілге кірікпей, тұлғалық, дыбыстық өзгешелігін көрсетіп, бөлектеңіп тұратындығы байқалады. Алаш зиялылары олардың осындай жаттығын жасырмай, өзгешеленіп тұратын қасиетін байқағандықтан да кезінде «жат сөздер» деп атаған болар. Бұл тұрғыда сол 80-жылдарда-ақ латыштардың кірме атауларды өз тіліне қабылдау қағидаттарын дұрыс белгілегені назар аудартады. Кезінде А.А.Реформатский де «өз тіліміздің сөздері арасында халықаралық терминдер жатжұрттық болып тұрмауы үшін, кірген тілінің тиісті қосымшаларын қабылдап, септеліп т.б. өзгерістерге ұшырауы керектігін»² атап көрсеткеніндей, В.П.Скуиня да өз мақаласында былай деп жазады: «*Чтобы заимствования лучше включилась в общую систему заимствующего языка, при заимствовании иноязычных терминов следует соблюдать требования фонетико-морфологического принципа. Фонетический аспект этого принципа предусматривает благоприятность заимствования и соответствие его фонетическим нормам заимствующего (система звуков и букв, законы звуко- и буквосочетаемости и т.д.) морфологический аспект предусма-*

¹Гречко В.А. Каким должен быть термин?//Актуальные проблемы лексикологии и словообразования. – Новосибирск, 1976. С.102.

²А.А.Реформатский. Мысли о терминологии//Современные проблемы русской терминологии. – М.,1986. – С.172.

тривает соблюдение правил морфологической структуры и грамматикализации слов в заимствующем языке»³.

Алаш зиялылары белгілеген, сонау ХХ ғасырдың басында-ақ жасалған қағидаттарда бізде солай болған. 30-жылдарда біз мұндай қағидаттарды қатты сынға алып, кірме сөздерді «қорламай» орыс тіліндегідей жазу керек деген тұжырымға келдік. Содан бері өзге тілдерден термин қабылдауда сол жолдан ауытқыған емеспіз. Соңғы жылдары бірқатар тілші ғалымдар тарапынан бұл мәселе қайта көтеріліп, орфографиялық ережелерге тиісті өзгерістер енгізу жөнінде нақты ұсыныстар айтылғанмен, дәстүрге айнала бастаған қағидат басшылыққа алынып келеді. Жекелеген атаулар мен термин сөздерді (*Мәскеу, зауыт, ыстанса, кәбіл*, т.б.) орфографиялық ережелеріміз бен терминология қағидаттарына сүйенбей жазып жүргенімізбен, аталған ереже, қағидаттарға өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, олар ресми түрде заңдастырылған жоқ.

Ұлттық терминқор қалыптастыруда термин сөздердің этно-мәдени, ұлттық мағынасын ескеруге де біз жеткілікті көңіл бөліп келдік деп айта алмаймыз. Бұл жөнінде ресейлік тілші ғалым М.Н.Володинаның осыдан жиырма жыл бұрын кеңестік дәуірде айтқан төмендегі пікірі де назар аудартады. *«Внутренняя форма» термина нередко несет в себе дополнительное, специфически национальное значение, так называемый «семантический фон», обусловленный лингвистическими моментами, сопровождающими образование соответствующего термина»⁴*

Ұлттық терминқор қалыптастыру, терминқорымыздың ұлттық сипатын арттыру туралы сөз қозғалғанда мәселенің осы қырын ескерусіз қалдыруға болмайды.

Жоғарыда келтірілген В.А.Гречконың пікірімен үндесіп, В.Н.Володинаның айтқан терминнің «ішкі пішінінің» кірме терминдерге қатысты қырын аша түсетін Т.Р.Кияктың тұжырымы да ескеруді қажет етеді.

«Следует учитывать тот факт, что внутренняя форма терминов-интернационализмов часто «затемнена» употреблением международных словообразовательных морфем, чрезмерное увеличение которых может существенно затруднить взаимопонимание»⁵ – деп жазады ғалым.

³ Скуния В.П. Принципы заимствования иноязычных терминов в латышской научной терминологии//Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академиях наук союзных республик. – М.,1983. – С. 253.

⁴ Володина М.Н. Соотношение национальных и интернациональных элементов в терминологической лексике//Филологические науки. 1984. – №3. – С. 77-81.

⁵ Кияк Т.Р. Мотивированность как возможный критерий отбора и упорядочения терминов-интернационализмов//Научно-техническая информация. Сер. I. 1985. – №10. – С. 15-19.

Көріп отырғанымыздай, терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстанған кездің өзінде ғалымдар, ондай терминдерді шектен тыс көп қабылдай берудің, қабылдаушы тілдің заңдылықтарына икемдемеудің ұлт тіліне зиянын тигізетінін дәлелдейтін тұжырымдар жасаған. Өкінішке қарай, бізде жетпіс жыл көлемінде халықаралық атауларды асыра дәріптеу, оларды прогрестің жаршысы, әлемдік ғылымды игерудің кілті, халықтар достығы мен ғылыми ынтымақтастықтың көрсеткіші ретінде түсіндіру орын алып келді. Сөйтіп, шет тілдерінің терминдерін шектен тыс көп қабылдап, терминқорымыздың ұлттық сипатын әлсіретіп, өз тіліміздегі термин шығармашылығын дамытуды тежеп келдік.

Кейде «ұлы тіл» деген тіркесті орынсыз қолданып, немесе кең тараған ұлттардың тілін үлгі ретінде ұсынып, терминологиямызды дамытуда соларды бетке ұстауымыз керек дейтін де ойлар айтылып жатады. Мұндай пікірлерді қайсыбір БАҚ беттерінде кездесетін мақсатты түрде қазақ тілінің қолтығын жазбауын қалайтындар ғана емес, әсіре еуропашыл өз ғалымдарымыздың еңбектерінен де ұшыратуға болады.

Жалпы алғанда тіл білімі терминологиясында ресми тұрақтаған «ұлы тіл» деген термин қолданылмайды. «Әлем тілдері» (мировые языки), «халықаралық тілдер» (международные языки) деген атаулары, нақты ұғымдар бар. Тілдердің кең тарағандығына байланысты артықшылықтарын айтқымыз келгенде осы терминдер ойымызға оралады. Құқықтық тұрғыдан заңдастырылған БҰҰ-ның ресми және жұмыс тілдері болып табылатын алты тілді (ағылшын, араб, испан, қытай, француз, орыс) халықаралық тілдер дейтініміз белгілі. Бірақ бұл тілдердің мұндай мәртебені иеленуі олардың өзге тілдерден құрылымдық, сөздік құрам немесе стилдік тармақтарының жақсы дамығандығымен байланысты ғана екен деген біржақты түсінік туындамауы керек. Бұл жерде осы тілдердің иесі, тұтынушысы болып табылатын халықтар тұратын мемлекеттерінің саяси, экономикалық т.б. тұрғыдан дамуымен, тілдердің кең таралуымен, яғни тілден тыс факторлар ықпалының да зор екенін естен шығаруға болмайды.

Кенестік дәуірде жазылған әдебиеттерде, басылымдарда «ұлы орыс халқы», «ұлы орыс мәдениеті», «ұлы орыс тілі» деген тіркестер көп жағдайда өзге халықтармен салыстыра алғанда орынсыз әрі жиі қолданылатын. Кезінде кеңестік идеология арқылы есімізді білер білместен осы ұғымдар санамызға сіңіріліп жататындықтан солай қабылданып, солай болуға тиіс сияқты болып та көрінетін. Кейін байқап қарасақ, оның астарында бір тілдің үстемдігін орнату пиғылы жатыр екен. Бодандықтан арылып, ұлттық санамыз оянып, біз де өз тіліміздің қадір-қасиетін ұғынып, оның да ұлы екенін ұлт ретінде жаппай сезіне бастаған кезеңде осы тіркестерден, өктемдіктің, шовинизмнің иісі аңқып тұрғанын аңғардық десек, артық айтқандық бола қоймас. Әділетсіздік қашанда



қарсылық туғызады. Кейінгі жылдарда кешегі «ұлы халық», «ұлы тіл» деген тіркестердің тырнақшаның ішіндегі ұғымдар ретінде ұғынылып, жағымсыздау реңкке ие болып, «өктем халық», «өктем тіл» мағынасында қолданылып жүргендігі соның айқын көрінісі.

Шындығында ғасырлар бойы өркендеп, «халық тілі», «ұлт тілі», «әдеби тіл» тіл дәрежесіне дейін дами алған тілдердің барлығы да ұлы тілдер. Саны жағынан салыстыруға келмейтін шағын ғана ұлттың тілінен ондаған, жүздеген миллиондар мен миллиардтар тұтынатын кең тараған тілдерден табыла бермейтін ұғым атаулары мен оралымдар, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер табуға болады. Сондықтан да әр тіл өзінше бірегей, әр тіл өзінше ұлы. Әр түрлі мәлімет көздерінен алған деректерге қарағанда қазір әлемде 3500-ден 5000 мыңға дейін тіл бар деп саналады. Осы тілдердің мұншасы «ұлы тілдер» ал мұншасы «қатардағы тілдер» деп әлемнің ешбір ғұламасы, бірде-бір полиглот, көрнекті тілші ғалымы жіктеп-жіліктеп, бөліп бере алмаса керек. Сондықтан «ұлы тіл» деген тіркесті тілдерді салыстыра айтқанда қолданудың реті жоқ. Ал жеке бір ұлт тілінің ерекшелігін, бірегей қасиетін, сөздік қорының байлығын айту керек болғанда қолдануға неге болмасын? Ең алдымен, әркімнің дүниені танып білген өзінің ана тілін, әр халықтың ата-бабаларынан мұра болып қалған өз ұлтының тілін қымбат та ұлы санауы да табиғи нәрсе. Сол себепті белгілі бір халықтардың, ұлттардың ғана тілін кең тарағандығына немесе қуатты, ауқатты мемлекеттің тілі болғандығы үшін ұлы деп ұлықтаудың негізі жоқ.

Ұлт тілдерін халықаралық терминологияда орныққан сөздерінің үлес салмағына қарай бағалап, терминалмасым кезінде сол тілдерге басымдық беру қажет деп санайтындар да бар. Шығыс еуропа мен ТМД елдерінің тілдерінде ағылшын, француз, неміс сияқты еуропа халықтары тілдерінің сөздері көбірек кездесетіні белгілі. Оны өзіміздің терминқорымыздан да көруге болады. Бірақ оны сол тілдердің ұлылығынан деп ұғынуға болмайды. Ғылым-білімнің, экономиканың өркендеу деңгейіне, халықтардың ғылыми-мәдени қарым-қатынасына байланысты белгілі бір халықтардың сөздері, терминдері өзге тілдерге көбірек қабылдануы мүмкін. Бодан елдер мен дамушы елдер тілдеріне үстемдік етуші елдер тілдерінің жекелеген терминдері ғана емес қоғам өмірінің көптеген салаларында солардың тілі тұтастай үстемдік құруы да мүмкін екендігі белгілі. Сондай-ақ жазба ескерткіштерде сақталған қазіргі қолданыста жоқ өлі тілдердердің де халықаралық терминологияда үлесі едәуір болуы мүмкін. Мысалы латын тілі сөздерінің халықаралық қолданыстағы терминдер қатарындағы үлесі едәуір. Кейде қолданыстағы ұлт тілдерінің қатарында болмағандықтан да өлі тіл болса да латын тілінің сөздері терминдік элемент ретінде дайын күйінде пайдаланылып та жатады. Екінші жағынан алып қарасақ, бір жарым миллиардтан астам адам





сөйлейтін БҰҰ-ның ресми тілдерінің бірі қытай тілінің халықаралық терминологиядағы үлесі жоқтың қасы. Ал бұл тілді дамымаған тіл, ұлы тілдердің қатарына жатпайды деп ешкім де айта алмайды. Керісінше, терминқорын өз тілінің негізінде қалыптастырып отырған сол қытай тілі үшін «халықаралық терминдер» деген ұғым мойындалмайды. Сол сияқты бірнеше араб елдерінің мемлекеттік тілі әрі халықаралық тілі болып табылатын араб пен Үндістандай миллиард халқы бар елдің тілі хинди тілдерін де халықаралық терминологиядағы үлесіне қарап ұлы тілдер қатарынан алып тастаудың қандай негізі бар? Ендеше, тілдердің ұлылығын олардың халықаралық терминқорға қосқан үлесіне қарай анықтауға болмайды деген сөз.

Осы тұста «Сөздің халықаралық терминдер қатарына енуі немен байланысты?, «Қазақтың төл сөздері қандай жағдайда халықаралық қолданысқа түсуі мүмкін?» – деген сұрақтардың туындауы заңды.

Түркілер дүрілдеп тұрған замандарда біздің сөздеріміз де өзге тілдерге жүздеп, мыңдап енгені тарихтан белгілі. Мәселен, Е.Н.Шипова 1976 жылы жарық көрген «Словарь тюркизмов в русском языке» деп аталатын сөздігінде бір ғана орыс тілінде екі мыңдай түрік сөзі қолданылып жүргенін көрсетеді. Кейіннен тарих аренасындағы иеленген орнымызға қарай біздің тіліміздің ықпалы да әлсіреді. Ал соңғы 70 жылдың көлемінде термин шығармашылығын дамытудан гөрі дайын терминдерді қабылдауға әбден дағдыланғандық. Терминологияны халықаралықтандыру бағытын ұстанып келгендіктен терминқорымыздың басым бөлігін өзге тілдерден дайын күйінде орыс тіліндегі қалпын сақтап қабылданған терминдер құрайтын болды. Терминтануда осы терминқорды халықаралықтандыруға қарсы деинтернационализация деген процестің бар екендігін жоғарыда айттық. Бұл бұрын тарихи, саяси-экономикалық немесе басқа да жағдайларға байланысты өзге тілдерден дайын терминдерді шектен тыс көп қабылдап келген халықтардың сол халықаралық терминдердің орнын өз тілдерінің сөздерімен жаппай алмастыру процесі. Мұндай процесс әдетте қабылдаушы тілдердің иесі болып табылатын халықтың ғылым-білімі, экономикасы дамып, ұлттық мемлекеттің негізі нығая бастаған уақытта қылаң береді. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде бізде де бұл құбылыс пайда бола бастады. Ұлттық мемлекетіміздің сипаты мен тіліміздің қоғам өмірінде алып отырған орнына, яғни елдегі тілдік ахуалға сәйкес «деинтернационализация» процесі бізде өте әлсіз, мардымсыз түрде жүріп жатқаны байқалады. Терминолог ғалым В.А.Татаринов бұл жөнінде – «**Деинтернационализация терминологии – это понятийный рост на национальной почве**» (қою әріппен ерекшелеген біз – Ш.Қ.) Интернациональная терминология не бывает наднациональной, с ее помощью можно проследить особенности технологической конкуренции между культурами и сделать выводы о





жизнестойкости той или иной национальной культуры» (Татаринов В.А. Теория терминоведения. Том 1. С. 226-227.).

Ғалым пікіріне сүйенсек, біз ұғымдарды ұлт тілінде атау арқылы ұғымдар жүйесін өз тілімізде игере бастаған болып шығамыз. Алайда әлеуметтік лингвистикалық факторларға сәйкес бұл процестің жандануына қарсылық та бар. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығы жандана бастаса оны пуризмге жол беріп жағырмыз деп дабырайта көрсетуге құмар немесе объективтік, субъективтік түрлі себептерге байланысты соған мүдделі адамдар да жоқ емес. Түптеп келгенде, осының өзі ұлттық негізі берік қалыптасқан елге тән нәрсе емес. Кез келген ұлттық мемлекет өз тілінің кең таралуын көздейді, мүмкіндігінің жеткенінше сол бағытта мақсатты жұмыс жүргізеді. Олар терминологияда деинтернационализация процесінің өз тілдерінің ішінде жүзеге асып, халықаралықтандыру процесінің өздері тарапынан өзге тілдерге қатысты жүргізілгенін қалайды. Оны терминологияны халықаралықтандыру ғылым қажеттілігі деп сөз жүзінде өзгелерге қатысты ғана айтқанымен, өздері керісінше бағыт ұстанып отырған көптеген дамыған ұлттық мемлекеттердің әрекетінен көруге болады. Айталық, француздар неге ағылшын сөздерін тіліне қабылдаудан қашады? Біз неліктен көршісі әрі туыстығы жағынан бізден гөрі әлдеқайда жақын француз тілі іргесін аулақ салып отырған сол ағылшын сөздерін қабылдауға тиіспіз?

Ұлттық мемлекетіміздің іргесі бекіп, оның экономикасы мен ғылым-білімі өркендеп, тіліміз өз еліміздегі және халықаралық дәрежедегі позициясын нығайтқан кезде біздің сөздеріміз де өзге тілдерге енетіндігіне күмән келтірмеуге болады. Бірақ мұның бәрі оп-оңай, өздігінен бола салатын нәрселер емес. Әр ұлт өз тілінің өркендеуін, кең таралуын көздейді. Сол ұлттық тіл мемлекеттік тіл болып саналатын ел тіл саясатын өз жұртының тілдік мүддесін, оның бүгінгі мен болашағын жан-жақты ойластыра отырып белгілейді. Белгілеп қана қоймайды, мемлекет сол өзі белгілеген бағытта мақсатты түрде жұмыс істейді.

*«Терминологиялық хабаршы»,
– Астана, 2004. - №4(10).
10-11-беттер.*

Зиялылар және ғылым тілі

Ғылым тілінің, терминологияның мәселелері ешқашан да қазақ зиялыларының назарынан тыс қалған емес. Халықтың озық ойлы азаматтары ғылым-білімнің, өнердің сан саласындағы жазған еңбектерін ғылыми қауым мен қалың жұртшылыққа ұлт ретінде ұғынықты, дәл





бейнелеп жеткізуі үшін ұлттық ғылым тілі, терминологиясы жасалуы керек. Бұл бір жағынан ғылымның дамуына байланысты туындайтын қажеттілік болса, екінші жағынан ғалымдарға, жалпы ұлт зиялыларына жүктелетін үлкен міндет. Мұндай қажеттілікті өтеп, уақыттың өзі алға тартқан міндетті атқарудан ұлт зиялыларының шет қала алмауы да табиғи нәрсе болса керек. Ұлт тілі терминқорының жасалып, ғылым-білімнің сан түрлі саласындағы қызметінің қалыптасуын ұлт зиялысы ойламағанда, кім ойлауға тиіс? Бұл тұрғыдан келгенде отандық ғылым дамуының қай кезеңінде де тіліміздің тыныс-тіршілігін кеңейтіп, атаулар қорының жасалуына атсалысқан зиялылар болды. Олардың ішінен Ахмет Байтұрсынұлының есімін ерекше атайтынымыз белгілі. Өйткені ол ғылым тілін дамытудың бағыт-бағдарын белгілеп, қазақ тілінің ғылым саласындағы қызметінің қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан, ұлт тілінде термин жасаудың жарқын үлгісін көрсеткен көрнекті тұлға ретінде осы істің басында тұр. XX ғасырдың оныншы жылдары мен отызыншы жылдар аралығын «Ахмет Байтұрсынұлы кезеңі» деп атаған жөн. Ол жекелеген ғылым салаларының ғана емес, бүкіл қазақ терминологиясының қалыптасуына тікелей ықпал жасаған айрықша тұлға.

Ғалымның терминжасау тәсілдерін көрсетіп, оларды пайдалана отырып, тіл білімі, әдебиет ғылымдарының және өзге де арнаулы салалардың терминдерін жасауы – ғасыр басындағы түрлі ғылым салалары бойынша оқулықтар мен еңбектер жазған авторларға тамаша үлгі болды. Мысалы, А.Байтұрсынұлының қаламынан туындаған *тұрлаусыз мүше*, *тұрлаулы мүше*, *одағай сөз*, *сабақтас сөйлем* терминдері Е.Омарұлының 1928 жылы Қызылордада басылып шыққан «Пішіндеме» (геометрия) оқулығындағы *тұрлаусыз шама*, *тұрлаулы шама*, *одағай сан*, *сабақтас пішін* терминдерінің жасалуына үлгі болғандығына да дау айту қиын ғой деп ойлаймыз.

Орыстың ғылым тілінің даму тарихын зерттеуші ғалымдар бірауыздан энциклопедист-ғалым М.В.Ломоносовты «орыс ғылыми терминологиясының атасы» – дейтін болса (*Даниленко В.П., Канделаки Т.Л. Русская терминология// Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1986. - Стр.182.*), Қазақстан ғылымының тарихындағы ондай орынды ұлтымыздың бағына туған ғалым Ахмет Байтұрсынұлы иеленіп тұр.

Ахаң бастаған аз ғана қазақ зиялылары бұл мәселенің мәнін терең түсініп, ғылым тілін, терминологияны дамытуда ұлт тілінің мүддесін көздей отырып көптеген терминдер жасап, оларды тілдік қолданысымызға енгізді. А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдерин, М.Дулатұлы, М.Жұмабайұлы, Ж.Аймауытұлы, С.Қожанұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанов, Н.Төрөқұлов, Ш.Құдайбердіұлы, Қ.Кемеңгерұлы, К.Жәленов сияқты қазақ зиялыларының өткен ғасыр басында жазған еңбектері





арқылы қазақ тілі ғылым саласындағы қызметін атқаруға белсене араласа бастады.

Мәселен, Сұлтанбек Қожанұлының 1924 жылы Ташкентте басылған «Есептану құралында» *дәреже (разряд), түбір (корень), сыр (свойство), дүркін (период)* сияқты терминдер болса, Елдес Омарұлының 1928 жылы Қызылордада *басылған «Пішіндеме» (геометрия)* оқулығында *түйін (теорема), қар (катет), пішін (фигура), қия (диагональ), өріс (радиус), өре (диаметр), саты (таблица)* тәрізді терминдер, ал 1923 жылы Ташкентте жарық көрген М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығында *абай, әсер, елес, әдет, ес, жан, хиял, қайрат, құлық* сияқты көптеген терминдер кездеседі. Сол кезеңдегі оқу құралдарының, ғылыми әдебиеттер тапшылығының орнын толтыру мен ғылымды ұлт тілінде дамытудың маңызын терең түсінген қазақ зиялылары тек өздері маманданған саламен шектеліп қалмай, өзге ғылым салалары бойынша да оқулықтар жазып, терминдер жасады. М.Жұмабайұлының «Педагогика», Ж.Аймауытұлының «Психология» оқулықтарын жазуы, Х.Досмұхамедұлының тіл, медицина, әскери іс сияқты салалардың және көптеген қоғамдық-саяси сала терминдерін жасауы уақыттың өзі алға тартқан тарихи миссияны адал атқаруға деген жауапкершіліктен туған іс болатын.

«Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ» – деп, шет ел тілдерінен енген сөздерді тіліміздің фоно-морфологиялық заңдылықтарына бағындырып қабылдауды ұсынып және «... қолдан келгенше терминдерді нағыз қазақ сөзінен алдық» дей отырып, ұлт тілінің өз мүмкіндігін барынша пайдалану принципіні іс жүзінде жүзеге асыра білген Х.Досмұхамедұлының терминқорымызды қалыптастырудағы еңбегі зор.

Кенес халқына ортақ терминологиялық қор құруды көздеген кейінгі кездерде 30-жылдарға дейін жасалған терминдердің бірқатарын алашордашылардың, ұлтшыл-байшылдардың көзіндей көрген пролетаршыл ағайындар қолданыстан шеттетіп бақты. Соған қарамастан қазақ зиялыларының өткен ғасыр басында жасаған терминдерінің едәуір бөлігі сөздік құрамымыздан берік орын алып, күні бүгінге дейін қажетімізді өтеп келеді.

Жалпы, ұлттық ғылыми терминологияны қалыптастыруда осы кезеңде жарық көрген оқулықтардың орны айрықша болғанын айтқан жөн. Өйткені ғылым мен техниканың басқа да арнаулы салалардағы ұғымдар атауларын қазақ тілінің ішкі байлығы мен сөзжасам тәсілдерін пайдалану арқылы жасау ісі жаппай жанданып, салалық терминологиялық лексиканың сараланып, тілдің терминологиялық жүйесінің қалыптаса бастауы осы кезеңнің еншісіне тиеді.

Өткен ғасыр басынан бастап-ақ ғылым тілінің, терминологияның маңызын терең түсініп, оны дамыту мен қалыптастырудың өзекті





мәселелерін арнайы сөз еткен қазақ зиялыларының бірі – Мұхтар Әуезов. Оның бұл мәселеге арналған алғашқы мақалаларының 1917, 1918 жылдары-ақ жарық көруі соның айқын дәлелі бола алады. Ғалымның «Қайсысын қолданамыз?» деген мақаласы 1917 жылы Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетінде жарияланған.

«Жұрт оянып, көзін ашып, жұрттыққа бетін түзесе, күннен күнге мұқтажы табылып көбеймек. Осы күнгі біздің көп мұқтажымыздың ішінде ең ірісі – ғылым» деп басталатын осы мақаласында ол *«Қазаққа келсек, мектепке арналған ретті бір кітап жоқ. Себебі, мұны ниет қылған талапкерлердің алдынан көлденең шығатын бір зор кедергі барлығы. Ол – ғылым тілі. Ғылым тіліне қазақ сөзі жетпейтіні, жететін болған күнде де, аришылып, арналмағандығы анық. Қандай тілге бай жұрт болсын, ғылым жолына түсе бастағанда тілі кемшілік қылып, қашанғы ескісін алып құрастырып, бөтен жұрттың тілін жасау қылып, неше түрлі болып аламыштанады»* деген пікір айтады.

Сол кезде жиырма-ақ жастағы семинарист Мұхтар Әуезовтің баспа бетін көрген алғашқы еңбегі саналатын бұл шағын ғана мақаласының құндылығы – өткен ғасырдың бас кезінде-ақ ғылым тілінің мәселесін алғашқылардың бірі болып көтеруінде. Біріншіден, мақала авторы білім беру ісінде кедергі туғызып отырған мәселенің бірі ғылым тілінің, терминологияның қалыптаспағандығы екенін атап көрсетеді. Екіншіден, ғылыми ұғымдарды білдіретін қазақ сөздерінің жетісе бермейтіндігі, ал бар сөздердің сұрыпталып, терминдік мәнде, арнайы мағынада жұмсалмағандығы да дәл сол кезеңнің шындығы ретінде өте орынды айтылған пікір. Үшіншіден, ұлттық ғылым тілінің алғашқы қалыптасу кезеңінде болатын қиыншылықтарды атап көрсетеді. Мәселен, көне сөздерге жана мағына жүктеп, өзге тілдерден сөз алуға тура келетінін айтуы соның айғағы.

М.Әуезовтің ғылым тілінің тарихында ескерусіз қалмауға тиісті еңбегінің бірі – «Ғылым тілі» деп аталатын мақаласы. Бұл мақала жоғарыда сөз болған «Қайсысын қолданамыз?» атты мақаладан кейін арада бір жылдай уақыт өткенде 1918 жылы «Абай» журналының № 7 санында жарияланған. Мақала тікелей ғылым тіліне, ғылыми термин мәселесіне арналған. Бұл мақаланы 1917 жылы «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Қайсысын қолданамыз?» атты мақаласының заңды жалғасы деуге болады. Автор алғашқы мақалада көтерген мәселелері туралы ойларын одан әрі жалғап, тұжырымдарын тиянақтай түскен. Мақаланың бірінші сөйлемі – «Ғылым тілі – бұл уақытқа шейін қазақ оқығанының бір қалыпқа қойып, бір негізге құра алмай келе жатқан мәселесінің бірі» – деп басталыпты. Мұндай пікір айтылғаннан бері арада бір ғасырға жуық уақыт өткеніне қарамастан, ғылым тілінің бар мәселесі шешілді деп айту қиын. Тіпті сонау XX ғасыр басында көтерілген кейбір мәселелердің күн



тәртібіне бүгін қайта қойылып жатқандығының да куәсі болып жүрміз. Ғылым тілін бір қалыпқа түсіріп, бір негізге құрдық деуге әлі ертерек. Ол алғашқы мақаласында алға тартқан мәселені қайтадан қозғап, былай деп жазады: «Қазіргі қазақ тіліндегі оқу екі ағысқа бөлініп барады. Бірі – мұсылманша оқығандардың жолы. Ғылым тілін арапшаға, мұсылман негізіне тартады. Екіншісі – орысша оқығандар, ғылым тілін орысшаға, европа негізіне тартады. Бұл жік тәртіпті бастауыш мектептердің хәм курстардың оқуында айқын білініп отыр. Әркімнің өз білгеніне тартатыны мәлім нәрсесі». Дәл осы ойды алдыңғы мақаласында да айтып, бұл мәселеге ерекше мән беру қажеттігін көрсеткен. Бұдан жас зерттеушінің сол кездің өзінде-ақ мәселенің маңызын терең түсінгендігін байқауға болады. Алдыңғы мақаласында ол екі бағыттың бірін таңдап, ғылым тілін бірізге түсіру қажеттігін айтса, соңғы мақалада өзінің қай бағытты қолдайтынын білдіріп, неге ол бағытты ұстану керектігінің себептерін көрсетеді, өзіндік дәлелдерін алға тартады.

Ұлы жазушымыз М.О.Әуезов 1951 жылы жазған «Қазақ әдеби тілі туралы» деген мақаласында да терминология, орфография жөнінде бүгінгі күнге дейін құнын еш жоймаған көптеген құнды пікірлер айтты. Ғалым осы еңбегінде қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар, математиктердің еңбектерін өз тілінде жазбауын ақтауға болмайтынын айта отырып былай деді: «Біздің бүгінгі әдебиет тіліміз байығанда сол ғылым-техниканың бар саласындағы ұғым түсініктер, атаулар молынан кіретіндіктен байыды дейміз. Ендеше, сол сөздерді, сол ғылымдарға байланысты тіл, орам шеберліктерді осы ғылымдардың өз мамандарынан артық қазақ тілінде айтып бере алатын шеберлерді, қайраткерлерді бір жақтан қарызға сұрап аламыз ба? (Әуезов М.О. *Қазақтың әдеби тілі туралы // Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19-т. – Алматы. 1985. – 272 б.*)

М.Әуезов осы мақаласында ғылым тілін, терминологияны қалыптастырудағы ұлттық кадрлардың, ғалымдардың рөлін атап көрсеткен. Ол қазақтан шыққан инженерлер, дәрігерлер, биологтар мен математиктердің еңбектерін өз халқының тілінде жазбауын еш ақтауға болмайтынын үлкен күйінішпен айта отырып, сол арнаулы салалардағы ұғымдар атауларын, тілін қалыптастыру солардың тікелей міндеті екендігін ескертеді. Ғалымдардың «диссертациялық еңбектерін, ең алдымен қазақ тілінде жазуды шарт етіп қою, анық орынды орайлы шараның бірі болар еді», дейді. Ғылым тілінің мектеп оқулықтарынан бастап, қоғамдық өмірдің сан түрлі салаларында еңбек етіп жүрген ғалымдардың жазған оқулықтары, ғылыми еңбектері, түзген сөздіктері арқылы қалыптасары сөзсіз. Ал тілдің ғылым саласындағы қызметін қалыптастырады деп жүрген білікті мамандарымыз ғылыми еңбектерін өзге тілде жазса, ұлт тілінің бұл салалардағы қолданысына үлкен нұқсан келері күмәнсіз.

Қазақ әдебиетінің классигі М.Әуезовтің терминология, ғылым тілі мәселесіне өзінің алғашқы туындыларынан бастап, шығармашылық жолының әр кезеңінде арнайы тоқталып, саликалы пікірлер айтып отырғанын көреміз.

Қазақ терминологиясы дамуының 30-жылдарға дейінгі Ахмет Байтұрсынұлы кезеңінде ұлттың ғылым тілінің дамуына өзіндік үлес қосқан зиялыларымыздың қатарында биолог ғалым Жұмақан Күдерин де бар. Ж.Күдериннің 1927 жылы жарық көрген «Өсімдіктану» оқулығында 300-ге жуық қазақ тілінде жасалған терминдер мен көптеген қазақша өсімдік атаулары кездеседі. Бұл оқулықтағы терминдердің барлығы дерлік сөз болып отырған кезеңдегі қазақ зиялыларының термин шығармашылығында ұстаған принциптеріне сәйкес жасалған. Мысалы, *аналық, аталық, тұқымдық, түйіршік, тостағаниша, сабақша, қалбырша, қабықша, қалташа, қайықша* сияқты терминдер морфологиялық тәсілмен, *аналықтың мойны, аналықтың аузы, ағаштың сүйегі, бұтақты тамыр жолы, жапырақтың тақтасы, тұқым жапырақшасы, ұялы тозаң, тұқымқап, қылашабуын, гүлжапырақ* тәрізді терминдер синтаксистік тәсіл арқылы, ал *буын, тарамыс, түйір, тұғыр, түк, тап, тыс, тегеурін, желек, жік, шаң, шырын, сақина, құндақ, өзек, сұрып, оба* сынды терминдер жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі арқылы жасалған.

Келтірілген мысалдардан байқап отырғанымыздай, өсімдіктану терминдерін жасауда ғалым қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін кеңінен пайдаланған. Бұл терминдердің көпшілігі қалыптасып, қазіргі өсімдіктану терминдерінің қатарынан орын алған. Айталық, кезінде ғалым өз оқулығында алғаш қолданған *аналық, аталық, тозаң, сабақша, қабыршақ, қайықша, гүлжапырақ, қабықша, аналық аузы, аналық мойны* сияқты терминдерді бүгінгі ғылыми әдебиеттер мен оқулықтардың, терминологиялық сөздіктердің барлығынан ұшыратуға болады.

Бұл Ж.Күдериннің тек алғашқы оқулық авторы ғана емес, ғылым тілінің, өсімдіктану терминологиясының қалыптасуына үлкен үлес қосқан, осы істің басында тұрған қазақтың озық ойлы биолог-ғалымы екенін көрсетсе керек. Оның бастауыш мектептің оқушыларына арналған «Әліппе», «Халық әдебиетінің жинағы», «Қоғамдық еңбек» атты хрестоматиясы, «Қой мен оның жүні», «Кенеп», «Кендір» сияқты еңбектерін тілдік тұрғыдан қарастырар болсақ, Ж.Күдериннің қаламынан туған терминдер анықталып, оның ғылым тілінің дамуына қасқан үлесі де нақтылана түсер еді. Жалпы сол кезеңде қазақша еңбектер жазған, ғылым тілінің қалыптасуына үлес қосқан барлық қазақ зиялыларының еңбектерін жан-жақты зерттеу терминология тарихы үшін өте қажет.

30-жылдардан бергі кезеңдегі қазақ терминологиясының дамуын КСРО тіл саясатына сәйкес Кеңес одағы халықтарына ортақ терминқор құруға бағытталды. Бұл кезеңнің көрнекті өкілі – Қ.Жұбанов. Қазақ тер-



минологиясының 30-жылдардың ортасынан 80-жылдардың аяғына дейінгі дамуы Қ.Жұбанов принциптері негізінде жүзеге асырылды.

Ұлттың өміріндегі саяси, әлеуметтік-мәдени жағдайларға байланысты тілдің белгілі бір саласында өзге тілдің әсері күшті болуы немесе үстемдік етуі мүмкін. Қазақ тілі – осындай кезеңді басынан өткерген тіл. Енді сол кезеңнің зардаптарынан арылуға бет бұрып отырған тұста терминология мәселесіне айрықша мән берілуі тегіннен-тегін емес. Мемлекеттік тілдің арнаулы салалардағы қолданыс аясын кеңейту үшін ең алдымен сол арнаулы салалардағы ұғымдарға қазақша атау беру қажеттілігі туындайды. Бұл қажеттілік қайтсек те термин біткенді қазақшалайық, сөйтіп өктемдігі өткен тілдердің сөздерінен арылайық деген науқандық мәселе емес, керісінше, ұлт тілінің болашағы, оның танымдық көкжиегінің кеңейе түсуі мен ғылым салаларындағы жетістіктері осы тілді тұтынушы халықтың игілігіне айналдыру арқылы ғылыми сананы көтеру үшін сөзсіз атқарылуға тиісті іс екендігін терең пайымдауымыз керек.

Неміс ғалымы Леонард Ольшки өзінің «История научной литературы на новых языках» (М. Л., 1933) деп аталатын еңбегінде ғылымның ең күрделі мәселелерін кез келген тілде талқылап, бұрыннан белгілі ұғымдардың аражігін ажыратып, жаңа ұғымдарды атау үшін қажетіне қарай жаңа сөз жасауға болатынын дәлелдеп берген. Ол осы еңбегінде жаңа терминологияны жасау ғалымның таланты мен тапқырлығына тікелей байланысты екенін айта отырып, «Ойлау дербестігінің жоқтығы – тілдің байланып, дамымай сал болып қалуына апарады» деген еді. Ендеше, ой-санасы азат, ешкімге жалтақтамай дербес ойлай алатын тәуелсіз елдің ұлт тілі қанатын кең жайып, қоғамдық өмірдің барлық салаларындағы қызметін мүлтіксіз атқаратын, кемелденген тіл деңгейіне көтеруге толық мүмкіндік бар.

Өткен ғасыр басында Ахаң бастаған ат төбеліндей аз ғана қазақ зиялылары уақыт жүктеген міндетті абыроймен атқара білді. Олар қазақ тілінде бала оқытты, газет-журнал шығарды, оқулық, ғылыми еңбек жазды. Ұлт тіліндегі термин шығармашылығын дамытты. Одан бері бір ғасырға жуық даму жолынан өткен қазақ тілінің ғылым-білімнің, техниканың тілі ретінде өркендеп, терминқорының қалыптасып, жетілуі ғалымдардың, қазақ зиялыларының қолында. Қазіргі таңда да қазақ тілінің қоғамдық өмірдің барлық саласында заңды мәртебесіне лайық қызмет атқаруын қамтамасыз ету жолында зиялыларға жүктеліп отырған міндеттер аз емес. Өткен ғасыр басындағы қазақ оқымыстыларынан саны жағынан да әлденеше есе көп, сан түрлі университеттер мен академияларды тамамдаған, жоғары атақ-дәрежесі жетіп артылатын бүгінгі зиялы қауым бұл міндетті қалай атқара білгендігін келер ұрпақ бағалап, уақыт өзі төреші болар.



Терминдерді біріздендіру түркі тілдері арасында жүйелі жүргізілуге тиіс

Түркі тілдерінің терминдер жүйесін жақындастыру, ортақ терминдер қорын молайту бүгін ғана көтеріліп отырған мәселе емес. Бұл мәселенің қозғалғанына бір ғасырға жуық уақыт болды. Бірақ күні бүгінге дейін түркі халықтары терминдер қорын тіларалық біріздендіру мәселесін шешудің тиімді тетігі қалыптаса қойған жоқ. Әзірге мәселе көтерумен ғана шектеліп келеміз.

1924 жылдың маусым айында сол кездегі Қазақстанның астанасы Орынборда өткен қазақ ғылыми қызметкерлерінің бірінші съезінде терминологияны дамыту мәселелері де сөз болды. Оған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрөкұлұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанұлы бастаған бүкіл Алаш зиялылары мен Ишанғали Арабайұлы бастаған қырғыз оқығандары қатысты. Съезде Елдес Омарұлы «Қазақша пән сөздері» деген тақырыпта баяндама жасап, сол баяндама негізінде терминологияны дамыту қағидаттары бекітілді. Съезд бекіткен қағидаттардың екіншісі – «Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер (терминдер – Ш.Қ.), басқа түрік халықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер, жалпы, түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын» деген қағидат қабылданды.

1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурыз аралығында Баку қаласында «Бірінші Бүкілодақтық түркология съезі» өтіп, оған көптеген түркітілдес халықтардың ғалымдары қатысты. Осы съездің күн тәртібіндегі қаралған мәселелердің бірі түркі тілдерінің терминологиясы (пән сөздерінің жүйесі) болған еді. Бұл съезде терминология мәселелеріне арналған баяндаманы Қазақстан тарапынан А.Байтұрсынұлы жасады. Қазақ зиялылары бұл бағыттағы жұмыстарын жалғастыра алмады. Бакудегі түркология съезінен кейін, көп ұзамай, 20-жылдардың аяғына қарай Алаш зиялылары қуғындала бастады. Олардың түркі халықтарының өзара термин алмасу мәселесін жолға қоюға бағытталған жұмысы 30-жылдардан кейін жалғасын таппай қалды. Түркітілдестердің терминқорын жақындастыру мәселесі тек КСРО ыдырап, тәуелсіз республикалар құрылғаннан кейін ғана қайта көтеріле бастады. 1996-1997 жылдары қазақ-түрік лингвист-ғалымдарының ұйымдастыруымен Қазақстанның Түркістан қаласындағы Қазақ-түрік университетінде түркітілдес елдердің терминологиясына арналған мәжіліс өтті. Бұл жиынға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Татарстан, Башқұрстан, Қарақалпақстан елдерінің

тілші-ғалымдары қатысты. Ғалымдар көптілді терминологиялық салыстырмалы сөздіктерін жасауға келісіп, бұл бағытта біраз жұмыс істелгенімен, басталған іс аяғына толық жетпей қалды. Алайда түркі терминологиясының мәселелерін бірлесіп талқылауға кейінгі жылдары қайта назар аударыла бастады. Өткен 2010 жылдың маусымында Түркия Тіл құрымы мен Түркия ақпараттық технологиялар қоғамының ұйымдастыруымен Бакуде туысқан түркітілдес халықтар ғалымдары бас қосып, түркі терминологиясының мәселелерін бірлесіп талқылады. Бұл жиынға Түркия, Қазақстан, Әзірбайжан, Татарстан ғалымдары қатысып, ойларын ортаға салды. Конференция 1926 жылы осы қалада өткен «Бірінші Бүкілодақтық түркология съезінен» кейін араға 85 жыл уақыт салып барып жалғасын тапқан жиын болды. Бакудегі конференцияға қатысқанда біз ұйымдастырушыларға, түркиялық ғалымдарға келесі басқосуымыздың Қазақстанда өтуін ұсынған едік. Бүгінгі біздің бірлесіп өткізіп отырған конференциямыз – сол келісім нәтижесі. Осы орайда біз былтырғы жылы Бакуде өткен және биыл Астанада өткізіліп жатқан осы ғылыми жиынды ұйымдастыруға тікелей атсалысып отырған Түркия тарапына айрықша алғысымызды білдіреміз. Түркі тілдеріндегі ақпараттық технология терминологиясының ортақтық сипатын арттыру бағытында Түркия ақпараттық технологиялар қоғамының көп жұмыс атқарып жатқанын, бүгінгі конференцияның ұйымдастырылуына да Түркия Тіл комитетімен бірлесіп ерекше атсалысып отырғанын атап айтуға тиіспіз. Түркі терминқорының ортақтық сипаты арта түсуіне барша түркітілдестер мүдделілік танытып отыр. Түркия мен Қазақстан түркі терминологиясының ортақтық сипатын арттыруға бағытталған істе белсенділік танытып, нақты істерге ұйытқы болып отыр. Бүгінгі шара – соның тағы бір көрінісі. Осы идеяны кеңірек таратып, оның маңызын ғылыми тұрғыдан ашып көрсете түскен сайын, барлық түркі халықтарының белсенділігі артатынына күмән келтірмеуге болады. Дегенмен соңғы жылдар ішінде осы бағыттағы біршама белсенділік танытып отырған қазақ-түрік тілдерінің арасында да терминалмасу үдерісінің жанданғаны әзірге байқала қоймайды. Ал КСРО құрамында болған Қазақстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түрікменстан республикаларының тілдері арасында да, тәуелсіздігін жариялағаннан кейінгі 20 жылда да өзара терминалмасым үрдісі жолға қойылмақ түгілі, басталған да жоқ. Мәселен, Тәуелсіздіктің 20 жылында қазақ тілінен өзбек немесе қырғыз тіліне, қырғыз тілінен түрік немесе қазақ тіліне қанша термин енді? Оған көп мысал таба алмаймыз. Біз көптен бері түрік тілінен қазақ тіліне қабылданған «ұшақ» сөзінен өзге мысал келтіре алмай жүрміз.

Ал енді түркі тілдері арасындағы терминдерді біріздендіру мәселесіне келер болсақ, бізге нақты іске көшпес бұрын сол істі ұйымдастырудың ұтымды тетігін құрып алуымыз қажет деп білеміз. Олай дейтініміз, XX ғасыр басынан бері түркі тілдеріне ортақ терминдер қорын қалыптастыру мәселесі көтеріліп келе жатқанымен, күні бүгінге дейін бұл істе ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже көрініс бере қоймады. Оның көптеген себептері болды, олар жөнінде әңгіме – бөлек. Бірақ солардың бірі – терминологияны тіларалық біріздендіру жұмысын жолға қоюмен тікелей айналысатын құрылымның болмай келуі. Ғалымдар бас қосқан жиындарда айтылған ұсыныс-пікірлер жүзеге аспай, сол жерде қалып, жекелеген түркітанушы, терминтанушы ғалымдар тарапынан жазылған мақалалар, айтылған ойлар өзге түркітілдес елдердің ғалымдарына жетпей жатады. Түркітілдестердің ғылым саласындағы ынтымақтастығы, байланысы әлі әлсіз. Соның салдарынан түбі бір түркі тілдерінің ғылыми тілі, терминологиясы жақындаудың орнына жылдан-жылға алшақтап барады. Бұл үдеріс біртіндеп бір тілдік топқа және сол топ ішіндегі шағын топқа (подгруппа) кіретін тілдердің де айырмашылықтарының ұлғая беруіне апарады. Лингвист ғалымдар зерттеулерінің нәтижелері қазіргі заманда кез келген тілдің лексикалық қорын байытып отырған жаңа сөздердің 80 пайыздан астамын неонимдер (жаңадан жасалған терминдер) құрайды екен. Бұл – «егер біз ұлт тілінде термин жасайтын болсақ, өз тіліміздің табиғатын сақтай отырып оны байытамыз, керісінше, қай тілден көбірек сөз қабылдасақ, сол тілге жақындаймыз, онымен ортақтығымыз арта түседі» деген сөз. Ендеше, тарихи тамырлас, туыстас түркі тілдері неліктен бір-бірінен алшақтай беруге тиіс. Неге біз ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан тарихи сабақтастықты сақтап, тілдерімізді жақындатуға ұмтылмай, бір-бірімізден алшақтау, окшаулану бағытын ұстануымыз керек? Біздіңше, бұған ешқандай негіз жоқ. Қайта түркі тілдері арасындағы терминдерді біріздендіруге, өзара терминалмасым үдерісін жолға қою арқылы ортақ терминдер қорын молайта берудің маңыздылығын, өзектілігін көрсететін негіз жеткілікті. Бізде КСРО құрамына кірген түркі халықтарының тілдерінде терминдерді тіларалық біріздендіру түркітілдестердің өз арасында емес, олардың әрқайсысының орыс тілімен арасында болды. Дәлірек айтқанда, тіларалық біріздендіру түркі тілдерінің орыс тілімен ортақ терминдерін барынша ұлғайту мақсатын көздей отырып, орыс тілі тарапынан түркі тілдеріне қатысты біржақты жүргізілді. Орыс – қазақ, орыс – өзбек, орыс – әзірбайжан, орыс – қырғыз, орыс – түрікмен, орыс – татар тілдері арасында терминалмасу жүргізіліп, екіншілері, негізінен, термин қабылдаушы тілдер болып келді. Кеңес Одағы тұсында

орыс тілінен түркі тілдеріне алмасқан терминдер жүздеп, мыңдап саналса, түркі тілінен орыс тіліне алмасқан терминдер мүлде мардымсыз, бірлі-жарым болды. Ал орыс тіліндегі түркізмдердің басым көпшілігі өткен ғасырлардың сөз алмасулары еді. Ендігі жерде біз түркі тілдерінің өз ішіндегі сөзалмасу, терминалмасу мәселесін жолға қоюымыз керек. Бір ғана арнаулы саланың немесе бір тілдің шеңберінде жүзеге асатын тілішілік біріздендіру жұмысын жүргізудің өзінде кемшіліктер орын алып жатады. Ал біздің көздеп отырған тіларалық біріздендіруіміз бір-неше ел тілдерінің арасында жүзеге асатын ауқымды терминологиялық жұмыс болғандықтан, оны үйлестіру ісі тиісті деңгейде жүруі үшін тікелей осы шаруаға жауапты тұрақты құрылым қажет. Ондай құрылымға түркітілдес елдердің терминология саласында еңбек етіп жүрген тілші-ғалымдары, салалық кәсіби мамандарын тарта отырып, жүйелі түрде жұмыс істелгенде ғана көздеген мақсатқа қол жеткізе аламыз. 1996-97 жылдары Түркістан қаласындағы Қазақ-Түрік университеті бастаған жұмыстың жалғасын таппай қалуы осындай жүйелі жұмыс атқаратын арнайы құрылымның болмауынан екенін айту керек. Ол жұмыс жекелеген ғалымдардың ынтасы бойынша басталып, бір-екі жылдан кейін түрлі себептермен тоқталып қалды. Біздің бүгін қолға алып жатқан ісіміздің де жалғасты болуы үшін, ең алдымен, осы істі қалай ұйымдастыру қажеттігін өзара келісіп, шешіп алғанымыз жөн. Халықаралық ұйымдастыру орталығын құрамыз ба, әлде Түркі терминология комиссиясын жасақтаймыз ба, болмаса оны Түркі терминқорын қалыптастыру кеңесі түрінде құрамыз ба, әйтеуір сіздер мен біздің терминология саласындағы қызметімізді үйлестіріп, тіларалық біріздендіру жұмысын жүргізіп отыратын органымыз болса, басталған ісіміз аяқсыз қалмауына жауапты ұйым анықталар еді. Әзірге бүкіл түркі тілдері арасында жүргізетін терминдерді тіларалық біріздендіру жұмысын ешбір мекеме немесе ұйым өз жауапкершілігіне алып отырған жоқ. Түркі тілдері бірдей қолдануы тиіс ортақ терминдерді анықтап, оларды жан-жақты талқылап, ресми ұсынып отыратын да осындай арнайы құрылым болуы тиіс деп санаймыз.

Әрине, бірлескен қызметімізді үйлестіретін орган құрумен іс біте салмайды. Одан кейін де қыруар шаруа атқаруға тура келеді. Ең алдымен, тіларалық біріздендіру кезінде ұстанатын негізгі бағытымыз бен басшылыққа алатын қағидаттарымызды анықтап, оны келісіп алу қажеттігі туындайды. Олай дейтініміз, 1996-97 жылдары қолға алынған Түркі тілдерінің көптілді салыстырмалы терминологиялық сөздіктерін жасау дұрыс бастама болды. Осы істі жалғастыру арқылы түркі тілдері терминжүйелерінің қаншалықты жетілгендігін салысты-



рып анықтау мүмкіндігіне ие боламыз. Сол арқылы кімде не бар екенін бағамдай отырып, бірімізде жоғымызды екіншімізден ала аламыз. Әзірге әркім термин шығармашылығында өз тілімен шектеліп, терминдерді біріздендіру тіларалық емес, тілішілік деңгейде жүргізіліп жатыр. Түркі тілдері үшін терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі ретінде туыстас тілдер емес, өзге туыстық топтарға жататын тілдер болып отыр. О бастан дұрыс жолға қойылмаған, бірлесіп қолға алынбаған іс болғандықтан, әр тілдің терминқоры өз жолымен дамыды, түркі халықтарында әрқайсысында терминжүйе қалыптастырудың өзіндік дәстүрі орнықты. Түркі тілдері терминжүйелерін қалыптастыра бастаған алғашқы кезеңде осыдан бір ғасырға жуық қолға алынуға тиіс шаруаны біз объективті және субъективті түрлі себептермен «ештен кеш жақсы» деп енді қолға алып отырмыз. Бір нәрсенің басын ашып айтуымыз керек. Осы өткен кезеңдерде түркі тілдері өздерінің салалық терминдер жүйесін қалыптастырды. Сол терминжүйелер бүгінгі таңда олардың арнаулы салалардағы кәсіби қарым-қатынасы мен ғылыми қатысым қажеттіліктерін өтеп отыр. Қазақ, түрік, өзбек, қырғыз немесе эзирбайжан тілдерінің қай-қайсысы да ұтымды баламалары табылмай жүрген жекелеген кірме терминдердің орнына бір-бірінен сөз алып термин алмасуға барар, алайда «қазіргі қолданыстағы терминдер қорын түбегейлі өзгеріске ұшыратып, өзге түркі тілдерінен жаппай термин қабылдай бастайды» деп ешкім айта алмайды. Сондықтан бұл факторды ескере отырып, біз алдағы термин шығармашылығымызда тәжірибе бөлісу мен өзара термин алмасу жайын ойласуымыз керек. Ғылымтанушылардың мәліметіне сүйенсек, әрбір жиырма бес жылда ғылыми пәндердің саны екі есеге артып отырады екен. Осы жана салалардың бәрінің терминологиясын жасауда бізге бірлесе жұмыс атқару керек. Біздің тіларалық біріздендіру жұмысымыздың болашағы да осында. Бұл орайда Түркия ақпараттық технологиялар қоғамының түркі тілдеріндегі IT терминологиясының мәселесін уақтылы көтеріп отырғанын айтар едік. КСРО құрамында болған түркітілдестер термин қабылдаудың бір ғана көзі ретінде орыс тілін танып қалған дәстүріне жүгіне бермей IT терминологиясын түрік тілінде жасаған туыстас тілдің тәжірибесіне ерекше ден қоюы қажет деп ойлаймыз. Содан кейін бұл дәстүр жаңа пайда болған ғылым салаларының терминологиясын жасауда түркі тілдері арасында өзара жалғасын табатын болса, біздің түркі терминологиясын біріздендіруге бағытталған жұмысымыз да жемісін бере бастайды. Сондай-ақ ғылымның бұрыннан бар түрлі салаларында пайда болып жататын жаңа ұғымдарды қай тіл қалай атай бастағанын, олар қалыптасып үлгергенге дейінгі термин-



жасам үдерісінің ең алғашқы кезеңінде біліп отыруымыздың маңызы зор. Сонда біз терминжасам тәжірибемізді ортаға салып, ұтымды жасалған терминді, терминүлгіні немесе терминбөлшекті бірлесіп таңдап алып, бүкіл түркі тілдеріне енгізуге мүмкіндік аламыз. Бұл жұмысты ғаламтор желісі, түркі тілдерінің терминжүйелерін біріздендірумен айналысатын бірлескен органның арнаулы сайттары, жедел әрі тұрақты түрде ақпарат алмасуды жолға қою арқылы ғана нәтижелі жүргізуге болады.

Түркітілдес халықтардың терминологиялық-лексикалық қорының ортақтық деңгейін, өзіндік ерекшеліктерін, терминжасам тәжірибесін анықтау мен терминтанудың өзге де ғылыми-теориялық мәселелерін зерттеу ісін Қазақстанның Түркі академиясы базасында жүзеге асыруға болады деп ойлаймыз. Біз айтып отырған түркі тілдерінің терминжүйелерін тіларалық біріздендірумен айналысатын құрылымды да осы академия жанынан ашқан ұтымды болар деген ойдамыз.

Түркі тілдерінен термин алмасудың тілдік артықшылықтары туралы пікірлерді лингвист мамандардың әр кезеңде жазған еңбектерінен кездестіруге болады. Мәселен, А.Байтұрсынұлы «ондай терминдер (түркі тілдерінен алынған терминдер – Ш.Қ.) айтуға, естуге және түсінуге қиындық туғызбайды» деп көрсеткен болатын. Сондай-ақ туыстас тілдерден алынған терминдердің қабылдаушы тілдің морфологиялық, дыбыстық ерекшеліктеріне сай келеді немесе соған бейім тұратынын да айту керек. Сондықтан олар тілге жатсынбай қабылданып, оңай сіңіп кете алады. Ортақ терминдер түркі халықтары арасындағы тілдік, ғылыми-мәдени байланысты, ынтымақтастықты нығайтуға негіз болады.

Әлем халықтарының тәжірибесінде туыстас тілдер арасында термин алмасу, ортақ терминологиялық қор құру арқылы арнаулы мақсаттар тілін кеңінен пайдалану тәжірибесі бар екендігіне біз бұған дейін де тоқталғанбыз. Түркі халықтарының да бұл істі шындап қолға алып, өзіндік ғылыми кеңістігімізді қалыптастырып, сол кеңістік шеңберінде түрлі сала мамандарының жалпытүркілік терминологияны пайдалана отырып, кәсіби қарым-қатынас жасауға бағытталған ортақ мақсатқа жұмыла кіріскеніміз абзал.

Кеңестік кезеңде КСРО құрамына кіретін әртүрлі тілдік топтарға жататын тілдерді құрайтын көп ұлтты құрама мемлекетте ортақ терминдер қорын қалыптастыруға қол жеткізілді. Егер түркі елдерінің терминдерді тіларалық біріздендіру жұмыстары дұрыс жүргізілсе, түбі бір туыстас тілдерінің ортақ терминдер қорын қалыптастыру, терминжүйелерімізді жақындастыру одан қиын болмасы анық. Ал оны жүзеге асыра білу түркітілдес мемлекеттер арасындағы терминдерді тіларалық біріздендіру



мен терминжүйелерімізді жақындастыру, олардың ортақтығын арттыруға бағытталған үйлесімді жұмыстардың қалай атқарылатындығына байланысты. Түркиядан өзге түркітілдес халықтардың көпшілігі жалпыкеңестік терминқор қалыптастыру бағытын жетпіс жыл бойы ұстандық, енді жалпытүркілік терминқорымызды молайтып, түркі әлемінің өз ғылыми кеңістігіндегі қарым-қатынасымызда түркі тілдерінің қолданысын кеңейтуге, ғылыми ынтымақтастығымызды нығайтуға бағытталған жұмыстарымызды бірлесіп атқаратын уақыт жетті деп ойлаймыз.

*«Ана тілі» газеті,
24-30 қараша, 2011 жыл.
– № 47 (1095).*

Жалпытүркілік терминқор қалыптастырудың өзекті мәселелері

Түркі тілдеріне ортақ терминдер қорын қалыптастыру мәселесі соңғы жылдары біздің және жекелеген түркітілдес елдер ғалымдары тарапынан сөз болғанымен, әлі күнге дейін бұл істі жүзеге асырудың тетіктері қалыптаса алмай келеді. Алдымен осылай болып отыруының себептеріне тоқталар болсақ, олардың негізгілері мыналар деп білеміз. XX ғасырда түркі халықтары бір-бірінің тілдерін ұлттық терминқор қалыптастырудың сыртқы көздері ретінде танымады. Соған сәйкес туыстас тілдер арасында өзара терминалмасу дәстүрі де орнықпады. Тіпті шекаралас, іргелес жатқан түркі республикаларының өздері бір-бірімен терминжасам тәжірибелерін бөлісіп, сөз алмасып, термин жасаудың ортақ үлгілерін [модель] пайдаланбады. КСРО құрамына кірген қазақ, өзбек, қырғыз, әзербайжан, түркімен, татар, башқұрт, чуваш, ноғай, хақас, қарақалпақ, саха сияқты өзге де көптеген түркі халықтары үшін терминқорларын байытудың бірден-бір сыртқы көзі орыс тілі болды. Ал Түркияның бұл халықтармен байланысы мүлде әлсіреп, өзінше дербес дамыды. Түрік тілі терминқор қалыптастыруда пайдаланылатын сыртқы көз ретінде біздер секілді орыс тіліне жүгінген жоқ. Бір ғасырға жақын уақыт ішінде түркі халықтары терминдер қорын, ғылым тілін дамытуда ортақ мақсат көздеп, бір бағыт ұстанбады. Сондықтан қазіргі тәуелсіздік тұсында да, түркі халықтары ескі дәстүрін бұзып, терминқор қалыптастырудың жаңа жолына түсе алмай отыр. Түркі тілдерінің өзара сөз, термин алмасуының жаңаша дәстүрін қалыптастыруды жолға қою үшін түркітілдес халықтардың баршасына бірдей қатысты мына төмендегі сұраққа жауап беруімізге тура келеді.



Жалпытүркілік терминдер қорын қалыптастыруға қандай қажеттілік бар, ортақ терминқор бізге не береді?

Тілдің қазіргі лексикалық қорының баю, толығу мәселесін арнайы қарастырған ғалымдар зерттеулерінің нәтижесі бүгінгі сөздік қорымыздың 80 пайыздан астамы тілге өзге тілдерден енген немесе жаңадан жасалған терминдер есебінен толығып отыратындығын көрсеткен. Бұл фактор термин жасау мен оны қабылдаудың тіл үшін аса маңыздылығын анық аңғартады. Егер туысқан түркі тілдерінің термин қабылдайтын сыртқы көздері (басқа тілдер) әркелкі болса және өзара термин алмаспай, жаңа терминдерді әр тіл өз бетінше жасап, қалыптастыра берсе, онда уақыт өткен сайын түркі тілдері бір-бірінен алшақтай береді. Бұл үдеріс қаншалықты ұзаққа созылса, туыстас тілдердің араларындағы айырмашылық та соншалықты ұлғая бермек. Соған жол бермеу үшін де, жалпытүркілік терминқорды молайтуға басымдық беру маңызды. Онсыз да түркі тілдері бір ғасырға жуық уақыт бір-біріне қарамай, өз бетінше, өз жолдарымен дамыды. Қазіргі түркі тілдеріндегі әліпби, емле, терминология салаларындағы әркелкіліктер соның нәтижесі. Алдағы уақытта түркі жұрты түгел боламыз дейтін болсақ, бұл олқылықтардың орнын толтыруымыз қажет. Бұл ісіміздің нәтижелі болмағы біздің келісіп-кеңесе отырып, бірлесіп әрекет етуімізге тікелей байланысты.

Жалпытүркілік терминдер қорын молайту арқылы мынадай маңызды мәселелер шешімін табады деп білеміз:

- лексикалық қорындағы айырмашылықтар ұлғайып бара жатқан түркі тілдеріндегі ортақ сөздер қоры молаяды;
- түркі тілдері терминжүйелерінде сәйкестік артады;
- ғылыми және түрлі сала мамандары арасындағы кәсіби қарым-қатынас жеңілдейді;
- түркі тілдерінің лексикалық, терминологиялық қорларындағы ортақтық сипаттың артуы түркітілдес елдердің арасындағы мәдени, саяси-дипломатиялық қатынастардың нығая түсуіне де оң әсер етеді;
- түркі халықтарының ортақ ақпараттық кеңістігінің қалыптасуына негіз қаланады;

Жалпытүркілік терминдер қорын қалыптастыру жұмыстарының қарқын алуы үшін не істеуіміз керек?

Ең алдымен, бұл ауқымды шаруаны жүзеге асырудың саяси, ғылыми және ұйымдастыру тетіктері жасалуы тиіс. Мәселенің саяси қыры де-





генде бір нәрсені ашып айтуымыз керек. Кешегі кеңестік кезеңде КСРО құрамында болған ұлттардың терминдер қорын жасау, яғни жалпы-кеңестік терминқор қалыптастыру одақтың мемлекеттік тілі орыс тіліне негізделді. Орыс тілі терминологиялық жүйесін жасаушы өзге тілдерге үлгі тіл ретінде ұсынылды. Кеңес одағының тіл саясатынан бұл бағыт көрініс тапты. Бүгінгі таңда тәуелсіз түркі мемлекеттері өздерінің дербес тіл саясатын жүргізіп отыр. Олардың әрқайсысы термин қабылдайтын сыртқы көздерін, термин алмасатын тілдерді өздері таңдайды. Терминшығармашылығы лингвистикалық, ғылыми мәселе деп саналғанымен, іс жүзінде оған әр елдің тіл саясатынан айрықша орын беріледі. Сондықтан әр елдің ішкі саясатында, тіл саласындағы мемлекеттік Бағдарламаларда арнайы қорын берілуі өте маңызды. Ал Ресей және өзге мемлекеттер құрамындағы түркітілдес халықтардың ішкі ісіне, олардың қолданыстағы терминдерін тілаларлық біріздендіруге араласа алмаймыз. Бұл күрделі мәселе. Жалпытүркілік терминдер қорын қалыптастыру ісінің жаңа деңгейге көтеріліп, тың серпін алуы үшін, біздіңше, төмендегідей бірлескен шаралар, еларалық үйлестіру, ұйымдастыру жұмыстары қолға алынуы қажет деп есептейміз.

ҰСЫНЫСТАР:

- Жалпытүркілік терминқор қалыптастырудың ғылыми қағидаттарын (принциптерін) белгілеп алу;
- Белгіленген қағидаттарды басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізуге құзыретті, кәсіби мамандардан тұратын халықаралық үйлестіру ұйымының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету; (Қазір бұл істі Түркі кеңесі қолға алып отыр. Халықаралық түркі терминкомының осы ұйымның базасында жұмыс істегені дұрыс).
- Университеттерде жалпыфилологиялық біліммен қатар тікелей терминология бойынша маманданған бірнеше түркі тілдерін білетін жоғары білімді және ғылыми кадрлар дайындау;
- Ғылым мен техниканың түрлі салалары бойынша түркі тілдерінің салыстырмалы терминологиялық (түсіндірмелі, екітілді, көптілді салыстырмалы) сөздіктер шығару;
- Түркі тілдерінің терминологиясы бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізіп, ғылыми жобаларды жүзеге асыру;
- «Түркі терминологиясы» сияқты атаумен халықаралық ғылыми журнал шығару;
- Тұрақты түрде екі жылда бір рет түркі республикаларында терминология мәселелеріне арналған халықаралық ғылыми конференция өт-



кізіп тұру; (семинар, дөңгелек үстелдер мен кенестерді қажетіне қарай ұйымдастырып отыру).

2010 жылғы маусымда
Түркі академиясында өткен жиында сөйлеген сөз.

«Бекітілген терминдер сөздігі» туралы

Бекітілген терминдерді жинақ, сөздік түрінде жариялап жұртшылықпен таныстырып отыру тәжірибесі бізде бұрыннан бар. Бұл істі ең алғаш XX ғасыр басында қолға алғандар А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары. Содан бері бекітілген атаулар сөздіктері дәстүрлі түрде жарияланып келеді. Ахаң термин комиссиясына төрағалық еткен кезеңде «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (1926), «Пән сөздері» (1927), «Атаулар сөздігі» (1931) сияқты еңбектер жарияланып көпшілікке таныстырылып отырды. Бұлардың ішіндегі бірінші жарық көргені – «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (Русско-казацкая военная терминология) деп аталған терминологиялық сөздік. Сөздікті білім кеңесінің ұйғарымына сәйкес атау (термин) комиссиясы дайындаған. Сөздік 1926 жылы 5000 дана таралыммен Қызылорда қаласында басылып шыққан. Сөздік соңында сол кездегі Қазақ білім комиссиясының төрағасы Ахмет Байтұрсынұлы мен комиссия хатшысы Ғаббас Нұрымұлының бұл сөздікке енген атаулар туралы 1926 жылдың 12 маусымында берген анықтамасы бар. Онда былай деп көрсетілген: «Бұл атаулар қазақ білім кемесіесінің 1925-інші жылғы октәбірден 1926-ыншы жылғы үйенге шейін болған мәжілістерінде тексеріліп осы күйінде қабыл алынды».

Одан кейінгі жарық көрген «Пән сөздерін» Н.Қаратышқанұлы құрастырған Сонымен бұл екі басылым XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынұлының өзі төрағалық еткен комиссияның ресми бекіткен терминдерін қамтыған сөздіктер. Ал «Атаулар сөздігін» 1931 жылы 5000 дана таралыммен Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясы шығарған. Сөздікте сегіз мыңнан аса атаулар қамтылған. Көріп отырғанымыздай, бізде 30-жылдарға дейін-ақ ресми бекітілген терминдерді жинақтап, сөздік түрінде жариялап отыру тәжірибесі қалыптасып үлгерген. Ал 30-жылдары Мемлекеттік терминология комиссиясының төрағасы Қ.Жұбанов болған жылдары бекітілген терминдер «Терминологиялық бюллетеннің» сол жылдары шыққан 4 санында жарияланды. Одан кейін тілші ғалым А.Әбдірахмановтың құрастыруымен 1976, 1979, 1990 жылдары «Атаулар мен терминдер» деген атпен



бекітілген терминдер сөздіктері жарық көрді. 1996 жылы Б.Қалиев пен Ш.Құрманбайұлының құрастыруымен «Орысша-қазақша және қазақша-орысша терминдер сөздігі», 1998 жылы Т.Алпысбаев пен А.Әбдірахмановтардың құрастыруымен, 2002 Тіл комитеті қызметкерлерінің құрастыруымен «Терминологиялық жинақ», 2004 жылы Ш.Құрманбайұлы мен С.Сапинаның авторлығымен «Орысша-қазақша терминдер сөздігі», 2007 жылы Ш.Құрманбайұлының құрастыруымен «Терминдер сөздігі (бекітілген терминдер)» сөздігі жарияланды. Бұдан біз Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдерді сөздік түрінде жариялап, жұртшылыққа таныстырып отыру тәжірибесінің орныққандығын айқын көруімізге болады. Осы дәстүрді сақтап, бекітілген терминдер сөздігінің әр басылымының сапасын жылдан-жылға жақсартып отыру міндет. Ол үшін әр басылым мамандар сарабынан өтіп отыруы тиіс. Біз осыған дейін алаш оқығандары құрастырған, одан кейінгі жылдары жарық көрген бірқатар сөздіктердің жетістігі мен кемшіліктеріне тоқталып, арнайы сөз еткен болатынбыз. Бұл тұрғыдан алғанда ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің 2009 жылы 20 000 мың таралыммен «Дайк-Пресс» баспасынан шығарған «Бекітілген терминдер сөздігі» атты соңғы басылымын да назардан тыс қалдыруға болмайды деп санаймыз.

Бұл сөздік Мемтерминкомның 2006 жылдан бері бекіткен бірқатар терминдерімен толықтырылған және оның алғысөзінде жекелеген терминдердің қолданысына, алдыңғы басылымдарда орын алған кемшіліктерге қатысты ескерілуге тиісті пікірлер де айтылған. Дегенмен, бұл басылымның өзі де кемшіліктерден құр алақан емес. Дәлірек айтқанда, қомақты қаржыға үлкен таралыммен жарыққа шыққан бұл сөздік сапалық тұрғыдан алдыңғы басылымдардан жетілдіріле түспей, керісінше, онда бірқатар олқылықтардың орын алғаны байқалады. Келесі басылымдарда тағы да осындай олқылықтарға орын берлімеуі және сөздікті пайдаланушылар ескеруі үшін оларды атап көрсету кәсіби міндетіміз деп санаймыз.

Біріншіден, «Бекітілген терминдер сөздігін» жасауда елеулі құрылымдық кемшіліктер орын алған. Сөздікте бірінші терминдердің қазақша-орысшасы, одан кейін бекітілу жылдары мен ғылым салаларына қатысына қарай, соңында орысша-қазақшасы беріліпті. Бұл сөздікті пайдаланушыға үлкен қолайсыздық туғызады. Терминографияда сөздіктің құрылымына ерекше көңіл бөлінеді. Онсыз қолдануға қолайлы сөздік жасау мүмкін болмайды. Лексикографиядан, терминографиядан аздаған хабары бар тіл маманы сөздікке қойылатын осындай қарапайым талапты алдымен ескеріп, мұндай кемшілікке еш жол бермеген болар еді. Сөздіктің терминология мәселелерінен қашықтау, терминологиялық сөздік жасау тәжірибесі жоқ



құрастырушылардың қолынан шыққандығы бірден аңғарылып тұр. Бардың басын құрап, жинақтап беру ғана мақсат етілгендіктен, құрылымдық тұрғыдан жетілдірудің ізі де байқалмайды. Бекітілеген терминдерді жинақтап берудің өзінде белгілі бір жүйе сақталмаған. Сондықтан келесі басылымда бекітілген терминдердің сөздігінде оларды әліпбилік және хронологиялық тәртіппен беру мақсат етілетін болса, алдымен, терминдердің орысша-қазақшасы, одан кейін ізінше (екінші бөлімде) олардың қазақша-орысшасы берілгені абзал. Өйткені аударма жасау, сөздікті пайдалану кезінде біздегі тілдік жағдаятқа сәйкес орысша терминнің қазақша баламасын іздеу жиі орын алады. Ол жылдар бойы қолданыста болып қалыптасып қалған орысша терминдердің көпшілігін жұртшылықтың, сала мамандарының жақсы білетіндігінен және әдетте орысшадан қазақшаға аударудың әлдеқайда басымдыққа ие болып отыруынан. Сондықтан орысша терминнің қазақшасын іздеу, қазақша терминнің орысшасын іздеуден әлдеқайда жиі кездеседі. Сөздік жасауда мұны ескерген орынды. Ал терминдерді жалпы әліпбилік тәртіпке түсірмей, ғылым саласына немесе бекітілген жылдарына қарай беру ол басқа мақсаттан туындайды. Жалпы терминдердің қай жылы бекітілгені аудармашы, журналист, іс жүргізуші немесе басқа да көптеген сала мамандары үшін маңызды емес. Оның сөздікті пайдаланушы көпшілікке қажеті шамалы. Ол терминтанушы, терминші мамандар үшін, терминология тарихын зерттеуші, терминологияның қалыптасуын оқытушы үшін, терминологиялық жұмыстардың жүргізілуін қадағалап отырушы қызметкерлер үшін керек шаруа. Сол себептен де көпшіліктің басын қатырмай, оларды бекітілген жылдары бойынша хронологиялық тәсілмен мамандарға арнап жасалған (әр сөздің авторы көрсетілсе тіпті жақсы) жеке басылым түрінде шығарған абзал. Ал жалпыға арналған орысша-қазақша немесе қазақша-орысша сөздікке қосқан жағдайда, оларды сөздік соңына қарай бөліп беру тиімді болмақ. Терминдерді ғылым салаларына қарай берудің де өзіндік ұтымды жақтары бар. Сондықтан да оларды сала-сала бойынша шағын жеке сөздік түрінде немесе салаларына қарай жіктеп, іштей әліпбилік тәртіпке салып бір сөздік түрінде шығаруға да болады. Бірақ бекітілген сала терминдері көп болмаған жағдайда жалпы әліпбилік тәртіппен берілген терминдер қатарына енгізіп, ғылым саласын көрсететін белгі қойып беруге болады. Ал оларды осы сөз болып отырған басылымдағыдай аз-аздан бөліп қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздіктің арасына кіріктіріп жеке-жеке беру сөздікті тұтынушының қажетті сөзін тауып алуын қиындатып жібереді. Яғни, оның практикалық, қолданбалылық тиімділігін төмендетеді. Сондықтан мұны да келесі басылымда ескерсек, бекітілген, мақұлданған сөздіктер сапасы жетіле түсер еді деп білеміз.



Екіншіден, «Бекітілген терминдер сөздігі» деп аталған сөздікке ҚР Үкіметі жанындағы Мемтерминкомның 1999 жылғы 17 маусымдағы, 2000 жылғы 25 қаңтардағы, 2002 жылғы 19 наурыздағы және 2002 жылғы 20 мамырдағы отырыстарында ресми бекіткен 430-дан астам терминдер енбей қалған. Яғни, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитеті шығарған бұл сөздікте Үкімет жанындағы мәртебелі комиссияның 4 жылға жуық атқарған жұмысының нәтижесі көрініс таппаған. Бұл жылдары бекітілген терминдерді сөздіктен іздеп әуре болмасаңыз да болады. Мысалы, өртке қарсы қызмет саласында қолданылатын *ілгек бақан (багор), сырық-саты (лестница-палка), өрт ошағы (очаг пожара), оқпаниша (стволчик), жеңжәшік (ящик для рукавов), құмжәшік (ящик с песком)* немесе мемлекеттік сатып алу саласындағы қызмет барысында қолданылатын *орындалған жұмыстардың актісі (акт выполненных работ), тапсырысшы (заказчик), кепіл (залог), өтінім (заявка), жеткізілім (поставка), өткізілім (реализация), өткізу (сбыт) және дерекқор (база данных), кісібе жыл (високосный год), іс жүзінде (де-факто), заң жүзінде (де-юре), телнұсқа (дубликат), ықпалдасу (интеграция), бағаны ырықтандыру (либерализация цен), алағандық (лихонимство), зайырлы (светский), тұтұғыр (флажиток), мәртабан (штемпель)* тәрізді ресми бекітілген жүздеген терминдердің сөздіктен тыс қалып қоюы өкінішті-ақ. Мұны терминологиялық жұмыстарды республикалық деңгейде үйлестірудегі, Мемтерминком бекіткен терминдерді жұртшылыққа таныстырудағы шалағайлық, іске жауапсыздық дегеннен басқа қалай түсіндіруге болатынын біле алмадық.

Үшіншіден, сөздікті шығарушылар 1971-1981 жылдары кеңестік кезеңнің бір онжылдығында бекітілген 3 мыңға жуық (2929) терминдер мен атауларды тағы да оны бекіткен Мемлекеттік комиссияның шешімінсіз-ақ сөздіктен шығарып тастаған. Мәселен, *басылым (издание), баспагер (издатель), зімпара (наждак), терім (набор), қолтаңба (автограф), бұрауыш (отвертка), пәлек (ботва), сайлаушы (избиратель), тұтқырлық (вязкость), көшірме (выписка), тоқырау (застой), шөмелегіш (копнитель), есірткі (наркотик), өркен (победа), қаулы (постановление), жоба (проект), қолжазба (рукопись), қыстақ (селение), қапсырма (скоба), аскөк (укрон), мәре (финиш), гүлзар (цветник), өнертапқыш (изобретатель)* сынды тағы да осы аталған мерзім аралығында бекітілген жүздеген терминдер мен атауларды бұл сөздіктен таппайсыз. Кеңестік кезеңде бекітілген терминдердің арасында бүгінгі күн сұранысы мен талабына жауап бермейтін, қайта қарауды қажет ететіндері де, ішінара кейінгі жылдары жаңа атаулармен алмастырылғандары да бар екені рас. Соған қарамастан, тәуелсіздікке дейін бекітілген осы атау-

лардың басым көпшілігін біз бүгін де пайдаланып отырымыз. Белгілі бір бөлігі болмаса, олардың көбі тілде орнығып, бірізді қолданылатын деңгейге жеткен. Ендеше, олардың бәрін бекітілген атаулар қатарынан шығарып тастаудың ешбір негізі жоқ. Дұрысы, осы атауларды Мемтерминком отырысында арнайы қарап, қажеттілерін іріктеп алып, терминге қойылатын талаптарға жауап бермейтіндерін, ескіргендерін қайта сараптаудан өтпегендерін ғана бекітілген терминдер қатарынан шығару орынды болмақ. Мұндай терминдерді комиссия шешіміне сәйкес қолданыстан шығару керектігін біз бұған дейін атап көрсеткенбіз. Алайда күні бүгінге дейін бұл мәселе шешімін таппай келеді. Бұл терминологиялық қорды жетілдіру жұмыстарының тиісті дәрежеде жүргізілмей отырғандығының көрінісі.

Төртіншіден, Мемлекеттік терминология комиссиясы (бұрын бекітілген жекелеген терминдерді) қайта қарап, жаңаша бекіткен терминдер соңғы шешімге сәйкес түзетілмей, бұл сөздікте ескіше беріліп кеткен. Мысалы, «диетология» атауы осы сөздікте «емдемтану» (97-б.) «емдәмтану» (265-б.) түрінде екі түрлі берілген. 1995 жылы бекітілген терминдерді жариялағанда кеткен қателік (*емдемтану*) кейін 2002 жылғы 19 наурызда түзетіліп, түсініктеме берілген еді. Сөздікті құрастырушылар одан хабарсыз болғандықтан, дұрысын да, бұрысын да бекітілген термин ретінде сөздікке енгізіп жіберген. Осы тәрізді *анкета – сауалнама, аудитория – аудитория, юбилей – мерейтой, СССР – КСРО, ТАСС – КОТА* түрінде қайта бекітілген болатын. Бұл атаулар да сөздікте *сауал-сұрақ, аудитория, дәрісхана, мерейтой, мүшелтой, ССРО, СОТА* түзетілмей бастапқы қалпында, яғни қате берілген. Осы қатарға *семья – семья, отбасы* (306-б.) *совет – совет, кеңес, алқа* (309-б.) түрінде берілген атауларды да қосуға болады. Өйткені бұл атаулар да *семья – отбасы, совет – кеңес, ал коллегия – алқа* түрінде бекітіліп, қазір олар осылай бірізді қолданылып та жүр.

Әрине, бір бекітілген терминдерді қайта бекіту термин қолданысын орнықтыруды қиындатары сөзсіз. Алайда терминологияны жетілдіруде сәтсіз терминдерді алмастырып отыру көптеген тілдердің тәжірибесінде бар үйлестіру жұмыстарының бірі. Сондықтан алмастырылған атауларды мамандарға, жұртшылыққа уақтылы таныстырып, бұрынғысын «ұсынылмаған» немесе басқа да терминдер қатарына шығарып отыру қажет. Сонда жұртшылықты жаңылысудан, термин қолданысындағы ала-құлалықтан сақтандыруға болады. «Бекітілген терминдер сөздігі» сияқты арнаулы басылымдардың басты міндетінің бірі де осы болуы тиіс.

Бесіншіден, терминдердің бірқатары ғылым саласына, бекітілген жылдары қарай берілген де, қазақша-орысша және орысша-қазақша сөздік түрінде жалпы әліпби тәртібіне түсірілмей қалып кеткен неме-



се сөздіктің осы бөліктерінде әркелкі беріліп жатады. Мысалы, *салым (вклад), салымшы (вкладчик)* терминдері сөздіктің қазақша-орысшасында да, орысша-қазақшасында да кездеспейді. Сала бойынша ғана берілген. Ал *оқтұмсық, оқтық – боеголовка (63), боеголовка – оқтұмсық (247)*, терминдері қазақша-орысша мен орысша-қазақшасында түрліше беріледі. *Сорбуын (атрит)* термині бірінде бар да екіншісінде жоқ. *Журнал (37) жұрнал (181) журнал (268)* атауының сала бойынша берілгенін қолданған дұрыс па, әлде әліпбилік тәртіппен берілгенін қолдану керек пе ол жағы да белгісіз. Мұндай терминдер бұлармен ғана шектелмейді.

Алтыншыдан, сөздіктің 191-ден 234-бетіне дейінгі аралықты қамтитын (43 беттен тұратын) «Қаржы, кредит, банк жүйесі, сақтандыру, бухгалтерлік есеп және есеп-қисап, қаржы бақылауы және аудит, халықаралық қаржы және валюта-несие қатынастары, сыртқы экономикалық қызмет, кәсіптік барлау, карточкалық төлем жүйесі, электрондық коммерция салаларының бекітілген терминдері» деген тақырыппен берілген терминдер жиынтығын «бекітілген» деп танып, осы сөздікке енгізу барынша жұмсақтап айтқанда «ұяттау» болған. Бұл терминдерді терминология комиссиясының мүшелері карап, сараптан өткізді дегенге сену қиын. Тіпті, мүмкін емес. Өйткені комиссия құрамындағы 15-16 адамның ең болмағанда, бір-екеуі көз жүгіртіп қана қараған болса, ондағы бадырайып тұрған кемшіліктерді көрмей қала алмас еді. Терминдер жиынтығын белгілі бір жұмыс тобы немесе бір мекеме бекітуге ұсынғаннан кейін (кім ұсынғаны, қашан бекітілгені көрсетілмеген) оған маман қолы тимегені айдан анық көрініп тұр. Ұсынушылар да комиссияға терминдерді жолдағанда ыждағаттылық танытпапты. Бұрын бекітілген *кредит, кредиттік қоржын (кредитный портфель), ақша бірлігі (денежная единица), салым (вклад), теңге сарайы (монетный двор), банк депозиті* сияқты көптеген терминдерді қайта ұсынып, сондай-ақ кейбір терминдерді бірнеше рет қайталап бере беріпті. Мысалы, *сауда банкі, кассадағы қалдық, жинақ банкі, кредит желісі (196, 207) кредит комитеті (196, 207) кредит шарты (197)* т.б.

Олар біздің ұсынған терминдеріміздің кем-кетігінің бәрін бізге Мемтерминком өзі жөндеп береді деген болулары керек. Алайда мүлде олай болмай шықты. Шала-шарпы дайындалған терминдер, қол тимеген қалпында бекітілген терминдер сөздігі түрінде жарияланып, бүкіл Қазақстанға таратылып отыр. Бекітуге ұсынушылар комиссия мүшелерінің бәріне терминдердің мағынасы түсінікті болсын деп, салалық терминдердің көбін түсіндірмесімен қоса беріпті. Бұл терминдерді талқылау, бекіту барысында мамандығы басқа терминком мүшелерінің өзге сала ұғымдарының мағынасын түсінуіне, атаудың белгілейтін ұғымдарын дәл бейнелейтіндігіне көз жеткізуіне көмектеседі. Сөздік түзушілер тер-





минографиялық бірізділікті сақтау үшін тым құрығанда сол түсініктемелерді де алып тастамапты. Қазақша-орысша және орысша-қазақша терминдер сөздігін жасап отырғаннан кейін, оның бірер бетін терминологиялық түсіндірме сөздікке айналдырудың ешбір қажеттілігі жоқ еді.

Сондай-ақ орыс тіліндегі бір ғана терминнің бірнеше қазақша нұсқасы қатар берілуі өте жиі қайталанады. Олар шектен тыс көп. Мысалы, *ақшаға табынушылық, ақшаны әспеттеушілік (денежный фетишизм), ақшасымақ, сыңайлы ақша (квазиденьги), кредит рейтингі, кредиттік жақсыатылық деңгейі, кредиттік мәртебе, кредиттік атақ-абырой (рейтинг кредитный), қарызгер, қарыз алушы, қарызданушы (заемщик), абонент, жазылыскер, қызмет алушы тұлға (абонент), проблемалы банк, түйткілді банк, дүдәмал банк (банк проблемный)* т.с.с. болып жалғасып кете береді. Мұндай жарыспа нұсқалардан аяқ алып жүре алмайсыз. Сөздікті жариялаушылар оны тұтынушы қалың көпшіліктің, сала мамандары мен аудармашылардың осы тізіліп берілген көп варианттарының қайсысын ресми бекітілген нұсқа ретінде пайдалануы керектігін қалай ажырататындығын ойлады ма екен? Біз мұны терминдерді бұлай бекітуге де, бүйтіп сөздік жасауға да болмайтындығын білетін адамдардың тірлігі дей алмаймыз.

Сөздікте *помехозащищенность* (22-б. дұрысы – *помехозащищенность*), *эпистолалық өлең* (91-б.) (дұрысы – *эпистолярлық өлең*), *герпес – ұшақ* (260-б. дұрысы – *ұшық*), *мочеточник – зәрегар* (285-б. дұрысы – *зәрагар*), *акоазмы – қағас есту* (48, 172, 238-беттерде. дұрысы – *қағыс есту*) сияқты емелілік кателермен басылған сөздер де кездеседі. Мұндай кемшіліктер де терминдердің дұрыс қолданылуы мен қалыптасуына кері әсер етері сөзсіз.

Кейде Мемтерминкомға терминдерді бекітуге ұсыну мен оларды сараптан өткізу барысында ыждағаттылықтың жетіспеуінен бір терминді екі рет бекіту орын алып жатады. Мысалы, *көші-қон* (160, 165), *заңға тәуелді акт* (107, 182), *болезни профессиональные* (247) – *кәсіби аурулар*, *болезнь профессиональная* – *кәсіби ауру* (247) т.б. Алдағы уақытта осындай олқылықтарға орын бермей, ондай ағаттықтар орын алған жағдайларда тиісті сөздіктер мен арнаулы басылымдарда олар аталып көрсетіліп отырғаны абзал. Сонда терминдерді бекітуге ұсыну мен оларды сараптан өткізіп бекіту жауапкершілігі арта түседі.

Сонымен қатар, кейбір терминдер түрлі нұсқада бекітіліп кетіп те жатады. Мысалы, *докладная записка – баянжазба* (141), *баянхат* (109), *разблокировать – бұғаттан шығару* (23, 144) *құрсаулау – блокировка* (54, 181), *бүлен – блок* (157), *бүлендеуіш – блокировка* (157) т.б. Бұл секілді терминдерді де анықтап, оларды алдағы уақытта біріздендіру қажет болады.



Сөздіктегі министрліктердің (152-153), республикалық ұйымдар мен ҚР Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдардың (153-154), әскери бөлімдер мен мекемелер атауларын (154-156), қысқарған сөздерді терминдерден бөлек сөздіктің соңына жеке берген орынды.

«Бекітілген терминдер сөздігіне» атына лайық түрлі салалардың терминдері ғана енгені дұрыс. *Застряла бумага – қағаз кептелді, справка о составе семьи – отбасы құрамы туралы анықтама, отдел проблем предупреждения правонарушений несовершеннолетних и молодежи – жастар мен жасы толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу проблемалары бөлімі, кафедра прокурорского надзора за законностью в социальной и экономической сферах – әлеуметтік және экономикалық салалардағы заңдылықты прокурорлық қадағалау кафедрасы, кафедра прокурорского надзора за законностью следствия, дознания и оперативно-розыскной деятельности – тергеудің, анықтаудың және жедел іздестіру қызметінің заңдылығын прокурорлық қадағалау кафедрасы* сияқты тұтас сөйлем, бөлім, кафедра атауларын бекітіп, сөздікке енгізудің реті жоқ. Мындаған кафедралар мен бөлімдер аттарының орысша-қазақша аудармаларын терминдер қатарына қосу да, оларды ресми бекітіп сөздікке енгізу де Мемтерминком міндетіне жатпаса керек. Сол себептен мұны комиссия жұмысында да, арнаулы сөздіктер жасауда да ескеріп, осыған дейін орын алған кемшіліктер болса, олардың түзетілгені орынды болар деп ойлаймыз. Жалпы терминкомның 30-40 жыл ішінде бекіткен терминдерін қайта сүзгіден өткізіп, аталған кемшіліктерді түзетіп, бекітілген терминдердің келесі басылымын қалың жұртшылыққа лексикографиялық, терминографиялық талаптарға жауап беретін басылым түрінде дайындап ұсынған жөн деп санаймыз.

Осы сөздікті үлкен таралыммен шығару жоспарланды дегенде-ақ біз оны қолға алған, шығаруға дайындап жатқан қызметкерлердің шама-шарқын білетіндіктен әрі терминтанушы маман, Мемтерминком мүшесі және бекітілген терминдер сөздігін 90-жылдардан бастап бірнеше рет құрастырып, жариялаушы ретінде комитет басшыларына бұл сөздікті жасауды осы жұмыстың жайын білетін маманға тапсыру қажеттігін ескерткен едік. Бірақ оны ескерген ешкім болмапты. Ең болмаса, осы істің басы-қасында көптен бері жүрген Мемтерминкомның бір-екі мүшесіне сөздікті қаратып, пікір айтуға бергенде оның сапасын біршама жақсартта түсуге болар еді ғой. Ол да істелмеді. Нәтижесінде шығар сөздік шығып, тарар жерлеріне тарап, барар жерлеріне барып қойған соң, «әтеген-ай»-ымызды айтып отырмыз. Алда да айтылған сөз айтылған жерінде қала бермесе жарар еді...

*Терминологиялық хабаршы.
2010 жыл, – № 1(31). – 4-12 б.*

A decorative border with intricate, repeating scrollwork and floral patterns surrounds the central text.

**Ономастиканың ұлттық сипатының
айқындығы – елдіктің көрінісі**

Аты-жөнімізді ала-құла жазудан арылту керек

Соңғы кезде аты-жөнімізді қазақша жазу керектігі, фамилиямыздағы орыстық **-ов, -ев** қосымшаларынан арылатын уақыттың жеткендігі жайлы жиі сөз бола бастады. Бұрын анда-санда жекелеген авторлар тарапынан сөз болып қойып жүрсе, қазір бұл мәселеге қазақ қауымы, ұлттық баспасөз жүйелі түрде көңіл аудара бастағаны анық аңғарылады. Бұл 90-жылдардың басында ерекше көрініс беріп, содан соң тұрмыс тауқыметінің тасасында қалып қойған ұлттық құндылықтарға қайта мән беріле бастағандығының көрінісі болса керек. Мәселенің көтерілуі де, күн тәртібіне қойылуы да – бәрі орынды. Бірақ бізді қазақтың аты-жөнін жазудағы бүгінгі беталысы ойландырады. Жалпы біздің қоғамда кейде орынды көтерілген көптеген мәселелердің шешімін табуға келгенде, әркім білгенінше тон пішіп, жан-жаққа тартып, игі істің берекесін қашырып, көздеген мақсатымызға дұрыс жол таба алмай жататын жағдайлардың болып тұратындығы ешкімге құпия болмаса керек. Мұндай жағдай көбінесе, мәселені кәсіби тұрғыдан, ғылыми негізделген түрде шешпеуден туындап жатады. Біздің аты-жөнімізді жазу мәселесінде де осындай үрдіс белең алып бара жатқаны байқалады. Бұл істің стихиялық бағыт алып, «өз аты-жөнімді қалай жазсам, өз еркімде» деген әркімнің өзімбілемдік қағидатын басшылыққа алуы – ертең тегімізге қарап ұлтымызды тани алмайтын жұртқа айналуымызға апарып соқтыруы мүмкін. Болашақта аты-жөні ала-құла ұлтқа айналмауымыз үшін бұл бағытта атқарылуға тиіс жұмыстарды кейінге қалдырмай, беталысымызды бүгін түзетуіміз керек.

2005 жылы «АстанаБасЖоспар» «АстанаГенПлан» мекемесінің аудармашысы Бауыржан Тұрмағамбетов деген азамат Тіл комитетіне, маған, телефон соқты. Ол «Тіл туралы» немесе өзге заңдардың бірінде ұлты қазақ азаматтардың аты-жөнін дұрыс жазуға арналған баптың бар-жоғын сұрады. Оның заңға жүгінуіне мынадай себеп болған. Мекеме аудармашысына орысша дайындалған бұйрықтың қазақшасын дайындау тапсырылған. Ол бұйрықтағы «Бурумбаев», «Утегенов» деген фамилияларды «Бұрымбаев» және «Өтегенов» деп қазақша жазған. Аудармашының бұл ісінен үлкен дау туып, оның бұл бұйрық үшін жауап беруі талап етілген. Фамилиялары «бұрмаланған» азаматтар паспорттарын әкеліп көрсетіп, өздерінің туғаннан солай жазып келе жатқан аты-жөндерін ешкімнің өзгертіп жазуға қақысы жоқ екендігін айтып, аудармашының ісін қорлау деп бағалаған. Аудармашының оларға аталарының аттары қазақша осылай жазылатынын түсіндіргенінен еш нәтиже шықпаған. Мәселе ушыққан соң, ол өзінің аталған фамилияларды қазақша дұрыс жазғанын лингвистикалық әрі заңдық тұрғыдан дәлелдемек болған.



Ата-бабаларының аты-жөндерінің қазақша жазылып айтылғанына көзі де, құлағы да үйренбеген, тіпті оны естігісі де, көргісі де келмейтін қандастарымыздың қанша екенін кім анықтапты? Бірақ осы бір ғана фактінің өзі бұл мәселе жөнінде шындап ойлануға жететінін көрсетеді. Орысша оқып, орысша жазып, орысша ойлап, орысша тойлап үйренген кейбір бауырларымызға өз фамилиясының қазақшасы көзіне «қораш» көрініп, құлағына «түрпідей» тиетін жағдайға жетуіміз – жетіскендіктің белгісі емес екені анық. Мұндай түсініктегі жандарға ата-тегімізді өзін құрметтейтін өзге жұрттар секілді бізге де ұлттық үлгіде жазудың маңызын ұғындыру да оңайға соға қоймас.

Ат қоюда да ұлт дәстүрін ұлықтап жатырмыз деуге әлі ерте. Кеше, кеңестік дәуірде, МӘЛС, Марлен, Совет, Света, Роза, Эльвира, Эльмира, Элеонора, Индира деген аттар көбейсе, бүгін Жанна, Диана, Лаура, Жаннельдер ең жиі қойылатын есімдер қатарына жатады. Тіпті Изаура, Бен Ладен, Саддам сынды есімдерді қоюшылар да табылды.

Тәуелсіздігіміздің он бес жылдан асқан кезеңінде күн кешіп жатсақта, отарлық дәуірдің маңдайымызға басып берген таңбасындай болып тұрған осы **-ов**-тардан арылуға асықпауымыз қазақтың 3-4 ұрпағына қызмет етіп келген орыстық фамилия жазу үлгісіне құлақ-көзі әбден үйреніп кеткендердің мыңдап саналатындығында болса керек. Дағдыға айнылып кеткен үйреншіктілікке, еренсіздік пен енжарлықты, немқұрайлылықты қоссаңыз қалың қауым бүгін-ертең жаппай өз бетімен ұлттық дәстүрге көше қояды деу қиын. Сондықтан бұл істің құзырлы мемлекеттік органдардың араласуынсыз толық шешімін таппайтыны анық.

Орыс халқының ең кең тараған фамилиялары **-ов (-ев), -ин** болып келеді. Орыстың антропонимдерін зерттеген тілші ғалымдары Ресейде таралуы жағынан бірінші орында **-ов**, екінші кезекте оның жіңішке нұсқасы **-ев**, одан кейінгі үшінші орында **-ин** қосымшасына бітетін фамилиялардың тұрғанын атап көрсетеді. Ал **-ской, -ой, -ово (-ево, -ого), -ых** қосымшаларына аяқталатындары өте аз ұшырасады. Негізінен орыс халқының өкілі екенін паш етіп тұратын олардың фамилияларындағы **-ов(-ев), -ин** қосымшасы. Сондай-ақ, *Саркесян, Джергерханян, Петросян* деген фамилиялар армян, ал грузинше «ұлы» деген мағынаны білдіретін «**-дзе**» жалғанған *Кикабидзе, Шеварднадзе, Месхидзе, Меладзе* немесе «ұлы», «баласы» деген мағына беретін «**-швили**» сөзі қосылған *Джавახишвили, Осишвили, Харашвили* сынды фамилиялар грузин халқының өкілдерін өзгелерден айрықшалап, сол халықтарды айдай әлемге танытып тұр емес пе? Дәл осы секілді біз *О, Те, Ни, Пак, Ли, Цой, Нам, Ким, Тен, Огай, Хегай, Югай* тәрізді ықшамдылығымен ерекшеленетін кең тараған фамилиялар арқылы кәріс халқының өкілін жазбай танимыз. Ал орыстың да, арабтың да, еуропалықтардың үлгісін пайдаланып, өзіміз де іштей сан құбылтып жазып жүрген біздің фамилияларымыз қазақ екендігімізді көрсете ала ма?



Соңғы жылдары баспасөз беттерінде аты-жөн жазудың мынадай түрлері кездесіп жүр:

Қазақ аты-жөнін жазудың қазіргі үлгілері		
Рет №	Үлгілер	Мысалдар (БАҚ материалдары негізінде)
1	Орыстың -ов, (-ев) қосымшасын қосып жазу	Ұлтымыздың елеулі бөлігі аты-жөнін осы үлгімен жазады.
2.	Орыстың -ин (-ина) қосымшасын қосып жазу	Мұхтар МАҒАУИН, Ерлан БЕКХОЖИН, Қайыр ТӨТЕНШИН, Сағира ҚАНАХИНА т.б.
3.	« ұлы », « қызы » сөздерін қосып жазу	Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ, Бағыбек ҚҰНДАҚБАЙҰЛЫ, Мекемтас МЫРАХМЕТҰЛЫ, Алтынбек СӘРСЕНБАЙҰЛЫ, Сайлау БАТЫРШАҰЛЫ, Халима БҰХАРҚЫЗЫ т.б.
4.	Аты мен атасының атын қосымшасыз қатар жазу	Шерхан МҰРТАЗА, Телғожа ЖАНҰЗАҚ, Ғалым СҮЛЕЙМЕН, Айхан ШӨРІП т.б.
5.	« тегі » сөзін қосып жазу	Айтбай СӘУЛЕБЕКТЕГІ, Мейрамгүл ЖӘНГӨБЕКТЕГІ, Жексен АЛПАРТЕГІ, Көпеш САРМОЛДАТЕГІ, Мәкен УАҚТЕГІ, Аманқос МЕКТЕП-ТЕГІ т.б.
6.	ілік + тәуелдік жалғауы (түрік изафеті) үлгісімен жазу	ӘБДІРАШТЫҢ Жарасқаны, ТӨТЕНАЙДЫҢ Базарбегі, Тіней Оразайдың Мұртазасының Файзолласы т.б.
7.	шығыс септігінің жалғауын (-нан/-нен, -тан/-тен, -дан/-ден) қосып жазу	МЫРЗАБЕКТЕН Сапархан
8.	Атасының атына парсының -и қосымшасын қосып жазу	Әріпбек ЖАНГЕЛДИ, Айтбай СЕЙХУНИ, Нәзипа ШАНАИ т.б.
9.	парсының -и қосымшасын туған жеріне (каласын, ауылын) қосып жазу	Әкім ТАРАЗИ, Тұңғышбай әл-ТАРАЗИ, Шахмардан ТАРАЗИ т.б.

10.	Арабтың ӘЛ артикліне парсының -и қосымшасын қосып жазу	Тілеухан ӘЛ – МӘЖЕНИ
11.	Руын көрсетіп жазу	Майра КЕРЕЙ (Мұхаммедқызы), Нұрлан АЛБАН, АХМЕТ-ТӨРЕ Мұхамедия т.б.
12.	«үбірі» сөзін қосып жазу	Орынбай БЕКЖАНҮБІРІ.
13.	«ата» сөзін қосақтап жазу	Сапар БАЙЖАН-АТА, Кәрішал АСАН-АТА
14.	«баба» сөзін қосып жазу	ӘБІЛ Дихан-баба т.б.
15.	«немересі» сөзін қосып жазу	А.НАМИРА немересі
16.	«келіні» сөзін қосып жазу	Бағдат ШӘЙМЕРДЕН келіні, Дариға ТІЛЕНДІ келіні, Мағрипа СӘЛМЕН келіні т.б
17.	«ұрпағы» сөзін қосып жазу	Бейбіт ҚОЙШЫБАЙ ұрпағы
18.	«әулеті» сөзін қосып жазу	Аманғазы КӘРІПЖАНӘУЛЕТІ т.б.
19.		Оразәлі АҚЖАРҚЫН-СӘРСЕНБЕК

Біз соңғы жылдары баспасөзде жарияланған есімдер мен фамилиялар негізінде ғана сөз қозғап отырмыз. Егер бұл мәселе жөнінде барлық АХАЖ бөлімдерінің ұлты қазақтардың аты-жөнін қаншасы қалай жазып жүргендігі жөніндегі мәліметтерді толық жинақтап қорытар болсақ, аты-жөнімізді жазудағы ала-құлалықтың түрі біз жоғарыда көрсеткеннен де арта түсетіне күмәнданбауға болады.

Ал енді осы фамилия жазудың сан түрінің қайсысын қалдырып, қайсысын алған жөн. Әрине, атамыздың атын ата дәстүріне сай жазамыз десек, ең алдымен орыстың **-ов** (-ев, -ова, -ева) **-ин** (-ина) жұрнақтарынан азат елдің азаматтарының арылғаны абзал.

Төл қосымшаларымызды пайдалану туралы айтар болсақ, әзірге негізінен ілік және шығыс септіктерінің жалғаулары қосылған фамилиялар аз да болса ұшырасады. Бұл жерде, біздіңше, шығыс септігінің жалғауы фамилия жазуға аса үйлесіп тұр дей алмаймыз. Шежіре тарқатқанда, «бөленшеден түгенше» деп айтып-жазуға болғанмен, аты-жөнімізді ресми жазуға келгенде сұранып тұрғаны байқалмайды. Ал ілік септігі мен тәуелдік жалғаудың үшінші жағы қосылған нұсқаның әлдеқайда ұтымдылығы аңғарылып тұр. Бейімбет Майлиннің «Арыстанбайдың Мұқышы» атты әйгілі әңгімесіндегі «Арыстанбайдың Мұқышы» дейтін



белсенді кедейің мен боламын» деп төсін қағып әңгімесін бастайтын кейіпкері жұртқа мәлім. Осы үлгімен жазылған фамилиялар туралы ойлануға болады. Бұл қазақтың аты-жөнін жазудың бір үлгісі ретінде қарастырылуы мүмкін нұсқа деп ойлаймыз. Өйткені бұл нұсқада ұғымдық-мағыналық үйлесім де, қолдануға қолайлылық та бар.

Абай Құнанбайұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Бауыржан Момышұлы, Шона Смаханұлы, Балғабек Қыдырбекұлы сынды ұлт зиялыларының үлгісімен «ұлы» және «қызы» сөздерін қосып жазу қазақ аты-жөнін жазудың ең басты нұсқасы болуы қажет.

XX ғасыр басында алаш зиялылары да осы «ұлы», «қызы» нұсқасына тоқталған болатын. «Біздің айтайық дегеніміз «ов»-ты орысқа қайтарып, қазақтың таза тілінің салтын қолдану керек дейміз. Бұдан былай қол қойғанда не сөз арасында біреуді атағанда «Байтұрсын ұлы Ахмет, Дулат ұлы Міржақып, Ходжан ұлы Сұлтанбек» деп жазу дұрыс дейміз. Мақалаға қол қойғанда, хат жазғанда Ахмет, Міржақып, Қойшыбай, Жаманбай деп қана жазса да болады», – деп жазған еді Міржақып Дулатұлы.

Ал 1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде Алашорда көсемі Әлихан Бөкейханұлының «Қағаз бетіне кісінің аты-жөнін жазғанда, орысшаға еліктеп, әкесінің атына «ов» деп қосып жазу қалсын» деген ұсынысы талқыланып: «Кісінің аты-жөнін жазғанда, оның өз аты ғана жазылатын болсын; үкімет орындарының қағазында, кісінің өз атын аттас кісілерінің атымен қатыстырмау үшін, әуелі әкесінің аты жазылып, оған «ұлы» деген сөз қосылып, сонан соң өз аты жазылатын болсын» деген шешім қабылданған.

Өкінішке қарай, кеңес дәуірі тұсында алаш зиялыларының бұл шешімі басшылыққа алынбай, біз керісінше, олар ұсынған «ұлы», «қызы» үлгісін емес, аты-жөнімізге орыстың «-ов», «-ев» жұрнақтарын жалғауды дәстүрге айналдырдық.

Өз аты мен атасының атын ешбір қосымшасыз қатар жазу үлгісі де бізде біршама жиі көрініс бере бастады. Жалпы бұл үлгі әлемнің бірқатар елдерінде, әсіресе Еуропада кең тараған. Оны қазақтың аты-жөнін жазудың да бір үлгісі ретінде алуға болады. Кісінің өз аты, әкесінің аты және атасының аты жазылған үш есімнен тұратын аты-жөн жазу үлгісі үшін бұл тиімді. Алайда бұл үлгінің қолайсыздық туғызатын жақтары да бар. Қатар тұрған екі жалқы есімнің тұлғалық тұрғыдан ешбір ерекшелігі болмағандықтан, адамның өз аты мен атасының атын шатастыру жиі байқалып жатады. Орын тәртібін қатаң сақтау арқылы ажыратылмаса, қайсының атаның, қайсысының баласының есімі екенін ажырататын формалдық көрсеткіш жоқ. Сонымен қатар қосымшасыз тұрған екі есім түрлі мағынадағы сөз тіркестерін туғызады. Сәтсіз, жағымсыз мағыналы сөз тіркестері де пайда болады. Ондай деректер біршама кездесті. Алай-





да оларды баспасөзге жариялаудың реті бар деп санамадық. Айталық, қосымшасыз жазу барысында Болат ҚЫЛЫШ, Сезім ҚҰМАР, Еркін КӨККӨЗ, Ақжігіт БАБАҚҰМАР, Сәуле ЖЫЛТЫР, Раушан ҚАРА деген сынды аты-жөндер туындауы мүмкін.

Әулие ата, Бекет ата және Қызыр баба үлгісі бойынша жазып жүрген еліміздің құрметті азаматтарының үлгісін де аты-жөн жазудың ресми нұсқаларының бірі ретінде қарастырудың негізі бар дей алмаймыз. Тарихта мұндай атауларды жеке адамның өзі немесе одан тараған төл ұрпақтары емес, аталықтың пір тұтқан, әулие санаған тұлғаларға бергенін ұмытпағанымыз абзал. Жалпы құрамында «ата», «баба» сөздері бар ерекше есімдер Қамбар ата, Жылқышы ата, Зеңгі баба, Шопан ата, Сексек ата сынды халықтың көне наным-сенімдеріне, мифологиялық таным-түсініктеріне байланысты туындаған атаулардан бастау алып жатыр деп пайымдауға болады.

-ов(-ев) орнына «тегі» сөзін қосып жазушылар да ұшырасады. Бұл сөздің «арғы атасы, шыққан негізі, түп нәсілі, тұқымы» деген мағынаны білдіретіні белгілі. «Тек» сөзінің мағынасына байланысты бұл үлгіні таңдаушылар аты-жөнін жазуда тегінің кім екенін көрсетуді мақсат еткен. Қисын бар, сөз мағынасы да сәйкес келеді. Алайда «тегі» сөзін атаның атына жалғағанда, мағына екіұштылығы туындайды. Мысалы, «Асқар Мұқантегі» десек, мұны Мұқанның арғы атасы Асқар деп те, керісінше, Мұқаннан тараған тұқым Асқар деп те түсінуге болады. Бұл үлгіні таңдаудағы мақсат Асқардың Мұқаннан тараған тұқым, Асқардың арғы тегі Мұқан екенін көрсету екені түсінікті.

Сондай-ақ «тегі» сөзі ата атына қосылғанда, жатыс септігі сынды мекендік мағынаны білдіріп, ұқсастық (ассоциация) туғызады. Мәселен, «Ақан Бақытнұрұлы» дегенді «Бақытнұрұлы Ақан» деп айтсақ та, ешнәрсе өзгермейді. Ал «тегі» сөзімен фамилияларды есімнің алдына шығарсақ, мысалы, Бекеттегі Әсет, Кеңестегі Бәкір, Өзбектегі Бақыт, Бүркіттегі Арман, Мүсірептегі Алма, Несіптегі Жанар, Нығметтегі Сабыр деген сияқты «белгілі бір мекендегі» немесе «біреудегі, біреудің қолындағы» сынды екінші мағына беретін аты-жөндер туындауы мүмкін. Әсіресе қатаңға бітетін жіңішке буынды атауларға «тегі» сөзін қосқанда бұл анық көрініс береді. Өз аты-жөнін о бастан «тегі» нұсқасымен жазып жүрген тілші, журналист әріптесіміз Аманқос Мектептегі соңғы уақытта фамилиясындағы «тегі» сөзін дефис арқылы бөліп жазып жүр. Оған себеп болған осы мағыналық, формалық ұқсастық болар деп ойлаймыз.

Руын кісі есімінің алдына қосып айту үлгісі бұрын болғаны рас. Ол қазақ ру-ру болып бөлек отырған әр рудың өз биі, батыры мен ақыны болған заманда Албан Асан, Арғын Ағынтай, Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай деп олардың қай рудан шыққаны атап көрсетілді. Бізге белгілі деректерге қарағанда, рудың





атын иелену құрметіне сол рудың бетке ұстар, мақтан тұтар көрнекті тұлғалары ие болғаны аңғарылады. Әр қазақ ру атынан сөйлеп, оның атын иеленбеген. Ал бүгін руды фамилия етіп алудың мүлде реті жоқ. Қазір әркім руларын көрсетіп жазса, мыңдаған, миллиондаған адам фамилиялас болып шыға келер еді. Тіпті ғалымдар, ақындар, жазушылар, өнер адамдары ғана руын көрсетсе, олардың өзі жүздеп, мыңдап саналады. Жалпы мұндай окшауландудың ұлт тұтастығына, қазақ жұртының ішкі бірлігі үшін қызмет ететін өнеге болмайтыны даусыз.

Парсының кісі тегін, туған жерін көрсететін «и» қосымшасын жалғап жүргендер аса көп емес. Олар – аты-жөнін Фараби, Фирдоуси, Шәмси, Науаи, Рудаки, Ширази үлгісі бойынша жазушылар. Бұл нұсканы да жалпы қазақтық аты-жөн жазу үлгілерінің бірі ретінде қабылдауға негіз бар дей алмаймыз. Алматы, Тарази, Отырари, Түркістани, Қарағанди, Орали деп сол қалаларда туған немесе тұрып жатқан миллиондаған адам аты-жөнін **и**-мен жазса не болмақ? Бір Алматының жартысы ғана осы үлгіні таңдады делік, сонда бір миллионға тарта қазақ фамилиялас болып шыға келмей ме. Парсы қосымшасының тағы бір кемшілігі – оны барлық адам аты мен қала атауына жалғай беруге келмейді. Егер қазақ тілінің заңдылықтарын белден баспасақ, **и**-ді дауыстыға аяқталған атауларға жалғай алмаймыз. Не соңғы дауыстыны алып тастау керек, не болмаса оны басқа дыбыспен алмастыруға, қосымша дыбыс қосуға тура келеді. Ондайда көбіне сөз мағынасы өзгеріп кетеді. Яғни аталарымыздың азан шақырып қойған аттарын өзгеріске ұшыратуымызға тура келеді. Мысалы, Иса, Мұса, Қазы, Шәмші, Мереке деген кісі есімдеріне «и» қосымшасын жалғасақ қалай болады? Сол секілді қысқа «й» мен кәдімгі «и»-ге аяқталған фамилияларға жалғағанда да үйлесім таппайды. Ал қазақ есімдерінің басым көпшілігінің «бай», «тай», «ай», «ғали», «қали» болып аяқталатынын ескерсек, «и»-ды жалғаудың өзі біраз машақат туғызады. Мысалы, «Жұмабай» деген есімге «и» -ды қысқа «й» үстіне «Жұмабайи» түрінде жалғаймыз ба әлде қысқа «й»-ды алып тастап «Жұмабаи» дейміз бе, жоқ парсының қосымшасын екі дыбыстың (дифтонгтың) қосынды таңбасы ретінде **-ый/-ій** деп алып «Жұмабайый» түрінде жазамыз ба деген мәселе туындайды. Ал Ерғали, Сейітқали, Нұрәли, Қали, Әли, Мәди сынды кісі есімдеріне «и»-ді қалай жалғаймыз?

Аты-жөндерін «и» қосымшасын жалғау мен руын көрсетіп жазып жүрген азаматтар алғашқыда аты-жөндерін Әбдуәли ҚАЙДАРИ, Тарақты АҚСЕЛЕУ деп жазып кейін Әбдуәли ҚАЙДАР, Ақселеу СЕЙДІМБЕК деп өзгерткен елге танымал ағаларымыздан үлгі алса, дұрыс қой деп ойлаймыз. Қазақтың тілін де, арғы-бергі тарихы мен салт-дәстүрін де бір кіседей білетін белгілі филолог ғалымдар бұл қадамға жайдан-жай бармағаны анық.





Аты-жөніне «үбірі», «шөбересі», «немересі», «келіні» сөздерін қосып жазушылар бірді-екілі ғана кездеседі. Мұндай үлгілерді пайдаланушылар жекелеген адамдармен ғана шектеледі, оларды жалпы жұрттың аты-жөнін жазудың бір түрі ретінде танудың қандай да қажеттілігі байқалып тұрған жоқ. Сондай-ақ арғы-бергі екі атасын дефис арқылы қосақтап жазу мен әйел адамдардың тұрмысқа шыққанға дейінгі фамилиясы мен тұрмысқа шыққаннан кейінгі күйеуінің фамилиясын қосақтап жазу да қазақ дәстүріне жараса қоятын үлгі емес.

Жалпы үш есімнен тұратын (бала, әке, ата) үлгінің бір артықшылығы азаматтардың аты-жөн сәйкестіктерін мейлінше азайтады. Ал әке мен бала есімінен ғана тұратын аты-жөндердің сәйкес келу мүмкіндіктері арта түседі.

Қорыта айтқанда, аты-жөнімізді жазудың барша қазаққа ортақ ресми белгіленген үлгілері екі-үштен аспауға тиіс. Біздіңше, ең негізгі үлгі – әкенің атына «ұлы», «қызы» сөздерін қосып жазу, екіншісі – қосымшасыз жазу деп санаймыз. Екінші үлгі бойынша паспортқа және басқа да құжаттарға «Ерлан Қазбекұлы АСҚАРБЕК» түрінде толық жазып, ал өзге жағдайларда қажетіне қарай «Ерлан АСҚАРБЕК» немесе «Ерлан Қазбекұлы» деп қолдана беруге болады. Сондай-ақ изафеттік үлгіні де аты-жөн жазудың үшінші нұсқасы ретінде қабылдау мәселесін мамандар талқысына салған орынды деп білеміз. Дәл осы аты-жөн жазу мәселесінде елден ерекшеленіп, бір-бірімізден даралануға, оқшаулануға ұмтылу – қақтың ұл-қызының қай-қайсысына да жараспайтын тірлік. Аты-жөнімізді мың құбылтқаннан ешкім ұтпайды. «Дара тұлға», «қайталанбас қазақ» болудың жолы елде жоқ есімді иелену емес екенін екіншісі білсе керек.

Ал аты-жөнді дефис арқылы бөлшектеп немесе біріккен сөздерден тұратын есімдерді құраушы сыңарларының әрқайсысын дефиссіз бас әріптен бастап бөлек жазу әрекеті мүлде түсініксіз. Аты-жөндерін бұлай жазушы ағайындар арабтарды үлгі тұта ма әлде еуропалықтар үлгісіне (Мәселен, Жан-Клод Юнкер сынды) жүгінгілері келе ме – ол жағы өздеріне мәлім. Мұны қазақ тілінің емле ережелерін мойындағысы келмеу немесе оған мән бермеу деп қабылдаушылардың сөзінде негіз бар. Бұл жөнінде біздің тілші әріптестеріміз бірнеше рет жазды. Біздің оған алып-қосарымыз жоқ.

Біз қазақ ұлтының әрбір өкілі бір-бірімізден атымыз бен фамилиямызды өзгеше үлгіде жазу арқылы оқшау көрінуге, ерекшеленуге тиіс емеспіз. Керісінше, аты-жөніміз біздің қақтың ұл-қызы, бір ұлттың өкілі екенімізді көрсетіп тұруға тиіс.

Баспасөз беттерінен Сарбаз ҚҰТ-МҰХАММЕД, Көпен ӘМІР-БЕК, Қасен ҚОЖА-АХМЕТ, Аман СҰБХАН-БЕРДІ, Мадина НҰР-МҰХАММЕД, Гүлмира МЫРЗА-ҒАЛИ, Серік АБАС-ШАХ, Рәтбек САҒИД-УАҺАС сынды азаматтардың аталарының аттарын дефис арқылы бөліп



жазып жүргенін білдік. Ал дефиссіз бөліп жазған Қадыр МЫРЗА ӘЛІ, Бүркіт ОТАР ӘЛІ, Мәлік БЕРДІ ӘЛІ сияқты фамилиялар ұшырасты.

Ал Төлеу-Хан АЯЗБАЕВ, Сағын-Герей БАЙМЕНОВ, Жұма-Назар СОМЖҮРЕК, Қожа-Ахмет ДЕМЕУБЕРГЕНҰЛЫ, Құл-Керім ЕЛЕ-МЕС, Қайым-Мұнар ТАБЕЙ, Күл-Бағыла СҰЛТАНҚЫЗЫ, Әбу-Асқар МЕКЕШ, Сәрсен-Бек АЛТЫНБЕКОВ, Боран-Ғали ҚҰЛЖАН, Ғабдул-Ғазиз ЕСЕМБАЕВ, Әли-Хан ОМАРБЕКОВ, Ер-сайын АХМЕТОВ, Мұханбет-Шәріп КЕНЖЕБАЙ сияқты бірқатар азаматтар өз есімдерін дефис арқылы бөліп жазып жүр. Алтын-Ай, Қасым-Жомарт, Совет-Хан, Әли-Мұса сынды есімдер де осы қатарды толықтырып тұр.

Кейбір азаматтардың аты-жөнді бөлшектеп жазуға көзсіз еліктегені сондай, тіпті бөліп-жаруға келмейтін, тұтас жазылуға тиіс есімдерін екіге айырып жазатын болып жүр. Мысалы, «Жас Қазақ» газетінің 2008 жылдың 26 қыркүйек күнгі санында «Сағындырған әндер-ай» телефестивалінен фотохроника беріліп, «Вальс ырғағында Г.Сикымбаева мен Дар-Хан» деп жазылыпты. Бұл – дефисшілдерден «үлгі» алушылардың біртіндеп арта бастағандығын байқататын фактор. Егер аты-жөніміздегі «хан», «бек», «бай», «ғали», «нұр», «гүл» сөздерін дефис арқылы жаппай жаза бастасақ, бөлшек-бөлшек есімдерден көз сүрінетін жағдайға жетерміз. Ерте ме, кеш пе **-ов, ев-**терден арылармыз-ау, алайда осы қарқындымызды жалғастыра берсек, біз аты-жөнімізді жазудағы жаңа ала-құлалыққа тап болуымыз мүмкін. Қысқасы, атаның атын анық жазу мәселесі көтеріліп жатқанымен, оның лингвистикалық тұрғыдан шешімін табуға тиіс қырлары әлі жеткілікті.

Үкімет тілдік реформа жасау арқылы қазақтың аты-жөнін жөнге салса деген ұсыныс дұрыс. Бірақ мұндай ұлт үшін маңызы бар мәселелер, жер-әлемге жар салып басталып, сиырқұймышақтанып аяқталатын бастамалар мен басы бар да, аяғы құмға сіңген судай жоқ болатын кейбір реформалардың аяғын құшпауы керек. Бұл мәселені түбегейлі шешу үшін қазақ аты-жөнін жазудың ең алдымен лингвистикалық, содан соң басқа да ұйымдық-қаржылық мәселелерін жан-жақты зерделеп, әбден пысықтап алып, іске кірісу керек. Әйтпесе, қазір көрініс бере бастағандай әркім аталарының атын білгенінше бейнелеп, қалауынша құжатқа енгізе берсе, ертең аты-жөн рәсімдеудің жалпы қазаққа тән ұлттық үлгісін емес, орыстық, арабтық, батыстық, ру-тайпалық, қалалық-далалық, жеке отбасылық сияқты мың сан түрі араласқан, қырық-жамау фамилиясына қарап ұлтын танып болмайтын жұртқа айналуымыз әбден мүмкін.

Адамның қай ұлттың өкілі екенін бет-жүзінен, кескін-келбетінен ғана емес, аты-жөніне қарап та ажыратуға болады. Жеке адамдардың аты-жөніне қарап, тұтас бір ұлтының ат кою дәстүрін, ұлттық дүниетанымын, өзге жұрттардан ерекшелігін көруге болады. Антропонимдер әр ұлттың төлқұжаты іспетті. Ендеше, ұлтымыздың бет-бейнесіндей



болып саналатын халқымыздың ат қою дәстүріне, аты-жөнімізді жазуға үлкен жауапкершілікпен, аса бір ыждағатпен қарау – баршамыздың міндетіміз.

Сондай-ақ антропонимдер – тарихымыздан да хабардар ететін тілдік мұраларымыздың бірі. Белгілі әдебиетші ғалым М.Мырзахметов «Түрік халықтарындағы антропонимдік атаулардың даму жолына назар аударар болсақ, түрік халықтарына тән антропонимдік атаулардың VIII ғасырларға дейінгі қалыптасу жолында таза түріктік есімдер тұтастығы анық белгі беріп жатады. Ал Тұран өлкесін арабтар жаулап алып, үстемдік еткен жылдардан бастап түрік халықтарының антропонимдік атауларында араб антропонимдері ене бастап, тіпті үстемдік еткен жағдайын да байқаймыз. Мұндай құбылыстың Ресей империясы тарихында да орын алғандығын мемлекеттің X ғасырда православия дінін өз еркімен қабылдаған соң орыс антропонимдерінің византиялық антропонимдердің қаптап кетуі айғақтайды. Бұл, әсіресе, Қараханидтер әулеті мұсылман дінін мемлекеттік дін ретінде ұстанған тұста үдей түсіп, басымдық етіп мольға түскенін көреміз. Ал Қараханид мемлекетін өз билігіне алған Хорезм шаһ тұсында парсы тіліндегі есімдер орныға бастады. Бұл процесс Шыңғысхан жорығынан кейін ұзақ уақыт бойы саябырлағаны да – шындық. Моңғол шабуылынан кейін қалмақтардың басқыншылығы дәуірінде аз да болса біздің антропонимдік атауларымыздың құрамына моңғол, қалмақ есімдері белгі бере бастаған кезең де өтті», – деп жазады.

Тәуелсіздігімізді алып, дербес ел ретінде іргемізді нығайтып жатқан қазіргі кезең – төл тарихымыздың жаңа беттері болып жазылып қалары анық. Бүгінгі ұрпақ әркімге бір еліктемей, өзіміздің ат қою дәстүрімізді орнықтырып, аты-жөнімізді жазудың ұлттық үлгісін берік қалыптастырып кетсе, оның ертең жазылатын жаңа тарихымыздың бетінен көрініс табары хақ.

«Туған тіл» альманағы.

- №4 (12), 2009.

28-32-бб.

Тіл саясатының ономастикадағы көрінісі

Елдің ішкі және сыртқы саясаты, оның ішінде тіл саясаты да ономастикада ерекше із қалдырады. Оған көз жеткізу үшін тым әріге бармай-ақ XX ғасырдағы кешегі кеңестік кезеңді еске алсақ та жеткілікті. Кеңестік кезеңде қызыл түс ерекше мәнге ие болды. Қызыл түс – Кеңес Одағы мемлекеттік туының, КПСС мүшесінің ары саналған коммунистік партия билетінің, Компартия ізбасары Ленин комсомолы билетінің, октябрияттар





галстугінің түсі болды. КСРО-ның астанасы Мәскеудің бас алаңы – «Қызыл алаң» аталды. *Қызыл жұлдыз, қызыл отау, қызыл бұрыш, ауыспалы қызыл ту, қызыл әскер, қызыл гвардия, қызыл комиссар* ұғымдары мемлекетпен байланыстырылып, ерекше қастерленді. «Қызыл жұлдыз», «Еңбек Қызыл ту» ордендері ең жоғарғы мемлекеттік наградалар қатарында болды. КСРО құрамындағы одақтас он бес республиканың бірі Қазақстанда да кеңестік идеологияға сәйкес қызыл түс айрықша мәнге ие болып, «қызыл» сөзі қосылған көптеген атаулар пайда болды. «Қызыл Қазақстан» газеттері шығарылып «Қызыл жалау», «Қызыл жебе» романдары мен «Қызыл сұңқарлар» поэмасы жазылды. Сөйтіп, символдық, саяси мәні зор «қызыл» сөзінің қолданысы жиіледі. Ономастикалық кеңістігімізде де «қызыл» сөзі қатысқан атаулар аз ұшыраспайды. XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап, 80-жылдардың аяғына дейінгі кезеңде жаңадан пайда болған, тарихи атаулары өзгеріске ұшыраған көптеген жер-су, қала, елдімекен атаулары осы сөзіміздің дәлелі бола алады. Мысалы, кеңестік кезеңде Ақмешіт атауы Қызылорда болып өзгерсе, шекаралы аудандарда «Қызыл шекара» совхозы құрылып, облыстарда «Қызыл ту» колхоздары мен совхоздары бірінен соң бірі пайда болды. «Қызыл қайрат», «Қызыл таң» сияқты атаулар осы қатарды жалғастыра береді.

Кеңес одағының саясаты мен ұстанған идеологиясына сәйкес марксизм-ленинизм көсемдері мен кеңес үкіметін орнатуға атсалысқан қайраткерлердің, әскерилердің есімдері ерекше құрметтелді. Соған сәйкес олардың есімдерін ел аумағының барлық түпкірінен, кез келген қаладан, облыс пен ауданнан, колхоз бен совхоздан, шалғайдағы шағын бөлімшеден кездестіруге болатын еді. Мысалы, Алматы облысының бір ғана сол кездегі Нарынқол (қазіргі Райымбек) ауданын Карл Маркс, Фридрих Энгельс, В.И.Ленин, Н.К.Крупская, С.М.Киров, М.И.Калинин, К.Е.Ворошилов, Коммунизм, Партсъезд колхоздары мен совхоздары құрады. Біз В.И.Ленин көшесінде тұрып, бірінші сыныпқа С.М.Киров атындағы орта мектепке барып, бастауыштан кейін оқуымызды Ф.Энгельс атындағы мектепте жалғастырып, кейін тағы да С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетті бітірдік.

Отарлау саясаты, КСРО-ның тіл саясаты еліміздің ономастикалық келбетін айтарлықтай өзгеріске ұшыратты. Еліміздің үлкен қалалары Гурьев, Целиноград, Шевченко, Петропавловск, Павлодар, Актюбинск, Уральск, Усть-Каменогорск, Семипалатинск деп аталса, одан гөрі шағынырақ қалалар Ленинск, Ермак, Степногорск, Рудный сияқты атауларға ие болды. Ал қазақша аталмайтын қала типтес кенттер мен колхоз, совхоздардың, олардың көшелерінің атаулары тіпті қисапсыз еді. Ванновка, Сергеевка, Ивановка, Дмитриевка, Алексеевка, Андреевка, Антоновка, Серафимовка, Николаевка, Казталовка сияқты елдімекен атауларынан көз сүрінетін еді.





Еліміздің 70 жылдай астанасы болған, қазақ мәдениеті мен ғылымының, білімнің орталығы болған әсем Алматының бас көшелері К.Маркс, В.И.Ленин, С.М.Киров, М.И.Калинин, Дзержинский, Фурманов, Т.Шевченко, Виноградов, Красногвардейский тракт, Советская, Октябрьская, Правда, В.И.Чапаева, Пастер, Космонавтов, Комсомольская болып жалғаса беретін. Бұл біздің еліміз бен жеріміздің ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи атауларының жарамсыздығынан немесе қалаларымыз бен елдімекендерімізге, көшелеріміз бен алаңдарымызға есімін беруге лайық ұл-қыздарымыздың болмағандығынан емес. Осының барлығы отаршылдықтың, үстем тілдің ел ономастикасында да үстемдік орнатуының айқын көрінісі екендігі еш дау туғызбайды. Бодандықтан босаған кез келген ел алдымен ата-бабаларының бұрмаланған жер-су атауларын қалпына келтіруге ерекше мән береді. Көптеген жаулаушылар иелігіне көшкен жұрттың жер-су атауларын жаппай өзгертуді отарлау саясатының өзегі етіп алса, керісінше, еркіндікке қолы жеткен халықтардың өзінің бұрмаланған, өзгертілген тарихи атауларын қалпына келтіруі де отарсыздандудың басты белгілерінің бірі болып саналады.

Тәуелсіздігімізді жариялаған 90-жылдардан кейін бізде де осы үдеріс басталғаны белгілі. Әкімшіл-әміршіл жүйенің жүргізген солақай саясатының салдарынан бұрмаланған тарихи атауларымызды қалпына келтіру еліміздің тіл саясатының негізгі мәселелерінің бірі болып белгіленді. ҚР Үкіметі жанындағы ономастика комиссиясы бұл бағытта біршама пәрменді жұмыс жүргізді. Қазір қаларымыз Атырау, Ақтау, Ақмола, Астана, Ақтөбе, Орал, Өскемен, Семей, Тараз болып аталады. Тарихи атаулары қалпына келтірілген кенттер мен елдімекендердің саны жүздеп саналады. Қайта аталған, қазақтың даңқты ұл-қыздарының, хандары мен билерінің, ақындары мен батырларының, ғалымдары мен жазушыларының есімдері берілген көшелеріміз одан бірнеше есе көп. Алматының бас көшелері бүгінде Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Қарасай батыр, Наурызбай батыр, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Ы.Алтынсарин, Сүйінбай, Д.Қонаев, М.Мақатаев, Желтоқсан деп аталады. Кеңестік кезеңде көше бермек түгілі атын атауға болмайтын Шәкәрім, Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Күдерин сынды алаш арыстарының есімдері бүгін елдігімізді паш етіп, Алматыға асқақ рух беріп тұр.

Астанада Сығанақ, Отырар, Тұран, Сарайшық, Сарыарқа, Тәуелсіздік сынды көше атауларының пайда болуы елдімекендеріміз бен көшелерімізге кісі есімдерін бере бермей, жер-суға ат қоюдың ұлттық дәстүрін сақтау тұрғысынан да, тарихи атауларымызды жаңғырту тұрғысынан да жарасымды болды деп білеміз.

Қазақстандағы жер-су атауларының, жалпы онимдеріміздің барлық түрлерінің ел мүддесіне сәйкес қалыптасуы ол мемлекеттің жүргізіп отыр-





ған тіл саясатымен, ономастиканың ғылым ретінде дамуымен тікелей байланысты. Ономастика саласындағы ғылыми зерттеулер нәтижелері басшылыққа алынып отыруы керек. Ономастикалық жұмыстардың сауатты жүргізілуі осы жұмысқа қатысты мамандардың, комиссия мүшелерінің, мемлекеттік қызметшілердің де сауатты, ономастика саласындағы зерттеулермен, жазылған ғылыми, танымдық еңбектермен жақсы таныс болуы өте маңызды. Ономастикалық жұмыстардың жүргізілуіндегі кейбір олқылықтардың орын алуының негізгі себептерінің бірі мәселенің осы қырына назар аудармаудан деп білеміз. Іске нағыз маман араласпаған, маман басқармаған жерде үстірттікке, кемшілікке жол берілетіні, қателіктердің кететіні, істің дұрыс ұйымдастырылмайтыны белгілі. Бізде қай салада да осы мәселеге аз мән берілетінін көп кездестіріп жатамыз. Атқарылған жақсы істеріміздің аз еместігімен бірге Тәуелсіздік тұсында пайда болған, Ономком бекіткен атаулар арасында да ондай олқылықтар кездеседі. Олар жөнінде айтылып та жүр. Алдағы уақытта ономастикалық жұмыстардың барлығы да ономаст мамандардың қатысуымен, ғылыми негізделе отырып жүргізіледі деген сенімдеміз.

Қорыта айтқанда, жоғарыда келтірілген аз ғана тілдік деректеріміздің өзі елдің жер-су, қала, кент, көше, алаң, білім ошақтары жоғары оқу орны мен мектеп атауларының қалыптасуы елдің тіл саясатымен тікелей байланысты екендігін айқын көрсетеді. Ендеше тіл саясатының тілдік-тарихи, әлеуметтік лингвистикалық, ономастика саласындағы ғылыми зерттеулерге негізделе отырып жүргізілсе ғана баянды болып, ел мүддесін орындай алатындығын естен шығармағанмыз абзал.

*«Тіл саясаты және ономастикалық атауларды реттеу мәселелері» республикалық ғылыми-практикалық семинардың материалдары.
– Алматы, 2010. 14-17 беттерде.*

Жалқы есімдер біркелкі жазылған жөн

Тәуелсіздіктен бергі кезеңде тілімізге кеңестік дәуірде орыс тілі арқылы еніп, кейінгі 60-70 жылда өзгеріссіз қолданылып жүрген көптеген кірме сөздерді *зауыт, сілесір, төкір, тәбіл, станса, режім, кәбіл, журнал* түрінде жаңаша жазу үрдісі көрініс бере бастады. Мұндай емлесі өзгеріске ұшыраған тек жалпы есімдер ғана емес. Жалқы есімдердің де едәуір бөлігі бұрынғыша жазылып, бұрынғыша аталмайтын болды. Қазіргі тілімізде, әсіресе, қазақ баспасөзінде көптеген жер-су, мемлекет, қала, елдімекен, ұлттар мен ұлыстар атаулары жаңаша, кейде тіпті бірнеше үлгіде жазылып, аталып жүргенін көруге болады. Мұндай құбылыстың туындауының басты себептерінің бірі – әкімшіл-әміршіл то-



талитарлық жүйенің ұстанған сынаржақ саясатының салдарынан бұрмаланған тарихи атауларды қалпына келтіруге деген ұмтылыспен байланысты болса, екіншісі – орыс тілінің емле ережелеріне сәйкес жазылып келген атауларды ұлт тіліне икемдеп жазу бағытын ұстануға байланысты болып отыр. Елдің тарихи-мәдени, саяси-экономикалық өмірінде болған түбегейлі өзгерістер нәтижесінде көрініс беріп отырған бұл үрдістің әлеуметтік-лингвистикалық қырларын әлі де терең зерделей отырып, тіліміздегі бірнеше нұсқада жазылып жүрген топоним, антропоним, гидроним, этнонимдердің емлесіне ерекше мән беріп, олардың бірізді қолданылуына қол жеткізу өте маңызды. Бұл әдеби норманың сақталуы, жазу мәдениетін көтеру сауаттылық тұрғысынан қарағанда да атқарылуға тиіс жұмыс екендігі дау туғызбайды.

Біз 2008-2011 жылдар ішінде қазақ баспасөзінен жинақтаған тілдік материалдарымызға сүйенсек, бірқатар мемлекеттердің атаулары жарыса қолданылып жүр. Әрине, мұндай атаулардың бәрінің қолданылу жиілігі бірдей емес. Бірі өте жиі қолданылса, екіншілері сиректеу, ал үшіншілері жекелеген авторлардың еңбектері мен мақалаларында ғана қолданыс тауып жатады. Сондықтан олардың арасынан біреуін таңдап алу, жарыспа нұсқалардың біріне тоқталып, оның қолданысын бірізге түсіру кезінде мұны да ескерген орынды. Мысалы, *Мәскеу*, *Ресей*, *Еуропа* сияқты атаулар баспасөзде жаппай қолданылатын, қазір қолданысы бірізге түсе бастаған атаулар деуге болады. Мұндай атауларды түрлі сөздіктер, оқулықтар мен оқу құралдарына да енгізуге болады деп білеміз. Өйткені бұл атауларға жұрттың көзі де, құлағы да әбден үйреніп, жатсынбайтын дәрежеге жетті. Ал енді *Қаһира* (*Каир*), *Қайсері* (*Кайсер*), *Теһран* (*Тегеран*), *Үскүп* (*Скопье*), *Ұлан-Үде* (*Улан-Уде*), *Шымқала* (*Шымкент*) сияқты қала атаулары туралы олай дей алмаймыз. Бұл атаулар өте сирек қолданылғандықтан, көпшілікке жақсы таныс емес. Біз де осы мәселеге арнайы көңіл бөліп, соңғы үш-төрт жыл көлемінде баспасөз бетін үздіксіз қадағалап, мұндай деректерді жинақтап отырғандықтан ғана аңғарып отырғанымызды айтуымыз керек.

Бірқатар мемлекеттердің ресми атауларымен қатар бейнелі атаулары баспасөз беттерінде өте жиі қолданылады. Мысалы, қазақ газеттерінен алынған мына сөйлемдерге назар аударалық: «Аспан асты елінен қауіп төне бастады» (*«Нұр Астана»*, 6 тамыз, 2009 жыл № 31). «Аспан асты еліндегі басқосу» (*«Егемен Қазақстан»*, 14 қазан, 2009 жыл. № 336). Мұндағы «Аспанасты елі» деген перифраз атау осы атаудың орыс тіліндегі «поднебесный»-ды қазақша аудару нәтижесінде пайда болған.

Кубаны – «Бостандық аралы» (*остров свободы*), Англияны – «Тұманды Альбион елі» (*Страна туманного Альбиона*), Жапонияны – «Күншығыс елі» (*Страна восходящего солнца*), Қырғызстанды – «Демократия аралы» (*остров демократии*), Ватиканды – «Киелі тақ елі» (*страна*

святого престола) атауларының туындауына да осы елдердің орысша бейнелі атаулары негіз болған. Символдық мәні бар мұндай атауларды қазір бірқатар тілші ғалымдар прецедентті есім деп таниды.

Қазіргі қазақ баспасөзінде әлемнің бірқатар елдерінің атаулары бірнеше нұсқада қолданылып жүр. Мысалы, **Алмания//Германия, Аустралия //Австралия, Аустрия//Австрия, Америка//Әмерика, Греция//Грекия, Гүржістан//Гүрзістан//Грузия, Куәйт//Кувейт, Қатар//Катар, Мажар-стан//Хунгария//Венгрия, Пәкстан//Пәкістан, Мысыр//Египет, Ресей //Россия, Түркіменстан//Түрікменстан, Тай елі//Тайланд** деген атаулар жарыса қолданылады.

Мемлекеттердің ресми атауларымен қатар бейнелі атаулары да баспасөз беттерінде жиі қолданылады. Өзіміз «орыс орман» дейтін көрші халықтың елі Ресейді «Орман елі», туысқан түркітілдес Қырғызстанды – «Айырқалпақтылар елі», Өзбекстанды – «Алашапандылар елі» немесе «Ала тақиялылар елі» деуіміз тікелей аударма емес. Бұл – жоғарыда мысалға келтірілген аударма атаулардың үлгісімен жасалған, алайда қазақы пайымдау негізінде пайда болған прецедентті есімдер. Тайландты – «Тай елі» (*Тай елі тас-талқан. «Айқын», 14 сәуір, 2009 жыл. № 64*), Оңтүстік Кореяны «Таңғы шық елі» (*Таңғы шық елінде. «Егемен Қазақстан», 23 сәуір, 2010 жыл. № 150-153*) және Қытайды – «Айдаһар елі» («Аю биі» – *Айдаһар елінің назарында. «Ана тілі, 14-20 қаңтар, 2010 жыл. № 2*) сияқты бейнелі атауларды да осы қатарға жатқызуға болады. Бұл деректер кейінгі жылдары бейнелі атаулардың немесе осы іспетті прецедентті есімдердің тек орыс тілінен тікелей аудару арқылы ғана қабылданбай, өз тілімізде жасала бастағанын көрсетеді. Мұны өзгенің дайын үлгісі мен солардың танымы тұрғысынан жасалған атауларды калькалау жолымен көшіру әдетінен арылуға деген ұмтылыс қадамдары, атау беруге, сөз тудыруға ұлттық дүниетаным, ұлттық көзқарас тұрғысынан қараудың қазіргі тіліміздегі көріністері деп тануға болады. Ұлт мәдениетінен сусындап, ана тілін жетік меңгерген қауым саны артып, ұлттық санамыз өскен сайын өз танымымызға сәйкес туындаған мұндай атаулар да көбейе беруге тиіс.

Ертеде көне түркілер «Ханбалық» (Хан қаласы) деп атайтын Қытай астанасын біз Кеңес заманынан бері ұзақ жылдар бойы орыс тіліндегідей «Пекин» деп атап келген едік. 1949 жылдан кейін Қытай астанасы Бейжің болды. Қытай елінде «Бейжің» сөзі «солтүстік астана» деген мағынаны білдіреді екен. Бұл елдің қазіргі астанасын әлі бұрынғы атымен Пекин деп атаумен қатар, кейінгі жылдары баспасөз беттерінде Қытай қазақтарының қолданысындағы «Бейжің» атауы өте жиі қолданылатын болды. Қазақ газеттерінің қай-қайсынан болса да кездестіруге болатын мына төмендегідей мысалдар оған айқын дәлел бола алады. Мәселен, «Қазақстан ауыр атлеттерінің Бейжіңдегі табысына барша

әлем жұртшылығы таңдай қақты» десек, асыра айтқанымыз емес» («Айқың», 14 мамыр, 2009 жыл. № 84). «Бейжіңде шоколад мүсіндерден тұратын саябақ ашылды» («Алаш айнасы», 30 қаңтар, 2010 жыл. № 12).

Жалқы есімдердің жазылуындағы жарыспалылықтың орын алуының объективті себептері бар екенін де ұмытуға болмайды. Ол, ең алдымен, кезінде әділетсіз бұрмаланған, ешқандай негізсіз отарлау мақсатымен алмастырылған онимдердің тарихи атауын қайтарумен байланысты болса, екіншісі орыс тілінің емле ережелері бойынша жазылып келген атауларды өз тіліміздің заңдылықтарына сәйкестендіріп жазуға деген ұмтылыстан туындап отыр. Сондықтан да отарсызданумен байланысты көрініс беріп отырған тілдегі мұндай табиғи үдеріске біржақты қарауға болмайды. Мәселе осы үрдістің орынсыз ала-құлалыққа ұрындырмай, жазу мәдениетімізді сақтай отырып жүзеге асырылуында болып отыр. Ал шет мемлекеттер мен олардың астаналарының, үлкен қалалары атауларының әркелкі жазылуы, көбінесе оларды әркімнің өзінше қазақша транскрипциялап жазу әрекетінен туындап отырғандығы байқалады. Тіліміздегі мұндай жарыспалылықтың орын алуына кейде журналистердің тілдік норманы, жазу мәдениетін сақтамауы мен сөз тудырушылыққа орынсыз әуестенуі де себеп болып жататынын айту керек. «Әсіресе, Чаңжянның күнгей бетінде етек алған» («Айқың», 2 наурыз, 2010 жыл. № 36) деген сөйлемде автордың тілімізде бұрыннан орныққан «Шыңжаң» атауын түпнұсқа тілге жақындату мақсатымен «Чаңжян»-мен алмастыруын дұрыс деу қиын. Осы секілді «Ұсталғанның ағы-жөні анықталды – ол Ресейдің Новосібірск қаласының тұрғыны. 1977 жылы туған Алексей Л. болып шықты» («Егемен Қазақстан», 20 желтоқсан, 2008 жыл. № 405-412 (25381) деген сөйлемде қала атауын не бұрынғыша «Новосибирск» деп, ал қазақша жазғысы келсе «Жаңасібір» деп жазуына болар еді. Бір ғана қала атауының басы – орысша, ортасы – «қазақша», аяғындағы «ск» қосымшасы тағы да орысша болып, нағыз қырық құрау (гибрид) атау пайда болған. Сол тәрізді Шымкент қаласын – «Шымқала» деп қолданудың қандай қажеттіліктен туындағанын түсіну қиын (Шымқаладан келген жеті жүйрікпен сайысқа түскен жергілікті айтыскерлердің арасындағы сөз тартысы тартымды өткенін атап өту керек («Айқың», 16 сәуір, 2010 жыл. № 65). Рас, «кент», «шаһар» сөздерінің «қала» мағынасын білдіргені белгілі. Соңғысы тілімізде қазір де осы мағынасында ішінара қолданылып жатады. Ал «кент» сөзі тілімізде қазір «поселок» сөзінің баламасы ретінде қолданылып жүр. Бұл атау Мемтерминком тарапынан ресми бекітілді. Сонымен қатар «кент» сөзін қосу арқылы жасалған Ташкент, Құмкент, Жаркент, Манкент сияқты тілімізде әбден орныққан атауларды да «Ташқала», «Құмқала», «Жарқала», «Манқала» деп өзгертуге немесе жарыспа атау туғызуға қандай да бір қажеттілік бар деу қиын.

Бүгінде бір қазақ ұлтының ұл-қыздары аты-жөнімізді сан құбылтып, 17-18 түрлі үлгіде жазып жүргеніміз секілді, топонимдерді де көп нұсқада жазуға жол ашып отырғанымыз аңғарылады. Оған көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазіргі қазақ газет-журналдарының беттерінен жинақталған мемлекет, қала, ұлт атауларының жарыспа нұсқаларының бірқатары төмендегі кестелерде беріліп отыр.

№1 кесте

1	2	3
АЛМАНИЯ	ГЕРМАНИЯ	
АУСТРАЛИЯ	АВСТРАЛИЯ	
АУСТРИЯ	АВСТРИЯ	
ӘМЕРИКА	АМЕРИКА	
ГРЕКИЯ	ГРЕЦИЯ	
ГҮРЖІСТАН	ГҮРЗІСТАН	ГРУЗИЯ
КУӘЙТ	КУВЕИТ	
ҚАТАР	КАТАР	
МАЖАРСТАН	ХУНГАРИЯ	ВЕНГРИЯ
МОҢҒОЛИЯ	МОНҒОЛИЯ	МҰҢҒЛИЯ
МЫСЫР	ЕГИПЕТ	
ПӘКСТАН	ПӘКІСТАН	ПАКИСТАН
РЕСЕЙ	РОССИЯ	
ТҮРКІМЕНСТАН	ТҮРІКМЕНСТАН	
ТАЙ ЕЛІ	ТАЙЛАНД	

№2 кесте

МЕМЛЕКЕТТЕРДІҢ БЕЙНЕЛІ АТАУЛАРЫ		
	Ресми атауы	Бейнелі атауы
1	ҚЫТАЙ	АЙДАҒАР ЕЛІ АСПАН АСТЫ ЕЛІ (поднебесный)

2	ҚЫРҒЫЗСТАН	АЙЫРҚАЛПАҚТЫЛАР ЕЛІ
		ДЕМОКРАТИЯ АРАЛЫ (остров демократии)
3	ӨЗБЕКСТАН	АЛАШАПАНДЫЛАР ЕЛІ
		АЛА ТАҚИЯЛЫЛАР ЕЛІ
4	КУБА	БОСТАНДЫҚ АРАЛЫ (остров свободы)
5	ВАТИКАН	КИЕЛІ ТАҚ ЕЛІ
6	ЖАПОНИЯ	КҮНШЫҒЫС ЕЛІ (Страна восходящего солнца)
7	ОҢТҮСТІК КОРЕЯ	ТАҢҒЫ ШЫҚ ЕЛІ
8	АНГЛИЯ	ТҰМАНДЫ АЛЬБИОН ЕЛІ
9	РЕСЕЙ	ОРМАН ЕЛІ
10	МАЛАИЗИЯ	МАЛАЙ ЕЛІ

№3 кесте

ҚАЛА АТАУЛАРЫ (АСТИОНИМДЕРДІҢ) ЖАЗЫЛУЫ		
1	2	3
АШҒАБАД	АШХАБАД	
ӘНДІЖАН	АНДИЖАН	
БЕЙЖІҢ	ПЕКИН	
ЖАҒАСЫР	НОВОСІБІРСК	НОВОСИБИРСК
КЕРЕКУ	ПАВЛОДАР	
КЕШЕНЕУ	КИШИНЕВ	
ҚАБУЛ	КАБУЛ	
ҚАЙСЕРІ	КАЙСЕР	
ҚАҒИРА	КАИР	
ҚЫЗЫЛЖАР	ПЕТРОПАВЛОВСК	ПЕТРОПАВЛ

МӘСКЕУ	МОСКВА	
НӘМӨНГАН	НАМАНГАН	
НАУАИ	НАУАЙЫ	
ОМБЫ	ОМСК	
ОР	ОРСК	
САНКТ-ПЕТЕРБУРГ	САНКТ-ПЕТЕРБОР	ПЕТЕРБОР
ТЕЪРАН	ТЕГЕРАН	
ТОМБЫ	ТОМСК	
ТҮМЕН	ТЮМЕНЬ	
ҰЛАН-БАТЫР	ҰЛАНБАТЫР	УЛАН-БАТОР
ҰЛАН-ҮДЕ	УЛАН-УДЕ	
ҮСКҮП	СКОПЬЕ	
ЧЕЛЯБИ	ЧЕЛЯБЫ	ЧЕЛЯБИНСК
ШЫМКЕНТ	ШЫМҚАЛА	
ЫСТАМБҰЛ	ЫСТАМБУЛ	СТАМБҰЛ
ІЗМІР	ИЗМИР	

№4 кесте

ЭТНОНИМДЕРДІҢ ЖАЗЫЛУЫ	
Орысшасы	Қазақша нұсқалары
АЗЕРБАЙДЖАН	ӘЗІРБАЙЖАН
	ӘЗЕРБАЙЖАН
ГРУЗИН	ГҮРЖІ
	ГҮРЗІ
	ГРУЗИН
КИТАЙ	ҚЫТАЙ
	ХАНЗУ

КУРД	КУРД (курдтер) КУРДИ (курділер)
	КУРД
	КУРДИ
КОРЕЕЦ	КӘРИС
	КОРЕЙ
МАМЛЮК	МӘМҮЛІК
	МӘМЛҮК
	МӘМІЛҮК
	МАМЛЮК
СЕЛЖУК	СЕЛЖҮК
	СЕЛЖҰҚ
ТЮРК	ТҮРІК
	ТҮРКІ
	ТӨРҮК
ТУРКМЕН	ТҮРКІМЕН
	ТҮРІКМЕН

Тілімізде жоғарыда көрсетілген мемлекет атаулары, астионимдер, этнонимдермен қатар **Түркісіб** // **Түркісіб** (*Турксиб*), **Үржар**//**Ұржар** сияқты хоронимдер де, **Тәңіртау** // **Аспантау** // **Тянь-Шань** тәрізді оронимдер де әркелкі жазылып жүр. Қытайдағы Цинзянь атауын **Шыңжан** // **Чаңжяң** // **Шыңжан** деп үш түрлі нұсқада, **Кавказ** // **Қапқаз** // **Қаптауы** және **Азау тенізі**//**Азов тенізі**, **Илиада**//**Еділада**, **Түркігілдес**//**Түркігілді** (*тюркоязычные*) деген атауларды да жарыстыра жазып жүрміз. Этимологиялық талдаулардың бірі негізге алынбағандықтан *Маңғыстау* // *Маңқыстау* // *Маңғышлақ* атауы да көрсетілген үш түрлі нұсқада жазылып келеді.

Бірнеше нұсқада жарыса қолданылып жүрген жалқы есімдер жоғарыда көрсетілгендермен ғана шектелмейді. Біз бір мақалада жинақталған деректердің бәрін тізіп беруді мақсат етпедік. Мақсатымыз – қазіргі баспасөзде осы сынды онимдердің жарыса қолданылу мәселесінің бар





екендігіне назар аудартып, олардың қолданысын ретке келтірудің қажеттілігін атап көрсету. Көрсетіп қана қоймай, өз еліміздегі және шетелдік онимдердің қазақша жазылуын бірізге түсіріп, жұртшылық жаппай қолданатын құралдар әзірлеу де тіл мамандарының кезек күттірмейтін міндеті деп білеміз. Осы міндетті орындау мақсатымен қазір біз дайындап отырған мемлекеттер мен олардың астаналары атауларының қазақша-орысша-ағылшынша шағын сөздігін жарияласақ, ол да алдағы уақытта онимдердің тіліміздегі қолданысын біріздендіруге, олардың сауатты жазылуына септігін тигізер деген үміттеміз.

*«Ана тілі» газеті,
6 сәуір 2011 жыл.
– № 31 (262).*

Қазақ тілінің ономастикалық және терминологиялық атаулар қорын жүйелеу мен қалыптастырудың бағыттары туралы

Қазақ тілінің лексикалық қорының ең құнарлы қабаттарын ономастикалық және терминологиялық атаулар құрайды. Жер-су атаулары тілші, тарихшы, географ, этнограф мамандардың тарапынан зерттеу еңбектеріне арқау болса, терминдер басқа салалардың мамандары тарапынан да қарастырылып, соның нәтижесінде монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары, сөздіктер жарық көрді. Сол еңбектерде басы ашылған, жүйеге түскен мәселелер аз емес. Жалпы бұл аталған атаулар қоры тіл білімінің ономастика мен терминология саласының зерттеу нысаны ретінде осы сала мамандарының назарынан тыс қалып көрген емес. Жер-су атаулары мен терминдердің табиғатын, қалыптасу тарихын зерттеу – бұдан былай да тоқтаусыз жалғаса беретін жұмыс. Біздің министрлік ҚР Үкіметі жанындағы ономастикалық және терминологиялық комиссиялардың жұмыстарын үйлестіріп, осы салаларға қатысты жұмыстарды жүргізуге жауапты болып табылатындықтан және бұл саладағы істерді Тіл комитетінің ономастика және терминология бөлімі үйлестіріп отырғандықтан біз төменде мәселенің өзімізге тікелей қатысты қырларына тоқталмақпыз.

Әдетте түрлі саланың мамандары тарапынан терминкомның сәтсіз жасалған кейбір терминдерді бекітіп жібергені туралы айтылып жатады. Ономастикалық атаулар туралы сөз қозғағанда көбінесе елді мекендер мен түрлі географиялық нысандарға адам аты, көзі тірі кісілердің есімдері берілгендігі немесе белігілі бір тұлғалардың есімдері әр облыста қайталанып беріле беретіндігі сынға алынып жатады. Соңғы жылдары Ономком шешімімен берілген атауларға назар аударар болсақ, бұдан өзге де кемшіліктердің орын алып жататынын да аңғару қиынға



соқпайды. Айталық 1999 жылы ономастикалық комсиссияның мәжілістерінде *Береке ауылы, Мереке ауылы, Жаңатұрмыс ауылы, Жаңажол ауылы, Жаңаауыл ауылы, Нұрлыжол ауылы, Өркен ауылы, «Халықтар достығы» ауылы, Табысты ауылы, Арман ауылы* сияқты атаулар ресми бекітілген екен. Бұл атауларды мүлде іске алғысыз десек, артықтау болар. Дегенмен осы атаулар берілген жерлердің бәрінің тарихи атаулары болмады немесе осы аймақтардың жер жағдайын дөп баса отырып ат қоя алмадық деудің қисыны жоқ. Кеңестік үлгідегі мұндай жалпы атауларды әйтеуір бұрынғы отаршылдықтың куәсі болып тұрған атаулардан тезірек арылайық деген мақсатпен ұсына салғанымыз, Мемонкомның бұрынғысынан осы тәуір ғой деп бекіте салғаны анық көрініп тұр. Арнайы зерттеу арқылы сол өлкенің көне атаулары мұқият зерттеліп жинақталса, солардың арасынан лайықтысын ұсынуға болар еді. Ономастикалық атаулардың жасалу үлгілері жан-жақты зерттеліп, жер-су, елдімекен атауларына ат қоюдың жолдары көрсетілсе, сол үлгіні пайдаланып, әлгі жердің ерекшеліктерін ескере отырып ата-бабаларымыз сынды біз де небір мағынасы мен тұлғасы үйлесім тапқан ұтымды атауларды жасар едік. Дәлірек айтқанда, ондай жер-су атауларының үлгілері тілімізде бұрыннан-ақ бар. Құнттылық танытып саралап ала білсек, лексикалық қорымыз ондай атауларға тұнып тұр. Тек сол атауларды ыждағаттылықпен жинақтап, жасалу үлгілеріне қарай жіктеп, дайын үлгілерді ұқсатып, орнымен пайдаланып, қажет жерінде оларды жетілдіріп, тіліміздің сөзжасам тәсілдері негізінде жаңа атаулар тудырудың ұлттық үлгілерін жасап отырсақ, бұл саладағы сөз шығармашылығының дамуына, жүйеге түсуіне үлес қосылған болар еді. Бұл орайда К.Паустовскийдің «Атауларды құрметтеу керек. Оларды аса қажет жағдайда ғана өзгертіп, және бұл істі ең алдымен өте сауатты түрде, елді танып-біле отырып, оған деген сүйіспеншілікпен жасау керек.» – деген сөзі орынды айтылған деп білеміз. Біздің де еліміздің жер-су атауларын өзгертуге үлкен жауапкершілікпен, елге деген сүйіспеншілікпен қарай отырып, олардың тарихын терең зерттеп барып, шешім қабылдауымыз қажет екенін ұмытуға қақымыз жоқ.

Қазақ тіліндегі ономастикалық атаулар мен термин сөздердің бірнеше ұқсас қырлары мен өзіндік ерекшеліктері бар.

Ұқсас қырлары – жер-су, адам атаулары да, терминдер де негізінен атау сөздер болып келеді. Оның ішінде ономастикалық атаулар терминдерге қарағанда заттанған сын есімдер (Қарағанды, Шиелі, Көбекті, Қарғалы, Қырғауылды) мен біріккен сөздерге (Алатау, Сарыағаш, Құсмұрын, Қостөбе, Бөлексаз, Сорқұдық т.б.) бай болатындығымен ерекшеленеді.

Термин сөздер ғылыми-техникалық және де басқа да арнаулы ұғымдардың атаулары ретінде жалпы есім әрі көп компонентті күрделі терминдер түрінде көп ұшырасса, жер-су, елдімекен, адам атаулары



жалқы есімдер болып келетіні белгілі. Тіл білімінің терминтану, ономастика салалары бойынша жүргізілген зерттеу еңбектерінде бұл атаулардың тілдік табиғатын анықтайтын көптеген тұжырымдар мен ғылыми болжамдар жасалған. Соларды жүйелеп, саралап, практикалық тұрғыдан қолдануға қажетті, терминологиялық және ономастикалық жұмыстарды жүргізуге әдістемелік нұсқау болатын еңбектер дайындау жағы бізде жетісіңкіремей жатады. Монографиялар мен диссертацияларда қол жеткізілген ғылыми нәтижелермен көп жағдайда сол еңбектердің авторлары және сол белгілі бір тар саланың мамандары ғана таныс болатындықтан олар практикалық жұмыс барысында пайдаланыла бермейді. Олай болуының басты себептерінің бірі – сол практикалық жұмыстарды жүргізудің, ұйымдастырудың және басқарудың басы-қасында тиісті салалардағы ғылыми жұмыстардың нәтижелерімен жақсы таныс арнайы маманданған жоғары білікті кәсіби мамандардың болмай жататындығынан. Мәселенің мәнін терең де жан-жақты білмейтін адам араласқан істің шала-шарпы, жалпылама, үстірт жүргізілетінін немесе кері кетіп жататынын дәлелдеп жатудың қажеті бола қоймаса керек. Сондықтан мұндай ауқымды істерді жүргізуге арнайы қаржы бөлініп, шаруаның тізгіні білікті мамандарға тапсырылып, жұмыстың барысы мен нәтижесі тиісті мемлекеттік органдар тарапынан тексеріліп, қадағаланып отырғанда ғана бұл бағыттағы жұмыстар жолға қойылып, бір жүйеге түседі. Бізге бұл тұрғыда әлі табандылық таныта отырып, көп еңбектенуге тура келеді.

Бұл екі топқа жататын атаулардың екеуі де қоғам өмірінде болған саяси-мәдени жаңалықтарға байланысты өзгерістерге жиі ұшырап отырады.

Мәселенің саяси қырына келер болсақ, отаршылдық дәуірде екі лексикалық қабатқа жататын атаулар да алдымен өзгеріске ұшырайтындығы байқалады. Оған әріге бармай-ақ осы өткен XX ғасырдың 30-90-жылдар аралығындағы кезеңді алсақ та анық көз жеткізе аламыз. Коллективтендіру жылдарынан бастап тарихи атауларымыз марксизм-ленинизм көсемдері мен қызыл белсенділердің атымен алмастырылды. Терминологияда ұлт тілінде термин жасау бағыты қатаң сынға алынып, жалпыкөнестік атауларды жаппай енгізуге, терминологияны халықаралықтандыруға баса назар аударылды. Тіліміздің байырғы сөздік қорынан алынған немесе XX ғасырдың бас кезінде жасалып бірізді қолданылып қалыптаса бастаған көптеген терминдер негізсіз шеттетілді. Ұлттық үлгідегі термин жасау үрдісіне тосқауыл қойылды. Нәтижесінде жер-суымыздың, көптеген елді мекендеріміздің тарихи атаулары Социализм, Коммунизм, Ленин, Ильич жолы, Карл Маркс, Ф.Энгельс, М.Калинин, К.Ворошилов, С.М.Киров немесе Ермак, Антоновка, Алексеевка, Ванновка, Дмитриевка, Сирафимовка сияқты жүздеген атаулармен алмасты-



рылса, терминқорымызға осы кезеңде мыңдаған кеңестік, халықаралық терминдер орыс тіліндегі нұсқасында өзгеріссіз қабылданды. Мұндай кірме атаулар тілімізде бірнеше қабатты құрайды. Соларды жинақтап, кезеңі мен тілдерге қатысына қарай жіктеп-жіліктеп, қайсысын өзгеріссіз қалдырамыз, қайсысын өзгертіп ұлттық атаулармен алмастырамыз деген мәселенің де себептерін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан анықтап, ғылыми негіздеп алуға тиістіміз. Бұл тұрғыда соңғы жылдары жер-су атауларымыздың қалыптасу, өзгеру тарихы туралы ғылыми да, танымдық та маңызы айрықша еңбектер жазып жүрген белгілі әдебиетші ғалым М.Мырзахметовтің «Халықтық топонимдерді басқыншы жаулар күшпен өзгертеді, яғни отаршылдық топонимдерді орнықтырады. Бұған жерімізде болып өткен жеті түрлі қабаттардың бүктесінін ашып білмейінше, ол жерде болып өткен ономастикалық атаулардың тарихи-әлеуметтік сырына қаныға алмаймыз» – деп орынды атап көрсеткен.

Жер-суымыздың атауларын мемлекеттік мүддеге, ұлт тілінің табиғатына сәйкес жүйеге келтіреміз десек, сол атауларымызды жіктеп-жіліктеп, ономастиалық жұмыстарды жүргізуге практикалық тұрғыдан қажет ғылыми-әдістемелік құралдарды бастырып шығарған жөн.

Мәселен, бір ғана түс атаулары қатысу арқылы жасалған жер-су атауларының жалпы саны қанша екендігін, қай түске байланысты атаулардың өте жиі кездесетінін және оның себептерін түсіндіріп беретін құрал дайындалса, сол ізбен жаңа атау жасаудың нақты үлгісі қолымызда тұрған болар еді. Өзірге ондай еңбекке негіз болатын мәліметтер жекелеген зерттеу еңбектерінде шашыранқы түрде кездеседі.

Жер-суға ат қойғанда тілде бар дайын үлгіні пайдалану үшін сол атауларды мағынасына қарай лексика-семантикалық топтарға және тұлғасы мен жасалу жолдарына қарай жіктеудің, ғылыми-зерттеу еңбектеріндегі басы ашылған жайттарға негізделген құралдар дайындаудың да маңызы зор. Мәселен, оны түске байланысты атауларды топтастыру арқылы-ақ аңғаруға болады.

Ақбастау	Қызылжар	Қаракемер	Көктөбе	Сарыарқа
Ақбұлақ	Қызылқұм	Қарасаз	Көкөзек	Сарыжаз
Ақмола	Қызылағаш	Қараөткел	Көкшетау	Сарыағаш
Ақтау	Қызылорда	Қаратөбе	Көкбел	Сарысу
Ақшоқы	Қызылқоға	Қаратұрық	Көксенгір	Сарытау

Осылай топтастырудан түске байланысты атаулардың жер-су атауларының тіліміздегі үлес-салмағын байқап, қай түстің жиі кездесетінін, олай болуының себептерін анықтауға мүмкіндік алумен қатар осы дайын үлгіні қажетіне қарай пайдалануға болатындығына көз жеткіземіз. Осы сынды атауларды түрліше жіктеуге негізделген жалпыға бірдей



қолдануға арналған құралдар (анықтамалықтар, сөздіктер) дайындау қажеттігі ономастикалық жұмыстарды жүргізу барысында анық сезіліп отырғандығын айту керек.

Соңғы 5-10 жыл көлемінде ономаст ғалымдардың қатысуымен Ақмола, Алматы, Жезқазған, Шығыс Қазақстан облыстары жер-су атауларының сөздіктері жарық көрді. Осы сынды сөздіктер барлық облыстар бойынша дайындалып, басылып шығуы керек. Одан кейін де олардың жаңа басылымдарын толықтырып, өзгерістер мен табылған жаңа мәліметтерді қосып қайта бастырып отыру да үздіксіз атқарылатын жұмыстар ретінде дәстүрлі түрде жалғасып жатуы тиіс деп ойлаймыз.

Жалпы республикадағы ономастикалық жұмыстарды сауатты да жүйелі түрде жүргізу үшін лингвистикалық тұрғыда мынадай бағыттағы істердің атқарылуы қажет екендігі аңғарылып отыр:

Әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес әр аймақтың (облыстың, ауданның) **тарихи атауларын сол аймақ атауларын зерттеген тілші, географ, тарихшы мамандарды тарта отырып анықтау.** Арнайы зерттелмеген болса, білікті мамандардың қатысуымен мақсатты түрде зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру.

Ономастикалық атауларды құрамына қарай жіктеу. (біріккен атаулар, күрделі атаулар, дара атаулар)

Ономастикалық атауларды мағынасына қарай жіктеу. (Лексика-семантикалық топтарға бөлу)

Ономастикалық атауларды шыққан тегіне, қай тілге қатысына қарай жіктеу. (Қытайлық, парсылық, гректік, арабтық, монғолдық, қалмақтық, орыстық-еуропалық, көне түркілік, қазақтық төл атаулар)

Қазақ ономастикалық атауларының толық қорын жасау. (Электрондық, кітап түріндегі).

Терминологиялық атауларды да арнаулы салаларға жіктей отырып, екітілді, түсіндірмелі терминологиялық толық сөздіктер мен анықтамалықтар дайындап, ұлттық терминологиялық қордың электронды және қағазға басылған нұсқасын жасап, барлық терминологиялық жұмыстар сол дерекқорға негізделіп жүргізілуі қажет.

Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология және ономастика комиссияларының жұмыстары, еліміздің Ата заңы мен Тіл туралы заңдарына және терминтану мен ономастика саласындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне негізделе отырып жүргізілуге тиіс. Барлық терминологиялық және ономастикалық жұмыстар мемлекеттік тілдің мүддесін, ұлт тілінің төл табиғаты мен заңдылықтарын (фонетикалық, морфологиялық, орфографиялық, сөзжасамдық т.б.) сақтай отырып жасалған ономастикалық, терминологиялық қор қалыптастыру бағытында жүргізілуі керек.



Сөз соңында айтарымыз – терминологиялық жұмыстар да, ономастикалық жұмыстар да жоғары білікті ономаст, терминолог ғалымдардың, практик мамандардың қатысуымен, кәсіби деңгейде ұйымдастырыла отырып жүргізілуге тиіс.

*Қазақ ономастикасы мен терминологиясының мәселелері.
(Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары). – Алматы, 2005. -144 бет.
5-9 беттерде.*

Оним: мәдени және тілдік мағынасы

Қазіргі кезде мәдениеттің тілге әсерінің бар екені күмән келтірмейді, сонымен бірге тіл де мәдениетке әсер ететіні және сол тіл арқылы мәдениеттің зерттелетіні белгілі. Адамзаттың қоршаған ортаны танып білудегі көзқарасы мәдени құндылық ретінде сақталып, тілінде көрініс береді, яғни мәдениет те, тіл де рухани құндылық. Адамзаттың өзін-өзі, өзгені танып білудегі соңғы сатысы – әлемнің бейнесін когнитивтік тұрғыдан ғана емес, сонымен бірге көпдеңгейлі жүйе ретінде зерттеу қажеттілігі туындайды. Осы жүйедегі әлемнің жеке өзіндік көрінісі емес, оның адамға ашылуы, адамның оны ашуы және онда адамның өзінің бейнесі т.б. қарастыру антропоэзектік бағытты анықтайды. Осы тұрғыдан алғанда жалқы есімдерді зерттеу мәселесі қазіргі тіл білімінде ерекше мәнге ие, себебі онимдер о баста адамзаттың өзін-өзі/өзгені танудағы өнімі ретінде сол халықтың танымынан, мәдениеті мен тарихынан ақпарат береді.

Қазіргі тіл білімінде белгілі бір елге қатысты ономастикасы қалыптасқан, мысалы, «қазақ ономастикасы», «орыс ономастикасы», «түркмен ономастикасы» т.б. Онда сол елдің ономастикалық кеңістігін құрайтын онимдік разрядтар анықталады, мәселен, топоним, антропоним, этноним, эргоним т.б. Оларды отандық және шетелдік ономаст-ғалымдар белгілі деңгейде зерттеуде.

Сонымен бірге ономастиканы жоғары оқу орындарында, мектептерде арнайы курс ретінде оқыту мәселесі де өзекті, себебі тәлімгерлер мен оқушылардың тіл, тарих, мәдениет т.б. білімін байытуға, ғылыми ізденістер жүргізуге, өздігінен мақала, тезис, реферат жасауға мүмкіндік береді. Үлкен қалалардағы нысан атауларының (эргонимдер) дұрыс, тарихтан ақпарат беретін атаулардың берілуі тәрбиелік мәні зор үдеріс. Жалқы есім қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерден көрініс береді, тарихи реалийлерді өзіне жинақтап сақтайды. Олар, негізінен, тілдің көне қалпынан бастап көрініс береді. Жалпы есімдерде жасырын сақталған көптеген фактілер жалқы есімді талдау барысында ашылуы



мүмкін, себебі соңғысы өте көне болып есептеледі. Сондықтан өсіп келе жатқан жастарды тәрбиелеуде теория мен практиканы қатар қолдана отырып пайдалану маңызды. Бұл мәселені де қарастырып жүрген қазақ тіл білімінде ғалым-ономастар баршылық.

Осы тұрғыдан алғанда мектепте ономастиканы қосымша курс ретінде оқыту міндетті түрде орын алуы керек, яғни «Мектептегі ономастика» факультативті курсы танымдық-практикалық бағытқа ие, себебі оқушылардың ана тілі туралы білімін тереңдетеді және сөйлеу әдебін қалыптастырады. Курстың арнайы мақсаты оқушылардың тілдік, коммуникативтік және лингвистикалық білімін қалыптастыру болуға тиіс. Ал курстың міндеттері мынадай болуы қажет:

- оқушыларды жалпы және жалқы есімдердің тілдегі қызметімен кеңірек таныстыру;
- оқушылардың жалқы есімге деген қызығушылығын өмір салты, қазақ мәдениеті, тарихи тағдыры, көзқарасы айқын көрініс тапқан бірлік ретінде тудыру қажет;
- жалқы есімдерге, оларды таңдауға, қолданысы бойынша оқушылардың эстетикалық танымын қалыптастыру;
- сөйленісте жалқы есімдерді дұрыс қолдана білуі арқылы оқушылардың сөздік қорын арттыру;
- оқушыларға жалқы есімдерде көрініс тапқан туған өлкесін тануға, табиғи жағдайын зерттеуге және әртүрлі тарихи кезеңде орын алған адамдардың әлеуметтік-экономикалық өмірін тануға көмектесу;
- жалқы есімді таңдау, өзгерту, атау және ескі атауын қайтаруға қатысты ҚР заңымен оқушыларды таныстыру.

Онимдердің адамзат тарихының айғағы екені белгілі, сондықтан оқушылар мен студенттерді тәрбиелеуде ел ономастикасына қатысты мәселелерді аталған мақсат, міндеттерді орындай отырып, шешу маңызды.

Соңғы жылдары «әдеби ономастика» немесе «поэтоним» және «көркем шығарма ономастикасы» деген терминдер қолданылып, осы бағытта да біршама зерттеулер жүргізілді. Қазіргі лингвистикада көркем мәтін түзудің маңызды мәселелерінің бірі көркем шығарманың ономастикалық кеңістігін қалыптастыру болып табылады. Осыған орай, көркем мәтін онимдерін зерттеу нысаны ретінде алған еңбектер санының артуы – заңды құбылыс. Жалқы есімдердің көркем мәтін түзудегі қызметін зерттеу автордың ойын және мәтіндегі ақпаратты жеткізу мақсатында онимдік бірліктерді қолдануда автордың құқығын басты назарға ұстауға негізделеді. Қазақ тіл білімінде көркем шығарма ономастикасын зерттеуге бағытталған диссертациялық еңбектер саны артып келеді. Оларға статистикалық талдау жүргізгенімізде мынадай кесте шықты:

Жылы	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.	2010 ж.
Саны (шамамен)	3	2	2	4	3



Осы кесте арқылы көркем шығарма ономастикасына, онимдердің мәтін ішіндегі қызметіне, қолданыс ерекшелігіне қызығушылығының артқанын аңғаруға болады. Көркем мәтін ономастикасын зерттеу арқылы ұлт тілінің бай онимдік қорын анықтап, ақиқат және бейақиқат жалқы есімдер тізімін жасап, сөздік түзу мүмкіндігі ашылады.

Қазіргі кезде ел тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында кеңес өкіметі кезінде орын алған қазақ азаматтарының аты-жөнін бұрмалап жазу нәтижелерін түзету үдерісі басымдылық алып, тек қазақ қана емес, көптеген өзге ұлт өкілдері (ұйғыр, өзбек, күрд т.б.) тілдік нормаларға сай рәсімделуіне байланысты АХАЖ бөлімдеріне жүгінуде. Бұл қуантарлық құбылыс, дегенмен де жылдамдық қарқыны бәсеңдеу үдеріс екендігін айта кеткен жөн, яғни антропонимдердің дұрыс рәсімделуіне қатысты бірізділік мәселесі осы уақытқа дейін қажетті деңгейде көтерілмегенін аңғартады. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бірқатар ғалымдары әзірлеген антропонимдердің дұрыс рәсімделуіне қатысты нұсқаулық жақында жарыққа шықпақ. Онда кісі есімінің дұрыс жазылуына қатысты ғылыми негіздеме беріліп, мысалдармен дәйектелген.

Кеңес өкіметі кезінде тек кісі есімдерінің ғана емес, топонимдердің ұлт тарихынан ақпарат беретін, халық мәдениеті мен тұрмыс салтын көрсететін формасы жоғалып не бұрмаланып берілуі де орын алған. Осыған қатысты елде біршама топонимдердің бұрынғы атауы қайтарылып, көбісінің мәні ашылып, тілдік нормаға сай дұрыс рәсімделгенімен, осы уақытқа дейін тарихи атауын ала алмай келе жатқан астионимдер де кездеседі. Мысалы, кеңес өкіметі кезінде атеистік идеологияны насихаттау орын алған кезде *Петропавл* астионимінің қалыптасып, осы уақытқа дейін сақталуы және де оның тарихи атауы – *Қызылжар* болып қайта аталмауы ел наразылығын туғызып, намысқа тиетін мәселе екені дау тудырмайды.

Сонымен бірге прецедентті есім (коннотонимдер) мәселесі де қазақ тіл білімінде жан-жақты сөз болуда. Бізді қызықтыратыны метафораның бір түрі ретінде бұл феномен тілде ерекше қызмет атқаратындығы. Солардың негізінде ономастикалық семантикадағы тілдің мүмкіншіліктерін анықтауға болады. Мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарында астионимдердің (астионим – ойконимнің бір түрі, қаланың атауы) қолданысы: *Алматы – оңтүстік астана, апортты қала, Лондон – Тұманды Альбион*, хоронимдердің (хороним – топоним түрі. Кез келген территория, облыс, аудан, соның ішінде әкімшілік, қалалық т.б., мысалы, Латвия, Сібір, Шығыс Қазақстан облысы т.б.) қолданысы: *Қытай – Айдаһар елі, Жапония – Күнишығыс елі* т.б.

Бірқатар мемлекеттердің ресми атауларымен қатар бейнелі атаулары баспасөз беттерінде өте жиі қолданылады. Мысалы, қазақ газеттерінен алынған мына сөйлемдерге назар аударалық. «*Аспанасты елінен қауіп төне бастады*» («Нұр Астана», 6 тамыз 2009 жыл. № 31). «*Аспан асты еліндегі басқосу*» («Егемен Қазақстан», 14 қазан 2009 жыл. № 336).

Оңтүстік Корея елін – «Таңғы шық елі», Кубаны – «Бостандық аралы» (*остров свободы*), Англияны – «Тұманды Альбион елі» (*туманный Альбион*), Жапонияны – «Күншығыс елі» (*Страна восходящего солнца*), Қырғызстанды – «Демократия аралы» (*остров демократии*), Ватиканды – «Киелі тақ елі» (страна светого престола) деп берілуі белгілі бір елдің ғана мәдениетіне қатысты емес, әмбебап құбылыс, яғни ақпарат көздерінің (интернет, БАҚ т.б.) аз уақыттың ішінде әлемге таралу нәтижесі.

Өзіміз «орыс орман» дейтін көрші халықтың елі Ресейді «Орман елі», туысқан түркітілдес Қырғызстанды – «Айырқалпақтылар елі», Өзбекстанды – «Алашапандылар елі» немесе «Ала тақиялылар елі» деуіміз тікелей аударма емес. Бұл жоғарыда мысалға келтірілген аударма атаулардың үлгісімен жасалған, алайда қазақы пайымдау негізінде пайда болған прецедентті есімдер. «Тай елі» (Тай елі тас-талқан. «Айқын», 14 сәуір 2009 жыл. № 64) және «Айдаһар елі» («Аю биі» – Айдаһар елінің назарында. «Ана тілі», 14-20 қаңтар 2010 жыл. № 2) сияқты бейнелі атауларды да осы қатарға жатқызуға болады.

Әлемнің тілдік бейнесінде тек адамзаттың игерген когнитивтік кеңістігі ғана емес, сонымен бірге қажетті, өзекті білім мен өмірлік тәжірибе ұлттық тіл негізінде көрініс табады. Бұл өте маңызды, адамзат үшін өз тәжірибесін жүйелеудің және оны екінші бір индивидтің жетістігі ретінде анықтаудың бірден бір жолы: тіл әмбебап қатынас, қорытындылау және тану үшін бірегей құрал. Әр халықта әлемнің тілдік бейнесі өзінше ерекше, себебі оған әртүрлі факторлардың: экологиялық, әлеуметтік, мәдени-тарихи және этнопсихологиялық әсері болады. Сонымен бірге геосаяси аумақтық орналасуына байланысты көрші мемлекеттердің өзара қатынас әсері де орын алады. Алматы астиониміне қатысты оңтүстік астана, апортты қала Қазақстан халқының осы атауға қатысты мәдени семантикасына негізделсе, Лондон астионимі мен Қытай, Жапон хорониміне қатысты Тұманды Альбион, Айдаһар елі, Күншығыс елі территориялық ықпал негізінде әмбебап атау ретінде қалыптасқан. Сонымен, әлемнің тілдік бейнесі әртүрлі адамзаттық мәдениет арасындағы біріктіруші себепкер құрал.

Интернет желісі арқылы ақпараттың тез арада таралуы нәтижесінде тек көрші елдің ғана емес, сонымен бірге алыс шетелдердің де мәдениеті кеңінен таралады. Мәселен, газет беттерінде *Аватар-батыр* жалқы есімі қолданылған (Взгляд, № 17(153) 7.05.2010). Мұнда өзге ұлт мультфильмінің кейіпкеріне қазақтың *батыр* сөзі қолданылып, бұл мультфильмнің қазақ тіліне аударылғаны жөнінде сөз болған. Әрине, бұл біздің Тіл саясатының мәселесін шешпейді, себебі болашақ ұрпақты отансүйгіштікке, елге, тілге деген құрмет сезімін қалыптастырып тәрбиелеу үшін қазақтың төл ертегілерінің кейіпкерлерін қолданысқа барынша ендіру қажет екені анық. Дегенмен бұл да бір трансформацияланудың (онимденудің) бір формасы: артоним + деногат – *Аватар-батыр* жалқы есімі қалыптасты.

Онимдік семантикалық құрылымдардың әр деңгейлілік мәселесі өте өзекті, қызықты және күрделі. Онимдену, құрылымдық ерекшелік, уәж, функционалдық ерекшелігі, оқыту үдерісіндегі практикалық қолданыс т.б. мәселелері әр уақытта да өзекті болып табылады.

*«Қазақ ономастикасы: басым бағыттар мен үлгілі үрдістер» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары.
ҚР Мәдениет министрлігі, Алматы облыстық әкімдігі.
–Алматы, 2010. 23-27 беттерде.*

Республика аумағындағы көше атаулары жазылған тақтайшалардың (аншлагтардың) бүгінгі жай-күйі

Көше аншлагтары әр түрлі ғимараттар, үйлер, мекемелер мен кәсіпорындардың қасбеттерін рәсімдеудің ажырамас бөлігі. Кез келген адам беймәлім елде, қалада не көшеде тек осы белгілер арқылы ғана адаспастан, бағыт-бағдарын анықтай алады. Сондықтан бұл да ономастика саласындағы реттеуді қажет ететін мәселелердің бірі.

Осы көше атаулары жазылған белгілердің маңыздылығын ескере отырып, бүгінгі республикалық «дөңгелек үстелдің» тақырыбына осы мәселені арқау еткеніміз өте орынды деп санаймын.

Сонымен қатар, көше атаулары жазылған тақтайшалардың дұрыс жазылып, дұрыс орналастырылуымен қатар, олардың еліміздің әр қаласында, әр елді мекенінде бірыңғай үлгіде жасалынып, ілінуі көшелеріміздің сәулетін, көркін арттыра түсер еді.

Өйткені қазіргі таңда еліміздің көшелерінде осы ақпараттық белгілерді орналастыруда ала-құлалықтың белең алуы бүгінгі күні ерекше көкейкесті мәселеге айналып отыр.

Бұл мәселе тек қана біздің елімізде ғана емес, басқа да бірқатар елдерде өзекті болып тұр, мысалы, көрші Ресей елінің астанасы Мәскеу қаласының көшелеріндегі белгі тақтайшаларда да бірізділік жоқ. Сондықтан Мәскеу қаласының Сәулет және қала құрылысы комитеті көше атаулары мен реттік нөмірлердің жана дизайнын және оларды орналастырудың тұжырымдамасын жасаған. Бұл тұжырымдамада белгі аншлагтарды нысанның қала құрылымында орналасу есебіне сай ілу, магистральдық көшелер үшін аншлагтардың көлемін үлкейту және бірыңғай түс жүйесін қолдану көзделген. Сонымен қатар қаланың әр бөлігіне арналған аншлагтардың бірнеше стилі де жасалған. Мәселен, аншлагтар қаланың орталығында, қала орталығынан шамалы алшақтау бөлікте және қаланың шеткі жақтарында әр түрлі болуы қарастырылған. Қазіргі таңда бұл жоба қызу талқыланып жатыр.

Сондай-ақ Сіздердің назарларыңызға Париж, Нью-Йорк, Сингапур, Лондон және т.б. кейбір шетел қалаларының көшелеріндегі аншлагтарының үлгілері ұсынылып отыр.



Ал енді Республика аумағындағы көше атаулары жазылған тақтайшалардың (аншлагтардың) қазіргі жай-күйі қандай деген күн тәртібіндегі басты мәселенің біріне тоқталайық. Осы бүгінгі бәріміздің бас қосып отырған шараны ұйымдастыру барысында әр облыс бойынша сараптау жүргізілді. Осыған сәйкес белгі тақтайшалардың елді мекен ішінде, тіпті бір көше бойында ала-құла, әртүрлі көлем мен үлгіде орнатылғаны белгілі болды (*Слайдтарға назар аударыңыздар*).

Алматы қаласы. Қала көшелерінің кейбіріне жаңа үлгідегі аншлагтардың ілініп, кейбіріне ілінбеуі қала көркіне ала-құла реңк беріп тұр.

Астана қаласы. Қаланың ерекше мәртебесінің арқасында көше белгілері ретке келтірілген. Көше атаулары жазылған аншлагтар тақтайшалардың үлгілері көңілге қонымды, жақсы жасалған. Көше атауы мен ғимараттың реттік нөмірінің бір тақтайшада жазылуы, оларды оңтайлы орналастыруға, бірізділіктің сақталуына мүмкіндік береді. Көше атаулары тек мемлекеттік тілде жазылған.

Көкшетау қаласы. Мұнда да жаңа үлгілер мен ескі үлгілер араласып кеткен, көше атауы мен ғимараттың реттік нөмірінің екі бөлек тақтайшада жазылуынан оларды орналастыруда бірізділік сақталмаған.

Ақтөбе қаласы. Бұл қалада да реттік нөмірлер жазылған тақтайшалар көше атауы бар тақтайшаға қатысты әр түрлі биіктікте, кейде астында, кейде үстінде орналасқан.

Атырау қаласы. Жаңа үлгілер мен ескі үлгілер араласып кеткен.

Жамбыл облысы. Облыс орталығы мен әр ауданда ілінген көше атауы мемлекеттік тілде ғана жазылып, белгі тақтайшалар бір үлгіде жасалған.

Қарағанды қаласы. Көше атаулары кей көшелерде тек орыс тілінде жазылған, тақтайшалар бірізді емес.

Қостанай қаласы. Көп жерде атаулар аударылып, қос тілде жазылған, тақтайшалар бір үлгіде жасалмаған.

Қызылорда қаласы. Атаулар мемлекеттік тілде жазылған, кей көшеде «атындағы» сөзі қоса берілген.

Маңғыстау облысы. Мұнда да бірізділік жоқ.

Оңтүстік Қазақстан облысы. Облыс орталығындағы көшелерде бірізділік жоқ. Жол бойындағы көшелер атауы жазылған белгі тақтайшалар өте үлкен көлемде, әр түрлі үлгіде жасалған.

Павлодар қаласы. Көше атаулары аударылып, қос тілде жазылған, тақтайшалар бір үлгіде жасалмаған.

Петропавл қаласы. Мұнда да көше атаулары аударылып, қос тілде жазылған, тақтайшалар бір үлгіде жасалмаған.

Өздеріңіз көргендей еліміздің қалаларының, облыс орталықтарының көшелеріндегі белгі тақтайшалар әр алуан, сан түрлі. Тәуелсіздік алып, еңсемізді түзеп, жаңа заманға нық қадам басып, көркейіп келе жатқан қалалар мен елді мекендеріміздің көркін бұзатын мұндай ала-құлалықтан құтылып, олқылықтарды түзететін кез жетті. Сонымен қатар, тақтайшалардағы көше аты тиесілі тұлғалардың есімдері әр түрлі жазылуда. Мы-



салы, бір жерде Б.Момышұлы десе, бір жерде Бауыржан Момышұлы, кейбір халық арасына есімі Ақан сері, Біржан сал, Күйші Дина болып таралып кеткен тұлғалардың жалқы есімдері, кей жерлерде Ақан сері Қорамсаұлы, Біржан сал Қожағұлы болып жазылып жүр. Бұл мәселені де әдістемелік тұрғыдан реттеп, жүйеге келтіру қажет.

Сондықтан, республика көлемінде көше атаулары жазылған тақтайшаларды біріздендіру мақсатында келесіні ұсынамыз:

1. Астана қаласының көше аншлағтарының үлгісін қолдану (эскиз слайдтары);
2. Тақтайшаларға тұлғалардың есімдерін толық жазу (Бауыржан Момышұлы);
3. Ақан сері, Біржан сал, Күйші Дина, Құрманғазы сияқты тұлғалардың есімдерін сол күйінде жазу;
4. Көше атауларын, ешқандай аудармасыз тек мемлекеттік тілде жазу.

Астана мен Алматы, облыс орталықтарындағы тек мемлекеттік тілде жазылған көшелердің атауынан кейін «көшесі, улица, street» деп жазу (Астана қаласының үлгісімен) мәселесі бүгінгі жиынға қатысушы мамандар мен ғалымдардың талқысына ұсынылады. Осыған байланысты пікірлеріңізді ортаға салуларыңызды сұраймыз. Мәселен, 2010 жылдың маусымынан бастап, Жамбыл облысы көше атауларын бір үлгімен «АБАЙ көшесі» түрінде тек мемлекеттік тілде ғана көк түсті тақтайшаға жазып, облыс көлемінде бірізділік орнатуға көшкен. Бұл жұмысқа жергілікті бюджеттен қомақты қаржы бөлінген. Бұл жалпы дұрыс үрдіс. Алайда осы жұмыстың атқарылып жатқаны жөніндегі ақпарат Тіл комитетіне, ҚР Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясына 2012 жылы жолданған. Егер Қазақстанның әр облысы көше аттарын өз қалауынша бірі ақ, екіншісі көк, үшіншісі жасыл түспен жазып, әр түрлі көлемдегі, дизайнерды да әркелкі тақтайшаларды іле берсе не болмақ? Онда облыста бірізділік сақталғанымен, еліміздің әр өңірінде көше атауларын әр түрлі жазу белең алып кетері сөзсіз. Соның алдын алу мақсатымен біз бүгінгі жиынды өткізіп отырмыз. Қазақстанда тіркелген көліктердің мемлекеттік нөмірлері сияқты бүкіл көше атаулары да біркелкі болғаны (тақтайшаның түсі, көлемі, безендірілуі, жазудың шрифті мен түсі) жөн деп білеміз.

Мысалы, Астана көшелеріндегі көше атаулары жазылған тақтайшалар бір стилмен жасалған, ұлттық оюлармен безендірілген. Көше атауы мен ғимараттың ретік нөмірлері бір тақтайшаның бойында қатар орналасқан. Олардың жарық шағылыстыратын материалдан жасалуы ұтымды, сонымен қатар жол бойындағы, жол қиылыстарындағы көше атаулары жазылған тақтайшалардың металл қоршаудың ішінде болуы олардың беріктігін арттырып, ұзақ уақыт қызмет атқаруына ықпал етіп тұр. Мемлекеттік тілде ғана жазылған көше атауының оң жақ шетіне кішірек шрифтімен «көшесі, улица, street» берілуі өзге өңірлерден ерекшеленіп отыр. Осы үш тілде жазу қажет пе?, қолдануыстағы заңдарымызға сай ма? деген сұрақтардың жауабын беруіміз қажет. Республикалық маңызы бар



кала, облыс орталығы, шағын қалалар, аудан орталығы, ауыл көшелеріндегі аншлагтардың бәрін бірдей жазамыз ба деген мәселелерді бірлесіп талқылау маңызды болып отыр. Бүкіл республика көлеміндегі көше атаулары жазылған тақтайшаларды біріздендіру өте маңызды іс. Сондықтан бүгінгі дөңгелек үстелге орталық мемлеттік органдардан, бүкіл аймақтардан келіп қатысып отырған осы іске жауапты құрылымдардың өкілдері, облыстық тіл басқармаларының бастықтары, тілші-ономаст ғалымдар ойларыңызды ортаға салуларыңызды, біздің жоғарыда айтқан ұсыныстарымызды ескеріп, әлемдік тәжірибені де назардан тыс қалдырмауларыңызды сұраймыз.

Әлемдік тәжірибе мен республикадағы көше атауларының бүгінгі жай-күйінен хабардар ететін слайдтар төменде қосымша беріліп отыр.


Слайдтар

Шет ел қалалары көшелеріндегі аншлагтардың үлгілері

Мәскеу қаласы



Мәскеу қаласының Сәулет және қала құрылысы комитеті жасаған жоба үлгісі



Париж қаласы



Нью-Йорк қаласы



Лондон қаласы

Сингапур қаласы

Одесса қаласы



Республика аумағындағы көше атаулары жазылған аншлаптар

Ақтөбе қаласы



Алматы қаласы



Астана қаласы



Атырау қаласы



Көкшетау қаласы



Қарағанды қаласы





Қостанай қаласы



Қызылорда қаласы



Маңғыстау қаласы



Павлодар қаласы



Петропавл қаласы



Тараз қаласы



Шымкент қаласы



*«Өңірлердегі ономастика мәселелері:
көше атаулары жазылған тақтайшаларды біріздендіру»
атты республикалық дөңгелек үстел материалдарының жинағы.
–Астана, 2012. 7-17 бб.*

A decorative border with intricate scrollwork and floral patterns surrounds the central text.

**Тілді оқыту әдістемесі – тіл үйретудің
тиімді тәсілдерін анықтауға
бағытталыған ізденістер**

Университеттік білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді оқытудың өзекті мәселелері

Мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің қоғамдық өміріміздің барлық саласында өз мәртебесіне лайық қызмет ете алмай жатқандығы ешкімге де құпия емес. Білім беру саласында да мемлекеттік тіл тиісті қызметін толық атқарып отыр деуге әлі тым ертерек. Оған қол жеткізу үшін алдағы уақытта көптеген жұмыстар атқарылуға тиіс. Ең алдымен, мемлекеттік тілді оқытуға тікелей әсер ететін жайттардың басы ашылуы керек. Оқу процесіне жаппай немесе жекелей әсер ететін ондай факторларды ағылшын ғалымы Дж.К.Кэтфорд өз еңбегінде атап көрсеткен болатын¹.

Қазақстан жағдайындағы қазақ тілін оқытуға байланысты ондай қиындықтар туралы бұған дейін біз де сөз еткенбіз².

Ендігі жерде біз мемлекеттік тілді оқытудың процесіне жаппай әсер ететін басты фактор жайында сөз қозғауды мақсат етіп отырмыз. Дәлірек айтқанда, тілдік ахуалдың тілді оқытудағы орны туралы сөз болмақ.

Әлемнің көптеген елдерінде тілдік ахуал тиісті деңгейде орнықпаған. Мәселен, Азия мен Африканың біраз елдерінде жалпымемлекеттік тілді таңдау жақын арада шешімін таба қоймайтын күрделі мәселелердің біріне айналып отыр. Бұндай жағдай сондай-ақ дамушы елдердің көпшілігіне ортақ. Кеңес одағы ыдырағаннан кейін құрылған тәуелсіз мемлекеттердің бірі болып табылатын Қазақстанда да бұл мәселенің толық шешімін таба алмай отырғаны белгілі.

Мемлекеттік мәртебеге ие болған тіліміздің мемлекеттік тіл атқаруға тиісті қызметтерді атқара алмай отыруының себептері жеткілікті. Мұндай жағдайдың қалыптасуы Кеңес одағы кезінде жүргізген солақай саясатпен тікелей байланысты. Аяқталып келе жатқан ғасырдың бас кезінен бастап 30-жылдарға дейін қазақ тілінің қоғамдық қызметінің кеңеюіне үлкен мән беріліп, оның қолданыс аясы барынша ұлғайып келе жатқан еді. Бұл істің басында А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, С.Қожанұлы, М.Дулатұлы, Ж.Күдерин, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев сынды осы кезеңде еңбек еткен қазақ зиялылары болды. Олар қазақ тілінің өркендеуіне елеулі үлес қосты. Алайда отызыншы жылдардан бастап орталық айтқанын бұлжытпай орындайтын «Сталинизм бүкіл жер жүзінде жеңіп, әбден орнығып, қалыптасып кеткен уақытта ұлт тілдері де айқасып, ортақ бір тілге айналып кетуі сөзсіз» деген Сталин нұсқауын жүзеге асыру бағытын

¹ Кэтфорд Дж.К. Обучение английскому языку как иностранному // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXV. – М., 1989. С.369.

² Құрманбайұлы Ш. Тілдік ахуал – мемлекеттік тілдің оқытылуына жаппай әсер етуші фактор // Мемлекеттік тіл және компьютер. – Астана, 1998. 34-37 беттер.



ұстанушылар саяси аренаға шықты. Ұлт тілінің қоғам өмірінің барлық саласында қызмет етуін көздеген оқығандар «ұлттышылдар» деп танылып қуғын-сүргінге ұшырады. Орталықтың жүргізіп отырған ұлтсыздандыру саясатына кедергі келтіретін болғандықтан, ақыры әкімшіл-әміршіл жүйе, білікті ұлттық кадрларымыздан айырды. Қолдан жасаған ашаршылық пен репрессия, екінші дүниежүзілік соғыс пен тың игеру жергілікті халықтың өз жерінде азшылыққа айналып, ұлттық өркендеу үшін қажетті шарттардың бірі болып табылатын демографиялық жағдайдың өзгеруіне әкелді.

Орыс тілі Кеңес одағы деп аталатын ірі державаның бірегей мемлекеттік тіліне айналды да, оның мәртебесін биіктету үшін көптеген өзге ұлттардың тілдерінің қолданыс аясы тарылып, олардың еркін дамуына жол берілмеді. Қазақ тілі де соңғы аталған тілдердің қатарына қосылып «болашағы бұлыңғыр» тілдердің бірі деп саналғандықтан 90-ыншы жылдарға дейін мүмкіндігі шектеліп келді. Соның салдарынан кейінгі алпыс жылдай мерзім ішінде ұлттық рух әлсіреп халықтың елеулі бөлігі өз тілін білмейтін немесе ана тілінде оқып, жаза алмайтын дәрежеге жетті. Тіпті кейбір ана тілінің болашағына сенбейтін, оған жат көзбен қарайтын, өз тілін тәрк етіп өзге тілмен өмір сүргісі келетіндер пайда болды. Мұның бәрі кеңестік идеологияның, одақтық тіл саясатының белсенді жұмысының нәтижесі екендігінде дау жоқ.

Әлсіреген ұлттық сананы көтеріп, одақ кезінде қалыптасқан тілдік ахуалды тәуелсіз мемлекетіміздің өз мүддесіне сәйкес өзгертудің оңай іс емес екендігін уақыттың өзі көрсетіп отыр. Сондықтан мемлекеттік тіл қоғам өмірінің сан түрлі саласында өзінің заңды мәртебесіне лайық қызмет етуіне қол жеткізу үшін Қазақстанның барлық азаматтары оған өз үлесін қосуы керек. Жасыратыны жоқ, тілдік ахуал берік орныққанға дейін де одан кейін де тілдің иесі болып табылатын халықтың әрбір ұл-қызы бұл істе өзін екі есе жауапты сезінбесе болмайды. Өйткені мемлекеттік тіл – біздің тіліміз.

Оның тағдырына ең алдымен алаңдайтын да, республика жұртшылығына оны құрметтеудің үлгісін көрсететін де, сондай-ақ керек жерінде қорғайтын да өзіміз болуға тиістіміз. Өкінішке қарай, бұл деңгейден көріне алмай жатқандығымыз да бүгінгі күннің шындығы. Ол да күні кешеге дейін ұлтсыздандыру саясатының жетегінде жүріп, қазақ емес, кеңес адамы болуға ұмтылуымыздан, ана тілімізді арымызға балап, оны ұлттың жаны, қастерліміздің қастерлісі ретінде бағалай алмай келгендігімізден болса керек. Соның салдарынан қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болған бүгінгі таңда да оның қоғамдағы өз орның иеленуіне айрықша атсалысып жатқан түріміз байқалмайды.

Жалпы мемлекеттік тілге деген қажеттілік туындамай осы уақытқа дейінгі қалыптасқан тілдік ахуалдың өзгере қоюы қиын. Ғасыр басында халқымыздың елеусіз ғана бөлігі білетін орыс тілін қысқа мерзімде



менгеріп, тіпті өз тілімізді ұмытатын деңгейге жеткізген де орыс тіліне деген қажеттілік болатын. Қазақ тілі мемлекеттік тіл болғандықтан оған деген қажеттілікті мемлекеттік басқару жүйесінің өзі туғызуға міндетті.

Рас, бізде заң жүзінде ондай қажеттілік бар деуге болады. Тілдер туралы заң қабылданды. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі белгіленді. Енді ол заңды жүзеге асыру – қазақстандықтардың барлығына ортақ міндет.

Бұл міндетті атқаруда жоғары оқу орындарының, оның ішінде, білім ордаларының қара шаңырағы болып саналатын біздің университетіміздің рөлі айрықша. Түрлі мамандықтар бойынша жоғары білім алып шығатын университет түлектері ертең еліміздің әр түкпірінде қызмет ететін болады. Олар бүгін университет қабырғасында мемлекеттік тілді жақсы менгеріп, оны құрметтеуге үйренсе, ертең өз қызметінде оны пайдаланып, сол арқылы тілдің өрісінің кеңеюіне үлес қоса алады.

Ондай маманның өсіп шығуы үшін оның білім алып жатқан ордасында қазақ тілі сабағының сапалы жүргізілуімен қатар, қазақ тіліне деген қажеттілікті, әр түрлі пәндерден сабақ беретін ұстаздардың мемлекеттік тілге деген құрметін ол бүгін сезінуі керек. Тілдік ахуалдың екінші тілді оқытуға әсерін арнайы сөз еткен ғалым Ч.А.Фергюсонның белгілі бір елде қатар қолданылатын екі тілдің қайсысы қандай жағдайда қолданылатындығы және адамдардың ол тілдердің әрқайсысына деген көзқарасы сол елдің тілдік ахуалын көрсететін ең маңызды фактор деуінде үлкен мән жатыр¹.

Яғни, тек қазақ тілі пәнінің мұғалімдері ғана емес жалпы университет ұжымының, негізінен профессорлар мен оқытушылар құрамының бүгінгі студент, болашақ мамандардың мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастырудағы рөлі өте үлкен.

Ендеше, ең алдымен оқытушылар қауымының өздерінің мемлекеттік тілге деген көзқарасы түзу болуы керек. Ұстаздарының мемлекеттік тілді құрметтеп, бұрын білмегендерінің оны оқып үйреніп жүргендігін немесе күнделікті өмірінде жұмыс барысында кеңінен қолданатындығын көрген шәкірттердің де ұстаздарына ұқсап тілді де, елді де шынайы сыйлап үйренері сөзсіз.

Көп жылдар бойы жоғары оқу орнын басқарып, елдің құрметіне бөленген азаматтың бірі марқұм профессор М.Арын былай деген еді: «Педагогика грекшеден аударғанда «бала тәрбиесі» ғой. Бұл қазаққа келіңкіремейді. Қазақ бірінші кезекте үлкендерді тәрбиелеген. Үлкен тәрбиелі болса, кіші өзінен-өзі тәрбиелі болады. Өнегесімен»².

¹ Фергюсон Ч.А. Проблемы влияния языковой ситуации на обучение второму языку // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. XXV. – М., 1989. С.123.

² Арын Мұхтар. Тәрбие деген тәңір бар // Бес анық. – Алматы, 1996. - 83-б.

Тәжірибелі ұстаз әділ көрсеткендей, тілді құрметтеуді де біз өзімізден бастауға, білім алушыларға үлгі көрсете білуге тиістіміз. Мұндай тәрбие отбасынан, балабақшадан басталып жоғарғы оқу орындарында да жалғасып жатқанда ғана мемлекеттік тілдің көсегесі көгермек.

Сондықтан да өзіміз еңбек етіп жүрген кафедрामызда, факультетімізде жалпы университетімізде тілдік ахуалды қалыптастыру – баршамыздың төл міндетіміз. Тіл қажет болып, оған деген оң көзқарас қалыптасқан жерде ол тілді оқытудың да жемісті болатындығына еш күмәндануға болмайды.

Ал тілдік ахуалды қалыптастырудың ең басты шарты – қажеттілік. Онда қажеттілікті қалай туғызамыз? Жоғарыда айтқанымыздай, қажеттілік туғызудың заңдық негізі бізде бар. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып табылады. Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы заң қабылданды. Біз де өз жұмысымызды соған сәйкес жүргізуіміз қажет.

Мемлекеттік тілге деген құрметтің әрі қажеттіліктің ең басы оқуға қабылдаудан басталуға тиіс. Орыс бөлімдеріне қабылданатын студенттердің бәрі де мемлекеттік тілден емтихан тапсыруы керек. Яғни, қабылдауға арналған тест тапсырмаларының ішінде қазақ тілінен де сұрақтар болуы немесе қабылдау емтихандарының алдында әңгімелесу (собеседование) өткізілуі қажет.

Бұл – қазақ тілінің мектептерде де оқытылу деңгейінің жақсаруына да тікелей әсер етеді. Жоғары оқу орнына қабылданған студент болашақта мемлекеттік тілді өз қызметінде пайдалана алатын маман болуы үшін тілге жеткілікті сағат бөлініп, соңғы курстарға дейін оқытылуы тиіс. Мемлекеттік тіл болғандықтан, соңғы курста одан мемлекеттік емтихан болуы керек. Сонымен бірге, жоғарыда айтқанымыздай, университет ішілік тілдік ахуалды қалыптастырудың маңызы өте зор. Университеттің тілдік ахуалы – әр түрлі деңгейдегі ресми (ғылыми кеңес, конференциялар, мәжілістер, т.б.) жиналыстардың өтуінен сондай-ақ барлық ісқағаздарының жүргізілуінен, хабарландыру, жарнама, сабақ кестелерінің мемлекеттік тілде жазылуынан көрінеді. Мұндай жағдай қалыптасу үшін алдымен, университет ұжымының мемлекеттік тілді оқып-үйренуіне айрықша көңіл бөлінбесе тағы да болмайды.

Алдағы уақытта мемлекеттік тілдің қоғамдық өміріміздің барлық саласында өз мәртебесіне сәйкес толық қызмет етуіне қол жеткізу үшін оқулықтар мен оқу құралдарының, әдістемелік құралдарының, түрлі сөздіктердің жазылуына және болашақта мұндай істерді атқара алатын білікті ұлттық кадрларды даярлау үшін ғылыми еңбектерін қазақ тілінде жаза алатын аспиранттар мен ізденушілерді көбейтудің ерекше мәні бар.

Жалпы бұл жұмыстардың нақты жүзеге асуы үшін университеттің мемлекеттік тілдің білім беру жүйесіндегі қызметін қалыптастыру мен





дамытуға арналған кешенді бағдарламасы жасалуы қажет. Барлық факультеттер мен кафедралар соған сәйкес жұмыс істесе, университетте тілдік ахуалдың орнығары сөзсіз. Ал тілдік ахуалдың оқу процесіне жаппай әсер ететін ең басты фактор екенін ескерсек, мемлекеттік тілді оқытудың сапасы да жақсарып, оған деген құрметтің артып, қажеттіліктің туындайтынына еш күмәндануға болмайды.

ҚазМУ Хабаршысы:

*Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы.
– №1-2. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. - 130-133-бб.*

Қазақ тілін орыстілді аудиторияда оқытудағы қиындықтар

Қазақ тілін орыс мектептерінде, жоғарғы және арнаулы оқу орындарының орыстілді бөлімдерінде оқыту кезінде кездесетін қиындықтар туралы сөз болғанда, көбінесе оқулықтар мен әдістемелердің жеткіліксіздігін, оқытушылардың кәсіптік деңгейінің талапқа сай еместігін айтумен шектеліп жүрміз. Алайда мәселенің мәнісіне тереңірек үңілер болсақ, бұл аталған себептердің қазақ тілінің оқытылу процесіне әсер етуші факторлардың ең бастысы бұлар емес екендігін аңғаруға болады. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Дж. Кэтфорд көрсеткен (Дж.Кэтфорд. Обучение английскому языку как иностранному. Новое в зарубежной лингвистике. XXV т. – Москва, 1989. стр. 369) тілді үйрету барысында кездесетін қиындықтарға жеке-жеке тоқтала отырып, оларды Қазақстан жағдайына сәйкес талдап көрелік.

Бірінші қиындық – тіл оқытылып жатқан елдің географиялық жағдайы, саяси бағыты және экономикалық жағдайы.

Қазақстанның табиғи жағдайы немесе территориясының кеңдігі қазақ тілін оқытуға кері әсер етіп жатыр деп айта алмаймыз, бірақ, бір ғасырға жуық одақтас болып, сол одақтың тізгінін бір өзі ұстап қалғандарымызды аузына қаратып келген Ресей мемлекетімен территориямыздың бүкіл солтүстік, батыс аймағы шектесіп жатқандығы, іргелес ірі ел ретінде ТМД құрамында осы елмен саяси экономикалық және мәдени байланыста болуымыз одақ кезінде шырқау биікке көтерілген орыс тілінің беделінің сақталуына өз ықпалын тигізіп отырғаны анық. Онысыз да зор беделге ие болған тіл мен еркіндігін енді алып атқа жаңа қонған қазақ тілінің қатар жүруі қайсысына көбірек зиян тигізетіні айтпаса да түсінікті.

Екінші қиындық – ел ішіндегі тілдік ахуал. Қазақстанда бірнеше ұлттардың өкілдері тұрып жатқанымен, қазақ тілімен мемлекеттік мәртебеге таласатын тек орыс тілі болып отырғандығы ешкімге құпия емес. Оның себебі – орыс тілі одақ кезінде №1-ші тіл болып, оқу, ісқағаздары, мемлекетті басқару т.б. тілдің қоғамдық қызметінің барлығын дерлік осы тіл атқарды. Көп ұлтты қазақстандықтардың балалары орыс мектептерінде



оқыды. Жергілікті қазақ ұлты да осы дәстүрді онша бұза қойған жоқ. Өз ана тілінде тілі шығып, дүниені сол тіл арқылы танымағандықтан, ұлттық дәстүрде тәрбиеленбегендіктен өз қандастарымыздың ішінен ана тілінің тағдырына немқұрайлы қарайтындар, оның болашағына аландамайтындар пайда болды. Конституциямызда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп жазылғанымен іс жүзінде олай болмай отыруына тек өзге ұлт өкілдерін, әсіресе орыс ағайындарды кінәлауға дайын тұрамыз. Алайда, өктемдік психологиясынан арыла алмай жүрген кейбір отандастарымызға біз өз тілімізді айырықша қастерлейтіндігімізді, ана тілімізді арымызға балайтындығымызды көрсете алмай отырмыз.

Осы үрдісті жалғастырып қазақ тілін кейінгі қатарға ығыстыра берсек, қазақ тілінің, қазақ ұлтының мүддесін кім қорғамақ? Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қоғамдық өміріміздің бар саласында қолданылып, оның қажеттілігі артпайынша, отандастарымыздың оған деген көзқарасы өзгере қоймайды.

Үшінші қиындық – оқушылардың жасы, қабілеті, білімі, мәдени деңгейі, тілді үйрену мақсаты. Университет жағдайында тіл үйренушілердің жас мөлшері шамалас болғанымен, олардың білімін, мәдени деңгейін, қабілетін бір деңгейге қоюға болмайды. Ол студенттің отбасы тәрбиесі мен мектеп жағдайына байланысты әркелкі болады. Жалпы бұл құбылыс кез келген өркениетті елдің оқу жүйесіне тән деуге болады. Тіл үйрену мақсатына келсек ұлты қазақ студенттер өз ана тілінде еркін сөйлеуді, өзге ұлт өкілдері өздері тұрып жатқан қазақ елінің мемлекеттік тілін игеруді мақсат етуі керек. Алайда, барлық студент алдарына осындай мақсат қойып жұмыс істеп жатыр десек артықтау болар еді. Олай болу үшін мемлекеттік тілдің беделін көтеретіндей табанды тіл саясаты жүргізіліп, қазақ тіліне көшу мерзімі анық көрсетілген, жыл сайын өзгеріске ұшырай бермейтін тіл заңы, соған сәйкес бағдарлама белгіленіп, оның орындалуы қатаң қадағаланып отыруға тиіс. Сондай жағдайда ғана бүкіл қазақстандықтардың қазақ тілін үйренуді өздеріне мақсат етіп қоюына негіз жасалған болар еді.

Төртінші қиындық – оқытушының кәсіптік дайындығы, оның тәжірибесі мен мәдени деңгейі.

Оқытушының педагогика саласындағы стажы мен жинақтаған тәжірибесіне, педагогтік қабілетіне, ізденіштігіне орай бұл қасиеттер әр мұғалімде әр түрлі деңгейде болады. Қазіргі қоғамымыздағы дағдарыс, әсіресе білім беру, ғылым мәдениет саласында қатты байқалып отырғандықтан оқытушылардың кәсіптік деңгейін көтеруге де кері әсерін тигізбей отырған жоқ.

Бесінші қиындық – үйретілуші тілдің сипаттамасы және оның үйренушілер тілінен айырмашылығы.

Қазақ тілінің дүниежүзі тілдерінің ішіндегі орны айқындалған: фонетика, лексика, грамматика сияқты салаларындағы зерттеулер оның



өзіне тән ерекшеліктерін сипаттап бере алады. Қазақ және орыс тілдері генеалогиялық тұрғыдан да типологиялық тұрғыдан да бөлек-бөлек топтарға жататын тілдер. Генеалогиялық топтастыру бойынша қазақ тілі түркі тілдер тобының қыпшақ тобына, орыс тілі үндіевропа тілдерінің славян тобына ал типологиялық тұрғыдан қазақ тілі аглютинативті тіл болса, орыс тілі флективті тілдер қатарына кіретіні белгілі. Мұндай айырмашылықтар тіл үйрену барысында өзіндік қиындықтар туғызады.

Аталған факторлардың ішінен оқу процесінің жалпы сипатына жаппай кері әсер ететіндері – республикадағы тілдік ахуал мен елдің экономикалық жағдайы. Ал қалғандары оқыту процесіне жекелей әсер еткенімен жалпылық сипатқа ие бола алмайды.

Ч.А.Фергюсонның белгілі бір елде қатар қолданылатын екі тілдің қайсысы қандай жағдайда қолданылатындығы және адамдардың сол тілдердің әрқайсысына деген көзқарасы сол елдің тілдік ахуалын көрсететін ең маңызды мәселе деуінде үлкен мән жатыр (Ч.А.Фергюсон. Проблемы влияния языковой ситуации на обучение второму языку. Новое в зарубежной лингвистике. 1989. стр. 123.).

Елдің тілдік ахуалының тілді оқытуға әсерінің мол екендігін жоғарыда айттық. Қазақ тілі заң жүзінде Қазақстанның мемлекеттік тілі болып саналғанымен іс жүзінде екінші тіл. Өзге отандастарымызбен қатар өз қандастарымыздың да елеулі бөлігі қазақ тілін екінші тіл ретінде үйренуде. Жеті атасынан бері өзін қазақпын деп санайтын қазақтың ұл-қыздары университетке, институтқа келгенде орыс, неміс, корей ұлттарының өкілдерімен қатар бастауыш топта отырып ана тілін үйренуді жаңа бастап жатқандығы қуанарлық жайт емес. Керісінше, оларды «өздері қастерлеп үйренуге асықпайтын тілдерін бізге неге міндеттейді екен?» деген ойға өзіміз итермелейтін сияқтымыз. Жалпы біз ұлтымыздың, тіліміздің болашағын шын ойлайтын ел болсақ, ең алдымен ұлты қазақтардың балабақшадан бастап ана тілінде тәрбиеленуіне, оқуына қол жеткізуіміз керек. Ол үшін ХХІ ғасырдың келуін немесе кейбір ата-аналардың ұйықтап кеткен ұлттық намысының оянуын күтіп отыра берудің еш қажеті жоқ. Ондай шешім республикадағы тілдік ахуалдың қазақ тілінің пайдасына шешілуіне оң ықпалын тигізері сөзсіз. Ал тілдік ахуалдың жақсаруы – қазақ тілінің оқытылу сапасына тікелей әсер ететіндігіне күмән келтірмеуге болады.

Қазіргі кезеңде қазақ тілін оқыту барысында осындай қиындықтардың орын алып отырғандығына қарамастан, қазақ тілінің оқытушылары мен оқулық жазушы авторларды мемлекеттік тілді оқытудың әдістерін жетілдіре түсу жолындағы үздіксіз ізденістер күтіп тұр.

Реформирование университетского образования: реальности и перспективы // Сборник материалов межвузовско научно-методической конференции. – Алматы: Қазақ университеті, 1997. - С. 142-143.



Шығыс тілдерін оқыту – уақыт талабы

Қазақстан білім ордаларының қара шаңырағы болып табылатын әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің құрамындағы факультеттердің ішіндегі ең жасы – халықаралық қатынастар факультеті. Оның құрылғанына үш жылдан астам ғана уақыт болды. Осы мерзім ішінде факультеттің ішкі құрылымдары жетілдіріліп, білікті мамандар саны молайды және халықаралық байланыстары нығая түсті.

Факультет құрамындағы төрт кафедраның бірі – қазіргі шығыс тілдері кафедрасы. Кафедра университет Ғылыми кеңесінің 1996 жылғы 28 мамырдағы мәжілісінің шешіміне сәйкес құрылды.

Қазіргі тәуелсіз елдер қатарына қосылуына байланысты Қазақстан әлемнің көптеген мемлекеттерімен қарым-қатынастың жаңа деңгейіне көшті. Дүниежүзілік өркениеттің өскелең талаптарына жауап беріп, ұлы көштен қалмау үшін Қазақ елі баршамыздың ортақ үйіміз – жер шарын мекендейтін ірілі-ұсақты мемлекеттердің барлығымен де бейбіт қатар өмір сүру принципі негізінде жан-жақты байланыс жасауды көздейді. Дүниенің төрт бұрышына да жолымыз ашық. Шығыс пен Батыстың, Оңтүстік пен Солтүстіктің тілін бірдей тауып игі мақсат биігіне көтерілетін ел боламыз десек, біздің алдымызда ата-бабаларымыз айтқандай «Жеті жұрттың тілін білу, жеті түрлі ғылым білу» міндеті тұр.

Сондықтан да, бүгінгі халықаралық құқық және халықаралық қатынас мамандықтары бойынша білім алып жатқан шәкірттерге, яғни, ертеңгі еліміздің атынан сөйлейтін халықаралық дәрежедегі мамандарға батыс пен шығыс елдерінің тілдерін оқыту – уақыт талабы.

Жоғарыда халықаралық қатынас факультетінде оқытылатын шығыс тілдерінің бірі – араб тілі екенін айттық. Қазіргі араб тілін оқытудағы бірнеше маңызды факторлардың ішіндегі ең бастылары – аймақтық және діни факторлар деуге болады.

Біріншіден, араб тілі 20-ға тарта Таяу Шығыс және Солтүстік Африка елдерінің мемлекеттік тілі. Екіншіден, ислам дінінің тек араб мемлекеттерінде ғана емес, бүкіл Азия мен Африка елдеріне кеңінен тарағандығы баршамызға мәлім. Сондықтан да араб тілі Біріккен Ұлттар Ұйымының ресми тілдерінің қатарынан орын алып отыр.

Тәуелсіздікке қол жеткізген күннен бастап Қазақстан мен араб елдерінің арасындағы дипломатиялық және мәдени қатынастар жаңа қарқынға ие болды. Әсіресе, соңғы 2-3 жыл ішінде өзара байланыстардың сапалық өзгерістерге ұшырағанын айтуға болады.

Мемлекеттік делегациялардың алмасуы, Алматыда Ливия, Египет, Палестина, Ливан, Сауд Арабиясы тәрізді екі ірі Араб мемлекетінде Қазақстан Республикасының елшіліктерінің ашылуы соның бір көрінісі бола алды. Сондай-ақ Алматыда Египет Араб Республикасының қаржы-



сына Ислам мәдени орталығы салынды, осы елдің елшілігінің жанындағы мәдени орталық екі ел арасындағы қатынастарды нығайту мен араб-ислам мәдениетін тарату бағытында жұмыс істеп жатыр.

Бұл тұрғыдан келгенде біздің аймақтарымыз арасында ежелден келе жатқан тарихи-мәдени байланыстардың бар екенін айтқан жөн. Қазақ жерінде ислам дінінің кеңінен тарағандығы соның куәсі деп білеміз.

Сонымен қатар, Қазақстанның Ислам Конференциясы ұйымына мүше болуы Қазақстан Республикасының алдынан саяси және экономикалық ынтымақтастықтың жаңа көкжиектерін ашып отыр.

Осы аталған факторлардың барлығы жинала келіп, халықаралық қатынастар факультетінде араб тілін тереңдетіп оқытудың қажеттілігі мен маңыздылығын дәлелдей түседі.

Факультетте оқытылатын шығыс тілдерінің қатарында қытай тілінің болуы да жайдан-жай емес. 1 млрд. астам халқы бар, әлемдегі ең ірі мемлекеттің бірі болып табылатын біздің шығысымыздағы ұлы көршіміз Қытай мен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастың соңғы жылдары жандана бастағанының куәсі болып отырмыз. Қазақстанның Қытайдағы және ҚХР-ның біздің республикамыздағы елшіліктері ашылып жұмыс істей бастағанына біршама уақыт болды.

Еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қытайға ресми сапары мен Қытай Мемлекеттік Кеңесінің Премьері Ли Пеннің Қазақстанға келген сапарлары кезінде аса маңызды мемлекеттік құжаттарға қол қойылды. Солардың ішінде, Батыс Қазақстаннан Батыс Қытайға дейін жалпы ұзындығы 3 мың шақырым болатын мұнай құбырын тарту туралы «ғасыр келісімі» атанған шартқа қол қойылуы әлем жұртшылығының көңілін аударған үлкен оқиға болды.

Осылардың бәрі Қазақстан – Қытай қатынастарының сапалық жаңа деңгейге көтерілгендігін көрсетеді. Тарихи тағдыр біздің 1 млн. астам бауырларымызды Қытай елінен орын тепкізгені баршамызға мәлім. Қазақтың, жалпы түркітілдес халықтардың көне тарихына қатысты көптеген құнды деректердің сақталып қалғандығы тағы бар. Оларға қол жетіп зерттеліп жатса, тарихымыздың жазылмаған талай беттері толығымен ашылар еді.

Шығысымыздағы ірі көршімізбен қашанда татулықта болып, саяси, экономикалық байланыстарымыздың орныға түсуіне мүдделі екенімізді ешкім жоққа шығара алмаса керек.

Сондықтан да, болашақ дипломаттар мен халықаралық заңгерлерге қытай тілін оқытудың қажеттілігін дәлелдеп жатудың өзі артық. Бұл тілдің Біріккен Ұлттар Ұйымы ресми тілдерінің бірі екендігі және әлем тұрғындарының бестен бір бөлігі немесе жер шарының әрбір бесіншісі осы тілде сөйлейтіндігі де ескеруге тұрарлық факторлар.





Қытай тілінен сабақ жүргізетін оқытушылардың бірі аға оқытушы Ә.Камалов белгілі тарихшы-ғалым С.Кляшторныйдың жетекшілігімен 1990 жылы Санкт-Петербург қаласында кандидаттық диссертация қорғаған. ҚР Ғылым және жоғары білім беру министрлігі Тіл бөлімі Шығыстану институттарында бірнеше жыл қызмет істеген. 20-ға жуық ғылыми еңбектің авторы.

Халықаралық қатынастар факультетінде жапон тілін оқытудың да негізі жоқ емес. Ұлан-ғайыр жері мен тұнып тұрған жер асты, жер үсті байлығының жоқтығына қарамастан, аралдарда тұрып-ақ әлемдегі ең алдыңғы қатарлы мемлекеттердің біріне айналып отырған Күншығыс елі мен Қазақстан арасындағы қатынастарда да тың серпін байқалып отыр.

Тәуелсіз жас мемлекетіміздің іргетасын нығайтып жатқан күрделі кезеңде Жапония сынды озық елдердің тәжірибесін тиімді пайдаланудың маңызы зор.

Тіл, дін, ұлттық дәстүр сияқты этностың сақталуы мен дамуы үшін аса қажетті құндылықтарды құрметтеу мен оларға мемлекеттік деңгейде мән беруді Жапония тәрізді шығыс елдерінен үйренудің дәл қазіргі кезеңде еш артықтығы жоқ деп білеміз.

Бүгінгі күні Қазақстанда Жапония елшілігі, сондай-ақ бірнеше кәсіпорындары жұмыс істеуде. Жапон елінде Қазақстан елшілігі ашылғанына да біршама мерзім өтті. Екі ел арасындағы экономикалық, дипломатиялық және мәдени байланыстар күн санап тереңдей түсуде. Ертең осы бағыттағы жұмыстарды бұдан да жоғары деңгейге көтеріп жандандыра түсетін, сол арқылы еліміздің халықаралық байланыстарын нығайта беретін жапон тілін меңгерген мамандар даярлау қажет.

Өткен оқу жылдарында факультетте жапон тілін Токиодан арнайы шақырылған доктор Хатабэ Хацуэ, Иоко Сэмидзу сияқты мамандар жүргізді. Жуырда жапон елшілігінен келген дипломаттар студенттердің сабақтарына қатысып, олардың бір жыл ішінде жеткен жетістіктерін өте жоғары бағалады.

Үстіміздегі оқу жылында жапон тілін Жапониядан арнайы шақырылған білікті тіл маманы Кэнецу мен Ж.Әмірбекова, С.Боранқұлова сынды университетімізді үздік бітірген жас мамандар жүргізуде.

Студенттердің жапон тілін үйренуге деген ынтасы өте зор. Олар өздерінің ұстаздарының кәсіби дайындығы мен сабақ жүргізу әдістеріне толық қанағаттанғандықтарын білдіріп те жүр.

Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланған сәтте-ақ танып, өзімізбен бірге қуанған туыстас түркі халқының тілін оқытудың да мәні айрықша. Тәуелсіздіктің алғашқы күнінен бастап-ақ Қазақстан мен Түркия арасындағы байланыстар жан-жақты өрістеу үстінде. Оның себебі де жоқ емес. Қазақ, Түрік халықтары тарихи тамыры бір туыстас елдер. Дініміз ортақ, тіліміз де бір тілдік топқа кіреді. Кезінде бодандықтың





кұрсауынан босай алмай, ағайындас елмен араласу мүмкіндігіміз шектеліп келсе, өз тізгінімізге ие болған тұста бауырлас екі ел арасындағы қатынастың барынша жандануы заңды құбылыс.

Туыстас мемлекеттердің арасында саясат, экономика, ғылым мен мәдениет т.б. салалардағы байланыстарды алдағы уақыттарда да тереңдете түсу екі жақтың да ортақ мүддесі болып табылады.

Түркі әлемінің ішкі бірлігін күшейтетін болашақ мамандардың түрік тілін оқып жатуының берік негізі бар.

*ҚазҰУ Хабаршысы. Ақпарат сериясы.
– 2000. - №1(4). – 97-99-бб.*

Қазақ тілін деңгейлік оқытудың мәселелері

Батыс еуропа елдерінде деңгейлік оқыту әдісі бойынша шет тілдерін меңгерту соңғы 30-40 жыл көлемінде белсенді түрде жүзеге асырыла бастаса, қазақ тілін шет тілі ретінде немесе екінші тіл ретінде оқыту кейінгі онжылдықта ғана қолға алынғандықтан бізде бұл мәселе енді көтеріліп отыр. Қазақ тілін деңгейлік оқытуға арналған бірді-екілі ғылыми еңбектер жарық көргенімен, Қазақстанның білім беру жүйесінде қазақ тілі қанша деңгей бойынша оқытылуға тиіс, ол деңгейлердің қаншасы орта мектепте, арнаулы және жоғары оқу орындарында игерілуі керек деген сұрақтар шешімін күтіп тұр. Деңгейлік оқытуға арналған қазақ тілі оқулықтарын жазу да кезекте тұрған өзекті мәселенің бірі болып табылады. Әлі ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдауды керек ететін мәселелер жеткілікті.

Жалпы деңгейлік оқытуға көшудің қажеттілігін көптеген алыс шет елдермен бірге бүгін ТМД елдерінің әдіскер ғалымдарының да сөз ете бастағанын айту керек. Шет тілдерін игерудің әлемдік тәжірибесінде көп деңгейлік оқыту әдісінің кең тарап отырғанын ескерсек, біз де бұл мәселеден шет қала алмаймыз. Әсіресе, дәл қазіргі мемлекеттік тілді оқыту мен оның әдістемесін жетілдіруге біздің елімізде үлкен мән беріліп, белгілі дәрежеде қажеттілік туындап отырған кезеңде көп деңгейлік оқыту жүйесіне көшу туралы сөз қозғалып отыруының өзі табиғи нәрсе.

Жалпы Қазақстанның білім беру жүйесінде тек қазақ тілін оқытудың деңгейлерін анықтау мәселесі ғана шешімін таппай отырған жоқ. Бізде шет тілдерін оқытуда да деңгейлік оқытуға көшу қажеттілігін шет тілі мамандары да атап айтып жүр. Сондықтан тілдерді оқытудың деңгейлерін анықтауға, деңгейге бөліп оқытуға қатысты мәселелер тек қазақ тіліне ғана қатысты емес. Егер шет тілдерінің мамандары батыс елдеріндегі шет тілдерін оқытудың деңгейлік әдісіне сәйкес оқытуға көшіп жатса оны қазақ тілін үйретуде де қолдануға болады. Қазақ тілінің мамандарына қарағанда деңгейлік оқытуды жүзеге асыру шет тілі мамандарына



көп жеңіл болары анық. Өйткені батыс Европа елдерінің көпшілігінде деңгейлік оқыту әдісі оқу процесінде пайдаланып жүр. Деңгейлері біршама дәлірек анықталған және оқулықтар мен оқу құралдары да бар. Тек лексикалық материалды, мәтіндерді еліміздің өзіндік ерекшелігіне сәйкес іріктеп алу сияқты жұмыстар жүргізілуге тиіс. Сондықтан қазақ тілі мен шет тілінің оқытушылары үшін тәжірибе алмаса отырып бірлесе жұмыс жүргізудің ұтымды жақтары аз болмауға тиіс.

Деңгей туралы сөз қозғалғанда бізде әлі ғылыми негізі жоқ үстірт пікірлер көбірек айтылып жүр. Мәселен, бір ғалымдар бірінші деңгейде үйренуші 10-15 сөзді білуі керек десе, екіншілері 50-60, ал үшіншілері 120-дан 300 сөзге дейін үйренуі керек деп санайды. Осы көрсетілген сандар арасындағы алшақтықтың өзі-ақ бұл мәселенің әлі шешімін табудан, алшақ жатқанын көрсетеді. Әр деңгейде тіл үйренушінің қандай лексикалық минимумды, қандай грамматикалық минимумды игеруі керектігі ғылыми негізделіп нақты көрсетілуге тиіс. Шартты түрде деңгейге бөле салайық деушілер де бар. Егер әрбір оқытушы әр деңгейде оқытылатын сөздерді шамамен өзі белгілеп алып жататын болса, бұл мәселенің шешімін табуы тіпті күрделеніп кетері сөзсіз. Сондай-ақ тілді оқытудың бір деңгейінде тұрмыстық лексиканы, екінші деңгейде кәсіби лексиканы үшінші деңгейде ісқағаздарын оқытуды ұсынушылар да табылады. Деңгейлік оқыту туралы пікірлердің бір-бірінен тым алшақ болып жатуы – бұл саладағы жұмыстардың бір жүйеге түспегендігін көрсетеді. Деңгейлік оқытуды біршама дұрыс жолға қойған елдердің тәжірибесі де аз дәрежеде ескеріліп отыр деп санау қиын. Жалпы деңгейлік оқыту жоғары оқу орындарымен байланысты ғана қарастырылуы да жеткіліксіз. Орта мектепті бітіріп ЖОО-ға оқуға түскен студенттерді бастауыш деңгей, орта деңгей және жоғары деңгей деп үшке бөліп оқыту кеңінен орын алып отыр. Біздің пікірімізше, деңгейге бөлу тек жоғары оқу орындарында болмауға тиіс. Біздің білім беру жүйеміздегі мемлекеттік тілді оқытудың деңгейлері бірінші сыныптан, тіпті балабақшадан басталуға тиіс. Бірінші немесе екінші сыныпта оқушы өз жасына лайық неше сөз үйренуі керектігі нақты болуы керек. Келесі сыныптарда солай. Орта мектепті, колледжді немесе лицейді бітірген оқушы ең кем дегенде үш деңгейді игеріп мемлекеттік емтихан тапсыруға тиіс. Деңгейлерді анықтауда мектептегі қазақ тіліне бөлінген сағат саны, әр жастағы балалардың жас ерекшелігі басқа да қажетті факторлар ескерілгенде ғана оқыту нәтижелі болмақ. Мектеп бітірген оқушы жоғары оқу орнына түскен соң қайтадан бастауыш топта отырмай мектепте оқып бітірген деңгейден кейінгі деңгейді игеруге көшуі қажет. Әр деңгейде игерілетін материалдың көлемі нақты болумен қатар қарапайымнан күрделіге қарай ойысып, оқытудағы сабақтастықты сақтауды назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл жұмыс ғалымдар, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен мектеп мұғалімдерінің қатысуымен талқыланып, ғылыми негізге сүйеніп жасалса ғана деңгейлер дұрыс анықта-

лып, оқыту нәтижелі бола алады. Жоғары оқу орнына түскен студент қазіргідей 2-3 сағаттық апталық жүктемемен екі деңгейді ғана игеріп шығуға мүмкіндігі бар. Сонда жоғары білімді маман мектептен бастап кемінде 5 деңгейді игеріп шыға алады. Егер деңгейлер нақты болса, ол оқушы мен мұғалім үшін студент пен оқытушы үшін де тиімді болар еді. Ең бастысы тіл үйренуші қай сағыда нені игеруге тиіс екендігін, ал оқытушы немесе мұғалім нақты нені үйретуге керектігін анық білер еді. Бұл тіл үйренушінің білімін, үйретушінің еңбегін бағалауды да нақтылай түсері анық. Талап етілетін нәтиже де айқындалады. Сол себепті ең алдымен оқу деңгейлерінің ғылыми негізі жасалуы керек. Одан кейінгі кезекте ғылыми негізделген әдістемелік құралдар, деңгейлерді оқытуға арналған әр түрлі оқулықтар мен оқу құралдары жазылып, оқытудағы сабақтастық жалғасып жатса, істің нәтижелі болатындығына күмән келтіруге негіз жоқ.

Многоуровневая языковая подготовка в системе образования // Материалы республиканской научно-практической конференции, посвященной 10-летию независимости Республики Казахстан. – Алматы, 2001. – С. 101-102.

Қазақ тілі оқулықтарындағы арнаулы мәтіндердің берілуі

Соңғы жылдары әр түрлі мамандық иелеріне арналған қазақ тілі оқулықтары жарық көрді. Ол оқулықтарда мамандыққа қатысты арнаулы мәтіндер берілген. Ең алдымен, оқулыққа енгізілетін осындай арнаулы мәтіндер қандай критерийлерге негізделіп таңдалады? – деген сұрақ туындайды. Бұл тұрғыдан келгенде мәтін таңдауда қандай да бір тұрақтаған қағидаттар мен өлшемдерді басшылыққа алып жүргеніміз аңғарылмайды. Оған әр салаға арналған оқулықтарды сүзіп шығу арқылы анық көз жеткізуге болады. Әзірге оқулық авторларының мамандыққа қатысты мәтіндерді өз қалаулары бойынша таңдап келгенін көру қиын емес. Сондықтан да мәтін таңдаудың сәтті немесе сәтсіз болуы оқулық жазып отырған автордың оқулықтың қай деңгейге, кімдерге арналғандығын, оларды не нәрсе қызықтыратынын жақсы білуі мен оқытушы-автордың өзінің жеке тәжірибесі мен аудитория қажеттілігін түйсіну дәрежесіне байланысты болып отырған. Дәлірек айтқанда, мәтін таңдау қағидатын (принципін) әр автор өзі белгілеген деуге болады. Нәтижесінде бір деңгейге бағытталып жазылған түрлі сала мамандарына арналған оқулықтарда берілген арнаулы мәтіндердің мазмұн, көлем, стиль және мамандыққа қатысы тұрғысынан әр алуан болып шыққан. Бұл – арнаулы бір салаға арналған оқулықтарды жазуда мамандыққа қатысты мәтінді таңдаудың ортақ өлшемдерінің (критерийлерінің) әлі орныға қоймағандығын, оны белгілеудің қажеттігін көрсетеді. Егер ондай



өлшемдер бұрыннан-ақ өз тілдерін өзгелерге екінші тіл ретінде оқытып, үйретіп келе жатқан басқа жұрттардың әдістемесінде, оқулық жазу теориясында бар болса, өзге тілді аудиторияға арналған оқулық жазу мәселесін зерттеп жүрген әдіскер-педагог, лингвист мамандар оларды атап көрсете отырып, біздің де басшылыққа алуымызға жол сілтеуі қажет. Жалпы, тілімізді өзгелерге үйрете бастағанымызға көп бола қоймаған біздің өзіміз бетпе-бет келіп отырған бұл мәселе, қай заманнан бері өз тілдерін өзгелерге үйрету тәжірибесі бар кейбір шет тілдерінің оқыту әдістемесінде шешімін таппауы мүмкін емес те сияқты. Тек бұл мәселеге біздің де арнайы көңіл бөлуіміз жетіспей жатқандай. Егер сондай өлшемдерді өзгелерден тауып немесе өзіміз анықтап жатсақ, онда мәтін таңдауда соларға табан тіреп, сала мамандарына арналған оқулықтарда арнаулы мәтіндердің бір жүйеге түсуіне ғылыми-әдістемелік, лингвистикалық негіз қалаған болар едік.

Мәселен, жоғары оқу орындарында арнаулы мәтінді студенттің білім алып жатқан мамандықтың бағдарламасына сәйкес таңдауға да болады. Қазақ тілі оқулықтарында ондай мамандық бағдарламасына сәйкес мәтінді таңдаудың бір артықшылығы – тіл үйренуші өз мамандығына тікелей қатысты сөздердің, сөз тіркестерінің, оралымдардың қазақшасымен танысады. Өзі осыған дейін оқып кеткен таныс мәселелерін қазақ тілінде қайталау арқылы алған білімін бекіте түседі. Кейде қосымша, оқығанымен сәйкес келе бермейтін мәлімет алуы да мүмкін. Мұндай таңдаудың «қайталау – оқу анасы» қағидаты тұрғысынан да пайдалы екенін де айтуға болады. Сонымен қатар тіл үйренуші өзі біліп отырған мәселесін маман ретінде қазақша айтуға, жеткізуге ұмтылады. Мен маман ретінде бұл мәселені білемін деген ой үйренушіні сөйлеуге жетелейді. Бұл – оқу бағдарламасына сәйкес мәтінді оқытудың уәжділігін арттыратын жағы. Енді мәселенің екінші қырына келер болсақ, мамандық бағдарламасына сәйкес таңдалған таныс мәтіннен көбінесе елең еткізетін тың мәлімет, жаңа ақпарат табыла бермейді. Сондықтан, кез келген оқыған мәтінінен пайдалы, тың әрі қызық мәлімет іздеп отыратын ізденімпаз, білімқұмар тіл үйренушілер үшін таныс мәтін таңдау ең тиімді жол деп айтуға да болмайды. Бұрынғы білетіндерін қайталап жатқанға аса құлықты бола бермейтін, таныс жайттарды қайталауды мақұл көрмейтін, мұндайда белсенділік танытпайтындар да болады. Мұны аталған мәтін түрлерімен жұмыс кезінде байқағанымыз бар. Ендеше мәтін таңдауда мәселенің бұл қырын да елеусіз қалдырмаған жөн.

Тіл үйренушілердің әлі мамандық бағдарламасы бойынша өте қоймаған тың мәліметке толы мәселелерді қамтитын мәтіндер де оқулықтардан орын алып жатады. Мұндайда тың ақпаратқа толы мәтін мазмұны үйренушілерді қызықтырады. Мәтін ақпараттық толымдылығымен тіл үйренушілерді өзіне тартады. Бірақ әлі маман ретінде мәнін түсіне қоймаған мәселені ойын әлі еркін жеткізе алмайтын, үйреніп жатқан тілінде әңгімелеп, айтып беруге келгенде үйренушінің аса белсенділік таныта



коймайтындығы да мұндай мәтіндермен жұмыс барысында байқалатын жайттардың бірі екендігін ескерген дұрыс болар деп ойлаймыз.

Бірыңғай арнаулы мәтінді бере беру де тіл үйренушіні жалықтырып жібереді. Оларды «бұл қазақ тілі ме, әлде құқықтану немесе экономика пәні ме?» деген сұрақ қоюға итермелейтін де осындай тым арнайыландырылып жіберілген әрі бірыңғай кәсіпке қатысты берілген мәтіндер.

Жалпы тіл үйренушілерді сірескен ғылыми, ресми мәтіндерден гөрі әрі қысқа әрі танымдық мағлұматтарға толы мәтіндердің көбірек қызықтыратыны байқалады. Алайда белгілі бір мамандыққа арналып отырған оқулық арқылы кәсіби тілді игерту мақсаты да көзделетіндіктен, тек ондай танымдық мәтіндерді бере берудің де реті келе бермейді.

Жалпы бұл мәселенің әлеуметтік, психологиялық, психолингвистикалық, әлеуметтік лингвистикалық қырларын әлі де тереңірек зерттеп немесе жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін оқулық жазу барысында авторлардың назардан тыс қалдырмағаны абзал.

Біздің жоғарыда айтып отырған мәселеміз негізінен мәтіннің тақырыбы мен мазмұнына қатысты. Сондықтан бұл тұста тағы бір ескеретін жайт, оқулықтағы арнаулы мәтіндердің өзара сабақтастығы. Олардың тақырыптық, мазмұндық жағынан бірін-бірі қайталамауы, алдыңғы мәтіндегі ақпараттың кейінгі мәтіндерде тағы берілмеуі жағын да ескерген абзал. Әр мәтін тың, жаңа мәліметтерге толы болса, оны оқуға деген қызығушылық та соғұрлым мол болады.

Қажетті мәтінді таңдаумен қатар, оқыту кезінде мәтінді тіл үйренушілердің деңгейіне қарай бейімдеп, лайықтап берген дұрыс па, әлде бейімделмеген мәтінді қалдырған жөн бе деген мәселе де нақты ғылыми шешімін таба алмай келеді. Өзге тілді аудиторияға сабақ жүргізудегі аздаған тәжірибемізде түрлі мәтіндермен жұмыс істеу барысында бір байқағанымыз – тіл үйренушілердің орта деңгейіне (немесе жеке үйренушінің деңгейіне) сай дәл бейімделген мәтінмен жұмыс істеу тіл үйретушіге де тілді үйренушіге де жеңіл екендігі. Мәтін тіл үйренушілер үшін тым жеңіл болса, онда олар босаңсып кетуге бейім тұрады да, ал мәтін күрделі болса, онда құлықсыздық таныта бастайды. Жалпы белгілі бір мамандық иелеріне арналып жазылған қазақ тілі оқулықтарында арнаулы мәтінді бейімдеп немесе бейімдемей беру мәселесінде бір топтамға келудің маңызы зор.

Енді мәтіннің көлемі туралы. Әдетте мәтіннің көлемі тым үлкен болса, оны көргенде-ақ үйренушінің үрейленетіні сөзсіз. Оқулықтардағы екі-үш беттен тұратын мәтіндерді көргенде студенттердің «мынаның бәрін оқимыз ба?», «мынандай ұзақ мәтінді қалай түсінеміз?», «мұның бәрін қалай әңгімелеп береміз?» деген сияқты сұрақтарды жан-жақтан жаудыра бастағанын талай көрдік. Тым ұзақ мәтінді көргенде-ақ тіл үйренушінің «тәбеті» жоғалып, беті қайтып қалады. Белгілі бір тілді негізгі мамандығы ретінде оқып жатқандарға болмаса, екінші тіл ретінде үйренушілерге берілетін мәтіннің солардың деңгейіне сәйкес аса



көлемді болмағаны дұрыс. Кейбір оқулықтарда кездесіп жататын тіл үйренушілердің деңгейіне сәйкес келмейтін сала құлаш мәтіндерді сол қалпында оқыту мүмкін емес. Сондықтан да белгілі бір топтың деңгейімен танысқаннан кейін оқулықтағы мәтінді солардың деңгейіне бейімдеп беруге тура келетін жағдайлар болып жатады. Бұл оқытушының шеберлігіне байланысты мәселе.

Оқулықта берілетін мәтіндердің стилі де айрықша мән беретін мәселелердің бірі. Қазіргі белгілі бір саланың мамандарына арналған қазақ тілі оқулықтарындағы арнаулы мәтіндер түрлі көздерден алынады. Мәселен, ғылыми-зерттеу еңбектерінен, ғылыми-көпшілік әдебиеттерден, көркем шығармалардан және мерзімді басылымдардан т.б. Соған сәйкес олардың стилі де әр түрлі. Бір оқулықтан ғылыми, көркем әдебиет, публицистикалық, ауыз екі сөйлеу стилінде жазылған мәтіндерді, қысқасы функциональдық стильдердің бәріне мысал табуға болады. Осыдан келіп «Оқулық тілі, жазылу стилі қандай болуы керек?» деген заңды сұрақ туындайды.

Қандай да бір мамандық иелеріне арналған оқулықтардың тіл үйренушілердің сол саланың кәсіби тілін, негізгі терминдері мен жиі қолданылатын оралымдарын игеруін мақсат ететіні белгілі. Бұл тұрғыдан келгенде сол мақсатқа сәйкес кәсіби тілдің бар ерекшелігін көрсететін арнаулы мәтіндерге басымдық беру қажет деген тоқтамға келуге негіз жоқ емес. Алайда осы арада сол кәсіби тілді өзге стильдердің үлгілерімен салыстыра отырып оқытқан тиімді ме, әлде ондай әдіс тіл үйренушілерді шатастыра ма деген мәселенің де басын ашып алуға тура келеді.

Кейде оқулықтардағы ғылыми әдебиеттерден, ғылыми еңбектерден алынған мамандыққа қатысы мәтіндердің тілі тым ауыр болып жатады. Бір сөйлемі бір абзац болатын көркем шығармалардан, зерттеу еңбектерден алынған үзінділер тіл үйренушілердің кәсіби тілді игеруге деген қызығушылығын арттырады деп айта алмаймыз. Мәселен, мамандыққа арналған қазақ тілі оқулықтарының бірінен алынған мына бір сөйлемге назар аударып көрелік.

«Осы кезде банктер қаржылық делдал ретінде шаруашылық органдардың капиталдарын, халықтық жинақтарын және шаруашылық қызметтің үрдісінде босаған басқа да бос ақша қаражаттарын тарта отырып, қарыз алушылардың уақытша пайдалануына береді, ақшалай есеп айырысу жүргізеді және экономика үшін басқа да көптеген қызмет көрсетеді, соның арқасында өндірістің тиімділігі мен қоғамдық өнімнің айналысына тікелей ықпал етеді».

Мұндай сөйлемдегі айтылған ойды ұғыну үшін тіл үйренуші түгілі тілді жақсы білетін адамның өзі біраз еңбектенуіне тура келеді. Кәсіби аудармашының өзі бұл сөйлемді біраз ойланып барып аударары сөзсіз. Сөйлем тым шұбалаңқы болғандықтан аяғына жеткенше басында не айтылғаны ұмытылады. Екіншіден, мәтіннің тілі қазақша емес, аударма әдебиеттен алынған немесе авторлардың өздері аударып алған болуы



керек. Сондықтан мұндай мәтіндерді кәсіби тілдің үлгісі ретінде тіл үйренушілерге ұсыну дұрыс деп айта алмаймыз.

Мұндай мәтіндер мен аударма сөйлемдерді кәсіби тілді игерту мақсатын көздей отырып жазылған оқулықтардың көпшілігінен кездестіруге болады. Сондықтан болашақта жарық көретін оқулықтарда мәселенің осы қыры да назардан тыс қалмағаны дұрыс қой деп ойлаймыз.

Арнаулы оқулықтар лексикасы да назар аударатын мәселелердің бірі. Мәтіндер әр түрлі әдебиеттерден алынғандықтан онда лексикалық қабаттардың барлығына қатысты сөздер кездеседі. Мамандар тілінде жиі қолданылатын негізгі терминдер мен оралымдардан бастап, өте тар шеңберде, сала ішіндегі тармақтардың аясында ғана сирек қолданылатын ғылыми (сугубо научные) терминдер де, көркем әдеби тілдің өзінде пассив жұмсалатын көнерген атаулар да ұшырасып жатады. Оқулықтың лексикасы да оның көздеп отырған мақсаты мен деңгейіне сәйкес келуі жағы ескеріле бермейді. Тіл үйренушінің кәсіби қызметінде жиі қолданылатын негізгі атаулар мен оралымдарды мәтін арқылы немесе түрлі сұхбаттар мен коммуникативтік бағыттағы тапсырмалар арқылы игерту – маманның қажетін өтеу, сұранысын қанағаттандыру үшін өте қажет. Сол себепті оқулыққа енгізілетін арнаулы мәтіндердің лексикасына да көңіл бөлген жөн.

Тіл үйренушілерге арналған оқулықтардың басты ерекшелігі – олардың ең алдымен коммуникативтік мақсат көздей отырып жазылатындығы. Сондықтан да мәтінмен жұмыс істеуге арналған мәтінге дейінгі, мәтінмен танысу кезіндегі, мәтіннен кейінгі тапсырмалар мен жаттығулардың барлығы да сол мақсатқа бағытталуға тиіс. Мәтінді игертудің жолдары, мәтінге қатысты тапсырма түрлері жеке әңгіменің арқауы болатын мәселелер. Ал арнаулы мәтіндермен жұмыс істеу арқылы кәсіби тілді игертуді көздейтін оқулықтарда жоғарыда аталған мәтінді таңдауға, оларды оқулықта беруге қатысты мәселелер назардан тыс қалмаса, оқулықтар сапасы біршама арта түсер еді деп ойлаймыз.

*Қазақ тілін оқытудың өзекті мәселелері.
Әдістемелік жинақ. – Астана, 2004. 5-9 беттерде.*



**Қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті
мәселелер**

**Тіл мәдениеті
Текстология
Сөзжасам
Орфография
Орфоэпия
Лексикография
Аударма
Әліпби**

Өлең сөздің патшасы...

Абай шығармаларының тілі зерттеліп бітті ме?

Алда Абай атамыздың туғанына 150 жыл толу мерекесі келе жатыр. Бұл – бүкіл қазақ халқының, қала берді өзін осы халықтың өкілімін деп санайтын барлық саналы азаматтардың тойы.

Мұндай тойды әркімнің асыға күтетіні, тек асығып қана қоймай, оған жақсылап әзірленетіндігі, аз да болса өзіндік үлес қосуға тырысатындығы тағы да ақиқат. Бұл әрбір қазақтың азаматтық борышы.

Осы мақсатта біз өзімізге «Абай» өлеңдерінің тілі зерттеліп бітті ме?» деген сауал қойып, сол сауалға жауап беруге тырысып отырмыз. Өзіміз әдебиетші болмасақ та, аталған тақырыпқа тәуекел деп қалам тартуымызға түрткі болып отырған нәрсе – сол азаматтық борышымызды өтеуден келіп туындап отырғанын оқырман түсінер деп ойлаймыз.

Алдын ала айта кетелік, аталған тақырыпқа бізден бұрын да біраз адамдар атсалысқан. Олардың ішінен әсіресе Қ.Мұхамедханов пен Г.Бельгердің атын ерекше атап өткен жөн.

Қ.Мұхамедханов болса сонау 50-жылдардың өзінде-ақ «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» (Алматы, 1959) атты кітап жазып, осы мәселеге қатысты көптеген мәселелердің бетін ашқан. Ақсақалымыз 1954 жылғы шыққан Абайдың екі томдық шығармалар жинағын 1909, 1945 жылғы жинақтармен және Мүрсейіт пен Оразкенің қолжазбаларымен салыстыра қарап, оған өзінің ой топшылауларын қоса отырып, ақын шығармаларының текстологиясына түзетулер енгізуге ұмтылған. Шынын айтудымыз керек, ол кісінің бұл салада қол жеткізген табыстары аз емес. Кейінгі басылымдардың шығарушылар алқасы Қ.Мұхамедханов пікірлерінің біразын ескергендігі, сөйтіп оларды түзеткендіктері көрініп тұр.

Г.Бельгердің «Асылға абай болайық!» («Қазақ әдебиеті», 1985, 9 май) деген мақала жазып, ұлты басқа болса да жанашырлық танытып, өз ұлтымыздың өкілдері үндемей жүрген, өзіміздің құнттылығымыз, ұқыптылығымыз жетіспей жатқан тақырыпты сөз еткеніне, сол ісімен қазақ әдебиетіне жанашырлық танытқанына риза боласың. Ол Абайдың 1976 жылы «Жазушы» баспасының және 1977 жылы «Ғылым» баспасынан шыққан екі басылымын салыстырып, небәрі он өлеңнен тоқсан тоғыз сәйкессіздік табады. Автор ол сәйкессіздіктердің (қамықты – қамырықты, сергек үшін – сергегі үшін, сарық ми – сасық ми, дианалық – дуаналық, еш міні – бір міні, көресің – көрерсің, т.б.) қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екендігін айтпаса да екі басылымдағы ала-құлалықтардың біразының бетін ашады.

Біз де өз тарапымыздан Абай шығармаларының 1954, 1957, 1968, 1977, 1986 жылғы басылымдарын салыстырып көрдік. Қ.Мұхамедханов пен Г.Бельгер айтқандай Абай басылымдарында ала-құлалықтардың

(сәйкессіздіктердің) көп екендігіне көзіміз жетті. Әрине, оның бәрін бір мақала көлеміне сыйғызу мүмкін емес. Оның үстіне бұл сәйкессіздіктердің көбі негізінен сөздердің жазылуына, олардың көп варианттылығына қатысты екен. Сондықтан біз әбден таптаурын болған бұрынғы ескі жолмен жүрмей, тиімді жолды таңдауды жөн көрдік. Анығырақ айтсақ, бірнеше басылымдардағы сәйкессіздіктерді тауып, оларды тізіп бергеннен гөрі, ең соңғы басылым қалай шығыпты? Ондағы жетістіктер қайсы? Кемшіліктер қандай? Жеке сөздердің текстологиясына байланысты тағы да не айтуға болады? – деген сияқты нақтылы мәселелерді сөз етуді дұрыс деп санадық.

Әрине, біз айтқан пікірлердің бәрі бірдей бұлтартпайтын ақиқат дей алмаймыз. Оның үстіне айтқан болжамдарымызды дәлелдей қоярлықтай біздің қолымызда Абай атамыздың қолжазбалары болған жоқ. Тіпті біздің қолымызға Абай шығармаларының алғаш шыққан басылымдары да түгел түспей отыр. Соған қарамастан оқырманға ой салу үшін, қолдарында жазба жәдігерлері (материалдары) бар адамдардың ізденуіне, салыстыра қарауына, зерттеуіне түрткі болуы үшін, байқағанымызды айтып беруді дұрыс көрдік. Ол үшін өз талдауымызға нысан (объект) етіп Абай шығармаларының соңғы басылымын, яғни 1986 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан екі томдық шығармалар жинағын алдық. Онда да бәрін емес, тек 1-томымен ғана шектелуді жөн көрдік. Бұдан былайғы жерде егер біз өзіміз мысал үшін келтірген шумақтың бетін көрсете қалсақ, оны сол 1-томның беті деп ұққан жөн.

Негізгі мәселеге кіріспес бұрын Қ.Мұхамедханов, Р.Сыздықова, Г.Бельгер, С.Сауытбеков сияқты зерделілердің Абай шығармаларының текстологиясына байланысты айтқан дұрыс пікірлеріне қосылатынымызды және олар әңгіме еткен сөздерге қайталап соқпайтынымызды ескерткіміз келеді. Ал егер бірлі-жарым сөздерді қайталай қалсақ, онда ол біздің әлгі сөздерге байланысты пікіріміздің басқаша екендігін көрсетеді.

Абайдың «Адамзат тірілікті дәулет білмек» (23) деген жолындағы «тірлікті» деп түзеткен жөн деп білеміз. Ондағы сүйенеріміз – сөздердің мағыналары: тірілік – тірі жүрушілік, ал тірлік – тіршілік, өмір. «Аяғыңды аңдып бас, ей, Жақсылық» (15) деген өлеңдегі «аңдып» деген сөзді «аңдап» деп түзеткен орынды. Өйткені, тіліміздегі аңды (бас бағу) мен аңда (байқау, аңғару) сөздерінің мағыналары бірдей емес.

«Мал мен бақтың кеселін ұя бұзар» (26) дегендегі «кеселін» сөзі «кеселі» деп қолданылса, автордың айтпақ ойы түсінікті болар еді. Мына қалпында «мал мен бақтың» кеселін «ұя» бұзып тұр. Ұя неге мал бақты бұзуға тиіс? Егер оны біз түзеткендей оқысақ, «мал мен бақтың кеселі» «ұяны» бұзатын болып шығады. Міне, бұл логикаға келеді.

«О дағы ұры-қарды қыра алмай жүр» (30). Мұндағы «қыра» деген сөздің орнына 1964, 1977 жылғы шыққан басылымдарда «тия» деген сөз

жазылған. Шындығында да ұры-қарыны қазақ «қырған» емес «тыйған». Қ.Мұхамедханов «тия» сөзі дұрыс емес, «қыра» сөзі дұрыс деген пікір айтыпты. Біз бұл пікірмен келісе алмайтындығымызды білдіреміз.

«Құда-тамыр, дос-жарың, қатын-балаң, Олар да бір қалыпты бола алмай жүр» (31) дегендегі «дос-жарың» қос сөзі көңілге сыймайды, ол «дос-жаран» болуы керек.

«Күлкіні онша күйлеп, шуламалық» (33), «Кейбір жігіт жүреді мақтан көйлеп» (35) деген екі жолды (екі өлеңдегі) оқып шығып, осындағы «көйлеп», «күйлеп» деген екі сөздің мағынасын салыстыралық. Екеуінің де берер мағынасы біреу-ақ. Ол – «бір нәрсенің соңына түсу, қуу, салыну» немесе бір нәрсеге әуестену, қызықтау» дегенді білдіреді. Осы екеуінің (көйлеп пен күйлептің) қайсысы дұрыс? Біздіңше, Абайға тәні – «күйле» сөзі. Ақын өз өлеңдерінде бұл сөзді төрт рет (33, 36, 128, 246) қолданған. Ал көйле сөзі тек бір-ақ рет ұшырасады (35-бет). Олай болса жоғарыдағы «мақтан көйлеп» дегенді «мақтан күйлеп» деп түзеткен дұрыс болар деп ойлаймыз.

«Саудасыз берсең, алмайды,
Саудыраған жезіне.
Саудырсыз сары қамқаны
Садаға кеткір сұрайды
Самарқанның бөзіне» (39).

Осындағы «саудырсыз сары қамқаны» дегендегі «саудырсыз» сөзінің орнына «судырсыз» деп түзеткен жөн бе дейміз. Олай дейтін себебіміз, Абай атамыздың мұндай мағыналық айырмашылықты білмеуі, байқам ауы мүмкін емес. Оның үстіне бір шумақ өлеңде «саудыр» сөзін екі рет қолдануы да ақынның табиғатына жат нәрсе.

Жамандық көрсең нәфрәтлі
Суытып көңіл тыйсаңыз.
Жамандық көрсең ғибрәтлі
Оны ойға жисаңыз» (41) –

дегендегі үшінші жолдағы «жамандық» сөзінің орнына бұған дейінгі басылымдарда «жақсылық» сөзі тұратын. Бұл да жаңылыс басылған сөздердің бірі.

«Құдай берген бұл достық – көннің бірі» (54), деген жолдағы («көн» сөзін Қ.Мұхамедханов «байлық» «береке» деген мағынадағы «кен» сөзі деп біледі (Қ.Ә. 9-тамыз, 1991). Бұл зердеге қонатын пікір. Өйткені «кеш мағынасындағы «көн» сөзі тек отырықшылыққа бейімделген жұртқа ғана тән нәрсе. Оны Абай ортасы білмеген деп ойлаймыз. Білсе де оның өмірге, тіршілікке әлі де ене қоймаған кезі.

«Астыртын барып жолғасқан,

Ақша беріп жалғасқан» (61) дегендегі «жолғасқан» сөзі мағынасына қарағанда «жолығысқан екендігінде дау жоқ. «Жолығу», «жолығы-

су» сөздері Абайдың өлеңдерінде үш рет қолданылған (74, 133, 291). Ал «жолғасу» сөзі де үш рет (19, 61, 127) ұшырасады. Кейбір зерттеушілер бұл сөзді Семей аймағына тән диалекті сөз дегенді айтады. «Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінен» (1969) біз бұл сөзді кездестіре алмадық. Оймыз айтады: егер стильдік, мағыналық жағынан оған мән беріп, жүк арқалатпаса, Абай өз өлеңдерінде бір сөзді екі түрлі формада қолданбаған. Осы тұрғыдан алғанда Абайдың «жалғасқан» (61), «дәл басқанда» (19) деген сөздерге ұйқастыру үшін әлгі сөзді «жолғасқан деп қолдануы әбден мүмкін. Алайда «Ұрланып қаштық, Жолғастық, Шуластық (127) деген жердегі «жолғастық» сөзінің қолданылатын жөні жоқ еді. Оның орнына елдің бәріне түсінікті – «жолығыстық» сөзінің қолданылғаны дұрыс.

«Қу старшын, аш билер»

Аз жүрегін жалғайды» (61) дегендегі «аз» сөзі сонау 1957 жылғы басылымнан бері қарай осылай қолданылып келеді екен. Оған дейін қалай қолданылғанын біз біле алмадық. Сондықтан кезінде ол ақын қаламынан шыққан «аш жүрегін жалғайды» болған сияқты.

«Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,

Әрбірі келгенінше өз шамасы» (63), – дегендегі «сөзіңе»-нің орнына «сөзіне» деп түзетсек, ақынның айтпақ ойы айқындала түседі. Алдыңғы басылымдарда (1957, 1967, 1977) бұл сөз «сөзіне» деп берілген.

«Жағ елде қайыршылық қылып жүріп,

Өз елін бай деп мақтап құдай қарғап» (64) деген жолдардағы «мақтап» сөзінің орнына «мақтар» десе немесе «мақтайд(ы)» деген жөн болар еді. Өйткені «мақтап құдай қарғап» емес, мақтар (мақтайд) құдай қарғап». 1954 жылғы басылымда «мақтар» деп алынған.

«Әншейін күн өткізбек әңгіме үшін,

Тыңдар едің бір сөзін мыңға балап» (64), – дегендегі «бір» сөзінің орнына 1968 жылғы басылымда «әр» сөзінің алынғанын дұрыс деп білеміз. Өйткені, бағалаушы «бір сөзін» емес, «әр сөзін» мыңға бағалап отыр емес пе? «Бір» сөзі дұрыс емес, «әр» сөзі дұрыс екендігін М.Мұхамедханов та айтқан екен (25). Бірақ кейінгі басылымдарда бұл сөз әлі де түзелмепті.

«Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын,

Бір жағынан қысқанда о да азынап» (69), – деген жолдардағы «о да азынап» дегеннің орнына 1954, 1977 жылдардағы басылымдарда «жел де азынап» делінген. Қ.Мұхамедхановтың «о да азынап» дегенді жақтағанына қарамастан бізге сол бұрынғы басылымдардағы «жел де азынап» деген дұрыс сияқты көрінеді. Егер біз жоғарыдағыдай «о да азынап» дегенді қалдырсақ, онда бұл шумақ ұғымы жағынан түсініксіз болып қалады.

«Борандап, бұрқ-сарқ етіп долданғанда,



Алты қанат ақ орда үй шайқалды» (71), – дегендегі «борандап» сөзі 1954 жылғы басылымда «борандай», ал 1968 және 1977 жылғы басылымдарда «бурадай», Осы үш сөздің (борандап, борандай, бурадай), қайсысы дұрыс? Бізге салсаңыз «бурадай» деген дұрыс. Өйткені, Абай қысты «тірі жанға» балап отыр. Ондай «тірі жан» деп біз бураны ұғамыз.

Осы өленде «Шидем мен тон қабаттап киген малшы, Бет қарауға шыдамай теріс айналды» (71) деген жолдар бар. Осындағы «теріс айналды» тіркесі 1954 жылғы басылымда «сырт айналды» деп берілген. Біздіңше осы соңғы тіркес дұрыс. Өйткені, атамыз қазақ аязды боранға байланысты «теріс айналды» демейді, «сырт айналды» дейді. «Теріс айналса» – бір нәрсеге өкпелегені, бұрынғы пиғылының айнып кеткені. Ал «сырт айналса» аязды боранға шыдай алмағандықтан оған жотасын бергені.

«Ұрлық пенен кулыққа

Байлағанда, кестің бау» (75) Осындағы «байлағанда» сөзі өз орнын тауып тұрған жоқ. Мүмкін «бойлағанда» шығар, сонда түсініктірек.

«Сасып қалдым, күн тығыз,

Жүрек кетті дүпілдеп» (76), – дегендегі «дүпілдеп емес «лүпілдеп» болуы керек. Өйткені, жүрек дүпілдемейді – лүпілдейді. Оған Абайдың «лүпілдеп қан соғады жүрегінде» (105), «жүрегім лүпілдеп (137) деген жолдары куә.

«Бір кісі мыңға,

Жүз кісі сұмға,

Әлі жетер заман жоқ» (87), – дегендегі «жүз» сөзінің орнына 1957, 1986 жылғы басылымдарда «жөн» сөзі жазылған. Біздің ойымызша, бұл жерде – «жөн» де емес, «жүз де емес», «мың» сөзінің тұрғаны ақылға сыйымды. Себебі, бұл жерде ақын нақты жүз кісі туралы емес, тек көптікті ғана айтып тұр. Ондай көптікті білдіретін сан – «мың».

«Қор болды жаным

Сенсіз де менің күнім» (97) – деген жолдарындағы «де» сөзі ақынның айтпақ ойын тұмандандырып тұр. Абай сағынған жарға «сенсіз күнім күн емес» яғни «сенсіз не менің күнім» деп тұр. Әділін айтсақ, 1968 жылғы басылымда оны осылай (сенсіз не менің күнім) деп түзеткен екен. Бірақ амал не, 1977 және 1986 жылғы басылымдарда ол қайтадан бұрынғы «таз кепеш» қалпына көшіпті.

«Иығымда – сіздің шаш,

Айқаласып тай-талас» (10) – дегендегі «айқаласып» сөзін біз бір кезде қате жазылып кеткен «аймаласып» сөзі деп білеміз. Өйткені, біріншіден, не қазақ әдеби тілінде, не оның диалектісінде мұндай сөз жоқ. Екіншіден, Абай «айқаласып» деген сөзді ұйқастыру үшін алып тұрған жоқ. Өйткені,

«Тар төсекте төсінді

Иіскер ме едім жалаңаш», – дегенді ұят санамаған Абай, «аймалас» сөзін ұят санауы, сөйтіп оны жұмсартуы мүмкін емес. Бір қызығы осы



өлеңнің соңғы жолы да, «Тамағыңнан айқалат» болып келеді. Бұл да кейіннен түзелген немесе қате кеткен нәрсе». Оған дәлел: ақын шығармаларының 1957, 1968 жылдардағы басылымдарында ол жол «тамағыңнан аймалат» деп берілген.

«Тайса аяғың, кім көмек?» (112), – дегендегі «көмек» сөзі де «көмбек» сөзінің жаңылыс түзелген түрі. Бұл сөз 1957, 1968, 1977 жылғы басылымдардың бәрінде де «көмбек» болып жазылған.

«Не пайда бар – мың надан

Сырттан естіп таңдансын.

Онан дағы бір есті

Ішкі сырын аңғарсын (118), – дегендегі «сырттан» сөзі де қате редакцияланған немесе корректурадан қате кеткен. Бұл сөз 1954, 1957 жылғы басылымдарда «сыртын» деп жазылған. Дұрысы сол.

Енді «Махаббатсыз – дүние дос» (119) деген жолға келелік. Бұл жолы 1957 жылғы басылымда «махаббатсыз дүние – дос», 1968 жылғыда «махаббатсыз дүние – бос» болып әртүрлі жазылып келеді. Ақын атамыздың айтпағы: «Махаббатсыз дүние – дүние емес, ондай махаббаты жоқ адамды хайуанның қатарына қосу керек», – деу ғой. Олай болса, дұрысы «Махаббатсыз дүние – бос» екені айдай анық.

«Шаруаның біреуі екеу болып,

Жаңа төлмен көбейіп дәулет өнер» (121).

Мұндағы «өнер» сөзі «өнер» сөзінің қате терілген түрі болуы керек. Ал «біреуі» дегеннің орнына 1954 жылғы басылымда «бір малы» деп алыныпты. Біздіңше осы дұрыс. «Біреуі екеу болып» дегеннен гөрі «бір малы екеу болып» деген әрі анық, айқын, әрі түсінікті.

«Таң атқан соң шығарын күннің біліп,

Өңі қашып бола алмас бұрынғыдай», – дегендегі «қашып» сөзінің орнына «қашар» сөзін қойса, ақынның айтпақ ойы айқындала түседі. Қ.Мұхамедханов мұны сонау 1959 жылы шыққан, жоғарыда аталған кітабында да айтқан екен. Сөйтіп, ол 1968 жылғы басылымда «қашар» болып түзелген екен. 1977, 1986 жылғы басылымда ол қайтадан «қашып» болып шыққан.

«Азалы ақ көрпесін сілке тастап,

Жер күлімдер, өзіне шырай беріп» (121).

Осындағы «өзіне» деген сөзді «өңіне» болуы керек деп жазыпты. Біздіңше де солай. Өйткені, жер «өзіне» шырай бермейді», «өңіне шырай береді».

Адам тіптен көре алмас күннің көзін, сүйіп, жылап тұрады жан лебізін» (122). Мұндағы «жылау» деген сөз «жылытып» болуы керек. Ақынның айтпағы: «күннің көзі жан лебізін сүйіп, жылытып тұрады» – деу ғой.

«Не десем саған еп?

Ғашығың да қайғы жеп



Өртенген жүрекке

Бір көрген болар сеп» (137), – дегендегі «ғашығың да» сөзінде «да» шылауы сырттан қосылып кеткен болуы керек. Өйткені, осы жолда буын саны да артық.

«Өткен күйге өкінбен

Әм үміт жоқ алдымда» (151), – дегендегі «күйге» сөзінің Абайда «күнге» болғандығында дау жоқ. Өйткені, біріншіден, өлеңнің мазмұны соны талап етеді, екіншіден, 1954, 1977 жылғы басылымдарда бұл сөз «күнге» деп алынған.

«Сауырсына шапақтап, сүйіп жатқан» (201), – дегендегі «сауырсына» сөзі 1957 жылғы басылымда «сауырсына» деп, 1977 жылғы басылымдағы «сауырын» түрі. Бұл сөздің орфографиялық сөздіктегі жазылуы да осындай.

«Өңкей надан, антұрған,

Қанша айтса, жан ба екен?

Бос жүріп, қор қылған

Өміріңе кән ба екен?» (216).

Осындағы «жан», кән сөздерін «жөн», «сән» деп түзеткен дұрыс сияқты. «Сән» сөзі бұл өлеңнің бірінші шумағында да қайталанып тұр. Соған қарамастан, осылай түзеткенді мақұл деп білеміз. Болмаса, бұл шумақ оқырманға түсініксіз болып қалады.

Соңына қарай айта кететін бір нәрсе, Абай өлеңдерін үніле оқып отырып, біз біраз сөздерге, тіркестерге олардың қолданылуына күдік келтірдік. Бірақ ол күдігімізді өзіміз сейілте алмадық. Сонымен, Абай шығармаларының текстологиясымен шындап айналысушы адам табыла қалса, есінде жүрсе екен деген ниетпен ендігі жерде оларды да көрсете кеткенді жөн көріп отырмыз.

Ойыншылдың мен де санды бірімін деп,

Талап, ойсыз мақтанады **қалдым күтіп** (53)

Қайрауы жеткен қатты би

Қайрылып нетсін көңілді (77).

Жөнді – жөңсіз

Сөз – теңеусіз,

Бас пен аяқ бір **қысап** (111).

Кейбіреуі дүрсіп жүр.

Жер тәңрісін **кер мағыз** (147).

Жаралап ауыз ашты,

Жарасы жарасты (165).

Бұл – жазған сұңғатым

Көңіл ашар бір наме

Менің сол рахатым

Көзіме **сүрмеге** (167).

Тәңірінің берген өнері

Кек бұлттан ашылса (205).

Ақылға сыймас ол алла,

Тағрипқа тілім қысқа **ah** (215).

Татымды достық та жоқ, қастық та жоқ,

Жігері жоқ, **маңызы жеңіл үшін** (241).

Бұлардағы қарамен терілген (асты сызылған) сөздер мен тіркестердің бір-бірімен байланыстары, берер мағыналары анық, айқын емес. Тіпті кейбіреулері (мәселен, сүрмеге, ah, т.б.) алдыңғы жолдардағы тиісті сөздермен қиыспайды да. Сондықтан бұларды «мүмкін қате жазылған сөздер шығар» деп жорамалдап отырмыз. Айталық, «қысап» емес – «қисап» (есеп), «жер мағыз» емес – «кер маңғаз», «жаналап» емес – «жарылып», «кек» емес – «көк» болар. Қайда, бұл түсініксіз сөздер жөнінде бір ортақ шешімге тоқтауымызға тура келеді.

Сөйтіп, біз өз мақаламызда 1986 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан Абай шығармаларының екі томдық жинағының бірінші томындағы ақын өлеңдеріне кейбір текстологиялық түзетулер енгізу қажеттілігі туралы нақтылы пікір ұсындық. Бұл пікірлеріміздің бірі дұрыс, бірі бұрыс болар. Мәселе онда емес, мәселе – аталған проблеманы күн тәртібіне қоюда ғана.

Біздіңше, Абай шығармалары кітап болып басылған сайын көптеген сөздерге әріптік қателер ұрланып кіріп, ақынның саф алтындай сөздерінің мәні мен мағынасын бұзып барады. Егер біз Абайды жете тануымыз керек, сол арқылы оны ойдағыдай игергеніміз мақұл дейтін болсақ, онда Абай текстологиясына қатысты әлі де ойлайтын, ізденетін, ден қоя түсетін тұстар көп екендігі анық. Біздің бұлай деуімізге тағы бір себеп болып отырған нәрсе – бұл мақалада біз тек Абайдың өлеңдеріне ғана тоқталдық. Былайғы жерде оның поэмаларына, аудармаларына, қара сөздеріне де осындай зерттеулер жүргізуіміз қажет.

Олай болса, жасар қорытындымыз біреу ғана. Ол: алда келе жатқан Абай ағамыздың туғанына 150 жыл толу торқалы тойы қарсаңында ақын шығармаларының толық жинағы шығатын болар. Олай болса «әттеген-ай», мынандай-мынандай кемшіліктері бар екен деп, тағы да санамалап жүрмелік. Осы мақсатта, біздің жоғарыда айтқан пікірлеріміз белгілі бір қажетке жарап жатса, онда еңбегіміздің босқа кетпегені. Әйтеуір, қазағамызға тән керенаулыққа салынып, «Баяғы жартас – бір жартас, Қаңқ етер, түкті байқамас» жылы жауып қоймасақ болғаны.

*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
филология ғылымдарының докторы
Байынқол Қалиұлымен авторлық бірлікте
«Жетісу» газеті. 1993, 16-маусым.*

Қысқарған сөздеріміздің ғұмыры қысқа болмасын десек

Көпшілігіміз «қысқарған сөздер де сөз болып па?» деп қарайтын сыңайлымыз. Дұрысы қысқарған сөздер де назардан тыс қалмай, олардың жасалуы мен қолданысы қадағаланып, мамандардың сарабынан өтіп отыруға тиіс. Тіл мәселесінде ұсақ-түйек дегеннің болмайтыны белгілі. Тіл мамандары тарапынан арнайы қарастырылып, 1996 жылы Н.Алдашев «Қазіргі қазақ тіліндегі қысқарған сөздер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғағанымен, ондай зерттеу нәтижелерін қысқартып сөз жасаушылардың басым көпшілігі іс барысында пайдалана бермейтіні байқалады. Әйтпесе, ҚӨТ қаржы-өнеркәсіптік топтар), АМУ (Америка мемлекеттерінің ұйымы), ЕҚЫК (Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық келісімі), ПУАЖ (Президент пен Үкіметтің актілер жинағы), ӨСЕҚ (Өртке қарсы еріктілер қоғамы), ЕҚЫҰ (Еуропалық қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы), ХЕҰ (Халықаралық еңбек ұйымы) сияқты көптеген «қатырып» қысқартылған атауларды оңды-солды қолданып жүрмеген болар едік. Сөз қысқарту кезінде де тілдегі дыбыстардың бір-бірімен қатар тұру мүмкіндігі, олардың тарихи қалыптасқан орны болатынын ескеру қажет. Мысалға алынып отырған қысқарған сөздердің кемшілігі – әріптік қысқарту барысында қазақ тіліндегі дыбыстар тіркесі сақталмаған. Дыбыстар үндестігі бұзылғандықтан, тілінді қанша бұрасаң да айтуға келмейтін, құлаққа түрпідей тиетін атаулар пайда болған. Айтқанда, оқығанда қиындық туғызатын мұндай атауларды тілде орнықтыруға ниеттенудің өзі зорлық.

Әр басқа ұғымдарды білдіретін күрделі атауларды бір ғана қысқарған сөзбен беруді де орын алып жүрген кемшіліктердің қатарына қосуға болады. Мысалы, Халықаралық кәсіпкерлер ұйымын да, Халықаралық көші-кон жөніндегі ұйымды да ХҚҰ деп бір-ақ қысқарған сөзбен беріп жүрміз. Осы сияқты Еуропалық Кеңес те, Еуропалық комиссия да ЕК түрінде қолданылып келеді. «Қазақ тілінің анықтағышына» (Р.Сыздық, Астана, 2001) да осылай енгізілген. Мұндай қысқартулар жұртты шатастырады әрі басқа-басқа ұғымдардың атаулары бірдей қысқартылғандықтан, бұл нұсқалардың бірінің тілде орнығуына екіншісі кедергі келтіреді. Мәселен Еуропалық Кеңесті – қазіргі қалпында ЕК деп әріптік қысқарту үлгісімен, ал, Еуропалық комиссияны – ЕуКом түрінде буындық қысқарту жолымен алуға да болар еді. Жалпы, түрлі атаулардың бірдей қысқартылып алынып қолданыста жүруінің өзі мұндай атауларды жинақтап, оларды сұрыптап, ретке келтіру жұмыстарының тиісті дәрежеде қолға алынбай отырғанын көрсетеді.

Жуырда «Хабар» агенттігі ұйымдастырған «Тіл» деп аталатын бағдарламада сөз болған мәселенің бірі осы қысқарған сөздер жайы

болды. Сонда бір студент өзінің оқитын оқу орнын тек КИМЭП деп атайтынын, ҚМЭБИ деген атауды қолданбайтынын айтып еді, оның бұл ісін құптамайтындар, сөккендер аз болған жоқ. Шындығында, тек КИМЭП қана емес, Қазақстанның бірқатар жоғары оқу орындарының студенттері өз оқу орындарының қысқартылған қазақша атауларын қолданбайтынына күмән болмаса керек. Мұның себебін тек орыс тілінің үстемдігінен немесе шәкірттердің қазақ тіліне деген жанашырлығының жетіспейтінінен іздегеніміз дұрыс бола қоймас. Мәселенің бір ұшы осы қысқартылған атаулардың «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетіндей» ұтымды жасала бермейтінімен тікелей байланысты деп білеміз. ҚМЭБИ ғана емес, ҚазБСҚА (КазГАСА), ҚазМХКӘТУ (КазГУМОиМЯ), МБ-БҚБА және ҚДИ (Мемлекеттік және білім беру қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты) сияқты бірқатар іргелі оқу орындарының қазақша атауларын қанша ұлтжанды, қанша жерден тілдің жанашыры болсаң да, айтуға құштар бола қоюың қиын-ақ. Бұл секілді мысалдарды әлі де көптеп келтіруге болады. Осының өзі сөздерді қысқартып алу кезінде бас қатырып көп ойланып жатпайтынымызды әрі өз тіліміздің заңдылықтарына сәйкестендіріп қысқартпай, орыс тіліндегі нұсқасын үлгі етіп алып, сол тілдің шылауынан шыға алмай қалатынымызды байқатады. Әйтпесе, орыс тіліндегі әріптік қысқартуларды дәл сондай етіп алып жататынымызды немен түсіндіруге болады? Ондай атауларды буындық немесе аралас қысқарту жолымен өз тілімізге бейімдеп, жатық дыбысталатындай етіп қысқартып алуға да болар еді ғой. Бұл жөнінде «Жас Алаш»-тың 2 желтоқсан күнгі санында «Сөз – халық қазынасы» деген мақаласында белгілі жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы орынды сөз қозғаған.

Баспасөз беттерінде жұртшылықтың көз-құлағы үйреніп, жиі қолданылатындай дәрежеге жете қоймаған атауларды орыс тіліндегі қысқартылып алынған үлгісіне қарап қысқартып алу немесе ондай қысқартуларды мақала тақырыбы етіп беру сияқты кемшіліктер де орын алып жатады. Мұндайда газет-журналды бос уақыты болғанда ғана оқитындар емес, оны үзбей қадағалап отыратын оқырманның өзі қысқарған сөздің толық нұсқасының қалай болатынын тауып, оның мағынасын түсіну үшін біршама ойланып, уақыт жоғалтуына тура келеді. Кейде мәтін мазмұнына қарай шамалай салуға мәжбүр болады. Жуырда белгілі азамат беделді басылымдарымыздың бірін оқып отырып, мақала тақырыбында ТӘБ деген қысқартылған атаудың «ТұранӘлемБанк» екенін мәтінді оқып барып әрең түсінгенін, қысқартылған атаулардың мақала тақырыбы ретінде берілмеуі керектігін айналасындағыларға айтып отырды. Өзіміз де бір автордың мақала соңында жұмыс орнын МӨҚҚ ББ түрінде көрсеткен қысқартуының бастапқы төрт әрпін мәтін көмегімен таратып (Мемлекеттік өртке қарсы қызмет) түсінгенімізбен, соңғы екі

әрпін дәл ажырата алмадық. Шамасы, «бас басқарма» болар деп топшыладық. Мұндай мағынасын ашу қиындық туғызатын қысқарған атауларды мерзімді басылымдардың көпшілігінен кездестіруге болады. Сондықтан, сирек қолданылатын немесе жаңадан жасалып көпшілікке үйреншікті бола қоймаған атаулардың толық нұсқасын сол мәтінде бірінші қолданған жерде жақша ішінде беріп, одан әрі қысқартылған нұсқасын пайдалана берген абзал.

Бірнеше сөздің тізбегінен тұратын күрделі атауларды қайта-қайта шұбыртып қолдана бермей, ықшамдап беру арқылы ақпаратты мол қамтып, аз сөзбен көп ой айтуға әрі басылым бетінде орын үнемдеуге болатыны белгілі. Бұл жалпы баспасөз тіліне тән нәрсе. Алайда, сөз қысқартуға да жауапкершілікпен, талғаммен қараудың қажеттілігін де ұмытуға болмайды.

Қысқарған сөздерге қосымша жалғау тәртібі де сақтала бермейді. «Әріптерден қысқарған сөздерге қазақ тілінің қосымшалары соңғы әріптің немесе соңғы цифрдың айтылу әуеніне қарай, ал олардың ішінде дауысты дыбыс болса, сол дыбыстың айтылу әуеніне қарай жуан не жіңішке жалғанады да, дефис арқылы жазылады», – деген ереженің ескеріле бермейтінін өте жиі ұшыратып жатамыз. Қысқарған сөздерге қосымшаны қалауымызша жалғауға жол беріп алып жатсақ, онымыз жазу мәдениетімізге асқан ықтияттылықпен қарап отырмыз дегенді білдірмесе керек.

Сондай-ақ, баспасөз беттерінде сынға алып отырған нысананың атауын мақсатты түрде қысқартып қолдану арқылы оқырманға әсер етіп, қоғамдық пікір тудыруды көздейтін жағдайлар да кездесіп қалады. Мәселен, «Бірыңғай ұлттық тестілеу» дегенді БҰТ деп қысқартып алып, мақала тақырыбы етіп беру – соның бір мысалы.

Көп құрамды атауларды қысқарту мен оларды қолдану кезінде орын алып жататын кемшіліктерге жол бермеуге септігі тиер деген мақсатпен сөзіміздің соңында төмендегідей ұсыныстарымызды білдіргеннің артықтығы болмас деп санадық:

Біріншіден, арнаулы салалардағы және жалпы қолданыста жүрген, жаңадан туындап жатқан қысқартылған атауларды жинақтап, оларды үнемі лингвистикалық сараптан өткізіп отыру қажет.

Екіншіден, ұтымды жасалған қысқарған атауларды сұрыптап, електен өткізіп алғаннан кейін оларды ресми бекітіп, жұртшылық бірізді қолдануы үшін жеке сөздік түрінде шығарып және оларды орфографиялық сөздіктің әр басылымына енгізіп, толықтырып беріп отырған жөн. Тілшілік және тілден тыс факторларға сәйкес ескіріп, қолданыстан шығып қалғандарын ондай сөздіктердің келесі басылымдарына енгізбеу арқылы да реттілікке қол жеткізу мүмкіндігі туындайды. Мысалы, ҚР, БАҚ, ЖАҚ, АХАТ, ТМД, БЭК, Мемтерминком, ҚазМұнайГаз тәрізді көптеген атауларды ресми бекітіп, аталған сөздіктерге енгізуге әбден болады деп білеміз.



Қазір қандай көп таралыммен шығарғанмен де сөздіктер жұрттың бәріне бірдей жете бермеуі мүмкін. Сол себепті, **үшіншіден**, қысқарған сөздердің электрондық сөздігін немесе қазақ тіліндегі кез келген қысқарған сөздің толық нұсқасын көрсетіп бере алатын компьютерлік бағдарлама жасаудың пайдалы болары сөзсіз.

Төртіншіден, тілші ғалымдар салалық мамандарға арналған күрделі атаулардың қысқартылған нұсқасын жасаудың жолдарын көрсететін әдістемелік құрал жасағандары жөн. Көптеген арнаулы салаларда кездесетін қысқартылған атаулардың сауатты жасалмауы осындай құралдардың сөзсіз қажеттілігін көрсетіп отыр.

Осы сияқты жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп отырса, қысқарған сөздеріміз дұрыс жасалып, олардың тіліміздегі қолданысы да қалыпқа түсер еді деген үміттеміз.

«Жас Алаш»,

14 ақпан, 2004. - № 19.

Қалам – қандауырдан да қуатты құрал БАҚ тілі мінсіз болсын десек...

Бүгінгі таңда Қазақстанда қазақ тілінде 449 газет пен 117 журнал шығады екен. Оның сыртында қазақ, орыс тілдерінде екі тілде шығатын газет-журналдар тағы бар. Кеңестік дәуірмен салыстырғанда қазақ басылымдары санының бұлай артуы тәуелсіздік арқасында қол жеткен жетістік екені даусыз. Осы басылымдар қазақ тілінің шешімін таппаған сан алуан мәселелерін үздіксіз көтеріп, тіліміздің дамуына, оның Ата Занда көрсетілген мәртебесіне сәйкес қолданылуына қатысты жазудан жалыққан емес. Тек журналистердің ғана емес, тілші ғалымдар мен филологтардың, тіл жанашырлары мен түрлі сала мамандары тарапынан тілдің жайын сөз еткен сан алуан мақалалар да негізінен қазақ тілінде жарық көретін газет-журналдарымыз арқылы қалың жұртшылыққа жол тартады. Жалпы, қазақ тілінің мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын да қазақ баспасөзі, қазақ тілді журналистер қауымы екені баршамызға белгілі. Тіліміздің дамуы мен қолданысына елеулі үлес қосып отырған төл баспасөзіміздің тілі жөнінде дүркін-дүркін сөз қозғалып жатады. Бұл мәселе тіл мамандарының назарынан да ешқашан тыс қалып көрген емес. Жеке-леген мақалаларды айтпағанда, әр кезеңдегі қазақ мерзімді басылымдарының тілін зерттеуге арналған монографиялар жазылып, бірқатар кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды. Осы дәстүрді жалғастырып, біз де кейінгі бес-алты жыл көлемінде баспасөздегі сөзқолданыс, сөзжасам, терминжасам мәселелерін қарастырып жүргендіктен, жинақталған деректер негізінде кейбір ойларымызды ортаға салуды жөн





көрдiк. Әрине, қазақ баспасөзiнiң бүгiнгi биiгiнде ондағы тiл мен стиль мәселелерiнiң негiзiнен ойдағыдай шешiлiп келе жатуының мәнi үлкен. Газеттер мен журналдардағы мақала, сұхбаттардың тiлi жетiк, содан да ойы айқын бола түскенi талас тудырмайды. Әйтсе де, қолдағымызды ешкiм де тартып алмайтынын ескере кетiп, бұл мақалада бiз негiзiнен баспасөз тiлiнiң мәдениетiне, сөзқолданыста орын алып жүрген кейбiр кемшiлiктерге баса тоқталамыз.

Әрине, қазақтың тiлiн бiр кiсiдей бiлетiн, қаламы төселген, әр сөздi талғап-таңдап орнымен қолданатын, қағаз бетiне түскен немесе аузынан шыққан әр сөйлемiне үлкен жауапкершiлiкпен қарайтын тәжiрибелi, бiлiктi журналистер де аз емес. Олардың жазғанын кiм де болса сүйсiнiп оқиды, сөйлеген сөзiне зейiн қойып iлтiпатпен тыңдайды. Алайда үнемі олай бола бермейдi. Кез келген өзге салалардағы мамандар сынды журналистердiң де бiлiктiлiгi, кәсiби деңгейi, жазу шеберлiгi, сөз қолдануға деген жауапкершiлiгi бiрдей емес. Сондай-ақ газет-журналда тек журналистердiң ғана емес, бiлiмi мен кәсiби дайындығы, тiлдi бiлу деңгейi әркелкi түрлi сала мамандарының жазғандары да жарық көрiп жатады. Осының бәрi баспасөз тiлiнiң сапасына әсер ететiнi сөзсiз. Бұл секiлдi факторлардың қай-қайсысын да ескере отырып, бүкiл қоғам көз тiгетiн қазақ баспасөзi тiл мәдениетiнiң жоғары болуына, әдеби тiл нормаларының сақталуына, публицистикалық стильдiң кемелдене түсуiне айрықша мән берiп отырғанымыз абзал. Бұған қолына қалам ұстағандар да, осы басылымдардың оқырмандары да мүдделi болуы керек.

Әр сөздi мағынасына қарай орнымен қолдану – тiл мәдениетiнiң ең өзектi мәселелерiнiң бiрi. Сөзқолданыс барысындағы орын алатын кемшiлiктер көбiнесе сөз мағынасын анық бiлмеуден, оның тура мағынасы мен ауыс мағынасының аражiгiн айқын ажырата алмаудан, синонимдер қатарынан қажет сөздi таңдап-талғап пайдаланбаудан немесе жауапсыздық салдарынан туындап жатады.

Мына сөйлемге назар аударып көрелiк: «Отандық телеарнаның озық майталмандары кiмдер?» (Әйгерiм Бақытқызы. «Айқын», 29 желтоқсан 2011 жыл. № 244). Онсыз да «озық, озат, асқан шебер» деген мағынаны бiлдiретiн «майталман» сөзiнiң алдына «озықты» қосақтау мүлде артық. Озық емес майталман болмайды. «Майталман» деген озықтың озығы. «Өз iсiнiң хас шеберi» деген мағынаны бiлдiрiп тұрған «майталман» сөзiнiң алдынан тiркескен «озық» оған қосымша мағына үстеп, әр берiп тұрған жоқ. Керiсiнше, көлеңкесiн түсiрiп, артық қолданылғаны көзге ұрып тұр. Суретшi салған суретiн әрлендiре түсем деп әр түстi бояуларды артық жағып алса, бояулар үйлесiм таппай, баттасып, суреттiң әрiн қашырып алуы мүмкiн. Қалам ұстаған жан да сөздердi талғап, таңдап артық та кетпей, кем де түспей, мағына үйлесiмiн тауып орнымен қолданбаса, сөйлемнiң де әрi қашып, айтылмақ ой бұлыңғыр болып қалмақ.



«Алматы ақшамы» газетінің 2011 жылғы 27 тамыздағы № 100-101 нөмірінде «Дүние дүрмек» айдарын әзірлеген жас журналист Айкерім Раисқызы шағын мақала тақырыбын «Гауһар тасты жұтып қойды» деп атапты. Бұл тақырыпты оқыған адамның басына алдымен Гауһар есімді адам тасты жұтып қойған екен ғой деген ой келеді. Алайда мақала мәтінін оқыған соң бәрі басқаша екенін түсінеді. Онда: «Қожайын дүкенге келген тұтынушыға қызмет көрсетуге кеткенде ит үстел үстіндегі қораспыз жатқан гауһар тастарды жұтып жібереді» – делінген. Тасты жұтқан Гауһар есімді адам емес, «Медовая Булка» атты ит екен. Әрине, оқырмандарды шағастырмай бұл мақалаға «Гауһар тасты жұтқан ит», «Ит гауһар тастарды жұтып қойды» немесе басқаша да тақырыптар қоюға болар еді. Бұл жерде жас журналисті ғана кінәлап қою әділетсіз. Мұнда атауларды бір ізге түсіру, сөздерді қосып немесе бөлек жазу мәселесі де көрініс береді. Кейінгі жылдары асыл тастың бұл түрі «гауһартас» түрінде бірге жазылып та жүр. Сөз болып отырған мақала тақырыбында бұл сөз осылай «гауһартас» түрінде бірге жазылғанда да ешқандай сұрақ туындамаған болар еді.

«Қымбат автограф» («Егемен Қазақстан», 23 тамыз 2008 жыл. № 260) деген мақала тақырыбындағы «автограф» сөзі мақсатты қолданылғанға ұқсайды. Орыс тіліндегі «автограф» сөзінің тіліміздегі баламасы «қолтаңба» сөзі. «Автограф» сөзінің тілдік қолданысымызда болғаны белгілі. Алайда осы сөздің орнын «қолтаңба» сөзі алмастырып, жаппай қолданылатын деңгейге жетіп, әдеби тіл сөздігі мен қазақша-орысша, орысша-қазақша сөздіктеріміздің бәріне енгеніне, қолданысы орныққанына да едәуір уақыт өтті. Соған қарамастан, мақала мәтінінде «қолтаңба» сөзін қолдана отырып, тақырыпқа «автограф» сөзі алынғанда не мақсат көзделді екен деген ойға қалдық. Біздіңше, тақырыпты «Қымбат қолтаңба» деп қойғанда екі сөздің басындағы дауыссыз «к» дыбыстары өзара үндесім тауып жарасып-ақ кетер еді. Мәселен, «дүбірлі дода», «жасыл желек», «кылықты қыз», «терең теңіз» деген тіркестердегідей дыбыстар үйлесімі көрер көз, естір құлаққа жағымды әсер етіп, оқырман назарына ілінер еді.

Кейде басылымдарда сөз тіркесі, сөйлем құрамындағы етістіктердің мағынасына қарай дұрыс қолданылмай, сөйлем баяндауыштары тиянақсыз болып жататын тұстар жиі ұшырасады. Көзге түскен көп мысалдың екі-үшеуін ғана келтірелік. Мысалы, «Ер мен әйел арасындағы қарым-қатынаста азаматтың еңсесі түспеуін, арудың сағы сынбауын мансұқтау» («Нұр Астана», 19 наурыз 2008 жыл. Бетті әзірлеген: Г.Әбжәлелқызы). Сөйлем аяқталмай қалған, айтылмақ ой түсініксіз. «Мансұқтау» етістігі орынсыз қолданылған. Ескендір Ертай «Теміржол тұрғызу – аса күрделі үдеріс» («Алаш айнасы», 8 шілде 2011 жыл. № 117) деп жазыпты. Осы сөйлемде «тұрғызу» сөзі орынды қолданылып тұрған жоқ. Үй, ғимарат, мұнара, т.б. тұрғызылады. Ал жол қалай тұрғызылады, ол салынады немесе төселеді.

Тілде кез келген дыбыс пен дыбысты, сөз бен сөзді тіркестіріп, дыбыстар тіркесін немесе сөз тіркесін тудыра беруге болмайды. Қатар тұра алмайтын, өзара үйлесім таба алмайтын дыбыстар да, сөздер де бар. Сөз сөзге шуағын төгумен қатар, көлеңкесін де түсіретіні белгілі. Осыны ескермей қиыннан қиыстырып, тың сөз тіркесін туғызам деу үнемі сәтті бола бермейтінін де ескерген абзал. Ондай мақсат қоймағанның өзінде сөз қолдануға, тіркес үйлесімділігіне жауапсыз қарамаған жөн. Мына мысалдарға назар аударалық: «Спорт тақырыбында қалам қозғау ер журналистер үшін ғана емес, нәзік жанды аруларымыз үшін де өте қызық» («Дала мен қала», 7 наурыз 2008 жыл. Дайындаған: Азиз Ордабаев). Тілдік қолданысымызда орныққан «қалам тербеу», «қалам тарту» секілді тіркестер тұрғанда, «қалам қозғау» деген «жаңа тіркес» жасап қолданыпты. Сәтті қолданыс дей алмаймыз. Бұл тіркес қаламмен жазу емес, «қаламды бір жерден алып, екінші жерге жылжыту», «қаламды орнынан қозғау» деген түсінік туғызады. Сондай-ақ бұл сөйлемде «әйелдер», «қыздар» деген мағынада жұмсалатын «нәзік жандылар» мен «аруларды» қосақтап қолданудың да қажеттілігі көрініп тұрған жоқ. «Айқынның» (26 шілде 2011 жыл. № 135) бас мақаласының тақырыбы «Салтанат қақпасы» ұрпаққа ой беруге тиіс» деп беріліпті. «Ой беру» деген қолданыстың не берерін білмедік, біз осы сөйлемде тілімізде қолданысы орныққан «ой салу» деген тіркестің қолданылғаны оң болар еді-ау деген ойда қалдық.

«Алматы ақшамының» 2012 жылғы 27 наурыздағы № 36-санында Айнабай Мәдидің авторлығымен «Асық атуды» хансулық қос фотосуретші жығылып жатып, суретке түсірді» деген тақырыппен мақала жарияланыпты. Мақала тақырыбына қарап, қытайлық фотографтардың екеуі бірдей жығылып бара жатып немесе құлап қалған соң суретке түсірген екен деген ойға қаласыз. Мақаланы оқып көрсек, олай емес екен. Оны автордың мақала соңындағы «Ал, «Асық ату» сәтін хансулық (қытайлық) фотосуретшілер қос қапталдан жығылып жатып суретке түсіргенін көрдік» деген сөйлемін оқығанда білдік. Қытайлық қос фотограф ешқандай да жығылмаған. Еңкейіп «асық ату» кезіндегі балалардың эмоциясын, қимылын, асықты көздеген, шиырып тұрған сәттерін қалт жіберіп алмау үшін қытайлық фотографтар асық атушылардың екі жағынан жатып түсірген. Олар жығылып-сүрінбеген, бірнәрсеге шалынып та құламаған. Өздерінің қалауымен жатып түсірген. Бұл жерде мақала авторы «жығылу» сөзінің мағынасына мән бермей, оны мақала тақырыбында да, мақала соңындағы сөйлемінде де орынсыз, артық қолданған. «Жығыл» (жық-ыл-у) сөзі ырықсыз етіс тұлғасындағы етістік. Яғни, адам ерікті түрде жығылмайды, құламайды. Сондықтан «жығылып жатып» демей-ақ, «жатып суретке түсірді» десе жеткілікті еді. Ал одан да әсерлірек тақырып беру қажет болса, «жата қалып»,



«етпетінен жатып», «шалқасынан жатып» немесе басқаша да құбылтып жазуға сөз табылар еді ғой.

Жекелеген сөздерді, сөз тіркестерін калькалаумен қатар, тұтас сөйлемдерді орыс сөйлемінің қалыбына салып құрау да белең алып бара жатқан құбылыс. Ақтаулық заңгер маман Қамысбай Бесінбергенұлы мақаласындағы бірқатар сөйлемдер еріксіз көңіл аудартады. Мысалы: Мен айтар едім, осы «инвестиция» тарту деген нарықтың жаңалығы бар-ау, біздің қазақтың түбіне жетеді деп. Мен айтар едім, бұл фактілер – Қазақ еліндегі таза көрініс, өмір шындығы. Автордың бұл сөйлемі орыс тіліндегі «Я бы сказал...» деп басталатын сөйлем үлгісімен жасалған. Ал оның «Кейде мен ойлаймын, жақсы..., Қазақ елінің ересектері, өз жерінің байлығының пайдасынан үмітін үзіп, құлдық сезімге қарай ойысып барады делік, ал жастарымыз не ойлайды» деген сөйлемі орыс тіліндегі «Иногда я думаю, хорошо...» түрінде келетін сөйлемнің қазақша тікелей көшірмесі. («Жас Алаш», 18 қаңтар 2011 жыл. № 3). Бұл сөйлем де орыс тіліндегі «Я не понимаю...» деп басталатын сөйлемнің ізімен құрылған. Мақала авторының орысша оқыған, орысша ойлайтын, қазақша көп жазбайтын адам екендігі анық аңғарылып тұр. Құдайға шүкір, бізде орысша оқығандар, орыс тілінде ойлайтындар, қазақша сөйлеп, жазуға шорқақтар жеткілікті. Олардың қазақша жазуға талпынғанын қуана құптайық. Алайда жазғандарының бәрін түзетпей газет-журналдарымызға баса берсек, шығатын кітаптарын редакцияламай-ақ жариялай берсек не болады? Сонда жазу мәдениетін сақтауды, БАҚ тілінің сауатты болуын кімнен талап етеміз?

«Қазіргі кезде бұл жол апаты құзырлы органдармен тексеріліп жатыр» (Нұрила Бектемірова. «Қазақстан-Zaman», 2 ақпан 2012 жыл. № 05) деген сөйлемде «құзырлы органдармен тексеріліп жатыр» (В настоящее время данное дорожное происшествие расследуется компетентными органами) сөйлеміндегідей «компетентными органами» тіркесін дәлме-дәл көшіріп аударудан туындаған. Дұрысы бұл сөйлемді «Қазіргі кезде бұл жол апатын құзырлы органдар тексеріп жатыр», деп құрағанда, аударма шырмауына түсіп сіреспей, жатық айтылған, жеңіл оқылған болар еді.

Сөзқолданыс туралы сөз қозғағанда баспасөздегі терминдердің қолданысы туралы да айтуға тура келеді. Мерзімді баспасөзде Мемтерминком бекіткен терминдердің бірізді қолданылуы өте маңызды. Бұл бекітілген атаулардың қолданысы тұрақтап, оларға көпшіліктің көзі үйренісіп, санасына тез сіңуі, тілде жарыспалылықтың орын алмауы үшін қажет. Алайда осы қажеттіліктің өтелуіне жете мән берілмей жататын тұстар да жиі байқалып жатады. Мәселен, «Ресейдің «Газпромы» Орынбордағы газ және мұнай өңдеу зауытындағы қазақстандық-ресейлік біріккен кәсіпорындағы жұмысын бастауды кешіктіріп отыр» («Түркістан»,



30 қазан 2008 жыл. № 44) деген сөйлемде ресми бекітілген «бірлескен кәсіпорын» орнына «біріккен кәсіпорын» деп қолданылған. Бірігіп кету мен екі кәсіпорынның дербестігін сақтай отырып, бірлесіп жұмыс істеуінің үлкен айырмашылығы бар. Ал «Күдікті екі адам болғандықтан, полиция қызметкерлері осы дүкенде торуыл қойып, екінші сезіктіні де құрықтады» («Егемен Қазақстан», 20 желтоқсан 2008 жыл. № 405-412) деген бір сөйлемде «подозреваемый»-дың баламасы ретінде бекітілген «күдікті» мен оның бекітілмеген жарыспа нұсқасы бір сөйлемде қатар қолданылған. Мемтерминком консультативтік-кеңесші орган болғандықтан, ол өзі бекіткен терминдерінің бірізді қолданылуын міндеттей алмайды. Сондықтан көптеген бекітілген атаулардың қолданысқа еніп кетуіне баспасөздің ықпалы көп екенін БАҚ өкілдері ескерсе дейміз.

Тағы бір мысалға назар аударып көрелік: («Сондай-ақ ұйқысыздық пен ұйқысы қанбайтындардың бас миының жұмысы нашарлап, ашуланшақ болады дейді») («Ана тілі», 16-22 маусым 2011 жыл. № 24). Бұл сөйлемдегі «бас миы» деген орыс тіліндегі «головной мозг» дегенді калька жолымен тікелей аудару барысында пайда болған жасанды атау.

Өзімізге өзіміз жау болмасақ, мұндай баянсыз тірлікке баруға тиіс емеспіз ғой. Сол себептен де қолымызға қалам алған үлкеніміз де, кішіміз де сөз жасауға, сөзді қолдануға, өзге тілден аударуға үлкен жауапкершілікпен қарауға тиістіміз. Айналып келгенде, мұның бәрі ұлттың тілін жетік білу мен кәсіби біліктілікке келіп тірелетіні айдан анық. Осы ап-анық нәрселерді ескере отырып маман дайындай алмау, сол жоғары талапқа сай келетін мамандардың өз орнында қызмет етпеуі, білетін ісінің басында болмауы тек журналистика мен тіл саласы ғана емес, қоғамдық өміріміздің басқа да барлық салаларындағы шешімін таппаған мәселелердің қордалана беруіне апарып соғатыны сөзсіз. Тілді және тілдің жай-жапсарын, оның ішкі мәселелерін жақсы білмейтін, кәсібін өз деңгейінде меңгермеген маман, қанша жерден ниеті түзу, қаншалықты тілге жанашыр болса да, тіліне қызмет етем деп жүріп, оған пайдасын емес зиянын тигізіп, артық қылам деп жүріп тыртық қылуы мүмкін. Тіліміздің «тәніне» тыртық түсіріп алмау үшін қылпылдаған қандауыр ұстаған оташы – хирургтей, біз де қаламымызды шеберлікпен, асқан жауапкершілікпен байқап-байқап қолдануымыз керек. Бүкіл қоғамға, халықтың аса қымбат қазынасы тіліне, ұлттың санасына ықпал етуі жағынан қалам қандауырдан әлденеше есе қуатты құрал. Сондықтан да мұндай қуатты құралды қолға алғанда, бүгінгі қаламымыз пернетақтаны басқанда, негізгі айтпағымыз жазуға, сөз қолдануға келгенде қай-қайсымыздың да мойнымызда зор жауапкершілік тұрғанын бір сәт те ұмытпауға тиіспіз.

Баспасөзде жиі көрініс беретін кемшіліктің бірі – тұрақты сөз тіркестерінің дұрыс қолданылмауы. Мәселен, «АҚШ спортшылары жан



салмады» («Айқын», 3 қыркүйек 2010 жыл. № 161). Тілде «жанын салды» деген тіркес «аянып қалмады, бар күш-жігерін жұмсады» деген мағынада қолданылады. Бұл тіркес негізінен болымды мағынада жұмсалатын болғандықтан, осы сөйлемді оқыған адамның басында «АҚШ спортшылары не үшін аянып қалды екен» деген ойдың қылаң берері табиғи нәрсе. Алайда мақаланы оқысақ, керісінше, АҚШ спортшылары бәрінен үздік шыққандығы айтылыпты. Сонда барып біз «бәрінен озды, үздік шықты, ешкімді алдарына шығарған жоқ» деген ойдың айтылмақ болғанын ұқтық. Тіліміздегі осы мағынаны дәл беретін «алдына жан салмады», «алдына қара салмады» деген тұрақты тіркестің дұрыс қолданылмауы салдарынан сөйлем мағынасы өзгеріп, айтылмақ ой бұрмаланып, оқырманға дұрыс жетпеген. Яғни, тұрақты тіркес құрамындағы «алдына» сөзі алынып қалғандықтан осылай болған. Мұндағы бар мәселе – тұрақты тіркестің құрамындағы сыңарларының ешқайсысы өзгертілмей, қысқартылмай, басқа сөзбен алмастырылмай, тұрған орнында, жеке сөздер сияқты дайын қалпында қолданылатынын ескермеуден туындап отыр. Сол себептен қалам алған қауымның қай өкілі болса да қашанда осы жайды ескерсе екен дейміз. Тұрақтылығын бұзуға болмайтындықтан да олар «тұрақты тіркестер» деп аталмай ма? Сол ұзақ жылдар бойы қалыптасқан тіліміздің тамаша байлығы болып саналатын тұрақты тіркестердің тұрақсыздануына жол бермей, оларды мағынасына қарай орнымен жұмсай білсек, ойымыз орнықты, сөзіміз салмақты бола түсетініне ешкім күмәнданбаса керек.

Кейде тіліміздегі тұрақты тіркестер сұранып тұрған жерде оларды қолданбай, айтпақ ойды көмескілендіретін сәтсіз сөз тіркестерін пайдалану деректері де кездесіп жатады. Мысалы, «Алматы ақшамында» (12 наурыз 2009 жыл. № 29) тайландтық боксшыны рингте ұрып құлатқан қазақстандықтың мықтылығын айтпақ болған журналист екі аяғы көкке көтеріліп құлап жатқан боксшы түсірілген фотосуретке былай деп жазады: «Тараздық (танк) тайландтың аяғын көкке көтерді». Тараздық жатқан тайландтықтың («тайландтың» емес) аяғын көтерген жоқ, ол жерлесіміздің қатты соққысынан аяғы көктен келіп құлады. Осы көріністі қазақ тілін жетік білетін журналист «аяғын аспаннан келтірді» деп жазған болар еді.

Баспасөз беттеріндегі кейбір мақалаларда сөздердің орын тәртібін сақтамағандықтан, сауатты құрылмай жататын сөйлемдер де ұшырасып жатады. Мысалы, «Ұланбатырда ең үлкен тұмауға қарсы тұмылдырық тігілді» («Алматы ақшамы», 21 қараша 2009 жыл. № 136) деген сөйлемге назар аударып көрелік. Хабарланбақ болған жаңалық тұмаудан сақтану үшін киетін «ең үлкен тұмылдырықтың тігілуі» туралы екен. Алайда бұл сөйлемді оқыған адам бастапқыда әңгіме өте кең тараған, жұқпалы тұмау туралы айтылып отыр ма деп қалады. Оқырман айтылмақ



хабардың ол емес екенін мақала мазмұнымен танысқаннан кейін ғана барып, мәселенің мәнін түсінеді. Себебі, сөйлемде «ең үлкен» тіркесінің орын тәртібі сақталмай, анықтауға тиіс «тұмылдырық» сөзінің алдынан емес, «тұмау» сөзінің алдынан қолданылған. Егер «Ұланбатырда тұмауға қарсы ең үлкен тұмылдырық тігілді» делінгенде, сөздердің орын тәртібі бұзылмай, айтылмақ ой анық, сөйлем де дұрыс құралған болар еді.

Көптік жалғауын орынсыз жалғау да көптеп кездесетін кемшіліктің біріне айналып барады. Оған да мысал жетіп артылады. Солардың бірекеуін ғана келтірелік. Мәселен, «Қазіргі уақытта шамамен 500 шаруалар ІКС-тің қамқорлығымен жұмыс жасауға тілек білдірді және орталықпен селекциялық үдерісті ғылыми қолдау туралы шарт жасасты». (А.Күрішбаев. «Егемен Қазақстан», 19 ақпан 2010 жыл. № 61-62). 500 шаруалар емес – 500 шаруа. Есептік сан есім анық жазылып тұрғаннан кейін көптік жалғауы жалғанбайтыны белгілі. Осы қарапайым ереже неге бұзыла береді? Ғалым Сүлеймен «Яғни, Ресейден келген қос зілтеміршілердің өзара тартысы соңғысының пайдасына шешіліп жатса, еш таңдануға болмас» («Айқын», 14 мамыр 2009 жыл. № 84) деп жазыпты. «Қос» деп бастаған соң көптік жалғауын жалғамай-ақ «қос зілтеміршінің» деген дұрыс еді ғой.

7-8 жасқа дейінгі балаларға ғана «жасар» деп қолданылатындығы баспасөзде жазылған еді. Бірақ ол қаперге алынып жаппаған тәрізді. «Халық сөзі» (20 сәуір 2012 жыл, № 31) газеті шағын мақала тақырыбын «31 жасар «сәби» деп атаса, «Алматы ақшамынан» (18 ақпан 2010 жыл. № 20) «Қытайлық 34 жасар Фэй Юфу оянбастан 203 күн бойына ұйқыға шомған» деген сөйлемдерді оқыдық.

Қазіргі қазақ баспасөзінің тіліне, ондағы сөзқолданыс мәселесіне назар аударғанымызда негізінен осы жоғарыда көрсетілгендей олқылықтар көбірек орын алып жүргені байқалды. Соңғы 4-5 жыл көлемінде газеттерден жиналған материалдар мұнымен шектелмейді. Олардың бәрін тізіп жатуды мақсат етпедік. Біз тіл маманы ретінде, олардың ішіндегі жиі орын алып жүргендеріне қалам ұстаған қауым назарын аудартуды міндетіміз санадық.

Көптеген оқырмандар «газеттен оқыдым», «газетте осылай жазған» деп газет сөзін алға тартып, онда жазылғандарды қашанда дұрыс деп қабылдайды. Әр сөздің қолданысына, сөйлемнің құрылымына мән беріп оқитын, кей қолданыстарға күмәнмен қарайтын, ондайларды бірден қабылдай қоймайтын талғампаз оқырманның өзі, сол сөз тіркестері мен сөздерді газеттен қайта-қайта оқи берсе, олардың да біртіндеп көздері үйренеді. Бұл газеттің қоғамдық санаға, тілдік нормалардың қалыптасуына ықпалының зор екенін көрсетеді. Баспасөзде әр сөздің қолданысына үлкен жауапкершілікпен қараудың қажеттілігі де осы себептен



туындайды. Сондықтан да БАҚ тілі мінсіз болсын десек, онда кемшіліктердің орын алуына жол бермей, кездескендерін дер кезінде түзетіп отыру өте маңызды. Жазу мәдениетіміз жеткен биігінен төмендемей, жетіле түсуіне, көсемсөз стилінің кемелдене беруіне кәсіби біліктілікпен атсалысу қолына қалам алған әр азаматтың міндеті.

*«Егемен Қазақстан»,
- 29 тамыз, 2012 жыл.*

Сөздік қор толығы беретін құбылыс

«Қазақ әдебиетінің» 2010 жылғы 2 желтоқсандағы санында журналист Бекболат Әдетовтің «Толғауы тоқсан, тозағы мың сан...» деген мақаласы жарық көрді. Көтерген жүгі мен сөз етіп отырған мәселесі тұрғысынан бұл мақала сөз қолдану мәдениетіне арналған екен. Алайда газет редакциясы мақаланы қазақтың сөздік қорымен байланыстырып, бірінші беттен бастап жариялапты. Мақалада жекелеген педагог, тілші ғалымдар мен Қ.Мырза Әлі, М.Шаханов, С.Кенжеахметов сияқты белгілі қаламгерлердің, кейбір журналистердің сөз қолдануда мүлт кеткен тұстары (тіпті терім кезінде түсіп қалған сөздері де) теріліп беріледі. Журналистің белгілі қаламгерлерге, тілші ғалымдарға сөз қолдану мәдениеті бойынша жөн көрсетуі, мақсатты түрде танытылған ыждағаттылық екендігі анық аңғарылып тұрса да, әдеби норманы сақтау, әр сөзді мағынасына қарай орнымен қолдану – қолына қалам алғандардың барлығына ортақ жауапкершілік екендігіне ешкім дау айтпайды. Сондықтан сөз қолданудағы олқылықтар жөнінде орынды сын, байыпты пікір айтылып жатса, оны дұрыс қабылдау қажет деп білеміз. Мақалада жекелеген сөздер мен фразеологизмдердің қолданысына қатысты орынды пікірлер аз емес. Ал автордың қазақтың сөздік қорына қатысты айтқан пікірлерін мәселенің мәнін терең түсінетін маманның сөзі ретінде қабылдай алмадық. Біздің «қазақ тілінің бұл сөздікке жинақталып отырған сөздік қоры шамамен 100 мыңнан асады» деген сөзіміз мақала авторының намысын қамшылапты. Бұл мақаланы оқыған адамның басына, бүгін қазақтың әдеби тіл сөздігіне енген сөз байлығы бұрынғы басылымдағыдан екі есеге жуық артып жатқанда намысы қысып отырған тіл жанашыры 1986 жылы барлығы 67 мың сөзді қамтыған «Қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі» шығып, бұл еңбек үлкен жетістік ретінде бағаланып, оның авторларына Мемлекеттік сыйлық берілгенде қалайша намыстан жарылып кетпей, үнсіз қалды екен деген ой еріксіз келеді.

Журналист сөзін «Тіл білімі институтының бұл байламында бір шикілік бар сияқты» деп бастапты. Мақала авторының «кәсіби дайын-



дықтың төмендігі салдарынан» деген сөйлемдегі теру барысында түсіп қалған бір сөзді («төмендігі» сөзін) тауып көрсеткен ұқыптылығына алғысымызды айта отырып, қазақтың сөздік қоры жөніндегі пікірден шикілік іздеудің негізі жоқ екендігін айту мақсатымен осы шағын мақаланы жазып отырмыз.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін, алдымен ұлт тілдерінің сөздік қорын жинақтаған сөздіктер жөнінде бірер мәліметтер келтірелік. Мысалы, 2006-2008 жылдары А.Мадвалиевтің редакторлығымен жарық көрген өзбек тілінің 5 томдық түсіндірме сөздігінде (Узбек тилининг изохли луғати. – Тошкент, «Узбекистон миллий энциклопедиясы») 80 мыңнан астам сөз бен сөз тіркесі қамтылған. Ал «Словарь современного русского литературного языка» деп аталатын орыс тілінің 17 томдық түсіндірме сөздігін толық академиялық сөздік деуге болады. Бұл сөздікті құрастыру жұмысы 1930 жылы басталып, 1965 жылы аяқталған. Осы сөздікте 120 мың сөз қамтылған. 1988 жылы аталған сөздіктің екінші басылымы қолға алынды. Алайда 20 том етіп шығару жоспарланған бұл еңбектің 6 томы шыққаннан кейін жұмысы аяқталмай қалған. 1998 жылы С.А.Кузнецовтың редакторлығымен бір томдық «Большой толковый словарь русского языка» (БАСРЯ) жарық көрді. Бұл сөздікте 130 мыңнан астам сөз қамтылған. 2004 жылы осы сөздіктің толықтырылған жаңа басылымын жасау қолға алынды. Орыс лексикограф ғалымдары бұл басылымда 150 мыңдай сөзді қамтуды көздеп отыр. Көріп отырғанымыздай, орыс тілінің сөздік қоры екінші басылымда 10 мың сөзбен толыққан. Келесі басылымда 20 мың сөзді қамтуды мақсат етіп отыр. Әр басылым шыққан сайын тіл байлығы еселеніп, орыс тілінің сөздік қоры толығып отырған. Осылай болуы заңды да. Бізде де бұл жұмыс дәл осылай жүзеге асып жатыр. Қазақ тілінің көптомдық түсіндірме сөздігінің бірінші басылымында 67 мың сөз қамтылса, араға 25 жылдай уақыт салып барып екінші рет шығарылып отырған сөздікте 100 мыңнан аса сөз қамтылып, тіліміз тағы да 30-40 мыңнан астам сөзбен толығын болса, білген адамға бұл елеулі жетістік емес пе? Орыс тілі үш-төрт басылым шығарғанда қосқан сөз байлығын біз бір-ақ басылым арқылы толықтырып отырсақ, Тіл білімі институты, қазақ тілшілері сөз байлығымызды жинақтауда құнттылық таныта алмай отыр деп мін тағудың қандай негізі бар? Автордың өзі айтқандай, мысық тілеу біреу болмаса, атқарылған осындай ауқымды жұмысты көрмеуге немесе көре тұрып көрмегенсуге бола ма? Мындаған атаулар көптеген тарихи, әдеби, ғылыми әдебиеттерден жиналады. Қандай ұқыптылық танытылса да, астық жинағаннан кейін масақ қалатыны сияқты сөздік жасау барысында кейбір сөздердің тіліміздің қатпар-қойнауларында қалып қоюы ықтимал. Сол себептен де бізде осы түсіндірме сөздікте қамтылмай қалған сөздерді қосымша жинақтап жүрген тіл мамандары да бар. Ондай сөздерді қамтитын қосым-



ша том шығаруды да жоспарлап отырмыз. Сөйтіп, тіл байлығымыз тағы да толыға түспек. Ұлт тілінің бүкіл сөздік қорын толық қамтитын сөздік жасау бірден тындырылатын шаруа емес.

Өзбек тілінің түсіндірме сөздігінде 80 мың сөз, ұлы орыс тілінің сөздігінде 130 мың ғана сөз қамтылғандығына намыстанып, «біз неге ағылшын тіліне жете алмай жатырмыз» деп дабыл қағып жатқан өзбек пен орысты көрмедік. Себебі, бір тілдің сөз байлығын қалдырмай қамту қысқа мерзімде, сөздіктің бір-екі басылымымен біте қоятын шаруа емес екендігін олар түсінбей отырған жоқ. Сонымен қатар олар осының өзі де аз байлық емес екендігін біледі.

Автор ағылшын тілін мысалға алып, қазақ тілін ағылшын тілімен салыстырыпты. Екі тілді салыстыру үшін, мақала авторы осы тілдердің даму тарихына, қолданылу жайына, сөздік түзу тәжірибесіне де назар аударуы керек еді. Ағылшын тілі бірнеше ғасыр бойы дамыған, әлемдегі ең кең тараған, ғылым мен білімнің тілі ретінде бүгін қоғам өмірінің барлық салаларында кеңінен қолданылып келе жатқан халықаралық тіл екендігі ескерілмегені қалай. Ағылшын лексикографы Ноа Уэбстердің (N.Webster; 1758-1843) 70 мың сөзді қамтыған «Ағылшын тілінің американдық сөздігі» («An American dictionary of the English language») 1828 жылы Нью-Йоркте жарық көрген. Н.Уэбстер қайтыс болғаннан кейін сөздіктің авторлық құқығын сатып алған «Мерриам» фирмасы 1934, 1961 ол сөздікті толықтырып, оның екінші, үшінші басылымдарын шығарды. Одан кейін де Н.Уэбстер атымен үлкенді-кішілі қаншама сөздіктер жарық көрді.

Ағылшын тілінің түсіндірме сөздіктері Америкада ғана емес, Англияда да жасалып жарық көріп отырды. «Ағылшын тілінің Оксфорд сөздігі» (Oxford English Dictionary (OED), 2005 жылы «Ағылшын тілінің жаңа Оксфорд сөздігі» (The New Oxford Dictionary of English) жарық көрді. 2005 жылы шыққан бұл басылымда 355 мың сөз қамтылған. Ал біз қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасауды, тіліміздің сөз байлығын жинақтауды, хатқа түсіруді ағылшындардан бір жарым, екі ғасырдан кейін қолға алғанымыз шындық қой. Осындай факторларды ескермей-ақ тілдерді салыстыруға, олардың сөз байлығының жинақталуы туралы пікір айтуға бола ма?

Ағылшын тілі түсіндірме сөздігінде қамтылған сөздер санының көп болуының тағы бір себебі, онда түрлі саланың терминдері өте көп қамтылған. Өйткені оларда ғылымның көптеген салаларының терминологиясы ұзақ жылдар бойы ағылшын тілінде жасалып, қалыптасқан. Ағылшын тілі ғылымның тілі, технология тілі ретінде жақсы дамығандықтан, терминдер қоры өте бай. Ағылшын тілін АҚШ сияқты алпауыт мемлекет пен Ұлыбритания секілді әлемнің өте ықпалды елдері дамытып отыр. Оларды тәуелсіздігін жариялағанына 20 жыл тола қой-





маған, мемлекеттік тілі әлемге тарамақ түгілі өз аумағында әлі толық қолданыла алмай отырған біздің елмен салыстыруға келе ме? Осы біз намыстанғанда да жан-жағымызға қарап, бар-жоғымызды түгендеп, шама-шарқымызды біліп барып намыстанғанымыз жөн-ау. Бізде қазақ тіліндегі терминдер қорын XX ғасыр басында А.Байтұрсынұлы бастаған алаш зиялылары жасай бастағанымен 30-жылдарға қарай бұл үрдіс кілт үзілді. Тәуелсіздігімізді жариялағанға дейін ұлт тіліндегі термин шығармашылығы тұралап қалды десек болады. Орыс тілі терминдерін өзгеріссіз қабылдау 70 жылдан астам уақыт жалғасты. Қоғамдық ғылымдардың жекелеген салаларында болмаса, ғылымның техника, медицина, энергетика, физика, химия, электроника, радиотехника, машинажасау сияқты ондаған салаларында қазақ тіліндегі терминдер саны мүлде мардымсыз. Көптеген салаларда орыс тілінен еш өзгеріссіз қабылданған терминдердің үлесі 70-80 пайызды құрайды. Кейбір салаларда одан да жоғары. Орыс тілінен айна-қатесіз алынған ондай мыңдаған терминдерді өз сөзіміз ретінде қазақтың әдеби тілінің сөздігіне қалай енгіземіз? Бүгін сөздік қорымыздың жоқшысы болып отырғандар терминдерімізді қазақ тілінде жасап, ұлттық сөздік қорымызды байытуды 60, 70, 80-жылдары М.Әуезов, Ә.Сатыбалдиев, Қ.Сағындықов, І.Жарылғапов сияқты мәселе етіп батыл көтеріп, өздері жаңа сөздер жасағанда, бүгін мыңдаған төл атауларымыз қалыптасқан болар еді. Тілімізде қалыптасып, жұртшылық немесе мамандар жаппай қолданып жүрген ондай атауларымызды қазір түсіндірме сөздігімізге енгізіп сөздік қорымызды ағылшындар тәрізді біз де толықтырып отырмас па едік. Оны айтып отырғанымыз, қазіргі тілдерді байытудың ең басты, ең негізгі көзі терминдер екенін түрлі елдердің тілші ғалымдары дәлелдеп отыр. Ұлт тілдеріндегі бүгінгі жасалып жатқан лексикалық қордың 80 пайыздан астамын терминдер құрайды екен. Қазақ тілінің қоғам өмірінің сан түрлі салаларындағы қолданылу деңгейінің төмендігіне байланысты жаңа сөздер мен терминдердің жасалып, қалыптасқандары да әлі ауыз толтырып айтарлықтай соншалықты көп емес. Ал ғылымның сан түрлі салаларында кеңінен қолданылатын ағылшын, неміс, орыс тілдеріндегі ондай атаулар мыңдап, он мыңдап саналады.

Сондай-ақ ағылшын тілі сөздігін жасаушылар шет тілдерінен енген кірме сөздерді де көптеп енгізеді. Соңғы шыққан «Ағылшын тілінің Оксфорд сөздігіне» екі мыңға жуық жаңа сөздер мен тіркестер енгізілген. Мәселен, «қоғамнан оқшаулануға барынша ұмтылатын жасөспірім» деген мағынаны білдіретін жапон тілінен енген «hikikomori» сөзі де осы сөздіктен орын алыпты.

Ағылшындардың түсіндірме сөздігінде көп мағыналы сөздерге берілген түсіндірмелер (дефиниция) де жеке мағына ретінде саналады. Біздің тілімізде де бірнеше мағынаны білдіретін сөздер өте көп. Егер



сөздіктегі ондай мағыналарды біз де ағылшындар сияқты жеке сөз ретінде санайтын болсақ, сөздік қорымыздың саны тағы да арта түседі. Қазір жарық көріп жатқан он бес томдық сөздікке енбей қалған сөздеріміздің болатындығын жоққа шығармайтындығымызды жоғарыда айттық. Ол жөнінде біз сөздік қорымыздың 100 мыңнан (мүмкін 120-130 мың болар) астам сөзбен шектелмейтінін де атап өткен едік. «Жарық көрген сөздіктермен қатар, біздің институтта ұзақ жылдар бойы жиналған бай картотекалық қор бар. Осы картотека қазір компьютерге енгізіліп, қазақ тілі сөз байлығының электрондық қоры жасалып жатыр. Бұл жұмыс аяқталса, сөз байлығымыз тағы да толығып, түгенделе түсері күмәнсіз» дегенбіз. Мақала иесі оны да ескергісі келмепті. Жалпы қазақ тілінің сөздік қорын түгендегісі келіп отырған тіл жанашыры Тіл институты, тілші ғалымдар сөздік қорымызды кемітіп отыр деп санаса, сөздікте қамтылмай қалған сөздерді, ескерусіз қалған байлықты тізіп беруі керек еді. Оны көре алмадық. Автордың этнограф ғалым марқұм Жағда Бабалықұлы сияқты ұзақ жылдар бойы жинақтап жүрген, сөздікке енбей қалған, тіліміздің сөз байлығын еселей түсетін сөздері болса, жариялап, сөздік етіп шығаруын сұраймыз. Біз оны қуана қабылдап, алғысымызды білдіруге дайынбыз.

*«Қазақ әдебиеті»,
24 желтоқсан, 2010.
-№50-51 (3215). -1-4-бб.*

Аударма барысында орын алған кейбір кемшіліктер туралы

Тарихи қалыптасқан жағдайға байланысты орыс тілі зор мәртебеге ие болып келгені белгілі. Соған сәйкес оның рөлі де, Кеңес одағы халықтарының тілдеріне ықпалы да күшті болды. Бізде мәтіннің қай түрі болса да көбінесе орыс тілінен қазақ тіліне содан соң керісінше, қазақ тілінен орыс тіліне аударылады. Ал ағылшын, қытай, араб, неміс, француз, корей, түрік және басқа да тілдерден жасалатын аудармалардың көлемі орыс тілінен жасалатын аударма көлемімен шендесе алмайды. Ағылшын және өзге шет тілдерінен тікелей жасалатын аудармалар көлемі кейінгі жылдары ғана біртіндеп көбейіп келеді. Тілімізге өзге тілдерден аударылған көркем мәтіндер мен ғылыми мәтіндерді, заң мәтіндері мен ісқағаздары мәтіндерін салыстырып қарасақ оған анық көз жеткізуге болады. Соңғы бір ғасыр ішіндегі орыс тілінен аударылған көркем, ғылыми және ғылыми-танымдық, оқулық, анықтамалық әдебиеттер жалпы қазақ тіліндегі барлық әдебиеттер қорының елеулі бөлігін құрайды. Яғни, тілімізде орыс тілінен аударма жасаудың ұзақ мерзімдік дәстүрі мен мол тәжірибесі бар деуге болады. Сол себептен де аударма-



дағы жетістіктеріміз де аз емес. Әсіресе, көркем аударма жасаушы екі тілге бірдей жетік белгілі аудармашылар мен қаламгерлер әлем әдебиетінің жауһарларын қазақ тілінде тамаша сөйлете білді. Аударма саласында едәуір жетістіктерге қол жеткізгенімізге қарамастан, кейінгі кезде орысшадан қазақшаға аудару барысында кездесетін ағаттықтар да жиі ұшырасып жатады. Біз мәселенің осы қырына назар аударғалы отырмыз. Шалағай аудармаларды жоғары оқу орындары мен мектептерге арналған оқулықтардан да, ғылыми еңбектер мен газет-журнал беттерінен де, көшедегі жарнамалар мен билбордтардан да жиі кездестіруге болады. Күнде көре берген соң, адам көзі оған да үйренеді екен. Алғашқыда «мынасы қалай?», «жауапты адамдар неге қарамайды?» дейтіндер көбірек болушы еді. Қазір осындай жарымжан аудармаларға наразылық білдіретіндер де азая бастаған сыңайлы.

Бір анығы, қазақтардың да, бүкіл қазақстандықтардың ең жақсы менгерген тілі – орыс тілі. Солай бола тұра, орыс тілінен қазақ тіліне аудару барысында жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінен бастап, тұтас сөйлемдер де дұрыс аударылмай жатады.

Орашолақ аудармаларды халыққа қызмет көрсету орындарынан, қоғамдық көліктерден де жиі кездестіріп жатамыз. Біздің «air astana» компаниясының ұшақтарындағы «*Пристегните ремни безопасности во время полета*» деп дұп-дұрыс орысша жазылған сөйлемнің «*Ұшу кезінде қауіпсіздік белдігін тартып алыңыздар*» деген қалай болса солай аударыла салған қазақшасын әр ұшқан сайын көреміз. Сонда қауіпсіздік белдігін кімнен тартып алуымыз керек? Бұл сөйлемді «Ұшу кезінде қауіпсіздік белдігін тағыныңыз(дар)» немесе «Ұшу кезінде қауіпсіздік белдігін тағынып алыңыз(дар)» десе жоғарыдағыдай екіұшты мағына туындамас еді. Алдыңызға қарағанда оқитын қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде жазылған «**Құтқарушы көкірекше күрсіңіздің астында**» (*Спасательный жилет находится под вашим креслом*) деген келесі сөйлемнің де қазақшасы оңып тұрған жоқ. Қазір «кресло» сөзінің қазақша баламасы ретінде «орынтақ» сөзі көбірек қолданылады. Ал енді оны «күрсі» (кресло) деп аударғанды тек «air astana» ұшақтарынан ғана ұшырата алатын шығармыз. Қолданысқа ене қоймаған, жұртшылыққа мүлде таныс емес осы сөзді ізденіспаз аудармашылар қайдан қазып алды екен деген ойға еріксіз келесі. «Спасательный жилетті» – «құтқарушы көкірекше» деп аудару да дәл емес. Құтқарушы, желеуші, жебеуші деп адамға қатысты айтылса жөн болар еді. Оның үстіне «құтқарушы» орыс тіліндегі «спасатель» сөзінің баламасы. Сондықтан «спасательный жилетті» қазақша «*құтқару көкірекшесі*» деп аудару әлдеқайда дұрыс болар еді.

Ұшаққа отырған жолаушыларға арналған сөзінің басын «Біздің ұшағымыз **жаңа бауынның** ұшақтарына жатады» деп бастайтын (*наш самолет относится самолетам нового поколения*), «жолаушылар» де-





генді «жылаушылар» дегенге еш қымсынбайтын «air astana» әуекомпаниясы қазақ тіліне қырын қарағанын қоймай-ақ келеді. Осылайша, мемлекеттік тілімізді қажетсіне қоймайтындар да көгімізде самғап жүр.

Жерге түссең де, аударма барысында қазақ тілін қадірлеп қарық қылып жатпағанымызды көресің. Мысал деген жетіп артылады. Отарбаға мінсең де, бетіңнен отың шығатын жағдайлар болады. Мәселен, Алматы мен Астана арасында қатынайтын № 9-шы поездағы жолаушыларға арналған ақпараттар екі тілде былай жазылыпты:

Уважаемые пассажиры!

Вас приветствует открытое акционерное общество «Пассажирские перевозки!»

Құрметті жолаушылар!

«Жолаушылар тасымалы» ашық акционерлік қоғамы сіздерді **құрметпен сәлемдейді!** (*Алматы -Астана. № 9 поезд 11 вагон*).

Осы сөйлемді аударғандардың ең болмаса, «сәлем жолдайды», «сәлем береді» деген тіркестердің бірін қолданбай, «құрметпен сәлемдегендері» еш жарасым тауып тұрған жоқ.

Бұл қоғамдық көліктердегі ғана жағдай емес. Компанияларда дайындық деңгейі мен мамандығы әркелкі аудармашылар қызмет етеді делік. Ал тілді тәуір біледі дейтін кәсіби журналистер жұмыс істейтін БАҚ-тардан да осындай олқылықтардың ұшырасып жататындығы өкінішті-ақ. Қазақ газеттері мен журналдарынан да аударманың әсерін, орыс тілінің сөйлем үлгісімен құрылған сөйлемдерді көптеп ұшыратуға болады. Бізде баспасөз беттерінен жинақтаған мысалдар өте мол. Төменде солардың кейбіреулеріне ғана тоқталамыз. Мысалы, **Біз ешкімді «лақтырған жоқпыз».** (*Мы никого не кинули*). «Жас Қазақ», 23 қаңтар 2009 жыл. № 3 (211); **Ильинді лақтырды ма, әлде Ильин лақтырды ма?** «Алаш айнасы», 7 қараша 2009 жыл. № 198 (198).

Тіліміздегі «лақтыру» етістігінің орыс тіліндегі аудармасы – «кидать», «кинуть» екендігі баршамызға белгілі. Орыс және қазақ тілдеріндегі аталған етістіктерінің мағыналары сәйкес келеді. Бұрын «лақтыру» етістігі қазақ тілінде негізінен «тас лақтыру», «таяқ лақтыру» және т.б. нәрсені лақтыру деген сияқты өзінің тура мағынасында қолданылатын. Ал орыс тілінде «кидать» етістігі тура мағынасынан өзге «алдап кету», «тақырға отырғызып кету» деген мағынада да жұмсалатын. Ал қазақ тіліндегі «лақтыру» етістігі мұндай мағынада жұмсалған емес. Кейінгі жылдары қазақ баспасөзінде де орыс тілінің әсерімен «лақтыру» етістігін оның орыс тіліндегі эквивалентінің ауыс мағынасын да семантикалық калькалау жолымен тікелей аударып қолдану өріс ала бастады. Бұл орыс тілі ықпалының әлі күшті екендігін, оның қазақ тілін тұтынушылар санасына бүгін де әсер етіп отырғанын көрсетеді. Әсіресе, қалалық қазақ жастары, мектеп оқушылары мен студент жастар «лақтыру»,



«лақтырып кетті» деп сөйлеуді сән көретін болды. Мұндай қолданыстардың қалыптасуына БАҚ-тардың да үлес қосып жатқанын жоғарыдағы мысалдар көрсетсе керек.

Тағы да БАҚ мысалдарына жүгінелік. «Түске дейін Президент корей елінің ең ірі өнеркәсіп алпауыттарының басшыларымен кездесті». («Егемен Қазақстан», 23 сәуір 2010 жыл. № 150-153(25999)). Осы сөйлемде орыс тілінде «предприятия гиганты» және «гигантские предприятия» түрінде қолданылатын тіркесті қазақшаға «алпауыт өнеркәсіп» деп аударып, ал сөйлемді «...алпауыт өнеркәсіп басшыларымен кездесті» деп жазғанда бәрі де түсінікті болар еді. Кейде орыс тіліндегі тіркестерді тікелей көшіріп аудару сәтті бола бермейді. Мәселен, төмендегі «Бюджет мөлдірлігі туралы сөз» деген мақала тақырыбындағы (С.Алмасов. «Егемен Қазақстан», 25 шілде 2008 жыл. № 355-356 (25326)) асты сызылған тіркес орыс тіліндегі «прозрачность бюджета» деген терминнің тікелей аудармасы. Келесі мысалдан да соны көруге болады. «Сондықтан да көптеген несиелік бағдарламалар қатырылып тасталды («Ана тілі», наурыздың 5-і, 2009 жыл. № 9 (950)). Бұл сөйлемдегі «қатырылып тасталды» деген тіркес орыс тіліндегі «заморозить» (заморожены) сөзінің аудармасы.

Немесе мына сөйлемге назар аударалық: Бұл – *жіңішке мәселе*. Не десек те, бұл – *жіңішке мәселе*. Ал *жіңішке мәселеге* жуан көзқарастың жүрмейтіні де белгілі. («Жас Алаш», 3 ақпан 2011 жыл. № 9 (15571)). Осы сөйлемдегі «жіңішке мәселе» орыс тіліндегі «тонкий вопрос» деген тіркестің тікелей аудармасы. Сөйлемдегі «жіңішке мәселе» тіркесін ең болмағанда «нәзік мәселе» деп қолдануға да болар еді.

Аударма барысында сәтсіз жасалған, көп бас қатырмай-ақ орышадан механикалық тұрғыдан аударыла салған терминдер де аз емес. Мысалы, *Мышь – тышқан, курсор мыши – тышқан меңзері, указатель мыши – тышқан нұсқағышы, коврик мыши – тышқан төсемі, буксировка мышью – тышқанмен сүйреу, чувствительность мыши – тышқанның сезгіштігі* (Информатика және компьютерлік техника. –А., 2002.) деген терминдер ассоциация туғызатын бейнелі атаулар.

Рукопашный бой – қоян-қолтық ұрыс, пассив лексика – томаға тұйық сөздер терминдері де сәтті жасалмаған. Біріншісінде мағыналық қайшылық болса, екіншісінде бейнелілік басым. Калькалап аудару барысында кейбір терминдер сәтсіз қолданылып жатады. Мәселен мына төмендегі заң терминдері солардың қатарына жатады. *Соттық процесс – судебный процесс. Дұрысы – сот процесі, Соттық шешім – судебное решение. Дұрысы – сот шешімі.* Бұлар бірер мысалдар ғана. Мұндай мысалдарды әртүрлі салалардан көптеп келтіре беруге болады.

Сәтсіз аудармалардың бірқатары аударма жасаушының аударып отырған сөздің, сөз тіркесінің орыс немесе қазақ тіліндегі мағынасын дұрыс түсінбеуінен туындайды. Мәселен, «смертность» сөзін – «өлім-



паз», «грибковые заболевания» дегенді – «саңырауқұлақ аурулары, (бопа аурулары)» деп аудару, «еншілес кәсіпорын» деген сәтті балама табылған «дочерные предприятия» – «қыз кәсіпорындар» деп аудару, «цельное молоко»-ны – «мақсатты сүт» түрінде, «сухарик» деген мәшине қозғалтқышының бөлшегін – «кептірілген нан» деп аударуды екі тілді жетік білгендіктен туындамағаны айдан анық көрініп тұрса керек. «Подзаконный акт»-нің «заңға бағынысты акті» түрінде тәп-тәуір қолданылып жүрген баламасы бола тұра, кейбір авторлардың оны – «заң асты актісі» деп аударуы да аталған кемшілік түріне жатады.

Бір ғана ұғым атауын әр газет, әр аудармашы әртүрлі аударып қолданатындығын да жиі ұшыратып жатамыз. Ал кейде мақала авторы, газет журналшысы орыс тіліндегі бір атауды сан құбылтып аударып жатады. Мәселен, мына мәтінге назар аударып көрелік: «Күніне бір стакан жалбыз қайнатындысын үшке бөліп пайдалану керек. Ал осы тұнбамен бет-қол, мойын терілерін сүртсе, нәрленіп, әжімі азаяды. Жоғарыда айтылған қайнатпамен тісіңізді тәулігіне екі реттен шайып жүрсеңіз, тіс жегісінен қорғайды және тістің сыртқы қабатын бекемдей түседі. «Жас Алаш», 6 мамыр 2011 жыл. № 35(15597). Көріп отырғанымыздай, басаяғы бірнеше сөйлемнен тұратын шағын ғана газет мәтінінде орыс тіліндегі «настойка» деген бір ғана сөздің атауы қазақшаға қайнатынды// тұнба//қайнатпа деп үш түрлі аударылып беріліп отыр.

Аудармадағы жетістіктерді көрсетумен қатар орын алып жататын кемшіліктерді де анықтап, олардың қолданысын реттеп отырудың да маңызы зор деп білеміз.

*Мемлекеттік тіл және аударматанудың өзекті мәселелері.
– Астана, 2011. 10-14 беттер.*

Сөйлеуге де жазудағыдай жауапкершілік қажет*

«Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» үшінші бағыты «Дамыған тіл мәдениеті – зиялы ұлттың әлеуеті» деп аталады. Мемлекеттік бағдарламада тіл мәдениетіне ерекше мән беріліп отырғаны жайдан-жай емес. Адам мен адам, жеке адам мен қалың жұртшылық арасындағы тілдік қарым-қатынас екі түрлі жолмен – ауызша және жазбаша түрде жүзеге асады. Біз айт-

**Бұл мақала редакцияға «Емленің ауанына бұрып, тілдің көркін бұзып алмайық (Сөйлеу мәдениетімізге мән берсек)» деген тақырыппен ұсынылған. Редакция қойған тақырыппен жарияланды.*



пақ болған ойымызды, біреуге немесе көпшілікке арналған хабарымызды бір-бірімізге не сөйлеу арқылы, не жазу арқылы жеткіземіз. Ұлттық әдеби тіл деңгейіне дейін дамып, жетілген тілдің жазу, айту нормалары қалыптасады. Өркениетті қоғамда сол қоғамның орта, жоғары білім алған мүшелері сауатты жазумен қатар айту нормаларын да бұзбай дұрыс сөйлей білуі тиіс. Тілдік тұлғаның тілді қаншалықты меңгергендігі оның жазғанынан ғана емес, сөйлегенінен де көрініп тұрады. Бізде күнделікті өмірде түрлі жиындарда шаршы топ алдында сөйлеушілерді, радио мен теледидар дикторлары мен түрлі хабарлардың жүргізушілерін, репортерларды, сұхбат берушілерді, әншілер мен әртістерді тыңдап, көріп отырғанда орфоэпиялық нормалардың өте жиі бұзылатынын, тіпті мұндай нормабұзушылықтың жаппай сипат алып бара жатқаны байқалады. Оған құлағымыз үйреніп, көзіміз де көндігіп бара жатқандай. Тыңдағанда құлағыңның құрышын қандырып, шешен де жатық сөйлейтіндерден гөрі, әсіресе жас буынның арасында сөздердің айтылу нормаларын аяқ асты етіп сөйлейтіндер көбейіп барады. Тіл туралы сөз болғанда, көбінесе сөйлеу тілінен гөрі жазба тілдің мәселелеріне әлдеқайда көп көңіл бөлінеді. Тілші ғалымдар зерттеулерінің, қорғалған диссертацияларының үлес салмағы да солай. Өткізіліп жататын ғылыми конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер мен тренингтер көбінесе әліпби, аударма, лексикография, жарнама тілі, әдістеме, ономастика, терминология, тіл саясаты, элеуметтік лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, тіл тарихы сияқты тілдің өзге де көптеген теориялық, практикалық мәселелеріне арналып жатады. Мектепте, жоғары оқу орындарында оқыту кезінде орфоэпия орфографияның тасасында қалып келеді. Осының бәрі қоғамның сөйлеу мәдениетінің деңгейіне әсер етпей қоймайды.

Әрине, бұдан тілтанушы ғалымдар орфоэпияға мүлде көңіл бөлмейді деген түсінік тұмауға тиіс. Тіл мамандары тарапынан қазақ сөзінің үндестік заңы, дауыссыздардың үйлесімі, интонация, сөз әуезінің ерекшеліктері сияқты мәселелер бүгінде едәуір жақсы зерттелген. Алайда олардың практикада, іс жүзінде білім беру жүйесі арқылы пайдаланылуы кемшін түсіп отыр. Радио мен теледидарда тіл мамандарының қатысуымен сөздерді дұрыс айту мәселесіне арналған хабарлар беріліп, баспасөз беттерінде олардың мақалалары жарияланып жатады. Орфоэпиялық сөздіктің бірнеше басылымы жарық көрді. Бірақ бұл атқарылып жатқан істердің бәрі қоғамның сөйлеу мәдениетін жаппай көтеруге айтарлықтай ықпал ете алмай отыр. Өйткені олардың айтқандары мен жазғандары негізінен белгілі бір аудиториямен шектеледі. Мамандардың көтерген мәселелеріне көңіл бөлетіндер көбінесе тілші, әдебиетші, журналист, театр әртістері сынды мамандар десек, кәсіби қызметіне байланысты сөйлеу мәдениеті жоғары болуға тиіс олардың арасында да сол талап биігінен көріне бермейтіндері жиі ұшырасып жататыны да бүгінде қалыпты құбылысқа айналып барады.



Белгілі тілші ғалым, академик Р.Сыздық «Тілдік норма және оның қалыптануы» деген еңбегінде «Бұл күнде орфоэпия нормаларының жазудың құлдығына ұшырау қаупі бар» деп жазған еді. Шындығында, қазір сол жазудың үстемдігі толық орнамаса да, барынша күшейіп, орфоэпия нормалары орфография алдында тізе бүгіп тұрғаны анық. Оны қалай тізерлеттік, енді аяғына қалай тұрғызамыз деген мәселеге келсек, мынаны айтуға болады: Мұндай жағдайдың қалыптасуы – білім беру жүйесі арқылы қазақ тілін оқыту барысында тіліміздің жазба формасын оқытуға баса назар аударылып, ал ауызша формасын оқытуға жете мән берілмей келуімен тығыз байланысты. Сол себептен де жазғанда өте саатты жазатын, алайда сөйлегенде сөздеріміздің айтылу нормасын бұзатындар, оны қатаң сақтау міндетті деп санамайтындар немесе орфоэпия нормасын бұзып тұрғанын өзі де біле бермейтіндер көбейіп барады. Біз бұл жерде орысша оқығандар, тілді жаңа меңгеріп жүргендер туралы айтып отырған жоқпыз. Әңгіме мұндай қауымның қатарын толықтырып отырған қазақ мектебін, жоғары оқу орындарының қазақ бөлімін бітіргендер жайында болып отыр. Бұл тек тіл мамандарын ғана емес, тіл тазалығына, сөйлеу мәдениетімізге немқұрайлы қарай алмайтын баршамызды ойлантатын және оны шешу жолында нақты қадамдар жасауымызды қажет ететін мәселе деп білеміз.

Сөйлеу мәдениеті жоғары, тіліміздің орфоэпиялық нормаларын сақтау дағдысы қалыптасқан тілдік тұлғаны тәрбиелеуде ұстаздар қауымының, мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарында қызмет атқаратын оқытушы-профессорлар қауымының рөлі айрықша екенін атап айтпасқа болмайды. Нақтырақ айтқанда, бұл олардың тікелей міндеті. Осы мәселе жөнінде сөз қозғауды ойлағанда-ақ, бірден ойымызға 80-жылдары ҚазҰУ-дың филология факультетінде бізге сабақ берген, кейініректе өз авторлығымен «Қазақ тілінің айтылым сөздігін» жариялаған ұстазымыз марқұм профессор Мырзабектен Сапархан орала берді. Ғалым-ұстазымыз аталған сөздігінің алғыс өзінде «Жазуға қолы кеш жеткен қазақ (жазуды – Ш.Қ.) ынта ықыласпен, ыждағатпен қабыл алды, баптады. Ал орфоэпия елеусіз қалып, жазудың жетегінде кете барды: қалай жазылуы, солай айту қалыптасып, нормаға айналды» деп жазған еді. Сол Сапархан ағайымыз ҚазҰУ-дың филология факультетіне түскен студенттерге алғашқы сабақтарында-ақ «Түйе, түйе, түйелер», «ақ көбелек, көк көбелек» деген өлең жолдарын қайталатып шығып, орфоэпияны қаншалықты меңгергенін тексеретін еді. Абай өлеңдерін жатқа оқитын және «Түйе, түйе, түйелер», «ақ көбелек, көк көбелек» деп оқыған бірді-екілі студентті көрсе, «сөздің әуезін бұзбай айтатындар да бар екен ғой» деп, олай айтуының себептерін сұрап, ал жазылуы бойынша «түйе», «көбелек» деп оқыған студенттерге «езулеріңді зорлана керіп «түйе», «көбелек» деп қалай айтасындар, осы сендерге мектепте





не оқытады?» деп кейітін еді. Сабағының басында «Бүгін анау диктор мына сөзді былай айтты, анау бір эстрада әншісінің мынадай сөздері құлағыма түрпідей тиді. Сендер соларды қалай шыдап тыңдайсыңдар. Олар неге бүкіл жұрт алдында осылай жауапсыз сөйлейді?!» деп сабақ сайын жаңа мысалдар келтіруден, бізге олай сөйлеуге болмайтынын айтудан жалықпайтын. Біздің назарымызды үнемі осы мәселеге аударып отыратын. Егер студент мәтіндегі бір сөзді жазылуы бойынша оқыса, сабақ айтып тұрып дыбыстар үйлесімін сақтамаса, оны ешқашан ескерусіз қалдырмайтын, тоқтатып, міндетті түрде түзететін. Ондай түзетуден кейін қорытынды шығармай жатқан шәкірттерін ерекше бақылауға алып, оларға бүкіл аудиторияның назарын аудартып отыратын еді. Бүгінде мектептер мен жоғары оқу орындарында сол Сапекең сынды қазақ сөзінің дұрыс айтылуына оның сауатты, қатесіз жазылуынан кем қарамайтын ұстаздар жоқ деуден аулақпыз. Бірақ балабақша мен бастауыш мектептен бастап бүкіл білім беру жүйесі арқылы өзіміз орнықтырған орфография үстемдігі арқасында ондай ұстаздардың және қазақ сөзін дұрыс айтпағандарға жөн көрсетіп отыратын аға буын өкілдерінің сиреп бара жатқаны жасырын емес.

Біздің қоғамда қазір тіл мәдениетіне, жалпы сауаттылыққа қатысты жұртшылық санасында мынадай бір қызық түсінік қалыптаса бастағандай: Егер тілдің орфографиялық нормасы бұзылса, оны – сауатсыздық, ал орфоэпиялық норма сақталмай жатса, онда оны – қалыпты жағдай немесе соңғысын соншалықты маңызды нәрсе емес деп қабылдау. Бұл мүлде қате түсінік. Күнделікті өмірде белгілі бір сөзді жазуда қателеспеу үшін орфографиялық сөздікті іздейтін, оны пайдаланатындарды жиі кездестіресіз де, ал «мына сөздің дұрыс айтылуы қалай еді» деп орфоэпиялық сөздікті іздейтіндерді көре бермейсіз. Осының өзі біздің ауызша сөйлеуге, сөздердің дұрыс айтылу нормаларын сақтауға деген қарым-қатынасымызды, жауапкершілігімізді байқатса керек. Білімді, өзін әдеби тілді жетік меңгердім деп санайтын тілдік тұлға орфографиялық норманы сақтап қатесіз жазумен қатар, орфоэпиялық норманы да дәл солай сақтап, дұрыс сөйлеуге тиіс. Қазақ сөзін дұрыс айтудың ережелері де емле ережелерімен бірдей маңызды. Олардың бірін сақтап, екіншісін ескермеуге болмайды.

22 наурыз күні кешке қарай «Еларна» теларнасынан «Қазақ аруы» конкурсы көрсетілді. Біз тек «Ақтоқтының» рөлін ойнаған бір ғана 17-нөмірлі қатысушының қысқаша диалогын тыңдадық. Ол «көңілім өлді» («көңүлүм өлдү» демей), «жоламаньыз», «атың қалар жүрегімде» (атың ғалар жүрөгүмде» демей) деді. Қазақтың аруы боламын, халқымның тілі мен салт-дәстүрін білемін деп ел алдына, сахнаға шыққан өнерлі жасымыз осылай сөйледі. 23 наурыз күні кешке қарай «Хабар» арнасынан жастардың сүйікті әншілері Қайрат Нұртас пен Сырым Исабаевтың концерті беріліп жатты. Астана туралы әндерінде олар



«Көмкеріп гүлдер көшені» («Көмкөрүп гүлдөр көшөнү» демей), «Сүйіктім («сүйүктүм» демей) менің Астана» деп шырқады. Осы концертті жүргізушілердің бірі Маржан Сұлтанбаева бірде сахнаға шақырылған қыздарды нұсқап, «Қазір мына жерде бес қыздар тұр» деп көптік жалғауын орынсыз қолданса, енді бір сөзінде «Ойлап тұрмын...», «Бірақ біз естідік...» деп сөйлемдерін бірінен соң бірін орыс тілінің сөйлем құрылу үлгісімен жалғастыра берді. Естіген құлаққа ерсі. Барынша қысқа шаш қою үлгісімен ерекшеленетін тележурналист, жұрт алдына шығатындықтан алдымен сөз мәдениетіне көбірек мән беріп, қазақша жатық та сыпайы сөйлеу мәнерімен ерекшеленсе ғой дейсің. Теледидар көріп, радио тыңдап отырып, мұндай мысалдарды ондап, тіптен жүздеп келтіре беруге болады. Ал қазақ сөзін жеке сөз деңгейінде ғана емес, сөз тіркесі, бір деммен айтылған бір мағыналық қатынаста тұрған бірнеше сөздердің тұтастығын сақтай айтуды бірқатар аға буын өкілдері белгілі өнер қайраткерлері мен ақын-жазушы, ғалымдар мен жекелеген орта буын өкілдерінен ғана байқайтын болып барамыз. Сөйлеу кезінде сөз бен сөз, түбір мен қосымша жігіндегі, қосымшалардың өз арасындағы дыбыстардың ілгерінді-кейінді ықпалы негізінде қалыптасқан, нормаға айналған айтылу үлгілерін сақтау өте маңызды екендігі ескеріле бермейді. Қанша айтылып-жазылса да, «сонымен ғатар» деп, еркін де жатық атпай, «сонымен қатар» деп жазылуы бойынша, сірестіріп айтатын телехабар жүргізушілерінің қатары сиремей келеді.

Бүгінде көптеген қазақша оқыған жастарымыз «жана жыл», «жана нағыз», «қоныр көйлек», «сонғы сабақ» деп сөйлеп жатса немесе қаладағы қазақ мектебінің оқушылары мен студенттер тілді жаңа үйреніп жүрген шетелдік сияқты өз тілінде акцентпен сөйлеп тұрса, оған көп мән бере бермейміз. «Е, қаланың баласы ғой» деп қоя саламыз. Олардың қазақша сөйлегенінің өзін үлкен жетістік санаймыз. Қала баласының да қазақ екенін, олардың да ұлттық әдеби тіліміздің орфографиялық және орфоэпиялық нормаларын бірдей сақтай отырып өз тілінде жатық сөйлеуі, тіл заңдылықтарын бұзбауы керектігін жастайынан санасына сіңіру баршамыздың міндетіміз. Мәдениетті азаматтың өз ана тілін жетік меңгерген, сөйлеу мәдениеті жоғары болуы керектігін жас ұрпақ отбасынан бастап біліп өсуге тиіс. Егер үлкендер, ата-аналар, ұстаздар тілге құрметпен қарап, өздері үлгі-өнеге көрсете алмаса, оларды көріп өскен жас буынның бойына ондай қасиет қайдан дариды. Кейде ересектердің өздері үйде, қоғамдық орындарда, шаршы топ алдында сөйлеу барысында тілді шұбарлап, тіл нормаларын сақтай бермейтін жағдайларды кездестіріп жатамыз. Осындай жауапсыздықтың үлкендерге қарап бой түзейтін жастарға қаншалықты әсер ететінін ескермейтініміз өкінішті-ақ. Күнделікті өмірімізде орфографияға байланып сөзді қалай жазылса, солай айтумен қатар, сөздер мен тұрақты сөз тіркестерін мағы-



насына қарай дұрыс қолданбайтын жағдайлар аз ұшыраспайды. Бұл да өз алдына әңгіме арқауы боларлық мәселе.

Жалпы көпшіліктің, өзге сала мамандарының сөйлеу кезіндегі сөз қолданыс, сөйлем құрау барысындағы орын алып жататын жеке-леген кемшіліктеріне кешіріммен қарауға да болар. Ал мамандығы филолог, журналист, актер, әртіс, әнші бола отырып, шәкірттері мен көпшілік қауым алдында тіл заңдарын белден басып сөйлейтін мамандар, ән шырқайтын әншілер туралы не айтуға болады? Бұл жерде ондай маманның кәсіби біліктілік деңгейі туралы сөз қозғауға тура келеді. Әрине, «кәсіби деңгейі төмен» деген сөз намысқа тиеді, ешкімге ұнай қоймайды. Әдетте, бізде дипломы барлардың ешқайсысы өзін маман емеспін деп есептемейді. Ал шындықтың бетіне тура қарар болсақ, қазақ тіліндегі дыбыстардың сөз басында, сөз ішінде, сөз соңында және сөз жігінде қатар тұрған көрші дыбыстар әсерінен болатын түрлі өзгерістерді, дыбыстардың түрленіп айтылуының фонетикалық себептерін біле тұра ескере бермейтін немесе соны өзі де білмейтін мұғалімді, тележурналисті, диктор мен эстрада әншісін жиі кездестіретін болып барамыз. Олардың бәрі де оқыған, диплом иелері. Осындайда Халел Досмұхамбетұлының «Елдің тілінің бұзылуына ең алдымен оқығандары себеп болады» деген сөзі еріксіз ойыңа оралады. Оқыған, жоғары білімді мамандарымыз бастап тек емленің етегіне жармасып, ауызша сөйлеу, мәтінді оқу барысында қазақтың сөз әуезін, сөйлеу мәнерін, дыбыстардың үйлесімін бұза беретін болсақ, онда біздің оқығандығымыздан не пайда? Ардақты Ахан, Ахмет Байтұрсынұлы «Тілдің ауанына қарамай, хариіптің, емленің ауанына бұрып, тілдің көркін бұзған, ... тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейміз» деген еді. Өкінішке қарай, сол Ахан сақтандырған, Ахан мақұл көрмеген жолға бет алып, емленің ауанына қарай ауып, тілдің көркін бұзып сөйлеу дәстүрге айналып барады.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазіргі орта мектеп пен жоғары оқу орындары бағдарламасына сәйкес оқытылатын қазақ тілі пәнінің мазмұнында тілдің орфографиялық нормалары туралы білім жан-жақты әрі терең беріледі. Ал орфоэпиялық нормаларды меңгеруге дәл сондай көңіл бөлінбей келеді. Телеарналар мен радиода, сахна мен түрлі деңгейде өткізілетін ресми жиындарда, күнделікті тұрмыстық қарым-қатынаста ауызша сөзде қазақ тілінің сөйлеу мәнері, сөздерді дыбыстау заңдылықтары аяқ асты болуының белең алуы соның салдары.

Оқушы диктант пен шығарма жазғанда емле қатесі кетсе бағасы кемітіледі, ал егер қазақ сөзінің айтылу нормасын өрескел бұзып жатса, оған аса мән берілмей жатады. Қазақтың өзіне ғана тән айналдырған 9 дыбысының бірі «н»-ды дұрыс айта алмайтын оқушы мен студент егер сауатты жазса, қазақ тілі пәнінен «5-ке» шыға береді. Сондықтан да олардың санасында, сөздің ауызша айтылу нормасын сақтау соншалықты маңызды емес деген түсінік қалыптасады.





Тіліміздің ауызша сөзінің әуезділігін, жатық айтылуын, үндестік заңын сақтап, сөйлеуде жазуға тәуелділіктен арыламыз десек, алдымен орта және жоғары білім беретін оқу орындарындағы қазақ тілі пәнінің мазмұнын орфоэпиялық нормалар жөніндегі білімдермен толықтырту қажет. Одан кейін, білім берудің барлық сатысында, әсіресе мектепте оқушыларға әріптердің емлесін оқытқанда, оның айтылу нормасын да қатар меңгертіп, екеуінің ерекшеліктерін ажырата алатындығын тексеріп-бағалап, сөзді сауатты жазу мен сөйлеу барысында оны дұрыс айтуға бірдей талап қойып отырғанда ғана қазіргідей орфографияға басымдық беру әдетінен арыламыз. Қатесіз жазумен қатар ауызша сөйлеу мәдениетіміздің төмендемеуіне негіз қаланады.

Ел өміріндегі тілдің қолданыс аясын кеңейтуге мән берумен бірге, ауызша қалай қолданыс тауып жатқандығын да қалт жібермей қадағалап, оның дыбыстық, фоно-морфологиялық, синтаксистік ерекшеліктері мен төл заңдылықтарының бұзылуына жол бермеу міндет. Ежелден сөз қадірін біліп, «өнер алды – қызыл тіл» деп санаған халқымыздың сөйлеу мәдениетін төмендетіп алмай, керісінше, оны үнемі жетілдіріп, әуезді де үйлесімді сөйлеуге деген жұртшылықтың талап-талғамын өсіріп отыру – ұлт мәдениеті өркендеуінің, қоғамдық ой-сана дамуының аса маңызды көрсеткіштерінің бірі. Сол себептен де қоғамда тіл тұтынушыларының тілді қолдану сапасына, сөйлеу мәдениетінің жоғары болуына ерекше мән беріп отырмасқа болмайды.

*«Егемен Қазақстан»,
29 наурыз 2012 жыл.*

Қазақша сөйлеп, орысша ойлайтындар

Өткен ғасырлардағы қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты орыс тіліне зор мәртебе беріліп, соған сәйкес оның рөлі де, Кеңес одағы халықтарының тілдеріне ықпалы да күшті болғаны баршамызға белгілі. Одақ ыдырағаннан кейін тәуелсіздігін жариялаған елдердің көпшілігі сол ықпалдан арыла бастады. Арылу деңгейі барлық тілдерде бірдей емес, әр тілде әркелкі. Бізде де бұл үдеріс басталғанымен, орыс тілінің әсері бүгін де айтарлықтай әлсірей қойған жоқ. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен бастап, лексикалық қорымызға, сөйлем құрылысымызға, мәтін деңгейіне дейін орыс тілінің ықпалы әлі де өте күшті. Оны сөйлеу тілімізден де, жазба тілімізден де анық байқауға болады. Қазақша ойлай да, сөйлей де алмайтын орыстілді қандастарымызды айтпағанда, қазақша оқығандардың едәуір бөлігінің сөйлеген сөзі мен жазған-сызғанынан көршіміздің тіліне тән ерекшеліктер көзге ұрып тұрады. Оны қазақтың дыбыстарын орысша дыбыстайтын, орфоэпиялық заңдылықтарымызды ескермейтін сөйлеушіден де, ұзынды-қыскалы мәтін түзушілердің жазғандарынан да сәт сайын естіп-оқитын дәрежеге жеттік. «Жана





жыл», «сонғы сабақ», «женіс күні» деп, қазақтың **н** дыбысын қолданысынан шығарып тастағандар көбеймесе, азиятын түрі байқалмайды. Сиректеу қолданылатын сөздерді айтпағанда, күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын заттар мен ұғымдардың қазақша атауларын айтпай, орысшасын айтағындар да көптеп кездеседі. Мәселен, *дүкен, монша, аялдама, қалам, мектеп, емхана, кітапхана* сөздерінің орнына «магазиннен келемін», «банядан шықтым», «остановкада тұрмын», «ручкаңды берші», «школга кетті», «поликлиникаға барамыз», «библиотекада отыр» деген сияқты қолданыстарды қадам басқан сайын естіп жатамыз. Ал тіліміздегі өсімдіктер атаулары мен жан-жануарлардың, жабайы аңдардың, құстар мен балықтардың қазақша аттарын айтпайтындар, ұмытып қалғандар, тіпті олардың бар екенін білмейтіндер қаншама? Сіз *құлпынай, таңқурай, қалампыр* деген өсімдік атауларын, *егеуқұйрық, мүйізтұмсық, дуадақ* сынды аң-құс атауларын немесе *көксерке, табан, жайын* деген балық атауларын қазақша айтатындарды [әсіресе жас буын өкілдерін] жиі ұшырата-сыз ба? Ал біз *клубника, малина, гвоздика, крыса, носорог, дрофа, судак, лец, сом* деп сөйлейтіндерді жиі кездестіреміз. Бұл тізімді әлі жалғастыра беруге болады. Баласына: «Магазиннен бір келі морковь, екі келі груша әкел» дейтін мамалар аз емес екенін әрқайсымыз да байқап жүрген болармыз. Осындайды жиі көргенде, осы біз біреудің мәдениетін сыйлаймыз деп жүріп, өз мәдениетімізден қол үзіп, өзгелердің тілін үйреніп, екітілді, үштілді, көптілді боламыз деп жүріп, ең бастысы өз тілімізді дұрыс білмейтін жұртқа айналып бара жатқан жоқпыз ба деген ойға келесің.

Ауызекі тілімізде сөйлеу мәдениетіміз мұндай болғанда, «жазба тілдегі сауатымыз, жазу мәдениетіміз қандай?» деген мәселеге қарай ойысақ, онда да кемшіліктерден ада емеспіз. Оны әр түрлі стильге тән жазба мәтіндеріміздегі сөз қолданыста, сөйлем құрауда көрініс беріп жүрген кемшіліктерден көруге болады.

Қазақ тілінде род жоқ. Алайда роды бар орыс тілінің бізге әсері едәуір. Осы род категориясын қазақ тіліне де көшіргісі, бізге де енгізгісі келетіндер табылады. Қазіргі тіліміздегі *азаматша, мұғалима, мейірбике, медбике, төрайым* сияқты сөздердің қолданысы соның көрінісі. Қазақ газеттерінен алынған мына төмендегі мысалдарға назар аударып көрелік: Өкінішке орай, аға-көкесінің арқасында, таныс-тамырлықпен қызметке келген көптеген азаматтар мен *азаматшалар* қолынан іс келетін білікті адамдардың жолын кесіп, алға жылжуымызға кедергі болуда. («Жетісу», 18 қыркүйек 2010 жыл. № 108); Сол облыста соңғы он жылда жаңылыспасақ әйел *мұғалималар* үлесі 80 пайыздан түспей отыр. («Жас қазақ үні», 10-17 шілде 2012 жыл. № 27-28). Осы секілді сан түрлі сауалдарға бүгін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының басқарма *төрайымы* Ләззат Еркінқызы Ибрагимова жауап береді. («Айқын», 12 тамыз 2011 жыл. № 148).

Мұны орыс тіліндегі *гражданин/гражданка, учитель/учительница, медсестра/медбрат, председатель/председательница* үлгісімен сөз ту-





дырудың нәтижесі деуге болады. Бұл қисынға салсақ, енді бізге алдағы уақытта *он//она* үлгісімен – *ол//ола, русский//русская* – *орыс//орыска, казах//казашка* үлгісімен – *қазақ//қазақа* түрінде сөз өрбіту міндетін қоюға тура келер.

Әскери қызметкер бір қарындасымыз, бізге мені «аға лейтенант» дейді, мен әйел адам емеспін бе, неліктен «аға» болуым керек деген сұрақ бергені бар. Міне, бұл да қазақша ойлаудан қалып, орыс тілінің санамызға сіңіп, соның шырмауынан шыға алмай жүргеніміздің тағы бір мысалы. Егер осы дәстүр жалғаса берсе, онда *дошкольник//дошкольница, ученик//ученица, отличник//отличница, доставщик//доставщица, земляк//землячка, работник//работница, сотрудник//сотрудница* тәрізді орыстың жүздеген сөздерінің «женский родта» тұрған нұсқаларын қазақшалауды талап ететін ханымдарымыз бен бикелеріміз, қарындас-тарымыз бен әпкелеріміз, қыз-келіншектеріміз бен апа-әжелеріміз көбейе беретін түрі бар.

«Төрағалық ету» [председательствовать] деген ұғым бар. Енді жиналысқа әйел адам төрағалық етсе, «председательница»-ны «төрайым» деп жүргендіктен «жиналысқа бәленше бике [ханым] «төрайымдық етті» немесе «төрапалық етті» деуіміз керек пе?

Орыс тіліне еліктеудің, орынсыз жүгінудің мысалдарын сөз қолданудан да көруге болады. Тілді тәуір біледі дейтін кәсіби журналистер жұмыс істейтін БАҚ-тардан да осындай олқылықтардың ұшырасып жататындығы өкінішті-ақ.

Сонымен қатар орыс басылымдары мен қала жастарының тілінде қолданылатын «*крыша*», «*крутой*», «*шестерка*» сияқты сленг сөздері де қазақ басылымдарында аудармай сол қалпында қолдануға әуестенушілік байқалады. Мәселен, «*Крутой*» нөмірлердің бағасы қымбатырақ болады» немесе «Шестеркалар» «жырта» алады деген мақала тақырыбы соның бір дәлелі. Бұл сөйлемдегі қазақшаланған «жырту» да орыс тіліндегі «порву», «порвать» түрінде жиі жұмсалатын жаргон сөздің көшірмесі.

Кейде орыс тіліндегі тіркестерді тікелей көшіріп аудару сәтті бола бермейді. Мәселен, төмендегі «**Бюджет мөлдірлігі** туралы сөз» деген мақала тақырыбындағы асты сызылған тіркес орыс тіліндегі «прозрачность бюджета» деген терминнің тікелей аудармасы. Келесі мысалдан да соны көруге болады. «Сондықтан да көптеген несиелік бағдарламалар **қатырылып тасталды**. Бұл сөйлемдегі «қатырылып тасталды» деген тіркес орыс тіліндегі «заморозить» (заморожены) сөзінің аудармасы.

Осы секілді баспасөз беттерінде жиі ұшырасатын «ойларымен бөлісті» деген тіркес те орыс тілінен калькалап аудару әсерімен қалыптасып келе жатқан сәтсіздеу қолданыс. Белгілі басылымдарда тәп-тәуір тәжірибелері бар журналистердің осы бір тіркесті қолданып жататындығы ойланғады. Қазақ газеттерінен алынған мысалдарға назар аударалық: «Клинтонның мәлімдемесінен кейін отандық блогшылар мен сөз



бостандығын қорғайтын ұйым өкілдері де өз ойларымен бөлісті; «... Осы мәселеге орай ойымен бөлісуін өтінген едік»; «Қазақстандағы мәдениет саясатына байланысты мәдениеттанушы Әуезхан Қодар, «Ақсарай» театрының бас режиссері Болат Атабаев, Мәдениет министрлігінің басқарма бастығы Базарбай Алтаев, «Лингва» әлемдік тілдер институтының басшысы Нұрсұлу Бөкетовна, белгілі сазгер Мұхтар Құраловтар тұшымды ой-пікірлерімен бөлісті» және т.б.

Орыс тіліндегі «*поделились мыслями*», «*поделились своими мыслями*» деген тіркесті жоғарыдағы мысалдардағыдай тікелей аударып жатпай, оның орнына тіліміздегі «ойларын ортаға салды», «ойларын айтты», «пікірін білдірді» деген тіркестер қолданылғанда қалпы бұзылмаған қазақ сөйлемдерін оқыған болар едік.

«Қазіргі кезде бұл жол апаты құзырлы органдармен тексеріліп жатыр» деген сөйлемде «құзырлы органдармен тексеріліп жатыр» (В настоящее время данное дорожное происшествие расследуется компетентными органами) сөйлеміндегідей «компетентными органами» тіркесін, ал «Нобел сыйлығымен атап өтілген қазақ перзенті бар» сөйлемі (отмечен Нобелевской премией) дегендегідей «отмечен» етістігіне сәйкес дәлме-дәл көшіріп аударудан туындаған. Дұрысы, бұл сөйлемдерді «Қазіргі кезде бұл жол апатын құзырлы органдар тексеріп жатыр», «Нобел сыйлығы берілген қазақ перзенті бар» деп құрағанда, аударма шырмауына түсіп сіреспей, жатық айтылған, жеңіл оқылған болар еді.

Тізе берсек, мысал көп. Мәселен, баспасөз беттерінен жиналған мына сөйлемдерді қазақша құрылған деп қалай айтуға болады. *Итке қабылған балалары жұқпалы ауруға ұшырай ма деп қорқады.* Заңсыз салынған үйлер *бұзылуда жатады.* 22 маусым күні таңғы сағат 09:00 шамасында Алматы облысының Қаскелең қаласы бағытында «Апорт» супермаркеті маңындағы бағдаршам алдында «ТОЙОТА Прадо» мен «Мицубиси Паджеро» көліктерінің қатысуымен жол апаты болды. *Найзағай соққысынан қалай сақтану керек? Асты сызылған тіркестерге назар аударсақ, орыс тілі сөйлемін сәтсіз қазақшалаудың нәтижесін көреміз.*

Терминдерді жасау мен қолдануда да осындай олқылықтар аз ұшыраспайды. Мысалы, «Сондай-ақ ұйқысыздық пен ұйқысы қанбайтындардың бас миының жұмысы нашарлап, ашуланшақ болады дейді» деген сөйлемге назар аударып көрелік. Бұл сөйлемдегі «бас миы» деген орыс тіліндегі «головной мозг» дегенді калька жолымен тікелей аудару барысында пайда болған жасанды атау. Орыс тілінің медициналық терминологиясында «*головной мозг*», «*костный мозг*», «*спинной мозг*» деген атаулар бар. Олардың қазақшасы – «*ми*», «*сүйек кемігі*», «*жұлын*». Орыстың «мозг» дегенінің бәрін қазақ «ми» демейді. Олардың бізде «кемік», «жұлын» және «жілік май» (желтый костный мозг) деген өз атаулары бар. Қазақ ұғымында «ми» баста ғана болады. Өз тілімізде бар атауды қолданбай, сөзбе-сөз көшіріп аударсақ немесе орыс ұғымына сай

жасанды атауларды жасауды бұлай жалғастыратын болсақ, онда «бас миы»-мен ғана шектелмей, жұлынды – «омыртқа миы», кемікті – «сүйек миы», жілік майды – «жілік миы» деуіміз керек қой. Мұнымыз барымызды бағаламау ғана емес, қолымыздағымызды жоғалту, жоқтан бар жасап әурелену болар еді.

Орыс тілінің үлгісімен көптік жалғауын орынсыз жалғау да көптеп кездесетін кемшіліктің біріне айналып барады. Оған да мысал жетіп артылады. Солардың біреуін ғана келтірелік. «Ақтөбеде 5 интернационалист *жауынгерлерге* пәтер берілді» [Қазақ радиосынан]. Қазақ тілінде есептік сан есім анық жазылып тұрғаннан кейін көптік жалғауының жалғанбайтыны белгілі.

Біздегі қысқарған сөздердің де басым көпшілігі олардың орыс тіліндегі нұсқасын үлгі ете отырып жасалып жататындығын қадам басқан сайын көруге болады. Кейінгі жылдары қазақ баспасөзінде де кісі есімдерін, көбінесе елге белгілі лауазымды тұлғалардың, саясаткерлердің аты-жөнін немесе есімдерін қысқартып қолдану құбылысы да көрініс бере бастады. Мәселен, «Нұр Астана» (29 сәуір 2012 жыл. № 13) газетінің бірінші бетінде «ГТГ-лер кімнің мүддесін көздейді?» деген мақала басылды. Бұл ГТГ-лер – бас банкир Григорий Марченко, мәжіліс депутаты Гүлжан Қарақұсова және сол кезде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі қызметін атқарған Гүлшара Әбдіхалықова есімдерінің бірінші әріптерін алу арқылы жасалған қысқарған сөз. Қазақ баспасөзіндегі қысқарған сөздің бұл түрінің жасалуына да, қолданысына да орыс тілінің әсері бар. Ресей баспасөзінде де, бізде шығатын орыстілді басылымдарда да Владимир Владимирович Путинді – ВВП деп қысқартып өте жиі қолданады. Біздің «Время» газеті (21.04.2012. № 59) де «ВВП вычеркнули из списка» деген және «ВВП: год с правом передачи» (5.03.2013г. №33) деген тақырыппен мақалалар жариялады. Жалқы есімдердің, оның ішінде кісі есімдерінің, белгілі тұлғалардың аты-жөні қысқартылып алынуы кейінгі жылдары жиі көрініс бере бастады.

«Тәуелсіз мемлекеттің тіліне орыс тілінің ықпалы неге соншалықты күшті?» деген сұраққа жауап іздесеңіз, себептері жетіп артылады. Көптеген ата-аналар мен ата-әжелер отбасында баланың тілін қазақша шығаруға жеткілікті мән бермейді. Тілі жаңа шығып жатқан балаларымызды әлі де баяғыдағыдай орыстілді балабақшаларға апарамыз. Тәуелсіздігімізге жиырма жылдан асса да, ұл-қыздарымыздың көбі орысша оқиды. Қалалық жерлерде қазақша оқитындарының өзі бір-бірімен орысша сөйлеседі. Зандарымыз әлі орысша жазылып, кейіннен қазақшаға аударылады. Ақпараттық кеңістігімізде орыстілді басылымдар мен телеарналар, радиолар басым. Жоғары білімді мамандар мен ғылыми кадрларды даярлауда да орыс тілінен алысқа кете алмай жүрміз. Осылай тізбектей беруге болады. Осындай жағдайды өзгертпесек, қазақтілді ортаны, қазақ тілі үстемдік ететін кеңістікті, қазақша жатық сөйлеп, сауатты жазатын қауымды қалай қалыптастырамыз?

Мәдениеттер, тілдер арасындағы қарым-қатынастың, байланыстың болғаны дұрыс. Бұл табиғи құбылыс. Оған қарсы шығып жатқан ешкім жоқ. Мәдениеті озық, тілдері дамыған тілдердің жақсы тәжірибелерін қабылдаған, үйренген жөн. Алайда бір мәдениеттің екінші мәдениетке, бір тілдің екінші тілге біржақты әсері сол екінші тілдің төл сипатының әлсіреуіне, ұлт тілінің өзіне тән ішкі заңдылықтарының бұзылуына апарып соғатынын ескермеу – үлкен қателік. Қателіктерге бой алдыра берсек, құнарлы да бай тіліміздің табиғатына елеулі нұқсан келтіретінімізді ұмыптағанымыз абзал.

«Жетісу»,
29 маусым 2013 жыл.
– №78 (17778).

Латын әліпбиі: лингвистикалық және ақпараттық технологиялық мәселелер

Жазу – халықтың ғасырлар бойғы көрген-білгенінің бәрін жинақтайтын тарихи жады. Хатқа түсіп, сол жинақталған рухани мұраны шашпай-төкпей ғасырдан ғасырға жеткізуде жазудың алатын орны айрықша. Бүгінгі ақпарат ғасырында мыңдаған, миллиондаған ақпаратты сақтап, қажетті ақпаратты дер кезінде ала білу үшін де ақпараттық технологияға икемделген жазуды пайдаланудың маңызы артып отыр. Сондықтан да қай жазуды тұтынып, қай әліпбиді пайдалану керектігі туралы сөз қозғалғанда ешбір ел оған бей-жай қарай алмайды.

Соңғы жиырма жылдан астам уақыт көлемінде бізде де әліпби ауыстыру, латынға көшу мәселесіне бүкіл қоғам құлақ тігіп, ерекше назар аударып отыр. Әліпби мәселесі ғылыми қауымдастық, мамандар тарапынан жан-жақты зерделеніп, қызу талқыланып жатыр.

Латын әліпбиі қазіргі заманда әлем жұртшылығының 70 пайызға жуығы қолданып отырған кең тараған әліпби. Бүкіл дүниежүзілік қауымдастықтың көпшілігімен еркін қарым-қатынас жасап, әлемдік ақпараттық кеңістікке кең жол ашуымызға мүмкіндік беретін графика ретінде танылып, бүгінде латын әліпбиіне көшу мәселесі күн тәртібіне қойылып отыр. Бұл мәселені дұрыс шешу үшін, ең алдымен тіліміздің дыбыстық жүйесі терең зерделеніп, одан соң әлемдік тәжірибе мен латынға көшкен туысқан түркі халықтарының тәжірибесі сөзсіз ескерілуі қажет.

Түркітілдестердің ішінде алғашқылардың бірі болып латын графикасына көшкен және осы графиканы ең ұзақ пайдаланып отырған ел – Түркия.

1928 жылғы тамыздың 6-нда Стамбулда латын әліпбиінің соңғы нұсқасы қабылданып, Атагүркке ұсынылды. Сол жылы 1 қарашада Түркияның жоғарғы ұлт мәжілісінде латын қарпіне көшу мәселесі қаралып, «Жаңа түрік қаріптері жөнінде» Заң қабылданды. 3-ші қарашада заң



ресми түрде жарияланып, қолданысқа енгізілді. 1928 жылғы 1-ші желтоқсаннан бастап елде жаңа графика кеңінен қолданыла бастады. Қазіргі қолданыстағы түрік әліпбиінің 85 жылдық тарихы бар. Бағына қарай олар біз сияқты бір ғасырда үш рет әліпби өзгерткен жоқ. Түрік әліпбиі: **Aa, Bb, Cc, Çç, Dd, Ee, Ff, Gg, Ğğ, Hh, Iı, İi, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Üü, Vv, Yy, Zz.**

29 әріптен тұратын түрік әліпбиі қазіргі латын қарпін қолданып отырған түркітілдес елдер ішіндегі ең ықшам әліпби.

1991 жылы 25 желтоқсанда Әзербайжан Республикасының Президенті А.Муталибов «Латын графикасы негізіндегі Әзербайжан әліпбиін қалпына келтіру туралы» Заңға қол қойды. Бұл заңға сәйкес 1940 жылға дейін қолданылған 32 әріптен тұратын латын графикасындағы әліпбиді азын-аулақ өзгерістермен қалпына келтіру көзделді. 1991 жылы түркітілінің нұсқасындағы әліпби қабылданды. Әзербайжанда латынға көшудің алғашқы қадамы 1992 жылы басталды. Әліпби ауыстыру үдерісінің аяқталуының көрінісі ретінде 2001 жылы 9-шы тамызда Әзербайжан Республикасы Президентінің «Әзербайжан тілі мен Әзербайжан әліпбиінің күнін өткізу туралы» жарлық қабылданды. Қазіргі қолданыстағы әзербайжан әліпбиінде 32 әріп бар. Олар: **A a, B b, C c, Ç ç, D d, E e, Ə ə, F f, G g, Ğ ğ, H h, X x, I ı, İ i, J j, K k, Q q, L l, M m, N n, O o, Ö ö, P p, R r, S s, Ş ş, T t, U u, Ü ü, V v, Y y, Z z.** Латынға көшкен түркі елдерінің ішіндегі әріптер саны ең көп әліпби, әзірге әзербайжан әліпбиі болып тұр.

90-жылдары тәуелсіздік таңы атысымен КСРО-ның құрамында болған түркітілдес елдердің көпшілігі екінші мәрте латын графикасына көшу идеясын көтергенде, әліпбилерін жедел реформалауға кіріскен елдің бірі – Өзбекстан. 1993 жылы 2-ші қыркүйекте Өзбекстан Республикасы «Латын графикасы негізіндегі өзбек әліпбиін енгізу туралы» Заң қабылдады. Бұл заңға сәйкес 26 әріп, 3 әріптік тіркестен тұратын графемалар жүйесі қабылданды. 1994 жылдың 16-шы маусымында осы заңды жүзеге асыратын мемлекеттік бағдарлама бекітілді. Бұл бағдарламада орта және жоғары білім беретін оқу орындарына арналған оқулықтар мен сөздіктер жасау жоспарланды. Өзбекстанның жаңа графикасы алғашында Түркия латыншасына негізделгенімен көп ұзамай 1995 жылы орфографияның жаңа ережелері қабылданып, түрік тіліне тән кейбір қаріптер өзгеріске ұшырады.

Өзбекстан Республикасы мәжілісінің 1995 жылы 21 желтоқсанда қабылдаған «Мемлекеттік тіл туралы Өзбекстан Республикасының заңын жүзеге асыру тәртібіне қатысты» жарлығына сәйкес Өзбекстанның латын жазуына көшуінің соңғы мерзімі болып 2005 жылдың 1-ші қыркүйегі белгіленді. Алайда Өзбекстанда латын графикасына көшу бұл мерзімде толық аяқтала қоймады. Өзбек тілінің қазіргі қолданыстағы жаңа әліпбиінде 26 графемма 3 әріптік тіркес, 1 апостроф, яғни барлығы – 30 таңба бар. Қазіргі қолданыстағы өзбек әліпбиі: **A a, B b, D d, U u, E e, F f,**





G g, H h, I i, J j, K k, L l, M m, N n, O o, P p, Q q, R r, S s, T t, V v, X x, Y y, Z z, O' o, 'G' g', Shsh, Chch , '

Кеңес одағының ыдырауымен Түрікменстанда да латынға көшу шаралары басталды. Қазіргі қолданыстағы Түрікмен әліпбиінде 30 әріп бар: **A a, B b, Ç ç, D d, E e, Ä ä, F f, G g, H h, I i, J j, Ž ž, K k, L l, M m, N n, Ň ň, O o, Ö ö, P p, R r, S s, Ş ş, T t, U u, Ü ü, W w, Y y, Ý ý, Z z.** Түрікмен әліпбиі әріптер саны жағынан латын қарпіне көшкен түркі елдерінің ішінде Әзербайжаннан кейінгі екінші орында тұр.

Татарлар 90-жылдардан бастап латынға көшуді қайта көтерді. Сөйтіп, олар 1999 жылы 15-қыркүйекте «Латын графикасына негізделген татар әліпбиін қайта қалпына келтіру» туралы Татарстан Республикасының заңын қабылдау арқылы жаңа әліпбиге көшті. Қабылданған жаңа латын әліпбиі кеңінен қолданылып, оқу, анықтамалық және басқа да әдебиеттер шығарылды. 2000 жылдың қыркүйегінен бастап, бірқатар мектептерде латын эксперимент түрінде енгізілді. Олар латынға кезең-кезеңмен 2011 жылға дейін он шақты жыл ішінде толық көшуді жоспарлаған болатын. Алайда 2004 жылғы 16 қарашадағы Ресей Федерациясы Конституциялық сотының Қаулысымен аталған Заңның қолданысы тоқтатылды. Осылайша 1999 жылы қабылданған татар латын әліпбиі 5 жылдан астам қолданыста болып, 2005 жылдың 22 қаңтарынан бастап ресми түрде қолданылмайтын болды. Дегенмен латын әліпбиінің қолданысы Татарстанда үзілді-кесілді тоқтатылды деуге болмайды. 2012 жылығы 24 желтоқсанда Татарстан Республикасының Мемлекеттік Кеңесі «Татарстан Республикасында татар тілін мемлекеттік тіл ретінде қолдану туралы» заң қабылдады. Осы заңға сәйкес кириллица ресми әліпби болып қалып отырғанымен, азаматтар мемлекеттік органдарға жүгіну кезінде құжаттарының кириллицадағы нұсқасын тіркей отырып, латын және араб әліпбилерін пайдалануға рұқсат етілді. Бұдан ресми шектеу қойылып отырғандығына қарамастан татарлардың латын әліпбиінен бас тартпай, өз мақсаттарына жетуде табандылық танытып отырғанын көруге болады.

1923-27 жылдары Қазақстанда жаңа латын әліпбиін жақтаушылар мен бұрынғы әліпбиде қалуды қолдаушылар арасында үздіксіз пікірталастар болды. Әліпби ауыстыруға байланысты сол жылдардағы жарық көрген материалдар мен түрлі жиындарда жасалған баяндамалар, сөйленген сөздер 1927 жылы «Әліппе айтысы» деген атпен жеке кітап болып та шықты. Жалпы, әліпби ауыстыру 20-жылдардағы Қазақстанда ең бір қызу талқыланған өзекті мәселенің бірі болды. Ұзақ талқылаудардан кейін 1928 жылдың 19 желтоқсанында ҚазАССР орталық атқару Комитетінің IV сессиясы «Жаңа қазақ әліпбиін енгізу туралы» Қаулы қабылдады.



1929 жылдың 7 тамызында КСРО Орталық Атқару комитетінің төралқасы мен КСРО Халық Комиссарлары кеңесі «Жаңа қазақ алфавитін енгізу туралы» қаулы қабылдады. 1929 жылдың 14 тамызында Халық ағарту комиссариаты қазақ мектептеріне латын әліпбиін толықтай енгізудің соңғы мерзімін Қазақстанның 10 жылдық мерейтойына, яғни 1930 жылдың 4 қазанына дейін толық аяқтауды белгіледі. Халық Комиссарлар Кеңесінің 1930 жылғы 23 қаңтардағы қаулысы негізінде сол жылдың 15 ақпанынан бастап баспасөз басылымдары түгелдей латынға көшірілді. Оған дейін «Жаңа мектеп», «Жаршы», «Қызыл әскер» басылымдары эксперимент түрінде шығарылып келген болса, 1930 жылдың ақпанынан «Әйел теңдігі», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа әдебиет» және өзге де мерзімді басылымдар жаппай жаңа әліпбимен шығарыла бастады.

Міне, 30-жылдары Қазақстанның латынға көшуі оған дейін көп талқыланғанмен бас-аяғы бір-екі жыл мерзім ішінде жүзеге асырылды.

Әліпби ауыстыру, жазу реформасы қоғамның әрбір мүшесіне тікелей қатысты болғандықтан оған ешкім немқұрайлы қарай алмасы белгілі. Әркімнің үн қосып, пікір білдіргені дұрыс шығар, бірақ әліпби жобасын жасап, ұлттық әліпбидің қолданысқа енетін нұсқасын дайындауды кәсіби деңгейде ғана шешу керек. Бұл тұрғыдан келгенде мәселенің лингвистикалық жағымен бірге техникалық жағы да бар екенін естен шығаруға болмайды. Сол себепті лингвистер мен ақпараттық технология мамандары бірлесе отырып жұмыс атқаруына тура келеді.

Ақпараттық технология, техника саласы мамандары тарапынан айтылып жүрген мәселенің бірі қабылдайтын әліпбиіміздегі әріп санын ағылшын тіліндегідей компьютер пернетақтасына сай 26-дан асырмау. Бұл талап орындалған жағдайда тіліміздің интернет желісі мен компьютерге мейлінше бейімделген жаңа технология, техника тілі ретінде қолдану мүмкіндіктерінің артағандығын сөзсіз ескеруіміз керек. Бұл тұрғыдан қарағанда латынға көшкен түркі халықтары ақпараттық технологияға бейімделуден гөрі, өз тілдерінің дыбыстық жүйесін мейлінше толық қамтуды мақсат еткендігі байқалады. Мысалы, 1928 жылы қабылданған түрік әліпбиінде – **29**, 1995 жылы қабылданып, бірнеше рет өзгеріс енгізілген түркімен әліпбиінде – **30**, 1993 жылы қабылданған өзбек әліпбиінде – **26** әріп, 3 әріптік тіркестен тұратын графемма (барлығы – **29**), 2004 жылы қабылданған әзербайжан әліпбиінде **32** әріп бар. Ақыры жазуымызды алмастыруға бет бұрған екенбіз, бізге төл дыбыстарымызды сақтап, тіліміздің дыбыстық жүйесін де дәл бейнелейтін әрі ақпараттық технология талаптарына да жауап беретін ұтымды да әмбебап әліпби дайындау керек. Сонда ғана біз уақыт талабы мен тіл табиғатын



сақтау мүмкіндігіне ие боламыз. Оған қол жеткізу үшін лингвистер мен ақпараттық технология, техника саласы мамандарының тығыз бірлікте жұмыс істеуі керек. Техниканың жайын ойлаймыз деп, тіліміздің дыбыстық жүйесін ескерусіз қалдырып, керісінше, тіл дыбыстарын түгел қамтимыз деп бүгінгі өміріміздің бөлінбес бөлшегіне айналып отырған ақпараттық технологияға бейімсіз басы артық таңбалары көп шұбалаңқы әліпби жасасақ ұтқанымыздан ұтыларымыз көп болады. Сондықтан қолданысқа енгізетін әліпбиімізді дайындау үшін біз жасақталатын жұмыс тобының құрамына осы сала мамандарының енуін назарда ұстадық.

Осымен орайлас шешімін табуға тиіс мәселелер қатарына қабылданатын жаңа қазақ әлібиінде тек классикалық латын әліпбиінде бар таңбаларды пайдалануды да жатқызуға болады. Барлық елдерге кеңінен таралған 26 әріптен тұратын А, В, С, D, E, F, G, H, I, J, K, L, M, N, O, P, Q, R, S, T, U, V, W, X, Y, Z негізгі латын базасынан шықпауды ұсынатын мамандар пікірін айрықша ескеру қажет деп білеміз. Төл дыбыстарымызды жоғалтып алмау үшін әліпби санын, 26-мен шектемейік деген пікірмен келісу қиын. Олай дейтін болсақ, ағылшын тілінде 45 дыбыс бар, алайда соның бәрін әліпбиіне енгізіп отырған жоқ, олардың әліпбиінде бар болғаны – 26 таңба бар екені баршаға мәлім. Француз тілінде де солай. Өз тілдеріндегі 35 дыбысты олар да 26 таңбамен беріп отыр. Одан осы сияқты Еуропа халықтарының тілдері ұтпаса, ұтылып отырған жоқ. Сондықтан бұл мәселеде біз де әлем елдерінің тәжірибесін ескергеніміз жөн.

Қабылданатын әліпбиімізде классикалық латын әліпбиінде бар таңбаларды пайдалаудың тиімділігі күмән келтірмейді.

ІТ саласының мамандары айтып жүрген ақпараттық ресурстарды қазақ тілінде жасау немесе қолдану кезінде қосымша сұрыптау және іздеу программаларын ешқандай шығынсыз және кедергісіз пайдалану үшін әліпбиде қазақ әріптерінің орналасу реті классикалық латын әріптерінің ретіне сәйкес болуы қажет деген мәселе де ескеруді қажет етеді.

Латын әліпбиіне көшкен түркі елдерінің ішінде түрік әліпбиінде классикалық латын әлібиінен бөлек **6** әріп (**ğ, ü, ş, ı, ö, ç**), түрікмендерде – **8** әріп (**ç, ä, ž, ñ, ö, ş, ü, ý**) бар. Ал 2004 жылы қабылданған эзербайжан тілінің әліпбиінде **32** әріп болса, соның – **8-і** (**ç, ə, ğ, ı, i, ö, ş, ü**) классикалық латын әліпбиінен тыс әріптер.

Тек Өзбекстан ғана 1993 жылы қабылдаған әліпбиінен классикалық латын әліпбиінде жоқ **6** таңбаны (**ç, ş, ğ, ö, ñ, j**) 1995 жылы алып тастап, оларды латын әліпбиінде бар таңбалар тіркесімен **ch, sh, g', o', ng** және **j**-ға сәйкес алмастырды. Соған сәйкес орфографиялық ережелеріне де



өзгерістер енгізді. Олардағы «'» – апостроф таңба алдында «'» түрінде, ал таңба соңында «'» түрінде жазылады.

Біздің мамандардың пікірлеріне жүгінсек, қазіргі латын әліпбиіне көшкен түркітілдес елдер арасында тек өзбек тілінің әліпбиі ғана қазіргі заманғы электрондық құралдарға икемделіп алынған. Олардың кейінгі қабылдаған әліпбиі компьютер немесе мобилді телефон және басқа да құралдарды пайдалану кезінде қосымша шрифтер мен драйверлерді жазауды талап етпейді.

Сондай-ақ әліпби алмастыру туралы сөз қозғалғанда көтеріліп жүрген мәселенің бірі – түркі халықтарына ортақ латын әліпбиін қабылдау. Түркі халықтары кейінгі жиырма жыл көлемінде, 1991 жылдан бастап ортақ әліпби мәселесін жиі-жиі көтерді. 1993 жылғы 8-10 наурыз аралығында Түркияның Анкара қаласында ең ірі 6 түркітілдес мемлекет ғалымдарының қатысуымен халықаралық конференция өтіп, онда әрбір түркі тілі өз ерекшелігіне қарай қолданатын 34 әріптен тұратын Aa, Bb, Cc, Çç, Dd, Ee, Əə, Ff, Gg, Ğğ, Hh, Xx, Iı, İi, Jj, Kk, Qq, Ll, Mm, Nn, Ŋŋ, Oo, Öö, Pp, Rr, Ss, Şş, Tt, Uu, Üü, Vv, Ww, Yy, Zz ортақ түркі әліпбиі ұсынылды. Ұсыныс жасалғанымен тарихи тұрғыдан қалыптасқан әр елдің өзіндік қоғамдық, ғылыми-мәдени ерекшеліктері мен саяси, экономикалық факторларға байланысты бұл әліпби іс жүзінде қолданысқа еніп кете алмады. Оны қолданысқа енгізудің еларалық механизмі де жасалмаған еді. Бұл мәселеге қайта қозғау салу үшін Түркі Кеңесі құрыла салысымен күн тәртібіндегі алғашқы мәселелердің бірі ретінде ортақ әліпби мәселесін қарады. 2012 жылғы 15-16 қарашада Стамбұлда өткен Түркі Кеңесінің бірінші мәжілісі ортақ әліпби және ортақ терминкор мәселесіне арналды. Осы мәжілісте түркі кеңесі 1993 жылы қабылданған әліпбиге бірқатар өзгерістер енгізіп, ғылыми мақсатта қолдану үшін деп 34 әріптен тұратын ортақ түркі әліпбиін қайта ұсынды.

Бұл жерде бірқатар қиындықтар бар екендігі байқалады. Біріншіден, қазіргі уақытта Түркия, Әзербайжан, Түрікменстан, Өзбекстен латынға көшіп, олардың әрқайсысы өздерінің фонетикалық жүйесіне сәйкес әліпбиін қолданып отыр. Түркия мен Әзербайжан әліпбилері бір-біріне барынша жақын болғанымен, өзгелерде дәл сондай ортақтық бар дей алмаймыз. Осы елдердің қабылданып, қолданысқа еніп қойған әліпбилерін қайта қарау да тек лингвистикалық емес, саяси-дипломатиялық тұрғыдан да үйлестіре шешуді қажет ететін мемлекетаралық мәселе. Екіншіден, түркі тілдерінің түбі бір болғанымен тарихи даму барысында олардың дыбыстық жүйесінде бірқатар айырмашылықтар пайда болды. Ол ерекшеліктерін әр тіл сақтағысы келеді. Ал бұл мәселе түркі тілдерінің дыбыстық жүйесін салыстырмалы және салғастырмалы фонетикалық



зерттей отырып, ортақ шешімге келуді талап ететін лингвистикалық, түркологиялық мәселе. Тілдердің дыбыстық жүйесіне нұқсан келтірмейтіндей етіп, ұқсас дыбыстарды ортақ таңбалармен беру арқылы жазба тілдерімізді жақындастырып, ортақтығы басым әліпби қолдану түркі халықтарының барлығы үшін де маңызды болар еді. Жалпы латынға көшу барысында бізге түркі халықтарындағы дыбысталуы жақын дыбыстарды, аллафондарды ортақ таңбамен беру жағы сөзсіз ескерілуге тиіс деп ойлаймыз.

Қазақстан Халық комиссарлар кеңесі мен КП(б) Орталық комитетінің 1940 жылғы 30 қарашадағы № 538/а Қаулысы негізінде кирилл әліпбиіне көшті. Бұл Қаулы «Қазақ жазуын жаңа әліпбиге көшіруді жүзеге асырудың практикалық шаралары туралы» (О практических мероприятиях по осуществлению перевода казахской письменности на новый алфавит) туралы деп аталды.

Осы 1940 жылғы реформа кезінде қабылданған әліпбиімізге **ь** және **ъ** белгілерінен өзге орыс тілінен **11** таңба енген. Олар: **в, ё, и, ц, ч, ш, ф, х, э, ю, я**. Бұлардың арасынан **ё, и, ц, ч, ш, ь, ъ, э, ю, я** әріптерін жаңа латын әліпбиіне енгізбеу туралы мамандар пікірі бір-бірінен алшақ кетпейді. Ал **в, ф, х** дыбыстарына қатысты олай емес. «Бұл дыбыстар тіліміздің дыбыстық жүйесіне нұқсан келтірмейді, қайта байытады. Оларды жаңа әліпбиге енгізу қажет» деген де пікір бар. Жалпы аталған дыбыстардың тағдырымен қатар кірме сөздерді латын әліпбиімен жазу лингвистер тарапынан терең зерделей отырып ғылыми тұрғыдан шешуді қажет ететін мәселе ретінде қалып отыр.

1924 жылы Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде жазу ережелеріне арналған баяндамасында Елдес Омарұлы **х, ш, ф, һ** әріптерін әліпбиден шығаруды ұсынған еді. «Бұл төрт дыбыс төртеуі де қазақ тілінде жоқ. Білім кеңесі бұл төрт әріпті қазақ тіліне кіргізгенде «һә», «харф», «шарат» жат сөздер үшін кіргізген. Білім кеңесінің осынысы қата» дей келіп, «Сөйтіп, бұл төрт әріп – х, ш, ф, һ қазақша әліпбиден шығарылуы керек деген жоба қисынды, бұл төрт әріп бізде болмасқа керек» деп ойын түйіндеген еді. Е.Омарұлының бұл ұсынысын баяндаманы талқылауға қатысқан А.Байтұрсынұлы да, Т.Шонанұлы да, М.Дулатұлы да бірауыздан қолдап сөйледі. Бүгін «**ш**» әріпін әліпбиден шығарып тастау туралы болмаса, «**ш**» туралы пікірталас жоқ. Ал ғасыр басында алаш оқығандары әліпбиден шығарып тастауды ұсынған өзге үш әріптің тағдыры тағы да талқыға түсіп отыр.

Қазіргі тіл мамандары арасында **и** мен **у** дыбыстарына қатысты пікір де бірдей емес. Бұл жөнінде де біз А.Байтұрсынұлы мен Е.Омарұлының пікірлерінің негізі берік деп пайымдаймыз. Елдестің баяндамасына пікір



қосқан Ахаң оны қолдап «Қазақша дыбыстарды дыбыс жүйесіне келтіріп жіктегенде, **у** мен **и** дауысты дыбыстардың тобына кіре алмайды» – деген еді.

Бір дыбысқа бір таңба берумен қатар бір дыбысты белгілеу үшін бірнеше әріп (мысалы, **ә** дыбысын – **ae**, ал дауысты **ө** дыбысын – **oe** түрінде, **ш** дыбысын – **sh** немесе **sch** түрінде, **ц** – **mc** түрінде таңбалау) қолданудың қайсысы тиімді деген мәселе төңірегінде де түрлі көзқарастар бар. Бір дыбысты таңбалау үшін бірнеше әріпті қосарлап жазу әліпбиге тән емес, бұл орфографияның, емленің мәселесі болғанымен, мұндай қосар таңбаларды әліпбиіне енгізіп отырған жұрттар да бар. Мысал ретінде өзбек әліпбиін алуға болады. Осы қатарға диакритикалық таңбаларды пайдалануға қатысты пікірлерді де қосуға болады. Таңбаларды қосарлап жазудың сөз құрамын ұзартып, шұбалаңқылық туғызатынын да, тіліміздегі сөздердің қолданылу жиілігін ескере отырып анықтаған абзал. Апострофты, диакритикалық таңбаларды қолмен жазу кезінде, жазу жылдамдығын бәсеңдетіп, іркіліс туғызатынын және басқа тиімсіз қырларын да мейлінше дәл анықтаған жөн.

Қазіргі қазақ тіліндегі дауысты **а, о, е, ы** дыбыстарын – **а, о, е, у** латын әріптерімен, ал дауыссыз **б, з, д, з, л, м, н, п, р, с, т** дыбыстарын – **б, g, d, z, l, m, n, p, r, s, t** латын әріптерімен белгілеу төңірегінде мәселе жоқ деуге болады. Мамандар пікірі негізінен бір арнаға тоғысып отыр. Ал қалған **ә, ө, ұ, ү, і** дауыстылары мен **ғ, ж, и, й, к, қ, ң, у, ш** дауыссыздарды таңбалауға қатысты ұсыныстар жеткілікті. Бұл дыбыстарды таңбалауға диакритикалық таңбаларды, қосар әріптерді, грек әліпбиінен алынған әріптерді пайдалануды ұсынушылар да бар. Ендігі жерде ғалымдардың, түрлі сала мамандарының бірлесе отырып, бүкіл ортаға салынған пікірлерді сараптап, ортақ шешімге, бір қорытындыға келуі керек. Бұл жерде жоба ұсынушы жеке авторлардың мүддесі емес, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен оның ақпараттық технологияға қатар бейімділігін ескерген тіл мүддесі жоғары тұруға тиіс.

Қазақ әліпбиі қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне негізделіп жасалуы керектігі және оның емле-ережелерінің соған сәйкестендірілуі ең басты мәселе. Сол дыбыстық жүйемізді дәл бейнелейтін әліпби қазіргі ақпараттық технологияға икем, негізгі латын базасындағы 26 таңбасымен берілсе, онда біздің жазу реформамыздың жемісті болғаны.

Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде 1924 жылғы 15 маусымда жасаған баяндамасында Ахмет Байтұрсынұлы жақсы әліпбидің мынадай негізгі төрт сипаты болуы керек деген еді. Олар: 1. Жақсы әліпби тілге шақ болу керек; 2. Жазуға жеңіл болуға тиіс; 3. Баспа ісіне қолайлы болуы тиіс; 4. Үйретуге жеңіл болуы тиіс.



Қазақ әліпбиін жасаған ғұлама ғалым Аханның бір ғасырдай уақыт бұрын айтқан осы пікірі әлі де ғылыми құндылығын еш жойған жоқ. Бізге ең бастысы, тілімізге шақ, одан соң жазуға жеңіл, қазіргі заманғы IT мен баспаға қолайлы, өз баламызға да, өзгеге де үйретуге жеңіл әліпби керек. Осы керектерімізді қанағаттандыратындай әліпби жасай алсақ, ондай әліпбиге көшкен жөн.

*«Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің өзекті мәселелері»
атты республикалық ғылыми-практикалық
конференция материалдары.
– Астана, 2013. -160 бет. – 5-15 беттерде.*



A decorative border with intricate, repeating scrollwork and floral patterns surrounds the central text.

Туған тіл тұғыры

Дәрістің дәні – діліміз

Тіл жоқ жерде ұлттың да, халықтың да болмайтынын дәлелдеп жатудың жөні болмас. Алайда, біз осы ақиқатты біле отырып, тіліміздің өткені мен бүгінін саралап, тарихын таразылап, тазалығын сақтап, қанатын кеңге жайып дамуы үшін аянбай күресіп келдік десек, артықтау болар. «Ештен кеш жақсы» демекші кешегі жіберген олқылықтарымыздың орнын толтырып, ұлтымыздың жаны мен нәрі болып табылатын ардақты ана тіліміздің қадір-қасиетін ұғынып, өркендетейік деген талпыныстардың пайда болғаны көңілге қуаныш ұялатады. Оның айғағы ретінде, әзірге атына заты сай болмай отырса да тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болғанын айтқанымыз орынды. Тіліміздің осы биік тұғыры мен мәртебесі баянды болуы үшін қазақ тілін тұтынатын және оған шын жаны ашитын әрбір азамат оның бүгінгі барын бағалап, жоғын табуға атсалысқаны абзал. Міне, осы тұрғыда туған тіліміздің кешегісі мен бүгінгісі және болашағы төңірегіндегі өзекті мәселелерді уақытында көтеріп, солар жөніндегі ғылыми ой-пікірлерді, тұжырымдар мен болжамдарды ортаға салып, көпшілікке таныстыру мақсатында республикалық «Қазақ тілі» қоғамының «Тіл тағылымы» атты университетінің жұмыс істеп жатқанына биыл екінші жыл. Үстіміздегі 1991-1992 оқу жылында «Тіл тағылымы» бірнеше ғылыми-танымдық маңызы бар қызықты дәрістер өткізді. Өткен жылғы қазанның 23-інде басталған жана оқу жылының алғашқы сабағын белгілі жазушы, филология ғылымының кандидаты, Қазақстан Жазушылар одағы сыйлығының лауреаты Ақселеу Сейдімбеков өзінің «Тіліміздің толғақты мәселелері» атты дәрісімен ашты. Дәрісші тіліміздің тарихына, салт-дәстүрімізге, дінімізге қатысты тың ойлар айтумен қатар, кейбір сөз қолданыстарға да жұртшылық назарын аударды. Ғалым-жазушының айтуынша, негізінен «-ынды», «-інді» қосымшалары жағымсыз мағынада жұмсалады. Мәселен, *жуынды*, *сыпырынды*, *қиынды*, *терінді*, т.б. Автор осындай сөздерді тілге тиек ете отырып, жұртшылыққа біраз ой салды. Сонымен бірге, ол жазу мәселесіне келгенде дәл бүгін орыс графикасына негізделген қазіргі жазуды өзгертуді құр мақсат студің жөні жоқ екендігін және жарты ғасырдан астам уақыт ішінде шыққан мұраларымыздан ажырамау керектігін, егер жазуды өзгертіп жатсақ, онда біржола ата жазуымыз – орхонға көшуді қолдайтынын білдірді.

«Тіл тағылымының» желтоқсан айындағы кезекті сабағын «Тіл тарихы – ел тарихы» деген тақырыпта көпшілікке танымал жазушы, «Алтын тамыр», «Көмбе», т.б. кітаптардың авторы – Қойшығара Салғарин өткізді. Дәрісші ұзақ жылдардан бері зерттеп, өзінің тарихи шығармаларында арқау етіп жүрген қазақ ру-тайпаларының тарихына тоқтала келіп, олардың атаулары жайында тың дерек, дәлелді болжамдарын ортаға

салды. Атаулардың шығу тегі сол атауларды иемденуші халықтың тұрмыс-тіршілігімен, болмысымен, әдет-ғұрпымен байланысты болатыны белгілі. Дәрісші осы тарихи байланыс тұрғысынан қарай отырып, жасаған пайымдауларымен көңілге қонымды байламдармен баршамызды көне тарих қойнауына жетелеп апарды.

Бұдан кейінгі дәріс соңғы кезде жиі сөз болып жүрген өзекті мәселенің бірі – әліпби жайында болды.

Егемендігімізді алып, еңсемізді көтеріп, әлем жұртшылығымен теңестіріміз деп отырған тұста бұл әңгіменің қозғалуы табиғи құбылыс болса керек. Әңгіме латын, орыс, араб, орхон жазуларының қайсысын таңдағанымыз жөн? Қай әліпби халқымыздың болашағы үшін тиімді? Тіліміздің табиғатына қайсысы лайық болып, нұқсан келтірмейді? – деген сауалдар төңірегінде біраз пікірлер өрбіді. Бұл сабаққа латын әліпбиін ұсынушы республикалық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик Әбдуәли Қайдаров, көне түркі жазуының негізінде жаңа әліпби түзуші филология ғылымының докторы Әлімхан Жүнісбеков және араб пен орыс әліпбиін қолдаушы басқа да тілші-ғалымдар, әдебиетшілер, журналистер қатысып, әңгіме барысы қызу пікірталасқа ұласты. Пікірталаста профессор Рабиға Сыздықова, филология ғылымының докторы Байынқол Қалиұлы, жазушы-ғалым Ақселеу Сейдімбеков, демограф-ғалым Мақаш Тәтімов, басқа танымал ғалымдар өздерінің көкейде жүрген тартымды да дәлелді ой-пікірлерін ортаға салды. Орыс әліпбиін қолдаушылар жарты ғасырдан бері қолданып үйреншікті болып қалған жазуымызды өзгерту жаппай сауатсыздыққа әкелетінін, әрі бүкіл рухани дүниеміздің негізгі қомақты бөлігін құрайтын басылымдардан қол үзіп қалатынымызды алға тартса, академик Қайдаров бастаған латын әліпбиін жақтаушылар бұл әліпбидің бүкіл әлемдік өркениетпен, Түркия елімен, Еуропамен байланыстырушы көпір болатынын баса айтты. Ал Жүнісбеков бастаған орхон жазуының негізінде түзілген жаңа әліпбиді қолдаушылар, бұл әліпбидің төл жазуы бар, көне мәдениетті ел екенімізді, өзіндік ерекшелігімізді танытып, түркі елдерінің басын біріктіретін және жазуға өте қолайлы, төл тіліміздің табиғатынан туындайтын жазу екендігін көптеген дәлел келтіріп, жиналған жұртшылыққа дәуір ой тастады.

«Тіл тағылымы» Халық университетінің ақпан айындағы кезекті сабағын «Термин жайындағы толғаныс» деген тақырыпта Ахмет Байтұрсыннов атындағы Тіл білімі институты терминология бөлімінің меңгерушісі, мемлекеттік терминология комиссиясының хатшысы, филология ғылымдарының докторы Байынқол Қалиұлы жүргізді. Дәрісші Ахмет Байтұрсынұлы ағамыз бастаған термин жасау жолынан ауытқып, жетпіс жыл бойы «дайын асқа – тік қасық» болып, ғылымдар мен техника ғылымдары саласындағы терминдеріміздің 70-80 процентін орыс және



шетел сөздері құрайтынын айтты. Болашақта бұл көрсеткіш өзгертіліп, төл терминдеріміз кемінде 60-70 процентке жетпесе, ғылыми терминдерді қазақ тілінің термині деп атауға келмейтіндігін және мұндай шұбар тілмен ғылымды түсіндіріп болмайтындығын сөз етті. Ендігі жерде ғылым тілі дамысын десек, қалыптасып қалған терминге деген қасаң принциптерден бас тартып, термин жасауға жаңа көзқарас, жаңа принцип тұрғысынан қарау қажеттігіне де айрықша тоқталды. Дәрісші ғалым бүгінгі тілімізге жүздеп еніп жатқан жаңа сөздер толқынын заңды құбылыс деп танып, осы сөздерді елеп-екшеп қажетімізге жарату – уақыт талабы деп түйіндеді.

Бүгінге дейін ғылыми жағынан дәлелденіп, жүйеге түспей, реттелмей келе жатқан асыл мұраларымыздың бірі – ай аттары. Осы күрделі мәселе төңірегінде сәуірдің 22-күнгі сабақта белгілі ғалым А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері Нұргелді Уәлиұлы сөз қозғады. Ғалым сонау ерте ғасырларда-ақ қазақтарда күнтізбенің болғандығына тек тілдік деректерге ғана емес, астрономия ғылымының белгілі заңдылықтары мен сол саладағы еңбектерге сүйене отырып дәлелдер келтірді. Дәрісшінің пайымдауынша, қазіргі ай аттарында – байырғы ай күнтізбесі, жұлдыз күнтізбесі және күн күнтізбелерінің атаулары сараланбай араласып қолданылып жүрген көрінеді. Зерттеуші осы аталған күнтізбелерді жеке-жеке ажыратып, саралап, қазақша ай атауларының ретін де көрсетіп берді.

«Емлеміз қайткенде жақсарады?» деген тақырыпта мамыр айында өткен сабақта ҚазМУ-дің доценті, филология ғылымының кандидаты Мырзабектің Сапарханы өз пікірін ортаға салды. Дәрісші соңғы кезде жазудағы жаңсақтықтар кесірінен тіл тазалығының бұзылуы, тіліміздегі үстемдік етуші сингармонизм заңының сақталмауына әкеп соқтыратынын айта келіп, одан арылудың жолы – жазудың фонетикалық принципіне (морфологиялық емес) сүйенуді, яғни, айтылуы бойынша жазуды ұсынды.

Сұркия саясаттың қырсығынан ежелден келе жатқан жер-су аттарын бір жүріп өткен көлденең көк аттыға да, партия көсемдеріне де, орыс келімсектеріне де сыйлап келдік. Өзіміз өшіруге атсалысқан тірі тарихты қалпына келтіруге әрекеттер жасап жатқанымыз құптарлық-ақ. Дегенмен, бұған тосқауыл болушылар да аз болмай отыр. Жердің, елдің, тілдің тарихын бір-бірімен байланыста қарау – әділетті іс. Осы тұрғыдан, биылғы оқу жылының қорытынды сабағын тілші ғалым, филология ғылымының докторы Айтым Абдрахмановтың «Алтын бесік атаулары» деген тақырыпта өткізуінің де өзіндік мәні бар. Ғалым өзі ұзақ уақыттан бері зерттеп жүрген жер-су аттарының тарихы, атаулардың шығу төркіні туралы қызықты болжамдарын, түйген түйіндерін көпшілікке жеткізді. Көрнекті шығыстанушы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, ав-



тор көптеген қазақтың ру-тайпа атауларының тарихи ізі сонау көне дәуірлерде жатқанын айтады.

Дәрісші ағамыз байырғы тарихи шығармаларда жиі айтылатын Массатетті – Бас сақ сөзімен байланыстырса, әйгілі ру-тайпа атауы қоңыраттың түп-төркінін «қоңыр ат мінгендер» деген ұғымға байланыстыра қарайды.

Қысқасы, халық университеті биылғы оқу жылын аяқтады. Тәлімі мол, көпшілік көкейінен шығатын терең ғылыми ой-пікірлерге толы мұндай дәрістер келер оқу жылында да жалғасын таппақ.

Бүгінгімізден ертеңіміз жарқын болуын қалайтынымыз сияқты университетіміздің алдағы жылғы болатын дәрістері биылғыдан да мағыналы, қызықты өтеді деген үміттеміз. Бір ғана ұсынысымыз: сабаққа радио, теледидар қызметкерлерін, журналистерді шақыру жағын да ескерген жөн сияқты. Жарнама жасау жақсартылып, көпшілік кеңінен хабардар болып жатса, тыңдаушыларымыздың қатары молығып университетіміздің жұмыс ауқымы арта түсері анық.

«Жас Алаш»,

19 желтоқсан, 1992 жыл.

– № 225-226 (13013).

Ата жұрттағы ана тілі біріктірген білім сайысы

Алаштың ары атанған ардақты азаматымыз Ахмет Байтұрсынұлы – «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын» – деген еді. Кезінде тағдырдың тәлкегімен атамекенінен жыраққа кетуге мәжбүр болған қандас бауырларымыз бүгін Еуропа мен Азияның бірқатар елдерінде тұрып жатыр. Қытай мен Монғолия сияқты қазақ диаспорасы тығыз орналасқан елдерде болмаса, атамекенінен алыста жүрген ағайындардың кейінгі буындары өз тілі мен салт-дәстүрін ұмыта бастады. Көптеген елдерде тілдік орта мен қазақ мектептерінің болмауы – олардың өз жұртынан тамырын үзіп, сол өздері тұрып жатқан елінің ішіне сіңіп кетуіне апарары сөзсіз. Солай болып та жатыр. Сондықтан да қазіргі жаһандану үрдісі жанданып отырған заманда жақынымыздың жат болып, бауырларымыздың басқаланып кетуіне жол бермейміз десек, алыста жүрген ағайындарды бауырымызға тартып, олардың төл мәдениеті мен туған тілінен қол үзіп қалмауы үшін мүмкіндігімізді барынша пайдалану ата жұртта отырған біздің міндетіміз. Тәуелсіздігімізді жариялап, егемен ел ретінде іргемізді бекіте бастаған күннен бастап бүгінге дейін бұл бағытта бірқатар игі істер атқарылды да. Биылғы жылы «Қазақстан – ата жұртым, қасиеттім – ана тілім» деген тақырыппен мектеп оқушылары арасында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен тұңғыш рет өткізілген I халықаралық олимпиада осындай істердің бірі.



Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мектеп оқушылары арасында халықаралық олимпиада өткізу туралы бастаманы осыдан үш-төрт жыл бұрын көтерген болатынбыз. Бұл мәселенің бүгін шешімін тауып, ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан қолдауға ие болып, «Дарын» ғылыми-практикалық орталығының мұндай маңызды істің ұйтқысы болып отырғаны өте қуанарлық жағдай. Бұл біздің елдігіміздің белгісі.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мұндай халықаралық білім жарысы тұңғыш рет өткізіліп отырғандықтан, кейбір қиындықтар да байқалды. Айталық, шет елдердің барлығында бірдей қазақ мектептері жоқ екендігі баршамызға белгілі жайт. Ондай мектептері бар елдердің өзінде оқу бағдарламалары бірдей емес. Сол себепті олимпиадаға қатысушылардың бәріне бірдей талап қойып, олардың белгілі бір бағдарламаны меңгеру деңгейін анықтауға арналған ортақ тапсырмалар жүйесін жасау да оңай болмады. Әр елдің ерекшеліктерін ескеру қажет болды.

Сондай-ақ әр мемлекетте тұрып жатқан қандас бауырларымыз түрлі графикаларды пайдаланады. Мәселен, Қытайда – араб, Ресейде, Моңғолияда, Қырғызстанда – кирилл, Түркия мен еуропа елдерінде – латын әліпбиі пайдаланылатыны белгілі. Сондықтан әр елден келген оқушылардың жазу (графика) ерекшеліктерін де ескеруге, соған сәйкес тапсырмалар беріп, тиісті мамандарды тартуға тура келді. Келер жылдары мәселенің мұндай қырларының бәрі де ескерілуге тиіс деп ойлаймыз.

Жалпы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша өткізілген тұңғыш халықаралық олимпиада жоғары деңгейде өтті. Қазылар алқасы, Ұйымдастыру комитеті өз міндеттерін ойдағыдай атқарды. Ең бастысы – ата жұртына табаны тиіп, елін, жерін көріп, ұлттық өнерін тамашалап, қазақтың ән-жырын, күмбірлеген күйлерін тыңдап, туған тілінде сөйлесіп, шығарма жазып, халқының қасиетін сезініп қайтқан жеткіншектеріміздің қуанышында шек болмады. Олардың жүрегінде өз халқы мен атамекеніне деген үлкен сезім ұялап кетті. Әлемнің қай түкпірінде жүрсе де жүрегінің түбінен орын алған сол сезім оларды тарихи Отанындағы қаны бір бауырларымен, қасиетті ата-баба жерімен байланыстырып тұратынына және ерте ме, кеш пе қара орман халқының ортасына, қазақ жеріне жетелеп келетініне еш күмәніміз жоқ. Ендеше, біздің мақсаттың орындалғаны.

Сөз соңында айтарымыз – бұл ісіміз жалғасын тауып, қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша өткізілетін халықаралық олимпиада шет елдерде тұратын жастарымыздың ата жұртында басын біріктіретін дәстүрлі білім жарысына айналуы қажет.

Қазақстан – ата жұртым, қасиетім – ана тілім: Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен I Халықаралық олимпиада материалдарының жинағы. – Астана: Елорда, 2005. -30-32-бб.

Тарихымызда ел тізгінін ұстаған «от ауызды, орақ тілді» нелер көсем, нелер шешен өткені мәлім. Олардың өзі өлсе де, сөзі өлмей, әлі күнге дейін жол көріп, жосық танудың үлгісі ретінде ұрпақтарына ұлағат болып келеді. Соны ойлағанда бүгінгі биліктің тұтқасын ұстап отырған кейбір қандастарымызға жаның ашиды. Ана тілінде шешен сөйлеп, елді үйіріп әкетпек түгілі, ауызға шайнап бергенді ас ете алмай, иәки, қағаз бетіндегі қазақшаны «ликбездің» шәкіртіндей ежіктеп, бір сүрініп, екі жығылып жатады. Амалы нешік, олардың заманы – өскен ортасы, көрген тәрбиесі солай еді. Тіпті ана тілінің уызына жарып, ауылда туып-өскендердің өздері де орысша араластыра сөйлеуді «модыға» айналдырып, жұртқа білімді адам көрінуге тырысатын. «Ойхой, бәленшекенің баласы бес жыл қалада оқып еді, орысшаға судай ағып тұр, шіркін», – деп тамсанатындар да табылатын.

Ал енді қазір талап – басқа, талғам мен түсінік – жоғары. Талай жыл өз төріндегі өгей баладай күн кешіп келген қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беріп қоюмен шектелмей, оны қоғамдық өмірдің барлық саласына – өндіріске, ғылым мен мәдениетке, тіпті халықаралық байланыс арналарына да етене араластыру міндеті тұр. Осы міндетке иығын тосар, тіл саясатын өрге бастырар күштің легі – келешектегі маман кадр, қазіргі студенттер қауымы екеніне шүбә жоқ. Республикамыздағы оқу орындарының қара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетіне келгенімізде, «өзгелерге жолбасшылық етіп, жөн сілтердей не тындырылды екен?» деген сауалдың тіл ұшында тұрғаны рас.

Университеттегі «Қазақ тілі» бірлестігінің төрағасы Зейнолла Қари алдағы тұрған істерді жаймалай, атқарылған істердің төңірегінде сөз өрбітті. Өткен жылы Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын жүзеге асырудың жайына талдау жасау мақсатында университетте үлкен ғылыми кеңес өткен. Осы кеңес сәтінде арнаулы комиссия құрылып (жетекшісі – проректор Е.А.Кузнецов), ол қазақ тілінің мәртебесін көтеруге, көкжиегін кеңейтуге арналған университет бағдарламасы мен тұжырымдамасын жасақтауға кіріскен екен. Қағазтысқа тізілген Бағдарлама жолдарына көз жүгірте отырып, бұл құжаттың оқу орнындағы тіл жанашырларының басты жұмыс арналары, бастау-қайнары барын аңғарғандай болдық. Атап айтқанда, ұлттық ділі қанық ғылыми-педагог кадрларды тәрбиелеп, оқу-әдістемелік жұмыстарды қазақ тілінде жүргізу, оқуға түсушілерді мемлекеттік тілді қаншалықты білетіндігіне қарай қабылдау, қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін үйретудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру сияқты шешімді шараларға мән берілгені көңілді көншітті.



Бірақ, жоспар құрып, шара белгілеу оңай болғанымен, оны жүзеге асырып, тиянақты атқарып шығу қиын нәрсе. Оған кеше кеңес дәуірінде көзіміз әбден жеткен: талай ізгі ниет, игі бастама жөргегінде тұншығып, диттегеніне жете алмай қалып жатты ғой. Тіл саясаты да солардың аяғын құшпас үшін іс басында білігі кемел, жігері мол бедел иесінің болуы керектігін айтудан кенде емес едік. «Қазақ тілі» бірлестігінің төрағасы Зейнолла Қаридың аузынан университет қабырғасында тілге қамқорлық жасап, оның ірілі-ұсақты мәселелерін оңтайлы шешуге мүдделі жана бір лауазымды қызметтің – проректорлық орынның бөлінгенін естідік. Ол қызметке жүрсе, аяғы жететін, сөйлесе, сөзі өтетін, белгілі ғалым Әбсаттар Бағызбайұлы Дербісәлиевтың тағайындалуы жетістіктің басы болуға тиіс...

Сондай-ақ қазақ тілінің қоғамдық тұрмысқа, оқыту және тәрбиелеу ісіне, ғылым мен шаруа ағымына дендей сіңісуі үшін университетте жаңа бөлім құрылыпты. Ол жергілікті бағдарлама негізінде атқарылатын шаралардың тінін ширатып, ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеруге міндетті. Бұл шағын топқа «Қазақ тілі» бірлестігі төрағасының өзі жетекшілік етеді.

Екі-үш жыл бедерінде тындырылған істерді санамалай отырып, бірлестік төрағасы Зейнолла Қари:

– Қолға алған істің тамырына қан бітіру үшін, қазақ тілін кез келген салада шын мәнінде мемлекеттік деңгейге көтеру үшін, ең әуелі, «Қазақ тілі» қоғамына мемлекеттік мәртебе беріп, комитет ретінде құру керек. Шығыс мақалы бар ғой: «Егер уәзір құдайдан өзінің патшасынан қорыққандай қорықса, онда ол әлдеқашан періште болар еді», – деген. Сол тәрізді, талап күшейсе, қажеттілік туындап жатса, тіл үйренуге құлшынып, оның қадірін ұғынып, қасиетін сезінерлік ахуал орнығары кәміл, – дейді.

Азды көпке балап, тоқмейілсігеннен, немесе, өз кемістігінді өзгенің бойынан іздеп, істегі іркіліс атаулының түйінін әлдебір құжат, қаулының әрпіне тіреп, бабына телігеннен, ақиқатын айтайық, қазақ тілінің аяғынан қаз басып, алға озуына тигізер септігі, зәредей пайдасы жоқ. Белсенділіксіз береке ұйып, істің бағы жанбайтынын тәптіштеп айтып жатудың қажеті де болмас еді, кейбір факультеттерде әлі күнге шейін «Қазақ тілі» қоғамының бастауыш ұйымдары құрылмағандығы университеттегі тіл саясаты бір аяғынан ақсап жатыр-ау деген ойға жетелейді де тұрады.

*Ш. Құрманбайұлы,
М. Ойылұлы*

*«Ана тілі» газеті.
25.06.1992ж. №25.*



Тіл білмегеннің бәрі «мәнгүрт» пе?

«Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей» қалдырып, әсірелеп сөйлемесек қазақ болармыз ба?! Тумысымыздан шығармашылыққа бейім халықпыз деп мақтануымызға да болады. Алайда, кей тұстарда өмірдегі нақты бір құбылыстарды көрсетуге келгенде, әдебиеттегідей әсірелеп жібереміз-ау шамасы. Әсірелегіштігіміздің себебі – әсерленгіштігімізден де болар. Әйтеуір, біреуді жарылқағымыз келсе бар жақсылықты соның басына үйіп-төгіп, қолдан құдай жасап аламыз да, керісінше, қаралағымыз келсе жамандық біткеннің бәрін соның басына жамап іске алғысыз қыламыз. Кеше ғана бес қойы бар шаруаны шіріген бай, қанаушы «құлақ» деп тәркіледік те кедей жасадық. «Алашым!» деген азамат болса ұлтшыл-байшылдар қатарына қосып, нәтижесінде ұлтсыздарды тәрбиеледік. Халқым деген ұлдарымызды «халық жауы» деп жүріп, өзімізге нағыз «халық достарын» тауып алдық. Діншілдерді қудалап, мешіттерді қиратып, «Дән – апиын, дін – дұшпан» деп ұрандап, дінсіздерді, құдайсыздарды өсірдік. Тозығы жеткен дәстүрлерімізден безініп, өміршен де жасампаз «жаңа дәстүр» қалыптастырмақ болдық. Ата-бабаларымыз оқымаған надан болды, біз де сондай болмайық деп жүріп шетімізден «оқымысты» атандық. Мәдениет пен білімнің көзі орыста, қараңғы қазақ болғанша ойшыл орыс болайық деп бәріміз орыс болуға тырысып бақтық. Еуропаны кезіп жүрген коммунизм елесін Азияның ақ даласынан, асқар шыңдарынан аянбай біз де іздестік. Тәтті арманымызға енді жете бергенде оңбай сүріндік. Есімізді жиып, еңсемізді көтеріп төңірегімізге көзімізді ашып қарасақ, елесіміз көзден ғайып болыпты. Арманда кеткен қайран коммунизм елесі-ай! Жетпіс жыл бойы жатпай-тұрмай, соңыңнан қалмай салпылдағанда жеті күндік те қызығынды көре алмадық-ау!

Рас, коммунизм жарықтық келмесе кеткенімен соңында өшпес «мұрасы» қалды. Ол, бүгінгі тақыр кедейлік, ұлтсыздық пен дінсіздік тамырына балта тиген көне тарих, үзілуге айналған халық дәстүрі, тынысы тарылған туған тіл, тағысын тағылар.

Бойымызға батпандап сінген нәрседен бір күнде тазарып шыға келу мүмкін бола қоймас. Осындай бойымыздағы дерттің бірі – ұлтымыздың елеулі бөлігі (Ә.Қайдаров 40 пайыз деп, М.Тәгімов 25 пайыз деп жүр) ана тілінен айрылып қалуы дер едік. Біздің айтып отырған әңгімеміздің де негізгі өзегі осы қанымыз бір, тіліміз бөлек болып жүрген бауырларымыз хақында. Соңғы кезде оларға «мәнгүрт» дегенді теліп жүрміз. Біздің түсінігімізше, осы «мәнгүрт» сөзін орнымен қолданып жүрмеген сияқтымыз. Шыңғыс Айтматов пен Әбіш Кекілбаев ағаларымыз айтатын мәнгүрттер санадан жүрдай, туған шешесіне тас атудан тайынбайтын топас жандар емес пе еді? Орыстілді бауырларымыздың арасында да халқы үшін жаны күйіп, елінің ертеңін ойлап елеңдеп, халқымыздың

ғылымы мен мәдениетіне елеулі үлес қосып жүргендері аз ба? Керісінше, кейбір қазақша сайрап тұрған қандастарымыздың білімдері таяз, мәдениеттері төмен болғандықтан, ұлты үшін қосқан үлесінен гөрі зияны көп болып жүргендері де бар екенін несіне жасырамыз?

Бодандық байлауында болған жылдарда орыс тілін білмесең, партия қатарына ілікпесең өрге басу мүмкін болмады. Осы тұста балам бастық болсын деп, мансапты мақсат тұтқан біраз бауырларымыздың ана тілінің ауылынан алыстап кеткені рас. Заман өзгермегенде солардың қатарында біздер де тұруымыз мүмкін еді. Ендеше «жығылғанға – жұдырық» деп, олардың бәрін «мәнгүрт» – деген «халық жауынан» да қатал сөзбен атағанды қойсақ игі еді. Тілдеріміз бөлек болғанмен тілегіміз ортақ, қанымыз бір алаш азаматтары екенімізді ұмытпайық. Қайтсек қазақты көбейтеміз деп отырған тұста, арамыздан жау іздеп, бауырларымызды шеттетпей ішке тарта білейік. Бұл іске немқұрайды қарамай, байыпты бағыт ұстап, жүйелі әрекеттер істеуіміз қажет. Қазақ тілінің қадірін арттырамыз деп келімсектерге ақы төлеп оқытқанша, (ол да қажет нәрсе) өз бауырларымызды қазақтілділер қатарына қосуды ең бірінші орынға қойғанымыз жөн деп ойлаймыз. О баста біздің тілімізді сыйлап, салтымызды қастерлеп үйренбеген ағайындар қазір де кері тартпаса құлшынып отырған жоқ. «Бөлтірікті қанша асырасаң да, орманға қарап ұлуын қоймайтынын» сезінер күніміз жеткені қашан. Біз ең алдымен өзімізді сыйлап, барша қазақ өзара қазақша сөйлесіп, тіліміздің мәртебесін биік ұстап, ұлттық рухымызды жоғары деңгейге көтере білсек, өзеге де «бізді құрметте» деп айта аламыз. Онсыз бәрі де бекер. Өзін-өзі сыйламағанды кім сыйлаушы еді. Рас, орыстілді бауырларымыз бен біздердің өзіндік психологиялық өзгешеліктеріміз бар. Олардың бойынан қазақша тәрбие алып, тілдері қазақша шыққандардан табылатын ұлттық қасиеттерді көре алмауымыз заңды құбылыс. Ұлттық қасиеттің басты белгісі – тіл екені белгілі. Сондықтан да, бөлшектеніп бөріге жем бола бермей, қандастырымыздың қателігін бетіне басып табалағанды қойып, тіл бірлігі мен ел бірлігі үшін күресіп, сұрқия саясаттың санамызға салған ізін бірлесе отырып өшірейік. Өзімізді өзіміз өзекке теппей, ағайынды алыс-татпай, жанымызға түскен жарадан жұмыла отырып жазылайық, бауырлар!

*«Алматы ақшамы»,
17 маусым 1992 жыл.*

Кәрістің еңбекқорлығы қазақша үйренуге қол жеткізді

Жуырда – Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Жоғары білікті ғылыми мамандар дайындау орталығының ұйымдастыруымен қазақ тілін үйрену семинары болып өтті. Семинарды аталған орталықтың аспиранты Оңтүстік Кореядан келген Чу Мин Хо деген азамат жүргізді. Оның қазақ тілін үйреніп жүргеніне бір жылдан астам уақыт болыпты.

– Қазақ тілін үйренуді мақсат етіп қоюымның себебі – ең алдымен мен өзім жүрген елдің салт-дәстүрін білуге, әрі құрметтеуге міндеттімін. Ал, тіл білмей тұрып, елдің салт-дәстүрін, халықтың мінез-құлқын білу, жанын түсіну, яғни, ел-елді тану мүмкін емес. Сонымен бірге қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады.

Ендеше, елді құрметтемеуге қақымыз жоқ. Сондықтан, мен қазақ тілін өзім ғана үйреніп қоймай, оны үйрену үшін өз отандастарыма да қолымнан келгенше көмектескім келеді. Осы семинарды өткізуімнің де мәні сонда жатыр. Осы жылдың басында «Қазақша-кәрісше сөздік» жасадым. Жақында «Кәрістерге арналған қазақ тілі» деп аталатын оқулық жаздым. Ендігі менің үлкен мақсатым – келешекте қазақ тілінің білікті маманы болу арқылы екі елдің арасын жақындастыра түсуге өзіндік үлесімді қосу, – дейді кәріс жігіті.

Семинарға барлығы 22 адам қатысты. Олардың екеуі – жергілікті кәрістер де, қалғандары – Оңтүстік Кореядан келіп, әр түрлі қызмет істеп жүрген сол елдің азаматтары. Бес күнге созылған семинардың нәтижесі біздің күткенімізден әлдеқайда жоғары болды. Оның себебі – бастаған ісін аяғына жеткізгенше тынбайтын кәріс халқының қанына сіңген еңбекқорлығынан да болар.

Семинардың сәтті аяқталу құрметіне корей ресторанында өткен зияпатта тіл үйренушілер өздерінің лебіздерін тек қазақ тілінде білдірді. Қайсыбіреулері өздерінің қысқаша өмірбаянын айтып берді. Корей театрының әншісі Людмила Мун Абайдың «Көзімнің қарасын» нақышына келтіре орындады.

Орыстілді болып жүре бергісі келетін бауырларымызға да, қазақ тілінің бас көтергенін қаламайтын кейбір отандастарымызға да, тіл үйренуге қабілетім жоқ дейтін «дарынсыздарға» да осы кәріс туысқандардан үлгі алыңыздар дегің келеді.

Өз тілімізді өзіміз құрметтеп жарытпай жатқанда, елдігімізді сыйлап, үшінші рет қазақ тілін үйрену семинарын өткізіп отырған шынайы интернационалист кәріс халқының азаматтарына алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

*«Ана тілі» газеті.
ақпанның 10-ы, ит жылы, 1995.*

Ана тіліміздің болашағына алаңдамау үшін ең алдымен әр қазақ өз ана тілінде тәрбиеленіп, ата дәстүрін бойына сіңіріп, төл мәдениеті мен әдебиетінен сусындап, халқының тарихынан тағылым алып, ұлттық дініне берік болуға тиіс. Кез келген жұрттың мынау жаһандану үрдісі үдеп келе жатқан әлемде өзіндік бет бейнесін, тілін жоғалтып алмауы – ұлттың ұстыны болып табылатын осы негізгі құндылықтарын қастерлеп, сақтап тұруына тікелей байланысты. Егер біз осы құндылықтарымызды негізге ала отырып ұрпақ тәрбиелесек, онда қазақ ұлтының да, қазақ мемлекетінің де болашағын нығайтып жатқанымыз. Елдің де, жердің де, туған тілдің де тағдырын сондай ұрпақтың қолына сеніп тапсыруға болады. Ана тілі осы ұлттық құндылықтарымыздың ең бастысы, өзегі. Тілде ұлттың мінезі мен бүкіл болмыс-бітімі, талғамы мен танымы, ой-санасы шоғырланған. Ана тіліне жарыған ұрпақ ұлтының, өз халқының мұң-мұқтажын жан-тәнімен терең түсініп, өзі сияқты ана тілі арқылы қалыптасқан қауыммен мүдделес болады, жұртының жоғын жоқтамай тұра алмайды. Алайда біздің бүгінгі өміріміздің шындығы осы жолда табандылық танытып, тиісті деңгейде жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр деуге келмейді. Ертең тағы да қазақтың бірін-бірі «таза қазақ», «шала қазақ» деп бөліп жүрмеуі үшін бүгін қазақ баласы мектепте тек қазақ тілінде білім алуына қол жеткізу керек. Біз үш тілді, төрт тілді, он тілді білетін полиглот тәрбиелейміз деп жүріп, тағы да келер ұрпақты ана тілінен алшақтатып алсақ, бұл біздің ең үлкен қателігіміз болады. Шет тілдерін үйретейік, балаларымыз үш тіл емес, қабілеті жетіп жатса, он тіл білсін. Көп тіл білген тамаша қасиет. Бірақ басқа тілдердің бәрін олар ана тілінен кейін, оны бойына сіңіріп алып және өз тілі арқылы үйренуі керек. Бізде жүздеген, мыңдаған қазақ балаларының тәуелсіздігіміздің жиырма жылға жуық мерзімінде әлі орысша оқып жатуы үлкен кемшілігіміз. Осыны түзетпей тұрып, қазақ тілінің болашағына барымызды салып жатырмыз деу өзімізді-өзіміз алдау. Қазақстанда қазақ тілінің үстемдік құра алмай отыруы, біздің өз кінәміз. Оған өткенді, өзгелерді кінәлау ақылға сыйымсыз нәрсе. Өз тілінде оқымайтын, өз тілін білмейтін жұрттың тілін кім құрметтесін.

*«Егемен Қазақстан» газеті,
17 қаңтар, 2009 жыл.*

Сұңқарға риза болдық

Әдетте «Халқымыздың тілі өркендесе, дамыса, оның қоғамдағы қызметі артса» деп жиі айтып, жазып жүрміз ғой. Кейде осындай сұлу, сапырма сөзден гөрі, тындырылған титімдей бір іс артық сияқты көрінеді де тұрады... Жақында біз бір істің куәсі болдық. Қызметке бару үшін,



танертең 19-желі жолды (маршрутты) троллейбусқа отырдық (нөмірі 31-14). Жүргізуші – қазақ жігіті екен. Ү налғысы қазақша ән салып тұрды. Өзі жолдың өн бойында аялдамалардың аттарын тек қазақша ғана хабарлап келе жатты. Бір егделеу орыс әйелі «неге орысша хабарламайсың» деп ескерту жасап еді, мәдениетті түрде:

- Сіз қонақсыз ба, алматылықсыз ба? – деп сұрады. Ол қонақ емес, байырғы алматылық екендігін айтты. Содан кейін барып:

- Жарайды сұраған екенсіз, аялдаманың атын сізге түсінікті тілде қайталайын. Бірақ, байырғы алматылық болсаңыз, ең болмаса «аялдама» деген жалғыз сөзді үйреніп алуыңызға болатын еді ғой. Ал аялдама аттары онсыз да орысша, – деп жауап қайтарды да, әлгі кісіге керекті аялдаманы орысша айтып берді. Қарсыласы еш уәж айта алмады. Мұның бәрін естіп тұрған біз троллейбустың алдыңғы жағына өтіп, әлгі жүргізуші жігіттің атын сұрадық «Атым – Сұңқар» деді (Әкесінің атын сұрауға ыңғайсыздандық). Біз:

– Азаматсың, жігітім! – дедік те, керекті аялдамадан түсіп қалдық. Шіркін, өзін ұлтжандымын деп есептейтін азаматтарымыздың бәрі Сұңқардай ақылды да мәдениетті болса және сылдыр сөзден гөрі халқымызға аз да болса пайдасы тиер игілікті іс тындырса ғой!

Ә.Жүнісбекұлы, Б.Қалиұлы
Ш.Құрманбайұлы, Н.Құныпияұлы

«Ана тілі», 7.01.1993ж.

Жылататын да, жұбататын да тіл

...

Бүгінгі жоғары білімді қазақ жастарының елеулі бөлігі ағылшын, француз, неміс, қытай, жапон сияқты әлемдік немесе дамыған елдердің тілдерін біледі. Ал сонда олар неліктен әлем мәдениетіне орыс тілі деген «жалғыз көпір» арқылы өтуге тиіс.

...

Мемлекеттік тілді білмейтін адамды мемлекеттік қызметке алу дегеннің өзі ақылға сыймайтын нәрсе. Өз мемлекетінің тілін білмейтін, оны сыйламайтын адам қалай сол елге қызмет ете алады? Тілді оқытуда да, мемлекеттік қызметке қабылдауда да өзімізді өзіміз алдауды тоқтату керек.

филология ғылымдарының докторы, профессор
Шерубай Құрманбайұлының мақалаларынан алынған үзінділер.
«Тіл әлемі», -2008 -№ 3(74).
Бетті әзірлеген Мақсұтхан Жақып



Жүктелген міндеттер жүзеге асады

Қазақ тілінің ғылыми тұрғыдан жүйелі зерттелуі, ең алдымен ғұлама ғалым, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының есімімен тығыз байланысты. А.Байтұрсынұлы халыққа ағарту комиссариатында 1921-1922 жылдары құрылған Академиялық орталықтың тұңғыш төрағасы ретінде Қазақстандағы ғылымды академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады. Институт бір ғасырға жуық даму тарихы, өзіндік дәстүрі қалыптасқан ғылыми мекеме, 1990 жылы Тіл білімі институтына Ахмет Байтұрсынұлының аты берілді. Қазақ тіл білімі ғылымының қара шаңырағы болып саналатын институт құрылымында қазіргі кезде грамматика, лексикология, фонетика, терминология, ономастика, тіл мәдениеті, тіл тарихы және диалектология, компьютерлік лингвистика, этнолингвистика бөлімдері жұмыс жасайды. Ғылыми-зерттеу жұмыстарымен ұзақ жылдар бойы жүйелі түрде айналысып келе жатқан іргелі ғылым ордасында кешегі күні Қазақстан Ғылым академиясының құрылтайшылары Н.Сауранбаев пен І.Кеңесбаев, қазақ тіл білімінің аса көрнекті тұлғалары М.Балақаев пен Ғ.Мұсабаевтар жұмыс жасаған болса, бүгінде олардың ісін Ө.Қайдар, Р.Сыздық, Ө.Айтбайұлы, Т.Жанұзақ тәрізді белгілі тіл мамандары бастаған ғалымдар ұжымы жалғастырып отыр. Институт – қазақ тіл білімінің жетекші ғалымдары шоғырланған еліміздегі ғылым мен білім ошақтары арасындағы ғылыми әлеуеті жоғары бірден-бір ғылыми ұжым, қазақ тіл білімінің қара шаңырағы.

Институттың ұзақ мерзімді даму жоспары ел Президентінің 2030 жылға арналған Қазақстанның стратегиялық даму бағдарламасына, «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына», мемлекеттің тіл саясатының басым бағыттарына сәйкес ғалымдар кеңесінде талқыланып, бекітілетін жоспардың орындалу барысы Ғалымдар кеңесінде әр жыл сайын қадағаланып отырады. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 ж.ж. арналған мемлекеттік бағдарламасында» белгіленген міндеттер мен мақсаттарды тиісті деңгейде орындау үшін Тіл білімі институтына басым рөл беру туралы: «Мемлекеттік тілді дамыту мәселелерін ғылыми қамтамасыз етуде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты басым рөлге ие болуға тиіс. Осы мақсатта оның материалдық-техникалық базасын күшейту, мамандар құрамын ұлғайту, іргелі және қолданбалы лингвистикалық зерттеулерді әзірлеуге мемлекеттік тапсырысты кеңейту қажет. Институт теориялық және қолданбалы мәселелері бойынша сараптамалық бағалау мен қорытындылар беруде жетекші орында болуға тиіс» – деп жазылған болатын.



Тіл білімі институты бүкіл әлемдегі қазақ тілін ғылыми тұрғыда зерттеумен тікелей айналысатын бір ғана ғылыми мекеме болғандықтан, Қазақстандағы тіл ғылымын әлемдік лингвистика дамуына сәйкес дамыту, кәсіби біліктілігі жоғары тілші мамандар дайындау өте-мөте маңызды міндет.

Институт ғалымдары жыл сайын он шақты монография, оқулық, анықтама, жүзге тарта ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалаларды жарыққа шығарып отырады. Республикадағы лингвистика саласы бойынша жоғары мектептің сұранысын қанағаттандырып отырған оқулықтардың, грамматикалар мен сөздіктердің, басқа да монографиялық зерттемелердің басым көпшілігі осы институт ғалымдарының еңбектері. Мәселен, мемлекеттік тілдің лингвистикалық базасын құрайтын және оны меңгертуге негіз болатын «Қазақ грамматикасы», «Қазақ тілінің сөздігі», «Қазақша-орысша сөздік», «Қазақ әдеби тілінің сөздігі», «Қазақ тілінің синонимдер сөздігі», «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі», «Қазақ тілінің аймақтық сөздігі», «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі», «Орысша-қазақша сөздік» сынды әрқайсысы 50-100 баспа табақ болатын көлемді еңбектер дайындады.

Институт жанында тұрақты жұмыс істейтін Диссертациялық кеңесте институт ғалымдарымен қатар, ҒМ-ҒА-ның басқа да ғылыми мекемелері, республиканың жоғары оқу орындары мен бірқатар ТМД елдерінің ғылыми орталықтарының тілші мамандары өздерінің кандидаттық, докторлық диссертацияларын дайындап, қорғайды. Сондай-ақ институтта Венгрия, Голландия, Дания, ҚХР, АҚШ, МХР т.б. елдерден келген мамандар ғылыми біліктілігін арттырудан өтеді, ғылыми кеңес алады. 1961 жылдан бастап институт жанында «Лингвистикалық жұма» атты теориялық семинар тұрақты жұмыс істейді. Оның жұмысына жетекші ғалымдармен қатар, жас тілшілер де қатысып, зерттеп жүрген проблемалары бойынша өз ойларын ортаға салады. Бұл семинарда ара-тұра шетелдік түркітанушылар да баяндама жасайды. Институт ғалымдарының өздері шетелдердегі көптеген конференция, семинар, симпозиумдарда баяндамалар жасап отырады.

Қазіргі кезде ғылымды дамытуға, оның ішінде гуманитарлық ғылымдарды дамытуға ерекше көңіл бөлініп отыр. Демек, ғылыми мекемелердің алға қойып отырған жоспарларын іске асыруға толық мүмкіндік бар. Институтта грамматика мен сөздік түрлерін жасау жолымен мемлекеттік тілдің ғылыми-лингвистикалық базасын нығайту, ұлттық сөздік қорды жинақтап, байытып отыру, мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, тереңдететін зерттеулер әзірлеп, оларды жүзеге асыратын құралдар түзу, сөз мәдениетін көтеруге мүмкіндік тудыру, қазақ тілі лексикасының компьютерлік қорын жасау жұмыстары қарқынды жүргізіліп отыр.



Дәстүрлі тілдік арналарда тарихи-салыстырмалы, құрылымдық-функционалды бағыттар бойынша зерттеулер жүргізілсе, қазір жана антропоцентристік бағыт күш алып келеді. Бұл жалпы гуманитарлық ғылымдардағы нысанды өз ішінде ғана емес, адам арқылы, яғни адамға бет бұру арқылы зерттеу әдіснамасынан туындап отыр. Бүгінгі күні қоғамдық ғылымдар нысанындағы кез келген құбылыс адамнан ажырамай, сол құбылысты тудырушы субъекті ретінде адамның өзін де зерттеу нысанына алып отыр. Осы орайда тіл ғылымында бейдәстүрлі деп аталып жүрген арнада антропоцентристік бағыттағы салаларда зерттеулер қолға алына бастады. Бүгінгі күні осы бағыттағы зерттеулерді ғылыми негізде сала-саламен дамыта түсуге көп көңіл бөлінгені орынды. Атап айтқанда, әлеуметтік лингвистика, коммуникативтік лингвистика, когнитивтік лингвистика, этнолингвистика, инженерлік лингвистика, психоллингвистика, прагматлингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану аспектілеріндегі зерттеулерді қолға алу қазақ тіл білімінің әлемдік лингвистика көшінен қалмай, бірге қадам басуына негіз болмақ.

Тілдің тарихын білмей, оның қазіргі күйін, болашағын барлау мүмкін емес, сондықтан тарихи аспектідегі зерттеулер кешенді түрде жүргізіліп келеді. Түркі тілдеріндегі жарық көрген этимологиялық сөздерге талдау жасалынып, қазақ тілінің этимологиялық сөздігін жасаудың принциптері мен теориялық негіздері анықталды. Қазіргі кезде жалған этимология жасаушылар көбейіп отырған тұста мұндай зерттеу маңызды болып табылады. Қазақ тілінің тарихына байланысты мұндай зерттеулер тіліміздің ежелден келе жатқан түркі тілдерінің ішіндегі өзіндік даму жолы бар, ерекше феномен екенін және қазіргі қазақ тілі көне ататілдің заңды мұрагері екенін көрсетеді. Қазақ тілін құрылымдық-функционалды аспектіде қарастыратын зерттеулерде жазба коммуникацияның әліпби, жазу, графика сияқты мәселелері кешенді әрі жүйелі түрде қарастырылады. Қазақ тілінің кешенді компьютерлік қорының ашық жүйесін жасау бағытында әртүрлі типтегі сөздіктер арнайы электрондық бағдарлама бойынша компьютерлік қорға енгізіліп отыр. Ұлттық тілдің құрылымдарындағы мәдени-этностық, танымдық, елтанымдық мәнділіктерді ашу, тіл мен мәдениеттің, тіл мен танымның, тіл мен қоғамның өзара байланысын бір-бірімен ұштастыра зерттеу ғылыми жұмыстарының нәтижелері қазақ тіл біліміндегі ғана емес, жалпы тілтаным үшін де тың жаңалық деуге болады. Қазіргі Қазақстан жағдайындағы әртүрлі әлеуметтік, саяси, тарихи, мәдени, лингвистикалық факторларды ескере отырып, қазақ тілінің мемлекет құрушы этностың тілі, Қазақстандағы барлық ұлттар мен ұлыстарды ұйыстырушы, біріктіруші ретіндегі қызметін, рөлін, мәдени-әлеуметтік мәнін ашу, мемлекеттік тілдің ұлттық бірегейлікті қалыптастырушы механизмдерін айқын, ашық көрсете білгеніміз жөн.

Институт ғалымдары өздерінің ғылыми қызметі барысында тек қазақ тіл білімі емес, сонымен бірге әлемдік тіл ғылымы үшін де маңызды болып табылатын теориялық ізденістер жүргізіп қана қоймай, қазіргі тәуелсіз Қазақстанның жаһандану үрдісінде өзіндік бет-бейнесін сақтауын қамтамасыз ететін, сонымен бірге елдегі қауіпсіздік пен стратегиялық маңызды шараларды жүзеге асыруда аса қажетті болып табылатын тыныштық пен татулықты нығайтатын мемлекеттік тілдің қолданымы мен ғылыми-лингвистикалық базасын жақсарту жолында еңбек етіп келеді.

4 қыркүйекте Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Ақордада ғылым және ғылыми саясат бойынша өткізген кеңесте қоғамдық ғылымдарға қатысты нақты сын айтумен қатар, гуманитарлық ғылымдарға да көңіл бөлінетінін, бұл саланың алдында қыруар жұмыстың тұрғанын еске салып, нақты міндеттер жүктеді. Осы міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету бағытындағы гуманитарлық институттардың жұмысын жетілдіру, олардың дамуына жаңа серпін беру мақсатында 30 қыркүйекте Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары М.Әшімбаевтың төрағалық етуімен кеңес өтті. Бұл кеңестің мәселе мәнісін терең зерделеп, ғылыми-зерттеу институттарының алдына нақты міндеттер жүктеген, гуманитарлық ғылымдардың шешімін табуға тиіс көптеген мәселелері ортаға салынған мазмұнды жиын болғанын айту керек. Президент Әкімшілігі басшысының орынбасары ғылыми зерттеулердің сапасы, диссертациялардағы қайталаушылық, тақырыптардың өзектілігіне қатысты сын айтумен бірге, институттарға нақты-нақты міндеттер де жүктеді. Ол ғалымдардың елдің дамуына белсенді араласып, үн қосу қажеттілігін, Тәуелсіздіктің 20 жылдығына атсалысып, іргелі еңбектер, ауқымды шаралар ұйымдастыру, пәнаралық байланыстарды нығайту сияқты мәселелерге айрықша мән беру керектігін атап өтті.

Барлық гуманитарлық институттар сияқты А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдары да ел мүддесі көзделген міндеттерді жүзеге асыру бағытында қоғам сұранысына қарай еңбек етуге, отандық ғылымның жаңаша серпін ала отырып дамуына белсене араласуға, қазақ тіл білімінің бүгінгі уақыт талабына сай өркендеуіне барынша ынталы.

*«Айқын» газеті.
– 2 қазан, 2009 жыл. – № 183 (1364).
– 1, 7-беттерде.*

Қазақ тілінің хас сарбазы

Мемлекеттік тіліміздің өркендеп, дамуы жолында еңбек етіп, өршіл рухымен, ұлтты ұйыстырар қажырлы еңбегімен көзге түсіп жүрген басылымдардың бірі – «Ана тілі» газеті. А.Байтұрсынұлының: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі жоғалады» деген сөздерін ұран еткен ХХ ғасырдың басындағы, Алаш зиялыларының мұраттарын әрі қарай жалғастырып, қашанда өз бағытынан таймай еңбек етіп келеді. Алаш арыстары ақталған соң олардың еңбектері мен шығармашылық жолымен көпшілік бастапқыда «Ана тілі» газеті арқылы танысқан болатын. Дүрбелеңі мен дүбірі мол 90-жылдары шаңырағын көтерген басылым мемлекеттік тілді нығайту, ел тәуелсіздігін баянды ету, ұлттық рухты көтеру жолында да аянбай еңбек етті. Қазақ тілі мәселелері ұлттық рух, тарих, әдебиетпен қатар өрілді: басылым бетінде ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрпымызға, тарихымызға байланысты мақалалар да жиі орын алып отырды. Сөз құдіретін тарихымыздан мәңгі өшпестей етіп таңбалаған көсем билер, дүйім жұртты аузына қаратқан төкпе шешендердің сөздері де газеттің сәнін кіргізіп отырды. Тәуелсіздігімізді баянды ету жолында жүргізіліп жатқан істер, тың ізденістер мен алғашқы нәтижелерді паш етумен қатар мемлекеттік тілдің дамуындағы кедергілер де қатаң сынға алынды. «Ел болам десең – бесігіңді түзе» деп М.Әуезов айтқандай, газет елдің ертеңіне алаңдаушылық білдіріп, балабақшадағы қазақ тілінің жайын, оқулықтардың сапасын үнемі назарда ұстап келді. Терминология саласындағы тың ізденістер, мемлекеттік терминком бекіткен атауларды насихаттаумен қатар терминологиядағы ала-құлалықтар, аудармада орын алған қателіктер де назардан тыс қалмады. Мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейтіп, қызметін күшейту жолында «Қазақ газеттері» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, «Ана тілі» газетінің ұжымы мен А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты арасында тығыз байланыс орнап, көптеген шараларды бірлесе өткізіп отырмыз. Газет оқырмандарын институтымызда шығып жатқан кітаптармен, тіл біліміндегі өзіндік орны бар ғалымдардың еңбектерімен таныстырып отырады. Газет бетінде институт қызметкерлерінің қазақ тілінің көкейтесті мәселелері көтерілген мақалалары жарияланып тұрады.

Ана сүтімен дарыған тілімізді ардақтау – баршаның борышы, парызы. Ана сүті сәбидің өсуіне қандай қажет болса, ана тілі адамның дүниетанымының қалыптасуына, парасатты азамат болуына сондай қажет. Осы киелі ұғымды арқау еткен газеттің мемлекеттік тілдің қадір-қасиетін таныту, ұлттық ділді сақтап қалу жолында атқарар міндеті мол. Мемлекеттік тілдің әрі сардары, әрі сарбазы болып келе жатқан газетіміз тұрғанда, тіліміздің мәртебесі де, мәдениеті де, мәйегі де ортая қоймас деп ойлаймыз. Ел ертеңі – жастардың өз тілінің кешегісі мен бүгінін байыптауы

на көмектесетін «Ана тілі» газетінің ұжымына әрдайым ұлттың өршіл рухын асқақтата беріндер, мемлекеттік тілдің биік тұғырдан көрінуі, ел тәуелсіздігінің баянды болуы жолындағы еңбектеріңіз жемісті болсын демекпіз.

*«Ана тілі» газеті.
18-31 наурыз, 2010 жыл.
– № 11-12 (1004-1005).*

Отандық ғылымды өркендету – ел болашағының кепілі

Астанада Білім және ғылым министрі Б.Т.Жұмағұловтың қатысуымен Қазақстандағы ғылымның дамуына арналған жиын өтті. Министр осы мәселенің қазіргі таңда жүйелі сипат алып отырған аспектілеріне тоқталып, оларға өзінің көзқарасын білдірді. Сөз басында Қазақстан ғылымын заман талабына сай жаңа ұстанымдар бойынша дамытудың қазіргі кездегі күн тәртібінде тұрған ең өзекті мәселелердің бірі болып отырғандығына тоқталды. Бұл саладағы істің жай-күйіне жасалған талдау нәтижесінде соңғы уақытта ғылымның жаңа Қазақстан қоғамы мен экономикасына кіріктірілмеген жалғыз сала болып отырғандығына кеңінен тоқталып, ел Президентінің басшылығымен дағдарыстан кейінгі кезеңде әлеуметтік-экономикалық дамудың мүлде жаңа бағытын таңдап отырғандығын сөз етіп, осы мәселені дұрыс жолға қоюдың жолдарына тоқталды.

Елімізде таяу болашақта алдыға қойылған міндеттердің ғылыми жағын қамтамасыз ету үшін не істеуіміз қажет? Қоғамымыз бен экономикамызға ғылымның қажеттілігін қалай қамтамасыз ете аламыз? Міне, осындай аса ірі, салмақты да салмақты сауалдардың жауабы өткен жылы елбасы тарапынан ұсынылған зияткер ұлт қалыптастыру бағдарламасында айдан анық белгіленген-ді. Осы туралы өз ойын тарқатқан министр: «олар – басты үш аспекті бойынша: білім беру-де, ғылымда және инновациялық дамуда серпінді қадамдар жасау болатын. Ал білім беру ісі мен инновацияны ғылымсыз дамыту тіпті де мүмкін емес» деп, өз ойын түйіндеді. Министрлік басшысының пікірі бойынша, қазіргі таңда ғылымды дамытудың, оны қайта құрудың екі негізгі бағыты айқындалып отыр. Оның біріншісі – ғылым мен білімнің интеграциялануына қатысты болса, екіншісі – ғылыми әлеуетімізді инновацияларға жұмылдыру ісімен байланысты болып отырғандығы. Қазіргі кезеңде негізінен, іргелі ғылыми зерттеулермен айналысып келген зерттеуші-ғалымдар мен білім ордаларында еңбек ететін ұстаз-ғалымдардың бірлесе жұмыс жасайтын кезі келді. Ғылымның те-



ориялық және тәжірибелік жақтарын біріктіріп, қоғам қажетіне тиімді пайдалану қажет-ақ. Қазіргі кезде білікті мамандарды осы жолмен ғана даярлауға болатынын, ғылыми кадрларды жасарту мәселесінің де тек қана осы жолмен шешілетінін ашық айтқан министр студенттерді, магистранттар мен докторанттарды ғылымға белсенді түрде араластырудың жолдарын атап көрсетті.

Осындай интеграцияға барудың алуан түрлі жолдары болатынын айта келіп, ведомство басшысы ең бастысы, бірлесіп істейтін іс-шараларды әуел бастан нақтылап алудың қажеттігіне тоқталды. Бұл мәселені әкімшілік тұрғыдан шешуге де, еркін консорциумдар жасау мен келісім-шарттық қатынастар орнату арқылы реттеуге де мүмкіндік бар.

Ғылыми әлеуетті инновацияларға жұмылдыру мәселесіне тоқталған министрлік басшысы ғылымда орнығып қалған, тек қана бюджеттік қаражатқа иек артушылыққа негізделген тұтынушылық көзқарасты қатаң сынға алды. Осы жағдайда қаржыландыруды механикалық түрде өсірудің сапалық өзгерістерге жеткізбейтіндігін, сондықтан ғылымның инновациялық үдеріспен байланысын ынталандырудың қажет болып отырғандығына баса назар аударды.

Осындай келелі істерді жүзеге асыруда заманауи тәжірибеміздің жетімсіз тұстарын толтыру үшін нақты істер бойынша қажетті жерінде шетелдік тәжірибені де қабылдауға болатындығы айтылды. Осы тұрғыдан, үлгі ретінде, жаңа дамудың өскіндерінің бірі ретінде, Астанадағы Назарбаев университеті аталды. Университеттің әрі оқу орны, әрі халықаралық зерттеу орталығы болып табылатындығын айтқан министр «Ғылым туралы» жаңа Заңның жобасына ғылыми-зерттеу университеттері ұғымының енгізіліп отырғандығын еске салды. Демек, таяу болашақта елімізде осындай жоғары оқу орындарының жұмыс жасау мәселесі жолға қойылмақ. Бұл да ғылым саласындағы ерекше құнды жаңалықтардың біріне айналмақ. Ғылымды дамытуды жанаша жолға қою ісіндегі жас өскіндердің екінші бір тобы ретінде ғалым ел Президентінің бастамасымен құрылған жалпы саны жиырмаға жеткен ұлттық, инженерлік зертханаларды атай отырып, оларға міндетті түрде қолдау көрсетілетіндігін айтты.

Өсімнің үшінші нүктесі ретінде министр өткен жылы құрылған «Парасат» холдингін атай отырып, холдингтің ғылыми зерттеуден коммерциялық өнімге дейінгі үдерістерді толық қамтудың үлгісі болуға тиіс екендігін мәлімдеді.

Төртінші нүкте – «Технологияларды коммерцияландыру» жобасы. Бұл жоба әлемдік банкімен бірлестікте жүзеге асырылмақ. Жоба ғылыми жетістіктерді коммерциялық тұрғыда жүзеге асыру бойынша тиімді жүйелерді ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесін игеру мақсатында жасалған. Министрдің баяндауы бойынша, «жобаның басты мақсаты – ше-





телдік мамандардың тәжірибесін пайдаланып жүзеге асырылған нақты зерттеулерді көрсете отырып, осының негізінде қазақстандық ғылымды әуелден қажетті нәтижеге, зерттеудің коммерциялық маңызына бағдарлануын қамтамасыз ету. Осы жоба нәтижелерін ескере отырып, Қазақстан ғылымын қаржыландырудың бәсекеге қабілетті, халықаралық сарапшылар қолдаған үлгісі дамытылады. Отандық ғылым еліміздегі және шетелдердегі өнеркәсіптік орындармен тығыз байланыс орнатады». Министр жоғарыда аталған төртеуге инновациялық кластерлерді де қосудың қажеттігін ескертіп өтті.

Министрлік басшысы еліміздегі ғылым саласы бойынша бірден-бір мемлекеттік басқару мекемесі ретіндегі Ғылым комитетінің маңызына ерекше тоқталды. Ғылым комитеті – «біріншіден, аналитикалық орталық, екіншіден, барлық ғылыми бағдарламаларды тиімді үйлестіруші, ғылыми саланы дамытуда стратегиялық жоспарлау орталығы болуға тиісті. Үшіншіден, аталған Комитет ғылымның инновациялық саламен тиімді байланысын қамтамасыз ететін, төртіншіден, ғылымның жаңа ұстанымдар бойынша жұмыс жасауын қамтамасыз ететін барлық заңнамалық актілерді жасаушы мекеме болуы керек» деді ол.

Әрине, еліміздегі ғылым салаларының даму деңгейі, жалпы жай-күйі бірдей емес. Ол бір жағынан, ғылым саласының бұрыннан дамытылып келе жатқан салыстырмалы түрде көне немесе заманауи сұранысқа байланысты болса, екіншіден, олардың күш-қуатына, әлеуетіне де байланысты. Сондықтан әр саланың өзіндік ерекшелігін ескермесек те болмайды. Осы тұрғыдан министр екі айлық мерзім ішінде қазақстандық ғылымның барлық ерекшеліктерін, ғылыми-зерттеу институттарының, ғылыми орталықтардың, зерттеу университеттерінің айтарлықтай дамуын ескеретін салалық «Ғылым» бағдарламасын жасаудың қажеттігіне тоқталды. Бағдарламада ғылымдағы мемлекеттік емес сектордың, академиялардың, ғалымдардың басқа да бірлестіктерінің дамытылуы ескеріліп, қамтылуы қажет екендігіне назар аударылды. Келесі кезекте «Ғылым туралы» заңның ұстанымдық тұрғыдан маңызды жаңалықтары туралы сөз болды. Ең бастысы, біріншіден, шешім шығарудың барлық вертикалы бойынша ғалымдардың рөлі артады. Жоғарғы ғылыми-техникалық комиссия, Ұлттық ғылыми кеңестер, жаңарған Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама сол үшін жұмыс жасайтын болады. Министрлік басшысы ендігі кезеңде ғалымның Қазақстан ғылымындағы басты тұлғаға айналатынын мәлімдей отырып, тәуелсіздік кезеңінде мұндай мүмкіндіктің ғалымдарға бірінші рет беріліп отырғандығын атап айтты.

Жекелеген ғылым салалары бойынша құрылатын Ұлттық Ғылыми кеңестердің жай-жапсарын айқындап, жаңа ережелердің мән-мағынасын, мазмұнын анықтау мәселесінде ғылыми-зерттеу институттарының





директорлары мен ЖОО басшыларына мекемелердегі қызметкерлерге осы механизмді түсіндіріп, адамдарды жаңа жағдайда жұмыс жасауға дайындаудың қажеттілігі де баяндамадан көрініс тапты.

Жиында көтерілген өзекті мәселенің бірі – Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама жасау бойынша Ұлттық Орталық құру болды. Министр осы Орталықтың бір айлық мерзім ішінде шетелдердегі сараптама жүйесіне мониторинг өткізуі қажеттігін, сарапшыларды сұрыптаудың айқын өлшемдерін даярлаудың өзекті болып отырғандығын, аталған мәселелер бойынша семинарларды, дөңгелек үстелдерді өткізіп, түсіндіру жұмыстарын жолға қоюдың маңызын атап өтті.

Ғылымды басқару ісіндегі екінші бір күрделі бөлік – зерттеулерді қаржыландырудың жаңа жүйесін енгізу. Оның үш формасы болатын болды: гранттық, базалық және мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру. Гранттық жүйе жекелеген ғалымдардың сапалы еңбектерін бағалауға бағдарланатын болса, базалық қаржыландыру арқылы мемлекеттік ғылыми мекемелердің материалдық жай-күйі жақсартылмақ. Ал мақсатты-бағдарламалық қаржыландыру мемлекеттік стратегиялық деңгейдегі міндеттерді жүзеге асыру үшін қолданылмақшы. Демек, ғылымды қаржыландыру ісі де кәсіби біліктілікпен сарапталып, ғылыми жұмыстың сапасына, ғылыми мекеменің жағдайына, мемлекеттік мүддеге орайластырылып, өз жөнімен, жолымен жүзеге асырылады. Ендігі кезеңде ғылыми зерттемелердің сапасы, олардың ғылымның дамуындағы әлемдік деңгей стандарттарына сәйкес болуы басты назарда болмақшы. Қорытып айтар болсақ, Білім және ғылым министрлігінде өткізілген, еліміздегі басты ғылыми мекемелер мен көрнекті ғалымдар қатысқан жиында Қазақстан ғылымының бүгіні мен болашағына жаңаша бағыт пен бағдар беретін күрделі және түбегейлі өзгерістер туралы ашық сөз болды.

*«Айқын» газеті.
6-қараша, 2010 жыл.
– № 207 (1631).*



A decorative border with intricate, repeating scrollwork and floral patterns surrounds the central text.

ТІЛ және ТҰЛҒА

Әбдуәли Қайдар және қазақ академиялық тіл білімі

Қадірлі қауым, құрметті әріптестер, конференция қонақтары!

Бүгін баршамыз қазақ академиялық тіл білімін дамыту ісіне зор еңбек сіңірген көрнекті ғалым, академик Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдардың 85 жасқа толуына арналған, алқалы жиында, халықаралық конференцияда бас қосып отырмыз. Ақырын жүріп, анық басудан жаңылмайтын, қашан да өзін сабырлы да байсалды ұстап, тынымсыз ізденіс пен еңбек етуден еш жалықпайтын Әбекеңнің ғылымдағы ғұмырын үлкен тағлым мен тәрбие мектебі деуге болады.

Әбдуәли Туғанбайұлы 1954 жылдан бастап күні бүгінге дейін, жарты ғасырдан астам уақыт бойы қазақ тіл білімінің қара шаңырағы саналатын ғылым ордасы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында еңбек етіп келеді. Аспирантураны бітіргеннен кейін ол өзінің еңбек жолын ұйғыр-дүнген мәдениеті секторының кіші ғылыми қызметкері ретінде бастайды. 1958-1959 жылдары Шығыстану секторының аға ғылыми қызметкері, 1959-1961 жж. ұйғыр филологиясы бөлімінің меңгерушісі, 1961-1963 жж. өз алдына жеке шаңырақ көтерген Тіл білімі институтында директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1963-1967 жж. ұйғыртану бөлімінің меңгерушісі, 1967-1978 жж. директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары ретінде жұмыс жасайды. 1978 жылы Тіл білімі институтының директоры болып тағайындалған ғалым осы қызметті 1995 жылға дейін үлкен абыроймен атқарды. Сөйтіп, ол кіші ғылыми қызметкерден бастап, институт директорлығына дейін өсіп, ғылыми қызметтің барлық сатыларынан өтті. Кандидаттық, докторлық диссертацияларын сәтті қорғады, профессор, академик ғылыми атақтарына ие болды. Өз мамандығының биігіне бастайтын ұзақ жолда ол әр баспалдақты байыппен баса отырып, өз саласының шырқау биігіне көтеріле білді. Қажырлы еңбегі мен үздіксіз ізденісінің арқасында жүрек қалауымен таңдаған сүйікті кәсібінің хас шеберіне айналды.

Тіл білімі институтында жұмыс істеген жарты ғасырдан астам уақыт ішінде ғалымның ұйғыр және қазақ тіл білімінің, жалпы түркітанудың ғылыми-теориялық мәселелеріне арналған 500-ге жуық ғылыми еңбегі жарияланыпты.

Әлемдік түркітанушылар арасында түбір мәселесімен айналысатын ең беделді мамандардың бірі болып табылатын ғалымның «Структура односложных корней и основ в казахском языке» атты монографиясы отандық және әлемдік тіл білімінде жоғары бағаланған аса құнды еңбектердің бірінен саналады. Осы еңбегінде ғалым бір буынды түбір-негіздердің жалпы түркі тілдерінің байырғы сөздік қорының өзегі болып табылатынын дәлелдейді. Қазақ сөзі құрылымының ғылыми тұрғыдан қарастырыла бастағанына екі ғасырдан астам уақыт өтсе де, оның ғылы-

ми-теориялық тұрғыдан кешенді түрде зерттелуі академиялық тіл білімі кезеңінде, Ә.Т.Қайдардың қолымен жүзеге асырылды. Ғалым түбіртанушылардың қазақстандық мектебін қалыптастырды.

Ел тәуелсіздігі жарияланған 90-жылдары, терминология саласындағы басты ұстанымдарды қайта айқындаудың қажеттілігі туындады. Дәл осы кезеңде мәселенің мәнін терең түсініп, егемен елдің терминдер қорын қалыптастырудың бағытын ұлт тілінің мүддесіне сай қайта белгілеу керектігін күн тәртібіне қойып, терминология қағидаттарын алғаш ұсынған да академик Ә.Қайдар болды. 1993-жылы ол «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбек жариялады. Терминжасам ісінде қазақ тілінің сөз байлығын сарқа пайдаланудың қажеттілігіне баса мән берген бұл шағын еңбек, ғылыми қауымға үлкен ой салды. Уақыт тынысын дөп басып, дер кезінде жарияланған бұл еңбектің қазіргі кезеңдегі қазақ терминологиясының жаңаша бағытта дамуында өзіндік ықпал еткенін атап айтқан абзал.

Ғалымның қазақ тіл біліміндегі тарих және диалектология, лексикология, лексикография, семасиология, терминология, грамматика, этнолингвистика салаларын зерттеуге қосқан үлесі, атқарып келе жатқан қызметі ұлан-ғайыр. Ол әсіресе қазақ тіл білімінде этнолингвистиканың жеке ғылым саласы ретінде қалыптасуына, дамуына ерекше еңбек сіңірді.

Бүгін осы ғылыми жиында «Этнос және тіл» тақырыбының аясында сөз қозғап отырмыз. Этнос болмысын оның тілі арқылы танып білу мақсатынан туындаған лингвистиканың жаңа, дербес саласы – этнолингвистиканың Қазақстандық мектебін қалыптастырып, оның дамып, өркендеуіне зор еңбек сіңірген ғалымдардың бірі, әрі бірегейі – Әбекең. Тіл табиғатын, оның даму заңдылықтарын жан-жақты зерттеу барысында іштей жіктеліп, дүниеге келген социоллингвистика, психоллингвистика, статоллингвистика, пароллингвистика тәрізді этнолингвистика да – «этностаным» мен «тілтаным» ғылымдарының ортақ проблемасы шеңберінде тоғысу нәтижесінде пайда болған жаңа сала. Ол – этнос табиғатын тереңнен танып білу үшін тілдің өзіне тән қазына байлығын зерделеп зерттеуді мақсат ететін ғылым. Осыған байланысты зерттеулерінде академик Ә.Қайдар «этнос», «этнос болмысы», «этностың тіл әлемі» деген ұғым-түсініктерге ерекше мән береді. Өйткені бұлар біртұтас құбылыстың көріністері. Ғалым этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты қарастыра отырып, өз зерттеулерінде «этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды» деген қағиданы өзек етеді. Қазақ этносының ұлттық бейнесін, өзіндік болмысын толық та түбегейлі түрде тек оның тіл байлығы – тіл әлемі арқылы ғана жан-жақты танып-білуге болатынын, қазақ этнолингвистикасының этнос тіліне қатысты көптеген қоғамдық пәндермен өзара сабақтаса, іліктесе әрекет ететін, бірақ олар-



дың шылауында жүрмейтін, өзіндік үрдісі мен ұстанымдық негіздерін сақтайтын әмбебап ғылым саласы болып табылатындығын, оның қазақ тілінің лексикалық байлығын мүмкіндігінше толық қамтып, лексиканың төменгі қабаттарында тұнып жатқан, бүгінде сирек қолданылатын сөз бірліктерінің мән-мағынасын ашып, жаңғыртатын ғылым саласы болып саналатынын іс жүзінде дәлелдейді.

Ғалымның төңірегінде қазақстандық этнолингвистер шоғыры қалыптасып, оның жетекшілігімен көптеген шәкірттері тәрбиеленді. Сондықтан оны «қазақ этнолингвистикасының атасы», «қазақ этнолингвистикасының негізін салушы ғалым» деп атауға әбден болады.

2008 жылы ғалымның қазақ этносы туралы бұрын-соңды айтылған 500-ден астам пікір, ой-болжамды жинақтаған «Қазақ қандай халық?» атты көлемді еңбегі жарық көрді. Кітаптағы қазақ халқының рухани және материалдық құндылықтары туралы, оның әдет-ғұрпы, салт-санасы жөнінде әр түрлі ұлт өкілдері тарапынан, әр түрлі кәсіп иелері тұрғысынан әр заманда айтылған дәйектемелік, деректемелік мазмұнды мәтіндердің өскелең ұрпақ үшін маңыздылығы даусыз. Әбекеңнің ұзақ жылдар бойы көз майын тауысып айналысып келе жатқан шаруасы – «Адам», «Қоғам», «Табиғат» тәрізді үш бөліктен тұратын «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты қазақ тілінің үш томдық этнолингвистикалық сөздігін жасау. Міне бүгінгі мерейтой қарсаңында осы еңбектің бірінші томы жарық көрді. Қалған екі томы аяқталып, қазір баспаға дайындалу үстінде. Бұл – ұзақ жылдар бойғы тынымсыз еңбектің жемісі, ғалым ғұмырының мәніне айналған ғылыми ізденістердің нәтижесі.

Әбекең тіл білімінің этнолингвистика, лексикология, ономастика, терминология, фразеология, этимология салаларына қатысты зерттеулерінде бір ұлттық тілдің мәселелері шеңберіне сыймайтын жалпы түркітанымдық құндылықтарды сөз етеді. Тіпті одан да асып, жалпыалтай тілдеріне ортақ заңдылықтарды айқындайды. Арғы бабатуркілік, «үндітүркілік» негізден тарайтын тілдік құбылыстар жайын сөз етеді. Мәселен, тарихи лексикология мәселелерін қозғай отырып, түркі тілдері мен моңғол тілдеріне ортақ, сонау түпкіалтайлық кезеңге кететін тілдік құбылыстарды талдайды. Түркі және моңғол тілдеріндегі ауыс-түйіс мәселесін шешкенде, салыстырылып отырған тілдік бірліктердің сәйкестігі түбірге қатысты болса, оның екі тілге ортақ болатындығын, сәйкестік туынды тұлғаға қатысты болса, оның тіларалық ауыс-түйістер қағарына кірегінін айтады. Ғалым түркі-моңғол тілдерін тарихи-салыстырма әдісімен зерттеген кезде көршілес ру-тайпалар арасындағы, мысалы, қазақтар мен қалмақтар арасындағы екітілділіктің болуын ескерудің қажеттігін де көрсетіп отырады. Тілдердің көне дәуірдегі араласуынан, өзара сіңісуінен пайда болған түбір деңгейіндегі ортақтықты, арғытілдік генеологиялық туыстыққа қатысты құбылыстарды, кейінгі кірме



құбылыстардан айырудың жолдарын, әдіс-тәсілдерін, заңдылықтарын ашып береді.

Қазақ тілінің түркі тілдерінің ішіндегі өзінің тұтастығын, монолиттігін, тазалығын, өзіне тән ұлттық ерекшеліктерін өз бойында көбірек сақтап келе жатқан тілдердің бірі екендігін айта отырып, генезис проблемасын сөз еткенде қазақ этносының дербес халық болғанға дейінгі тарихында өте күрделі интеграциялық үрдістерді бастан өткергендігін, хун дәуірінің өзінде-ақ түркі тілдерінің біртұтас іргетасының қаланып, негізі жасалғанын, ол кезеңді Ататүрік кезеңіне жағқызуға болатынын жазады. Қазақ тілінің арғы тегінің сонау хун, көне түркі дәуірлерінен бастау алатынын, түп төркіні көне үйсін, қаңлы, қыпшақ тайпаларының тілдік дәуірінен өрбіп, орхон-енисей ескерткіштері тілімен ортақтығын сақтай отырып, Махмұт Қашқари мен Жүсіп Баласағұни еңбектері тілімен жалғаса келіп, туыстығын кейінгі дәуірлердегі қыпшақ тілдерінен тапқан дербес түркі тілдерінің бірі екенін дәлелдейді. Оның базистік лексикасында баба тіл мен көне түркі тілінің элементтері көптеп сақталып отырғанын сөз етеді.

Әбекең қазақ тілінің фразеологиялық бірліктерін, мақал-мәтелдерін, әр алуан қанатты сөздерін, нақылдарын жан-жақты зерттеген. Оның бірқатар еңбектері көркем сөз ішіндегі қуаттысы, әрі құнарлысы болып саналатын осы топтардың жүйесі мен құрылымын талдауға арналып жазылған. Ғалым қос тағанды фразеологизмдердің жасалуындағы компонентаралық мағыналық үйлесім мен өзара дыбыстық үндестік, әуезділік болмаса, олар өз тұрақтылығын сақтап, сөйлеушінің жадында жатталмайтындығын, мұның өзі жалпы тілге, әсіресе өлең тіліне тән классикалық құбылыс болып табылатындығын айтады. Демек, түркі тілдерінің жалғалмалы тіл ретінде басқа жүйедегі тілдерден ең басты ерекшелігі де оның әрі мағыналық әрі әуезділік үйлесімінде, дыбыс пен дыбыстың, буын мен буынның, сөз бен сөздің, түбір мен морфеманың арасындағы бірізділікті қатал қоритын үндестік заңы осының айғағы болса керек.

Қазақ жерінде бір ғана XX ғасырда орын алған сан түрлі саяси, әлеуметтік, экономикалық жағдайлардың қай-қайсысы да елдігімізге сын болғаны белгілі. Бағымызға орай, елімізді сондай сыннан сүріндірмей алып өтетін біртуар азаматарымыз да аз болмаған. Өзіңізді сондай ел тағдырына игі ықпал тигізген қазақтың аяулы перзенттерінің бірі ретінде, қазіргі тіл майданының көшбасшысы ретінде білеміз...

Сіз Ұлы Отан соғысындағы қан майданнан оралғаннан кейінгі өміріңізді үлкен ғылымға арнадыңыз. Ғылымда ерен еңбек етіп, тер төктіңіз. Азаматтық тұғырыңыздың беріктігін көрсеткен сәттеріңіз майданда ғана емес, бейбіт өмірде де аз болған жоқ. Әсіресе орыс тілінің дәуірлеп тұрған кезеңінде қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесі деңгейіне көтеруге байланысты ұлт зиялылары көтерген мәселенің басында



жүріп, кейін республикалық «Қазақ тілі» қоғамының құрылуы жолындағы еңбегіңіз ел есінде. Кез келген оқиғаның маңызы тарих таразысына салынып, тиісті бағасын алатыны белгілі. 70 жылда тамырын тереңге жайып үлгерген әкімшілдік-әміршілдік жүйені мұз болып қатқан мұхитқа теңесек, күн сәулесінен ада қалған сондай тоңды мұзжарғыш кеме сияқты қақ жарып өтудің қаншалықты қиын болғанын соның бел ортасында жүрген адамдар ғана біледі. Бірақ ел мүддесі үшін тілдің мәнін бәрінен жоғары қойған Әбекеңнің сондай тәуекелге бел бууына тіл мәнін таныған терең білімділігімен қатар туған халқының алдындағы перзенттік борышын терең сезінуі себеп болғаны белгілі. Біз қашанда алдыңғы аға буын өкілдері салған соқпақпен жүре отырып, оны кейінгі ұрпақ үшін кеңейтіп, даңғыл жолға айналдыруға тиіспіз. Жаһандану үрдісі кеңінен етек алып, келе жатқан бүгінгі күні өркениет көшбасшысы болуға ұмтылған кез келген елдің негізгі тетігі – ғылым-білімде, ал сүйенер тұғыры – ұлт болмысын өзімізге де, өзгеге де танытатын ана тілінің қазынасында. Ендеше, Қазақстанымыздың дүниежүзілік өркениет көшіне ілесуші емес, оның көшбасшыларының, алдыңғы қатарлы елдерінің қатарында тұруы үшін мемлекетіміздің рухани тірегін нығайту – қазіргі таңдағы өзекті мәселе.

Қадірлі Әбеке! Бүгінгі 85-жасқа толып отырған мерейтойыңыз құтты болсын! Сіз сүйегі асыл жан екендігіңізді айғақтап, қазір де том-том ғылыми еңбектер жариялап, 85-ті сергек қарсы алып отырсыз. Алдағы 90-ды да тың қалпыңызда, 100-іңізді де жақсы бағындыруыңызға тілектеспіз.

Өзіңіздің өміріңіз ұзақ, ғылыми еңбектеріңіздің ғұмыры мәңгілік болсын!

*Академик Ә.Т.Қайдардың 85 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда сөйлеген сөзі
2009 жылғы 13 желтоқсан. – Алматы.*

Қазақ этнолингвистикасының негізін қалаушы

Қазақ академиялық тіл білімін дамыту ісіне зор еңбек сіңірген ғұлама ғалым Әбдуәли Қайдар 85 жасқа келіп отыр. Халқымыздың ардақты азаматының ғылымдағы ғұмырын үлкен тағлым мен тәрбие мектебі дегуге болады.

Ғалым 1954 жылдан бастап күні бүгінге дейін, жарты ғасырдан астам уақыт бойы қазақ тіл білімінің қара шаңырағы саналатын ғылым ордасы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында еңбек етіп келеді. Аспирантураны бітіргеннен кейін ол өзінің еңбек жолын ұйғыр-дүнген мәдениеті секторының кіші ғылыми қызметкері ретінде бастайды.





1958-1959 жылдары Шығыстану секторының аға ғылыми қызметкері, 1959-1961 ж. ұйғыр филологиясы бөлімінің меңгерушісі, 1961-1963 ж. өз алдына жеке шаңырақ көтерген Тіл білімі институтында директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, 1963-1967 ж. ұйғыртану бөлімінің меңгерушісі, 1967-1978 ж. директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары ретінде жұмыс жасайды. 1978 жылы Тіл білімі институтының директоры болып тағайындалған ғалым осы қызметті 1995 жылға дейін үлкен абыроймен атқарды. Сөйтіп, ол кіші ғылыми қызметкерден бастап, институт директорылығына дейін өсіп, ғылыми қызметтің барлық сатыларынан өтті. Кандидаттық, докторлық диссертацияларын сәтті қорғады, профессор, академик ғылыми атақтарына ие болды. Өз мамандығының биігіне бастайтын ұзақ жолда ол әр баспалдақты байыппен баса отырып, өз саласының шырқау биігіне көтеріле білді. Қажырлы еңбегі мен үздіксіз ізденісінің арқасында жүрек қалауымен таңдаған сүйікті кәсібінің хас шеберіне айналды.

Тіл білімі институтында жұмыс істеген жарты ғасырдан астам уақыт ішінде ғалымның ұйғыр және қазақ тіл білімінің, жалпы түркітанудың ғылыми-теориялық мәселелеріне арналған 500-ге жуық ғылыми еңбегі жарияланыпты.

Әлемдік түркітанушылар арасында түбір мәселесімен айналысатын ең беделді мамандардың бірі болып табылатын ғалымның «Структура односложных корней и основ в казахском языке» атты монографиясы отандық және әлемдік тіл білімінде жоғары бағаланған аса құнды еңбектердің бірінен саналады. Осы еңбегінде ғалым бір буынды түбір-негіздердің жалпы түркі тілдерінің байырғы сөздік қорының өзегі болып табылатынын дәлелдейді. Қазақ сөзі құрылымының ғылыми тұрғыдан қарастырыла бастағанына екі ғасырдан астам уақыт өтсе де, оның ғылыми-теориялық тұрғыдан кешенді түрде зерттелуі академиялық тіл білімі кезеңінде, Ә.Т.Қайдардың қолымен жүзеге асырылды. Ғалым түбіртанушылардың қазақстандық мектебін қалыптастырды.

Ел тәуелсіздігі жарияланған 90-жылдары, терминология саласындағы басты ұстанымдарды қайта айқындаудың қажеттілігі туындады. Дәл осы кезеңде мәселенің мәнін терең түсініп, егемен елдің терминдер қорын қалыптастырудың бағытын ұлт тілінің мүддесіне сай қайта белгілеу керектігін күн тәртібіне қойып, терминология қағидаттарын алғаш ұсынған да академик Ә.Қайдар болды. 1993-жылы ол «Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас» атты еңбек жариялады. Терминжасам ісінде қазақ тілінің сөз байлығын сарқа пайдаланудың қажеттілігіне баса мән берген бұл шағын еңбек, ғылыми қауымға үлкен ой салды. Уақыт тынысын дөп басып, дер кезінде жарияланған бұл еңбектің қазіргі кезеңдегі қазақ терминологиясының жаңаша бағытта дамуында өзіндік ықпал еткенін атап айтқан абзал.



Ғалымның қазақ тіл біліміндегі тарих және диалектология, лексикология, лексикография, семасиология, ономасиология, терминология, грамматика, этнолингвистика салаларын зерттеуге қосқан үлесі, атқарып келе жатқан қызметі ұлан-ғайыр. Ол әсіресе соңғы аталған этнолингвистиканың қазақ тіл білімінде жеке ғылым саласы ретінде қалыптасуына, дамуына ерекше еңбек сіңірді. Ғалымның төңірегінде қазақстандық этнолингвистер шоғыры қалыптасып, оның жетекшілігімен көптеген шәкірттері тәрбиеленді. Сондықтан оны «қазақ этнолингвистикасының атасы», «қазақ этнолингвистикасының негізін салушы ғалым» деп атауға әбден болады. 2008 жылы ғалымның қазақ этносы туралы бұрын-соңды айтылған 500-ден астам пікір, ой-болжамды жинақтаған «Қазақ қандай халық?» атты көлемді еңбегі жарық көрді. Кітаптағы қазақ халқының рухани және материалдық құндылықтары туралы, оның әдет-ғұрпы, салт-санасы жөнінде әр түрлі ұлт өкілдері тарапынан, әр түрлі кәсіп иелері тұрғысынан әр заманда айтылған дәйектемелік, деректемелік мазмұнды мәтіндердің өскелең ұрпақ үшін маңыздылығы даусыз. Әбекеңнің ұзақ жылдар бойы көз майын тауысып айналысып келе жатқан шаруасы – «Адам», «Қоғам», «Табиғат» тәрізді үш бөліктен тұратын «Қазақтар: ана тілі әлемінде» атты қазақ тілінің үш томдық этнолингвистикалық сөздігін жасау. Жуырда осы еңбектің бірінші томы жарық көрді. Қалған екі томы аяқталып, қазір баспаға дайындалу үстінде. Бұл – ұзақ жылдар бойғы тынымсыз еңбектің жемісі, ғалым ғұмырының мәніне айналған ғылыми ізденістердің нәтижесі.

*«Қазақ әдебиеті»,
15 желтоқсан 2009 жыл. – №52 (3163)*

Немат Келімбетов және тіл дамуындағы тарихи сабақтастық

Қазақ әдебиетінің көне тарихын, ежелгі мұраларын тереңнен зерттеп-зерделеген әдебиеттанушылар арасынан есімі ерекше аталатындардың бірі – белгілі ғалым Немат Келімбетов. Қазақ әдебиетінің үш мың жылдық әдеби жәдігерліктерін зерттеуге, оларды жинастыру мен жариялауға ғалым өзінің қырық жылға жуық уақытын арнады. Профессор Немат Келімбетов «Ежелгі дәуір әдебиеті» атты еңбегінде қазақ әдебиетінің, әр дәуірдегі ұлы бабаларымыздың соңында қалған рухани жәдігерліктерін ерінбей-жалықпай іздеп тауып, бір жүйеге түсіріп, сол мұралардың ғылыми-танымдық негізін айқындап, көркемдік құндылығын құнарлы тілмен баяндайды. Кез келген көне мұраны зерттеуші әдетте оның тіліне, лексикасына назар аудармай, шығарманың тілдік ерекшеліктерін көрсетпей тұра алмайды. Зерделі зерттеуші Н.Келімбетов

те осы дәстүрді жалғастырады. Оның шығармашылығында бұл мәселе ерекше көрініс табады. Ол көне жәдігерліктерге әдеби, жалпы филологиялық талдаулар жасаумен қатар, ішінара терең тілдік талдауларға да барып отырады. Біз ғалымның еңбектеріндегі тіл мәселелері мен тілдік талдаулар, түркі тілінің тарихи дамуындағы сабақтастықтың сақтала отырып бүгінге дейін жеткендігін нақты деректер негізінде саралап көрсеткен тұжырымдары жөнінде сөз етпекпіз.

Кең тынысты филолог ғалым ретінде Н.Келімбетов өз зерттеулерінде көне жәдігерлер тілінің дыбыстық жүйесінен бастап, лексикасына, сөйлем құрылысына, стильдік ерекшеліктеріне дейін тоқталады.

«Көне түркі жырының дыбыстық құрылысы ерекше назар аудартады» дей отырып ғалым, «Күлтегін» жырының авторы әдеби тілге дауыс ырғағы түгіл, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы әжептеуір ажар беруге болатынын сезген секілді:

Қырғыз, құрықан, отыз татар
Қытай татабы – бәрі жау еді.
Әкем қаған осынша (жауға)
Қырық жеті рет аттанды.

Ежелгі түркі поэзиясында осылайша бірыңғай дауыссыз («Q» - «K») қайталанып отыруы арқылы жырдың ішкі мәнерлілігін үдетіп арттыра түскен. Мұның өзі ежелгі түркі тілінің үндестік заңына да сәйкес келеді» деп жазады ғалым. Одан әрі ол аллитерация құбылысының кейінгі ғасырларда жазылған түркі ескерткіштерінен де көрініс тапқандығын олардың жазылуындағы хронологиялық тәртіпті сақтай отырып көрсеткен. Мәселен, «Қамбар батыр» жырында дауыссыз дыбыстардың жол басында бірыңғай қайталанып келуі жиі ұшырасады.

Қасарысқан дұшпанға,
Қайраты асқан алаштан,
Қараман ханды білмейді,
Қыз Назымға таласқан».

Сонау көне ғасырлар жәдігерлерінде көрініс тапқан осы құбылыстың XVI-XVII ғасырларда өмір сүрген қазақ жырауларының шығармаларында да бар екенін Доспамбет жырау мен Ақтамберді жырау жырларынан алынған мысалдарды талдай отырып, дәлелдейді.

Түркітанушы ғалым араб, парсы, көне шағатай, көне түркі тілдеріндегі жәдігерліктерді көп зерттеді. Солардың біразын сюжеттік мазмұнын сақтап, поэтикалық құрылымын әлсіретіп алмай, өзі де қазақ тіліне аударды. Ғылыми сипаттамаларын жазды. Әсіресе, ғалымның орыс, түрік, өзбек, әзербайжан, татар, башқұрт ғалымдарының монографиялық зерттеулерінің құндылықтарына тереңдей барып, оларды ой-пікірлеріне тұғыр ете отырып, жаңаша өзіндік ғылыми тұжырымдар жасауы қызықтырады. Мәселен, ғалым өзінің «Түркі халықтарының ежелгі әде-

би жәдігерліктері)» (240-б) атты еңбегінде: «Қадім заман данышпандары өздерінің терең пікірлерін қалың қауымға тұжырымдап жеткізу үшін мақал жүйелес сөз үлгісін пайдаланған. Бірте-бірте осы мақал тектес болып келетін сөз тіркестері шешендік толғаулардың өмірге келуіне негіз болып қаланған. Бертін келе, мазмұны мен формасы жағынан мақалға өте ұқсас болып келетін осындай шешендік сөздер жазба әдебиеттен өз көрінісін тапты», – дей келе, оған «Күлтегін» жырынан мысал келтіреді.

Ырақ ерсер, йаблақ ағы бірүр,

Йағұк ерсер, едғу ағы бірүр.

(Жырақ болса, жаман сыйлық берер,

(Жакын болса, жақсы сыйлық берер)

Бұл өлең жолдарының баяндауыш түрлері *-сер, -үр; -сер, -үр* формасында өзара жұптасып қайталанып келеді. Ал жырдағы «ырақ» (жырақ) – «йағұк» (жакын) және «йаблақ» «жаман» – «едғу» «жақсы» түрінде қайталанатын сөздер бір-біріне қарама-қайшы, яғни антонимдік жұп жасап тұр. Ғалым баяндауыштар формасының жұптастығымен қатар, антонимдік жұптардың жасалуына назар аудартады. Одан әрі ғалым осы көне ғасырлар үлгілерінің, орта ғасырлардағы түрік тіліндегі шығармалардан көрініс табуын, нақты мысалдар арқылы дәлелдейді. «ХІ ғасырда Махмұд Қашқари жазып алған «Түйе сілкінесе, Есекке жүк шығар», «Атасы ащы алма жесе, Ұлының тісі қамар» сынды мақал-мәтелдерде де бол-са және бол-ар жұптасып тұрады» деп көрсетеді.

Зерттеуші ауызекі сөйлеу тілінде жүздеген жылдардың жемісі ретінде әбден қалыптасқан үлгі-формалар болатындығын айтады. Және де бұл формалардың шешендік сөздерді жасауға тілдік-стильдік мүмкіндік тудыратындығын нақты мысалдармен дәлелдейді. Көне мақал-мәтелдердің баяндауыш формаларының тұрақты болатынын айта келіп, олардың сөйлем құрылысына қатысты ерекшеліктерін ашып көрсетеді. «Мұндай мақал-мәтелдер құрмалас сөйлем түрінде қалыптасқан болса, онда мақалдағы жай сөйлем баяндауыштары шартты түрде өзара жұптасып, егіз болып тұрады. Сонымен, көне мақал-мәтелдер бұрыннан қалыптасқан модель-формадағы тұрақтылық, шектеулілік, шарттылық қасиеттеріне ие болады» – деп ғалым олардың құрылымдық синтаксистік ерекшеліктерін аша түседі.

Бабалар тілі ғасырлар бойы табиғи дамып, тармақтану барысында олардың арасындағы ішкі байланыстың, көне, орта ғасырлар ескерткіштерінің тіліндегі сақталған сабақтастықтың үзіліп қалмай бүгінге дейін жалғасып келе жатқандығын, ежелгі тілдік модельдердің қазіргі қазақ тілінен де көрініс тапқандығын, тілдік деректерді алға тарту арқылы сатылап, жүйелі түрде көрсетуі – түркітанушы ғалымның ұзақ ізденісінің нәтижесі. Ол мақалдардың тілдік моделге айналуының өзіндік ішкі заңдылығы бар деп санайды. «VIII – XII ғасырлардың жазба жәдігер-

ліктеріне тән осы тілдік-стильдік, модельдік ішкі заңдылық бергін келе, XV-XIX ғасырлар қазақ ақын-жырауларының поэзиясындағы дидактикалық-шешендік жыр толғауларға да тән қасиет болып шықты» дей келіп, ғалым осы тұжырымын Шалкиіз, Ақтамберді және Бұқар жырау толғауларынан мысалдар келтіру арқылы дәлелдейді. Мәселен, «Көлді тастап қырға ұшса, О дағы бір тарланға жолығар!» (Шалкиіз), «Қара бұлт торласа, Пәлекет елде көбейер (Ақтамберді)», «Қара арғымақ арыса, Қарға адым жер мұң болар» (Бұқар) деген сынды бірнеше мысалдар береді.

Бұл көрсетілген дерктерге күмән келтіру қиын. Ғалым тұжырымдары осындай нақты мысалдарға негізделіп жасалып отырады. Жасаған тұжырымдарына сіз де иланасыз, өзі де сенімді. «Біз ежелгі түркі дәуірінен жеткен көркем сөз үлгілері мен қазақ ақын-жыраулары поэзиясы арасындағы мазмұндық, тілдік-стильдік, модельдік бірлікті ашып көрсеттік» деп жазады ғалым.

«Құтты білік» дастаны түркі тіліндегі жазба әдебиет әлі бай тәжірибе жинай қоймаған дәуірде жазылды. Әрине, бұл кезде Жүсіп Баласағұнға өз шығармасын араб яки парсы тілінде жазу әлдеқайда жеңіл болар еді. Өйткені осы кезде араб-парсы тіліндегі Шығыстың классикалық әдебиеті мейілінше дамып, көркем образдар жасаудың ғажайып үлгілерін көрсетіп жатты. Оның үстіне, «Құтты біліктің» авторы араб және парсы тілдерін ғана емес, бұл тілдерде жазылған поэзиялық, прозалық туындыларымен жан-жақты таныс болды. Алайда, Жүсіп Баласағұн араб-парсы поэзиясының дәстүрінен бас тартты. Ол өзінің ана тілінде, яғни түркі тілінде күрделі, көркем шығарма жазып, өзінше тың соқпақ жол салып, жаңа дәстүр тудырды» – деп жазады ғалым.

Түркітанушы ғалым Жүсіп Баласағұнның түркі тілінде күрделі көркем шығарма жазып, жаңа дәстүрдің негізін қалаған ғұлама екендігін айту арқылы, бүгінгі зиялы қауымға үлкен ой тастап отыр. «Құтты білік» авторының сол дәуірде кең тараған тілдерден, «араб-парсы поэзиясының дәстүрінен бас тартқандығын» атап көрсетеді. Оның араб, парсы тілдерін жетік біле тұрып, шығармаларын өз ана тілінде жазған тың бастамасын үлгі етеді. Әрине, қазіргі қазақ поэзиясы негізінен өз тілімізде жазылып, дамып жатқандығы орынды. Ал мемлекеттік мәртебеге ие қазақ тілінің бүгінгі ғылымның көптеген салаларындағы қолданыс жағдайы мәз емес. Бірқатар қоғамдық ғылымдарда болмаса, жаратылыстану мен техника ғылымдары саласында қазақша жазылатын ғылыми зерттеулер, диссертациялардың үлес салмағы өте төмен. Бұл салаларда өзге тілден бас тартып, өз тіліміздің өрісін кеңейтетін Баласағұндай ғұлама бабаларымыздың дәстүрін жалғастыратын ғалымдар қатары көп болмай отыр.

Жоғарыда келтірілген деректердің Н.Келімбетов түркі тіліндегі әдеби жәдігерліктерді зерттеу кезінде салыстыру арқылы үнемі олардың тілдік ерекшеліктерін айқындап отыратынын көрсетеді. Ондай салыстырулар



негізінде жасалған тұжырымдарды ғалымның әр жәдігерлік жөнінде жазғандарынан кездестіруге болады. Мәселен, зерттеуші «Ақиқат сыйы» шығармасының тілі туралы былай деп жазады: «Ақиқат сыйы» дастанының тілін өзінен екі жүз жылдай бұрын жазылған «Құтты білік» тілімен салыстырғанда кейбір ерекшеліктері бар. Әсіресе, «Ақиқат сыйының» лексикасы мен грамматикасында архаизм элементтері басым. Әйтсе де ақын архаизмді стилистік норма ретінде емес, яғни дастанды көркемдеу үшін емес, қайта көне түркі тілінің сол кез үшін әрі түсінікті, әрі ажарлы сөздері арқылы өз ойын түркітілдес тайпаларға анығырақ етіп жеткізу үшін пайдаланған. Бүгінгі оқушыға архаизм болып көрінетін кейбір лексикалық элементтер Ахмет Йүгінеки заманында енді ғана әдеби тілдің нормасына айналып келе жатқан сөздер екенін ұмытпағанымыз жөн».

Ғалым осы бір тұжырымы арқылы түркі тілінің әр дәуірдегі сипатын көрсетіп, сөздік құрамы мен оның сол кезеңдегі даму, қалыптасу жай-күйінен де мол хабардар екендігін анық аңғартады. Әйтпесе, бүгінгі тілдегі архаизм сөздердің Ахмет Йүгінеки заманында енді ғана әдеби тілдің нормасына айналып келе жатқан жаңа сөздер болғанын сенімді түрде жазбаған болар еді.

Ол қаламгер ретінде де өзінің басқа көркем шығармаларында да жалпыадамзаттық құндылықтарды әңгімеге арқау ете отырып, тілмен бірге өзіміздің ұлттық дәстүрлерімізді сақтап, бағалауға шақырды. Ғалым-жазушы ана тіліміздің бүгінгі көкейкесті мәселелерін де қоғам алдына шығарып, өзінің азаматтық толғамды ой-пікірлерін ашық айтты. Мемлекеттік тілдің түрлі мәселелерін тәуелсіздік тұсында да қаламына арқау етті. Оның мұндай азаматтық ұстанымының негізі берік әрі тереңнен бастау алып жатқанын жазған еңбектерінен анық аңғаруға болады. Әдебиетіміз бен тіліміздің сан ғасырлық даму тарихын, өзіндік ерекшеліктерін, тілдің қоғамдағы, ұлт өміріндегі алатын орнын, танымдық сипатын ғылыми тұрғыдан зерделеп, іргелі зерттеулер жүргізген ғалымның, ұлт зиялысының пайымы басқаша болуы да мүмкін емес еді. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктерін зерттеуге саналы ғұмырын арнаған ғалым түркілік рухты бойына сіңіріп, тіл қасиетін терең сезінумен бірге, оның бірнеше ғасырлық даму барысындағы сабақтастық сырын әдеби-тілдік талдаулары негізінде жасалған ғылыми тұжырымдары арқылы аша білді.

«Айқын»,

№ 58 (1969). 2012 жыл, 31 наурыз.



Қазақ тілінің қазыналы сарайындағы мол байлығын, оның өзіндік табиғатын әр қырынан зерттеген зерделі зерттеушілеріміз, кәсіби тілші ғалымдарымыз аз емес. Солардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Байынқол Қалиұлы. Ол қазақ тіл білімінің лексикология, лексикография, фонетика, тіл мәдениеті, орфография, терминология, этнолингвистика сияқты салаларында өнімді еңбек етіп келе жатқан белгілі тілші ғалым.

ҚазМУ-дың филология факультетін (1963), аспирантурасын (1966) аяқтаған Байынқол Қалиұлы өзінің еңбек жолын 1967 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері болып бастап, одан кейін осы институтта аға ғылыми қызметкер, жетекші ғылыми қызметкер, бөлім меңгерушісі болып 1995 жылға дейін табан аудармай 28 жыл қызмет етті. Оның ғалым ретінде қалыптасуы, өсуі мен кемелденуі қазақ тіл білімінің қара шаңырағы болып саналған осы институтпен тікелей байланысты. Ол 1967 жылы «Қазақ және қарақалпақ тілдеріндегі қысаң дауысты дыбыстардың редукциясы» деген тақырыпта кандидаттық, ал 1991 жылы «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Тақырыптарынан көрініп тұрғандай, оның диссертациялық зерттеулерінің бірі фонетика, ал екіншісі лексика мәселелерін қарастыруға арналған. Бұдан ғалымның қазақ тілі дыбыстарының табиғаты мен лексикалық жүйесін де жақсы білетін, тіл білімінің түрлі салаларын зерттеуге атсалысқан кең ауқымды тілші ғалым екендігін аңғаруға болады.

Біз әдетте ана тіліміздің сөз байлығын мақтанышпен айтып жатамыз. Тіліміздің осындай мол қазынасын жинақтап, хатқа түсіріп, халыққа ұсынған құнды еңбек қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігі. Осы аса көлемді сөздікті жасауға ерекше еңбек сіңіріп, көп тер төккен тіл мамандарының бірі Байынқол Қалиұлы. Ол он бес жылға жуық үздіксіз жұмыс нәтижесінде жарық көрген он томдықты жасауға бастан аяқ қатысып, құрастырушы негізгі авторларының бірі болуымен қатар, 7 томының жауапты редакторы болды. Оның осы еңбектің жарық көруіне сіңірген қажырлы еңбегі мен табандылығын, редактор ретіндегі талапшылдығы мен асқан ұқыптылығын өзімен қызметтес болған тілші ғалымдардың кейінгі буынға өнеге етіп айтқанын талай естідік. Өзге әріптестерімен қатар, түсіндірме сөздік жасаудағы ғалымның да ұзақ жылдар бойғы көз майын тауысып, күш-жігерін жұмсаған тынымсыз еңбегі еленіп, оған 1988 жылы «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты» атағы берілді.

Қазақ тіл білімінің тарихындағы бүгінге дейін жарық көрген ең көлемді сөздікті жасауға қатыса отырып, ол үлкен тәжірибе жинақта-





ды, филологиялық сөздік жасаудың қыр-сырын терең меңгерді. Лексикография теориясына қатысты еңбектерді оқумен ғана шектелмей, сөздікші-практик жұмысын да тікелей атқара отырып, ол нағыз лексикограф ғалым ретінде қалыптасты. Қазақ сөзінің мағынасына үңіле жүріп, сөздің сырын сезініп, тілдің табиғатын түсіне алатын лексиколог тілші ретінде өсіп жетілді. Одан кейінгі жылдары ғалым жинақтаған тәжірибесі мен білімін іс жүзінде пайдалана отырып, бірқатар құнды еңбектер жариялады. Олардың арасынан автордың 1988 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары» атты монографиясын айрықша атаған абзал. Мыңғырған мал өргізіп, дархан даланы еркін жайлап, көшпелі өмір салтын кешкен қазақ халқының тілінде өсімдіктер дүниесі ерекше орын алған. Алайда тіліміздің осы мол лексикалық байлығы жинақталып, жүйеленбей келген еді. Тілші ғалым Қазақстанның көптеген аймақтарына экспедицияға шығып, түрлі басылымдар мен кітаптарды ақтара жүріп, 40 жылдай үздіксіз еңбек нәтижесінде 4,5 мыңға жуық қазақ тіліндегі өсімдіктердің атауларын жинақтады. Оларды арнайы зерттеп, лингвистикалық тұрғыдан талдап, жүйелеп докторлық диссертация қорғады. Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының орысша-қазақша сөздігін жариялады. Мұны Б.Қалиұлының тіліміздің лексикалық қорын байытып, өсімдік атауларын лексика-семантикалық тұрғыдан зерттеуге қосқан елеулі еңбегі, қомақты үлесі деп бағалаған жөн.

Ғалым тәжірибелі лексикограф ретінде түсіндірме сөздіктен өзге қазақ тілінің орфографиялық сөздігін жасауға қатысқан, көптеген аударма және терминологиялық сөздіктер жариялаған автор.

Байыңқол Қалиұлы кейінгі 90-жылдардан бергі он бес жылдан астам уақыт көлемінде қазақ терминологиясының ғылыми-теориялық және қолданбалы мәселелерін шешуге белсене араласқан тілші ғалымдардың бірі. Ол 1991-1995 жылдары А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының терминология бөлімін басқарды. 1991-1997 жылдары Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының хатшысы болды. Қазір де осы комиссияның мүшесі. Ғалымның қазақ терминологиясын ұлт тілі негізінде қалыптастыру бағытын орнықтыру қажеттігін өз тарапынан табанды түрде дәлелдеп келе жатқандығын айту керек. Тіл маманының термин жайын сөз еткен көптеген ғылыми және ғылыми-көпшілік мақалалары жарық көрді. Осы мақалаларының көпшілігінде ғалым кірме терминдерді жазу, аудару, қазақтың төл терминдерін жасау мәселелеріне айрықша тоқталып отырады.

Ұстаз тәрбиесін көріп, өзі шәкірт бола білген жан ғана жақсы ғалым, өнегелі ұстаз бола алмақ. Бұл тұрғыдан келгенде Б.Қалиұлы университетте тілші ғалымдар І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ы.Маманов, О.Төлегенов, К.Аханов әдебиетшілер М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Т.Нұртазин,





З.Қабдолов, Х.Сүйіншәлиев сынды белгілі ғалымдардан сабақ алған, ұстаз көрген шәкірт. Ол осы аталған қазақ тілі мен әдебиетінің көрнекті тұлғаларының дәрісін тыңдау құрметіне ие болған ұрпақтың өкілі. Соңғы курста ол М.Балақаевтың жетекшілігімен диплом жұмысын қорғаса, одан 3-4 жылдан кейін академик І.Кеңесбаевтың ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертация қорғаған. Университетте оқып жүрген кезінен бастап оған ақыл-кеңесін беріп, ғылымға жол сілтеген, ҚазМУ-дың аспирантурасына қалуына себепкер болған ұстазы қазақ тіл білімі марқасқаларының бірі Кәкен Аханов болыпты. Ұстазының кісілік келбеті, ағалық қамқорлығы жөнінде Байынқол Қалиұлы өзінің «Өткен өмір елестері» атты естелік кітабында шынайы да әсерлі жазыпты. Ұстазының жас талапкер кезінде жасаған жақсылығын шәкірті ұзақ жылдар бойы ұмытпай жүрек түкпірінде сақтап, қырық жылдан астам уақыттан кейін ескірмеген естелік түрінде жария етуі – адамшылық белгісі. Адам жақсылықты біреуге қайтарымын күтіп, есеппен жасамайды. «Жақсылыққа жақсылық – әр адамның ісі» деп те, керісінше, «Жақсылық тез ұмытылады» деп те жатамыз. Осы екеуі де адам бойынан кездесетін қасиеттер. Байынқол аға жақсылыққа жақсылықпен жауап беретін, адамның жасаған жақсылығын біліп, қашанда ұмытпай жүретін жандар санатынан.

Жақсылардың өнегесін көріп, шәкірт бола білген, ұстаз да бола алады. Қазақ тіл білімінің белгілі тұлғаларының тікелей шәкірті болып, олардан тәлім алған Байынқол Қалиұлының өзі де талай шәкірттер тәрбиеледі. Алдыңғы толқын ағалар дәстүрін жалғастырды. Кейінгі он шақты жылдай уақытта ол Абылай хан атындағы Әлем тілдері университетінің қазақ және шығыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі қызметін атқара жүріп, филология факультетінің студенттеріне дәріс оқыды. Диплом жұмыстарына жетекшілік етіп, филолог мамандар тәрбиелеу ісіне өзіндік үлес қосты. Республикаға танымал жетекші тілші ғалым ретінде ол ғылыми кадрлар даярлауға да үлкен мән берді. Оның ғылыми жетекшілігімен екі ғылым докторы, он тоғыз ғылым кандидаты диссертация қорғады. Олар Қазақстан жоғары оқу орындары мен түрлі ғылыми мекемелерде еңбек етіп жүр. Сол жиырмадан астам ғылыми кадрлардың арасында осы жолдардың авторы біз де бармыз. Ғалым жетекшілігімен диссертация қорғаған (1994 жылы) алғашқы шәкірті болғандықтан, ұстазым мені ғылымдағы тұңғыш баласындай жақын көрді. Білімі мен тәжірибесін бөлісті, ғалым үшін алтыннан да қымбат уақытын аямай, ғылыми жұмысты жүргізудің әліппесін, зерттеу тәсілдерін үйретті, ақыл-кеңесін айтты. Бұл жағынан мен жолы болған шәкіртпін. Ол адамға үміт артып, сенім білдірумен қатар, қатаң талап та қоя білетін ұстаз. Менің есімнен Байынқол ағай басқаратын бөлімде жұмыс істеп бастаған алғашқы күндер еш кетпейді. Біз 1991 жылы ҚазМУ-ды бітіріп, бір топта бірге оқыған курстас досым Б.Қапалбеков





екеуіміз университеттің бір жолдамасымен жас маман ретінде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына жіберіліп, кіші ғылыми қызметкер болып жұмысқа қабылдандық. Курстасым университетте бізге құрмалас сөйлем синтаксисінен дәріс оқыған өзімізге жақсы таныс ағайымыз марқұм Қ.Есенов басқаратын грамматика бөлімінде, мен Б.Қалиұлы басқаратын терминология және аударма теориясы бөлімінде жұмыс істейтін болдым. Бөлімде алты адам қызмет істейміз. Бөлім бастығы жұмысқа дәл уақытында келіп, дәл сағат алтыда кетеді. Жұмысқа кіріскеннен түскі үзіліске дейін бір тапжылмай жұмыс істейді. Түстен кейін де солай. Жазады, оқиды. Сәл ойланып отырады да, тағы да оқиды, тағы жазады. Кейде жұмыс күні аяқталғанша бір монографияны оқып тастап, келесі күні өзгесін бастап кетеді. Бөлмеде шыбынның ызыңы ғана естіледі. Жиналыс өткізсе, қысқа да нұсқа сөйлеп, нақты тапсырма береді. Тапсырманың орындалу уақытын міндетті түрде белгілейді және сол мерзімде талап етеді. Жұмыс кезінде артық жүріс-тұрыс, артық әңгіме деген жоқ. Қыздар телефонмен жиі сөйлесе берсе, бастығымызға ұнамайды. Ескерту алады. Үстелінің үсті мен суырмаларындағы тәртіпті көрсеңіз, таң қаласыз. Әр қағаздың, қалам мен қарындаштың, тіпті өшіргіш пен кішкентай қағаз қыстырғыштың өз орны бар. Несін айтасыз, біздің терминология бөлімі ұқыптылық пен тәртіптің, тыныштықтың ұясы іспетті. Басқа бөлімдерде дәл біздегідей қатаң тәртіп байқалмайды. Кіріп-шығып, басқа бөлімдерге барып, әріптестермен дәлізде әңгімелесіп жүргендерді де көресіз. Түскі үзілісте курстасым екеуіміз алғашқы жұмыс күндерінің әсерлерін бөлісіп, әңгімелесеміз. Ол да біздің бөлімнің айрықша тәртібіне таң қалады. Ағайымыз ғылыми кеңес мәжілісіне, жиналысқа шыға қалса, қыздар бас көтермей отырған қағаздарын қоя салып, бірі телефонға жүгірсе, екіншісі әңгіме бастайды. Олар көп жыл еңбек еткен тәжірибелі мамандар ретінде бөлімнің ең жас, ең тәжірибесіз қызметкері маған ақылдарын айтады. Меңгеруші жоқта көп талқыланатын мәселе – «біздің бөлімнің тәртібі». Университетті жаңа бітіріп, кешегі алаңсыз студенттік өмір ағымынан әлі алыстай қоймаған маған бірден мұндай тәртіп пен ұқыптылыққа көндігу, күні бойы тырп етпей отырып жұмыс істеу оңай болмады. Еркін, көшпелі өмір салтын бір күнде отырықшылыққа ауыстырғандай күй кештім. Өкпем қысылып, тәртіпке бірден үйренісе алмай жүрдім. Бөлім меңгерушісі алғаш танысып, жұмысқа қабылдағанда-ақ «ғылыми мекемеде жұмыс істеп, ғылымда бір нәрсе бітірем деген ойың болса, басынан өзіңді тәртіпке бағындырасың, олай істей алмасаң, өзіңнің де елдің де басын қатырушы болма» деп ашып айтқан. Еш ойланбастан-ақ, «оған алаң болмаңыз» дегенбіз. Енді байқаймын, ол алғашқы қарқынмен, мәселенің мәніне терең бойламай айтыла салған сөз екен. Еңбек тәртібі мен «отырықшылыққа» үйрену оңай емес екенін енді сезіне бастадық. Осыны байқаған бөлім меңге-



рушісі бірде әңгіме арасында «Ғалым болам деген адамға қабілеттілік, үнемі ізденіс үстінде жүру, еңбекқорлық сияқты қасиеттермен қоса, бір орнында тапжылмай сағаттап отыра білуге де үйрену керек» деді. Сөйтіп, бірте-бірте тәртіпке де, күні бойы тапжылмай отырып жұмыс істеуге де үйрене бастадық. «Қалиұлының қатаң тәртібі» біздің ғылыми қызметкер ретінде қалыптасуымызға алғашқы күннен, бастан жасалған тәрбие мектебі болғанын біз уақыт өте келе кейінірек түсіндік.

Біраз уақыт бірге қызмет ете жүріп оның өзгеден талап етпес бұрын, ең алдымен өзіне қатаң талап қоя білетіндігін, ерекше еңбекқорлығын, әділеттілік пен адалдық сияқты бойында ана сүгімен дарыған адамгершілік қасиеті мол жан екенін көріп-біліп, оған деген шынайы құрмет сезімі пайда болды. Сондай-ақ ол аса қарапайымдылығымен, кішпейілділігімен, кезегі келгенде тура айтып туғанына да жақпай қалатын турашылдығымен де ерекшеленетін жан.

Адам өзінің өмір жолында талай адамдармен дәмдес-тұздас, қызметтес, әріптес болып жатады. Бір-бірімізден үйренеміз, тәжірибе бөлісеміз. Біз ғылымдағы еңбек жолымызды Б.Қалиұлы сынды өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын, кәсіби деңгейі жоғары, білікті тіл мамандары еңбек еткен ұжымдағы ол басқаратын бөлімнен бастап, одан ғылыми шығармашылықтың қыр-сырын көп үйрену мүмкіндігіне ие болғанымызға бек ризамыз. Байынқол Қалиұлын бізден де көбірек білетін, онымен бірге оқыған, ұзақ жылдар бірге қызмет істеген әріптестерінің, ғалым ағаларының, сырлас-сыйлас қатар құрбыларының бар екенін жақсы білеміз. Ал біз ғалымның жетекшілігімен ғылым жолына қадам басқан әрі қасында аз-кем жүріп, оны ғалым-ұстаз, ұлтжанды азамат, ет пен сүйектен жаралған адам ретінде біршама білетін шәкірттерінің бірі болғандықтан, бүгінгідей мерейлі күнінде жүрекжарды шағын пікірімізді білдіргенді парыз санадық.

Адам тегіне тартып туады. Ата-анасының, ұстаздарының тәрбиесін көреді. Өскен ортасынан, айналасындағылардан үйренеді, туған жерінің ауасын жұтып, суын ішіп бойына нәр алады, күш-қуат жинайды. Мен Байынқол ағаның ата-анасын көрген жоқпын. Бір-екі рет көргенде жақсы әсер қалдырғаны болмаса, ағасы мен інісін де көп білем деп айта алмаймын. Бір білетінім ол өте бауырмал. Ағасы мен інісін ерекше жақсы көреді. Тіл білімі институтында жұмыс істеп жүргенде жылда 9 мамыр сайын інісі Дүйсебек екеуі Алматыдан 300 шақырымдай қашықтықтағы ауылдағы Дүйсенбай ағасын құттықтап барып, мерекені сонда бірге қарсы алатын дәстүрлері болды. Ал Бәкеннің туған жері, өскен ауылы көркіне көз тоймайтын табиғаты тамаша жер. Ол аспан таулар аясында көк-жасыл түсі көздің жауын алып тұрған Қазақстанның інжу-маржаны саналатын Көлсайдай көрікті мекеннің іргесіндегі Саты деген шағын ауылда туып өскен. «Адамды танымын десең, өскен жерін, су ішкен құ-



дығын көр» деген сөз бар екені белгілі. Ендеше, ол таулары асқақ та тәккаппар, суы кәусар, ауасы таза, табиғаты көз тартар сұлу өлкенің ұланы. Оның бойындағы жан тазалығы, өз кәсібінің биігіне шығу жолындағы қажырлылығы мен мақсаткерлігі сияқты адамдық жақсы қасиеттердің бірқатары туған топырағынан дарығаны даусыз.

Еткен еңбек, төккен тердің еленгеніне не жетсін. Ол адамды қанаттандырады, жігерлендіреді әрі сенім артып, жаңа міндеттер жүктейді. Бұл тұрғыдан қарағанда, ғалым-ұстаздың Қазақстан ғылымы мен білім беру ісіне сіңірген ұзақ жылдар бойғы еңбегі еленбей қалған жоқ. Мемлекеттік сыйлықпен қатар ол «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен, «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының грамоталарымен марапатталды. Байынқол Қалиұлының «-Са/се тұлғалы етістіктердің мағыналары мен қызметі» атты алғашқы мақаласы университеттің екінші курсына оқып жүргенде 1960 жылы жарық көрген екен. Содан бері ол елу жылдай уақыт қазақ тілінің түрлі мәселелерін үздіксіз зерттеп келеді. Көптеген монографиялар, оқулықтар, сөздіктер мен мақалалар, барлығы 500 баспа табақтай еңбек жариялапты. Туған тілінің қасиетін ұғынып, қазақ тіл біліміне жарты ғасыр тынымсыз қызмет ете жүріп ол бүгін жетпістің биігін бағындырып отыр. Ғалым мерейі үстем болсын!

*«Егемен Қазақстан»,
– 2009 жыл, 17 қаңтар.*

Тіл білімінің тарланы

Егемен ел, тәуелсіз мемлекет болып, еңсеміз көтеріліп отырған кезде осы жолда ересен еңбек етіп, халқымыздың мәдениеті мен ғылымын дамытуға өлшеусіз зор үлес қосқан тұлғаларды, біртуар азаматтарды ерекше атаған жөн. Солардың бірі әрі бірегейі – академик Шора Шамғалиұлы Сарыбаев.

Шөкең осыдан 85 жыл бұрын Ташкент қаласында әйгілі ағартушы, айтулы әдіскер-ғалым, мындаған шәкірт тәрбиелеп шығарған ұлағатты ұстаз Шамғали Харесұлының отбасында дүниеге келген еді. Өз перзентін жас кезінен-ақ ұқыптылыққа, жауапкершілікке, адамгершілікке баулыған тәлімгер әке оны Алматыдағы жалғыз қазақ мектебіне – №12 мектепке оқуға береді. Жас талапкер 1945 жылы мектепті тәмәмдағаннан кейін Қазақтың мемлекеттік университетіне оқуға түседі. Онда әйгілі ұстаздар – М.Әуезов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Б.Кенжебаев сынды білімпаздардан дәріс алған талапты жас университетті үздік бітіріп, аспирантураға қабылданады. Осы кезден бастап ол ғылыми-зерттеу жұмысына біржола зе-





йін қояды. Үлкен ғылым жолына түсуді мақсат етіп, Ғылым академиясына жұмысқа орналасады. Міне, сол уақыттан бастап ол жарты ғасырдан астам уақыт ҚР ҰҒА А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жемісті еңбек етіп, өзінен соңғы жастарға үлгі-өнеге көрсетіп келді.

Ш.Сарыбаевтың жазған еңбектеріне көз жүгіртсек, ол қалам тартпаған тіл білімінің саласы кемде-кем: этимология, тіл тарихы, фонетика, әліпби, емле, текстология, т.т. Шөкеңнің қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясын, лексикологиясы мен лексикографиясын, терминологиясы мен грамматикасын зерттеуге қосқан үлесі, атқарып келе жатқан қызметі ұланғайыр. Ғалымның шығармашылық әлемінің ауқымы кең, сан қырлы. Оның еңбектері бір ғылым саласының немесе жалғыз қазақ тіл білімінің аясына сыйған емес. Ізденіс алаңы, ғылыми өрісі түркітану шеңберінен де асып, жалпы алтаистиканың өзекті мәселелерін қамтиды. Шөкеңнің еңбектері отандық баспа орындарынан өзгеше «Вопросы языкознания», «Советская тюркология», «Народы Азии и Африки», «Советское востоковедение» тәрізді одақтық ғылыми журналдар беттерінде, шетелдік беделді түркітанымдық, алтаистикалық басылымдарда жиі жарияланып отырады.

Ғалымның еңбегінде терминология мәселесі назардан тыс қалған емес. Бұл жайында бұқаралық ақпарат тіліндегі жаңа қолданыстар, спорт терминдері, қазақ әдеби тіліндегі дублеттік варианттарды бір ізге келтіру жөнінде жазған мақалаларын атауға болады.

Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді зерттеуді сонау 1950 жылдардан бастаған Шөкең қазақ диалектологиясының дамуына өзге ғалымдармен салыстыруға келмейтіндей зор еңбек сіңірді. Оның қазақ диалектологиясындағы орны өзгелерден ерекше.

Ш.Сарыбаев тәжірибелік лексикография мәселелерімен де ұзақ жылдар бойы айналысып келе жатқан танымал ғалым. Бұл тұрғыдан ең алдымен қазақ тілінің тұңғыш диалектологиялық сөздігін (1969) атау қажет. Ғалымның құрастыруымен, әрі жауапты редакторлығымен диалектологиялық сөздіктің жаңартылған, толықтырылған екі томының 1996, 2001 ж.ж. баспадан шыққаны көпке мәлім. Өзі басшылық етіп, әрі авторлардың бірі ретінде жазып, баспаға дайындап, көлемі 80 баспа табақтық «Қазақ тілінің аймақтық сөздігін» шығарды.

Ш. Сарыбаев өнегелі ұстаз ретінде ұзақ жылдар бойы жоғары оқу орындарында дәріс оқып, студенттерге арнап оқулықтар мен оқу құралдарын жазған ғалым. «Қазақ диалектологиясы» оқулығы (проф. Ғ.Қалиевпен бірлесіп) осы саладағы ең алғашқы және бірден-бір сәтті жазылған оқулықтың бірі болып табылады. Ғалым бұдан басқа «Қазақ диалектологиясы» бойынша практикалық оқу құралын, «Қазақ тіліндегі аймақтық лексика», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» бойынша көмекші құралдар жазып, ұзақ жылдардан бері жоғары оқу орындарының салалық





ғылыми әдебиетке қатысты сұранысын, қажетін өтеп келеді. Грамматика демекші, ғалымның жас кездегі ғылыми зерттемелерінің көпшілігі осы тақырыпқа арналып жазылған. 1950-60 жылдары оның «Қазақ тіліндегі одағайлар», «Еліктеуіш сөздер» атты еңбектері жарыққа шықты. Авторлар құрамында қатысқан «Қазіргі қазақ тілі» және «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулықтары жазылды.

Қазақ тілінің ғылыми тұрғыдан зерттеле бастағанына екі ғасырдан астам уақыт өткен екен. Осы мерзім ішіндегі қазақ тіл білімінің тарихын білімпаздықпен зерделеген біртуар ғалымның бірі Шора Шамғалиұлы Сарыбаев екендігі еліміздегі зиялы қауымға аян. Қазақ тілінің библиографиялық көрсеткіші оның есімімен тығыз байланысты.

Шөкең ұзақ жылдар бойы көз майын тауысып, күн сайын шығып отырған үлкенді-кішілі еңбектерді қадағалап, хаттап, оларды әліпбилік, хронологиялық, тақырыптық, салалық тәртіпке түсіріп отырумен, бұрын-соңды қазақ тілі тарихында болмаған тың жұмыс түрімен айналысты. Осы бір айтуға оңай көрінгенмен, аса мұқият болуды, ыждаһаттылықты, асқан жауапкершілікті талап ететін істі абыроймен орындап шықты. Қазақ тіл білімі бойынша жазылған еңбектерді жинақтап, бірқатар еңбектерге түсініктеме жазып, ғылыми жүйеге түсіре отырып, «Қазақ тіл білімінің библиографиялық көрсеткіші» деген атпен 6 том еңбек даярлап, қазақ тіл білімінің тарихын зерделеуге аса зор үлес қосты. Бұл тіл білімімен шұғылданып жүрген ғалымдар үшін таптырмайтын құрал болды.

Ол үшін ғылыми жұртшылықтың айтар алғысы мол.

Ғалымдардың еңбектерінің бір парасы – ғылымды насихаттау, қол жеткен нәтижелерді ғылыми конференциялар мен халықаралық жиындарда баяндау болса, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері Ш.Сарыбаев та бұл салада кенде емес. Ол Венгрия, Болгария, АҚШ, т.б. елдердегі ғалымдармен шығармашылық байланыста болумен қатар, Германияда (1975 ж.), Түркияда (1994 ж.) өткен халықаралық конгресс, мәслихаттарда қазақ тілі проблемаларынан баяндама жасады. Ал республикалық және бұрынғы одақтық конференцияларға қатысып, маңызды да қажетті мәселелер жайлы жасаған баяндамаларының саны да аз емес. Әсіресе оның Бүкілодақтық түркологиялық конференцияларды (1973 ж.), Бүкілодақтық түркологиялық конференцияларды (1976 ж.) өткізуде ғалым-хатшы ретіндегі атқарған ұйымдастыру қызметі де кезінде ерекше бағаланды.

Ғалымның қоғамдық негізде атқарып жүрген жұмыстары да оның білімдарлығы мен ұйымдастыру қабілетін танытты. Ш.Сарыбаев Мәскеу, Қазан, Алматы, Ашхабад, Бішкек, Нальчик, Ош, т.б. қалаларда және Түркияда өткізілген симпозиумдар мен конференцияларға қатысып, «Диалектілік сөздіктерді құрастыру», «Диалектілік лексикографияның талас мәсе-





лелері», «Тіл мәдениеті мен жергілікті ерекшеліктер», «Әдеби-сөйлеу тілі сөздігі», «Диалектілік терминология», «Түркі тілдерінің аймақтық лексикографиясы» тәрізді алуан түрлі тақырыптарда баяндама жасады.

Ғалым ұзақ жылдар бойы филология саласындағы үйлестіру орталығының басшысы ретінде ізденушілер мен аспиранттарға тақырып таңдау ісінде ақыл-кеңес беріп отырды. Осы жұмыстың нәтижесінде елімізде жүргізілген зерттеулерде қайталаушылық, тақырып ұқсастығы болған емес.

Шора Шамғалиұлының бойынан табылатын тамаша қасиеттердің ішіндегі ең бастысы – әділеттілік, адалдық деп ойлаймыз. Ғалым қандай іспен айналысса да, оны адал атқарып шығады. Оның жасаған жұмысында жарым-жартылай істелген дүниелер кездеспейді. Бұл оның кәсібіне, істеген ісіне деген адалдығы жайында айтылып отырған әңгіме. Ғалымның өзіне азғантай болса да жақсылық жасаған адамдарға деген адалдығы, риясыз көңілі тіпті таңқаларлық, ғажап құбылыс.

Шөкеңнің адамаралық қатынастағы тұрақтылығы ерекше құрметтеуге тұрарлық қасиет. Бұл кісі – өмірлік дос, жан жолдас бола алатын, ініге жақсы аға бола алатын адам. Қандай жағдай болса да айнымайтын, жолдасын сатпайтын, қиын-қыстау жағдайда шын көңілден көмек бере алатын адам.

Үстіміздегі жылы үлкен ғылыми-шығармашылық, ұстаздық жолында келе жатқан жақсы ағамыз – академик Шора Шамғалиұлы Сарыбаев өзінің сексен бесінші көктемін қарсы алып отыр. Ғалымды әріптестері мен қаламдастары, шәкірттері атынан құттықтай отырып, өмірдің бар жақсылығын тілейміз.

*филология ғылымдарының докторы, профессор
Мырзаберген Малбақұлымен авторлық бірлікте*

*«Алматы ақшамы» газеті.
6 наурыз, 2010 жыл.
– № 28-29 (4274).*

Түркі мәдениетінің этнолингвистикалық тұрғыдан зерттелуі

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бергі жылдарда ғаламның батыстық үлгісіндегі жаһандану-процесіне қарсы тұрып, тілімізді, ділімізді, ұлттық төлтума болмысымызды сақтап қалудың айрықша мәнін түсінуге көмектесетін ұлттық сананың жаңғыруы негізінде ұлтымыздың тарихы мен рухани-мәдени құндылықтарына байланысты баспа беттерінде ғылыми-танымдық мақалалар мен көлемді зерттеу еңбектері жарияланып



келеді. Сондай еңбектердің қатарына белгілі тілші-ғалым, мәдениеттанушы Ә.Ахметовтің «Түбі түркі өркениет» деп аталатын екі зерттеу еңбегінен тұратын кітабын қосуға болады.

Филология ғылымдарының докторы, профессор, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», «Қазақстан Республикасы білім саласының үздігі», аудармашы, қоғам мен мемлекет қайраткері, дипломат, 2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, жүзге жуық ғылыми-танымдық еңбектердің авторы Әділ Ахметовтің 2009 жылы «Арыс» баспасынан шыққан «Түбі түркі өркениет» атты кітабына түркі халықтарының тарихынан және олардың тілдері мен мәдениеттерінен орын алған тыйымдар мен астарлы сөздерге арналған іргелі екі зерттеу жұмысы енгізілген.

Зерттеудің бірінші кітабында Американың байырғы тұрғындарының, яғни америкалық «үндістердің» Азиядан (Алтайдан) шыққандығы антропологиялық, археологиялық, палеонтологиялық, генетикалық, тарихи-лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты қарастырылып, «Жаңа әлем» немесе «Америка» атанып кеткен алып құрлықтардың игерілу тарихы еуроцентристік көзқарастан арылып, сонда ежелден өмір сүрген түркі халықтарының өкілдері сомдаған өркениеттің адамзат тарихында алатын орны сарапталады. Екінші кітапта салыстырмалы талдаулар арқылы әлемдік және жалпытүркілік тыйым сөздер мен эвфемизмдердің этнолингвистикалық және этномәдени негіздері, түркі тілдеріндегі эвфемизмдердің жасалу жолдары мен түрлері сипатталады.

Осыдан бес ғасыр бұрын, дәлірек айтқанда, 1492 жылы үшінші тамызда, Христофор Колумб Индияға апаратын төте теңіз жолын ашу мақсатымен Испан туының астындағы «Санта Мария», «Пинта», «Нинья» деп аталатын үш кемеге бас болып, Атлант мұхитын бетке алып, қауіп-қатерге толы ұзақ сапарға аттанғаны тарихтан белгілі. Арада екі ай өткенде Колумб кемелері аталған мұхитты артқа тастап, тарихта «Жаңа әлем» немесе «Америка» атанып кеткен белгісіз құрлықтың жағалауына келіп жетеді. Осы оқиғаға байланысты жазылған деректерге зер салсақ, батыста жатқан Атлант мұхиты арқылы Индияға төте жол табатынына күмән келтірмеген Христофор Колумб бейтаныс жағалауға бірінші рет аяқ басқан кезінде өзіне-өзі сенгендігі сонша: еш нәрсенің байыбына бармастан, көкейде жүрген арманы орындалды деп сенген. Осы «Жаңа әлемді» Азияның етегінде жатқан Индиямен шатастырып, қатты қателескені соншама, Колумб өзінің әлемде теңдесі жоқ географиялық жаңалық ашқанынан мүлде бейхабар күйі Америкаға жасаған төртінші сапарынан кейін осындай жаңылысқан сеніммен о дүниеге аттанып кетеді. Солай болса да, Колумб ашқан ұлы жаңалықты бүкіл әлем мойындайды. Ол уақытта еуропалықтарға материк атаулыдан тек Еуропа, Африканың солтүстігі мен шығысы және Азияның Еуропаға таяу аймақтары



ғана белгілі болған; ал Шығыс Азия елдері туралы еуропалықтардың мәліметі тым мардымсыз болған.

Христофор Колумб 1492-1504 жылдар арасында төрт рет саяхат жасаған, оның артын ала конкистадорлар, Еуропадан алғаш қоныс аударушылар легі келіп жеткен кезде сол жердің байырғы халықтарының өмір сүріп жатқанына арысы 40-50 мың жылдай, ең берісі 12 мың жылдай заман өткен екен. Алайда Американың байырғы халқы өздеріне үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, бірақ Колумб осыдан бес ғасыр бұрын қателесіп тели салған «үндістер» деген аттан әлі күнге дейін арыла алмай келеді.

Тарихи деректерге сүйенсек, нағыз шындықтың кейінгі кезеңдердегі еуроцентристік «шындыққа» мүлде ұқсамайтындығына көз жеткізуге болады. Айталық, қазіргі заманда өзінің биік өркениетімен бүкіл әлемге ықпалын тигізіп отырған Батыс Еуропа XV ғасырдың ортасында әлемдік өркениет көшінің соңғы шебінде келе жатқан кезде Индияда Моңғол империясы, Қытайда Мин династиясы, Орталық және Оңтүстік Америкада Ацтек пен Инка империялары, Батыс Африкада Бенин корольдігі т.б. тәл мәдениеті өз бетімен дамып, басқалардың ықпалынсыз-ақ шарықтап тұрғанын білеміз. Бірақ Америка тарихы туралы жазылған оқулықтарда жоғарыда аты аталып отырған империялардың, олардың өкілдерін «байырғы америкалықтар» немесе «жергілікті халық» деп атағаннан гөрі «қызыл терілілер», «қауырсынды дұшпандар», «боянған одақтастар», «жабайылар» яки «тарихсыз халық» деген тәрізді олардың ар-намысына тиетін, кемсітетін жанама атауларға жол беріліп келгені ақиқат.

Америка тарихы туралы жазылған әдебиеттерде, негізінен еуроцентристік бағытта жазылған еңбектерде, Еуропадан барып қоныс тепкен америкалықтардың мәдениеті, тұрмыс-салты, нанымдары т.б. асқақтата сипатталып, ал сол жерде ертеден өмір сүріп келе жатқан байырғы америкалықтар дамымаған, өркениеттен жұрдай қалған, діні де жоқ бейшара халық ретінде суреттеледі. Сондай-ақ бірсыпыра оқулықтарда еуропалықтар келгенге дейін Американы азғантай ғана «үндістер» тобыры жайлаған иесіз өлке етіп бейнелеу орын алады. Сондықтан Америкадағы «үндіс» аталып кеткендердің көзін ашып, адам қатарына қосқан еуропалықтар тәрізді болып көрінеді. Тарихи шындыққа жанаспайтын мұндай әділетсіздіктің үнемі орын алып келгендігін соңғы ондаған жылдарда әлемнің көрнекті ғалымдары мойындай бастады әрі ондай ғалымдар саны күннен-күнге көбейіп келеді.

Қазіргі әлемдік өркениеттің тарихын кешенді түрде зерттеу материалдары Христофор Колумбтың «Жаңа әлемге» бірінші рет аяқ басқан кезінде бұл континенттің тек еуропалықтар үшін ғана «жаңа әлем», «ұлан-байтақ бос дала», «күлазыған континент» болғанын көрсетіп





отыр. Ал, шын мәнінде, сол уақытқа дейін-ақ Америка өркениеті мен мәдениеті шарықтау шегіне сан рет жетіп, сан рет құлаған, қайта өрлеп, қайта шегінген өркениет пен мәдениет ошағы болған. Америка континенттерінде осыдан 500 жыл бұрын 75 миллиондай халық өмір сүріп, 2 мың тілде сөйлеген екен. Кітаптың «Адам баласының Америка материктеріне алғаш қоныстануы жөнінде археология ғылымы не дейді» атты бөлімінде қазіргі әлемдік деңгейдегі археология ғылымындағы жетістіктерге шолу жасалады. Зерттеуші ең алдымен Америка материктеріне адам баласының алғаш рет қашан және қалай келіп қоныстанғанын дәл анықтау мәселесі XIX ғасырда Америка археологтарының ең басты зерттеу нысанына айналғанын атап өтіп, 1920 жылы құрылған, ең алғашқы ірі халықаралық ғылыми ұйымдардың бірі болған Тынық мұхит ғылыми қоғамдастығының жұмысына, А.П.Окладников, Г.И.Медведев, А.Л.Брайен, Р.Л.Карлсон, К.Г.Тернер, Ф.М.Хоблер, Р.С.Василевский, Р.Е.Аксрман, Н.Н.Диков т.б. көптеген зерттеушілердің еңбектеріне сүйене отырып, адамдардың Америкаға о баста Азиядан қоныс аударғаны, оның себептері туралы пайымдауларын сараптай келе, Азиядан Америкаға адам баласының қоныс аударуы дүркін-дүркін болғандығын, атап айтқанда, бірінші рет қоныс аудару 40-35 мың жыл бұрын, екінші қоныс аудару 28-25 мың жыл бұрын, үшінші қоныс аудару 14-10 мың жыл бұрын болған, америкалықтардың о баста Азиядан келгені дау туғызбайтын шындық, мұны археология ғылымының табыстары дәлелдеп отыр деп тұжырымдайды.

Бірінші кітаптың «Байырғы америкалықтардың арғы тегі мен антропологиялық ерекшеліктері жөнінде ғылымда қалыптасқан болжамдар мен пікірлер» атты бөлімі археолог, этнолог, лингвист, палеонтолог ғалымдардың еңбектеріне талдау жасап, америкалық «үндістердің» шығу тегі мен антропологиялық сипатына байланысты айтылып келе жатқан пікірлер мен болжамдарды нақтылай түсуге арналады.

Америка құрлығына адам баласының ең алғаш қоныстануы жөнінде және олардың антропологиялық тегі, ерекшеліктері туралы ғылымда қалыптасып қалған пікірлердің бастау көздерінде тұрған, осы мәселеге байланысты аса құнды айғақ, деректер жинауға зор үлес қосқан әлемге әйгілі А.Хрдличка, Г.Ф.Дебец, М.Г.Левин тәрізді ғалымдар бар. Сонымен қатар мұндай болжамдардың тарихи, мәдени, археологиялық, этнологиялық негіздерін терең қарастырған А.П.Окладниковтың, А.М.Золотаревтың, К.Тернердің, Дж.Гринбергтің, П.Ривенің, Э.Сэпирдің т.б. еңбектері белгілі. Зерттеуші осы орайда ұзақ жылдар бойы антропометриялық материалдар жинап, байырғы америкалықтардың краниологиялық ерекшеліктері туралы толық мағлұмат бере алатын А.Хрдличканың, чукчалар мен азиялық эскимостардың соматологиялық ерекшеліктерін қарастырған Г.Ф.Дебецтің, антропология ғылымының осы





заманғы әдістемелік талаптарына сәйкес чукчалар мен азиялық байырғы эскимостардың бас сүйектерін зерттеп, олардың ерекшеліктерін жан-жақты сипаттап берген, олардың тарихы мен этнологиясы жөнінде жазылған М.Г.Левиннің т.б. құнды еңбектерінің мән-маңызына арнайы тоқталады. Соның арқасында байырғы америкалықтардың арғы тегінің Азиядан шыққандығын дәлелдейтін айғақтар ретінде антропологиялық әлпетінде морфологиялық ұқсастықтар, генетикалық ұқсастық, тілдік айғақтар анықталады.

Қысқасы, қазіргі ғылым әлеміндегі ең соңғы жетістіктер мен әдістемелік талаптарға сай келетін соматологиялық, морфологиялық, краниологиялық, генетикалық, антропологиялық, археологиялық, геологиялық және лингвистикалық зерттеу жұмыстарының нәтижелері негізінде америкалық үндістердің арғы тегінің басқа жақтан емес, тек қана Азиядан қоныс аударғандығы дәлелденеді.

Америка континенті туралы тарихи деректерге қарағанда, осыдан екі жүз жыл бұрын солтүстік-шығыс Американың орманды аймақтары байырғы америкалықтардың он мыңдап саналатын алып қорғандарына толы болған. Олардың сансыз көптігі мен көлемділігі, ерекше бейнелілігі жағынан көргендері таңғалдырған. Алайда Еуропадан тыс жерде мұндай мәдениет ошақтары болады деген түсінік еуропалықтардың түсіне де кірмеген. Сондықтан отаршылдар «үндістердің» қабілеті ондай алып құрылыстар салуға жетуі мүмкін емес деген қате пікірде болған. Яғни оны салғандар христиандардың қасиетті кітабы Таурағта жазылғандай, Палестинадан қуылған еврейлер яки жиһангер викингтер, не болмаса он алтыншы ғасырдағы испандықтар болуы мүмкін деген, тіпті оны ғарыштан келген басқа планеталықтардың әрекеті деп түсіндіруге тырысқан болжамдар да болған. Ал археологиялық деректер мен кейінгі уақыттағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері сол қорғандар шоғырланған жерлерде байырғы замандарда «үндістердің» өте тығыз қоныстанғандығын көрсетіп отыр.

Кітаптың «Америка қорғандарының сыры» атты бөлімінде «үндістердің» ерте заманнан бері қолдан тұрғызып келген алуан түрлі қорғандарымен байланысты байырғы Американың тағы бір құпиясын ашуға ден қояды. Сөйтіп, көптеген зерттеу деректеріне сүйене отырып, олардың салыну себептерін (жерлеу үшін тұрғызылған зират; «үндістердің» құдайға сыйынатын қасиетті орны; тотемдік наным-сенім) баяндай келіп, Америка мен Азияның ескі қорғандарын (Алтайдағы «Берел», Жетісудағы «Есік», Батыс Қазақстандағы «Қырық оба» т.б. қорғандар) салыстыра отырып, алғашқы америкалықтардың тек арғы тегі ғана емес, сонымен қатар олардың ғасырлар бойы тұрғызып келген қорғандарының сыры да Азиямен, Еуразиямен, Орта Азиямен де тікелей сабақтасып жатқанын атап айтады.



Ғылымда Колумбқа дейінгі Америка тарихына деген көзқарас мүлде өзгерді. Өйткені бұл құрлықтың қыр-сыры мол жұмбақтарының шешуін таппай тұрып, бүкіл адамзат тарихы мен мәдениетінің даму сатыларын толық қамту, олардың бір-бірімен байланысын, арақатынасын нақты анықтау мүмкін еместігі өзінен-өзі түсінікті еді. Соған орай әлем ғалымдары алдында Американың байырғы халқының кімдер болғанын, олардың қайдан шыққанын, басқа материктен қоныс аударған болса, дүниедегі қай халықтармен тамырлас екенін, олардың тілдері қай халықтардың тілдерімен туыстас екенін, қандай наным-сенімдері болғанын, Колумбтан бұрын Америка құрлығын ашқандар болған-болмағанын ашқан болса, олар қай халықтың өкілдері екенін анықтау міндеттері тұрды. Осындай міндеттерді шешу үшін палеонтология, геология, археология, антропология, соматология, генетика, этнография, тарих, лингвистика саласында қаншама еңбектер жазылды және ондай ғылыми еңбектердің жазылуы әлі күнге дейін бәсеңдеген жоқ.

Осы кітаптың «Америкалық «үндістердің» шығу тегіне, тарихи және этнолингвистикалық көзқарас» деп аталған бөлімінде жоғарыдағы мәселелердің басын ашуға қатысты жазылған Ли Эльдридж Хадлстонның «Америкалық үндістердің шығу тегі. Еуропалық көзқарас, 1492-1729», Р.Итстың «Века и поколения», Стьюарт Фидельдің «Америкалықтардың байырғы тарихы» атты еңбектері мен Американың Табиғат тарихы мұражайы шығарған «Алғашқы америкалықтар» атты топтамасына арнайы тоқталып, оларда қарастырылған мәселелерге шолу жасайды. Сонымен бірге автор «Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Американың ежелгі халықтарының Азиядан шыққандығын лингвистикалық тұрғыдан дәлелдеуге болмас па екен?» деген ойға қалады. Әрине, осыдан 20-30 мың жыл бұрын байырғы Отанынан қол үзіп қалған америкалық этностардың тілінен осы замандағы Азия халықтарының тілдерімен туыстық іздеу дарияға бір тамшы сүт тамызып, соның қаймағын іздеумен бара-бар екені түсінікті. Осыған байланысты зерттеуші олай еткеннен гөрі қазіргі «үндіс» тілдерінің сөздіктерінен, аңыз-ертегілерінен, күні бүгінге дейін сақталған байырғы жер-су атауларынан олардың арғы тегінің Азиядан шыққандығын дәлелдейтін жекелеген лингвистикалық материал іздеу, басқаша айтқанда, «лингвистикалық археологиямен» айналысу анағұрлым ұтымдырақ, оның үстіне ондай материалды «қазып алуға» мүмкіндік те жоқ емес деп санайды. Сөйтіп, Д.Х.Вебстер, В.Зибелл және С.А.Якобсон құрастырған эскимос тілінің сөздіктеріндегі қазақ, түркі тілдеріне ортақ сөздерден бастап (ata – ата, аана – ана, manna – мына, erte – ерте т.б.), Америка Құрама Штаттарының оңтүстік батысындағы Аризонаны мекендейтін папаголар тіліндегі (tokin – мақта; мақтадан тоқылған бұйым; doar – тау; tonk – дөң ба; b – баба т.б.) сөздер мен Vaba Toak – Бабағау, Shuak Toak – Қаратау тәрізді

оронимдерді, сонымен бірге ацтек, майя, кечуа тілдеріндегі түркі тілдеріне ортақ лингвистикалық материалдарға ерекше көңіл бөледі. Бұл тұста олардың бәріне тоқталып жатпадық. Тілдің ортақтық, жақындық туралы жазылған М.Арибжановтың А.Г.Каримуллиннің т.б. еңбектеріне талдау жасай отырып, өзінің Америкада қызметте жүргенде жергілікті халық өкілдерімен тілдік қарым-қатынас жасау барысында жинаған, түрлі еңбектерден тапқан материалдарын пайдалана отырып, оларды салыстыра келіп мынадай тұжырымға келеді:

Жоғарыдағыдай екі немесе одан да көп тілдерден айтылуы жағынан да жазылуы мен мағынасы жағынан да ұқсас сөздердің азды-көпті табылуы ондай ұқсастықтардың себебі неде деген қисында сұраққа алып келетіні сөзсіз. Шындығында, мұндай ұқсастық мүлде кездейсоқ болуы да мүмкін. Алайда біз куә болып отырған лингвистикалық материалдардың арасындағы ұқсастықтың кейбірі болмаса, бәрі бірдей кездейсоқтықтың нәтижесі деуге негіз жоқ. Өйткені ондай ұқсастық бір-екі тілмен не болмаса бірнеше сөзбен ғана шектеліп отырған жоқ. Керісінше, ұқсас сөздер мен тілдердің географиясы өте кең екені байқалып отыр, – деп атап көрсетеді.

Ғылыми зерттеулер Мексика жерін біздің заманымыздың V-X ғасырлар аралығында мекен еткен майялардың Уақыт заңы мен оның қыр-сырын жетік меңгерген, Жердің галактикалық уақыт кеңістігіндегі орнын дәл анықтаған, уақыт пен математикаға байланысты қазір қолданылып жүрген үштік өлшемнен төрттік өлшемге адамзаттың қай заманда ауысатынын болжаған халық екенін көрсетіп отыр. Әсіресе, олардың математикасы мен күнтізбелер жүйесі дүниежүзін әлі күнге дейін таңғалдырып келеді. Осы орайда зерттеуші майялардың ғылым-білімін 40 жыл бойы зерттеген көрнекті америкалық ғалым Хосе Аргуэлльестің «Майя факторы» атты құнды еңбегінің мән-маңызына ерекше көңіл аударады.

«Мая өркениетіндегі күнтізбелер жүйесі мен сәуегейліктің ғылыми негіздері» атты бөлімде майялардың әр түрлі мақсаттар үшін пайдаланған 17 түрлі күнтізбе жүйесі болғанын, солардың ішінде үш әмбебап күнтізбенің ерекше назар аудартатынына тоқталып, оларға кең түрде сипаттама бөріледі. Атап айтқанда, қазір өзіміз қолданып жүрген 365 күндік күнтізбеге ұқсастау келетін Хааб аталатын күнтізбеге, оның күнделікті шаруашылықты жүргізу үшін қолданылғанына, 260 күннен тұратын Цолкин деп аталған күнтізбеге, оның салт-дәстүрлерді өткізіп отыруға қатыстылығына, сонымен бірге «Ұзын есеп» деп аталатын миллиондаған жылдарды қамтитын күнтізбе жүйесіне тоқталып, олардың өзіндік ерекшеліктері мен түркі халықтарының күн санауындағы нақты ұқсастықтарды анықтауға көңіл бөлуінің нәтижесінде уақытқа, күнтізбеге байланысты көпшілікке беймәлім жұмбақ сырлардың беті ашыла түседі.

Бірінші кітаптың соңында «Құранның ғажайып құпиясы», «13-пен байланысты тыйымдардың сыры», «Англо-саксондардың түпкі тегі» тәрізді кез келген адам қызыға оқитын ғылыми-танымдық мақалалары берілген. Олардың әрқайсысын жеке-жеке сөз етуге тұратын, шағын да болса құнды еңбектер деп бағалауға әбден тұрады.

Әлемдегі басқа халықтар секілді түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, этномәдениеті мен тілінен орын алатын ауқымы кең категориялардың біріне табу мен эвфемизмдер жатады. Табу мен эвфемизмдер – адамдардың қоғамдағы әлеуметтік, мәдени және экологиялық ортаға байланысты қалыптасқан наным-сенімдерінің, салт-дәстүрлерінің принциптері мен нормаларының тілде орныққан көріністері. Оларды этнография мен тіл білімінің шендес мәселелерін қарастыратын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің мәні ерекше. Табу мен эвфемизмдер халықтың рухани мәдениетінен туындайтын, тілде нақты көрініс тапқан құбылыс болғандықтан, оларды осы бағытта қарастырудың нәтижелі болатындығы дау туғызбайды.

Этнолингвистика аталатын ғылым саласының жалпы түркітану; оның ішінде қазақ тіл білімінде жаңа бағыт ретінде қалыптасып отырған жылдарында жазылып отырған «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер (салыстырмалы этнолингвистикалық зерттеу)» деп аталатын Ө.Ахметовтің зерттеу жұмысы түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдердің этнолингвистикалық сипатын салыстыра зерттеу арқылы олардың әлеуметтік себептерін, жүйесін, мәні мен қыр-сырын ашуға, атап айтқанда, олардың жалпы тіл біліміндегі зерттелу деңгейін, шығу тегін, этномәдени, этнопсихологиялық, мифологиялық негіздерін, жасалу жолдарын, тілдің сөздік қорын лексика-семантикалық жағынан байытудағы үлесін және тіл мәдениетінің қалыптасуына тигізетін әсерін анықтауға арналады.

Бес тараудан тұратын екінші кітаптың бірінші бөлімінде табу мен эвфемизмдердің зерттелу деңгейін көрсететін ғылыми еңбектерге шолу жасалады. Табуды әлемдік деңгейде әрі этнографиялық тұрғыдан зерттеген ағылшындардың Эдуард Тэйлор бастаған антропологиялық мектебінің ірі өкілі Джеймс Фрезер болатын. Сондықтан зерттеуші Дж. Фрезердің «Алтын бұтақ» (Ө.Ахметов аудармасы бойынша) деп аталатын еңбегінің дүниежүзі халықтарының мәдениеттерінде кездесетін табудың жалпы мәселелеріне орналасатындығына, онда табу атаулының 4 топқа бөлініп, бірінші топта тыйым салынған іс-әрекеттер, екінші топта адамдар, үшінші топта заттар, төртінші топта тыйым салынған сөздер қарастырылатыны және олардың тек этнографиялық тұрғыдан қарастырылып, лингвистикалық тұрғыдан талдау жасалмайтындығы туралы баяндайды.

Табу атаулының барлығы дерлік адамзаттың рухани дамуының төменгі сатыларында діни наным-сенімдердің негізінде қалыптасатынын

дықтан, оларды зерттеген еңбектердің ішінде теологиялық еңбектердің басымдау екенін атап өтеді. Зерттеуші Зигмунд Фрейдтің «Тотем және табу», Ф.Стайнердің «Табу», Эдвард Вестрмарктың «Мароккадағы некемен байланысты салт-дәстүрлер», Эрнест Краулейдің «Мистикалық раушан» атты еңбектерінде табудың тотемдік нанымдармен, некемен, физиологиялық процестермен т.б. байланысты қалыптасқаны жөнінде айтылған пікірлерге шолу жасайды.

Табу сөздерді лингвистикалық тұрғыдан қарастырған В.Хаверс, М.Гуермос, К.Ньюроп т.б. зерттеушілердің еңбектері, сонымен қатар Д.К.Зеленин, А.А.Реформатский, Л.А.Булаховский, Б.А.Ларин, Б.Н.Головин сияқты белгілі тілші ғалымдардың еңбектері аталып өтеді.

Түркі халықтарындағы тотемдік нанымдармен байланысты қалыптасқан тыйымдар туралы мәліметтер 1247-1318 жылдар арасында өмір сүрген, Шыңғысханға дейінгі түркі халықтарының тарихын қағазға түсірген, әлемге әйгілі ғұлама Рашид-ад-Диннің «Джами ат-таварих» деп аталатын, парсы тілінде жазылған еңбегінде кездесетіндігі көрсетіледі.

Жұмыста Сібірді мекен ететін түркі халықтарының тотемдік нанымдарына қатысты зерттеу жұмыстары қамтылып, қазақ, қырғыз т.б. халықтардың тыйымдары жөнінде үзік-үзік болса да құнды деректер қалдырған Г.Н.Потанин, В.В.Радлов, Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, Н.И.Ильминский, И.И.Ибрагимов сияқты зерттеушілердің еңбектері туралы айтылып, академиктер Ә.Х.Марғұлан, Ә.Т.Қайдаров және белгілі қазақ этнографы Х.Арғынбаев т.б. ғалымдардың зерттеулеріндегі табуға қатысты мәселелерге тоқталады. Бұл тарауда қазақ тілші ғалымдарының жекелеген мақалалары да, табу мен эвфемизмдердің тіл мәдениетімен байланысына қатысты пікірлер айтқан І.Кенесбаев, Р.Ғ.Сыздықова, Н.Уәлиев т.б. ғалымдардың еңбектері де назардан тыс қалмаған.

Зерттеу жұмысының екінші тарауында табу мен эвфемизмдердің этнолингвистикалық жүйесі мен этномәдени негіздері қарастырылады. Бұл тараудың бірінші бөлімінде табу мен магияның арақатынасы айқындалып, табудың магиядан туындайтыны сөз болады. Сонымен бірге онда адамдардың магиялық ойлау жүйесінің ғылымға сай келмейтін екі принциптен тұратындығы және ол принциптердің біріншісінің кез келген құбылыс өзіне ұқсас құбылыстан туындайды немесе салдар өздерінің себептеріне ұқсас болады деген қағидаға, ал екіншісінің бұрын біртұтас немесе бір-бірімен кездейсоқ жанасқан екі заттың арасында қалыптасқан қатынас кейін әлгілер қайта бөлініп, бір-бірінен бой үзіп кетсе де бұзылмай, бастапқы қалпын сақтап қалады-мыс деген нанымға негізделетінін дәлелдеп берген Дж.Фрезердің тұжырымдарының шындық екендігі түркі халықтарының мәдениетінен келтірілген деректер арқылы автор тарапынан толықтырыла, нақтылана түседі.

Зерттеушінің пікірі бойынша, «тыйым» деген ұғымды білдіретін *табу* деген терминнің төркіні Полинезияның тонга тілі болғанымен, Полинезия мен Меланезияда табудың «тапу», «қапу», «тамбу» сияқты диалектілік синонимдері де кездеседі әрі олардың мағыналық аясы «тыйым» деген ұғыммен бірге «киелі» деген ұғымды да қоса қамтиды. Олай болса, табу о баста жай ғана тыйым емес, киелі нәрсені аяқасты етуге болмайды, әйтпесе оның киесі атады деген қорқыныштан туындайтын тыйым ретінде қалыптасқан.

Магиялық нанымдар мен тыйымдар әлем халықтары мәдениетінен ертеде орын алып, бұл күндерде мүлде жойылып кетті деуге әзірше ертерек. Өйткені магия – кез келген діни нанымның құрамдас бөлігі. Олай болса магияның оң тармағымен бірге теріс тармағы саналатын табу да бүгінгі дін атаулының немесе кез келген наным-сенімнің ішінде қат-қабат араласып бірге жүр деп түсінген дұрыс. Мұның дәлелдері ретінде түркі халықтарының мәдениетінен бүгінгі күндерде де ұшырасатын тыйымдарға байланысты көптеген деректер келтіріледі.

Осы тараудың екінші бөлімінде сөз магиясына байланысты пайда болған этнолингвистикалық табу мен эвфемизмдер сөз болады. Ертедегі нанымның негізінде бірсыпыра халықтарда адам мен оның атының (есімінің) арасында материалдық байланыс бар деген түсініктен туындаған, адамның шын есімін ашық айтуға тыйым салған салт-дәстүрлер салыстырылып, кейбір түркі халықтары мәдениетіндегі адам есімдерімен байланысты тыйымдардың ерекше бір түрі – ат тергеу салты екендігі және сол салттың негізінде қалыптасқан табу мен эвфемизмдер жинақталған деректерді салыстыру арқылы жете сараланады.

Жұмыста сонымен бірге әр түрлі халықтардың тілдерінде сөз сиқырына сену салдарынан тура атаулары табуға айналып, эвфемистік жанама атауларға ие болған *бөрі*, *бүркіт*, *жылан* т.б. туралы этнолингвистикалық материалдар жан-жақты қамтылып, ондай тыйымдардың тек малшаруашылығы мен аңшылық кәсіптің негізінде қалыптаспағандығы, олардың о баста тотемдік нанымдармен байланысты пайда болғаны анықталып, мұндай мәселелердің қазақ тілінің этимологиялық яки түсіндірме сөздіктерінде ескеріліп отырғаны жөн болатындығына назар аударады.

Сөз магиясына сенудің бір көрінісі ретінде бәдік, бұлт шақыру, күн жайлату, арбау, байлау өлеңдерін атауға болады. Жұмыста осылар жайында да көлемді мәліметтер келтіріліп, олардың халық санасынан қаншалықты орын алғаны сөз етіледі. Сондай-ақ сөз құдіретіне сенудің нақты көрінісі ретіндегі алғыс пен қарғысқа, батаға, ант беруге байланысты мәселелер жете қамтылып, жоғарыда сөз болған табу мен магияның арақатынасы жайлы деректерді сараптай келе, түркі халықтарының тілдерінде тыйымдардың магиядан, оның теріс принциптерден тұратын



тармағынан туындайтындығы, киелілік қасиеттің өлі табиғатқа да, тірі табиғатқа да тән болатындығы, сондықтан да олардың түрлері де саналуан болатындығы (Мәселен, заттарға, өсімдіктерге, жан-жануарларға, адамдарға, сөз бен тілге, іс-әрекеттерге салынатын тыйымдар), магиялық нанымның негізінде сөздерге салынатын тыйым немесе лингвистикалық табу түркі тілдерінде эвфемизмдердің қалыптасуына әкеліп соғатындығы, сол арқылы олардың тілдегі синонимдік қатарлардың өсуіне, сөздік қордың баюына әсер ететіндігі туралы пайымдаулар жасалады.

Тараудың үшінші бөлімінде табу мен эвфемизмдердің бір тобы дәстүрлі наным-сенімдермен байланысты қалыптасқандығы туралы құнды деректер, атап айтқанда, тіл-көз тиеді деген ырыммен малының, бала-шағасының санын айтуға құлықсыздық танытатын, яғни санаумен байланысты, сонымен бірге түнгі қонаққа мал соймау, сейсенбі күні жолға шықпау, табалдырықты баспау, босағаға сүйенбеу, кейбір жануарлардың етін жемеу, т.б. ырымдар мен тыйымдар түркі халықтары мәдениетінің материалдарымен жеткілікті салыстырылады.

Тараудың төртінші бөлімінде табу мен эвфемизмдердің мифологиялық деңгейдегі көріністері сөз болады. Өйткені табу атаулының о баста әртүрлі діни наным-сенімдердің негізінде пайда болғанын дүниежүзі халықтарының мифологиясынан байқауға болады. Себебі мифтердің қалыптасуына анимистік, магиялық, тотемдік, шамандық ескі наным-сенімдермен қатар осы замандағы көп тараған буддизм, ислам, христиан, иудаизм және т.б. діндер де әсер еткен. Осыған байланысты жұмыста мифологиядағы табу мен эвфемизмдер, әсіресе ондағы басты кейіпкерлердің, атап айтқанда, құдайлар, пайғамбарлар, диюлар, жын-перілер т.б. атауларымен тығыз байланысты шыққандығы, оның бұлтартпас дәлелдері келтіріледі; мұндай құбылыстың, сонымен қатар, анимистік нанымның негізінде қалыптасқан албасты, жын-шайтан, пері т.б. тәрізді мифологиялық кейіпкерлердің, киелі жер-су иелерінің атауларымен: Су иесі, Шөл иесі, Жол иесі т.б. байланысты туғандығы да баяндалады.

Бесінші бөлімде түркі тілдеріндегі ауру атауларымен байланысты қалыптасқан табу мен эвфемизмдердің этномәдени мазмұнын ашуға көңіл аударылады. Бұл ретте *шешек*, *қызылша*, *безгек*, *топалаң*, *мәлік* т.б. ауруларды тура атамаудың себептері жұмыста этнолингвистикалық материалдар арқылы жан-жақты сараланады. Тыйым салынған ауру атаулары мен олардың орнына қолданылатын эвфемизмдердің әлеуметтік себептері тіл-тілде ұқсас болып келетіндігі, табуды алмастыратын эвфемизмдердің көбінесе өсімдіктер, туыстық атаулары, қатерлі дерттердің айрықша белгілерін сипаттайтын сөздер, кірме сөздер, кейінгі уақыттағы кейбір халықаралық терминдер және табуға айналған сөздермен





синонимдес жеке атаулар мен сөз тіркестерінен жасалатындығы айқындалады.

Зерттеу барысында тотемдік нанымдар мен аңшылық кәсіптің негізінде қалыптасқан табу мен эвфемизмдер арнайы қарастырылады. Бұл мәселе жұмыстың алтыншы бөлімінде *тотем* терминінің қалыптасуы мен оның шығу себептері жөніндегі шолудан басталып, әлемге кең таралған тотемизм сияқты ескі нанымдардың әлемдегі көптеген халықтарға, оның ішінде түркі халықтарына да ортақ екендігін этнографиялық, археологиялық және лингвистикалық зерттеулер нәтижесіне сүйене отырып дәлелдейді. Алайда жануарлардың атауларымен байланысты табу мен эвфемизмдерді тек қана тотемдік наныммен (шығу тегі, арғы ата деп санау) шектеуге болмайды. Өйткені о баста тотемдік наным тым басым болғанмен, келе-келе оны аңшылық кәсіпке байланысты қалыптасқан наным-сенімдер ығыстырып, енді тотемдік наным, кейбір сарқыншақтары болмаса (үкі мен аққуға тимеу, қоңыр анды бей-берекет атпау т.б.), мүлдем жойылып кеткені байқалады. Жұмыста бұл жөнінде жеткілікті баяндалады. Жинақтай келгенде, аңшылық кәсіппен байланысты арнайы кәсіби тіл қазақ арасында қалыптаспағанымен, құсбегілікке, аң мен балық аулауға қатысты наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар, тыйымдар мен жекелеген эвфемизмдер аз сақталмағандығы аңғарылады.

Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдерді зерттеуге арналған жұмыстың үшінші тарауы дәстүрлі моральдық-этикалық қатынастар саласында қалыптасқан табу мен эвфемизмдердің классификациясына арналады.

Адам баласы үшін табиғи құбылыстардың ішіндегі ең қорқыныштысы, суығы өлім екендігі белгілі. Сондықтан да қайбір халық болмасын оның тілінде «өлім», «өлді» деген сөздердің орнына сол ұғымды білдіретін, бірақ алдыңғы айтылғандардан әлдеқайда тігісі жатық эвфемистік синонимдер қолданылады. Мұндай жағдайдың көне заманнан келе жатқан этикалық қатынастар нормасы екендігі (*Күлтегінге қойылған ескерткіште «інім Күлтегін қаза болды, өзім қайғырдым. Көре көзім көрместей білер білегім білместей болды. Білігімнен адастым»* деген жазу жазылған), өлімді бұлайша астарлап айту түркі халықтарына ортақ құбылысқа жататындығы («өлді» дегеннің орнына түркімендерде – *арадан шықты, хасаплашты, айрылды*, қырғыздарда – *дүйнеден қайтты*, өзбектерде – *вопат етті, палоқ булди*, әзірбайжандарда – *чыраг кими сөнду*, туваларда – *аьдының бажы чалданыр* (атының басы бұрылды), қазақтарда *үзілді, көз жұмды, мәңгі ұйқыға кетті, қайтпас сапарға аттанды, о дүниелік болды, жан тәсілім қылды, демі үзілді* т.б. астарлы мағыналы эвфемизмдер қолданылады.

Табу сөздер мен оларды алмастырып отыратын эвфемизмдердің бір тобы анатомия мен физиологиялық процестерге қатысты кейбір ұғым-





дардың атауларымен байланысты. Айталық, моральдық немесе этикалық нормалар тұрғысынан өрескел яки ұят саналатындықтан, қазақ тілінде және көптеген басқа тілдерде де адам мен жануарлардың дене мүшелері мен физиологиялық құбылыстардың атаулары тура атала бермейді. Яғни олар да табуға (тыйым салынған сөзге) жатады. Бұл ретте әйел адамдарға тән физиологиялық процестердің бірі – бала көтеруге, бала табуға, адам мен жануарлардың жыныс мүшелері мен жыныстық қатынастарға т.б. байланысты эвфемизмдер жеткілікті мысалдармен жан-жақты сөз болады.

Тіліміздегі басқа эвфемизмдерге қарағанда саяси эвфемизмдердің айтарлықтай айырмашылықтары бар. Ондай эвфемизмдердің пайда болуына наным-сенімдер де, қоғамда қалыптасқан моральдық-этикалық нормалар да әсер етпейді. Саяси эвфемизмдер – белгілі бір мақсатпен ащы шындықты көпшілік қауымнан бүркемелеу үшін әдейі қолданылатын саяси айла-шарғы яки тәсіл. Әрине, бұған қарап, «Эвфемизмдер лингвистикалық құбылысқа жатады емес пе? Олардың саясатқа қаншалықты қатысы бар?» тәрізді сұрақтар тууы мүмкін. Мұндай сұрақтардың көңілге қонымды жауаптары жұмыста жан-жақты қаралып, саяси эвфемизмдер дегеннің табиғаты толық ашып көрсетіледі.

Сан қилы әлеуметтік себептер негізінде қалыптасқан табу сөздер мен оларды алмастырып отыратын эвфемизмдердің жасалу жолдары да ерекше көңіл аударатын негізгі мәселелердің біріне жатады. Осыған байланысты жұмыстың төртінші тарауы эвфемизмдердің жасалу жолдарын талдауға арналады. Зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, эвфемизмдер табу сөздердің бет пердесі әрі олар тыйым салынған сөздердің орнына еркін қолданыла беретін баламасы болғандықтан, бірте-бірте эвфемистік мағынадан айырылып, белгілі бір уақыт өткен соң табу сөздердің дәрежесіне көтеріледі. Сөйтіп мұндай эвфемизмдер содан бастап тілден қайта ығысып шығады да, өз орындарын жаңадан пайда болған эвфемизмдерге береді. Мұндай құбылыс еш уақытта тоқтамай, уақыт озған сайын қайталана береді. Сондықтан табу мен эвфемизмдер қай тілде болмасын сөздік құрамның өзгеріске ең жиі ұшырайтын, әрі үнемі қоғалыста болатын жылжымалы тобын құрайды және кез келген тілде неологизм тудырудың ең өнімді көздерінің бірі болып табылады. Олай болса, эвфемизмдердің жасалу жолдары мен тәсілдері – ерекше назар аударуды әрі жете талдауды қажет ететін мәселелердің бірі. Қазақ және басқа түркі тілдерінде эвфемизмдердің жасалу жолдары мен тәсілдері сан алуан болып келеді.

Эвфемизмдер тілдегі алатын орны мен атқаратын қызметі жағынан метафора, метонимия, синекдоха, символ, парафраза т.б. троптарға бір табан жақын тұрады. Өйткені эвфемизмдер троптар секілді ауыспалы мағына тудыратын ең өнімді тәсілдердің біріне жатады. Осы орайда зерт-





теу барысында эвфемистік метафоралар (*Қос түйме* омырауда жарасып тұр; Он сегіз, он тоғызға келгеннен соң *Алмасы* өкпе болар қол батпаған – анатомиялық атаулардың тігісі жатық қолданыстары), эвфемистік метонимиялар (*Мына үй* тым-тырыс – адамдардың орнына баспана; *Күрең* мінген біреу келді – аттың орнына оның түсі т.б.), эвфемистік синекдоха (*Пұшпағы қанамаған*, «Еш нәрсе көрмей дүниеден өткенім, – деген, – *тұяқсыз*»... Тоқтарбайдың зарына қалың қыпшақ қайысқан – *бедеу, баласыз, құбас* сөздерінің сыпайы қолданыстары), эвфемистік символ, эвфемистік ирония, эвфемистік парафраза, фразалық тіркестерден жасалған эвфемизмдер («*Жалғызыма сәлем де, Асқар тауы құлады*», «*Әркімнің қолда бары өзіне алтын, Біржанға бір тырнағын тұрмын сатпай*», «*Еркек көзіне тез шалынған мүшелерін қынап, торсита анықтай көрсетіп тұр*», *ит терісін басына қаптады, жерден алып жерге салды; тіл тигізді* т.б.), есімдіктерден жасалған эвфемизмдер (Иттің *бірдемесі* дәрі болса, дарияға *бірдеме* етеді), сонымен қатар эвфемизм тудырудың басқа да тәсілдері (Мәселен, тыйым салынған яки ашық қолдану ыңғайсыз саналған сөздерді эвфемизмдермен ауыстырмай-ақ, сол сөздердің өзін аздап өзгертіп қолдану: *Ахмет-Сахмет, Жақып-Мақып, Сәкен-Сәке, Жақып-Жәке* т.б. жеке-жеке қарастырылып, нақты мысалдармен дәйектеледі.

Зерттеу жұмысының соңғы тарауы эвфемизмдердің тілдің сөздік қорын байытудағы қызметі мен эвфемизмдердің қазіргі тіл мәдениетіне қатысты мәселелерін қарастыруға арналады. Тіл-тілде табу мен эвфемизмдердің қолданыстағы белсенділігі әртүрлі дәрежеде көрініс табады. Қайсыбір тілдерде табу мен эвфемизмдердің әсерінен оның лексикасы айтарлықтай өзгеріске ұшырап, үздіксіз дамып отырады. Мәселен, Азия, Африка, Америка, Австралия құрлықтарын мекендейтін байырғы халықтардың көпшілігі қайтыс болған адамдармен байланысты көптеген сөздерді айтуға тыйым салады. Мұндай тыйым о дүниелік болған адамдардың есімдерімен ғана шектелмей, олармен аттас адамдардың аты-жөнін өзгертуге де себепші болады. Ал олардың есімдері өлі табиғат пен тірі табиғатқа тән ұғымдардың атауларынан қойылғандықтан, нәтижесінде тек қайтыс болған кісілердің есімдері ғана өзгеріп қоймай, олармен бірдей, үндес айтылатын бейтарап сөздер де түгел өзгеріп отырады.

Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер дәл жоғарыда айтылғандай белсенді болмағанмен, олар сөздік қордың лексика-семантикалық жағынан баюының бір көзі болып табылады. Жұмыста бұл жөнінде синонимдер мен омонимдердің пайда болуы табу мен эвфемизмдерге де байланысты болатындығы, өйткені кез келген зат-құбылыстың, ұғымның яки іс-әрекеттің белгілі бір себептермен тыйым салынған атауларының орнын басып, оларды басқаша атауға мүмкіндік беретін эвфемизмдер тыйым салынған атаулардың баламасына, яғни синониміне айналатындығы, ал бұл құбылыстың өз кезегінде омонимдік қатарлардың



да көбеюіне ықпал ететіндігі ондаған түркі тілдерінің материалдары негізінде дәлелденеді.

Жұмыста сөз мәдениетінің табу мен эвфемизмдерге байланысты тұстары да назардан тыс қалмайды. Өйткені табу мен эвфемизмдер адамның сөзқолданысқа деген талғамынан туындап, оларды орнымен жұмсай білуді, сонымен бірге адамнан сыпайылықтың, кішіпейілдіктің, әдептіліктің, яғни мәдениеттіліктің жоғарғы деңгейін де талап етеді. Ал мәдениеттіліктің адамның сөйлеген сөзінен де көрініп тұратынын ескерсек, табу мен эвфемизмдердің тіл мәдениетін дамытуда ерекше қызмет атқаратынын байқауға болады. Бұл жөнінде зерттеуші тарапынан этикалық нормалардың негізінде қалыптасқан эвфемизмдердің барлығы тіл мәдениеті үшін ғасырлар бойы қызмет ете беретіндігі туралы баса айтылады.

Жинақтай айтқанда, зерттеу жұмысының салыстырмалы материалдары мен автордың экспедицияда жинақтаған этномәдени деректері және тақырыпқа қатысты әлемдік ғылыми еңбектердің теориялық пайымдаулары негізінде былайша жұмысты қорытындылауға болады: Табу мен эвфемизмдер – кез келген мәдениет пен тілден орын тепкен этнолингвистикалық ұғымдар. *Табу* деген терминнің аясына тыйым атаулы түгелдей, оның ішінде сөздерге салынатын тыйымдар да кіретіндіктен, оның этнография ғылымына да, тіл біліміне де қатысы бірдей. Ал эвфемизм таза лингвистикалық терминге жатады. Себебі ол тыйым салынған сөздерді, яғни лингвистикалық табуды алмастыру үшін ғана қолданылады.

Табу немесе тыйым магияның «пәлендей іс-әрекет істеме, істесең пәле-жалаға тап боласың» деген сияқты қорқыныш тудыратын наным-сеніммен байланысты тармағынан туындайды. Байырғы магиялық наным бойынша кесірі тиетін киелі қасиет өлі табиғатқа да, тірі табиғатқа да тән болады. Соған орай тыйым заттарға, өсімдіктерге де, жан-жануарларға да, адамдар мен олардың іс-әрекеттеріне де салынады. Түркі халықтарының тыйымдары да о баста діни нанымдардың негізінде қалыптасқан қорқыныштан туады. Адамға байланысты өлім, сәтсіздік, бақытсыздық, ауру-індет, кемтарлық, т.б. астарында адамдардың белгілі бір тыйымдарды бұзудан, оны сақтамаудан болады деген сенім жатады.

Мифологиялық танымға сәйкес мифтік кейіпкерлердің эвфемистік атаулары олардың қандай да бір қасиеттерін бейнелейтін эпитеттерден жасалады.

Түркі халықтарында тотемдік жануарларды ауламау, бір тотемге жататын туыстық қатынастағы адамдарға қыз алысып, қыз беріспеу тәрізді іс-әрекеттерге салынатын тыйымдармен бірге, тотемдік жануарлардың атауларына да салынатын лингвистикалық табу да пайда болған. Тотемдік танымдар бірте-бірте әлсіреп, аңшылық кәсіптің негізінде қалыптасқан наным-сенімдерге орын берген; мұндай тыйымдар бірсыпыра түркі тілдерінде (якут, хакас, алтай, шор) кәсіптік құпия тілдердің немесе шартты



кәсіби лексиканың қалыптасуына ықпал еткен. Мұндай кәсіби лексика негізінен эвфемизмдерден тұрады. Ондай эвфемизмдердің якут тіліндегі атауы *харыстан атар тыл* немесе *харыстыр тыл*, алтайлықтарда *пай сес*, *пайлаған сестер*. Мұндай деректерден түркі тілдерінде *табу*, *эвфемизм* тәрізді халықаралық терминдермен қатар таза түркілік баламалары бар екендігін көреміз. Ал қазақ тілінде осыған байланысты *тыйым*, *тыйым сөздер*, *ат тергеу* сияқты атаулар қолданылады.

Табу мен эвфемизмдер діни наным-сенімдермен бірге қоғамдағы-моральдық, этикалық нормалар негізінде де қалыптасады. Осыған орай өлім-жітім, дене мүшелері мен физиологиялық процестерге, дөрекі қылықтарға қатысты ұғымдардың тура атаулары ашық түрде қолданылмай, табу сөздер ретінде эвфемизмдермен алмасып айтылады. Олар тілді лексика-семантикалық жағынан байыта түсетін тәсілдердің бірі ретінде, синонимдік, омонимдік қатарлардың немесе неологизмдердің қалыптасуына да әсер етеді. Тақырыпқа байланысты пайдаланылған этнолингвистикалық материалдар жер шарындағы көптеген тілдерден, оның ішінде түркі тілдерінен алынғандығының арқасында табу мен эвфемизмдердің барлық тілдерге тән ортақ белгілермен қатар тек түркі тілдеріне тән ерекшеліктері жан-жақты ашыла түскен. Тыйым сөздер мен эвфемизмдер басқа лексикалық топтардан өздерінің номинативтік мағыналарының сыртында тұрған этномәдени ұғымдармен астарласып, ұштасып жататындығымен ерекшеленеді. Сондықтан зерттеу жұмысының бай материалы алдағы уақыттарда табу мен эвфемизмдердің сөздігін жасау барысында аса пайдалы болмақ.

Қорыта айтқанда, профессор Ә.Ахметовтің 20-30 жылдай үздіксіз ізденіс үстінде жүріп жазған «Түбі түркі өркениет» атты кітабы түркі халықтарының тарихы мен мәдениетінен жан-жақты сыр шертетін құнды еңбек болып шыққан. Әсіресе, өз халқының түпкі тегі мен тарихын, мәдени мұраларын тереңірек біле түскісі келетін талапты жастар үшін бұл кітаптың тигізетін пайдасы мол екенін атап айтқымыз келеді.

Р.Шойбековпен авторлық бірлікте.

«Тілтаным» журналы,

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты.

– 2011. – № 1-2. 235-246-беттер.

Әбен Сатыбалдиев және терминология мен аударма мәселелері

Кеңестік кезеңде аударма, сөзжасам, терминология мәселелеріне ерекше мән беріп, өзіндік үн қосқан қазақ зиялыларының бірі белгілі аудармашы ғалым Әбен Сатыбалдиев. Ол бірнеше повестер мен роман, ән-





гімелер жазған жазушы болуымен қатар, ол негізінен аудармашы ғалым. Ә.Сатыбалдиев көркем аударма мәселесіне арналған көптеген ғылыми мақалалар мен ғылыми-зерттеу еңбегін жазып, 1964 жылы «Қазақ әдебиетіндегі аударма мәдениетінің дамуы» деген тақырыпта кандидаттық қорғаған. Оның көркем аударма мәселелері жайындағы «Рухани қазына» атты кітабы 1965 жылы жарық көрген. Сондай-ақ ол тіл, терминология мәселелеріне де араласып, мақалалар жариялаған. Аудармашы ғалымның «Орысша-қазақша сөздік туралы» (1955), «Тіл шұбарлығы неден?» (1958), «Терминология қағидалары туралы» (1962) мақалаларын аударма, сөзжасам, термин қолданысы мен терминологиялық сөздік түзу, терминдерді біріздендіру мәселелері сөз болады. Оның осы аталған еңбектерінде сөз болған мәселелер мен жасаған тұжырымдары, айтқан ұсыныстарының көпшілігі күні бүгінге дейін құнын жойған жоқ. Мәселеге осы тұрғыдан қарасақ та, екінші жағынан кеңес кезеңі тұсындағы терминология мәселелеріне арналған кез келген жарияланымды назардан тыс қалдырмауға тиіс екенімізді ескерсек те, оның еңбектеріне тоқталу міндет.

Орыс тілі үлгі тіл, орыс терминологиясы біздің ұлттық терминқорымызды байытудың негізгі көзі ретінде танылып отырған уақытта өмір сүріп жатқанына қарамастан, ол өз тіліміздің сөздік қорын барынша ұтымды пайдалану қағидатын ұстанған. «Қазақ әдебиеті» газетінің 1958 жылғы 21 қарашадағы санында жарық көрген «Тіл шұбарлығы неден?» деген мақаласында бірнеше құнды пікірлер айтқан. Мысалы, былай деп жазады: «Ең әуелі – өз тіліміздің бүкіл сөздік қорын сарқа пайдалануымыз керек. Бұл жөнінде біздің жұмысымыз әлі ақсап жатыр. Талай сөздеріміз ұмытылып барады. Олар бір жерден көріне қалса, «архаизм», «диалектизм» дегендерді алдына тоса қоямыз. Турасын айтқанда, біздің кейбір тіл зерттеушілеріміз бен сыншыларымыз көп мәселеге орыс ғалымдарының орыс тілін зерттеуі тұрғысынан қарайды... Тілдің өзіне тән ерекшеліктері бар емес пе? Орыс ғалымдары өйтетін болса, олардың әдеби тілінің көпжылдық тарихы бар. Олар сөз қорын түгел қатарға қосып болған, әрбір сөздің мән-мағынасы айқындалып, ұшталып, қалыптасып кеткен. Ал біздікі не? Біздің баспасөзіміз де, ғылымымыз да жас қой әлі. Сол себепті, біз ата-бабаларымыздың жасап беріп кеткен сөздерінің көбін әлі қамтып та үлгергеніміз жоқ».

Аудармашы-қаламгер өз тіліміздің сөздік қорында бар атаулардың іске жаратылмай отырғанын терминқор қалыптастырудағы кемшілік деп таниды. Оның «біз ата-бабаларымыздың жасап беріп кеткен сөздерінің көбін әлі қамтып та үлгергеніміз жоқ» деген сөзін өте орынды және мәселенің мәнін терең сезіне отырып батыл айтылған ұлт зиялысының құнды пікірі десек, шындықтан ауытқыған болмаймыз. Себебі, сонау алпысыншы жылдары терминқор қалыптастыруда шет тілдеріне, оның ішін-



де орыс тіліне орынсыз жүгінудің қажетсіздігін айтып, өз тіліміздің ішкі мүмкіндігін тиімді пайдаланбауды терминологиямыздағы орын алып отырған кемшілік ретінде көрсетуге екінің бірінің батылы жете бермеген болар еді. Сол жылдары жарық көрген әдебиеттерді, мерзімді басылымдарда жарияланған мақалаларды зер салып оқыған әркім-ақ оған көз жеткізе алады. Ғалымның айтқан пікірі дәл бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, табиғи нәрсе сияқты болып көрінуі де мүмкін. Бірақ біз оның қалдырған мұрасына кешегі өзі өмір сүрген заманы тұрғысынан да қарауға тиіспіз. Сонда ғана кеңестік идеология шеңберінен шықпай, заман ағымына бейімделіп жасалған ғылыми тұжырымдардың көпшілігінен өзіндік ерекшелігі бар пікір айта білген қазақ зиялысының өзіндік үнін есту мүмкіндігіне ие бола аламыз. Сонымен қатар, кеңестік идеология шеңберімен шектелмеумен қатар, ол архаизмдерді әдеби тіл лексикасын, терминқорымызды байытудың бір көзі ретінде көрсетеді. Оның «Сондай-ақ сөз атаулының бәрінен саяси астар іздеп, бірін «арапшылдық» деп, бірін «түркішілдік» деп, бірін «ескішілдік» деп әр сөзге ат қойып, тұмар тағуға жаны құмар әсіре солшылсынған шолақ белсенділердің де содыры аз тиген жоқ» деген пікірі де алғашқы айтылған ойымен астасып жатыр. Ол осы тұста әсіре солшылдық пен бірге қазақ баспасөзінде әсіре сақтықтың, жалтақтықтың да орын алғанын айтады. «Турасын айтсақ, баспасөзге белсене араласып, тілге ықпал жасап келген адамдарымыздың бәрі бірдей өз тіліне жетік пе еді? Белгілі бір кезекші сөздерден, бір қалыптан шықса, зәресі ұшып, жылт еткен соны сөздердің бәрін сыпыра өшіріп, жалтақтап отыратын редакторлардың талайын көргенбіз» – деп жазады ғалым.

Ә.Сатыбалдиев жергілікті атауларды әдеби тілді байтудың көзі ретінде таниды. Жергілікті қолданыстағы сөздерді сала ұғымдарының атауы ретінде пайдаланылмай отырғанын кемшілік ретінде атап көрсетеді: «Диалект» деген қазақта бар ма, жоқ па, ол өз алдына бір мәселе. Болған күннің өзінде «диалект кірсе, тіл бұзылады» деген ұғым нақ қазір бізге келіспейтін нәрсе. Диалектінің бара-бара жалпы ұлттық тілге ұласатынын ғылымның өзі айтады. Оны біздің ғалымдарымыз да мойындайды. Бірақ бұл үшін олар ғасырлар керек деседі. Меніңше, олардың қателігі де осында. Бұл жеделдік ырғалып-жырғалуды көтермейді, ғасырлар бойы күтуге қаратпайды. Іске жарарлық сөзін бар екен, оны қос қатарға, дереу пайдалан, қоғамдық өмір қатынасындағы белгілі бір ұғымның қызметіне жек» – деп жазады ол. Егер жергілікті атаулардың арасынан қажеттілерін сұрыптап алып, қолданысқа енгізбесек, кейін кеш болады, олардың орнына шет тілдерінен енген кірме атаулар қалыптасып кетеді дейді. Бұл да мәселенің мәнін түсіне отырып орынды айтылған, білікті маман пікірі. Ғылым мен техниканың, өнердің белгілі бір саласында пайда болған жаңа ұғымдарға дер кезінде ат қойып, айдар тағып отырмаса,



олардың өзге тілдегі атаулары тілге еніп қалыптасып қалары анық. Кейіннен тілдегі қолданысы бір ізге түсіп, жұрттың санасына сіңіп, құлағы үйреніп қалыптасып қалған ондай атауларды алмастыру оңайға түспейді.

Ол кеңестік кезеңде басшылыққа алынып келе жатқан терминология қағидағтарына сын айтып, оның кемшіліктерін атап көрсеткен бірден-бір маман. Ол бұл жөнінде былай деп жазады: «Терминология қағидасында бізде бір догмаға айналып бара жатқан әдет бар. Құрал-сайман, техника атауларына келгенде: «Оларды сол күйінде аудармай аламыз», – деп жұмыла кететін болдық». Осы пікірін ол «мотыга», «двигатель», «тормоз» сияқты біреше атауды мысалға келтіре отырып дәлелдейді. Өз ұсыныстарын айтады.

«Бізде «ұнамайды», «дұрыс емес» деп барды жоққа шығарушылар табылады да, оның орнына дұрысын айтып берушілер сирек ұшырасады. Осындай амалсыздан туған сөздерге қарсы болғанда, «Орыстың «корм» деген сөзін аудармай, сол қалпында алу керек» деген бір ғалымның мақаласы да басылған»

1962 жарық көрген «Терминология қағидалары туралы» атты мақаласында да ол терминологияның бірқатар мәселелеріне қатысты салиқалы ой, салмақты пікірлер айтады. Сол жылдары жарық көрген терминологиялық сөздіктер сериясына тілдік сараптама жасайды. Бүгінгі қолданыстағы терминмен айтқанда «терминография» мәселелерін сөз етеді. Оның «Терминологияның теориялық мәселелерін зерттеу және бұл саладағы тәжірибелерді қорытып, оған бағыт сілтеп отыру ісі бір ғана Қазақстанда емес, бүкіл одақ көлемінде әлі жеткіліксіз екендігі әр жерде айтылып жүр» деген пікірі сол кезеңдегі терминологияның дамуынан хабардар етеді. Сол алпысыншы жылдарда қазақ терминологиясының теориялық мәселелері қай дәрежеде сөз болғанына назар аударма бастасақ, мақала авторының пікіріне қосылуға тура келеді. Дәл сол мезгілде терминологиялық теориялық мәселелерін зерттеуге арналған монографияны айтпағанда, атап айта қоярлықтай ғылыми мақалалар да жарық көре қоймап еді. М.Исамбаевтың (1961), А.Тәжмұратовтың (1966), Ш.Бәйтікованың (1967), М.Насырованың (1969) кандидаттық диссертациялары негізінен сала терминдерінің жасалуы мен қолданысына, жаңа терминдер мәселесіне арналған еді. Ал сол кезеңде жарық көрген М.Балақаев, Ә.Қайдар, Ә.Әбдірахманов, Е.Жанпейісов, Т.Мұсақұлов сынды ғалымдардың мақалалары терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру, біріздендіру, аудару, оқыту сияқты мәселелерге арналды.

«Аудармада синонимдік сөздердің бәрін жинап-теріп бір-ақ сөздің балауына беруден, сөйтіп сол мәндес басқа сөздерге балама таппай отырып қалудан аулақ болайық» «бізде термин сөз көбінесе аудару арқылы шығады. Сол себепті де, оның ұғымын беретін атауды біз, ең алдымен, халықтың бар сөздерінен іздестіреміз».





«Қазіргі қазақтың орта буыннан жоғарыларының бәрі сауатын ашқаннан бастап «квадрат» дегенді «шаршы» деп, «куб» дегенді «текше» деп оқып, бұл екі сөздің бар ұғымын тек сол атаулар арқылы ғана қабылдап өсті. «Текше метр», «шаршы метр» деген сөздердің мағыналарын түсінбейтін қазақ кем болатын. Сондықтан бұл сөздерді қайта өзгертіп, орысша қалыбына түсірудің не мұқтаждығы болды екен? Мүмкін, математика ғылымының мамандарына бұл атаулардың оғаштау көрініп тұратын жайы бар шығар. Бірақ ондай кісілердің өздері ана тілінен қол үзіп, мұндай мағыналарды қазақша атаулар арқылы ұғынудан аулақтап қалуы ғажап емес қой. Күн сайын тек орысшасын айтып, орысша естіп жүргендіктен де, олардың құлақтары үйреніп кетіп, солай қарай бейім-деле бергісі келіп тұруы да мүмкін».

«Чан» деген сөз үй тірлігінде де, ұсақ қолөнер кәсібінде де көп заманнан бері «күбі» деп алынатын. Әуелгі сөздіктерге солай боп енген де. Ал кейін, осы сөз өндіріске, құрылысқа байланысты боп келгенде, олай деп алуға жүрегіміз дауаламай, «чан» деп қойыппыз да, жақшаның ішінде «күбі» деп түсінік беріппіз. Күбі болған соң, ол барлық жерде неге күбі бола бермейді екен?»

Әдебиеттер

Ә.Сатыбалдиев. «Тіл шұбарлығы неден?» // «Қазақ әдебиеті», 1958 жылы 21қараша.

Әбен Сатыбалдиев. Сөз қазынасының кеніші. – Астана, 2008. – 328.

*Терминологиялық хабаршы.
2009жыл, – № 1(28). 8-15 беттерде.*

Құрманбек Сағындықов және аударма мен терминология мәселелері

Кенестік кезеңде терминдерді аударуға, олардың жасалуы мен қалыптасуына тікелей атсалысып, өзіндік үлесін қосқан мамандардың бірі Құрманбек Сағындықов. Ол аудармамен кәсіби түрде айналысып, мемлекеттік терминология комиссиясының белсенді мүшесі ретінде өзінің және әріптестерінің қаламынан туындаған сәтті терминдерді қолданысқа енгізуге атсалысып отырған.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институты В.И.Лениннің 55 томнан тұратын еңбектерін қазақ тіліне аудару барысында көптеген қоғамдық-саяси терминдер жасалып, қолданысқа енді. Осы істің басы-қасында болған Қ.Сағындықов сол ширек ғасырға жуық жасалған жұмыстың нәтижесі негізінде 1970 жылы «Көсемнің асыл мұрасы» (В.И.Ленин еңбектерін қазақ тіліне ау-





дару мәселелері жайында: 1946-1969 жылдар) атты кітабын жариялады. Бұл кітапта автор 1946-1969 жылдар аралығындағы уақыттағы аударма жұмысының жай-күйін сөз етеді. Кешегі кеңестік кезеңге, пролетариат көсемі В.И.Ленинге, оның еңбектеріне деген бүгінгі қоғам көзқарасы тұрғысынан қарап, бұл еңбекті ескерусіз қалдыру дұрыс болмас еді. Кітаптың атына қарап, көсем мұрасы туралы жазылған басылым жөнінде сөз қозғаудың бүгін қандай өзектілігі бар деген түсінік туындамауға тиіс. Керісінше, ондағы аударма мен терминжасамға қатысты негізді тұжырымдарға, лингвистикалық талдауларға, қамтылған бай тілдік материалға жете назар аудару қажет деп санаймыз. Жалпы кеңестік кезең терминологиясын қарастыру барысында бір байқалғаны, көп жағдайда осы кезеңдегі терминологияны, терминжасам ісін аудармадан бөліп қарауға келе бермейді. Өйткені терминжасам жеке сала ретінде дамып, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы мақсатты түрде қолға алынбағандықтан, жаңа терминдердің көпшілігі аударма барысында жасалып, қолданысқа еніп отырған. Құрманбек Сағындықовтың сөз болып отырған еңбегінен аударма арқылы қалыптасқан сондай бірқатар атауларды кездестіруге болады. «Мәселен, Ленин еңбектерінің бұрынғы аудармасында *колония, конкуренция, царизм, уступка, иллюзия, рыцарь, паразитизм, обыватель* деген сияқты ұғымдар орысша нұсқалары бойынша қолданылып жүрді. Жүре-келе бұларды жоғарыда аталған ретімен *отар, бәсеке, патша өкіметі, кеңшілік, жалған үміт, сері* немесе *сабаз, арамтамақтық, тоғышар* деп аударатын болдық» – деп жазады автор. Бұлардың арасынан *отар, бәсеке, патша өкіметі, тоғышар* сияқты атауларды бүгін де біз сол бастапқы қалпында қолданатын болдық. Яғни аударма барысында пайда болған бұл атаулар тілімізден берік орын алды деуге негіз бар.

Қ.Сағындықов аталған кітабының «Терминология мәселелері» деген тақырыпшасында терминжасам, терминдердің аударылуы мен қолданысына қатысты ойларын ортаға салып, нақты мәліметтер келтіреді. Мәселен, *ұшқарылық (крайность), дайындау (заготовка), даярлау (подготовка), әзірлік (готовность), айналыс (обращение), айналым (оборот), ауыспалы айналым (кругооборот), жаттампаз (начетчик)* тәрізді терминдердің қашан жасалып, қалай қолданысқа енгендігін осы еңбек арқылы білуге болады. Бұлардың арасындағы *ұшқарылық* пен *жаттампаз* атауларынан өзгелерінің қолданысы бүгін біршама орныққан деуге болады.

Терминология тарихы үшін терминдердің жасалған уақыты, оның авторы, жасалу тәсілі, қашан қолданысқа енгендігі немесе қолданыстан не себепті шығып қалғандығының бәрі де өте маңызды. Тек терминология тарихы үшін ғана емес, терминжасам теориясы мен тәжірибесін зерттеу, жетілдіру үшін де бұл мәселелер терминтанушылар назарынан



тыс қалмауға тиіс. Осы тұрғыдан қарайтын болсақ, Қ.Сағындықовтың біз сөз етіп отырған еңбегі өз кезеңінің терминжасам тәжірибесінен мол мәлімет беретіндігімен құнды. Кеңестік кезеңдегі қазақ терминологиясының өзіндік сипатын анықтайтын деректер көзі болумен қатар, автордың күні бүгінге дейін құнын жоймаған пікірлері мен ұсыныстары да аз емес. Яғни кеңестік кезеңдегі саяси-экономикалық терминдердің, қоғамдық-саяси лексиканың жасалуы мен қалыптасуын, аударманың дамуын зерттеуде мұндай еңбектерге соқпай өтуге болмайды.

Кеңестік кезеңде терминердің қалай жасалғанын, қандай қағидаттардың басшылыққа алынғанын Қ.Сағындықов еңбегінен де көруге болады. Ол терминдер қорын қалыптастырудың бағыттары жөнінде былай деп жазады: «Қазақ тілінде жаңа терминдер жасау үш түрлі бағытта жүргізілді; біріншіден, интернационалдық терминдерді (соның ішінде орыс терминдерін), қазақ тілінде олардың дәлме-дәл тиісті балама сөздері жоқ болған кезде, аудармай алу (мәселен, *партия, революция, диктатура, пролетариат, завод* т.т.); екіншіден, шетел немесе орыс терминдерінің мағынасын дәл бере алатын қазақ сөздерін қолдану (мәселен, *класс – тап, переворот – төңкеріс, эксплуатация – қанау*, т.т.); үшіншіден, қазақ тілінің нормаларына сәйкес мүлде жаңа терминдер жасау (мәселен, *промышленность – өнеркәсіп, производство – өндіріс, изобретение – өнертабыс, кустарничество – майдагерлік, учебник – оқулық*, т.т.)».

Кітап авторының бұл жазғандарынан қазақтың терминқор қалыптастырудың бірінші бағыты ретінде «интернационалдық терминдерді, орыс терминдерін, қазақ тілінде олардың дәлме-дәл тиісті балама сөздері жоқ болған кезде, аудармай алу» қағидатын атап көрсетілуінен көп нәрсені аңғаруға болады. Интертерминдер мен орыс сөздерін аудармай алу басты бағыт ретінде белгіленіп, ал «шетел немесе орыс терминдерінің мағынасын дәл бере алатын қазақ сөздерін қолдану» мен «жаңа терминдер жасау» одан кейінгі екінші, үшінші бағыт ретінде танылған. Бұл ұлт тіліндегі термин шығармашылығына басымдық берілмей, кейінгі қатарға ысырылғандығының айқын көрінісі. Мұндай бағыттың белгіленуі қазақ тіліндегі термин шығармашылығының қарқынды дамуына кедергі жасамай қалған жоқ. XX ғасыр басындағы ұлттық терминқор жасау үрдісі барынша бәсеңдеді. Өйткені терминқор қалыптастыруға деген талап өзгерді, кеңестік жаңа қағидат белгіленді. Аударма барысында да бұл кеңестік қағидаттар басшылыққа алынып отырған.

Аудармашы маманның терминдерді аудармай алуға қатысты кейбір деректері XX ғасырдың орта тұсындағы терминдердің қалыптасу тарихынан ақпарат беруімен қатар, кеңестік кезеңнің терминқорын жасаудағы үрдісті де көрсетеді. Ол «орыс тіліндегі *рынок, уклад, постановка, заказ, заявка* деген сияқты ұғымдар бұрын түрліше аударылып келді. Кейін, қазақ тілінде бұлардың мағынасын дәлме-дәл беретін баламалар

жоқ екені әбден анықталған кезде, бұлар орысша нұсқалары бойынша қолданыла бастады. *Базар, жік, жеткізу, тапсырма, табыстама* деген сөздер жоғарыдағы орысша атаулардың мағынасын дәл бере алмайды», – деп жазады. Баламалар орыс тіліндегі атаулардың мағынасын дәл бере алмаған күннің өзінде олардың орнына басқа, олардан сәттірек жасалған баламалар ұсынуға болатын еді. Термин жасау, жаңа сөз жасау шығармашылық жұмыс, сол себептен де ол жарты жолда тоқтап қалуға тиіс емес. Ал жоғарыдағы терминдерге қатысты олай дей алмаймыз, басқа балама табу, жаңа термин жасау ісі жалғаспаған. Айналып келгенде, кеңестік кезеңдегі «қазақ тілінде термин жасап әуре болғанша, орыс тілінен дайын қалпында ала салған тиімді» деген әбден орныққан, тілдің жасампаздық қабілетін шектеп, мешеулікке жетелейтін психология үстемдік еткенін көруге болады. Сондықтан автордың «қазақ тілінде бұлардың мағынасын дәлме-дәл беретін баламалар жоқ екені әбден анықталған кезде, бұлар орысша нұсқалары бойынша қолданыла бастады» деген пікірі өз уақытының шындығын көрсетіп тұрғанымен, онымен келісу қиын. «Балама жоқ екендігі әбден анықталған кезде» деген сөздің астарында енді бұл атауларға балама іздеудің қажеті жоқ деген тұжырым жатқанын байқауға болады. Алайда қазақ тіліндегі термин шығармашылығы біршама жандана бастаған 90-жылдардан бергі кезеңде осы бес атаудың төртеуінің қазақша баламасы орнығып, тілімізде *нарық, қойылым, тапсырыс, өтінім* түрінде біркелкі қолданыла бастады. Осы мысалдардан-ақ аталған терминдердің жаңа баламалары ізделінбей орыс тіліндегі нұсқаларын қолдануға қайта көшудің негізсіз болғанын аңғару қиынға соқпайды. Жоғарыдағы аталған бес терминнің ішінен «уклад» терминін ғана тарихшылар сол қалпында қолданып жүр. Бұл «уклад» сөзі баламасыз қолдануды қажет ететін, басқа тілде мағынасын беретін сөз табу мүмкін болмайтын айрықша атау дегенді білдірмейді. Кірме терминді тарихшы, қоғамтанушы мамандардың қазақша баламамен алмастыруды, термин жасауды мақсат етпеуіне немесе ұтымды термин жасай алмауына байланысты қолданыста қалып отыр. Әйтпесе, бұл терминнің де қазақша баламасы жасалып, қолданыста жүруі мүмкін еді. Алдағы уақытта да «уклад» терминінің қазақша нұсқасы жасалып, қолданысқа түсу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Термин шығармашылығы үздіксіз жүріп жататын үдеріс. Ең бастысы, осы шығармашылық үдерістің үздіксіз дамып, жоғары кәсіби деңгейде жүзеге асып жатуы.

Терминдердің жарыса қолданылып барып, бірізге түсуі де табиғи құбылыс. Автор 50 60-жылдары «*постановление, резолюция, решение* деген ұғымдардың қазақша орнықты баламалары *қаулы, қарар, шешім* тұрса да, бұларды бір-бірімен шатастырушылар әлі күнге дейін табылады» деп жазса, бүгін бұл терминдер бірізді қолданылатын болды. Сөз

болып отырған кезеңде *договор, мастер, мастерская* деген атаулар бірде аударылмай, бірде *шарт, шебер, шеберхана* түрінде олардың қазақша баламаларының қолданылғанын да автор осы еңбегінде атап көрсетеді. Ал қазір бұл терминдердің де қазақша нұсқалары тұрақты қолданылатын, тілде орныққан атаулар қатарына енді.

Қ.Сағындықов терминология мәселелері туралы сөз еткенде «*отношение, удельный вес, положение, правило* сияқты түрліше аударылып жүрген терминдерді әрқашан да қазақша *арақатынасы* немесе *арасалмағы, үлес салмағы, қағида, ереже* деген сөздермен беру керек» деп, – жазған еді. Бұл терминдердің арасында да күні бүгінге дейін қолданысы бір ізге түсе алмай келе жатқандары бар. Олар – *қағида* мен *ереже*. Бұл екі атау әлі де бірінің орнына бірі жұмсалады немесе көпшілік жағдайда орыс тіліндегі *положение, правила* деген екі атаудың орнын қазақ тіліндегі бір ғана «ереже» сөзі алмастырып жүр. Мысалы, *жол қозғалысы ережелері* (правила дорожного движения), *мінез-құлық ережелері* (правила поведения), *жалпы ережелер* (общие положения), *тұрпатты ереже* (типовое положение), *Конституция ережелері* (положения Конституции), *негізгі қағидалар* (основные положения) т.б. Жарты ғасырға жуық уақыттан бері бұл терминдердің бірінің орнына бірі жұмсалып, ұзақ жылдар бойы қолданысы ретке келтірілмей отыруы терминологиялық жұмыстардың тиісті деңгейде жүргізілмей келгендігімен тығыз байланысты. Мамандар 60-жылдардың аяғында көтерген мәселе әлі шешімін таппай отырғандығына басқаша себеп-сылтау іздеп жатудың еш реті жоқ. Керісінше, кез келген салада өте жиі қолданылатын осы екі атауды жарыстырып қоймай, мемтерминкомда қарап бекітіп, қолданысын ретке келтірмей болмайды.

Аудармашы маман кейбір сөздердің аудармасына қарсы болған еді. Мәселен, ол *гонорар, коллега* сөздерінің аудармасына қатысты пікірін былай деп білдіреді: «*гонорар, коллега* деген ұғымдарды аудармай қолданған жөн. Бұлай дейтініміз, қаламақы «гонорардың» төлеуі бола алмайды. Өйткені жазу-сызу өнерімен айналысатын адамдар (жазушы, адвокат) жөнінде бұл дұрыс болғанымен, буржуазиялық елдерде жұртты емдегені үшін алатын дәрігердің гонорарын «қалам ақы» деп аудару дұрыс емес. Сол сияқты «әріптес» деген қазақ сөзі «коллеганың» толық баламасы бола алмайды. Мағынасы жағынан бұл сөз (әріптес) *партнер, напарник* деген ұғымдарға анағұрлым жақын».

Айтылған пікірдің жаны бар. Бірақ ол абсолютті балама іздеудің үнемі орындала беретін талап емес екендігін ескермеген сияқты. Сөздің мағынасында ұғым белгілерінің бәрін тұтас қамту қиынның қиыны. Сөз мағынасының тарылту мен кеңейту, ұғым мазмұнын дәл қамтымаса да мағынасы жақын сөздерге қосымша мағына үстеу арқылы да жаңа сөз жасау сөзжасам үдерісінде болып жататын құбылыс екендігі белгілі.



«Қаламақы», «әріптес» атауларының жасалуынан да осыны аңғаруға болады. Жасалған кезде жаңа сөздер ұғымның бірқатар маңызды белгілерін қамтыған. Сол себептен де бірден болмаса да, уақыт өте келе оларды жұртшылық қабылдағандықтан, тілдік қолданысқа енгендігінің куәсі болып отырымыз.

Қ.Сағындықовтың білікті кәсіби аудармашы ретінде әр терминнің өз мағына сәйкес қолданылуы мен бірінің орнына екіншісі жұмсала беретін атаулардың мағыналарының аражігін ажыратып қолдануға мән бергендігі еңбегінің өн бойынан үнемі көрініп отырады. Оның сондай пікірлерінің бірін мысалға келтіруге болады. Мәселен: «Орыс тіліндегі уақыт өлшемін білдіретін *эра, эпоха, период, этап, момент* сияқты орайлас атауларды аударуда да бірізділік болмай отыр. Мәселен «эпоха» дегенді «заман» деп те, «дәуір» деп те алып жүрміз. Бұл, әрине, дұрыс емес. Өйткені аталған термин сөздердің байыбына баратын болсақ, мағыналық аумағы мен тарихи өлшемі жағынан эра эпохадан, эпоха периодтан, период этаптан, этап моменттен үлкен. *Қазақтың замана, заман, дәуір, кезең, кез* деген сөздері жөнінде де осыны айтуға болады. Егер тіл мамандары, әдебиетшілер мен аудармашылар: *эра – замана, эпоха – заман, период – дәуір, этап – кезең, момент – кез* болсын деп бір пікірге келер болса, бұдан пайдадан басқа ешқандай зиян болмас еді» – деп жазады автор. Уақыт өлшеміне қатысты атаулардың қолданысын біріздендіру мәселесі өте орынды көтерілген. Өкінішке қарай, бұл атаулардың қолданысы әлі де бірізге түсе алмай келеді.

Қазақ тілінің қолданыс аясы мейлінше тарылып, ұлт тіліндегі термин шығармашылығы тұралаған кезеңде де бірқатар жаңа сөздер, терминдер жасалды. Ол жөнінде кітап авторы былай деп жазыпты: «Қазақ тілінің нормаларына сәйкес ғылыми-шығармашылық жолмен сан алуан жаңа сөздер жасалды. *Өнеркәсіп, өндіріс, өнертабыс, майдагерлік, кәсіпкер, өсімқор, айналым, айналыс, өнім, тұтыну, қажеттілік, ұсыныс, сұраныс, оқулық, иелік, құн, өзіндік құн, қосымша құн, жалақы, еңбеккүн* сияқты тыңнан жасалған терминдер мен ұғымдар шын мәнінде тілімізді едәуір байытып отыр».

Мұндай атаулардың тілімізді байытқаны талас тудырмайды. Маманның бұл пікіріне біз де қосыламыз. Алайда автор сөз етіп отырған ширек ғасырды қамтитын уақыт аралығында қолданысқа енген 20-30 сөзді сан алуан жаңа сөздер жасалды деп көпсіне алмаспымыз анық. Әрине, ол кезеңдегі идеология мен тіл саясатын, қазақ тіліне деген орталықтың көзқарасын ескерсек, мұның өзін аз ғана ұлтжанды мамандардың қолымен жасалған үлкен жұмыс деп бағалаған дұрыс болар. Дегенмен, тілімізге сол кезеңде орыс тіліндегі қалпын сақтап жүздеп, мындап еніп жатқан кірме терминдермен салыстырғанда жоғарыдағыдай қазақша жасалған сөздер теңізге тамған тамшыдай еді. Сол тамшының тамуына





себепкер болған Қ.Сағындықов секілді ұлт зиялыларының еңбегін ерекше бағалай отырып, жалпы алғанда қазақ тілінде термин жасау ісінің ауыз толтырып айтарлықтай қарқын ала алмағанын айту керек.

Сағындықов Қ. Көсемнің асыл мұрасы. (В.И.Ленин еңбектерін қазақ тіліне аудару мәселелері жайында: 1946-1969 жылдар). Алматы, 1970. -208 б

Терминологиялық хабаршы,
– 2011 жыл. – № 1 (35). – 10-15 б.

Ісләм Жарылғаповтың сөзжасам тәжірибесі

Кеңестік кезеңде бізде ұлт тіліндегі термин шығармашылығы мүлдем кенжелеп, XX ғасыр басындағы қазақ зиялылары қалыптастырған терминжасам дәстүрі жалғасын таппай қалғандығы жөнінде айтып та, жазып та жүрміз. Тіл мамандары да ғылым мен техниканың, өзге де көптеген арнаулы салалардың мамандары да ғылыми ұғымдарды ұлт тілінде атап, қазақша термин жасау мәселесінен шет қалғаны осы кезеңнің шындығы. Оған дау айтып, дәлел іздеп жатудың реті жоқ. 30-жылдардан бастап, Кеңес одағы ыдыраған кешегі 90-жылдарға дейінгі уақыт аралығында қалыптасқан терминологиялық қорымызға көз жүгіртсек жеткілікті. Терминдерді орыс тілінен қалай және қаншалықты мөлшерде қабылдағанымыз, бәрі де анық көрініп тұр. Жалпы алғанда орыс тілін үлгі етіп алған кеңестік терминқор жасау бағытын ұстанып, терминологиямызды халықаралықтандыру үрдісінен шықпағанымызбен, сол уақытта да қазақ тілінде сөз жасаудың маңызын терең түсініп, өздері де бұл іске қал-қадерінше атсалысқан жекелеген азаматтар болды. Бұл орайда Ә.Сатыбалдиев, І.Жарылғапов, М.Әлімбаев, Б.Қыдырбекұлы, Р.Бердібаев сынды есімі елге белгілі аудармашы, ақын-жазушы, әдебиетші, журналистердің еңбегін ерекше атаған абзал. Бұл аталған есімдердің арасынан қазақ тілінің сөздік қорын байытуға елеулі үлес қосқан І.Жарылғаповқа жеке тоқталған орынды.

Ісләм Жарылғаповтың сөзжасам шеберлігі туралы қалың көпшілік пен қалам ұстаған қауым арасында еске алынып, жекелеген мақалаларда немесе сөз арасында айтылғаны болмаса, осы уақытқа дейін оның шығармашылығы, қаламынан туындаған сөздері туралы жүйелі лингвистикалық талдау жасалып, таратылып жазыла қоймаған еді. Бұл орайда 2008 жылы жарық көрген журналист-жазушы Өтеш Қырғызбаевтың «Сөз зергері Ісләм Жарылғапов» деген өмірбаяндық, танымдық кітабын осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған еңбек деп бағалаған орынды. Автор аталған кітабында І.Жарылғаповты қайраткер, аудар-





машы, ұстаз, сыншы, ғалым, ақын яғни көп қырлы, жан-жақты азамат ретінде таниды. Кітап авторы оның осы қырларын ашуға талпыныс жасаған, өзіндік пайымдауларын ортаға салған. І.Жарылғаповтың өзге қырларын сол салалардың білікті мамандары әдебиет сыншылары мен ақындар бағалай жатар. Ө.Қырғызбаевтың авторлығымен жарық көрген бұл кітап І.Жарылғапов мұрасын жұртшылық назарына, ғылыми айналымға ұсынып отырған алғашқы арнаулы еңбек. Жалпы біздіңше, оның соңында қалған мұрасын, жазған-сызғандарының бәрін жинақтап, жүйелеп, жеке басылым етіп шығарған дұрыс. Сонда әр саланың мамандары, ғалымдар оның шығармашылығымен тікелей танысып, өздеріне қатысты қырларын жан-жақты талдап, ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігіне ие болады. Ұлт тілінің дамуына бір кісідей еңбек сіңіріп, өзіндік үлес қосқан азаматтың еңбектері сонда ғана тиісті сала мамандары тарапынан шынайы бағасын алады деп білеміз. Біз төменде тәжірибелі аудармашы, белгілі сөзжасам шеберінің қаламынан туындаған сөздері, терминдері, оның қазақ лексикасының баюына қосқан өзіндік үлесі туралы ғана сөз етпекпіз.

«Ісләм Жарылғапов творчествосында В.И.Ленин қай жағынан алғанда да, бірінші орында» деп жазыпты Жапар Өмірбеков. Шындығында да оның шығармашылығы В.И.Ленин есімімен тығыз байланысты. Социализм көсемі В.И.Ленин соңына 55 том еңбек қалдырғаны белгілі. Кешегі кеңестік кезеңде оның еңбектерін ұлт тілдеріне аударуға, мектеп жасындағы баладан бастап оқытып, «кеңес халқына» кеңінен насихаттауға айрықша мән берілді. Қазақстанда бұл істің қолға алынған бастапқы кезеңінен бастап, басы-қасында болған қазақ қаламгерлерінің бірі І.Жарылғапов. Ол пролетариат көсемінің еңбектерін қазақ тіліне аударуға бар ынта-жігерімен кірісіп, бұл іске көп еңбек сіңірді. Оның аудармашылық тәжірибесінің молығып, саяси әдебиеттерді аударудың білікті маманы ретінде қалыптасуы да В.Ленин еңбектерін қазақ тіліне аудару ісімен сонау 30-жылдардан бері айналыса бастауымен тікелей байланысты. Мәселен, «В.И.Лениннің өмірі мен революциялық қызметтері» (1937) «Жастар одағының міндеттері»(1944), «В.И.Ленин. Комсомолдың III Бүкілодақтық съезінде сөйлеген сөзі» (1943-44) сияқты аудармалары оның саяси әдебиеттерді аудару саласындағы атқарған істері болып табылады. Бұл орайда Ө.Қырғызбаевтың «Сол кезеңдегі уақыт талабына байланысты партиялық қызметте жүргендіктен В.И.Ленин шығармаларын зерттеу, еңбектерін қазақ тіліне аудару «Лениниана» тақырыбы – Ісләм Жарылғаповтың ғылыми-көркем шығармашылығы мен аудармашылық қызметінің басты темірқазығы болды» деген пікірінің негізі бар. Алғашқыда саяси әдебиеттерді аударудан бастап, кейінірек ол көркем әдебиеттерді аударуға да жетік маманданды. Замандастары оны көркем әдебиетті аударудың да шебері, білікті аудармашы, тәжірибелі редак-





тор ретінде танығанын, өзінен жасы үлкен-кіші қаламгерлер қауымының пікірлерінен анық аңғаруға болады. Мәселен, сөз зергері Ғ.Мүсіреповтің «Жарылғапов Ісләм көркем әдебиеттің редакторы санатында мейлінше ысылған маман, аса зейінді-зереқ редакторлардың бірі болып саналады» деген пікірі де соны байқатады. Жалпы І.Жарылғапов жасап, тілдік қолданысымызға енгізіп кеткен сөздердің дені негізінен аударма үдерісі кезінде туындаған атаулар. Әдебиетші Ісләм Жарылғапов ең алдымен аударманың, оның ішінде, саяси аударма мен көркем аударманың шебері. Оның жасаған барлық сөздері, бүкіл сөзжасам шығармашылығы аудармамен тікелей байланысты. Оның сөзжасам шығармашылығын өзі жоғары бағалаған, кәсіби маманданған аударма ісінен бөліп қарауға болмайтыны анық. Бұл орайда «Әсіресе, аудармашылар сөз жасаумен көбірек шұғылданатынына өзіміз де куә болып жүрміз. Мысалы, бүгінгі Қазақстанның білгір аудармашыларының бірі Ісләм Жарылғаповтың еңбегін ерекше атаған әділдік дер едік. Ісләм аудармалар арқылы қазақ тіліне бірнеше сөз қосты» – деген белгілі ақын Мұзафар Әлімбаев пікірі өте орынды айтылған деп білеміз.

Белгілі сөзжасам шебері І.Жарылғапов қазақ тіліне өз тарапынан қанша жаңа сөз жасап қосты деген сұрақ қоюшылар болды. Әрине, бұл сұраққа дәлме-дәл жауап беру қиындау болар. Бірақ ол жасады, қолданысқа енгізді деп көрсетіліп жүрген атауларды саралайтын болсақ, оның қаламынан туындаған атауларды мейлінше нақтылай түсуге болады. Аудармашының өзі бұл жөнінде бір өлеңінде «Төлдегіп ана тілімді, Бес мың сөз қостым мен өзім» депті. Ал Ө.Қырғызбаев «Бұл өлеңінде Ісләм Жарылғапов өзінің тапқан жаңа сөздері, сөз тіркестері бар, шет ел тілдерінен аударған балама сөздерінің жалпы санын көрсетсе керек. Оның ішінде жаңа сөздері бес жүздің басын құрайды»(4-бет) – деп жазады. І.Жарылғаповтың соңында қалдырған қолжазбаларымен тікелей танысып, оны жариялап отырған «Сөз зергері Ісләм Жарылғапов» атты кітап авторының пікіріне және осы кітаптағы берілген сөздер тізіміне сүйенсек, сөз жасаушының бес жүзге тарта сөз жасады дегені шындыққа жақындайды. Бірақ бұдан І.Жарылғаповтың өзі жасаған немесе тілдік қордан тауып ұсынған осы атауларының бәрі жұртшылық тарапынан қабылданып, жаппай қолданысқа еніп кетті деген қорытынды жасауға болмайды. Оның қаламынан туындаған сөздердің бірқатары көпшілік тарапынан жылы қабылданып, күні бүгінге дейін қолданылып, «жаңа сөз» мәртебесін жоғалта бастаса, енді бірқатары автордың ұсынысы ретінде қалып, жалпы қолданысқа көше қоймады. Сондай-ақ сөз жасаушының сиректеу қолданылып жүрген, әлі де қалың көпшілік тарапынан бірізді қолданылу дәрежесіне жете қоймаған атаулары да бар. І.Жарылғаповтың жаппай қолданысқа көшіп, қалыптасып кеткен атаулары қанша, деген мәселеге келер болсақ, бұл орайда қазақтың белгілі





қаламгері Сафуан Шәймерденовтің пікірі шындыққа жақын деп білеміз. Ол өзінің І.Жарылғапов туралы «Сүзгіш жазушы» деген шағын мақаласында былай деп жазады: «Балмұздақ. Аялдама. Оқырман. Көрермен. Жағажай. Жайлаужай. Бейдауа.... тағысын тағылар. Осындай сөздердің ұзын-ұрғасы жиырма-отыз. Ал мұның өзі бір адам үшін аз дүние емес. Өйткені сөз туындату – айрықша талантты қажет ететін қиын құбылыс. Қазіргі әдеби тілімізде де, ауызекі сөйлеуімізде де қалыптасып кеткен жиырма-отыз жаңа сөз! Ал қалыптаса қоймағаны қаншама?...»

І.Жарылғапов қаламынан туындады деп көрсетілген атауларды саралап қарағанда қаламгердің мақаласында айтылған деректің дәлдігі жоғары екендігіне көз жеткізуге болады. С.Шәймерденов қолданысқа еніп кетті деп көрсеткен сөздердің басым көпшілігін жұртшылықтың жатсынбай пайдаланатын болғаны рас. Бірақ олардың арасынан *бейдауа, жайлаужай* сияқты жекелеген сөздер қазір сол кездегіден сирек қолданатын атаулар қатарына ойысса, керісінше, 90-жылдарға дейін әлі жұртшылық құлағы үйренісе қоймаған *орынтақ, қазанама, тілтаным* тәрізді атаулары жиі қолданылатын сөздер қатарына еніп келеді.

Сөзжасаушының қаламынан туындағаны еш күмән туғызбайтын, қазақ тілінің лексикалық қорына қосылып, тілімізде кеңінен қолданып жүрген жеке авторлық атаулары мыналар: *аялдама, балмұздақ, баспагер, басылым, галамшар, гарышкер, дүниетаным, еңбеккер, жағажай, жазылым, зымыран, көрермен, қазанама, қайраткер, қаламгер, қойылым, мерейтой, оқырман, орынтақ, өркениет, суреткер, тұсқағаз, тыңдарман, үлгерім, шипажай*.

Оның бұл қатарға жататын сөздері бұлармен де шектелмеуі мүмкін. Ғылыми нақтылық үшін оның қаламына тиесілі делініп көрсетілген *алушы (получатель), анықтама (справка), бап (статья), келісім (соглашение), жиналыс (собрание), сыйлық (премия), тігінді (подшивка), күрескер (борец), отырыс (заседание), мәлімдеме (заявление), қолхат (расписка), сенімхат (доверенность), келуші (посетитель), мазмұндама (коммюнике), дәретхана (туалет), шеберхана (мастерская)* сынды тілде тұрақты қолданылатын бірқатар атаулардың әлі анық-қанығын аша түсу керек.

Жаппай бірізді қолданылу деңгейіне жетпесе де, тілде біршама қолданылатын, тұрақтауға жақын атаулары *аққайнар (шампанское), азагүл (венюк), гүлгүл (букет), құбылнама (компас), лақанат (псевдоним)*, т.б. Бұл сөздер тұрақты қолданылмаса да, белгілі қаламгерлерді шығармаларына еніп, жұртшылыққа едәуір таныс болып қалған.

Аударма, терминжасам кезінде тілімізде бұрыннан бар төл атауларымызды орынды пайдалану орнына қолдан жасанды сөз жасап, соларды тықпалап, қалайда қолданысқа енгізуге күш салып жататын жағдайлар да ұшырасады. Бұл тұрғыдан қарағанда, І.Жарылғапов қалайда жаңа сөз





жасауды, өзі ұсынған сөздерді қолданысқа енгізуді мақсат етіп қоймаған. Ол аударма үдерісі кезінде тілімізде бұрыннан бар, алайда қалтарыста қалып, мамандар тарапынан ескерілмей келген көптеген қазақ сөздерін ерінбей іздеп тауып, оларды өз мағынасында немесе мағынасын біршама жаңғыртып қолдана білген. Ондай сөздердің қатарына ол қолданған *асадал, ғарыш, кеніш, ымыра, пырақ, әжуа, ұран, жиһаз, қойма, көген, демеуші, емші* сынды атауларды қосуға болады.

2008 жылы Ө.Қырғызбаевтың авторлығымен жарық көрген «Сөз зергері Ісләм Жарылғапов» атты кітапта «І.Жарылғаповтың сөз маржандары» деп ұзын саны 500-тарта сөз бен 100-ден астам өсімдік, асыл тастар мен аң-құс, жан-жануарлар атауларының тізімі беріледі. Алайда, осы тізімдегі сөздердің едәуір бөлігі тілімізде бұрыннан бар, қолданыста болған, немесе 30-жылдарға дейін алаш зиялылары жасаған атаулар екенін айту керек. Біз ХХ ғасыр басында жарық көрген бірқатар газет-журналдар мен түрлі басылымдарды сүзіп карағанда оған көз жеткіздік. Ол басылымдардың бәрін тізіп жатудың қажеті бола қоймас. Алайда, сөзіміз дәлелді болу үшін, аталған сөздердің бірнеше сөздіктердегі берілуін хронологиялық тәртіппен, төмендегі кесте түрінде беріп отырмыз.

Орысшасы	Қазақша-орысша тіл-маш. Мәскеу, 1925.	Пән сөздері. Қызылорда, 1927.	Атаулар сөздігі. Қызылорда, 1931.	І.Жарылғапов жасады деген сөздері тізімін- де
дневник	–	–	<i>күнделік</i>	<i>күнделік</i>
сознание	<i>сана</i>	<i>сана</i>	<i>сана</i>	<i>сана</i>
таблица	–	<i>кесте</i>	<i>кесте</i>	<i>кесте</i>
горизонт	–	<i>көкжиек</i>	<i>көк жиек</i>	<i>көкжиек</i>
председатель	–	<i>аға</i>	<i>төраға</i>	<i>төраға</i>
революция	<i>төңкеріс (переворот)</i>	<i>төңкеріс</i>	<i>төңкеріс</i>	<i>төңкеріс</i>
гоним	–	–	<i>қаламақы</i>	<i>қаламақы</i>
ожерелье	<i>алқа</i>	–	<i>алқа</i>	<i>алқа</i>
дезинфекция	<i>бұқырлау</i>	<i>аластау</i>	<i>бұқырлау</i>	<i>бұқырлау</i>
организация	<i>ұйым</i>	<i>ұйым</i>	<i>ұйым</i>	<i>ұйым</i>
показатель	–	–	<i>көрсеткіш</i>	<i>көрсеткіш</i>
приговор	–	<i>үкім</i>	<i>үкім</i>	<i>үкім</i>
аптека	–	<i>дәріхана</i>	<i>аптек</i>	<i>дәріхана</i>
постановление	<i>қаулы</i>	<i>қаулы</i>	<i>қаулы</i>	<i>қаулы</i>
мировоззрение	–	<i>дүние тану</i>	<i>ой өрісі (дүниеге көзқарас)</i>	<i>дүниетаным</i>



оратор	<i>шешен</i>	<i>шешен</i>	<i>шешен</i>	<i>шешен</i>
государство	–	<i>мемлекет</i>	<i>мемлекет</i>	<i>мемлекет</i>
резюлюция	–	<i>қарар</i>	<i>қарар</i>	<i>қарар</i>
(у)правление	<i>басқарма</i>	<i>басқарма</i>	<i>басқарма</i>	<i>басқарма</i>
жилище	–	–	<i>баспана</i>	<i>баспана</i>
культура	<i>мәдениет</i>	<i>мәдениет</i>	<i>мәдениет</i>	<i>мәдениет</i>
совет	<i>кеңес</i>	<i>кеңес</i>	<i>кеңес</i>	<i>кеңес</i>
полка	<i>сөре</i>	–	<i>сөре</i>	<i>сөре</i>
доля, надел	<i>сыбаға</i>	<i>сыбаға, үлес</i>	<i>сыбаға</i>	<i>сыбаға</i>
кожаный пояс	<i>кісе</i>	–	–	<i>кісе</i>
приказ	<i>бұйрық</i>	<i>жарлық</i>	<i>жарлық, әмір</i>	<i>бұйрық</i>
сатира	<i>мысқыл (сарказм)</i>	<i>мысқыл (сарказм)</i>	<i>мысқыл</i>	<i>мысқыл</i>
проказа	<i>алапес</i>	<i>алапес</i>	<i>алапес</i>	<i>алапес</i>
совет	<i>кеңес</i>	<i>кеңес</i>	<i>кеңес</i>	<i>кеңес</i>
обоз	<i>кіре</i>	–	–	<i>кіре</i>
рубин	<i>лағыл</i>	–	<i>лағыл</i>	<i>лағыл</i>
яхонт	<i>жақұт</i>	–	–	<i>жақұт</i>
ковыль	–	<i>көде</i>	<i>көде</i>	<i>көде</i>

«Қаламақы» мен «зейнетақы» сияқты сөздер заңнамалық маңызы бар ресми құжаттарда да кеңінен қолданылады» – дей келіп, автор І.Жарылғаповтың сөз маржандарының қатарында «қаламақы» сөзін де көрсетіпті. Жоғарыдағы кестеде көрсетіліп отырғандай, бұл атау 30-жылдары жасалып, ресми бекітілген терминдер қатарында сөздікке енген. Бұл кезде І.Жарылғапов 10-12 жаста болған екен, сондықтан бұл сөзді оның қаламынан туындаған атаулар қатарына қоса алмасақ керек. Осы үлгімен жасалған «еңбек ақы», «жал ақы» (заработанная плата) сынды атаулар 20-жылдары қолданысқа ене бастаған. Жалпы жоғарыдағы кестеде келтірілген сөздерді І.Жарылғапов жасаған атаулар қатарына қосудың негізі де, реті де жоқ. Оның жасаған сөздерінің қатарында *асхана (столовая)* сөзі де беріліпті. Академик І.Кенесбаев пен Ғ.Мүсіреповтің 1972 жылы «Лениншіл жас» газетінде бірлесіп жарияланған «Әдеби тіліміз – кең арналы тіл» деген мақалаларында *шілдехана, масахана, асхана* тілімізде бұрыннан бар атаулар деп көрсетіліпті. Кітапта берілген өсімдік, асыл тастар мен аң-құс, жан-жануарлар атауларының да тіл жанашырының қаламынан туындаған әр сөзін ғылыми дәлдікпен нақты көрсетіп, оның сөзжасам тәжірибесін зерделеп, бүгінгі уақыттағы сөз шығармашылығында пайдаланып



жатсақ, құба-құп. Алайда, ол жасады деген сөздердің санын қолдан ұлғайтып көрсетуге ұмтылуға қандай да бір қажеттілік бар деп ойламаймыз. «Аялдама», «балмұздақ», «суреткер» сынды зергердің қолынан шыққан бұйымдай, бас-аяғы жұп-жұмыр, іші-сырты үйлесім тауып сәтті жасалған сөздері-ақ оның білікті аудармашы, қазақ тіліндегі сөз шығармашылығына өзіндік үлес қосқан ұлтжанды маман екенін айғақтап тұр.

Сөзден сөз жасап шығару деген қиынның қиыны. Сондықтан да, ойы ұшқыр, қаламы жүйрік талай қаламгерлер мен ғалымдардың ұсынған атауларының бәрі бірдей жұртшылық талғамынан шығып, тілге сіңіп кете бермеген. Білікті аудармашы І.Жарылғапов ұсынған атаулардың арасында да ондай сөздер едәуір. Мәселен, мына төменгі кестеге назар салып көрелік:

орысшасы	І.Жарылғапов ұсынған атаулар	Қазіргі қолданыстағы қалыптасқан нұсқасы
документ	<i>сендіргі</i>	<i>құжат</i>
договор	<i>бәтуа, шарттаспа</i>	<i>шарт</i>
овощ	<i>қаула</i>	<i>көкөніс</i>
календарь	<i>жылайна, жылжарғы</i>	<i>күнтізбе</i>
кухня	<i>қазанжай</i>	<i>ас үй</i>
интервью	<i>тілдеспе</i>	<i>сұхбат</i>
критика	<i>парықтама</i>	<i>сын</i>
критик	<i>парықтамашы</i>	<i>сыншы</i>
принцип	<i>басқағида, түптұрғы</i>	<i>қағида</i>
предисловие	<i>беташар</i>	<i>алғысөз</i>
процесс	<i>ағым, барыс</i>	<i>үдеріс</i>
постановщик	<i>қойымпаз</i>	<i>қоюшы</i>
законодательство	<i>заңият</i>	<i>заңнама</i>
клетка	<i>үйкі, үйкін</i>	<i>жасуша</i>
континент	<i>жержаһан</i>	<i>құрлық</i>
микрорайон	<i>бүйреккент</i>	<i>ықшамаудан</i>
правоведение	<i>заңтаным</i>	<i>құқықтану</i>
программа	<i>мұратнама</i>	<i>бағдарлама</i>
заключение	<i>байлам</i>	<i>қорытынды</i>
летучка	<i>лезген</i>	<i>лездеме</i>
словник	<i>сөзен,сөзтізбел</i>	<i>сөзтізбе</i>
командировка	<i>рәсімжол</i>	<i>іссапар</i>
разговорник	<i>сөйлеуіш</i>	<i>тілдескіш</i>
капуста	<i>басжалбыр</i>	<i>қырыққабат</i>

летчик	<i>ұшаман</i>	<i>ұшқыш</i>
выпускник	<i>бітіргін</i>	<i>түлек</i>
отличник	<i>саңлақ</i>	<i>үздік</i>
самолет	<i>ұшаған</i>	<i>ұшақ</i>
смена	<i>кезектесе</i>	<i>ауысым</i>
таможня	<i>жүкөткерлік</i>	<i>кеден</i>
детсад	<i>бөбекхана, бөбекжай</i>	<i>балабақша</i>
мастер	<i>ісбегі</i>	<i>шебер</i>
помидор	<i>алжұмыр</i>	<i>қызанақ</i>
дух	<i>рухия</i>	<i>рух</i>
водопад	<i>құстасқын, ортасқын</i>	<i>сарқырама</i>
творчество	<i>өнерлік</i>	<i>шығармашылық</i>
справочник	<i>анықтауыш, анықтамал</i>	<i>анықтамалық</i>
словарь	<i>сөзтіл, сөзбілмел, сөзбіл</i>	<i>сөздік</i>
перевод	<i>туындама</i>	<i>аударма</i>
юбиляр	<i>мерекей</i>	<i>мерейгер</i>
естествознание	<i>жаратия, табиғат білгірлік</i>	<i>жаратылыстану</i>
целина	<i>тыңжер</i>	<i>тың</i>
целинник	<i>тыңжерші</i>	<i>тың игеруші</i>
давление	<i>қан шіреуі</i>	<i>қан қысымы</i>
суверенитет	<i>қожсалық</i>	<i>егемендік</i>

І.Жарылғапов орыс тіліндегі «болельщик» сөзінің қазақша баламасы ретінде «жанкүйер» деудің орнына «намыскер» сөзін ұсынған. Алайда «жанкүйер» жұртшылықтың санасына сіңіп, қолданысқа еніп кеткендіктен, «намыскер» сөзіне орын босата қоймады. І.Жарылғапов туралы кітапта «дача» сөзінің баламасы бірде «жайлаужай», бірде «саябақ» деп берілген. Қазір дачаны – «саяжай», паркті – «саябақ» деп атау орныға бастағаны белгілі.

Сондай-ақ аудармашы қаламынан туындаған *жарияшы (диктор), сырсурет (живопись), айшықтама (заголовок), өнерлеме (изобретение), зерттеме (исследование), күлдірме (комедия), деректеуіш (источник), тілбілгір (лингвист), жадира (мемуар), атамал (название), бетжазба (надпись), шертпе (новелла), ойнауыт (оркестр), хикаяла (повесть), жырзия (поэзия), істемел (практика), жаранғат (публицистика), үйреткер (режиссер), өртжүрек (романтик), үнүлгі (стиль), мильамал (теория), әдемиет (эстетика), айдарша (эпиграф), багия (археология), күмбезие (архитектура), сыйпырия (арифметика), білгірбилігі (аристократия), аспания (астрономия), затия (материя), анажер (материк), данакітап, шаркітап (энциклопедия), құлшынгер (энтузиаст), тіленгер*



(доброволец), тілзерткер, тілзертше (языковедение), бұрышыя, көлемше (тригонометрия), ісмерлеуші (конструктор), қисабия (бухгалтерия), бөлтек (цех), шынықтамал (спорт), құрышкер (спортсмен), сымбатпал (физкультура), ақшажалдар (ростовщик), шәкіртхана (интернат), ішімхана (кабак) сияқты т.б. көптеген сөздер қолданысқа ене қоймаған атаулар қатарында тұр.

Сөз жасаушы ұсынған мұндай атаулардың арасынан сұрыптап алып, әлі де қажетімізге жаратуға болатын ұтымды жасалғандарының әлі де бар екенін айтқан абзал. Мысалы, уыздық (яичиница), жатжазба (диктовка), жатжазу (диктант), ысқын (массаж), ысқыншы (массажист), кесуіш (резец), шарай (орбита), айдарша (эпиграф), өрнекіші (дизайнер), түймешек (кнопка), белгішен (медаль), мерейшен (орден) т.б.

Ал рецензияны «бағағат», «бағанама» деген екен. Осының «бағағат» деген нұсқасын «рецензия» сөзінің баламасы ретінде пайдалануға әбден болады деп санаймыз.

Кітапта критика – парақтама, критик – парақтамашы деп беріліпті. Шамасы, «парықтама», «парықтамашы» болуы керек. Аудармашы бұл сөзді «парықтау» сөзінің мағынасын негізге ала отырып жасаған болса керек деп пайымдаймыз.

І.Жарылғаповтың сөзжасам ерекшелігі туралы айтар болсақ, ол тілімізде бұрыннан бар, өзіне дейін де сөз тудыруда түрлі дәрежеде пайдаланылып келген қосымшалардың арасынан **-гер/-кер** (еңбеккер, қаламгер, суреткер), **-ма/-ме** (аялдама, туындама, өнерлеме.) **-ым/-ім** (басылым, жазылым, үлгерім), **-ман/-мен** (оқырман, тыңдарман, көрермен), **-хана** (жолхана – вокзал, бөбекхана, ішімхана) сынды сөз тудырушы жұрнақтарды көбірек пайдаланған.

І.Жарылғапов жасап, қазіргі тілімізде бірізді қолданылып жүрген жоғарыдағы атауларының бірқатары кезінде кейбір көрнекті тілші ғалымдар мен белгілі аудармашылар тарапынан қабылдана қоймаған еді. Академик І.Кеңесбаев 1958 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Қазақ әдебиеті» газетіне хат» деген мақаласында **-ман/-мен** жұрнақтары арқылы сөз тудырудың дұрыс еместігін айтып, сынға алған еді. Ол былай деп жазады: «Жұрнақ арқылы термин жасауды өзінше түсініп, өзінше тәсіл ашуға құмар жолдастар бар. «Қазақ әдебиеті» бетінен кейінгі кезде «көрермен», «оқырман» тәрізді жаңа сөздер орын тебе бастады. Бұл «жаңалықтан» дәнеңе де ұта алмаймыз. Белгілі бір жұрнақты талғаусыз кез келген жерде жұмсау орынсыз болады. Тілімізде өте жиі кездесетін құнарлы (өнімді) жұрнақтар да, құнарсыз (өнімсіз) жұрнақтар да бар: **-ман(-мен)** жұрнағы соңғы жұрнаққа жатады. *Ал-арман, бер-ер-мен, ат-ар-ман, шаб-ар-ман* бірді-екілі сөзден басқаға бұл





жұрнақ қосылмайды. Есімшенің келер шақ түрін жасасақ, - *ман(-мен)* жұрнағын жалғай беруге болады екен деп, қисыны келмейтін жерге оны тықкыштауға болмайды. *Зритель, читатель* дегендерге дара балама табуды талап етіп, қазақ тілі қағидасын белшесінен басып, *көрермен, оқырман* сияқты сөздерді дұрыс деуге болмайды. Бұл ізбен кете берсек, «айнымалы» (кісі), «бытыраңқы» (сөз), «құранды»(нәрсе) дегендегі соңғы жұрнақтарды «оқы-нды», «оқы-ңқы», «оқы-малы» түрінде қосып, «жаңа» сөз жасамасқа кім кепіл бола алады? Бұл түрде сөз жасау «сиыр боздайды», «түйе мөңірейді» сықылды мәнсіз, мағынасыз бірдене болады. *Оқырман, көрермен* тәрізді тұлғалар әйел киімін еркекке кигізумен бірдей».

Басқа да әдебиетші, тілші мамандар - *ман/-мен* жұрнақтары арқылы жасалған осы атауларды қолдай қоймады. Белгілі аудармашы маман Қ.Сағындықовтың «автордың туындылары – *көрермен, оқырман* деген сияқты жаңа сөздер әлі екі түрлі пікір туғызып келеді» дегені де осы атаулардың шығарамашылық қауым тарапынан қалай қабылданғанын көрсетеді.

«Көрермен», «оқырман» сөздері туралы І.Жарылғаповтың замандасы әрі әріптесі белгілі аудармашы-жазушы Ә.Сатыбалдиев та өз пікірін білдірген болатын. Ол «Тіл шұбарлығы неден?» деген мақаласында академик І.Кеңесбаев пікірін қолдай отырып, «Сөз тіркесінің арасына салып жібергенде, «көрерменнің» қолапайсыздығы «синекдохадан» артық емес» десе, оның «оқырман» сөзіне қатысты айтқаны да осы ойымен сабақтасып жатыр. «Жаңадан термин жасағанда, оның биязылығын, құлаққа жағымдылығын, нәзік те музыкалы болу жағын ескеру керек. Бұл – елеулі шарт. Тіліміздің сыпайы болуын әрқашан көздеуге тиістіміз. Тек осы тұрғыдан алғанда ғана «оқырман» деген сөз көкейге сәл қоныңқырамайды. Бірақ, қазіргі уақытта, бар сыннан өтіп, тіл ұстартудағы табысымыз санатына қосылып кеткен «құрам», «құрылым» деген сияқты сөздер де әуелгі кезде құлақты қырнап, тырнаған болатын. Айта берсе, құлақ та үйреніп кететін көрінеді. Оның үстіне, жаңаның әрқашан соны көрініп, тосаңсып тұратыны да бар» – деп жазады ол.

Айтса айтқандай, бұл атуларға қазір жұртшылықтың құлағы үйренісіп кетті. *-ман/-мен* жұрнақтары арқылы жасалған сөздердің «қолапайсыздығы», эстетикалық талаптарға сай еместігі туралы айтылған сындар ұмытылып, олар көпшіліктің жатсынбай қолданатын сөздері қатарына енді. Дәл сол сияқты 90-жылдары І.Жарылғаповтың өзі де «қожалық» деп атауды ұсынып, қолданысқа енуіне ашық қарсы болған «егемен» сөзі де бүгін ешкім жатсынбайтын үйреншікті атауға айналды. Бұл –



жана атаулардың жұршылықтың санасына сіңіп, қалыптасып кетуіне баспасөздің, аппарат құралдарының айрықша ықпал ететінін көрсететін фактор.

Сондай-ақ екі сөзді біріктіру арқылы сөз туындату да аудармашының сөз шығармашылығында жиі пайдаланған тәсілі. Мысалы, *балмұздақ, галамишар, дүниетаным, мерейтой, орынтақ, тұсқағаз*, сияқты оның қолданыстағы сөздері осы тәсіл арқылы жасалған атаулар. Аудармашы «үй», «пана» мағынасын білдіретін «жай» сөзін пайдалана отырып көптеген сөздер туындатқан. Мысалы, *дауажай (курорт), жагажай (пляж), жайлаужай (дача), шипажай (санаторий), өнержай (дом творчества), дамылжай (дом отдыха), сауықжай (здравница), сақтықжай (профилакторий), жанжай (больничная палата), кебежай (балкон), қазанжай (кухня), жанатжай (вилла), бөбекжай (детсад), өлікжай (морг), нәржай (буфет), тақтажай (гроб)*.

Бұл атаулардың арасынан *жагажай*, сияқтылары бірден қолданысқа еніп кетсе, *шипажай* ал *кебежай, қазанжай, жанатжай, бөбекжай, өлікжай, нәржай, тақтажай* тәрізді атаулары авторлық ұсыныс ретінде қалып қойды.

Оның осы сөзжасам үлгісі бойынша кейінгі жылдары бірқатар жаңа сөздер жасалды. Мысалы, *мекенжай, әуежай, сапаржай*, сынды сөздер.

«Осы аялдаманың – баяндаманың үлгісінде жасалғаны көрініп тұр. Өткен ғасырдың 40-жылдарына дейін газет-журналдарда докладты сол күйінде жазып келіп, қазақ жазушылары баяндама деп алатын болған» (176-б.) – деп жазады Ө.Қырғызбаев аталған кітабында.

Аударма шеберінің қаламынан туындаған «аялдама» сөзінің «баяндама» үлгісімен –**ма**, –**ме** жұрнақтарын жалғау арқылы жасалғанына еш дауымыз жоқ. Алайда «баяндама» деген атауды 40-жылдардан кейін қазақ жазушылары жасады деу онша дәл емес. Бұл атауды алаш зиялылары ХХ ғасырдың 20-жылдары-ақ жасап, қолданысқа енгізген. «Баяндама» атауы «докладтың» баламасы ретінде 1925 жылы Қ.Кемеңгерұлының редакторлығымен Мәскеуде жарық көрген «Қазақша-орысша тілмашта» да, 1927 жылы Қызылордада Н.Қаратышқанұлының құрастыруымен басылып шыққан «Пән сөздері» атты терминдер жинағында да берілген. «Пән сөздері» ХХ ғасыр басындағы А.Байтұрсынұлы басқарған термин комиссиясының ресми бекітіп, жұртшылыққа ұсынған атаулары қамтылған басылым. Сондықтан «баяндаманы» 40-жылдардан кейінгі кеңестік дәуірде жасалған атау емес, қазақ терминологиясы дамуының алаш кезеңінде жасалған терминдер қатарында қарастырғанымыз әділетті болмақ.

«Чемодан» сөзін аудармашы-қаламгер «жағлан» деп алуды ұсыныпты. «Жағыланның» теріден, қайыстан жасалған сандық екені мәлім. Алайда мәселенің мына қырына да назар аударған дұрыс болар деп санаймыз. «Чемодан» орыс тіліне енген түркі сөзі (түркизм) – «шабадан». Сондықтан біз көне атау «жағланды» өз мағынасында жұмсап, «чемоданды» – «шабадан» деп өз мағынасында пайдалансақ, дұрыс болар деген пікірдеміз.

І.Жарылғапов сөзжасаммен айналысумен бірге, терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіру ісінен де шет қалмаған. Ол 1947 жылдан Министрлер Кеңесінің жанындағы терминологиялық комиссия мен оның хатшылығының мүшесі, ал 1972-1978 жылдары он екі томдық Қазақ энциклопедиясы бас редакциясы терминологиялық комиссиясының мүшесі болған.

1981 жылғы 29 желтоқсанда жазған өмірбаяндық деректерінде «Маловато было времени на творчество у людей, работающих где-то. И у меня было немного времени. В творчестве мною сделано очень мало. Но и в этом малом есть какие-то вехи свои» – деп жазған екен. Өзі айтқандай, оның соңында қалған аз ғана мұрасының өзінен болса да, тұщымды дүниелер табуға болады.

«Біздің осы күнгі оқыған қазақтың аузы да, құлағы да, миы да ана тіліне тосаңсып қалған: әр сөздің мағынасы күңгірттеніп көрінеді. Көңілге көмескі тарта бастаған қазақ сөзін қомсынатын, кемсінетін, күдіктенетін әдетіміз осыдан. Байырғы қазақша сөз мағыналарын, байыздап, тұрақтап ойлап көрсен, жоғарыдағы атамалардың (терминдердің) әрі дұрыс екенін, әрі қонымды екенін байқайсың. Бұл салада көп еңбектенуіміз керек-ақ» деп жазыпты сөз қадірін білген ұлтжанды азамат. Тәжірибелі де шебер аудармашының 1976 жылы осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын жазған осы жоғарыдағы пікірі күні бүгін де мәнін жоғалтқан жоқ. Қазақтың сөздік қорын, терминологиялық лексикасын байытуға тиіс көптеген байырғы сөздеріміз әлі де қалтарыста қалып, қажетімізге жаратылмай отыр. Кешегі тіліміздің ғылым саласындағы қызметі шектеліп келген кеңестік кезеңде ғана емес, қазақ тілі мемлекеттік тіл мәртебесін иеленген бүгінгі уақытта да ұлт тілінің өз лексикалық байлығын ұтымды пайдалану тиісті деңгейде жүзеге асырылып жатыр дей алмаймыз. Бұл бағытта азды-көпті атқарылып жатқан істердің бар екендігіне қарамастан, мәселені кәсіби тұрғыдан шешу, жүйелі жұмыс, ыждағаттылық, сауатты ұйымдастырылған ауқымды шаруаның қолға алынғанын көре алмай отырғанымыз қазіргі уақыт шындығы.

І.Жарылғапов аударма ісіне, сөз шығармашылығына үлкен жауапкершілікпен қараған және бұл іспен кәсіби деңгейде айналыса білген білікті маман. Біз оның Ө.Қырғызбаев авторлығымен жарық көрген кітапта қамтылған атаулары жөнінде ғана сөз еттік. Осы кітап авторы аудармашының жасаған сөздері бұлармен ғана шектелмеуі мүмкін екендігін айтыпты. Оның қаламынан туындаған атаулары әлі де табылып, түгенделіп жатса нұр үстіне нұр. Білікті аудармашының қаламынан туындаған сөздерін толық жинақтап, сөз жасау тәжірибесін тілдік тұрғыдан талдау қазақ лексикасы дамуының кешегі тарихын, кеңестік кезеңдегі сөз шығармашылығын айқындау үшін ғана емес, оның ұтымды үлгілерін бүгінгі уақытта да қажетімізге жарату үшін де қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Өмірбеков Ж.* Соны сөз туындатқан//«Жұлдыз» журналы, 1990 жыл. № 11.
- Қырғызбаев Ө.* Сөз зергері Ісләм Жарылғапов. – Алматы, 2008 жыл.
- Әлімбаев М.* Сөз суреті. «Қазақстан мұғалімі», 19 мамыр 1966 жыл.
- І.Кеңесбаев.* «Қазақ әдебиеті» газетіне хат // «Қазақ әдебиеті» газеті, 1958 жыл.
- Қ.Сағындықов.* Көсемнің асыл мұрасы. – Алматы, 1970. – 167 б.
- Ә.Сатыбалдиев.* «Тіл шұбарлығы неден?» // «Қазақ әдебиеті» газеті, 1958 жыл 21 қараша.

*Терминологиялық хабаршы,
2009 жыл, – № 2 (28). 6-17 б.*

A decorative border with a repeating pattern of stylized floral and scrollwork motifs, framing the central text.

ТІЛ ЖӘНЕ ДӘСТҮР

«Бесік жыры» туралы

«Туғаннан дүние есігін ашады өлең...» деп ұлы Абай жырлағандай, қазақ үшін «тал бесіктен, жер бесікке дейінгі» бүкіл саналы ғұмырында өлеңнің алатын орны айрықша. Осынау өлең-өміріміздің қайнар бұлағы, мөлдір бастауы – бесік жырлары. Сөз құдіретін сезініп, сөзге тоқтаған халқымыз ұрпағына арнаған бүкіл жан жылуын, мейірім-шуағын, ақ тілегін сөз патшасы өлеңмен өрнектеп, ұлттық нақыштағы әуенімен әрлеп жеткізген. Ата-ана жарық дүние есігін жаңа ашқан нәрестеге деген шексіз махаббатын, ішкі жан тебіренісін, асыл арманы мен ізгі ойларын сөзге сыйғызған. Бесікке бөлеген сәттен бастап бөбегіне барлық арман-аңсары мен кіршіксіз таза да ең шынайы сезімдерін сөз арқылы, бесік жыры арқылы баян еткен. Бесік жырларында ата-ананың ұрпағынан күтер үміті мен оның алдындағы мақсат-мұраты, азаматтық парызы да көрініс табады. Сәби бесік жырын тыңдау арқылы ата әлдиін, ана үнін құлағына құюмен қатар, ана тілінің уызына да жариды. Жас бала дүниені танудың алғашқы сабақтарын ана тілінде тыңдап, сөз сазы сәби кезінен оның санасына сіңеді. Қазақ баласына бесікте жатқанында-ақ өз тілінде білім берудің маңызын терең түсінген жұрт.

Бесік жырын айту – үлкен тәрбие мектебі. Қазақта ұрпақ тәрбиесі, ұлт тәрбиесі бесіктен басталады. Халқымыз ұл-қызын «бесік жырын тыңдамағаннан без» деп халық тәрбиесінің қайнар бұлағынан сусындамай қалу қаупінен сақтандырса, ал тәрбиелі, өнегелі жанды «бесік көрген» деп үлгі еткен. «Баланы жастан...» дейтін жұртпыз. Сол баланы ата-анасын, бауыр-туғанын, ел-жұртын, Отанын сүюге бесіктен бастап тәрбиелеу – баршамызға ортақ міндет.

Бесікті қастерлеп, бесік жырына ерекше мән берген дана халқымыз елдігіміздің негізі бесікте қаланатынын жақсы білген. Қазақтың осы даналығы «Ел болам десең – бесігінді түзе» деген өнегелі сөзге сыйып тұр. Ұрпағымызға ана тілінде бесік жырын айтып тәрбиелеу бүгінгі күні өте маңызды. Халқымыздың осы тамаша дәстүрін жалғастырсақ – ұлтымыздың рухы биік, елдігіміздің іргетасы берік болары хақ.

*«Даналық әліппесі» кешенінің
«Бесік жыры» кітабына жазылған
«Алғы сөз»*

«Күшік күйеу» туралы

Соңғы бір-бір жарым ғасырда қазақ қоғамы үлкен өзгерістерге ұшырады. Қоғамдық формациялар ауысты. Қазақтың қалыпты өмір салты да түбегейлі өзгеріске ұшырады. Дәстүрлі көшпелі өмірден отырықшылыққа ойыстық. Әр ру жеке-жеке ауыл болып отыратын қазақ өзге халықтармен мидай араласып, кентте, қалада тұратын болды. Басқа халықтың, оның ішінде славян мәдениеті қазақ мәдениетіне көп ықпал етті. Қазақтың бірнеше буыны орысша оқып, орыс мәдениетінен сусындады. Адам төл мәдениетінен жырақтаған сайын, ұлттық дәстүрлерінен де алшақтап, оны берік сақтай бермейді. Бүгінгі қазақ та ұлттық салт-дәстүрлеріміздің көбін әлсіретіп алған, тіпті біразынан мүлде көз жазып, өткен тарих қойнауында қалдырып отырған халықпыз. Бұрын үйленгеннен кейін ата-енесінің қолына кірген жігітті «күшік күйеу» деп өте жағымсыз бейнелейтін. Ондай жағдай болса, оған жігіттің ата-анасы, ауылы, бүкіл рулы ел намыстанатын. Қазір ондай күйеулерді қадам басқан сайын, күнде көретін болдық. Сана да, салт та өзгеріске ұшырады. Кеше «жиен» десек, қазір «қыздан туған баланы да «немере» дейтін болдық. Құдаласқаннан кейін қыз жақтың әл-ауқаты жақсырақ, қолы ұзындау болса, күйеу баласын қызымен қосып, өз үйіне, ауылына, басқа облысқа, өзге қалаға көшіріп алатын болды. Тіпті сондай ата-енеге күйеу бала болуды алдын-ала жоспарлап, болашағын, мансаптық өсуі мен материалдық жағдайын түзетуді көздейтін де жастар, жігіттер пайда болды. Бұрында мұндайды намыс көретін қазақ жігіті бүгін өзіне пана болатын ата-ене, қайын жұрт тапқанын мақтан тұтатындар аз емес. Үйінде шешесі би, әкесіне өктем ұлдар мен жалғызбасты аналардың қолында, әке тәрбиесін көрмей өсетін ұл балалардың арасынан да «күшік күйеу» болуға дайын азаматтар өсіп шығатынын да ұмытпау керек. Мүмкіндігі болса, жас отбасының аяғынан тұрып кетуіне қыз ата-анасының көмектескені, қолдау көрсеткені дұрыс қой. Бірақ соны «күшік күйеу» жасамай-ақ немесе «күшік күйеу» болмай-ақ та, ата дәстүрімізді жалғап, құдалардың шынайы сыйластығын сақтай отырып та жасауға болады ғой. Мен «күшік күйеулердің» көбеюі өз бетімен жетістікке жетіп, отбасын асырап, елге қорған, тұлға болатын намысты қазақ жігіттерінің азайып, олардың ұсақтап кетуіне апарады деп қауіптенем. Біз жалпы ұлдың да қыздың да тәрбиесін әлсіретіп алдық. Ұлттық дәстүрін сақтамайтын, тілін қастерлемейтін, дініне берік болмайтын, өз өнерін қадір тұтпай-



тын ұрпақ өсірген ұлттың болашағы бұлыңғыр. «Күшік күйеулер» бір жақтан келген жоқ, өзіміз өсірдік, тәрбиеледік. «Ұлды ұлша тәрбиелесең, ұл болатынын, құлша тәрбилесең, құл болатынын» ұмытпағанымыз жөн.

*«Ана мен бала» журналы
– 2013 жыл. – № 9. 21-б.*



A decorative border with intricate, repeating scrollwork patterns surrounds the central text.

**ЖҮРЕГІ ЕЛ ДЕП СОҚҚАН
ЖАНДАР ЕДІ.**

[ЕСТЕЛІКТЕР]

Өмірге құштар қайсар жан

Немат ағаның еңбектерімен біз университет қабырғасынан таныспыз. Ғалымның әдебиет тарихын зерттеуге арналған еңбектерін әр филолог жақсы біледі. Алайда ҚазҰУ-дың филология факультетінде оқығандар ғалым-ұстазды Абай атындағы мемлекеттік университеттің тіл-әдебиет факультетін бітірген түлектердей жақсы біле бермейді. Ғалым сол кездегі атымен айтқанда ҚазПИ-де ұстаздық еткендіктен, біз ҚазМУлықтар ол кісінің дәрісін тындап, сабақтарына қатысып, оған сынақ пен емтихан тапсыру құрметіне ие бола алмадық. Еңбектері арқылы ғана білдік. Бірақ біз өзге оқу орындарында еңбек ететін профессор-оқытушыларға қарағанда Н.Келімбетовтің есімін ерекше есімізде сақтап қалдық. Өйткені Алматыдағы жетекші оқу орындары әл-Фараби атындағы ҚазМУ мен Абай атындағы ҚазПИ-дің филология факультеттері мен олардың студенттері арасында тығыз байланыс болғандықтан, біз ол туралы, оның ұстаздық ерекшеліктері жөнінде жиі естідік. ҚазПИ-дегі филологтар ұстаздарының жан-жақты білімін, өз пәнін өте жетік білетінін, сабақтарын қызықты өткізетінін, оның дәріс кезінде қазақ әдебиетінің сан ғасырлық тарихына терең бойлап, тың деректерді молынан келтіретіндігі туралы көп айтатын. ҚазПИ-лік филологтар оны өзі де шәкірттеріне көп ізденіп жан-жақты білім беруімен қатар, олардан да сондай білім мен ізденісті қатаң талап ететін аса талапшыл ұстаз деп танитын. ҚазПИ-де талапшыл ұстаздарының сынақ, емтихандарынан сүрінбей өткен, оның пәні бойынша жақсы баға алған шәкірт өздерін енді нағыз студент, филолог болдық санайды дейтін. Тікелей дәріс алған шәкірті болмағандықтан, оның ұстаздығы туралы қанша жиі естісек те, ҚазҰУ-дағы біздер профессор Немат Келімбетовті негізінен қазақ әдебиетінің тарихын терең зерделеген түрколог ғалым деп білдік. Оқу бітіргеннен кейінгі жылдары да ғалым ағамызбен кездесіп, сұхбаттасудың сәті түспепті.

2010 жылғы қарашаның 19-ы күні Алматыдағы Ұлттық кітапханада Н.Келімбетовтің қазақ, орыс, қытай, неміс, түрік тілдерінде жарық көрген «Түркі халықтарының әдеби мұралары», «Үміт», «Үміт үзгім келмейді», «Күншілдік», «Қариялар» сияқты ғылыми, әдеби кітаптарының тұсаукесері өтті. Содан аз уақыт бұрын ғана оның Аустрияда неміс тілінде жарық көрген «Үміт» кітабына Франс Кафка сыйлығы берілгендігін баспасөзден оқып білген едік. Тұсаукесерге көптеген белгілі ұлт зиялылары әдебиетші, тілші ғалымдар, ақын-жазушылар, журналистер мен баспагерлер қатысты. Ұлттық кітапханада бас қосқан С.Пірәлиев, С.Қасқабасов, С.Оразбай, Е.Обаев, Н.Оразалин, С.Елубай, М.Әуезов, А.Мұхамедіұлы, Қ.Әбдәзұлы сынды елге танымал азаматтар тұсаукесері өткізіліп жатқан еңбектер туралы ойларын ортаға салды. Ғалым-жазушының кітаптары жарық көрген Қытай, Түркия сияқты

елдердің өкілдері де қатысып, пікірлерін айтты. Бұл тұсаукесер Немат ағаның кітаптары, шығармашылығы туралы шынайы пікірлер айтылған тағылымы мол жиын болды. Мен кітаптарын студент кезімізден оқып, атына қанық болып жүрген ғалым ағамызды осы жиында бірінші және соңғы рет көрдім. Автордың өзіне сөз берілгенде ол аудиторияны бірден үйіріп әкетті. Сөзі нық, айтар ойы айқын да жинақы екен. Өз сөзінде ол ешбір қағазға қарамай-ақ көптеген деректер мен әлемге әйгілі тұлғалардың айтқан-жазғандарынан бірқатар дәйексөздер келтірді. Зейін қойып отырған адамға оның сөзінен жадының тұнықтығы мен логикасының мықтылығы, жан-жақты білімі мен табандылығы аңғарылып тұрды. Ақын мен жазушыны, ғалымды басқа да шығармашылық иесін жазған еңбектері, шығармашылығы арқылы да белгілі дәрежеде тануға болатындығын теріске шығармаймыз. Оны көрмей-ақ кітаптарын оқу арқылы да мәтін түзуінен, шашау шықпайтын сөйлемдерінен ойының жүйелілігі мен сөз саптау шеберлігін, әділетсүйгіштігін, турашылдығын байқауға болар еді. Қашанда адам туралы мың естігеннен, оны көзбен бір көріп, өз құлағыңмен тыңдаудың жөні бөлек қой. Өз басым қарашадағы сол бір кездесуде студент кезімізден атын естіп, кітаптарын оқып, кейде сыртынан аңызға бергізсіз әңгімелер айтылатын ағамызды жақыннан танып, ол туралы өзіндік түсінік қалыптастыру мүмкіндігіне ие болдым. Жақсы ұйымдастырылып, өте мазмұнды өткен тұсаукесерден кейін бір топ ағаларымызбен бірге Немат ағаның үйінде болып, дастарханынан дәм таттық. Дастархан басында да ол тағылымды әңгімелер айтып отырды. Оны тыңдап отырып тағдыр сындарына төтеп берген, рухы биік ақсақалды көрдік. Сол жолы біз ғалым-жазушы Немат аға туралы бұл кісінің өзі де «Қариялар» сынды төл шығармасына арқау болған қазыналы қарияларымыздың бірі екен ғой деген ой түйіп қайттық. Бір-ақ рет болған осы кездесуде ерекше есте қалғаны – оның өмірсүйгіштігі, өмірге деген құштарлығы. Оны көрмеу, байқамау мүмкін емес еді. Оның тағдыр сынына төтеп беріп, әркім қол жеткізе бермейтін жетістіктерге жетуіне рухының күштілігі, қайсарлығымен қатар осы өмірсүйгіштік қасиеті себеп болған екен-ау деген ойдың жетегіне ілесе бердік.

Өзіміз филолог болғаннан кейін анасы екеуміз балаларымызға да қазақ және шетел жазушыларының шығармаларын оқытып өсірдік. Олар Б.Сокпақбаев, О.Бөкей, С.Мұратбеков, М.Мағауин, Т.Әлімқұлов кітаптарын бірнеше рет оқыған. Кейде олар сөз арасында солардың шығармаларынан үзінді келтіріп те жатады. Солардың қатарында Н.Келімбетовтің «Үміт», «Үміт үзгім келмейді», «Ұлыма хат» кітаптары да бар. Бұл кітаптарды біздің отбасы мүшелерінің бәрі оқыған. Бірде үлкен қызым Әсел «Көке, маған мына кітаптың авторынан қолтаңба алып беріңізші. Маған бұл шығарма ерекше ұнады» – деді. Кітапты қолыма алып қарасам, ол Н.Келімбетовтің соңғы шыққан «Күншілдік» атты кітабы



екен. Қаперімде не дерімді білмей, қызымның бетіне қарап аңтарылып қалдым. Қызым менің жүзіме қарап, «сізге не болды?» деген соң ғана, оған осыдан бір-екі-ақ апта бұрын ғана кітаптың авторы Немат ағаның қайтыс болғанын айттым. Ол таңданған кейіппен, «сіз жақында ғана ол кісінің кітабының тұсаукесеріне барып келдім деп едіңіз ғой» – деп көзі жыпылықтап кетті. Қызымның өтінішін орындай алмайтындығыма, тұсаукесерден кейін авторға кітаптарының біріне қолтаңба қойғызып алмағаныма өкіндім. Өткен-кеткеннің бәрін жадында сақтап, жиналған қауымның ортасында даусы саңқылдап отырған өмірге құштар жан көп ұзамай-ақ өмірмен қош айтысып кетеді деп кім ойлаған? Балама: «Бұл кітап маған да үлкен ой салды, бала сенің де жүрегіне жол тауыпты. Соңында осындай еңбектер қалдырған адам бақытты, ондай жан өлмегенге тен» деп, өзімді де, баламды да жұбаттым.

Шындығында да солай емес пе!?

Руханният сыры мен рух жсыры. Немат Келімбетовтің өмірі мен шығармашылығына арналған жинақ. – Алматы, 2011. – 176-179 б.

Бар қазақтың қамын ойлайтын нар қазақ еді

Оның мінезінде өрлік, қайсарлық бар еді. Бір қарағанда сол өр тұлғасына, ер мінезі мен ойын тіке айтатын турашылдығына қарап, менмендігі басымдау сияқты көрінгенмен, жақындау танысқанда оның өте кішіпейіл, жүрегі жұмсақ, көпшіл жан екеніне көзіңіз жетер еді. Шығармашыл тұлға ретінде жұртпен, қаламдастарының көбімен араласып, жиі хабарласып тұратын. Университетте бірге оқыған Смағұл Елубай, Жақау Дәуренбеков, Сұлтанәлі Балғабайұлы сынды бірқатар қаламдас достарымен жақсы қарым-қатынасын, шығармашылық байланыстарын үзбей, сыйластықтарын сақтап жүретіндері қызықтыратын. Бұл қаламдас ағаларымыздың өзінен кейінгілерге үлгі боларлық жақсы қырларының бірі екені сөзсіз. Баққожа ағамыздың жұртты бір-бірімен таныстырып, табыстырып жүретіндігінің де куәсі болғанымыз бар. Астанаға келген бір сапарында сырттай жақсы білсек те, тікелей таныс болмаған Әшірбек Сығай, Сұлтанәлі Балғабайұлы, Шәрбану Бейсенова сынды қаламгерлермен таныстырған да Бәкен еді. Жасым үлкен, інім өзі телефон соқсын деп жатпай, өзі алдымен хабарласып хал-жағдайымызды сұраған сәттерде, інілік ізет танытып ағамызға өзіміз хабарласпағанымызға ыңғайсызданып қалатын едік. Бірде әңгіме арасында ол бізге: «Сен ғылымың мен жұмысыңнан басқаға аса мән бермей, ағайын, ел-жұртпен көп араласпай саяқтау жүреді екенсің. Ғылыми-шығармашылық жұмыс кітап оқуды, жазуды, оңаша ойлануды көбірек талап ететінін, көп уақытты алатынын





білем ғой. Дегенмен, айналаңмен араласып тұрған да дұрыс қой» дегені бар-ды. Психолог-қаламгер біздің өзімізге мәлім осы бір қасиетімізді де дәл аңғарған еді. Ескертуін қабыл алдық. Сүйекке сіңген қасиет пе әлде жұртпен аралас-құраластан гөрі ғылыми қызметкердің кітап пен кітапханамен қарым-қатынас жасағанға дағдыланған кәсіби әдеті ме, қайдам?! Әйтеуір ағамның сол ескертуінен әлі де қорытынды шығара алмай-ақ келеміз.

2007 жылы күздің басында Баққожа аға Астанаға келді. Бұл кез оның ем қонып, сырқатының беті біршама қайтып, еңсесін тіктеп жүрген бір сәті еді. Сол жолы ол Германияда емделгенде мемлекет тарапынан қолдау көрсеткен және де бес томдық шығармалар жинағын шығаруға көмектескен жоғары лауазымды тұлғаларға кіріп алғысымды білдіріп, кітаптарымды сыйлап шықтым деді. Көңілі көтеріңкі екен. Алматыға ұшқанға дейін 5-6 сағат уақыты бар екен, бірге отырып шай ішіп, біраз әңгімелесейік деп мені ұлының үйіне шақырды. Балалары жұмыста екен, екеуміз ғана отырып, төрт сағат әңгімелестік. Дәлірек айтқанда, әңгімеші өзі болды да, мен көбіне тыңдадым. Қазақ қоғамының түрлі мәселелері, мәдениет, әдебиет, тіл жөнінде тереңнен қозғап, кесек-кесек ойлар айтты. Қоштасарда қолтаңбасын қойып, сол жылы 60 жылдық мерейтойының қарсаңында шығарылған бес томдық шығармаларын маған да сыйлады. Ол күн 2007 жылғы қыркүйектің 2-сі болатын. Бұл сапар оның Астанаға соңғы сапары болды. Дәл сол кезде бұл ағамызбен соңғы кездесуіміз, оның осы келуін Елордаға соңғы сапары болады деп еш ойламаған едік. Төрт-бес айдан кейін болатын алпыс жылдық мерейтойын өткізіп, ел-жұртының алдында шығармашылық есеп беруді жоспарлап жүрген еді. Баққожа ағаны бозбала кезінен білетін қаламдас достарының бірі Смағұл Елубай ол туралы 2008 жылы жазған естелігіне «нар қазақ» деген тақырып берсе, Жақау Дәуренбеков өз естелігін «қайсарлық» деп атапты. Жақын досының бірі Сұлтанәлі Балғабай «Баққожа мен үшін асқар тау еді» депті. Бәкенді студенттік шақтан білетін, сырлас достары елге танымал қазақтың осы үш қаламгері сыралғы достарының айрықша қасиеттерін дөп басып айтыпты.

Сырқаты жанына батып жүрген кездерде де ол рухы мықтылығын көрсетіп, жігерлілік танытты, ішінде алай-дүлей болып жатса да, сыртқа сыр бермеді, соңғы сәтіне дейін өмір үшін күресіп, қайсар мінезінен қайтпай қасқайып тұрды. Бейдауа дертке де берілгісі келмей тіресіп, ажал алдында да майыспай, Хантәңірінің қарағайы секілді морт сынды.

Ол асқар таулар аясында туған, қазақтың намысшыл, өр мінез ұлы, тау мінез тұлға еді. Біз енді ағамызды сағынғанда, өрлікті іздегенде, қазақтың асқақ армандары мен биік мұраттары туралы ойланғанда, көркем сөзінің сырына үңілгіміз келгенде Баққожа Мұқай шығармаларын қолымызға алатын боламыз. Ендігі жерде жаны жайсаң ағамызбен сол соңын-





да қалдырған мұрасы, кітаптары арқылы ғана сырласа аламыз. Оның өр түлғасын, сабырлы қалпын сағынышпен еске алып, салиқалы әңгімесін, әдемі әзілін жадымызда жаңғыртып отырамыз. Ол бар қазақтың қамын ойлайтын нар қазақ еді. Қазағым десе, ұлт мүддесі десе ішкен асын жерге қоятын ардақты азаматын ел-жұрты есінен шығармақ емес.

*«Жас Алаш»,
31 қаңтар 2013 жыл. – № 8*

Оралға барсақ, алдымыздан Отан ағамыз шығатындай болып тұрады...

2002 жылы Орал қаласында мектеп оқушыларының пән олимпиадасы өтті. Сол олимпиадаға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен қазылар алқасының төрағасы ретінде шақырылып, Оралға бардым. Қазылар алқасының құрамына Бауыржан Омаровты ұсынғанмын, Алматыдан ол келді. Орал мемлекеттік университетінен бізге әдебиетші Алпысбай Мұсаев қосылды. Үшеуміз 3-4 күн олимпиада жұмысын бірге атқардық. Олимпиада жұмысы аяқтала салысымен Отекең үшеумізді үйге дәмге шақырды. Еркін әңгімелесіп, жақын бауырымыздікінде отырғандай болдық. Біраз отырғаннан кейін Отекең бірге отырып бәріміз бір суретке түсейікші деп, үйге фотограф шақыртты. Біз қонақтан қайтқанша суреттерімізді шығартқызып әкеліп, «естелік болсын» деп бәрімізге үлестіріп берді. Отекеңнің дастарханында және мүйіздері иір-иір жұнттай үш қошқар бейнеленген кілем ілінген қабырға жаққа қойылған диванда қатар отырып түскен суреттеріміз шындығында да сол сәттен естелік ретінде бізде сақталып қалды. Құдай аузына салған екен.

Одан кейін Оралға сапарымыз Парламент Мәжілісінің бөлім меңгерушісі Дәуітәлі Омашұлы екеумізді «Кегок» компаниясының терминология және аударма мәселесіне арналған үш күндік семинар-тренингке шақырумен байланысты болды. Ол жолы Отекең мені университетке келіп дәріс оқуға шақырды. Уақыт тығыздау болып, тұрғанын айта бастап едім: «Сені біз шенеуніктігіңнен бұрын, ең алдымен тілші ғалым деп білеміз, аудиторияны сағынған шығарсың, келіп студенттермен кездесіп, дәріс оқып бер. Бұл өзіңе де, біздің студенттерге де пайдалы болады», – деді. Одан әрі жағдай айтудың реті де жоқ еді. Келістік. Уақтылы филология факультетінің барлық студенттерін, оқытушылар қауымын үлкен дәріс залына жинап қойыпты. Бізде білгенімізді айтып, студенттер қауымы мен әріптестерімізді көптеген сұрақтарына жауап беріп, Отекең айтқандай, өзімізді бір сәт тіл маманы ретінде сезініп қалдық. Одан соң кафедралармен, университет мұражайымен таныстық. Ашық-жарқын



көңілмен шығарып салды.

Тағы бір жолы министрліктің жұмысымен бір-екі күнге ғана Оралға бардық. Онда да Отекең Астанаға аттанар алдында қоярда-қоймай түскі асқа шақырды. Ол кісінің уақытын алғаным ыңғайсыз болатындығын ойлап, әрі өзімнің де жұмыстарым бітпей жатқанын, ұшаққа шығуға 3-4 сағат уақыт қалғанын айта бастап едім: «Сен інім, ағаңның бір ауыз сөзін қабыл алмайтын ойың бар ма?» деп, әңгіменің басқаша өріс алуына жол бермеді. Сөйтіп, екеуміз «Ақ жол» деп аталатын мейрамханаға барып, асықпай әңгімелесіп отырып, түстендік. Ақ жол, сәт сапар тілеп, құшақтап шығарып салды. Ағамыздың соңғы рет құшақтап, бауырына басып тұрғанын сол сәтте біз қайдан білейік...

Қашан да Оралға барсақ, менің тілші бауырларым, інілерім келді деп, алдымыздан құшағын жайып елден бұрын Отарәлі ағамыз шығатын еді. Отекең әріптес деп, іні деп бізге қашанда ағалық, бауырлық көңілмен қарайтын. Ағаларына құрмет көрсете білетін Отекеңнің, өзінен кейінгі інілеріне деген ізеті де айрықша еді. Ақ Жайықтың бойындағы әсем қалада дархан көңіл, азамат ағамыз, әріптес бауырымыз бар екендігіне марқайып қалушы едік. Сондықтан да болар, Орал десек, алдымен ойымызға Отан ағамыз түседі. Оралға барған сайын, құшағын айқара ашып алдымыздан Отан ағамыз шығатындай болады да тұрады...

Жайық қыраны.

Профессор Отарәлі Буркітұлын еске алу кітабы.

– Алматы, 2006. 43-45 б.

Жігерлі жан, өнегелі ұстаз

1972 жылы Нарынқол (қазіргі Райымбек) ауданы С.М. Киров атындағы колхоздың С.М.Киров атындағы орта мектебінің бірінші сыныбына бардым. Алғашқы ұстазым Марусия апайдың сыныпқа қалай қабылдап алғаны, қолымнан жетектеп апарып ортаңғы қатардың бірінші партасына ақ фартук киіп, аппақ бантик таққан ұқыпты оқушы қыздың қасына отырғызғаны әлі есімде. Ол сол кездегі колхоз төрағасының қызы Гуля Мәретбаева деген оқушы екенін сәл кейінірек білдім. Осы мектепте мен 4-сыныптың екінші тоқсаны аяқталғанға дейін оқыдым. 1976 жылы біздің үй Қарасазға көшті. Екі ауылдың арасы он шақты-ақ шақырым. 1976 жылы 4-сыныптың үшінші тоқсанынан бастап, 9-сыныпты бітіргенше Райымбек ауданының сол кездегі Ф.Энгельс атындағы, қазіргі Қарасаз орта мектебінде оқыдым. Сонау 4 «б» сыныбына барған 76-жылдың қаңтарынан бастап, ерекше есімде қалған ұстазымның бірі Нұрбатыр аға еді. Ол математика пәнінен сабақ беретін. Біздің балалық түсінігіміз





бойынша математиканы, алгебраны одан жақсы білетін, бүкіл мектепте одан талапшыл мұғалім жоқ болатын. Біздің сыныптастар «Нұрбатыр ағай есепті шемішкеше шағады», «ол кез-келген есепті көзін жұмып тұрып-ақ шығара салады» дейтін едік. Сол кездегі біздің бала түсінігіміз алдамапты. Оның өз ісінің нағыз білгірі, үлкен педагог екендігіне кейін есейе келе анық көз жеткіздік. Ол өзінің өнегелі еңбек жолымен нағыз педагог екенін дәлелдеп кетті. Біз үшін ағайымыз бәрін білетін, көпті көрген аса тәжірибелі ұстаз болып көрінгенімен, біздің сыныпқа сабақ бере бастағанда ол Абай атындағы ҚазПИ-дің математика факультетін бір жыл бұрын ғана, яғни 1975 жылы қызыл дипломмен бітіріп келген 21 жастағы жас маман екен ғой.

Ағайымыз аса талапшыл еді. Әр оқушының үй тапсырмасын міндетті түрде тексеретін. «Есепті шығарып едім, дәптерімді ұмытып кетіп-пін» деген сылтау айтушыларды бірден үйіне жүгіртетін немесе үйде орындаған тапсырмасын ел алдында көрсетуге тақтаға шығаратын. Ондай «нөмірлер» өтпейтіндіктен, басқа сабақты орындамасак та, математикадан үй тапсырмасын орындамау деген болмайтын. Ең алдымен, бір-бірімізден «математикадан үй тапсырмасын орындадың ба?» деп сұрайтын едік. Ол өз пәнін өте құрметтейтін. Жаңа сабақты жанын салып түсіндіретін. Оның сабағында есінеп, қалғып-мүлгіп, көршіңмен сөйлесіп немесе терезеге қарап қиялдап отыру дегенге жол берілмейтін. Елдің бәрі есепке жүйрік емес қой, сол есеп құрғырын ұқпай жататын балалардың өзіне ол жаңа сабақты ерінбей-жалықпай қайта-қайта түсіндіретін. «Қай жерін түсінбедіңдер, қазір сұрап алыңдар. Ертең мен сендерден сұраймын» деп сабағын әр баланың санасына сіңіруге күш салатын. Бүгін ойлап отырсақ, ол сыныптағы әр баланың сабақ үлгерімі мен тәртібіне соншалықты жауапкершілікпен қараған екен. Өзгенің баласына өз баласындай жаны ашитын ондай ұстазды қалайша құрметте-мессің!

Жасыратын несі бар, ол кезде қоғамда мұғалімнің беделі қазіргіден әлдеқайда жоғары еді. Мектеп білім ошағы болумен қатар үлкен тәрбие де беретін. Мұғалім пәнді ғана оқытумен шектелмей, балалардың тәрбиесімен де тікелей айналысатын еді. Ер мұғалімдер ұлдармен, әйел мұғалімдер қыздармен тәрбие сағаттарын («қыздар сағаты» деген болатын), түрлі шаралар өткізетін. Сол кездегі мұғалімдеріміздің біздің сабағымыз бен тәрбиесізге үлкен мән беріп, уақыт бөліп, өз балаларына қарағандай шырылдап қамқор болатындығының нәтижесі болуы керек, оларға деген шынайы құрмет сезіміміз біздің жүрегімізде қазірге дейін сақталған. Педагогтерге әлеуметтік тұрғыдан қаншама қолдаулар көрсетіліп жатса да, қазіргі уақытта мемлекет, қоғам тарапынан мұғалім мамандығына деген құрмет пен қамқорлық бәрібір жетіспей тұрған сияқты көрінеді де тұрады. «Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар»



дегендей, мектепте бәрі жақсы болса, ер адамдар оған неге бармайды? Неге олар басқа салаларға ауып кете береді? Бұл сұрақтар әр ата-ананы, балаларымыздың, қоғамның болашағына немқұрайды қарамайтын баршамызды ойландырса керек.

«Мектептің жүрегі – мұғалім» деп жатамыз. Біз оқыған кездегі мектебіміздің жүрегі болған, оның өн бойына қан таратып тұрған сондай мұғалімдеріміздің бірі, тіпті бірегейі Нұрбатыр ағайымыз болғандай. Ол жарқылдап тұрған жалынды жас, жігерлі жан еді. Уәдеде тұру, жауапкершілік дегенді жас жеткіншек біздер алғаш одан үйреніп, соның бойынан көріп едік. Ол әр ісіне жауапкершілікпен қарайтын. Оны өмірде, қызметте көп жетістіктерге жеткізген де бойындағы осы айрықша жауапкершілік қасиеті болар деп пайымдаймыз. Сыныптағы ұл балалар оған қарап бой түзеп, қазақтың жігіттері осындай болуы керек деп ұғатын едік. Қазіргі мектепте оқитын ұлдарға үлгі болатын, сондай ер азаматтар жетіспейтіні өкінішті. Он бір-он екі жыл апайларының аузына қарап, айтқанынан шықпай өскен жастардан есейгенде, ермінезділік, өжеттік, жігіттік мінез-құлық іздейтініміз қызық. Мектепте сынып старосталары мен тазалық, тәртіп секторларына жауаптылар көбінесе қыздар, ал балабақшада тәрбиешісі, мектепте сынып жетекшісі, мұғалімдері, оқу ісінің меңгерушілері мен мектеп директорлары түгелге жуық талапшыл да ұқыпты, белсенді апайлар. Ер адамдар қазір мектепте некен-саяқ. Қазіргі ұл балалар 3 жасында бақшаға барғаннан мектеп бітіріп, 16-17 жасқа келгенше, нағыз қалыптасу кезеңінде солардың тәрбиесінде, ашса – алақанында, жұмса – жұмырығында. Енді олар қыз мінезді, ержеткенде әйелдердің қас-қабағын бағып тұратын азаматтар, отбасында әйелінің айтқанынан шықпайтын «отағасы» болмағанда қайтеді. «Ер азаматқа тән қасиеттері аздау, кілең қыз мінезді жігіттер қайдан шығады?» деген сұрақтың жауабын осы мектептен де іздегеніміз дұрыс па деген ой келеді. Біз қыздарымызды, әйелдер қауымын құрметтейміз. Мәселе, ұлды ұлша, қызды қызша тәрбиелеу турасында болып отыр. Қазіргі қоғамымызда ұл тәрбиесіне ерекше мән беретін уақыт жеткен сияқты. Біздің кезімізде мектебімізде ер адамдар көп еді. Завуч Қасымбай ағай, биолог Мұқан ағай, географ Смағұл ағай, алғашқы әскери дайындықтан беретін Мұхаметжан (Мұқыш) ағай, математик Әділжан ағай, сынып жетекшіміз Рахат ағай, француз тілінің мұғалімі Арыстан ағай, әдебиетші Жұмаш ағай, еңбек пәнінің мұғалімі Еділ ағай, тарихшы Есім ағай, физруктар Шеризат ағай мен Болат ағай деп ағайлар тізімі жалғаса беретін. Ер балалар үйдегі әкелерімізден кейін сол ағайларымызға қарап, ер азаматтың қандай болуы керектігін көзбен көріп, өнегесін алатын едік. Қазіргі оқушыларға сол жетіспейді. Біздің есімізге алып отырған Нұрбатыр ағамыз да сондай үлгі алатын атына лайық ер мінезді, жігерлі де өжет, қайрат-жігері мол ұстаз еді. Бүгінгі апайларының аялы алақан-



дарын ғана көретін өрендерге карағанда сонау 70-80-жылдары білім алған біздің ұрпақтың бұл жағынан жолымыз болған екен.

Нұрбатыр ағамыздың талапшылдығының арқасында талай жас математика пәнін жақсы меңгеріп, еліміздің жоғары оқу орындарына оқуға түсті. Бір ғана біздің сыныптан Момбекова Бақытгүл ҚазПИ-дің математика факультетіне, өз қарындасы Лескүл Орынбаева Нархозға, Құсайынова Құралай Талдықорғанға физика-математика факультетіне түсті. Олар мектепте оқығанда есепке ерекше жүйрік еді. Олардың алгебраны айрықша жақсы көруі мен мамандық таңдауына ағайымыздың тікелей ықпалы болды. Сыныбымызда өзге де есепке жүйріктер аз болмады. Соның бәрі пән мұғалімінің мықтылығынан, өз пәнін жетік білетіндігінен, қалаған мамандығын жақсы көретіндігінен екені айдан анық. Ағайымызға деген құрметіміз біздің алгебраға деген қызығушылығымыз бен құрметімізді оятты. Ағайымыз біздің де математик болғанымызды қалады. Алайда 8-9 сыныптарда балаларға арналған республикалық «Қазақстан пионері» мен аудандық «Советтік шекара» газеттерінде бірнеше өлеңдеріміз жарияланғанға бала көңілмен ақын болуға дайын тұр екенбіз деп ойлап қалсақ керек. Оның үстіне Қарасаздан шығып ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясының ең көрнекті өкілдерінің біріне айналған ақиық ақын Мұқағалидың асқақтап тұрған атақ-даңқы да біздің мамандық таңдауымызға айрықша әсер етті. Сөйтіп, ағай айтқандай матфак пен физматы емес, филфакты таңдадық. Мұнымызды ұстазымыз аса ұната қойған жоқ. Оқуға түскеніме қуанып, ҚазГУ-дың филология факультетіне қабылданғанымды айтқанда, «бекер-ақ солай істедің, матфакқа тапсыруың керек еді» – дегені әлі есімде. Сонда ағайдың сіңірген еңбегін, тілегін елеусіз қалдырып, үмітін ақтамағандай әсерде қалдым. Кейін университетті үздік бітіріп, қызыл диплом алғанымды айтқанда да, ол бастапқы көзқарасынан айнымағанын аңғартты. Кандидаттық, докторлық диссертацияларымды қорғап, ғылым докторы, профессор атанып, ел алдына шығып, қызметтер атқарып, отыздың ортан белінен асқанымызда ғана ол «Әр қадамыңды қадағалап отырам, сен өз салаңның жақсы маманы болдың, сенімімізді ақтадың» – деді. Ағайымның осы сөзін естігенде желкемнен үлкен жүк түскендей сезіндім. Неге екенін қайдам, мүйізі карағайдай, атағынан ат үркетін талай профессор, академик ағаларымыздың біздің ғылыми шығармашылығымыз бен қызметімізге берген жақсы бағасы мен жылы сөздері, сонау бала кезімізде мектепте сабақ берген мұғалімім Нұрбатыр ағамыздың осы сөзіндей әсер етпеген сияқты. Оның сыры – ұстазымыздың ерекше бейнесі, оған деген құрмет сезіміміз бала жүрегімізге сонау балғын шағымызда-ақ ұялап қойғандығында болса керек.

Ол өз мамандығын ерекше құрметтеп, жоғары бағалайтын еді. Ұстаз ретінде Нұрбатыр ағай талай баланың білімге құштарлығын оятып,



жігеріне жігер қосып, жанарына нұр сыйлады. Бұл өз ісіне адал, нағыз білікті ұстаздың ғана қолынан келетін іс. Мен ұстазымның жолын қуып математик болмағаныммен, жоғары білімді маман болуыма оның тікелей ықпал еткенін анық білемін. Мектеп қабырғасында жүргенде білімді, мәдениетті, бүкіл мектеп, ұстаздар қауымы құрметтейтін сымбатты жап-жас жігіт бізге жарқын үлгі бола білді. Іштей осы ағайымыз сияқты болуды қаладық. Нұрбатыр деген атының өзі бізге ерекше ұнап тұратын еді.

Егер Нұрбатыр ағай Алматыда қалып, институтта, университетте сабақ беріп, ғылыммен айналысса, сөзсіз үлкен математик ғалым болар еді. Оған менің еш күмәнім жоқ. Бірге оқыған курстас достары да оның өте білімді, ізденімпаз, үздік оқып, қатарының алды болғанын айтады. Қазір Нұрбатыр ағамыз сынды жоғары оқу орнын қатарының алды болып үздік бітірігендерді айтпағанда, қою шанның ортасында жүріп орташа бітіргендер де университетте оқытушы болып, ғылыми дәреже алуға ұмтылатын үрдіс пайда болды ғой. Біздің ағайымыз ғылым жолын емес туған ауылына, өзі оқыған мектебінде қызмет етуді таңдапты. Оның бұл қызметі, үздіксіз ізденісі, адал еңбегі мен төккен тері елеусіз қалмады. Ел назарына, басшылық көзіне бірден ілікті. Жарқылдап тұрған білікті де жігерлі жас маманның қызметі сатылап өсіп отырды. 1978-82 жылдары мектеп директорының орынбасары, 1982-87 мектеп директоры болды. Ол басқарған жылдары Қарасаз орта мектебінің оқу үлгерімі күрт көтерілді, мектепке білікті жас ұстаздар шоғырланды. Қарасаз орта мектебі аудан бойынша алдыңғы қатарлы озық мектептер қатарында болды. Мектеп басшылығында он жылдан астам жемісті қызмет етіп, тәжірибе жинаған басшыны 1987 жылы аудандық оқу ісінің меңгерушісі қызметіне тағайындады. Райымбек ауданы оқу ісінің меңгерушісі қызметін ол 22 жылдай абыроймен атқарды. Ауданның білім беру жүйесіне ширек ғасырдай басшылық жасау бұл аудан тарихында болмаған шығар. Қандай қызмет атқарса да барын салып, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын елдің орны бөлек азаматы Орынбаевтың аудандық білім беру жүйесін жетілдіруге қосқан үлесі ерекше. Ол өз алдына таратып айтуды қажет ететін жеке әңгіменің арқауы болатын мәселе.

Мен Алматыдағы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры қызметін атқарып жүрген 2010 жылғы мамыр айының басында маған Нұрбатыр ағам хабарласты. «Өзің оқыған мектептің жоғары сынып оқушылары түлектер арасынан шыққан ғалымдармен кездесу өткізу жөнінде өтініш білдіріп отыр. Оқушылар өтінішін ескерусіз қалдыруға болмас» – деді. Мен сөзсіз келістім. 24 мамырда мектептегі кездесуге баратын болып келістік. Жолға шығардан бір күн бұрын хабарласқанда, сен қызметтік көлігіңді қалдырып, бізбен бірге жүр, әңгімелесіп бірге барып-қайтайық деді. Солай істедік. Сәния жең-



гей мен курстасы математик ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚазҰТУ-дың кафедра меңгерушісі Ораз Сатыбалдин ағамыз болып бәріміз бір көлікпен жолға шықтық. Жеке көлігінің рөліне өзі отырды. Өзімнің жеке авторлығыммен шыққан кітаптарым мен мектеп оқушыларына қажетті деген үш-төрт жәшік кітапты жүксалғышқа толтырып салып алдық. Мен ағайымыздың бәріміз оның көлігіне мінгесіп әрі көлікті өзі жүргізіп келе жатқандығына ыңғайсызданып, «Аға, көлікті кезектесіп жүргізейік» десем, «сендер ауылға анда-санда келетін менің қонағымсындар» деп, тізгінді бермеді. Барғанда да, қайтарда да көлікті өзі жүргізді. Ол өзінің өршіл, өжет мінезіне қарамастан, қашанда осылай қарапайымдылық та таныта алатын еді.

Математик Ораз ағамыз екеуміз қатысқан мектептегі кездесу өте шынайы, әсерлі өтті. Оқушылар көптеген сұрақтар қойды. Балалық шағымыз, мектептегі кезіміз көз алдымызға келіп, оқушылардың оқуға ынтасы мен ғалымға деген ілтипатын көріп қанаттанып қалдық. Әсерлі кездесу оқушылар үшін де пайдалы болды деп ойлаймыз.

Қарасазға барар-қайтар жолда ағамызбен көп әңгімелестік. Бүгінгі қоғам, білім жүйесі, рухани құндылықтар туралы пікірлері профессор құрдасы мен шәкіртіне көп ой салды. Оның кішіпейілділігіне, жан-жақты білімділігіне, пайым-парасаты мен азаматтық ұстанымына, салихалы пікірлеріне риза болдым. Осындай ұстаздан білім алғанымды іштей мақтан тұтып отырдым. Осы сапарда Нұрбатыр ағайды әлі оң-солын тани қоймаған кешегі ауыл мектебінің оқушысы емес, қырықтың бел ортасынан асып, елуді алқымдаған інісі ретінде да жақынырақ біліп, тереңірек тани түстім. Білім саласына осындай білікті педагог, іскер басшы, елге Нұрбатыр ағамыз сынды адал қызмет ететін, абзал азаматтар көп болса ғой деген ой көпке дейін көкейімізден кетпей қойды.

Нұрбатыр аға 58 жасында 60-қа да толмай, дүниеден озды. Алайда осы ғұмырында ол білім саласына, елге адал қызмет етіп, көп еңбек сіңірді. Артында ол атқарған қыруар ісі мен жақсы аты қалды. Соңында түтінін түтетіп отырған жан жары Сәния апай мен қос педагог бірлесіп тәрбиелеген Сайран, Жүсіп, Ақмарал, Ақбота сынды өнегелі ұл-қыздары бар. Ұзақ жылдық ұстаздық қызметі мен білім саласының басшысы ретінде жолын ашқан, үлгі-өнеге көрсетіп тәрбиелеген, білім берген, оны ешқашан ұмытпайтын, шынайы құрметтейтін көптеген шәкірттері қалды. Нұрбатырдай ер азаматтың есімі еңбегі сіңген ел-жұртының, оны құрмет тұтатын әріптестері мен шәкірттерінің есінен кетпек емес.

*Математикадан сабақ берген ұстазым
Нұрбатыр Орынбаев туралы*



Жаны жайсаң жігіт еді

(Курстасым Өскенбай Көзбеков туралы)

Біз 80-жылдардың ортасында студент атандық. Бұл жылдары ҚазМУ мен ҚазПИ-дің, басқа да оқу орындарының филология факультеттерінде негізінен қыздар оқитын дәстүр орныққан еді. Отыз студент оқитын топтағы ер балалардың саны көбінесе 4-5-тен аспайтын. Егер 7-8 ұл бала оқитын топ болса оны жігіттері көп топтың қатарына жатқызатын. Ұстаздарымыз да алғаш аудиторияға кіргенде: «Биыл сендерге қанша жігіт түсті?» – деген сұрақты жиі қоятын. Ұстазымыз марқұм Сапархан Мырзабек ағайымыз: «Қазір бұл факультетте негізінен қыздар оқитын болды. Кезінде біз оқыған жылдары «филфакқа» негізінен жігіттер түсетін. Біздің арамыздан қара сөздің хас шеберлері Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин сынды үлкен қаламгерлер шықты», – деп өздерінің курстас, группалас достарын мақтанышпен айтып отыратын. Біз студент болған жылдары да әр топтағы ұл балалар саны 5-6-дан аспайтын еді. Олардың дені әскер қатарында борышын өтеп, кемінде бір-екі жыл жұмыс істеп келген «стажды» жігіттер болатын. Ол кезде қазіргідей шығыстану жеке факультет емес, араб тілі мамандығы бойынша бір ғана топтан тұратын бөлім ретінде біздің «филфактың» құрамына кіретін. Сондықтан біз қазақ бөлімі мен араб бөлімінде оқитын студенттер бірқатар дәрістерді бірге тыңдап, өз мамандығымызға байланысты практикалық сабақтарда ғана бөлінетіндіктен, онда оқитын 5-6 жігітпен де аралас-құралас болып үнемі қатар жүрдік. Сонда тіл-әдебиет пен араб бөлімін қосқанда үш топтағы 75-80 адамның 15 шақтысы ғана ұлдар болатын. Бірінші курсқа түскенде 101-ші тілшілер тобында Қанат Медетбеков, Талғат Желдібаев, мен, Серік Бәкіров, Талғат Ошанов, 102-ші әдебиетшілер тобында Жарқынбек Жақсымбетов, Шокан Шортанбаев, Сәбит Ахметов, Ғазиз Дәуітбаев, Дүйсен Әлшурин, Әбсаттар Құдияров, Қабылқаят Бөкенов, Сәбит Айтпанбетов, Тілеу Бабалықов, ал араб тобында Мұхтар Жақашев, Бекет Тұрлымбеков, Асқар Тұрғанбаев, Серікбай Қосанов, Нұрлан Мансұров, Бекзат Омаров, Болат Әбдірахманов, Ербұлан Төлеуов, Бейбіт Есімбеков сынды жігіттер оқыды. Бірінші курстан кейін әскер қатарында болмаған Дүйсен, Серік, Талғат (Ошанов), Бейбіт, Қабыл, Сәбит (Айтпанбетов) сынды курстастарымыз әскерге кетті де, жігіттер қатары тағы біраз сиреп қалды. Алайда екінші курстың басында қатарымыз қайта толықты. Біздің курсқа сырттай оқу бөлімінен екі жігіт ауысты. Олардың бірі – Бижомарт Қапалбеков біздің 201-ші тілшілер тобына, ал екіншісі – Өскен Көзбеков 202-ші әдебиетшілер тобына қосылды. Сондай-ақ әскерден оралған тағы 5-6 жігіт Саяқов Марат, Өлісжанов Сарқыт, Жарас Байбосыновтар әдебиет тобын, Ақынов Бақыт, Өлісбаев Мұхтар, Ахметжанов Қанат араб тобын толықтырды. Жаңа келген жігіттермен де тез тіл табысып,

араласып кеттік. Соңғы курстарда біздің топта Шардияр Уәлиханов пен Ернар Бошқаев сынды жігіттер оқыды.

Әңгіме арамыздан ерте кеткен азаматымыз туралы болғандықтан бірге оқып, аралас-құралас қатар жүрген жігіттер туралы көбірек айтып жатқанымызды бізбен оқыған қыздар түсінетін шығар.

«Бір өзгешелігі жоқ адам болмайды», – деп Томас Карлейль айтқандай, әркімнің өзіндік ерекшелігі болуы табиғи нәрсе ғой. Біздің Өскеннің де сондай өзіндік өзгешеліктері бар еді. Ол көп сөйлемейтін, аса сабырлы, қанағатшыл болатын. Көп тыңдап, аз сөйлейтін. Не айтса да дөп айтатын. Біз қандай да бір мәселеге қатысты қызылшеке болып, қызу пікір таластырып жатқанда ол үндемей соңына дейін асықпай тыңдап отырып, өз пікірін қысқа қайырып айтатын. Бәріміз де қазақы ортада өсіп, қазақша тәрбие көріп, қазақ мектебін бітірдік қой. Алайда біздің курстастардың ішінде Өскеннің қазақшылығы тіптен ерекше еді. Оның бүкіл жүріс-тұрысынан, болмыс-бітімі мен өмір салтынан қазақтың иісі аңқып тұратын. Студент жігіттердің көпшілігін қызықтыратын киімнің кейінгі сән үлгілері, мәселен сол жылдары жастар іздеп жүріп киетін джинсы шалбар, саламандра туфлилеріңіз, шетелдік футболкаларыңыз оны еш қызықтырмайтын. Қазақша етті, палауды тек қолмен жейтін, орындыққа отырғанды, шанышқы ұстағанды ұната бермейтін. «Шанышқымен шұқылап тамақ жеп отырсаң, жақтырмай мынауыңды тартшы», – дейтін. Сабақтан келгенде төсегінің үстінде малдас құрып отыратын. Ол маған түске дейін студенттік партада отырғаннан шаршап, еркіндікке енді жетіп, өзін жақсы сезініп отырғандай көрінетін. Шайды ел көшіп кетсе де, асықпай баппен ішкенді ұнататын. Мен оған қалжындап: «Өскенбай, сен бүгінгі күнге ХХ ғасырдың бірінші жартысына соқпай, ХІХ ғасырдан бір-ақ аттап келген сияқтысың, нағыз қазақсың», – дейтінмін. Ол болса: «Сендердің орыстанғандарыңа мен кінәлі емеспін ғой», – деп әзілдеп күліп қоятын.

Студенттік шақта Қазақстанның үш обылысына курстастардың үйлену тойына барыппын. Алғашқы тойларымыз еті тіріліктерінің арқасында бірінші, екінші курсты бітіре салысымен бәрімізден бұрын үйленген Талғат пен Жарқынбектің тойлары болыпты. Талғаттың тойы Алматы іргесіндегі Қызыл ту ауылында болып, бүкіл курс бардық. Екінші курсты бітіре салып, бірінші курсты жаңа аяқтаған көрші ауылының қызы Саламатты келін етіп түсірген Жарқынбектің тойына Жамбыл облысының Байзақ ауданы, Дихан ауылына бардық. Түнімен тойға барған курстас қыздар мен ауыл жігіттерінің арасындағы түсінбестік салдарынан, жергілікті жігіттермен бірнеше келіссөз жүргізгенім есімде. Тойдан қайтқанда пойызға билет болмай, әр вагонның жолсеріктермен келісіп, курстас қыздарды Алматыға аман-есен алып қайту бірге барған үш-төрт жігіттің міндеті болатын. Вагон жағалап қыздарды орналастырып жүгіріп жүріп, пойыз орнынан қозғалғанда өзіміз де жармасып міндік. Бәрін орналастырдық деп жүрсек, бір-екі қызымызды Таразда «ұмытып» кетіп-

піз. Оны вагон аралап түгендеу жұмыстары жүргізілгенде бір-ақ білдік. Бізге сеніп пойыздан қалып қойған Тұрсынғұл мен Айгүл курстастарымыз маған оқу бітіргенше, тіпті қазірге дейін «сен бізді вокзалға тастап кеткенсің» деген айып тағып жүрді. Жарқынбек пен Саламаттың тойы десе, студенттік өмірдің осындай қызық сәттері ойға оралады.

Біз барған үшінші той Бижомартікі болды. Алматыдан сол кездегі облыс орталығы Талдықорғанға, одан Ақсу ауданының орталығына түнделетіп жетіп, автовокзалда таңға дейін бірнеше сағат күттік. Таңғы автобуспен бір топ студент Жомарттың ауылы Қопаға жеттік. Улап-шулап барып, түнімен тойлап, ертесіне біреулеріміз автобуспен, енді біреулеріміз жол-жөнекей тоқтаған көліктермен бөлініп-бөлініп Алматыға атандық. Бізге жеңіл көлік бұйырмай, Алматыға «МАЗ» әлде «КАМАЗ» маркалы бензин таситын (бензовоз) жүк машинасымен жеткенім ерекше есімде қалыпты. Қайран студенттік шақтар-ай...

Студенттік шақты аяқтап, еңбек жолымызды енді бастап жатқан тұстағы той Өскеннің үйлену тойы болған екен. 1991 жылғы тамыздың жиырмаларынан кейін Шоқан, Жомарт, Жарқынбек, мен төртеуіміз бір купеге билет алып, Шиеліге Өскеннің тойына аттандық. Қашан да қазақылығы аңқып тұратын Өскен келіншегі екеуі бізді қуана қарсы алды. Жерге дастарқан жайылды. Келіншегі қалындап көрпеше төсеп, қолтығымызға қос-қостан жастық ұсынды. Қабат-қабат төселген құрақ көрпешелерге жайғасып, жан-жағымызды қоршап алған жастықтарға жантайып, жайлы орналастық. Жолдан келген біз жамбастап жатып, өз үйімізге келгендей сезініп, шай ішіп, шөлімізді бастық. Кешкісін той басталды. Таң атқанша дуылдатаып тойлап, таңертең көз ілместен пойызға отырып, Шиеліден Алматыға жол тарттық. Өскен Алматыда өткен студенттік шағының аяқталғанына әлі сенбейтіндей сезініп, бізді қимай-қимай шығарып салды. Төрт-бес жыл бірге оқып, бір бөлмеде тұрған курстас досымыздың Шиеліде қалып бара жатқанына біз де сеніңкіремей, артымызға қарайлай-қарайлай қимастықпен аттандық.

«Адамды танимын десең, су ішкен құдығын көр» демекші, осы сапарымызда Өскеннің ауылын, үй-ішін, бізді қарсы алғандағы сөздері мен кейбір мінез-қылықтарын көріп, біз оны бұрынғыдан да тереңірек тани түскендей болдық. Ол бізді қарсы алып, үй-ішімен таныстырып жатқанда: «Мен диван, үстел-орындық деген ағаш-жұғашты ұнатпайтынымды білесіңдер ғой», – деді. Оның «ағаш-жұғаш» дегені үстел, орындық, «стенка», «горка» деген сияқты түрлі жиһаздар. Оның осы сөзі студент кезіндегі қылықтарын еріксіз есіме түсірді. Ол жатақханада кітап оқығанда, шай ішкенде орындыққа отырмай, үнемі төсегінің үстінде малдас құрып отыратын немесе жастыққа сүйеніп, жамбастап жататын еді. Шайына Шиеліден келіп тұратын қуырылған тарыны салып, курстас жігіттерге: «Май сөкпен дұрыстап, асықпай, қазақша шай ішейікші», – дейтін. Мен оның отырысына қарап: «Өскенбай, сен баяғының байлары сияқтысың», – деп қалжыңдасам,



ол маған: «Сен шай ішуді білмейсің. Үнемі бір-екі кесе шай ішіп, тұрып кетесің, орыс сияқтысың», – деп мені сынға алатын. Сөйтсек, біздің Өскеннің бүкіл қазақы қасиеті, өскен ортасынан, отбасынан қалыптасқан екен ғой. Мен Шиеліге барғанда соған анық көз жеткізіп қайттым.

Өскен Оралхан Бөкей шығармашылығы бойынша кандидаттық қорғады. 1998 сәуірде сол кандидаттық диссертация авторефератының қолжазбасын алып үйге келіпті. «Сен ғалым, хатшы болған, кафедра меңгерушісі болып отырған, бізден біраз жыл бұрын қорғаған, стажы мол кандидатсың ғой, мынаны бір қарап шықшы», – деп, авторефератының қолжазбасын ұсынды. Екеуміз студенттік шақты еске алып, шай ішіп ұзақ әңгімелестік. Автореферат қолжазбасын қолымнан келгенше қарап, бір-екі күннен кейін тыныс белгі, стиль, безендірілуі сияқты талаптарға қатысты ұсыныс-пікірлерімді бердім. Ол қолжазбасын алуға келгенде тағы да отырып, кеңесіп, әңгімелестік. Өскен сабырлы, тиянақты еді ғой. Жазған жұмысы да соған сәйкес жұп-жұмыр екен. Сәтті қорғады. Курстасымыздың ғылымдағы жетістігіне қуандық.

Ұмытпасам 2006 жылдың жазында Өскен келіншегі екеуі балаларын ертіп, Көкшетауға демалуға келді. Астанаға келісімен хабарласты. Қарсы алып, шығарып салдық. Демалыстан қайтып келе жатқанда Қызылордаға Астанадан аттанды. Маған телефон соғып: «Осындағы бірге оқыған қыз-жігіттерді жинасаңшы, бір бас қосайық», – деді. Мен Жарқынбек, Сарқыт және басқа курстастарға хабарласып едім, олардың жұмыстан қолдары босамай, басқосудың сәті түспеді. Біз жұбайымыз – Гауһар екеуміз Өскен мен отбасын дәмге шақырып, шығарып салдық. Өскен отбасымен бірге жақсы демалғанын айтты. Шекесін сырып алғанын көрген мен қалжыңдап: «Сен Бурабайға демалуға емес, төбелесуге келгенсің бе, Өсеке?» – дедім. Сонда ол осы сапарда Бурабайда өзі бір-екі танысымен таксиге отырып, жол апатына ұшырап, Құдай сақтап, аман қалғанын айтты. Сол күні Өскен отбасымен Қызылордаға аттанды. Одан кейін кездесуге дәм жазбапты. Бұл біздің соңғы көрісуіміз еді. Еліне келгеннен кейін көп ұзамай ол өз көлігімен келе жатып, жол апатының көз жұмды. Бір жолы қаққан періштесі жанында болмай шықты. Өмірлік сапары жол үстінде аяқталды. Соңында түтінін түтетіп отырған жары, балалары, жазған еңбектері қалды. Жолын қуған шәкірттері бар. Ендеше Өскеннің өмір айдынындағы қалдырған ізі, жүрген жолы, салған соны соқпақтары сайрап жатыр. «Сайраған ізім жатыр жер бетінде» деп Қасым ақын жырлағандай, жер бетінде ізін қалдыра білу кез келген жұмыр басты пенденің маңдайына жазылмаған. Біздің Өскен соңында өзіндік із қалдырған ізгі жан...

Көзбеков Өскенбай. Оралханды оятқан оғлан.

–Алматы, 2013. –228 бет.

162-165 беттерде.



МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
---------------	---

Тіл саясаты

Тіл қолданысының өзекті мәселелері

Асығу керек	8
Орысшасы – ойран, ағылшыншасы – айран, қазақшасы – қайраң қазақ	10
Даудың басы – «Бесбармақ»	12
Қазақ тілін барша қазақстандықтардың білуі міндетті.	12
Мемлекеттік тілді білмейтін мемлекеттік қызметші болмауы керек....	14
Бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтудегі рөлі.	15
Қазақстанның ЮНЕСКО-дағы елшісі посткеңестік елдері орыс тілін дамытуға шақырады	19
Орысшыл болмасақ оңалмаймыз ба, Олжеке?	20
Мемлекеттің тіл саясаты және терминология мәселесі.	21
Мемлекеттік тілдің қоғамдағы қызметін қамтамасыз ету – оның мәртебесін заңмен белгілеген мемлекеттің міндеті	29
Мемлекеттік тіл саясатын жүргізудің әлеуметтік-лингвистикалық мәселелері туралы	33
«Орталықтан орысша хат, аймақтан қазақша жауап».	37
Ахуал ашық айтылған.....	38
Мемлекеттік тілді Қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айналдыру – басты мақсат.....	41
Ел тәуелсіздігі және тіл тәуелсіздігі.....	45
Қазақ тілінің ғылым саласындағы қызметі: жетістіктер мен проблемалар.....	53
Өркімге өз ана тілі – ұлы тіл	54

Терминтану, терминография, терминжасам және термин қолданысының жай-күйі

Балама мен бағындыру: кірме сөздерді түрлендіру үшін екеуі де қажет... 60	60
Өсімдік анатомиясы мен морфологиясына қатысты терминдердің түсіндірме сөздікте берілуі.....	61
Өсімдіктердің дене мүшелері мен құрылысына қатысты кірме терминдер	65
Гүлдерде де гүлдер бар.....	70
Қазақ терминографиясы және терминологиялық жұмыстарды үйлестіру мәселесі	72
Қазақ терминографиясының бастау көздері.....	76
Қазақ терминологиясын жетілдіру жұмыстарын орталықтандыру мәселесі.	82

Терминологияны қалыптастырудағы қазақ баспасөзінің рөлі.....	86
Қазақта жоқ сөзді басқа түріктерден іздеу керек.....	91
Мұхтар Әуезов және қазақтың ғылым тілі.....	93
Қазіргі қазақ терминологиясының міндеттері.....	107
Қазақ баспасөзіндегі термин бірізділігі мен қолданысының жайы... ..	117
Заң терминдерін біріздендіру – маңызды мәселе.....	123
Халықаралық терминдер туралы.....	129
Зиялылар және ғылым тілі.....	137
Терминдерді біріздендіру түркі тілдері арасында жүйелі жүргізілуі тиіс.....	144
Жалпытүрік терминқор қалыптастырудың өзекті мәселелері.....	150
Жалпытүркілік терминдер қорын қалыптастыруға қандай қажеттілік бар, ортақ терминқор бізге не береді?.....	151
Жалпытүркілік терминдер қорын қалыптастыру жұмыстарының қарқын алуы үшін не істеуіміз керек?.....	151
«Бекітілген терминдер сөздігі» туралы.....	153

Ономастиканың ұлттық сипатының айқындығы – елдіктің көрінісі

Аты-жөнімізді ала-құла жазудан арылту керек.....	162
Тіл саясатының ономастикадағы көрінісі.....	171
Жалқы есімдер біркелкі жазылған жөн.....	174
Қазақ тілінің ономастикалық және терминологиялық атаулар қорын жүйелеу мен қалыптастырудың бағыттары туралы.....	182
Оним: мәдени және тілдік мағынасы.....	187
Республика аумағындағы көше атаулары жазылған тақтайшалардың (аншлагтардың) бүгінгі жай-күйі.....	191

Тілді оқыту әдістемесі – тіл үйретудің тиімді тәсілдерін анықтауға бағытталған ізденістер

Университеттік білім беру жүйесінде мемлекеттік тілді оқытудың өзекті мәселелері.....	200
Қазақ тілін орыс тілді аудиторияда оқытудағы қиындықтар.....	204
Шығыс тілдерін оқыту – уақыт талабы.....	207
Қазақ тілін деңгейлік оқытудың мәселелері.....	210
Қазақ тілі оқулықтарындағы арнаулы мәтіндердің берілуі.....	212

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі өзекті мәселелер

Өлең сөздің патшасы (Абай шығармаларының тілі зерттеліп бітті ме?).....	218
Қысқарған сөздеріміздің ғұмыры қысқа болмасын десек.....	226
Қалам – қандауырдан да қуатты құрал:	
БАҚ тілі мінсіз болсын десек.....	229
Сөздік қор толыға беретін құбылыс.....	237

Аударма барысында орын алған кейбір кемшіліктер туралы.....	241
Сөйлеуге де жазудағыдай жауапкершілік қажет.....	245
Қазақша сөйлеп, орысша ойлайтындар.....	251
Латын әліпбиі: лингвистикалық және ақпараттық технологиялық мәселелер.....	256

Туған тіл тұғыры

Дәрістің дәні – діліміз.....	266
Ата жұрттағы ана тілі біріктірген білім сайысы.....	269
Екі аяғын тең баспай.....	271
Тіл білмегеннің бәрі «мәңгүрт» пе?.....	273
Кәрістің еңбекқорлығы қазақша үйренуге қол жеткізді.....	275
Сұңқарға риза болдық.....	276
Жылататын да, жұбататын да тіл.....	277
Жүктелген міндеттер жүзеге асады.....	278
Қазақ тілінің хас сарбазы.....	282
Отандық ғылымды өркендету – ел болашағының кепілі.....	283

Тіл және тұлға

Әбдуәли Қайдар және қазақ академиялық тіл білімі.....	288
Қазақ этнолингвистикасының негізін қалаушы.....	292
Немат Келімбетов және тіл дамуындағы тарихи сабақтастық.....	294
Тіл деп тыным таппаған.....	299
Тіл білімінің тарланы.....	304
Түркі мәдениетінің этнолингвистикалық тұрғыдан зерттелуі.....	307
Әбен Сатыбалдиев және терминология мен аударма мәселелері.....	322
Құрманбек Сағындықов және аударма мен терминология мәселелері.....	326
Ісләм Жарылғаповтың сөзжасам тәжірибесі.....	332

Тіл және дәстүр

«Бесік жыры» туралы.....	346
«Күшік күйеу» туралы.....	347

Жүрегі ел деп соққан жандар еді

Өмірге құштар қайсар жан.....	350
Бар қазақтың қамын ойлайтын нар қазақ еді.....	352
Оралға барсақ, алдымыздан Отан ағамыз шығатындай болып тұрады.....	354
Жігерлі жан, өнегелі ұстаз.....	355
Жаны жайсаң жігіт еді.....	361

* * *

- Еліміздің мемлекеттік тілін еркін меңгеріп, кәсіби қызметін сол тілде атқаруы қай ұлттың өкілі екендігіне қарамастан, Қазақстанның әр азаматының міндеті саналуы керек.

- Қазақ баласы жаппай қазақ тілінде оқитын күнге жетпей, мемлекеттік тілдің қоғам өмірінің барлық саласындағы қолданысын қамтамасыз етудің негізі берік қаланбайды.

- Ертең тағы да қазақтың бірін-бірі «таза қазақ», «шала қазақ» деп бөліп жүрмеуі үшін ұл-қыздарымыздың мектепте тек ана тілінде білім алуына бүгін қол жеткізу керек.

- Біз үш тілді, төрт тілді, он тілді білетін полиглот тәрбиелейміз деп жүріп, тағы да келер ұрпақты ана тілінен алшақтатып алсақ, бұл біздің ең үлкен қателігіміз болады.

- Шет тілдерін үйретейік, балаларымыз үш тіл емес, қабілеті жетіп жатса, он тіл білсін. Көп тіл білген тамаша қасиет. Бірақ басқа тілдердің бәрін олар ана тілінен кейін, оны бойына сіңіріп алып және өз тілі арқылы үйренуі керек.

- Тәуелсіздігіміздің жиырма жылға жуық мерзімінде жүздеген, мыңдаған қазақ балаларының әлі орысша оқып жатуы – үлкен кемшілігіміз. Осыны түзетпей тұрып, қазақ тілінің болашағына барымызды салып жатырмыз деу – өзімізді-өзіміз алдау.

- Өз тілінде оқымайтын, өз тілін білмейтін жұрттың тілін өзгелер де құрметтемейді.

- Қазақ тілінің арнаулы салалардағы қызметін қамтамасыз ету – терминдер жүйесін ретке келтіруден басталуы қажет.

- Мемлекеттік тілдің қоғамдағы қызметін қамтамасыз ету – оның мәртебесін заңмен белгілеген мемлекеттің міндеті.

- Тіл – ұлттың бүкіл рухын, болмыс-бітімін, таным-талғамын мен білім-парасатын сақтайтын қазыналы сарайы, басты байлығы. Осы қазыналы сарайын сақтай білгендердің өзі де сақталады, одан айрылғандардың, оны тонатқандардың бүкіл рухани дүниесі қаңырап бос қалады, жұтайды, өзі де сақталмайды. Бос кеңістік қашанда басқа нәрселермен толықтырылады. Рухы биік жұрттар өсіп-өркендейді, ал рухы әлсіздер құлдырайды да өшеді. Сондықтан да тілден айрылсақ, бәрінен де айрылғанымыз. Ұлтымыздың рухани көсемі Ахаң осыны бір-ақ ауыз сөз-

ге сыйғызып «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген. Ендеше сөзімізді сақтау дегеніміз – өзімізді сақтау болып табылады. Ұлттың сөзін жою деген оның көзін жою дегенмен барабар.

- Әлемде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде өмір сүретін, қызмет ететін бір ғана ел бар, ол – Қазақстан. Ал Қазақстанның мемлекеттік тіл саясатының дұрыс жүргізілуі ол елдігіміздің, ұлттық дамуымыздың, болашағымыздың аса маңызды мәселесі. Біле-білсек, Қазақ тілін еліміздің шын мәніндегі мемлекеттік тілі, барша қазақстандықтардың құрметтейтін, білетін, қоғам өмірінің барлық саласында жаппай қолданатын тілі деңгейіне көтеру – елдігіміздің іргетасын бекітіп, ұлтымыздың айбары мен абыройын асыру жолындағы үлкен мүддеміз.

- Ана тілі – ұлттық құндылықтарымыздың ең бастысы, өзегі. Тілде ұлттың мінезі мен бүкіл болмыс-бітімі, талғамы мен танымы, ой-санасы шоғырланған. Ана тіліне уызынан жарыған ұрпақ ұлтының, өз халқының мұң-мұқтажын жан-тәнімен терең түсініп, өзі сияқты ана тілі арқылы қалыптасқан қауыммен мүдделес болады, жұртының жоғын жоқтамай тұра алмайды.

- Мемлекеттік тілді білмейтін адамды мемлекеттік қызметке алу дегеннің өзі ақылға сыймайтын нәрсе. Өз мемлекетінің тілін білмейтін, оны сыйламайтын адам сол елге қалай қызмет етеді?

- Менің қазақ ретінде, қазақ тілінің маманы ретінде бірінші тілегім – жақын уақытта тілі шықпаған қазақтарға қазақ тілін үйрететін күннен арылып, қазақ пен қазақ өз тілімізде сөйлесетін күнге жетсек екен.

- Ендігі басты мақсатымыз – табанды да сауатты тіл саясатын жүргізе отырып, қазақ тілінің қағаз жүзінде ғана емес, шын мәніндегі мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуын қамтамасыз ету. Бұл, ең алдымен, еліміздің негізгі заңы арқылы мемлекеттік тіл мәртебесін беріп отырған мемлекеттің, осы елдің суын ішіп, ауасын жұтып жүрген әрбір азаматтың, түштеп келгенде, тілдің иесі болып табылатын халықтың, ұлт зиялыларының міндеті.

- Қазақстанда тілдік жағдаятқа зор ықпал етуші әлеуеті күшті тіл орыс тілі болып қалып тұрғандықтан, мемлекеттік мәртебеге ие тіл атқаратын қызметтер әлі қазақ тілінің еншісіне толық тимей отыр. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі өмірдің сан саласындағы атқаруға тиісті қоғамдық қызметін қалыпты құбылысқа айналдыру, коммуникативтік кеңістігін кеңейту баршамыздың кезек күттірмейтін міндетіміз, мақсатты түрде жұмыла отырып қол жеткізуге тиіс азаматтық, перзенттік парызымыз.

Шерубай Құрманбайұлы

**ТОЛҒАУЛЫ
ТІЛ**

Тех. редакторы Б. Қосдәулетов

Теруге 12. 02. 2014 берілді.
Басуға 11. 03. 2014 қол қойылды.
Пішімі 60x90. 1/16. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman»
Шартты баспа табағы 23,25.
Таралымы 1000

Ескертпе үшін